

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АКИМАТ ПAVЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«АЙМАУЫТОВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «АЙМАУЫТОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 125-ЛЕТИЮ Ж. АЙМАУЫТОВА

ПАВЛОДАР
2014

ӘОЖ 821.512.122.0 (063)
КБЖ 84(5Қаз) - 4
А31

Редакция алқасының бас редакторы:

Өмірбаев С.М., э.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Бегімтаев Ә.І., Күзембаев Н.Е., Алдабергенов Қ.М., Жүсіпов Н.Қ., Батталов Қ.Қ.

Жауапты хатшылар:

Кәріпжанова Г.Т., Қаппасова Б.Қ.

А31 Ж. Аймауытовтың 125 жылдығына арналған «Аймауытов оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2014. – 556 б.

ISBN 978-601-238-125-2

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 821.512.122.0 (063)
КБЖ 84(5Қаз) - 4

ISBN 978-601-238-125-2

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2014

**С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ,
Э.Ғ.Д., ПРОФЕССОР С. М. ӨМІРБАЕВТІҢ АЛҒЫ СӨЗІ**

Құрметті қонақтар, конференцияға қатысушылар!

Жерлес жазушымыз, ақын, драматург, ұстаз, аудармашы Жүсіпбек Аймауытовтың 125 жылдығына арналған «Аймауытов оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Жүсіпбек Аймауытов қазақтың өнері мен ғылымына зор үлес қосқан. Ол шығармаларын қазақ елі мен жеріне арнады. Сондықтан, Жүсіпбектің есімі ел есінде қалады.

Оның салып кеткен жолы бүгінгі жастарға өнеге, ал еңбектері – халықтың асыл мұрасы.

Дорогие гости, уважаемые участники конференции!

От всей души рад приветствовать вас на открытии Республиканской научно-практической конференции «Аймауытовские чтения», посвященной 125-летию со дня рождения нашего выдающегося земляка, яркого представителя творческой интеллигенции казахского народа, писателя, драматурга, талантливого педагога и переводчика Жусипбека Аймауытова.

Мы горды тем, что это знаковое мероприятие состоится именно в стенах Павлодарского государственного университета, носящего имя другого выдающегося сына казахстанской земли – Султанмахмута Торайғырова.

Любое высшее учебное заведение издавна является оплотом не только научных изысканий, но и высоких моральных устоев. Высокую миссию университета – формирование всесторонне развитой, гармоничной личности – невозможно проводить односторонне, развивая лишь интеллектуальный потенциал. В этом плане ПГУ являет собой яркий пример вуза с глубокими духовными образовательными традициями.

В нашем вузе ведется колоссальная и планомерная работа по изучению духовного наследия выдающихся деятелей науки и культуры Казахстана в рамках государственной программы «Культурное наследие», разработанной по инициативе Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева. Среди имен, возвращенных народу, несомненно, особое место занимает имя талантливого ученого и видного просветителя Жусипбека Аймауытова.

На выполнение задач патриотического и духовно-нравственного воспитания студентов в университете нацелены такие ресурсы, как богатая библиотека, медиатека, научно-практические центры по изучению исторического наследия выдающихся деятелей науки и культуры Казахстана.

Настоящей научно-исследовательской базой для профессорско-преподавательского состава и студентов ПГУ является научно-практический центр этнопедагогики и инновационных технологий образования им. Жусипбека Аймауытова. Созданный в апреле 2004 года, центр ведет плодотворную работу по руководству научно-исследовательской деятельностью педагогов школ, аспирантов, магистрантов, осуществляет активную издательскую деятельность.

Кроме этого, сотрудниками Центра информатизации образования ПГУ имени С. Торайгырова создан тематический сайт о жизни и деятельности выдающегося деятеля Жусипбека Аймауытова.

Аймауытов – личность поистине глобальная и многогранная. Для казахского народа он стал одним из писателей, впервые описавшим типичные национальные характеры, которые можно встретить и по сей день, развитие судеб в водовороте исторических событий.

Несмотря на то, что он попал в расстрельные списки 1930 года, его долю нельзя однозначно охарактеризовать как трагичную, ведь есть в ней и большое позитивное начало – Жусипбеку выпала великая миссия встать у истоков создания классического казахского романа, синтезировать каноны русского и европейского печатного слова с народным рассказом.

К сожалению, духовно-историческое наследие Аймауытова на многие годы было предано забвению. Запрещалось не только чтение и распространение его трудов – даже имя запрещено было произносить. Достойного деятеля науки и культуры, так же, как и других представителей партии «Алаш», незаслуженно называли «врагом народа». Власть хотела стереть имя Аймауытова из людской памяти. Но время показало, что рукописи не горят, выдающиеся судьбы всегда остаются с народом: казахстанцы не забыли Жусипбека. Его литературное и научное наследие снова с нами, имя его навечно вписано золотыми буквами в летопись народной истории и культуры.

И сегодня, в год 125-летия со дня рождения, Жусипбека Аймауытова вспоминают не только как основоположника казахской драмы и романа, но и как ученого, просветителя, литературоведа, психолога, переводчика, журналиста, педагога, общественного деятеля.

Творческое наследие Аймауытова – это четыре романа (в том числе, первый казахский роман «Қартқожа»), 50 повестей,

10 пьес, переводы русских и зарубежных классиков на казахский язык. Ему принадлежат научные разработки в области педагогики и психологии. Названный «казахским Ушинским», Аймауытов заложил основы национальной психологической школы, стоял у истоков создания профессиональной терминологии. До сих пор не потеряли своей актуальности его работы «Психология», «Психология и искусствоведение», «Психология и выбор профессии», труды по педагогике «Комплексная система методов ведения урока», «Руководство по воспитанию», «Дидактика».

В 1922 году выходит в свет его книга под названием «Руководитель воспитания». В ней он подчеркивает роль семьи в воспитательном процессе ребенка, влияние членов семьи на формирование его характера. «Воспитание ребенка зависит от воспитания родителей», – сказал Ж. Аймауытов. По мнению ученого, «обучение – это не догма методов образования, а творческая деятельность».

Также автор книги затрагивал вопросы преподавания казахской истории и географии.

В советские годы Аймауытов работает учителем, сотрудничает с газетами «Қазақ тілі» и «Ақжол». С 1926 по 1929 гг. является директором Шымкентского педагогического техникума.

В 1929 году он издал книгу «Комплексное обучение», где представлены конкретные рекомендации учителям: задавать на уроках проблемные вопросы; остерегаться лишней, ненужной информации; развивать интересы учеников к предметам, используя сравнение и другие методы, использовать новаторские, наглядные, дидактические методы обучения.

Как мы видим, проблемы, обозначенные ученым, по сей день актуальны для казахстанской системы образования.

Уважаемые участники конференции!

Широкомасштабное исследование жизни, творчества и духовного наследия Жусипбека Аймауытова продолжается. Я уверен, что сегодняшняя конференция откроет новые грани личности выдающегося сына казахской земли.

Страшная эпоха не пощадила Аймауытова. Но его чаяния о процветании нашей страны были достигнуты. И сегодня наша общая задача, наш святой долг – чтобы его имя, растопив лед забвения, засияло с новой силой на небосводе многогранной казахстанской литературы и культуры.

Желаю участникам конференции плодотворной работы!

Пленарлық отырыс
Пленарное заседание

**АЛАШТЫҢ АЙМАУЫТОВЫН ІЗДЕЙТІН КІМ БАР?
(ЖАЗУШЫҒА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР)**

БАЙБОСЫН С.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері

Қазақ прозасының классигі, қазақ әдебиетіндегі роман жанрының шын мәніндегі негізін салушы бұл адамды Баянаула-Қызылтау елі Оймауыттың Түсіпбегі деп атаған. Жүсіпбектің ұлы әкесі Дәндебай биден-Иса, Оймауыт, Торғауыт, Оспан, Әбәйділде, Әбдіраман атты алты бала дүниеге келіпті. Осы Оймауыттан-Ахат, Жүсіпбек, Жақыпбек туады. Жүсекеңнің фамилиясы кейін орыс тілінің дыбысталуына қарай икемделіп Оймауытов болып жазылып кеткен.

Мұхтар Әуезовтың өзі «ұстазым» деп атаған Жүсіпбек жайлы бүгін білеміз деп те, білмейміз деп те айтуға болады. Білетініміз-қысқаша ғұмырбаяны, бүгінге жеткен шығармалары. Ал оның оның ата-бабасы, өскен ортасы, өмір жолының кейбір бұрылыс-бұлталаңы әлі де көзден тасада қалып келеді.

Бүгінде Смағұл Сәдуақасовтың сұрауымен жазылған Жүсіпбектің анкеталық жауабымен барлығымыз таныспыз. Онда Жүсекең өзін сіңірі шыққан кедейдің баласымын деп жазады. Тіпті «1917 жылға дейін әкеміздің малы 6-7 қарадан асып көрген жоқ»-депті. Бұл жерде басын ашып айтатын бір нәрсе, Жүсіпбек ешқашан кедейдің баласы болмаған. Бұлай айтуының себебі, ол кезде байдың ұрпағымын деу, өзіңе-өзің көр қазғанмен бірдей. Бар арманы шығармашылық жұмыспен шұғылданып, халқына қызмет ету болған Жүсіпбек сұрқия заманға сыр алдырмаймын деп, амалсыз осындай сөзге барыпты. Бұл бір Жүсіпбектің басындағы оқиға емес, ол заманда талай жақсылар сөйтіп амалдағанын білеміз.

Ал шындығын айтар болсақ, Жүсіпбектің атасы Дәндебай Қуанұлы Қызылтау-Баянаула төңірегіне белгілі, бір кісідей дәулеті бар, малды адам болған. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округі ашылғасын, талай жылдар Қызылтаудағы Ақыл-Бейбіт ауылдарының старшыны міндетін атқарған. Ондай дерек мұрағаттық құжаттарда да, ел ішіндегі ауыз-екі әңгімелерде де сақталған. Сол дәулеттің арқасы шығар, Дәндебай 1858 жылдың

13 мамыры күні өзінің қыстауына ағаш үй салуға рұхсат сұрап, Омбыдағы генерал-губернатордың кеңсесіне өтініш жазыпты. Облыстық басқарма Дәндебай Қуанұлына Баянаула орманынан 125 бөрене кесуге рұхсат беріп, оны қадағалауға округтік приказға нұсқау жібереді. (ҚР. ОММ. 345 қор. 1 тізбе. 2096 іс). Егер ол кедей адам болса, ол кезде екінің бірінің қолынан келе бермейтін бұндай шаруаға бармасы белгілі.

Жүсіпбек оқудан демалысқа келгенде, атасы Дәндебай ат шаптырып, той жасаушы еді деп ертеде елдің үлкендері әңгімелеп отырады екен. Сол уақытта соның бәрін көзімен көріп, Дәндебайдың бәйге атының басына мініп шабатын бала-Жұмабек Әуезов деген кісі қария жасына дейін жетіп, Қызылтаудағы Жүсіпбек Оймауытов атындағы (бұрынғы Жосалы) ауылда бертін, сексенінші жылдары қайтыс болған. Осы әңгімені бүгінге жеткізуші де сол ақсақал. Бірақ кеңес заманында оны тындайтын және Жүсіпбек жайлы әңгіме іздейтін адам болған жоқ. Себебі заман өзгереді, Жүсіпбек сияқты зиялылар ақталады деп кім ойлады.

Жүсіпбектің атасы Дәндебай жайлы осындай деректер қалса, енді оның өз әкесі Оймауыттың шаруасы қандай болды екен дейміз. Байқасақ, ол да кедей адам болмапты. 1897 жылғы қазақ даласына барлау жасап, мал-жанның есебін алған Ф.Щербина экспедициясының жазбасында былай делінеді: «Оймауыт Дәндебайұлында: 276 жылқы бар, оның-29-ы бойдақ құнан-байтал, 28-і құлын; 167 ірі қарасы бар, оның-50-і құнаншығар, құнажын, 46-сы бұзау; 43 түйесі бар, оның-7-еуі тайлақ, 12-сі бота; 749 қойы, 52 ешкісі бар». Айтыңыздаршы, осындай адам кедей бола ма? Бұл Жүсіпбектің 8-9 жастағы кезі делік. Сонда Жүсіпбек 20 жасқа жеткенге дейінгі оншақты жылдың ішінде бұл мал көбейіп өспесе, құрып кетуі тіпті мүмкін емес. Осы малды Оймауыт өзінің баласы Жүсіпбектің оқуы үшін пайдаланбады деу тіпті ақылға сыймайды. Расын айтсақ, сол уақыттарда қалалы жерде оқыған қазақ зиялыларының қай-қайсын алсаң да, дәулетті ортадан шыққан адамдар. Кедейдің баласы ешқашан алысқа барып оқи алмайды. Жүсіпбек те осылардың бірі.

Одан бөлек, тағы бір мұрағаттық деректе Оймауыт Дәндебайұлы Тайшық Ноғаевпен (өзінің аталас туысы) бірге 1889 жылдың 26 тамызынан бастап Баянауыл сыртқы округіне қарасты Атағозы болысын басқарған. (Семипалатинские областные ведомости, 1847). Ал ол кезде кедей адам ешқашан болыс болып сайланбайтынын белгілі.

Жүсіпбектің жалпы ғұмырбаяны жайлы айтар болсақ, оны қазір кез келген оқулықтан көріп жүрсіздер, сондықтан қайталаудың жөні болмас. Дегенмен оның туылған жылы әр деректе әртүрлі жазылып жүргенін айта кеткіміз келеді. Кейбір деректерде 1888 жылы дүниеге келді десе, кейбір жерлерде 1889 жыл туған деп жазылады. Біздер қазір осы кейінгі датаны пайдаланып, биылғы жылы жазушының туғанына 125 жыл толады деп жүрміз. Бір қызығы, бұл дата Жүсіпбеке қатысты құжаттарда көп кездесе бермейді. Тек биыл «Казахстанская правда» газетінде Марат Утеубаев деген тарихшы Ресей Федералдық тергеу бюросы мұрағатының мәліметіне сүйеніп, Жүсіпбек 1889 жылы туған дейді.

Ал өзі жазған жоғарыдағы өмірбаянында «1890-сыр жылы туыппын»-дегенін білеміз. Осыны нұсқаға алар болсақ, 2014 жылы оның туғанына 124 жыл толады екен. «Егемен Қазақстанның» 2011 жылғы 28 желтоқсанындағы санында жарияланған «Құпиялы құлпытас» атты мақалада оның авторы Серікқали Бәйменше Мәскеу жақтан қолына түскен тағы бір құжаттарға сүйене отырып, Жүсіпбектің 1895 жылы туғанын айтады. Бұл датамен алсақ, биыл жылы жазушының туғанына 119 жыл болады. Жүсекең өзінің Мәшекене жазған бір хатында «Сұлтанмахмұттан екі жас кішімін»-депті. Олай болса 1895 жылы туған болып шығады. Одан басқа, Баянауылдың Шоман ауылында тұратын, ескі әңгімелерден хабары бар Тұрсынбике Тұқбайқызы деген апамыз: «1896 жылы туған ағам Қожан Тұқбайұлы Жүсіпбек менен бір жас қана үлкен деп отыратын»-деген әңгіме айтты. Бұлар Жүсіпбекпен ауылдас, бірге өскен адамдар. Байқап отырсақ, деректердің көбі Жүсіпбек 1895 жылы туды дегенге көбірек саятын сияқты.

Бұдан бөлек тағы бір дерек, 1914 жылдың 1 мамырында Жүсіпбек Оймауытұлына Павлодардың 2 кластық орыс-қазақ школасын бітіргені және 1917 жылдың 14 маусымы күні Семейдің мұғалімдер семинариясын бітіргені жайлы берілген куәліктерде оны 1892 жылдың 30 қарашасында туған деп көрсетеді. Олай деп есептесек, 2014 жылы оның туғанына 122 жыл болады. Осының барлығына қарап отырып, Жүсіпбек Оймауытұлының өмірбаянының кейбір тұстарын әлі де нақтылай, анықтай түсу керек шығар деп ойлаймыз.

Жүсекең өзі 1919 жылы Семейдің мұғалімдер семинариясын бітірдім дейді. Бұл жөнінде 1919 жылдың 2 шілдесі күні осы семинарияның директоры Семей облыстық «земская управаның» халық ағарту бөліміне мынадай құжат жіберіпті: «При этом

перепровожаю в Областной отдел Народного Образования следующие документы окончившего в 1918-1919 учебном году воспитанника вверенной мне семинарии, земского стипендиата Семипалатинской области Жусупбека Аймаутова: 1/ Свидетельство об окончании курса Семипалатинской учительской семинарии за № 375/268; 2/ Свидетельство об окончании курса Павлодарского 2-х классного училища за №146; 3/ Удостоверение Степного волостного Управителя от 3 января 1914 года и 4/ Свидетельство о привитии оспы за №41»-делінеді.

Бір қызығы, осы оқу орнын бітіргені жөнінде мынадай тағы бір құжатты кездестірдік. Оның датасы 1917 жылдың 14 маусымы.

«Свидетельство. От педагогического Совета Семипалатинской учительской семинарии на основании положения об учительских семинариях 1870 г.

14 июня 1917 года дано это свидетельство окончившему полный курс учения Жусупбеку Аймаутову, магометанского исповедания, родившемуся 30 ноября 1892 года, в том, что он при ОТЛИЧНОМ поведении оказал следующие успехи»-деп, пәндерден алған бағаларын көрсетеді. Сонда осы екі құжаттың қайсын негізге алуға болады екен деп ойладық. Жазушының өмір жолын мұрағаттық құжаттар арқылы саралап көрсеніз, бұл секілді сәйкессіздіктер (әсіресе туған жылына байланысты) кездесіп тұратынын байқайсыз.

Жүсекең осы 1919 жылдың 28 желтоқсаны күні Коммунистік партия қатарына өтуге өтініш беріпті. (2 қор. 1 тізбе. 6 іс). Сол жылдан бастап мемлекеттік қызмет жүйесіне араласа бастаған сияқты. Губревкомның «Список лиц служащих в общем инородческом подотделе управления и инструкторско-информационной части»-деген құжатында губерниялық бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі Мұхтар Әуезов екені айтылып және оның үйленбеген бойдақ екені көрсетілген. Ал Жүсіпбек Аймауытовтың нұсқаушылар бөлімшесінің меңгерушісі екені жазылады және үйленген, отбасында үш адам бар деген дерек берілген. Бұл 1919 жылдың 24 желтоқсаны.

Бұдан кейін, 1920 жылы Семейдің губревкомында Нәзипә Құлжанова, Кәрім Тоқтыбаев үшеуі аудармашы болғаны және Жүсіпбектің Знаменская көшесіндегі 5 үйде тұратыны көрсетіліпті. (72 қор).

Осы жылдың 22 наурызында Аймауытов, Самсонов, Большаков, Тюленев, Завадскийлер губревкомның мүшесі болып сайланады. Және Сибревкомның қаулысы бойынша, бұл адамдарға қызмет орны бөлінгенде, Жүсіпбек Аймауытовтың басқаруына үш

бірдей бөлім-жер бөлімі, юстиция бөлімі және халық ағарту бөлімі беріледі. (72 қор. 1 тізбе).

Сол жылы 26 шілдеде ол губревком сайлау комиссиясының мүшесі болып сайланады.

Осы 1920 жылы губревкомның «бұратаналар» бөлімі «киротдел», яғни қырғыз (қазақ) бөлімі болып өзгерген секілді. 1920 жылдың 22 қыркүйегінде аталмыш бөлімнің меңгерушісі болған Мұхтар Әуезовтың білімін әрі қарай жалғастырмақ үшін кетем деген өтінішіне байланысты, орны босап, ол жерге уақытша Жүсіпбек тағайындалады. (72 қор).

Сол кезде қазақ арасынан шыққан сауаттылардың аз болуынан ба, тек бір ғана 1920 жылдың ішінде Жүсіпбек бірнеше қызмет орнын ауыстырыпты. Одан соңғы он шақты жылдың жүзінде Жүсіпбектің қызмет бабымен біраз жердің дәмін татқанын байқаймыз. Мысалы, 1921 жылы ел астанасы Орынборға ауысқан Жүсіпбек одан кейін қайта Семейге келіп, одан Қарқаралыға ауысып, одан қайтадан Орынборға шақырылып, одан Ташкентке барып, Ташкенттен қайтадан Орынборға келіп, ең соңғы қызмет істеген жері Шымкент қаласы секілді. Осылай аттың жалы, түйенің комында ғұмыр кешкен адам, айналдарған он шақты жылдың ішінде соншама дүниені қай уақытта қалай жазып үлгерді екен деп таң қаласың.

Өкінішке орай, қоғамды күйсеуінен жаңылдырған жыланпейіл заман келіп, қалың жұрт жарты ғасырдан астам уақыт бойы Жүсіпбек шығармаларынан көз жазып қалды. Қазақстан Орталық большевиктер партиясының комитеті 1937 жылдың 21 тамызында «Кітапханалар мен кітап сату жүйесінен алынатын алашордашыл, ұлтшыл бағыттағы әдебиеттердің тізімін» жасайды (№188). Бұл тізімге Жүсіпбектен басқа А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхаметов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Елдес Омаров, Т. Рысқұлов, М. Тынышпаев, М. Әуезовтар кірген екен.

Сөйтіп Алаш қайраткерлерінің: «Жан жүйесі» (1928-29 ж.ж.), «Жаңа Арқа» (1928-29 ж.ж.), «Қартқожа» роман (1928-29 ж.ж.), «Шернияз» пьеса (1928-29 ж.ж.), «Мансапқорлар» (тізімде роман деп көрсетілген-автор) 1928-29 ж.ж.), «Мағжанның ақындығы», «Тас мейман»-Пушкиннен аударма, «Жаман тымақ», «Синий бык» (Көк өгіз), «Қанапия-Шарбану», «Тазша», «Кур-куй» (солай жазылған-автор), «Методы комплекса», «Новый аул» второе издание, «Чтение», «Жаңа ауыл» (барлығы «Казиздатта» басылған) секілді дүниелері талай ондаған жылдар оқырмандар көзінен таса болады. Өзі 1930 жылдың 21 сәуірін де Мәскеуде атылып, сондағы Ваганьков зиратына жерленеді.

Оның өнер мен әдебиетке шындап араласып, табиғи дарынының бастау бұлағын алғаш ашқан жері Семей екені белгілі. Өнерге жаны ғашық жас Жүсіпбек жаңа ғана қаз тұрып келе жатқан театр өнері мен әдебиетке құлшына араласады. Біз көбінесе оның жазушылығын айтамыз да, ал режиссерлік, актерлік қырын ескере бермейміз.

Семейлік (абайлық) шежіреші-этнограф Бекен Исабаев өзінің «Ұлылар мекені» кітабында: «1914 жылы Абайдың Құнанбаевтың өмірден озғанының 10 жылдығы Семей қаласында аталып өткенде, Кеңгірбай бидің немересі, «Абай» романының белгілі кейіпкерлерінің бірі Базаралының ұрпағы Тұрар ханым «Біржан-Сара» спектаклінде Сараның рөлінде ойнап, Біржан рөлін сомдаған Жүсіпбек Аймауытовқа қарсы айтысып, тарих парағына жазылған кісі»-дейді.

Жүсекеңнің көп айтылмай жүрген тағы бір қыры-оның сазгерлігі. Белгілі сахна қайреткері, Қазақ ССР-інің халық әртісі болған Жәмила Шашкина апамызды халық біледі. Бұл кісі былтыр туғанына 100 жыл толған белгілі жазушы Зейін Шашкинның бірінші қосағы. «Жүсекең кезінде Жәмиланың әпкесі Кәмила деген кісіге ғашық болып, «Кәмила» атты ән шығарған екен. «Осы әңгімені Жәмила шешеміз өзінің 90 жылдық тойында айтқанын естідім»-дейді өткен-кеткеннен хабары мол баянауалық Рамазан Нұрғалиев атты азамат. Зейіннің жасы Жүсіпбектен біраз кіші болғанымен, екеуі де Баянауыл округіне қараған бір елдің-Қыр болысының қазақтары. Сондықтан таныс-біліс болғандары даусыз. Аталмыш әңгімені растағандай, Қарағанды облысының «Орталық Қазақстан» газетінде Төлеубай Мансұрұлы деген әріптесіміз: «Осындай думан-тойдың бірінде Жүсіпбек Аймауытовтың өзі Жәмиланың Кәмила мен Қайкен деген туған апаларының өнеріне өте тәнті болып, ән шығарған ғой. Осы әнді Қарағандыдағы қазақ театрының сахнасында Қайрат Байбосынов ағамыз әуелете шырқағаны есімізде»-деп жазады.

Бұл әңгімені Алматыда тұратын Жәмила шешеміздің қызы Қарағөз Шашкина апамыз да қуаттып, кезінде осындай әңгімелерді ертеде құлағы шалғанын айтып, өз анасы және Кәмила, Қайкен әпкелерінің бірге түскен суретін салып жіберіпті.

Тағы бір айта кететін нәрсе, халық әні делініп жүрген «Екі жирен». «Қызыл бидай» әндерін ертеде Қызылтау елінің қариялары «Түсіпбектің «Екі жирені», «Түсіпбектің «Қызыл бидайы»-деп отырады екен. Осының мәнісін білмекке, Астанадағы Қайрат Байбосынов ағамызбен хабарласқан едік.

-Бұлар халық әндері ғой, дегенмен Жүсекең кезінде өзінің жүрек сырын осы әндердің әуеніне салып айтуы мүмкін. Себебі, мен Қарағандыда сахнаға шығып, «Екі жиренді» орындарда Жәмила апамыз: «Қайратжан, осы әннің қайырмасын «Кәмила, Қайкен, құдашам Зайкен, тұрмайсың уағданда, сені қайтем»-деп қайыршы, ерте Жүсіпбек Аймауытов ағамыз солай айтушы еді»-деп еді дейді.

Қазақ әндерінің тарихынан мағлұматы мол Қайрат ағамыз осылай десе де, халыққа белгілі «Екі жирен» әнінің бірнеше нұсқасы бар екенін білеміз. Осының бірі Жүсіпбектікі емес пе екен деп ойлап қойдық...

Осыған байланысты тағы бір әңгіме, биылғы жылдың басында Семей қаласына іссапармен жол түсе қалып, сол жердегі белгілі шежіреші- өлкетанушы, қазына кеуде қария Бекен Исабаевқа барып сәлем бердік. Сөз арасында Жүсіпбектің сазгерлігі жайлы сөз қозғалып еді, Бекен ақсақал: «Кәмила, Қайкен, құдашам Зайкен»-деп әндете жөнелді. «Ақсақал, сіз бұны қайдан білесіз?»-деп сұрадым таң қалып. «Е, неге білмеймін, кезінде біз бұл әнді солай салатынбыз»-деді Бекен қария...

Жүсіпбектің сазгерлігі жөнінде баянауылдық белгілі өлкетанушы Алтынбек Құрманов төмендегідей бір әңгімені баян етті. «Тоқсаныншы жылдары осы өңірдегі Торайғыр ауылына Моңғол жерінен Мұтай атты ақсақал қоныс аударып келіп еді. Өзі сол жақта ескіше әжептәуір білім алған, Оспан батыр, Қалибек хакім секілді Шығыс Түркістанның саяси қайтаркерлерін көзімен көріп, жанында болған адам екен. Әлгі кісімен сөзіміз жарасып, ара-тұра әңгіме-дүкен құратынбыз. Ақсақал жас уағында ШығысТүркістандағы «Үш аймақ» көтеріліске қатысыпты және өзінің айтуынша Қалибектің көмекшілерінің бірі болғанға ұқсайды. Сонда мындаған адам сарбаздар сапқа тұрып, әкери маршпен адымдап, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ғаскер жыры» өлеңін бір кісідей шырқайды екен. Ақсақал жанағы әнді кей уақта өзінше ыңылдап айтып, кәдімгідей әруақтанып отыратын. Мен ол кісіге: «Әннің авторы Жүсіпбек Аймауытов өзіміздің баянауылдық жерлесіміз»-дегенімде, әлгі кісі «Жүсіпбек осы өңірідікі ме еді?!»-деп таң қалып еді»-дейді. Қарап отырсақ, Жүсекеңнің өлеңдері сол кезде Алтайдан әрі асып, сол жақтағы қандастарымызға да жігер мен намыс берген екен.

Жүсекеңнің ұлт алдындағы қаламгерлік қызметін айтқанда, қайраткерлігін ұмытуға болмайды. Қай жерде жүрмесін, бар арманы шамасы келсе туған халқына жақсылақ жасау болған Жүсіпбек

Семейде губерниялық қызметте жүргенде өзі туып-өскен Қызылтау өңірінде жаңа ауылдың іргесін қалауға қол жеткізеді. Халық оны сол кезде «Мәдени кіндік» деп атаған екен. Мұрағаттық құжаттарда бұл ауыл «Культпункт» деп көсетіледі. Аталмыш ауылда сол кезде бастауыш мектеп, балабақша, тіпті тіс жұлатын дәрігерге дейін жұмыс істеген екен. Бұл Жүсіпбектің халықты қайтсем де Еуропа тұмысына жақындатам, көзін ашам деген ниеті екені белгілі. Белгілі жазушы Дихан Әбілев ағамыз осы «Мәдени кіндіктегі» мектептің директоры болып жүргенде Баянаула жерінде «Баянтау» газеті ашылып, оған Ғалым Малдыбаев редактор болып барады да, Диханды өзіне орынбасар етіп алады. Одан кейін аласапыран заман келіп, ашаршылық жылдары халық тоз-тоз болып кеткенде, бұл ауыл да иесіз қалған секілді. Қазір сол «Мәдени кіндіктің» орны ғана жатыр. Кірпіші мен ағашын кейін Баянауылдың орталығына құрылыс салуға пайдаланыпты.

Жүсекеңнің қай жерде болмасын, осындай игілікті шаруаға мұрындық болып, оң істерді ұйымдастыра жүретінін байқаймыз. 1925 жылы оның біраз уақыт өкіл болып Семейден Алтайдың Күршім жеріне барғанын «Абай» журналының 2009 жылғы екінші санында Әлтай Есқалиұлы деген адам жазады. Жүсіпбек ол жақта да Мысбаев Мейраш, Әділхан, Дариға атты болыстардан қаржы жинап, темір шатырлы мәдениет үйін салдырады. 1945 жылы өртеніп кеткен бұл үйді көргендер бір жағында мешіт, бір жағында дәрігерлік бөлме бар еді дейді екен. Тағы бір жерде темір шатырлы кеңсе мен клуб салдырып, ол 1926 жылы пайдалануға берілген екен. Жүсекеңнің Алтайға сапары осымен ғана түйінделіп қалмай, атақты «Ақбілектің» де сюжетін де сол жақтан тапқаны белгілі...

Осылай Жүсіпбек Аймауытовтың туған жылы жайлы сөз қозғаймыз деп, біраз әңгіменің басын қайырдық. Бұл Жүсіпбек жайлы болашақа айтылатын талай әңгіменің басы ғана деп біліңіздер.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ - ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚҰРАУДЫҢ ТІРЕК КӨЗІ

ЖҰМАТАЕВА Е.

п.ғ.д., профессор, директор,

Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және
білімденудің инновациялық технологияларының ФПО,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Құрметті конференцияға қатысушы қауым!

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан үшін ең негізгі басымдықтың бірі – білім. Білім – ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын арқауы. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық белестерімізге қорытынды жасап, 2020 жылға дейінгі дамуымыздың бағдарын айқындап бергенде білімге көп назар аударды.

Жаһандану заманында интеллектуалды ұлт қалыптастыру, мемлекет басшысы нұсқағандай, қатал бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын алға тартатын күш ретінде орнықтыруға байланысты. Отандық білім жүйесі өз қызметін «Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция – мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидаға сүйене отырып жүзеге асыруы көзделеді.

Жоғарыдағы айтылып өткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың интеллектуалды құрау бағдарламалық еңбектерінен ұғарымыз білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтайтын, білімнің халықаралық мүддесіне унификациялайтын, қоғам сұрамына жауап беретін, өз ұлтының рухани құндылығын меңгерген және оны жалпы адамзат игілігіне үлес ретінде қосатын инклюзивті тұлға даярлау бүгінгі педагог қауымның мақроміндеті. Бұл орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың біздерге қалдырған Асыл Мұрасы тірек көз болмақ.

«Технология» ұғымы тұлғаның ойлау шеберлігі дегенді білдіретініне бүгінде әлі де болсын жете мән берілмеуде. Міне, шешімін таппай отырған осындай көкейкесті мәселелерді Ж. Аймауытов өз еңбектерінде жан-жақты ашып берген. Нақтылап айтсақ, 1926 «Психология» және «Жан жүйесі мен өнер тандау» деген еңбектері Ташкентте жарық көрген. Алғашқы еңбегінің беташарында зерттеуші: «Психология – терең ойдың білімі» Құрғақ пәлсапа бос сөз екен деп. Бір нәрсені керекті жеріне кіргізіп, көбінесе өмірге керекті, пайдалы сөздерді тердік... Қарапайым кісіге нені

білу пайдалы? - деген сұрауларды есімізден тастағымыз келмеді, әрине, кейде, лажсыз ол сұраудан шетірек кетуге тура келді... Өйткені үнемі оңай бола бермей, адамның бір қабат ойландырарлық миын дағдыландырарлық дерексіз нәрселер де керек. Сайыз жүзіп, сайқалдар қапы қалмасын дедік». Үйрену мен оқу, білім алу сияқты әрекеттер адам баласының танымына тәуелді. Философиялық тұжырым кез келген адамға тән құбылыс емес. Бірақ, әр адам ондай тұжырымды меншіктей алады. Алдымен адамдар бір бірімен қарым-қатынас жасау арқылы білім арнасына түседі» - деп тұжырымдайды. Қорыта келгенде, «Психология» пәнін Ж. Аймауытов терең ойға қам жасайтын пән дегенді білдіретінін дәлелдеген.

Ж. Аймауытов «жанды зерттейтін ғылым» демей, «Психология» іліміне анықтама бермей, форматты одан жоғары алып отыр. Ойдың күн сайын ілгерілеген біліммен тезаурустық-ғылыми негізде тереңдеу қарқынына мән бергені байқалады.

Ойлау шеберлігінің шыңдалу кульминациясына жетуіне білім беретін педагогтардың әдіснамалық, методологиялық әзірліктері мол болуының үлгісін ұсынған. Оны мына бір екі түрлі зерттеушінің тұжырымдарын саралау арқылы алғашқы еңбегін жазар алдындағы Ж. Руссоның 150 жыл бұрын айтқан идеясына басымдық беретінінен байқаймыз.

Руссо еш уақытта бір баланы басқа балалармен салыстырмаған. Егер оның ой тоқтатқаны байқала бастаса, оны тіпті балалармен жүгіртіп те жарыстырма. Қызғаншылық пен көреалмаушылыққа, мақтаншақтыққа үйренгеннен гөрі түк те үйретпеген жүз есе артық деген ой-түйеді.

Өйткенше, мен оның жылдағы істегендерін жазып отырар (аналитика, сараптама) едім. Сөйтіп өткен жылдағы істегендерімен биылғысын салыстырып отырар едім. Мен оған «Сен енді былтырғыдан пәлен дүйім артылдың ... Бұрынғыдан қалай болдың екен? Енді байқайық дер едім... Сонда оған өзімнен-өзім артылам деген тілек пайда болар еді. Міне, осындай өзінің бұрынғы «Менімен» бақталас субъектіде ешбір жамандық болмайтынын дәйектеген.

Джеймс айтады: «Мен психологияны білсем, бәсекенің терең мағыналы, зор пайдасы бар деп айтуға міндеттімін. Сондықтан ол құралдан мүлде безеді деуге шегім бар» - деген тұжырымын Руссо пікіріне қайшылық ретінде келтіреді.

Біреудің істеген ерлігін естігенде намысымызды қоздырып, сол іске итеретін сезім - тентектік баланың қытығына тиіп, тентектік қоздыру дұрыс Мүриттей дүние жинамайтын, он екі мүшесінен басқа

түгі болмауды шарт кылған сопылар қаумы риясыздыққа зорлап, адамның жүрегін бақытсыз қылмау керек деп, ережелерін имектөніп, жұмсартып отыр, соны еркектің өзіне тән қымбаты, соны әйелдің өзіне тән бақтасы, бөлмесінде болуға рұқсат беріп отыр. Бұдан біздер әр тұлғаның өз мүмкіндігі бар екеніне көңіл аудартып тұр.

Әдіснама негізі ретінде Ж. Аймауытов, Ж. Руссо мен Джеймстің еңбектерін ғана зерттемеген. Бүкіл әлемдік философия – педагогика іліміне математика пайымымен зерделенген Аристотельден бастап Локка, Лейбнице дейін қамтыған, аталған зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалған.

«Ойлау шеберлігін» әдіснамасын құрып берген Ж. Аймауытов алгоритммен екінші ойлау іс-әрекетін тұлғаның «ой сандығы» сапасында бүгінгі компьютер желісінде қарастырады.

«Ой сандығын» екі түрлі: бүгінгіше екі файлға, екі жүйеге бөліп береді: 1) Жұлма жад; 2) Философиялық жад.

Егер бүкіләлемдік, Ресей, ТМД елдерінің психология нысанын бағамдаған зерттеушілердің еңбектерін сараптасақ, бұл пәнді ойлау тереңдігін қамтитыннан гөрі тұлғаның жанын зерттейді деген қортындыны аңғарамыз.

Ал Ж. Аймауытов психологияны ойлау тереңдігін қамтамасыз ететін пән деуі, жанды екінші орынға қоюы бүгін де көкейкесті. Үшінші жаңалығы ретінде сезім түйсіктерін жүйелеп, «соқыр сезім», «саңылау сезім» ұғымдарын құрған.

Адамның танымына ықпалын тигізер сезімнің бір түрін Жүсіпбек Аймауытов саңылау сезімдер деп алған. Мұны автор зерделі қылық нысанасы тұрғысында да қарастырған. Оған Жүсіпбек Аймауытов мынандай анықтама береді: «Қылық дегеніміз күрделі қызметтерді бөлшектеп, ең әдемі құрандысын тапсақ, соны сезім саңылау деп айтады ... Адамға бір нәрсе сүрең бермесе, саңлау болмас еді». Саңылау сезімдерінің алғашқы бөліктеріне түсініктеме береді. Қуат - адам бойындағы әсердің ізі. Есіндегіні жаңғыртсаң, берне (представление), мұрат (идея) пайда болады. Жаңғыртушы қуатты жад дейміз. Мұның бәрі мидың қызметіне бағынышты. Мидың қасиеті әркімде әр түрлі. Кейбіреудің миындағы көру кіндігі көбірек қозады, көбірек қызмет істейді; кейбіреулерде есту кіндігі көбірек қозады; құйма құлақ дейміз; үшіншіде сөйлеу кіндігі көбірек қызмет етеді. Төртіншіде, қол кіндігі көбірек қызмет етеді. Амалға (упражнение) әсерді орнықтыру деп, тәжірибеде қайталама деп анықтама берген. Саңылау сезімдердің алгоритмі:

- саңылау сезімнің бір түрі - әдет, әдет - адамның екінші табиғаты;

- берне іліктестігі (ассоциациясы). «Икем» дейтініміз көбінесе іліктестікте болады.

- белгілі берне дәйім өзіндей не өзіне тете белгілі берне туғызады. Ол соңғы белгіні талдап, белгілі мақұлдау, терістеу, көну, я көнбеу сезімін туғызады;

- ынта, мүдде (интерес). Тума ынта мен жасанды ынтаның қатынасын көрсететін жабайы заң бар. Екі берне қосылса, біріне бірі сезімді ынта жұқтырады. Ынта - керектілік пен қажеттіліктен туатын қасиет. Жаңаны ескімен қабыстыратын оңтайыңыз сондай оңай болсын. Ынта бір орыннан екінші орынға ауып, аяқтап келгенде, ойдың бір аймағын шармап өкетсін;

- ілтипат (назар). Ең күшті ілтипатың жүрісін бейнелеп айтсақ, екі жақты, ішті-тысты ықпалға ұшыраған ми шілтері деп ұқсастыруға соңғы екінші жақтың жад пен қиялдан келетін ағындармен күшейеді. Табанды ілтипатқа қабілеті барлық - игіліктің алды деп ұғу керек. Ондай ілтипаты бар адам жігерін аз жұмсап, жұмысты тез істейді;

- Жад (память). Жад - іліктестің ең жабайы, қолма-қол салдарының бірі. Жад - өткенді сақтайтын қуат. Жад – бір жағынан, неше түрлі еске алуларды жинап қойған қойма, екінші жақтан, белгілі нәрсені еске түсіретін қуат (қабілет). Жад ақылға бағынышты... Керекті болмыстарды (факті) реттеп, жіктеп шығады. Сонан соң, ол мағлұматтар ботқа болмайды. Қисынсыз, мысал ретінде еске сақтаған болмыстардың қосындысын жұлма жад, ал тәжірибенің қисындық ережелерінен құралатын тұжырымды философиялық жад деп, Ж. Аймауытов екі топқа бөлген. Бұл ойды айқындау үшін автордың өз сөзін келтіріп өтейік. «Бір кісінде әрі күшті жад, әрі пәлсепеге икемдік болса, ол адамның шығарғыштық күші жоғары дәрежеге жеткен көп қасиетті меңгерген деп санау керек. Вальтер Скот, Лейбниц Гете сынды адамзаттың сырттаны сондай кейіпкерге кіреді. Анығында нағыз зор жаратқыштық күш жасалуы үшін ондай жад болу қажет.

Жад қабілеттері бір-біріне үндестікпен келіп, өзара маталуы заңды құбылыс. Маталуы нәрселердің (білім нысаналарының ұсақ бөліктері) жүйесі қанша болса, жадымыз да сонша деп айтуға болады. Бір жаңа нәрсе өз жүйесіндегі басқа нәрселермен іліктесіп барып, жадқа сақталады. Мұның бәрі дерлік қадағалаумен, үйретумен, пысықтаумен жүзеге аспақ.

Жүсіпбек Аймауытовтың бұл ілімінің бүгінгі ХХІ ғасырдың ақпараттық жүйесіне де ықпалы зор. Тура компьютерге білім көлемін сақтауға әзірлеп бергендей сипатта қабылдаймыз. Адамның білім жию қоймасын «ой сандығы» деуінің өзі компьютердің шығатынын, кибернетика ілімінің орнығатынын сонау ХХ ғасырдың басында көрегендікпен айтып кеткен. Осындай педагогикалық, психологияның, этнопсихологиялық аспектісін жан-жақты ашып берген, оның әрбір салаларының заңдылықтарын прагматикалық, философиялық жұпта алып қарастырған.

Мұнымен бірге ой сандығының әрекетін толық талдап, оқырмандарының жұлма жад пен философиялық жадты қосақтап ұстауына, оны саналы дамыта алу іскерлігіне конструктивті ой түйеді.

Тағы да автордың өз сөзіне үңілейік. Жұлма жадтың ойлау (оқыту) әрекеті:

- бір нәрсені ақылға тоқып алудың ең жақсы жолы ақылды жүйе, басқаша айтқанда «білім» жүйесіне тізбелеуі; (Оны біздер Блум таксономия деп жүрміз);

- жиған «білім» жүйесін өз тобының ішінде тиісті орынға орналастыруы (компьютерлік жүйе, память);

- оның себебін ойға қаттап салып түсіндіруін табуы;

- одан керекті салдарын қорытып шығаруы;

- ол қорытынды - тұжырым табиғаттың қандай заңына келетінін білуі;

- білім қоймасы - еңбек жолының ең тиімдісі деген түсінікке келуі;

- толып жатқан ұсақ-түйек ойларды білім жүйесінің қууы - жабайы ұғымның орнына меңзес іліктестіктің пайда болуы;

- заңды білу арқылы жадты толып жатқан жеке мысалдардан құтқаруы; заң арқылы керекті нәрсені дәйім еске түсіруі.

Философиялық әрекет:

- барлық нәрселердің ақылға тірелуі;

- түсіндіріліп, себеп-салдар есебінде бірімен бірі байланысуы, жүйе жаттау шарттарының ең жақсы болуы;

- оның сілемімен көп нәтиже қаражатпен қолға түседі;

- кімде-кімнің жұлма жады кем болса, ол кемшілікті философиялық ойлауды күшейту арқылы толықтыруы;

- бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтануы;

- сөз ойдың табылмайтын құралы екенін елеуі;

- егделенген сайын адамның көру арқылы білім жиюы кеміп, сөз арқылы көп ұғынуы;

- миындағы ығы-жығы бернелерді реттеуі;

- нобайлап айтудан арылып, дәл қып айта алуы (заңы, аланы);

- өрнекті, философиялық ойды аудырмай айтуы;

- мақсатқа жетудің жолын талдай, тексеру, ойлай білу екенін ұғуы;

- оны қайталауы, қорытуы, жинақтауы, пысықтауы, толықтыруы (Ж. Аймауытов сол кездің өзінде жаңа сабақ пен өткен материалды қайталаудың жүйесін шығарып берген);

- оны үнемі жаңа мағлұматтармен толықтырып отыруы;

- адам - текті, күрделі зат; оның бірілі - жарымды қабілетін өзіне сипаттарын бөліп алып, өлшеу арқылы нағыз рұқ (рух) - (эзотерика) қабілеттерін шамалауға ұмтылып, қабілеттілік рухын дамытуға бағыттауы;

- тәжірибе ретінде сынағанда, мағынасыз буындар, сөздер, әйтпесе шын өмірде жолықпайтын нәрселерді бермеуі;

- жадымыз бір мүддеге, мақсатқа қызмет қылып, бір өзімізге керегі болуы;

- алған білім өмірде басқа бернелермен жанастырылып, жадының дамып отыруы;

- ынталану мен әдістенуді білім аумағына өмірмен жанастыруы;

- рух қабілеттілігін өлшеудің мүмкін еместігінің басты себептері көңіл, адамгершілік жігері, табандылығының сипатын шығара алуы;

- бір қабілетті сынаумен білуге мүмкін еместігі, ұзақ амалдарының түпкі нәтижесіне қарап шамалануы, жадтың ұшқырлығы ақыл зеректігіне қатысының жоқтығы;

- бақылампаз оқытушының сыны, шәкірттің жадын, іліктестік қуатын, ілтипатын тәжірибе арқылы ғана өлшегеннен анағұрлым бағалы болуы;

- баланың қылығын байқап жүргенде, қосаметкей мағлұмат үшін істегені пайдалы, көретін көзі бар, сара ақылы бар, адамның табиғатын ұғарлық оқытушының сыны жай тәжірибеден артық екенін түсінуі;

- кімде-кімнің ақыл жүзіндегі жабайы қабілетінің, не жұлма жадының бірі шалағай болса, ол үшін қынжылудың жөнінің жоқтығы;

- көз бернесінің қабілеті болмай-ақ, кісі суретші бола алуы, жады жаман бола тұра, атакты ғалым бола алуы;

- қай уақытта болмасын нәрсеге елігуі, ынтық болу (қозғаушы күш) адамды алысқа сүйреуі;

- бір мақсатқа бағыттасаңыз, сөз жоқ, оған жетуі;
- бай болуға ынтықсаңыз, бай болуы; оқымысты адам болам десеңіз, оқымысты болуы; тек сол нәрсеге ғана ынтығу керек, одан басқаға көңіл бөліп, алаңдамауы.

Ж. Аймауытов Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Үш рет сөз» шығармасымен үндестігін мына бір көріністен анық бағамдаймыз:

«Әр адамның көз бернесі айқын, толық, белгілі, кең, тарлығы мейлінше алуан-алуан. Кей адамның көз бернесі тамаша кәміл. Кейбіреулердікі бар деуге де күдікті. Құлақ бернесі, тағы басқа қабілеттер туралы да осыны айтпауға дәл келеді. Бұған қарағанда, оқытушылар шәкірттерін қиял кейіпкеріне қарай жіктеп, бөліп-бөліп оқыту тиіс деп мәслихат беруге жарайды (дифференциалды оқыту) ... Жалғыз ғана қолайлы ереже мынау: оқытушы шәкірттерінің барлық сезімдеріне әсер бергендей қылып оқыту керек: сөйле, жаз, тақтаға сурет сал, балалардың өзіне сөйлет, жазғыз, сурет, кесте, сызық көрсет, салғыз, түрлі бояумен боя. Сондай толып жатқан әсерден әр бала өзінің оңтайлы жағымен ұғып қалады».

Бүгінгі оқытудың мазмұнындағы парадигманың мәні де осында. Әр процеске, жүйеге, қызметке, ғылым-білігіне жаңа философиялық көзқарасы (парадигма) «тақыр жерден» пайда болмай, ол бір кезде көрініс бергенін, айтылған, іске асқан ой-тұжырымдардың қайталануы екеніне ілтипат аударғанымыз дұрыс деп ой түйеді.

Сонда ХХ ғасырдың басында айтылған ой ХХІ ғасырда көкейкесті мәселе болып отыр. Бұл - классикалық ғылымның өшпейтіндігіне бір дәлел.

Көзіміздің бернесінің көмескілігімен, құлағымыздың мүкістігінен аталған Ж. Аймауытовтың еңбегі 1995 жылы жарық көрсе де, біздің республикамызда өзіміздің тамаша педагогикалық, білімденудің инновациялық технологияларымызды құндамай, басқа жұрттың ілімін жұлып алып келіп оқыту күн тәртібінен түспей келе жатқан тауқымет екені бәрімізге белгілі. Ж.Аймауытов әлемдік иерархия деңгейіне көтерілген, ағылшын тілін меңгерген, Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Германияның, Шотландияның ең озық үлгісіндегі педагогтік іс-тәжірибелерінің тағылымдық дінгектерін ұлттық рухқа бейімдеп, қазақтың өз мүмкіндігіне лайықтап берген. «Оқытудың дидактикасының негізі философиялық тұжырымы - психология ілімінсіз тұл», - деген қорытынды жасауға да Ж. Аймауытовтың еңбегінің ықпалы зор.

Зердеге ынталандыру үрдерісінде менталитетті сақтау үшін ұлттық рухтың сипатын біле отырып, сырттан озықтық сипаттағыны

санатына қосып, іліктетіп отырғанда ғана әлемдік деңгейге жол ашылады.

Төртінші жаңалағы ретінде бүкіләлемдік деңгейге өзінің болмысын бейімдей алған, ол ағылшынша, шатланд, орыс, түркі жұртының тілдерін меңгерген.

Бесінші жаңалығы ретінде, бүкіл әлемдік психология-философия іліміндегі ұғым –терминдерді қазақ халқының лексикалық қорына айналдыруға үлес қосқаны.

Нақтылап айтсақ, перцептив, силлогизм, феномен, индукция, дедукция, эмпирика, эвристика және т. б. (ұғымдарды төл нұсқасында келтірген) Жуырда Парламент мәжілісінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шет тілінен енген терминдерді сол нұсқада алуға болатынын айтқан еді.

Міне, бұл ой тұжырымның бір көзі Ж. Аймауытов еңбектерінде екені байқалып отыр.

Қорыта келгенде, ойлау шеберлігін өркендетуде Ж. Аймауытов ілімінің атқарар рөлі зор. Интеллектуалды ұлт құрауға Ж. Аймауытов ең бектері ғылыми-классикалық өшпес құндылық.

**1 Секция. Ж. Аймауытов шығармашылығы және
қазіргі қазақ әдебиеті ғылымының мәселелері
1 Секция. Ж. Аймауытов и проблемы
современной казахской литературы**

**ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ «ЕРЛІК - ЖҮРЕКТЕ»
ӘНГІМЕСІНДЕГІ ТЕҢЕУДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**АБДУЛЛАЕВА Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.**

Қазақ теңеулерінің жасалуы жөнінде Қ. Жұмалиев: «Орыс тіліндегі теңеулер «как, так, то что, будто, подобно, что» арқылы жасалатын тәрізді қазақта кейбір теңеулер «секілді», «сияқты» деген сөздер арқылы жасалады. Бізде теңеудің өзіне тән белгілі жұрнақтары бар» [1, 391 б.], - дей келе теңеудің көпшілігі зат есімге, есімше, етістікке жалғанған -тай (тей), -дай (дей), -ша (-ше), және -дайын, (-дейін) жұрнақтары арқылы жасалады деген қорытынды түйін жасаса, қазақ тіліндегі теңеуді жан-жақты зерттеп, теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын ашып, оның жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін қарастырып жүйелеген Т.Қоңыров өзінің «Қазақ теңеулері» атты монографиясында теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [2, 11 б.], - дей келе ғалым қазақ тіліндегі теңеудің жасалу жолдарын көрсетеді.

Біз мақаламызда теңеуді ғалым Т.Қоңыровтың теориясына сүйене отырып, осы тұрғыдан қарастыратын боламыз.

Зерттеу барысында Қ.Кемеңгерұлының шағын ғана «Ерлік - жүректе» әңгімесінен теңеудің небір түрін кездестірдік. Олардың көпшілігі -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағының көмегімен, сонымен қатар құсап, ұқсас сөздерінің тіркесуі арқылы жасалаған. Ойымызы мысалдармен нақтыласақ:

«Албастыдай басқан қараңғылықтың құшағында, жез қармақтай бүктеліп, уыз денесі, жалынды жаны жараланып, жаңбырдай жасын төгіп Зәйра жатыр» [3, 252 б.].

«Оқатар кілемнің шаңын қаққандай елеусіз келіп, Зәйраның денесіне жыландай бұралтып, бұршақтай жаудырта қамшысымен тартып-тартып жіберді. Сол қалпында Зәйра біраз отырып,

жастыққа сылқ етіп, шапқан шөптей құлай кетті. Адамнан көрген қорлығын, әуені жарғандай қатты леп шығарумен, тереңнен созып күрсінуге, меруерттей көз жасын селдетумен сыртқа шығып тыныс алды» [3, 253 б.].

«Біраздан кейін бриллианттай көзді ойнатып, анадай мейірімін төгіп, сары алтындай сәулесімен әлемді жарық нұрға бөлеп бауырмал күн басын көтерді» [3, 256 б.].

«Қымызға тойғандар күйік тартқандай уһлеп, іші ауырғандай қарнын сипап, балуанға түсетіндей жалаңаштана, дөңбекшіп жатыр. Мұнарадай мойны созылған, тай жүзген сабадағы көл қымызды желдей толқытып, піспекті құлаштай көтеріп, кара терге малынып, Қарабайдан мақтау аламын деп, Көбен байғұс күрс-күрс пісіп жатыр. Әр үйдің есігінің алдында жерошақта жылмаңдаған сиыр тіліндей қазанның қара күйесін жалаған жалыннан балық көзді ұшқын ұшып, көкке құлашын сермейді» [2, 251 б.].

Көріп отырғанымыздай, берілген мысалдардағы теңеулер -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы арқылы жасалған. Зерттеу барысында Қ.Кемеңгерұлының «Ерлік - жүректе» әңгімесінде көбінде теңеудің осы түрлері түрленіп келіп, әр қырынан жарқырап үйлесімдік тауып жұмсалғандығына көз жеткіздік.

Ал әңгімедегі теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, теңеудің біраз жаңа үлгілері мен қалыптасқан дәстүрлі түрлері айнала қоршаған ортаны, түрлі құбылыстарды бейнелі түрде жеткізу мақсатында жұмсалған. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады. Мәселен, Арқа табиғатының қайталанбас көркін, өзіндік ерекшелігін Қ.Кемеңгерұлы былайша суреттеген:

«Арқаның ерке желі жорғадай жылжып, өрден ылдига құлағанда, торғындай толқыған салалы көк шалғын бұйраланып, жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей. Марка құлын жасырынғандай көкорай дариясында белуардан сүнгіп, шағаладай шаңқан үйлер арқасын күнге беріп, мүлгіп тұрды. Ақ меруерт көбіктен қанат жайып, арқаның кербез сұлуындай бұраңдап, күн сәулесіне күлімдеп сылдыр қаққан бұлақтың мөлдір суы ауылды қуалай белдеулеп ағып жатты» [3, 250 б.].

Берілген мәтінде «жорғадай», «торғындай», «жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей», «марка құлын жасырынғандай», «арқаның кербез сұлуындай» деген теңеулер арқылы жаратылыстың сондай бір жадырау шағын өте әсерлі бейнелеген. Оқығанда сырлы сурет, жазғы табиғаттың бейнелері көз алдыңызға көлбендейді. Ынтызар сезіміңізді оятып, көңіліңізді көтереді.

Тағы бір мысал:

«Қара құрттай қаптаған қалың жылқы шаң боратып, жер қайыстыра дүбірлетіп кең өріске қоңыр салқынды құшақтай бара жатты. Көгеннен босатылған көп қойдың тас бұғаудан босанып шыққандай мәз боп маңырай борсаңдап жүгіргені, жар басынан ойнақшып қозылардың шапқаны - бірін-бірі іздеп маңырасқан мал атаулы төңіректі азан-қазан шумен дүрліктіріп жатқан-ды» [3, 250 б.].

Мұндағы «қара құрттай», «тас бұғаудан босанып шыққандай» деген теңеулер қазақ қоғамындағы көшпелі тірліктің берекелі болмысын, төскейдегі дүбірлеген төрт түлік мал, үйірлі жылқы, ақтылы қой т.б. тірліктің осындай бедерлі суретін беру үшін жұмсалған.

Жоғарыда берілген мәтіндердегі «жаңа түскен келіншек құсап тәжім еткендей», «марқа құлын жасырынғандай», «арқаның кербез сұлуындай», «тас бұғаудан босанып шыққандай» теңеулері Қ.Кемеңгерұлының стиліне тән күрделі теңеулер.

Қ.Кемеңгерұлы әңгімесінде тың мағыналы, жаңаша түрленген теңеулер де кездесеті:

«Қотанда көп қой біріне-бірі ұйлығып, қадым оқыған молдадай жақтарына дамыл берместен күйсеп жатыр. Ілуде бір жерде үйінен, елінен айырылып, күзетте тұрған солдаттай, түрегеп тұрған қойлар да бар.

Үйге жақын көк майсада көп түйе паровоздай пысылдап, кейбіреуі сәждеге бас қойғандай мойнын қылқитып, мұрнымен жер тіреп тұр» [3, 252 б.].

Мұндағы теңеулер түрлі бейнелі суреттер жасау мақсатында жұмсалған. «Қадым оқыған молдадай», «күзетте тұрған солдаттай», «паровоздай» деген тың теңеулер төрт түлік малға қатысты алынып, олардың тұрысын, қимыл-қозғалысын бейнелі түрде жеткізіп тұр. Осы мысалдан кісіге езу тартқызар юморды да көреміз. Мұның өзі жазушы стиліне юморлық сипаттың жат еместігін танытады.

Қ.Кемеңгерұлы әңгімесінде теңеулер бейнені ғана емес, әр қилы мінез ерекшелігін сипаттау үшін де жұмсалған деп айтуымызға болады. Төмендегі мәтінде кейіпкердің ашу үстіндегі сәті теңеу арқылы сипатталады:

«Астан кейін Қарабай тұтылған күндей қабағын түйіп, түндей тұнжырап, қан-сөлін ішіне тартып, Оқатар мен Қылышбайды шақырып алды да, күркіреген күндей екпінді дауыспен бұйрық берген әскербасы құсап: «Тағы да барып жүзіқараны ұрып келіндер», - деді» [3, 252 б.].

Адам мінезін жаратылыс құбылыстарына теңеу - қазақ әдебиетінде бұрыннан бар дәстүр. Мәселен, кейіпкер мінезін бейнелегенде көбіне табиғаттың қатал мінездері теңеуге алынады. Қ.Кемеңгерұлы «тұтылған күндей», «түндей», «күркіреген күндей» теңеулері арқылы кейіпкерінің кектенген мінезін, ашу-ызасын шынайы суреттеуге тырысқан. Мұндай теңеулер кейіпкердің мінез ерекшелігін көрсетіп, психологиялық күйін, ішкі сезім иірімдерін аша түседі.

Зерделесек, Қ.Кемеңгерұлы қолданысындағы теңеулер өзгеше өрнектер тудырып, шынайы суреттер жасайды. Халық ұғымында қалыптасқан теңеулердің де өзіндік ерекшеліктері байқалады. Жазушы теңеулерді өзінің сөз саптауына қарай ыңғайлап қолданған. Мысалы, «көрдін ішінен шыққандай өлімсіреген дауыс» [3, 253 б.], «қасқыр тартқан қозының құйрығындай жырымдалған көйлек» [3, 251 б.], «шарт жүгініп отырған молданың бойындай бір түп ши» [3, 254 б.] деген теңеулер - авторлық теңеулер.

Ал «қызыл гүлдей», «садақтың оғындай», «бозбаладай», «жыландай», «оқтай» [3, 253 б.] дегендер - халықтық теңеулер. Яғни әңгімеде халықтық теңеулер де мол жұмсалған.

Қ.Кемеңгерұлы әңгімесіндегі теңеулерді жазушы ойын жеткізуде ерекше мәні бар, өзіндік орнымен жұмсалған теңеулер деп айтуға болады.

Жазушы қолданған теңеулер көркем шығармаға ерекше реңк берумен қатар, оның шеберлігін, сөз қолданудағы ерекшелігін де көрсетеді.

Қ.Кемеңгерұлы әңгімесінде теңеулер кейіпкер бейнесін, оның қайғысы мен қуанышын бейнелеуде де ерекше қызмет атқарады. Мәселен, әңгімедегі негізгі кейіпкер Зәйраның қуанышты күндері мен қайғылы сәттерін төмендегі теңеулер арқылы бейнелеген:

«Қарашаштың дауысын таныған Зәйра жүрегі аттай тулап, қаулаған қалың үміт оты шырақтай жайнап, іргеге келді [3, 254 б.].

«Бұл кеше ғана бір көруге зар болған күнім еді. Жақсылықтан үміт үзуге болмайды екен деп, төбесі көкке жеткендей мәз болып Зәйра келе жатты» [3, 256 б.].

«Құлып сылдырап күбір сөз естілгенде, күңгірт оймен күресіп жатқан Зәйра, біз сұққандай басын жастықтан жұлып алды, тағы да ұруға келдің-ау деп запыс болған жүрек зу етті. Оттай ыстық дене төбеден суық су құйғандай мұздап кетті» [3, 253 б.].

«Бет қисайды, бұрын оқтай қадалатын қара көз аларып, жоғары-төменді төңкерілді, жартастай тік маңдайға екі қастың арасынан садақтың оғындай терен әжім байланды» [3, 253 б.].

Бірінші және екінші сөйлемдерде «аттай тулап» «шырақтай жайнап», «төбесі көкке жеткендей» теңеулері кейіпкердің қунышын, үшінші сөйлемдегі «біз сұққандай», «төбеден суық су құйғандай» деген теңеулер Зәйраның психологиялық күйін, ішкі күйзелісін білдіріп тұр. Ал төртінші сөйлемдегі «оқтай қадалатын қара көз» «жартастай тік маңдай», «садақтың оғындай» теңеулері кейіпкер бейнесін ашуға жұмсалған.

Кейіпкердің жай-күйін, аянышын, ызасын, көрген қорлығын, ішкі сезімдерін жинақтап беруге жұмсалған теңеулер жазушының шеберлігін танытып, адамзаттың ішкі сезім иірімдерін жеткізе білген адам жанының шебері екендігін аңғартады.

Ойымызды түйіндей келе, Қ.Кемеңгерұлының әңгімесіндегі теңеулер адам сезімін, көңіл-күйін, кектенген мінезін, психологиялық күйін және де табиғаттың тамаша суреті мен кейіпкер бейнесін жасауда таптырмас тәсіл ретінде қолданылғанын айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.

2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1978. -192 б.

3 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. - Алматы: Алаш, 2005. - 320 б.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ ЖӘНЕ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

АБДУЛЛАЕВА Қ.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мұқағали Мақатаевтың табиғат жайындағы өлеңдерінде ақынның ой-сезімі, көңіл-күйі, жан дүниесі сезіліп тұрады. Ол өзінің жырларында табиғатты қайталанбас ерекшеліктерімен көркем бейнелейді. Олар көркемдік құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан әр түрлі, бірақ тақырыбы жағынан біріне-бірі жалғасып жатады. Осы тақырыптағы өлеңдерінің бәрінде лирикалық кейіпкер өз мінезімен, ерекше қасиеттерімен дараланып көрінеді. Ол - табиғатпен тілдесуші, сырласушы. Мысалы, «Қайырлы таң» өлеңінде:

Қайырлы таң, жомарт жерім, ер жерім,
өзендерім, көлдерім!

Қайырлы таң, кермиқты кең далам,

Құба жонды белдерім, - [2, 8 б.]

деп туған жерінің өзеніне, көліне, жонды белдеріне тіл қатса, «Күрен күз» деген өлеңінде табиғатпен тілдеседі, сырласады. Лирикалық кейіпкер көңіл-күйі мен табиғат егіз ұғымда суреттеледі:

Қош енді, қош бол, күрен күз!

Ақ қысты тездеп жібергіз.

Ақ қыстай аппақ бір елміз,

Шымшылап аяз шытынап,

Ширығып біраз жүрерміз,

Шынығып өмір сүрерміз.

Қош енді, қош бол, күрен күз! [1, 17 б.]

Берілген өлеңде күздің «күрен» деп айқындалуы лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінің орташа деңгейде екенін, қысты аңсау арқылы «ақ» көңілді аңсайтындығын аңғарамыз.

М.Мақатаевтың туған жерге көп өлең арнағаны белгілі. Оларда негізінен туған жерінің көркем табиғаты мен лирикалық кейіпкердің сағыныш сезімі қоса өріліп отырады. «Қуаныш» өлеңінде:

Туған жер болар құс төсек,

Аспанын - көрпе, жамыл да,

Дамылда, жаным дамылда,

Бақытты сол бір шағында, - [1, 239 б.]

деп, лирикалық кейіпкер сезіміне бөленген суреттерді жайып салады. «Құс төсек» тіркесінен шөптерінің қалың екендігін, аспанды көрпемен ауыстыруынан лирикалық кейіпкердің қабылдауын, ал «бақытты сол бір шағымда» тармағынан ерекше ыстық сезімге бөленгенін көреміз.

Ал «Туған жер сағындырды» өлеңінде емханада жатқан лирикалық кейіпкер туған жерін, жайылған киіктерін, таңғы самалын, қасқа бұлағын аңсап, сағынып, қапаланады:

О, дәурен неткен ғажап сүйікті еді!

Жайылған жасыл маңда киіктері.

Отырған оңашада, биіктегі,

Таңғы самал жататын сүйіп мені [1, 82 б.]

Берілген шумақта туған жердің табиғатына деген лирикалық кейіпкердің махаббаты, ішкі сезімі анық сезіліп тұр.

М.Мақатаевтың табиғатты суреттейтін өлеңдерінде лирикалық кейіпкер кең пейілді, дархан мінезді, терең сезімді болып келеді. Ол табиғат көркемдігіне сүйсінуші, оны бақылаушы ретінде көрінеді. Мұны ақынның аязды түнді бейнелеген «Шыңылтыр аспан

шытынап» өлеңінен көруге болады. Ол аязды түннің көрінісін нақты, дәл бейнелеп береді. Өлеңді толығымен келтірейік:

Шыңылтыр аспан шытынап,
Шытынап сына жаздайды.
Жұлдыздар шоғы бытырап,
Шоқтанып тұрып маздайды.
Өзеннің мұзы шытынап,
Сатырлап сынған суықтан,
Аязды түнде атырап,
Тірлігін бір сән ұмытқан.

Аязды түнде ақпанда,
Ит үрмей, тауық шақырмай,
Арқасын сүйеп ақ тауға,
Қымтанып ауыл жатыр жай
Тыныштық деген - жан ізгі,
Сағынып келген жардайын.
Оянып кетер тәрізді,
Сипасаң болды маңдайын [1, 176 б.].

Өлеңде лирикалық кейіпкер - аспандағы аязды түннің келісті көрінісін, өзіндік ерекшеліктерін бақылаушы, қызықтаушы, сыр ұғушы ретінде танылады. Онсыз да шыңылтыр аспанның шытынап, сына жаздауы әсерлі әрі нақты және «шытынап» сөзін қайталау арқылы ақын оған оқырман көңілін аударта түседі. Жұлдыздар шоғыры «бытырауынан» олардың орналасу ерекшелігі, көптігі аңғарылса, «шоқтанып», «маздайды» сөздерінен жұлдыздардың қаншалықты жарық екендігі байқалады. Лирикалық кейіпкер аспанды ғана емес, өзен көрінісін де тамашалайды. Өзен мұзының «шытынауы», «сатырлап» сынуы ауа райының суықтығына көңіл бөлгізумен бірге қысқы өзен сипатын да танытады. Лирикалық кейіпкер назар аударған түннің тағы бір ерекшелігі - тыныштық. Иттің үрмегенін, тауықтың шақырмағанын баяндаумен шектелмей, ақын ауылды жандандыра бейнелейді. Ауылдың арқасы болуы, оны ақ тауға сүйеуі және «қымтанып» жатуы оның тыныштық қалпын елестетеді.

Мұқағали ақынның табиғат туралы жазған өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер ерекше сезім мен мінездің адамы екенін оның әр өлеңінен кездестіруге болады. Ол сезімін жасыра алмайды, қайта ашық бояусыз, ұлттық болмысымен танылады:

Тау бастарына тамаша бұлттар шөккенде,
Ұшырып бұлтты ескек жел алып кеткенде,

Қараймын-дағы мұрты өсіп қалған көктерге,
Бірза боламын ырыс әкелер көктемге [1, 88 б.].

Берілген бір шумақ өлеңнен көп нәрсені аңғаруға болады. Тамаша бұлттардың «шөгуі» жандандырыла суреттеліп, түйеге тән қимылды елестетсе, сол қимылдың өзі тау бастарында болуы бұлттың биікте екенін аңғартады. Ескек желдің бұлтты ұшыруынан оның жеңілдігін, ал «көктерге» деп келісті алмастыруы, мұрты деп ауыстыра қолданылуы ақын шеберлігін танытады. Соңғы тармақ лирикалық кейіпкер көңілінің жоғары болуына көп нәрсенің керегі жоқ екендігін де аңғартып тұр.

«Тағы да күз» өлеңінде күздің әдеттегі көрінісі лирикалық кейіпкердің көзімен берілген «сағыныштар», «алтын сары сырғалар» деген ауыстырулар өлеңнің көркемдігін көтеруге қызмет етсе, өлеңнің үш тармақ, он үш буын, төрт бунаққа құрылуы өлеңге өзгеше екпін береді:

Қайтып бара жатыр, өне, сағыныштар-тырналар,
Ақ қайыңдар, тал, теректер... алтын сары сырғалар,
Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар [3, 271 б.].

Жаз мезгілдері негізінен, жайдары, жасыл болып суреттелетіні белгілі. М.Мақатаевтың жазында лирикалық кейіпкер жазды сағына күтіп, жазбен бірге көңілі де жылынғандай болады. Ол - табиғатты бақылаушы ғана емес, сол табиғатпен тікелей тілесуші. Оны ақынның 1972 жылы ақпан айының соңында жазған «Жаз да жетті» өлеңінен анық байқауға болады:

Кетпей, келмей дүние тұра алар ма,
Жаз да жетті-ау сағынтып тірі адамға,
Жасыл шекпен жамылған төрем менің,
Ауыл-аймақ, ел-жұртың дін аман ба?! [2, 154 б.].

«Қыстауда» өлеңінде лирикалық кейіпкер қабылдауына сай қыс бар қатандығымен бейнеленеді:

Қораны да, үйді де, өрісті де,
Түтіп жатыр ақ түтек тегіс, міне,
Сүп-сүр аспан сұрланып, ойран салып,
Бар қаһарын шашуда жер үстіне [3, 64 б.].

Берілген бір шумақ үзіндіден ақынның қысты суреттеу шеберлігін көреміз. Ақын қысты тірі адам бейнесінде елестетеді. Бірде түтіп жатса, бірде сұрланып, ойран салып, қаһарын төгіп жатады. Осылайша ақын қыстың қатаң мінезін бейнелеп берген.

Ойымызды түйіндесек, М.Мақатаев табиғатты қырлауда табиғаттың сан түрлі құбылыстарын шынайы да көркем суреттеумен ерекшеленеді.

М.Мақатаевтың табиғат лирикасының тақырып ауқымы кең болумен қатар табиғат лирикалық кейіпкер көңіл-күйімен астаса суреттеледі.

Мұқағали ақын табиғатты жай суреттеп қана қоймайды, табиғатпен тілдеседі, сырласады, бірде өтініш білдіре сөйлесе, енді бірде бұйыра да тіл қатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мақатаев Мұқағали. Шығармаларының толық жинағы. 3-том. - Алматы: Жалын баспасы, 2013. - 320 б.

2 Мақатаев Мұқағали. Шығармаларының толық жинағы. 2-том. - Алматы:

3 Мақатаев М. Аманат. - Алматы: Атамұра, 2002. - 304 б.
Жалын баспасы, 2007. - 384 б.

ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МӘШҰР ЖҮСІП

АБДУЛЛАЕВА Қ. М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Фольклортану ғылымынан ерекше орын алатын жанрдың бірі - жұмбақтар. Жұмбақтар - ежелгі рулық қоғам адамдарының күдіретті деп таныған құпия тілінің негізінде пайда болып, сол халықпен бірге жасасып келген көне мұра. Алғашында халықтың аузында ауызша сақталып, кейінгі жылдары, нақтырақ айтсақ, ХІХ ғасырдың аяғына қарай жазылып, жариялана бастады. Бұл ретте Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Я. Лютш, А.В. Васильев, Ә. Диваев, А. Байтұрсынұлы, М.Ж. Көпейұлы т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше атауға тұрарлық. Ол кездегі басылымдар: «Дала уалаяты», «Ежегодник Туркестанского края», «Туркестанские ведомости», «Түркістан уалаяты», «Торғай газеті» т.б. болатын. Сонымен қатар қазақ жұмбақтарын жариялау ісінде арнайы ғылыми түсінік беріліп бастырылған жинақтардың да қызметі ерекше болғанын айта кетуіміз керек.

1883 жылы Я. Лютш құрастырған «Киргизская хрестоматия» атты жинақтың екінші топтамасы түгелдей жұмбаққа арналған. Жинаққа Ақмешіт өңірінен жиналған жүз қырық алты жұмбақ енген. Ғалым жұмбақтарды іштей тақырыптық топтарға жіктегеніменен

жинаққа орыс алфавиті тәртібімен орналастырған. Ал шешуі жұмбақтың соңында сызықша арқылы берілген. Біздің ойымызша жинақтағы жұмбақтардың алфавит тәртібімен берілуі - керекті мәтінді тез табу мүмкіндігін ескеруден туындаса керек.

Я. Лютш құрастырған жұмбақтар тегіс орыс әрпімен қазақша, өте қарапайым әрі еш өзгеріске түспей, бұрмаланбай, халықтың ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін сақтай отырып, сол қалпында жариялануымен ерекшеленеді.

Ертеректегі жұмбақтар енген басылымдардың ішіндегі елеулісі - А. Васильевтің 1900 жылы Орынбордан шыққан «Киргизские загадки» [1, 109 б.] атты еңбегі. Жинақ кіпіспе және төрт тараудан тұрады. Кіріспесінде ғалымның жұмбақтар туралы пікірі берілген. Онда жұмбақтардың көбінесе Торғай жеріндегі қазақтардан тікелей ауызша айтулары бойынша жазылып алынғандығы сөз болады. Сонымен қатар зерттеуші жұмбақтың айтыс түрінде келетіндерін ерекше көрсетіп, «Әбубәкір мен Қожахметтің», «Қыз бен жігіт» айтыс жұмбақтарын енгізген. Және де ғалым жұмбақтардың тақырыбы халық өмірінің әртүрлі саласын қамтитынын, жұмбақтарды қазақтардың көп қолданатындығын, оның аяқ астынан суырып салма тәсілі арқылы шығарылатынын, жұмбақтың құрылысы, өзіне тән ұйқасы, шумақ, ырғағы болатынын, сол себепті оның жеңіл келетінін айтады. Кейде жұмбақ айту мен оны шешуге арналған жарыстар көптеген топтар арасында, немесе ерлер мен әйелдер арасында өтілетінін баяндайды. Бір айта кетерлігі, кітаптағы жұмбақтар екі тілде беріліп отырған. Мәселен, «Ақ қойым тұрып кетті, қара қойым жатып қалды, - делінсе, аудармасы былай берілген, - Белый мой баран ушел, а черный астался» [2, 33 б.]. Бұл мәтіннің сөзбе-сөз аударма негізінде берілгенін көреміз. Әр жұмбақтың жауабы сол жұмбақтың астына жақша ішінде оқшауланып беріліп отырған. Мәселен: «Қара менен жер жазғытұры, - делінсе, аудармасы, - Снег и земля весною», - деп берілген. Сондай-ақ әр жұмбақ рет-ретімен нөмірленген. Мұның бәрі жинақ маңыздылығын арттырады. Жинаққа енген жұмбақтар: физикалық өмір құбылыстарына, хайуанаттарға, адам, оның тұрмыс-тіршілігі, қоршаған ортасы т.б. тақырыптық топтарға жіктелген. Мысалы, тұрмыстық заттардың жұмбақталу үлгісі былайша беріледі: «Қара сиырым қарап тұр, Қызыл сиырым жалап тұр» (қазан мен от), орыс тілінде, - Черная корова спокойно стоит, А красная - лежит» [2, 33 б.].

Жұмбақтың келесі тарауы діни тақырыптағы жұмбақтарға арналған. Онда Аллаға, пайғамбарларға, намаз, ораза, шайтан, молдадан білім алған бала т.б. турасында айтылады. Жинақтың

маңыздылығы - түрлі әлеуметтік топтардың әрі қарапайым халық, жігіт пен қыз, оқыған молдалар мен ақындар т.б. өкілдерінің ауызба-ауыз шығарған жұмбақтарының бір арнаға жинақталып әрі олардың орыс тіліне аударылып басылып шығарылуы.

Жинақ 127 жұмбақты қамтиды. Олардың ішінде қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүріне т.б. байланысты тақырыпта - 112 жұмбақ, діни тақырыпта 11 жұмбақ, қыз бен жігіт айтысы түрінде - 4 жұмбақ жауаптарымен берілген. Бұлардың бәрі екі тілде (қазақ және орыс) жазылған.

А. В. Васильевтің бұл еңбегі қазақ фольклортану ғылымында фольклор үлгілерін екі тілде (қазақ-орыс) жариялаудың өзіндік үлгісін көрсеткен еңбек деуімізге болады. Ғалымның өз әріптестерінен ерекшелігі - әр жанрды жеке жинақ етіп шығарып отырғандығы екенін айтуымыз керек.

Қазақ жұмбақтарын жазып, жариялаушылардың бірі - Ә. Диваев болды. Ә. Диваев ауыз әдебиетінің үлкенді-кішілі қай жанрын болмасын, жинап алысымен ретке келтіріп, орысшаға аударып, түсініктемелерін жазып, жариялатуға асыққан. Және қай жанрды жинамасын, қазақтың тұрмыс халінен, әдет-салтынан, тарихы мен күнкөріс кәсібінен мағлұмат берердей үлгілерін баспа бетіне ұсынуды әдетке айналдырған.

Мәселен, ғалым Ә. Диваев 1895 жылы он бес жұмбақты шамасынша орыс тіліне аударып, жұмбақтағы кейбір ұғымы бұлыңғыр сөздерге орыс тілінде қосымша түсінік беріп отырған. Мәселен, қазақтың:

«Қатар-қатар тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым», - деген жұмбағын:

«Разложены камешки рядами,

Главенствует над ним Джеренше», -

деп тәржімелеп, Жиренше сөзіне «Адам аты, қазақ ертегілерінде көп көрінеді, Жәнібек ханның уәзірі болған, өткір де тапқырлығымен ерекшеленген, астарлы сөйлеген және шешен деген ат иеленген», - деп түсінік жазған [3, 14 б.].

Әдетте жұмбақтар өзін тудырушы ұлттың өмірі мен тұрмысы, хал-ахуалынан, халықтың ой-санасы мен білімінен, рухани талабы мен эстетикалық талғамынан зор дерек беретіні белгілі. Сондықтан болар ғалым жұмбақтың халықтық нұсқасына баса көңіл бөлген сияқты. Ол көбіне еңбекші халықтың тұрмысы мен философиясына негізделген нұсқаларды көптеп жинап бастырған.

Ә. Диваев жинаған жұмбақтар қомақты болғанымен олардың бәрі сол уақытта жарияланбай тек қолжазба күйінде қалып, бірсыпырасы кейінірек баспа бетін көрді. Мысалы, 1924 жылы М. Жұмабаевтың басшылығымен құрастырылған «Тартуға» 45 жұмбақ реттік сан бойынша енгізілген. Ал кейінгі жылдары жарық көрген «Қазақтың халық творчествосы» атты жинаққа Ә. Диваев жұмбақтары толық кіргізілмеген. Жоғарыда аталған үлгінің 16 ғана енгізілген. Ал 29 үлгісі сырт қалған. Оның себебін Н.Қ. Жүсіпов өзінің ғылыми еңбегінде Кеңес үкіметі тұсында «Аллаға» қатысты жұмбақтардың алынып тасталуымен түсіндіреді. «Оның ішінде: ұрлық, жұмыртқа, шегіртке, балық, керегенің аяғы, телеграф, жұлын, жыл, ай, күн, сия, қалам, дәуіт, тай-тұяқ безбен, есепшот, шоқпарбас біз, құрбақа, кірпішешен, көл, қайық т.б. табиғат құбылыстары мен қоршаған ортадағы тұрмыс заттары, жан-жануарлар дүниесін жұмбақтаған жұмбақтар бар» [1, 180 б.].

Ғалым Ә. Диваев жинаған көп жұмбақтар маңызы, идеялық мазмұны, фольклорлық, этнографиялық сипаттары жағынан әлі де зерттеліп, екшеп бастыруға тұрарлық дүниелер. Оны құрастырып шығару алдағы күннің маңызды міндеттерінің бірі деп ойдаймыз.

Қазақ фольклортану ғылымына, оның ішінде жұмбақтану мәселесіне елеулі үлес болып қосылған М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбектері. Авторлар еңбектің кіріспе бөлімінде фольклордың ең ұсақ жанрлары саналатын жұмбақтар бұрынғы зерттеушілердің назарларынан тыс қалып келгендігі ескеріліп, оларға да тиісті әдеби, ғылыми талдау берілген.

М. Әуезов пен Л. Соболев мақаланың жұмбақтарға арналған бөлімінде жұмбақтардың жанрлық ерекшеліктеріне арнайы тоқтала келіп, оларды тудырған халықтың ақындық дарынын ғана емес, ойшылдық, философиялық даналығын ерекше бағалайды.

Қазақ жұмбақтарын жариялауда ерекше орын алатын жинақтар - А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Оренбургтен шыққан «Оқу құралы» мен 1928 жылы Қызыл-Орда қаласында жарық көрген «Әліп-би» еңбектері. Ғалым «Оқу құралы» еңбегінде жұмбақтың - 12 түрлі үлгісін келтіреді.

«Жұмбақтардың келесі бір шоғырын - 160 шақты үлгісін ғалымның «Әліп-би» оқулығында кездестіреміз. Еңбектегі қолданыстағы жұмбақтардың өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар. Біріншісі, құрылым әр түрлілігі - бірде өлең үлгісінде бунаққа, тармаққа, ұйқасқа т.б. құрылады. Мәселен,

Ти десем, тимейді,
Тиме десем тиеді.

Бірде дидактикалық сарындағы қара сөз түрінде келеді: «Төлептің төрт ұлы бар. Төрт ұлына адам басына бір апа, бір қарындасы бар. Төлептің барлық баласы нешеу болғаны» [1, 144 б.].

Қазақ жұмбақтарын жазып, жариялаушылардың бірі - М.Ж.Көпеев. Ол фольклорлық үлгілердің барлық түрін жинаған, оның ішінде жұмбақтарды жинап, жариялау ісімен де айналысқан. Мәселен, баланың ойы мен санасын дамытуда, сезімін ұшқырлауда т.б. жұмбақтың атқарар қызметін жақсы түсінген Мәшһүр Жүсіп, фольклордың бұл жанрын да ел арасынан жинауды ұмытпаған (5, 103). Жинау барысында Мәшһүр Жүсіп жұмбақтарды ауызша айтушыдан тікелей қағазға түсірумен бірге кітаптарды да пайдаланған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында бір топ жұмбақтарды бере отырып, бас жағында «Хадис-шарифтан» деген ескертуді де береді.

Сол сияқты, жұмбақтардың туу негізін, тәсілін жақсы меңгерген Мшһүр Жүсіп өз жанынан да жұмбақтар ойлап шығарады. Мысал үшін, «Жылдың он екі атауына» қатысты материалды ол өзі: «Мәшекеңнің жұмбақтары», - деген [4, 53 б.].

Қорыта келе, қазақ жұмбақтары жиырмасыншы жылдардан бастап, баспа бетіне шығып, фольклортанушы ғалымдардың бірлескен күш-жігерінің арқасында көпшілігі жарияланып, ел иілігіне жарады деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар, 2007. - 381 б.

2 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. Павлодар: Кереку, 2011. - 176 б.

3 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. - Алматы: Арыс, 2007. - 272 б.

4 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - фольклорист. Павлодар, 2011. - 141 б.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

АБЫШЕВА А. Б.

педагогика ғылымдарының магистрі, Павлодар к.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар к.

XX ғасырдың алғашқы жартысында фольклорды теориялық тұрғыдан зерттеу мәселесі кең өріс алды. Дәл сол кезеңде қазақ фольклортану ғылымының теориялық негізі қаланды десек қателеспейміз. Осы кезеңде фольклор мен әдебиет байланысы, қазақ фольклорындағы жекелеген жанрларды зерттеу қолға алынды. Жоғарыда аталған фольклор мәселелерінің зерттелуі негізінен 1920 жылдан бастау алады. Қазақ фольклористика ғылымының теориялық материалдары негізінен осы кезеңде сарапталып, бір жүйеге келтіріле бастады. Атап айтар болсақ, қазақ фольклорындағы жеке жанрлардың ерекшеліктерін ажырату, бағамдау және сараптау жұмыстары қарқынды жүргізілді. Әсіресе, тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, батырлық жырлар т.б. фольклорлық жанрлары зерттеу еңбектерінің зерттеу нысанына айналды.

Қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу тарихында Кеңестік дәуірдің алған орны ерекше болғанымен, бұл ретте Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді де жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, Ә.А. Диваев, П.М. Милиоранский сынды ғалымдардың қазақ фольклорына қатысты айтқан пікірлері, зерттеулері қазақ фольклористика ғылымының бастау негізі деп пайымдауымызға да болар. Бұл ғалымдардың шағын зерттеулері мен жарияланымдарының ғылыми негізі шамалы болғанымен, олардың қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесі көп екенін мойындауымыз керек. Бұл ретте, қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне қомақты үлес қосқан ғалым Г.Н.Потаниннің фольклорды, оның ішінде ертегіні зерттеудегі еңбегін саралауға тырыстық.

Фольклорист-зерттеуші ретінде Г.Н. Потанин қазақ халық творчествосының ғылыми жағынан аса маңызды жанрларын түгел дерлік қамтыды, эпосты, мифті, аңызды, әпсананы зерттеді. Сонымен бірге ғалымның назарынан ертегі жанры да тыс қалған жоқ. Оның жинап жариялаған текстерінің көбісі – ертектер. Ертегі жанрын арнайы түрде тексермесе де, ғалым Г.Н. Потанин жарыққа шығарған ертектерге берген түсініктемелерде, сондай-ақ басқа да салыстырмалы еңбектерінде қазақ ертегісі жайында

ой ойларын, байқауларын айтып отырады. Солардың кейбіреулері белгілі дәрежеде қазақ ертегісіне тән сюжеттік, көркемдік, мифтік, нанымдық ерекшеліктерді дәл сипаттайды, кейіпкерлерді, олардың іс-әрекетін халықаралық фольклор тұрғысынан, салыстырмалы түрде қарастырады.

Ш. Уәлихановтың қазақ фольклорына қатысты пікірлері ғылыми негізді болып келуімен-ақ маңызды. Ғ. Ғаббасова Шоқанның ертегілерге қатысты зерттеулері туралы төмендегідей пікір айтады: «Шоқан қазақ ертегілері туралы да құнды пікірлер айтқан, оларды ұқыпты жинастырып, қайсыбіреулерін орыс тіліне аударған, ауыз әдебиетінің бұл түрінен өмір танытатындай, халықтың ой-арманы мен қиялын білдіретін сезім аңғарылатынын баяндаған. Қазақ ертегілерінің өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталған: «Ертегілерде көбіне жын-шайтан, дию, перілер әлемі мен сол әлемнің шын болмысқа қатысы туралы айтылады. Ертегінің бас қаһарманы, әдетте, бір ханның немесе бір байдың жалғыз баласы күн санап емес, сағат санап, өсіп-өніп ер жетеді. Батырдың атына тіл бітіп, сөйлейтін қасиет дариды, сөйтіп ол әр уақытта да өзінің иесіне ізгі ниет айтып жүреді», - деп тағы да басқа ертегінің ерекшеліктерін көрсетеді»[1, 2-3 б.].

Ертегілердің зерттелуіне қатысты біз ғалымның қырғыз ертегілеріне қатысты жариялаған пайымдауларына да тоқталып өтуді жөн көрдік. Себебі, қырғыз ертегілері мен қазақ ертегілерінде сюжеттер мен мотивтердің, кейіпкерлердің ұқсас болып келуі ғалымның ғылыми пайымдаулары қазақ фольклористикасы үшін де маңызды екенін көрсетеді.

Ш. Уәлиханов қайсақтар жайлы берген мәліметінде ертегілер жайлы төмендегідей пікір айтады: «...Ертегінің, біздің де халықтағы сияқты, өз алыптары, батырлары мен темір қолды, мыс саусақты құбыжықтары бар; адам кейпіне енген шайтандар да бар, олардың шындықта бар екеніне сенетін тыңдарманды дүр сілкіндіретін барлық қорқынышты жайттарды мұнда ойдан шығарылды деп әсте күдіктенбейді. Сказка «ертегі» деп, ал әңгімелеуші «ертекші» деп аталады» [2, 421 б.]. Ш. Уәлихановтың бұл пікірі қарапайым, ғылыми негізден ада болғанымен, ол арқылы біз ғалымның фольклорлық мұралармен, оның ішінде ертегілермен қызыққанын пайымдауға мүмкіндік аламыз.

Ғалым қырғыз фольклорын негізінде үш топқа бөліп қарастырған. Ол ертектер мен тарихи немесе қияли аңыз-әңгімелерді жеке бір сала етіп алып көрсетеді. Бұларда қиял-ғажайып

сарындардың мол кездесетінін зерттеуші жіті байқаған. Ертегілер мен аңыздарда адамдар жат күштер: алыптармен, жалмауыздармен, жаналғыштармен күресіп, жеңіске жетіп отыратынын атап өтеді. Әдетте, ертегі қаһарманы біреудің жалғыз ұлы болып келетіндігі, оның мінген аты да өзіне лайықты, мықты серік болатындығы, «тіл бітіп» сөйлей алатындығы, қиын кезеңдерде батырға нағыз жанашыр, жәрдемші сипатында жүретіндігі, көбінесе ондай ерлер жаудың немесе жалмауыздың қолындағы тұтқын болған сұлу қызды ғажайып әрекет жасап босататындығы, жас батыр алыс, белгісіз сапарға аттанғанда ата-анасы оны жібергісі келмей, қаһарманның талабын көргеннен кейін еріксіз рұхсат беретіндігі секілді ертегілерге тән ортақ сарындар көрсетілген. Мұның өзі Шоқан қырғыз ертегілерінің құрамын жеткілікті түрде танығанын байқатса керек. Осы қысқаша сипаттамаларда өте салмақты да жүйелі ойлар ұшығы жатыр. Ертегілердің құрылысы жөнінде де нақтылы байқауларын білдірген. Мәселен ол ертектерде қайталама, ортақ жайлардың кездесетініне зер салған[3,79 б.].

Қазақ ертегілері мен аңыздарында Шығыс және Батыс халықтарына ортақ сюжеттер мен мотивтердің кездесуі көптеген ғалымдарды қызықтырған және сәйкесінше біраз зерттеу еңбектердің шығуына негіз болған. Олардың қатарында А.Н. Самойлович, Н.Ф. Катанов сынды ғалымдарды да атауға болады. Н.С. Смирнова өзінің «Исследования по казахскому фольклору» атты зерттеу еңбегінде төмендегідей мәліметтер келтіреді: «А.Н. Самойлович также помещает в «Живой старине» три варианта сказки «Сорок небылиц» - казахский, узбекский и туркменский. Н.П. Остроумов отождествляет одноглазого великана казахских сказок с Полифемом. Н.Ф. Катанов в предисловии к «Материалам...» М.Н. Бекимова и Н.Н. Пантусова отмечает сказки, общие у казахов, карагасов, сагайцев и урянхайцев. Он выделяет казахские сказки, что «сходятствуют со сказками других турецко-татарских племен», устанавливает их «общие, ходячие мотивы». Сказку казахов о безбородом обманщике Алдаре-Косе Н.Ф. Катанов знает в узбекском варианте. По его мнению, отдельные мотивы и образ хитреца из казахской сказки об искусном воре есть «у всех тюрков и у всех народов Запада»»[4, 24-25 б.].

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап, қазақ фольклорына қатысты үлкенді-кішілі зерттеу мақалалар мен материалдар жарық көре бастады. Жарияланған материалдарда негізінен қазақ халық ауыз әдебиетінің жиналуы, жариялану және зерттелу мәселелері қарастырылды. Бұл өз

кезінде халықтық әдебиет үлгілерін зерттейтін қазақ фольклортану ғылымының қалыптасуына негіз болды.

Қазақ фольклортану тарихында 1950 жылға дейін тарихи-типологиялық зерттеу әдісі даму жолында болды, бұл өз кезегінде қазақ фольклортану ғылымының эволюциялық даму процесіндегі аралық кезең талабы болғанын атап өткен жөн. Бұл кезеңдерде фольклорлық жанрлардың зерттелу деңгейі бірдей болған жоқ, мәселен, қазақ фольклортанушы ғалымдары негізінен қиял-ғажайып ертегілер мен хайуанаттар жайлы ертегілерді, аңыздарды қарастырумен айналысты.

Ертегілерді зерттеу барысында ең алдымен оны жанрлық тұрғыдан жіктеу мәселесін шешу қажеттігі туады. 1920-1930-шы жылдардағы қазақ фольклортану ғылымы алдында ертегі жанрын зерттеуде: оны табиғаты мен тегіне, мәтіннің композициялық құрылымына, шығарманың атқаратын қызметіне, туындыдағы шынайылық пен қиялдың арасалмағына т.с.с. қатысты мәселелер көтерілгені белгілі. Бұл мәселелерді шешудің бастауы сонау XVIII ғасырдан бастап XX ғасыр басына дейінгі белгілі ғалымдар: Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, М.Ж. Көпейұлы, Ә.А. Диваев, А. Байтұрсынов, М.Әуезов, Х. Досмұхамедов т.б. еңбектері негізінде жиналған, жарияланған т.с.с. нұсқалар арқасында іске асу мүмкіндігіне ие болғандығы анық.

1913 жылы Ә. Бөкейханұлы Г.Н. Потанинге арнап мақала жазды. Аталған мақаласында ол XX ғасырдың басында фольклор үлгілерін қай жерден жинастырғандығы хақында мәліметтер де келтірді: «Осы келер жаз (яғни 1914 жылы – Н.Ж.) Г.Н. Потанин Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын өзені бойына барады. Июнь басында «Қоянды» жәрменкесінде болады. Тоқырауында жаздай жатып, қазақты аралап көрмекші, қазақтың ертегі, жұмбақ, ескі жақсыдарының сөзін жинамақшы», - деп мәліметтер келтіреді.

Сондай-ақ қазақтар арасында «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған түрлі аңыз-ертегілерді моңғолдың Шыңғыс хан төңірегінде өрістеген үлгілерімен салыстыра отырып, түбі бір төркіндіктің, ұқсастықтың т.б. бар екеніне дұрыс назар аудартады: «... Осы «ақ боз ат», «жеті қарақшы» туралы айтылған сөздерді күн шығыста неше жұрт неше түрге салып сөйлеп жүр. Бұрынғы уақытта адам баласы аспандағы жұлдызға, күнге, айға табынған. Тегі қазақтың «ақ боз ат», «жеті қарақшы» деген сөздері бұрынғыдан қалған ертедегі сөз ғой. Жылда құрбанға шалып тауыспайтын тәңірі Шыңғыстың «ақ боз» атының ертегісі мен қазақ

ертегісі бір тұқымдас ғой», - деген пікір айтады. Бұл өз кезегінде Ә. Бөкейхановтың фольклорлық мәтіндерді зерттеу әдістерінің бірі – тарихилық зерттеу әдісімен де таныс болғандығын анықтайды.

Қазақ фольклорының жиналуы мен жариялануына, зерттелуіне сүбелі үлес қосқан, белгілі фольклортанушы Ә.А. Диваевтың фольклорлық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысына сәйкес келеді. Ә. Диваевтың қазақ ертегілерін зерттеудегі негізгі еңбектерінің бірі, оның ертегілерге жасаған тақырыптық жіктелесі, ертегілерді жанрлық топтастырудағы алғашқы қадамдардың бірі екені белгілі.

Ә. Диваев қазақ ертегілерін тақырып жағынан:

- 1) ақыл алғырлық ,
- 2) әйелдер,
- 3) шындық және әділеттілік,
- 4) сараңдық және жомарттық,
- 5) байлық және кедейлік туралы ертегілер деп бес топқа

бөлген. Бұл топтастырудың негізгі кемшіліктері — әр топтағы ертегілердің өзара жігі айқын ашылмауында, негізінен тұрмыс-салт ертегілерді ғана есепке алуында және сол тұрмыс-салт ертегілері тақырыптарының өзін толық қамти алмағандығында. Дегенмен, Ә. Диваевтың қазақ ертегілерін бұлай топтастыруы қазақ совет фольклористикасының тарихындағы алғашқы қадам екенін естен шығармаған жөн [5, 74 б.].

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклортанушы ғалымдары өздерінің фольклоршылдық қызметін екі бағытта жүргізген: әрі батыстық, әрі ұлттық. Біріншісі, бұл батыстық көзқарастағы фольклортанушылар: В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.А. Диваев т.б. Бұлар көбінесе өз зерттеулерін танымдық, информациялық т.б. мақсатта жүргізді. Және де әркімнің меңгерге мамандықтарына сәйкес фольклорды дерек көзі ретінде қарастыру басым болды. Мәселен, В.В. Радловтың белгілі тілші, тюрколог екені белгілі. Сондықтан фольклорды көбіне тілдік дерек көзі ретінде пайдаланды. Ал, Г.Н. Потанин орыстың мифологиялық мектебінің өкілі болғандықтан, көбінесе фольклордың ең көне жанры деп қарастырылатын аңыз бен ертегілерді дерек көзі ретінде жинағаны белгілі. Ә.А. Диваев болса, этнограф ғалым болғандықтан, фольклорды көбінесе халықтың тұрмысын, мәдениетін, мінез-құлық ерекшелігін тану үшін жинастырған.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорының жекелеген мәселелері А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, Ә. Бөкейханов, С. Сейфуллин т.б. зиялылар тарапынан сөз болғаны

мәлім. Сонымен бірге бұл кезде орыс зерттеушілері А.Е. Алекторов, В. Бартольд, Н.Я. Бичурин, П.М. Мелиоранский, А.В. Васильев т.б. қазақ фольклоры туралы зерттеулер жүргізді. 1920-жылдары қазақ ертегілерін зерттеу жұмыстары белгілі аға буын ғалымдары еңбектері негізінде іске асты. Мәселен, фольклортанушы А. Байтұрсынұвтың «Әдебиет танытқыш» (1926) атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап тұтастай өзара дербестенген 15 тараудан тұрады. «Ауыз әдебиеті» атты тарауында тұңғыш рет қазақ фольклортану ғылымы тарихында: фольклордың ішкі жанрық жағдайы, сюжеті, бейнелер жүйесі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, әрі фольклорлық жанрлардың іштей жіктелу шарттары, фольклордың атқаратын түрлі қызметтері хақында, фольклорға халықтың көзқарасы т.б. – бәрі ғылыми жүйеге түсіп, теориялық тұрғыдан, тарихи-типологиялық зерттеу әдісі негізінде сараланған. А. Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді деген: 1) Сауықтама. 2) Сарындама.

Сауықтама саласына барша сауық үшін айтылатын сөздер кіреді. Сарындама саласына жұрттағы келе жатқан салт-сарынмен айтылатын сөздер кіреді. Ол салалардың әрқайсысы тарауға, тараулары тармаққа бөлінеді.

Сауықтаманың өзін іштей ертектеме, әрі сауықтама деп қарастырған. Ертектемені ермек үшін айтады дей отырып, іштей: ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш деп жіктеген.

Демек зерттеу еңбегінде ғалым фольклордың осы жекелеген жанрларына алғаш рет тоқталып, олардың әрқайсысына ғылыми анықтамалар берген. Мәселен, ертегіні – халықтың қиялымен қисынын келтіріп, қызықты ету мақсатында шығарылатыны, оның ішіндегі уақиғалар мен нәрселер дүниеде жоқ қиял негізінде туындайтынын ғалым дұрыс есептеген. Сондықтан әдебиет тарихшылары ертегілерді адамның жоққа сенген шағындағы сөзі деп есептейді. Дәу пері, жалмауыз кемпір, жез тырнақ сияқты нәрселерге бұрынғының адамдары құдайды, періштелердей, пайғамбарлардай, әулиелердей иланған заманда шыққан сөздер дейді. Ертегілер солай болуға тиіс, жөні де бар. Ертеде шыққан әңгіме екендігін ертегі деген аты да көрсетіп тұр.

Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:

1) Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.

2) Бала әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе. Баланы қиялдандыруға, сөйлеуге үйретеді.

3) Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керегі бар нәрсе.

Ертегі — халықтың ескіден қалған жұрнақтарының қордасы. Ол қорда қазірде шашылып, төгіліп, жылдан-жылға азайып, жоғалып барады. Ғылымды жұрттар бұрынғы адамның тұрмысын, қалпын жорамалдап, аз да болса білу үшін жердің астынан қазып, тұтынған нәрселерінің жұрнағын табуға қанша еңбек қылады. Біздей тарихы жоқ халыққа ертегіге қарап, ертеде болған аталарымыздың еткен тіршіліктерін жорамалдауға болады. Сондықтан елде тұрған адамдар ертегілерді жинап, жоғалмасына қам қылу борышым деп білу керек.

Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы мольрақ түрде шығарған әңгіме айтылады. Мәселен, «Алдар көсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр», «Атымтай жомарт» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер. Мұнда да өтірік көп. Бірақ өтірігі қисынды, шынға ұқсас.

Демек, А. Байтұрсынұлы ертегі жанрын іштей ертегі және ертегісімек (тұрмыс-салт ертегісі) деп жіктегендігі анықталады. Тек хайуанаттар жайындағы ертегі жағы ғана ескерілмей қалған.

«Ертегілер» тарауында ертегі туралы жалпы түсінік беріледі. Мынадай анықтамасы бар: «Ертедегі адамның тәтті қиялынан туып, халық аузында қара сөзбен айтылған, ауыз әдебиетінің бір саласы», - деп дұрыс көрсетілген. Мұнда «ертегі» деген сөз ескі заманда шығып, халық аузында салт болған әдебиеттің бір түрі деп, әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Ертегілер нақты іштей жіктелмейді, дегенмен, қазақ халқының ертегілерінде, әсіресе, мал мен аң көрнекі орын алады, сондай-ақ халыққа көп тараған тұрмыс-салт ертегілері де бар деген дұрыс пікірлер орын алған. Дегенмен олардың әрқайсының анықтамалары берілмеген. Негізінен, ертегілер, көбінесе мазмұн, тақырып жағынан талдауға түсіп отырған. Ертегілердің образдары да қарастырылады: «Ер Төстік алып бейнесінде суреттеледі. Ол қайратты, батыр, қорықпайды, қандай жаумен болса да алыса кетсе алып ұрады», - деген тәрізді.

Қазақтың төл ертегілерін сөз еткенде, ғалымдар олардың мейлінше молдығына, бірақ нұсқаның ғылыми тұрғыда жазылып

алынбағанына назар аударып отырып, сол кездегі қазақ фольклорының ең аз зерттелген саласы деп қарастырады [6, 281 б.].

Мұхтар Әуезовтің қазақ эпосы мен фольклор тарихын тұтас, жүйелі түрде зерттеуге арналған кітабы 1927 жылы «Әдебиет тарихы» деген атпен Қызылорда қаласында басылып шықты. Осы кітап жарық көргенге дейін ескі ел фольклорын тұтастай алып, әрі жанрлық классификацияға жіктеп ғылыми тұрғыда қарастырған еңбек қазақ фольклортану саласында болмаған еді. Бұл ретте аталған еңбекті қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын жасау жолындағы алғашқы талпыныс, бірінші тәжірибе ретінде қараған жөн. Осы еңбекте ертегілерге арналған жеке тарау болған, ол жайында Ә.Молдаханов төмендегідей мәлімет келтіреді: «Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабында басқа тарауларға қарағанда көлемі өте қысқа, әрі аз боп шықпаны «ертегілер» және «ақындар айтысы». Қазақ фольклорының ең құнарлы жанрлары ертегілер мен айтыстың толық түрде зерттелмеуі кітаптың жазылған кезінде бұл саладағы деректердің аз жиылғандығы салдарынан болу керек. Дегенмен, зерттеуші осы кітабының «Ертегілер» деп аталатын тарауында қазақ ертегілерінің шығу тарихы жайында өзінше мәлімет береді.

«Ерте кезде адам баласы маңайындағы дүниенің жасырын сырларын білмегендіктен, өзіне белгісіз заттың барлығына құдай деп табынған. Сол табынған нәрселері көп болғандықтан, әрқайсысы туралы арнаулы әңгімелер болған. Заман өткен сайын, ақыл-білім өскен сайын ол табиғат нәрселерінің құдай емес екені білінген. Сондықтан олар жайындағы әңгімелер бұрынғы мағыналарынан айырылып, кейінгі айтушылардың аузында ертегі болып кеткенін» көрсетеді. Осылайша, қазақ ертегілерінің шығуын мифке байланыстырып қарайды. Аталған тарауда ол қазақ ертегілерін алғаш рет тақырыбы жағынан топтауға талап етеді. Белгілі бір шындықтан туып, елдердің ескі салт-әдетін білдіретін «салт ертегілер», «мысқыл-мазақ ертегілер», «кәсіпке (аңшылыққа) байланысты ертегілер» және «күлдіргі ертегілер» деп төрт түрге бөледі. Алайда, автор жоғарыдағы тақырыптағы ертегілердің әрбір түріне бір-бірден ғана мысал келтірген. Мәселен, тұрмыс-салт ертегілеріне «Қу шал мен жалмауызды», аңшылық кәсіпке байланысты туған ертегілерге «Құламергенді», мысқыл-мазақ ертегілерге «Еділ-Жайықты» және күлдіргі ертегілерге Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр жайлы әңгімелерді жатқызған. Әрине, жоғарыда аталған әдеби мысалдардың өте аздығы және мазмұнының аталған тақырыпқа сай келмейтіндігі көрініп-ақ тұр.

«Құламерген» тұрмыс-салттан гөрі қиял-ғажайып ертегілерге, Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр аңыз-әңгімелерге жататындығы» [7, 58 б.].

Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі дәуірінде 1932 жылы «Қазақстан» баспасынан С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты бірінші кітабы (Билер дәуірінің әдебиеті) жарық көреді. Осы еңбекте С. Сейфуллин қазақ ертегілеріне қатысты біраз пайымдауларын айтады. Мәселен, Сәкен Сейфуллин қазақ руларының мал өсіру және аңшылықты кәсіп еткен тұрмысынан ертегі, әңгімелер туады десе, олардың аз еместігіне де көңіл бөледі. Ал, ертегілерді С. Сейфуллин, көбінесе жаратылыстағы жан-жануарлар, өсімдіктер, жын, шайтан, перілер, аруақтар, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, бұрынғы замандағы хандар, батырлар, хандардың балалары, байлар, байлардың балалары, малшылар, кедейлер, қой баққан қу тазша балалар, көсе, шешен (Жиренше шешен), ханның уәзірлері, ханның және жарлының қыздары, мырза адамдар, сараң жандар т.с.с. тақырыбы төңірегінде кездесетінін сөз етеді. Одан әрі ертегілер бойында тек үстем таптың ықпалы басым екендігіне етпеттей беруі – бәрі С. Сейфуллиннің ертегінің жанрлық сипатына назар аударудан гөрі, тек оның әлеуметтік жағына, яғни таптық сипатына көңіл бөлумен қатар, көбіне оның тақырыптық жағына т.б. үңілумен шектелгені байқалады.

«С. Сейфуллиннің «Жаратылыстың кейбір түрлерін, кейбір құбылыстарын адамнан жоғары, «кереметті» деп біліп тілегенше әрекет қылатын «аруақты», «биік құс» деп кіман келтірген». Сөйтіп жаратылыс түрлерінің, жырларының көбін «тәңір иелер» деп, наным қылатын. Сөйтіп «тәңірлерді» күштілер тобына ұқсатып, жасап алған», - дейді. Демек, С. Сейфуллин ертегілер бойынан бағзы замандағы халықтың өмірге деген көзқарасын тануға болатынын дұрыс айқындағанын көреміз.

Сондай-ақ еңбекте: «Күштілер тобының ықпалындағы надан, бағы мал баққан аңшы көшпелі адам ол заманда түрлі хайуандар туралы, жаратылыстың түрлі заттары, құбылыстары туралы әңгіме қылғанда, өздерінің түсінулеріне шындап нанып әңгіме қылатын. Және оларды неше түрлі «керемет», «сиқыр» істеуге, неше түрлі құбылуға қолдарынан келеді деп те сенген. Солардың бірін әңгіме қылған өзінің қиялын шын тәрізді қылып айтатын. Білімі жетпей, жаратылыстың кейбір заттарынан, құбылыстарынан қорқып, тағылық тұрмыстағы надан адам, ондай заттардың, ондай құбылыстардың кейбірін адамға зияндас, кейбірін адамға дос «иелер» деп сенетін», - деуінен, біз ғалымның фольклорды тарихи тұрғыда қарастырғанын танымыз.

Одан әрі С. Сейфуллин: «Хайуандармен, аңдармен алысып, адамнан болған жаулармен алысып жөнінде істелген істері, қайраттары, батырлықтары, жеңгендері туралы ертектердің берірек заманда шыққан бір түрлері ертедегі батырлар әңгіме, жырлары. Бұлардың неғұрлым ескірек заманда шыққандары соғұрлым нағыз ертек бола береді. Ал неғұрлым берірек заманда болған адамдардың батырлықтарын әңгіме қылса, соғұрлым шындыққа жақындай береді», - дейді. Міне, мұнда С. Сейфуллиннің ертегі бойында кездесетін қиял мен шындықтың арақатынасын дұрыс ажыратуы, сөз жоқ еңбектің ұтымды жағы болады»[8, 123-124 б.].

Қазақстанда қырқыншы жылдардан бастап фольклортану ғылымы кең көлемде зерттеле бастады. Бұл кезеңдерде қазақ фольклорын зерттеуші ғалымдардың қатары молая түсті. Қазақ фольклорын зерттеуге Қ.Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин сияқты әдебиетші ғалымдар белсенді түрде араласты. Бұл жұмысқа орыс ғалымдары Ю.М. Соколов, А.С. Орлов, М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова тағы басқалар да үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ғаббасова Г. Шоқан және фольклор. // Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте. – 2013. – №12 – Б.2-3
- 2 Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т4. Алматы: Толағай групп, 2010. – 496 б.
- 3 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б
- 4 Смирнова Н. Исследования по казахскому фольклору. Алматы: Жибек жолы, 2007. – 526 б.
- 5 Ғабдуллин М. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 208 б.
- 6 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Алаш, 2003. – 407 б.
- 7 Молдаханов Ә. «Әдебиет тарихы» - қазақ фольклорын жүйелі зерттеген тұңғыш еңбек. // Абай. – 2009. – №2 – Б. 54-61
- 8 Жүсіпов Н. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: ХХ ғасырдың I жартысы. – Алматы: Кереку, 2011. – 176 б.

ТАРИХИЛЫҚ ПЕН ДРАМАТИЗМНІҢ ҰЛТТЫҚ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ

АҚТАНОВА А.

ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Драматизм категориясы өнердің барлық жанрларына тән, ол мәдени әлеуметтік және көркем қайшылықтар негізінде дүниеге келеді. Шынайы өмірдің өнерде реалистік тұрғыда көрінуі өте күрделі, бұл көркем мазмұнымен жана формалардың семантикалық көпқырлылығы негізінде жүзеге асады. Көркем бейненің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі, тартыс. Тартыс көркем мазмұндағы нақтылы өмір мен суреткер жасаған көркемдіктің қарама-қайшылығынан тұрады. Кей жағдайда көркем жинақтаудың табиғаты, бейненің, сюжеттің және тартыстың қарама - қайшылығы негізінде пайда болады. Әдебиеттануда драматизмнің табиғатын зерттеген ғалымдар көбіне қарама-қарсы топтардың, немесе қарма-қарсы пікірлердің өткір тартысының шиеленіске түсуі негізінде пайда болған деп санайды. Драматизм табиғатындағы осы ерекшелікті жалпы драматургия жанрындағы тартыспен байланыстырады. Сондай-ақ, бұл пікір драматизм табиғатының бір қырын ғана қарастыратын, тек шығарманың композициялық – сюжеттік мазмұнынан ғана тартыс іздеуге әкеледі. Рас, көркем әдебиеттегі мұндай тартыс шығарма мазмұнындағы көркем драматизмнің бір қырын танытады. Алайда, көркем драматизмді тек сюжет бойынан іздеу дұрыс емес. Көркем шығарма бойындағы тартыс ең алдымен автор санасы арқылы қабылданған және оқырманына жеткізуге тырысқан өмір шындығының көркем шындыққа айналуын айқындайды. Қазіргі әдебиеттанушы ғалымдар драматизм ерекшелігі туралы айтқанда, оның шығарма құрылымдағы бейнелердің мағыналық-мазмұндық мәніне әсері барлығын ескеріп, тереңірек яғни, драматизмді шығарманың бүкіл болмысын ұйымдастырушы қызметі бар деп санайды [1.31]. Көркем драматизмнің табиғатындағы ерекшеліктің бастысы - оның шығарманың өн бойынан табылып, мазмұнының бастап тілдік сөз қолданысына дейін өз ықпалын жүргізуінде.

Мәселен, Шәкәрімнің өлеңдеріндегі драматизм туралы айтқанда оның өмір сүрген заманындағы қайшылықтар мен ақын жан дүниесіндегі сол қайшылықтарға өзіндік қарсылығы мен іштей психологиялық тартысы туралы айтпай өтпеу мүмкін емес. Ең басты тартыс та ең алдымен қаламгер жан дүниесінде болады. Әдебиет пен өнердегі драматизм материалдары өмірдің өзі. Ең алдымен адам мен оның жан

дүниесіндегі әр түрлі мінез әрекеттері, оның өзін қоршаған ортаға деген көзқарасы, табиғатпен байланысы, рухани жан дүниесіндегі қарама-қайшылықтар барлығы да тартыс тудырады. Өмірдің әр түрлі кезеңдеріндегі қайшылық пен тартыс неше түрлі дәрежеде көрініп адамдар санасында өз ізін қалдырып жатады. Драматизм эстетика категорияларының ішінде категория аралық роль атқарады. Олай дейтініміз, әсемдік пен сұрықсыздық, үндестік пен келеңсіздік, трагедиялық пен комедиялық сияқты эстетика категорияларының бірінен біріне өтуіне өз ықпалын жүргізеді.

Әдебиет зерттеулерінде драматизмді асқақтық, биіктік, адам жанының тазалығын, адалдығы нәтижесінде қақтығысқа толы тартысты оқиғаларға ұрынуы кезіндегі әрекеті негізінде қарастырады. Сондай-ақ, драматизм әлеуметтік - мәдени қайшылықтарды көркемдік негізде біріктіру құралы да болады. Көркем драматизм әр дәуірдің қоғамдық-тарихи ерекшелігіне сай жалпы және жеке хаарктерлерге ие болып әр түрлі тартыстарды шешуде кейде трагедиялық сипат алса, кейде комедиялық түрде көрініп отырады. Жалпы драматизм термині полисемантикалық аспектіде көрініп: эстетика категориясы, поэтикалық элемент категориясы, жанрлық категорияларда көрінеді. Лирика жанрының сезімге құрылатындықтан лирикалық драматизмнің осы аталған үш белгісі де лирика бойынан табылатынына әкеледі. Сондай-ақ, лирикалық тұлғаның, яғни лирикалық «меннің» әлеммен, дүниемен байланысуы белгілі дәрежеде өзіндік көзқарас қалыптастыратынын айтпай кетуге болмайды. Белгілі бір тарихи әлеуметтік ортада қалыптасып, өсетін суреткер тұлғасы үшін сол қоғамдық-әлеуметтік ортадағы әр түрлі тартыстар, қайшылықтар өз ізін қалдырады. Міне, осы қоғамдық ортаның әр түрлі тартысы жағдайларды ақын шығармашылығының өзіндік драматизмін жасайды. Қазақ әдебиетінде сондай қайшылықты қоғамда өмір сүріп өзінің әдеби бет бейнесін, лирикалық болмыс-бітімін қалыптастырған ақын - Шәкәрім. Ақын шығармаларындағы көркем драматизм оның ішкі жан дүниесінің қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарға деген жауабы ретінде көрінеді. Шәкәрімнің әдебиетте қалыптасқан лирикалық тұлғасы туралы айтқанда оның ең алдымен биік адамгершілікке негізделетінін айтамыз. Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тартыс та адамгершілік пен оған қарама-қайшы ұғымдар арасында өрбиді. Ақынның өзіндік әлемімен оны қоршаған дүниенің, оның-рухани өмірінің тарихпен, заманымен байланыс тудырады. Шәкәрім эпикалық жанр шебері ретінде «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр»,

«Нартайлақ-Айсұлу», «Ләйлә-Мәжнүн», «Мұтылғанның өмірі» сияқты күрделі тартыстарға құрылған поэмалар дүниеге келтірді. Ал, лирикалық шығармаларының ішіндегі сюжетке құрылған, белгілі бір композициялық жүйемен жазылғандары да көптеп кездеседі. Ақынның «Бай мен қонақ» деп аталатын өлеңі алғаш рет 1912 жалы «Жәрдем» баспасынан шыққан, «Қазақ айнасы» деп аталатын кітабында жарияланған. Өлең оқиғасы байдың үйіне келген қонақтың амандасуымен басталады. Алайда, ақын өлеңінің үшінші шумағындағы:

Іздегені болмайды жалғыз тамақ,
Басқа да жұмысы бар байқақтамақ.
Келген кезде – бай менен қонақ тату,
Қайтарында болады қырын қабақ - ,

- деген жолдар арқылы оқиғаның немене аяқталғанын хабар беріп, өзіндік қорытындысын білдіреді. Десек те, бұл өлі де ақынның қорытынды, соңғы пікірі емес. Өлең оқиғасы диалог арқылы өрбиді. Бұл шағын диалог арқылы қазақ халқының ұлттық тұрмыс-салты мен дәстүріне сай алынған сөздер тарихилық сипатта көрінеді. Лирикалық өлеңдегі тартыс қонақ пен байдың арасындағы тартыс келген қонақтың алдымен ақша, соңынан аттың майын сұрауынан басталады. Бұл ситуациялық оқиға қолында жоқ адам мен баршылықта отырған адам психологиясын да көрсетеді. Өлеңдегі келген қонақ пен байдың алғашқы амандық-саулық сұрасып, мал-жан жағдайынан хабарласу сәттері шынайы түрде өрілген. Келесі шумақтардағы диалогта қонақ пен үй иесінің іштей арбасқан психологиялық тартысы нәзік те, шынайы берілген. Себебі қонақтың нендей шаруамен келгенін іштей болжап отырған бай малының жайынан аса сыр ашқысы келмейді. Бірақ қонақ жай отырмай жолда байдың малын, көріп, хабардар екенін білдіру арқылы алда болатын әңгіменің шетін шығарады. Шәкәрім шеберлігі -қазақ халқының тұрмыс –тіршілігін терең білетін психолог, әрі сол мәселені барлық шынайылығымен көрсете алуымен ерекше.

Ал, өлеңдегі композициялық желіге келсек, оқиғаның шиеленісуі:

Аз жұмысым бар еді сізде,-дейді,
Бір азырақ ақша бер бізге,- дейді.
... – Ол жоқ болса, бір аттың берші майын,
Дұспаныма мақтанып , жаз жайлайын.
Екеуінің біреуін бермесеніз,
Қасарысқан бір жолың, мен не айтайын?

-деген шумақтардағы өзіндік тартысқа құрылған диалогтан басталады. Осы аз ғана диалогтың өзінен қонақ пен байдың арасындағы ширыққан әңгіме басын аңғарамыз.

Өлең оқиғасындағы шарықтау шегі қонағына байдың:

-Семіз атым жоқ еді биыл, - дейді,

Ақша да жоқ қолымда тиын, дейді.

Аямаймын орайы келмей отыр,

Қатты батып отырсың, қиын.- дейді-, деп берген жауабы десек,оқиғаның аяқталуы:

Бермеген соң қонақ өкпеледі,

Елемеді мені деп кектенеді.

Не ақша, не ат майын бермеді деп,

Әлгі байды талай жан жек көреді.-деген баяндауы арқылы берілген. Бұл баяндау арқылы ақын- жай ғана айтып қоя салмайы. Ол қонақтың не себепті өкпелегенін білдіреді. Сондағы байдың қонаққа мал сойып, күткені бос әурешілік екені, енді бұл қонақтың байды жүрген жерде сараң деп айыптап жүретінін көрсетеді. Өлеңнің соңы Шәкәрім лирикасына сай адамгершілік мәселесін биіктетіп, өзінше баға бере отырып, былай деп қорытындылай

Зиян тартпай қалмайды осыдан бай,

Болмаған соң қонақтың көңілі жай.

Көрінгенге көз сүзбей күнін көріп,

Қазақ қашан ел болар құдайым-ай!

Ақын келген қонақтың әрекеті арқылы ел үстінен күн көруді тірлікке айналдырған адамдардың арсыз мінезін сынап отырып жасаған қорытындысы арқылы елді адамгершілікке тәрбиелеудің өзіндік бір амалын тапқандай. Себебі, халық өз ішінен көріп жүрген осындай адамдардан жиіркеніп, оның әрекетін қайталамауға тырсады.

Шәкәрімнің «Піскен мен шикі» деген өлеңі де, «Қазақ айнасы» жинағында алғаш рет жарық көрген. Бұл өлеңде көрнеу тұрған шиеленіс, тартыс жоқ. Бірақ мұндағы негізгі драматизм өмірге икемсіз бай баласының іс-әрекеті арқылы көрінеді. Оқиға басы:

Бай мен жарлы баласы аңға шықты,

Жалаң қағып жарап тұр аты мықты.

Жортып жүрген түлкіні көрді-дағы,

Қуып барып еріксіз інге тықты ,

-деген өлең жолдарынан басталса, алғашқы драмалық тартыстың басы бай баласының: «шылбырынан арқандап атты отқа қой, Тойып алсын болғанша біз жұмыстап» деген шаруакор сияқты

көрінген сөздерінен басталады. Драмалық тартыстың осыдан басталатыны жарлы баласының аттарды «байы айтқан соң амалсыз арқандауымен» көрінеді. Жарлы баласының шаруа жайын білетінін де ақын осы сөздер арқылы білдіреді. Себебі, аттарды отқа қойғаннан кейін, басында ақын баяндауында айтылған «жаландаған жарау аттар» қашып кетіп, екеуі жаяу қалады да , өз ауылдарын іздеуге шығады. Тартыс үнемі осылықша екі бала әрекеті арқылы өрбіп, дамып отырады. Ақын піскен мен шикі әрекеттері арқылы өлең оқиғасындағы шиеленісу мен шарықтау шегін де көрсетіп өтеді.

Бұл өлеңнің қорытынды екі шумағы да, Шәкәрім шығармашылығына тән баға бере отырып, қорытынды пікірді үшінші жақтан бақылаушы адам ретінде береді. Автордың әр өлеңнен кейін осылайша қорытындылап шығаруы белгілі бір дәрежеде өзіндік қолтаңбасын, өзіне тән стилін танытқандай. Шәкәрім өлеңдеріндегі ең басты идея - адамгершілік мәселесі десек, ақын өлеңдеріндегі драмалық тартыс та осы мәселе төңірегінен өрбиді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есембеков Т. У. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе. Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. Алматы – 1998. На правах рукописи. 305 стр.

2 Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. /Құраст. М.Мағауин. – Алматы: Жалын. 1988. – 256 б

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАРТЫС

АҚТАНОВА А.

ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Драматизм-әдебиеттің барлық жанрларында да кездесетін эстетикалық категория. Ол эстетиканың психологизм, тарихилық, асқақтық, құлдыраушылық ұғымдарымен қатар өмір сүреді. Көркем әдебиет қашан да адам өмірін, адам жан дүниесін көрсетеді десек, жоғарыда аталған эстетика категорияларының барлығы да қарапайым өмірде кездесетін адамдар іс-әрекеті негізінде дүниеге келген.

«Ашу мен ынсап» өлеңі сегіз тармақты жиырма алты шумақтан құралған. Бұл өлеңнің ерекшелігі ішкі сюжеті мен композициялық құрылымның көркем драматизмге құрылып келуінде. Алғашқы шумақтағы драмалық жағдайдың өрбуі жалпы өлеңнің композициялық желісінің оқиға басталуымен сай. Ақынның лирикалық тұлғасының еліне деген жанашырлығы мен елінің ішінен өзінің «қате басқан жерін» анықтап көрсететін бір пенденің шықпауы қайшылығымен өрбиді. Қазақ ұғымында қалыптасқан «белді бекем буу» тіркесі лирикалық кейіпкердің шын ниетімен, бар ынтасымен ісіне кіріскенін көрсетеді. Белін бекем буынып іске кіріскен лирикалық кейіпкер өз ісін бұлдамайтынын, қайта елді түзеті үшін шыққан теріне қуанатынын байқатады. Екінші шумақ алғашқы шумақ идеясын жалғастырады. Мұнда лирикалық тұлғаның қамығып, психологиялық ішкі тартысқа түскенін көреміз. Оның жан дүниесіндегі шарасыздық бір сәтте қажығанын, шаршағанын көрсетеді. Алайда, алдына қойған мақсатынан тартынбауға бел буынған лирикалық тұлға қайраты мен ойын мұңдасуға шақырады. Лирикалық өлеңнің байланысу сәтінен ақын қайрат, ой, ашу, еріншек, т.б. дерексіз ұғымдарды жандандырып, олармен сөйлесе бастайды. Лирикалық тұлғаның көмекке шақырған ойы қорқақтық танытса, керісінше қарсы жақтағы Еріншек пен Ашу иектеп, басым түсіп тұрғандай болады. Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи поэтикалық сипат күрделі сезім-күйдің, терең ойдың ерекше энергетикалық жағдайда болуымен ерекшеленеді. Шумақтағы қалшылдап, жалпылдап, салпылдап, арсылдап деп көсемше формасында келген эпитеттер дерексіз ой, еріншек, ашу ұғымдарын нақылдандыра түскен. Сондай-ақ ақын қазақ жағдайын түзеуге байланысты ойларын ашына, әрі ашық айтады. М.О. Әуезов 1918 ж. «Абай» журналының №5 санында жариялаған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында: «Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейді; және өлеңі арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да ішкі мағынасымен еліктеген кісі - Шәкәрім. Міне, кемішілкті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, ондырмайтын Шәкәрім өлеңінде шанышпа, ащылық бар»- деп Шәкәрім шығармашылығына баға береді.

Өлеңінің келесі шумақтарындағы оқиға желісі ашудың ұрсуы, сабырдың келіп ақыл айтып, барлық істі ынсапқа сынатумен аяқталады. Лирикалық тұлға ар, ұят, рахым сияқты адамгершілік қасиеттердің надандарлдың кеселінен «бетін топырақ жасырып»

өлгендігіне налиды. Лирикалық оқиғаның соңында драмалық тартыс шиеленісіне түсіп, елдің жағдайын түзету үшін оқу оқып, білім алу керек деген қорытындыға келеді. Лирикалық тұлға ынсап айтқан байламды жүрекке құптатады. Шәкәрім өлеңдерінде қолданылатын жүрек ұғымы жаратушыға жақын болу мағынасын береді. Олай болса жүрекке құптату идеясы жаратушы иеге құптатумен парапар. Ақын өлеңінің соңғы шумағында қазақтан оқыған, білімді адам көп шықса, қазақ басындағы азап кетер еді деген үмітін де жасырмайды. Белгілі шәкәрімтанушы Б. Әбдіғазиұлының: «Әдетте лирикалық шығарма ақынның жүрегін кернеген сезім тамшыларынан туады. Олай болса, ондағы лирикалық қаһарман көп жағдайда ақынның өзімен теңеседі. Лирикада айтылған ой ақынның ойы ретінде қабылданады. Ақынның қуанышы да, күйініші де өлеңінің астарында жатпақ»-деген. [1.197] ойымен қосыла отырып, Шәкәрім лирикасындағы терең де мағыналы ойлар ақын жүрегінен шыққан шынайы лебізі демекпіз. Ақынның «Ашу мен ынсап» өлеңіндегі композициялық желінің негізі лирикалық тұлғаның адам басындағы жағымсыз қасиеттермен драмалық тартысқа түсуіне құрылады. Бұл туралы белгілі теоретик-ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіп былай дейді: « «Ашу мен ынсап» өлеңінде сюжеттің бес элементі де бар. Әйтсе де сол тартыстың туу, өрбу сатылары эпостағыдай кейіпкер өмірінің тұтастай бір кезеңін қамтымайды, соның бәрі лирикалық қаһарманның бір сәттегі толғанысы аясында ғана өтіп, түрлі сезімдер тек бір адам қабылдауы тұрғысынан беріледі. Сөйтіп белгілі бір көзқарастар қайшылығы, олардың арасындағы сайыс өршуі алынса да, әрі соның бәрі бір адам ішінде өткендіктен де, әрі сәттік толғаныс аясында өрістенгендіктен де, шартты оқиға, шағын шиеленістің бәрі шығарманы эпосқа айналдыра алмайды. Қайта сол қақтығыстар бір адамның бір мезеттегі толғаныс-зандылығы ретінде өрілгендіктен де, лирика жанрының өмірді кең қамту мүмкіндігін пайдалануды дәлелдейді. Шығармада алдымен лирикалық қаһарманның өз өткені мен қазіргісін, қазіргісі болғанда, ең шешуші толғанысқа дейінгі кезін, тікелей байымдауы берілген» [2, 442.]

«Наушеруан аңда жүріп киік атқан » деген өлеңінде ақын Наушеруанның аңда жүріп, өзінің бір жолдасын жақын бір қышпақтан түз әкелуге жұмсайды. Жолдасы талай дерге кетіп қалғанда қайта шақырып алып, «Тұзды тегін алма»,- деп әмір етеді. Уәзірінің: «Шымшым тұз бір тиынға татымайды, Бұ қалай»- дегеніне Наушеруан өзінің терең мағыналы философиялық толғауын айтады.

Шәкәрім өзінің басшы адамның адал болу керек деген ойын осылайша мысалға салып жеткізеді. Әрі драмалық жағдай туғыза отырып өлеңдегі терең философиялық ойды ашады. Шәкәрімнің лирикалық тұлғасының ішкі жан дүниесі, психологиялық тебіренісі арқылы ашылатын драмалық жағдай

Жебір ұлық халқына қас қылады,

Көңілін шерлі, көздерін жас қылады.

Қиянат қылдай істен басталмақшы,

Ескермесе, аз науқас асқынады

-деген шумақтарымен түйінделеді. Автордың осындай ой-түйін, қорытынды пікір жасауы оның өмір сүріп отырған қоғамдық-әлемуметтік ортасы және сол кездегі тарихи жағдайлармен байланысты. Шәкәрім жүрегінен осындай өлеңдерін тууы, қиянатшыл, жебір билеушілер тарапынан қысым көрген қарапайым халықтың жағдайын білген ақын тұлғасының толғанысы деуге болады. Шәкәрімнің әдебиетте қалыптасқан әдеби тұлғасы адамгершілік туын биікке көтеріп, адамға қарсы бағытталған барлық жаманшылық, атаулыға қарсы ашық күрес бастайтын қаһарман тұлға. Поэмалар шығармалардағы лирикалық тұлға болмысы туралы З. Ахметов айтқан: «Бұл жерде басқаны былай қойып, лирикалық тұлға арқылы да, соның сөзін сөйлету, ал сюжетті поэзиялық шығармада уақиғаны баяндау арқылы да танылатынын айтсақ та жеткілікті» - деген [3] пікірді қостай отыра, оқиғалы өлеңдердегі лирикалық тұлға көп жағдайда сырттан бақылаушы ретінде, әрі драмалық тартыстың қорытындысын нәтижесін шығарушы ретінде танылады.

Шәкәрімнің лирикалық тұлғасы үшін бірінші кезекте адамның - әлеуметтік жағдайы, қоғамдағы жоғарғы лауазымды орны емес, ең алдымен адамдық болмысының бейнесі тұрады. Таптық қайшылықтар және олардың өзара соқтығысының бітпес дауының Шәкәрім үшін маңызы жоқ. Кедей жақсы, бай жаман деген немесе керісінше пікірлер ақын үшін жат болып саналады. Байдың да, кедейдің де ішінде жақсысы мен жаманы болады деп есептейді. Адам өзінің адамдық болмысын жоғалтпау үшін жамандық пен жақсылықтың шекарасын ажырата білуі керек. Ақын адам баласының дұрыс жолға түсіп, дұрыс өмір сүруін бүкіл адамзат басындағы күрделі де келелі мәселелермен байланыстырады. Шәкәрімнің сомдаған лирикалық тұлғасы халқының бүгінгіне қиналады, мұнаяды, ертеңгі күніне, яғни жастарының болашағына сеніп, үміт артады және зор сеніммен қарайды. Іргелі де ұлы ел

болу үшін надандық деген қауіпті індеттен тез арада арылу керек деп түсінеді.

Қазақтың жайнар даласы,

Жетілер оқып баласы.

Шошытатын мені сол –

Олардың күндес таласы,-

дей отыра адамды түзу жолға салатын жеті құндылықты алға қояды:

Байлаймын да көзінді,

Патса қылам өзінді,

Ұғып отыр сөзімді

Ел билетем жеті ру.

“Мейірім”, “Ынсап”, “Әділет”,

“Шыдам”, “Шыншыл”, “Харекет”

Түп қазығы: “Ақ ниет” –

Бұл жетеуін ел қылу.

Шәкәрім осы аталған құндылықтарды үнемі ұстанғанда ғана адамзат қоғамы әділетсіздік пен бақытсыздықтан арылып, жақсылыққа қарай бет бұрып, дұрыс жолға түседі деген ойды ұстанады. Шыншыл ақын ретіндегі Шәкәрімнің жаңашылдығы да күнделікті өмірде ұсақ-түйек болып көрінетін нәрселерге ойлы түрде қарап, оларға терең мән беретіндігінде. Шәкәрім лирикасына тән идеялық-көркемдік ерекшелік те, адам өміріндегі және қоғамдағы құбылыстарға нақты және әділ баға беруінен туады. Осындай ізгі ойдан келіп оның көтерген тағы да бір үлкен идеясы жарыққа шығады. Ол - қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынас, байланыс туралы ақынның ішкі толғанысы мен ақындық дара көзқарасын қалыптастыратын негізгі ойларының өзегі. Өзінің өміршең ойларына құрылған лирикасында Шәкәрім қазақ қоғамының сол кездегі шынайы да нақты, әрі кез-келген қоғам мүшесіне таныс бейнесін сомдаған. Қоғам өміріндегі қайшылықтар мен өзгерістер кез-келген ақынды ұдайы толғандырып отыратын күрделі мәселе екені белгілі. Сол себепті де, ақын өзінің өлеңдерінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әртүрлі саяси әлеуметтік, тарихи өзгерістерді шыншылдықпен суреттеуге арнаған. Осы бағытта жазылған “Ашу мен ынсап”, “Бай мен қонақ”, “Партия адамдары”, “Өкінішті өмір” сияқты өлеңдерінде ақын ел жегіш паракор әкімдерді, әділетсіз, ынсапсыз билерді, топас та надан адамдарды аяусыз әшкерелейді.

Партия қуған өңкей қырт,
Жазылмайтын ол қылқұрт.
Мен тарттым ел қайғысын,
Әкімі залым, биі мәңгұрт.
Сұрқия тілін жалдайды
Момын мен аңқауды алдайды.
Қанды қақпан бар құрған
Түсірер болса қандайды,-

деп өзі куә болып отырған қоғамдағы әділетсіздіктерді нақтылы суреттеп, олардың бет-пердесін ашып береді. “Партия адамдары” деген өлеңінде сипатталатын өмір шындығына ақын жаны ауырып, қазақ арасында індетке айналып бара жатқан сайлау кезіндегі билік үшін жанталасқан қарбалас тірлікке наразылығын білдіреді. Өзінің елді дұрыс жолға сала алмағанына қынжылған, ішкі жандүниесімен індеттің зиянын түсінген ақын:

Өзің кімсің, біреуге сын тағасың,
Айтқаныңмен оларға қай жағасың.
Қайраттан да, қамдан да, босатып ал,
Сонда тура шындыққа жол табасың.
Бұл елдің күн көргені - өтірік ант,
Қазаққа алдау деген болды ғой салт.
Не түзеліп, не бұзыл, ылажым жоқ,
Қақсап, зарлап, айтты да, өтті ғой қарт,-

-деп лажсыздығын, шарасыздығын білдіріп қалады. Абай негізін қалаған реализмнің басты міндеті – заманның және өзі өмір сүріп отырған қоғамның сипатын, нақтылы бейнесін шынайы, әрі дәл көрсетіп, әлеуметтің мүддесін қорғайтындай тақырыпта салмақты да саналы ой айтуында. Абайдың шәкірті Шәкәрім өлеңдерінің де басым көпшілігі өзі өмір сүрген заманының адамдарының кертартпалыққа бастайтын кемшіліктерін нақтылы айтуды мақсат тұтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдіғазизұлы Б.Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет. 2008.-408 б. «Шәкәрім әлемі» сериясы.
- 2 Қ.Мәшһүр - Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. монография:-Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.- 442б.
- 3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы, Алматы, “Мектеп”, 1973.

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ М. ӘУЕЗОВ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

АҚТАНОВА А. С.
ф.ғ.к., Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті, Семей қ.
ШАЙМАРДАНОВА А.
студент, Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті, Семей қ.

Қазақ публицистикасының туу, қалыптасу тарихының басында тұрған қаламгерлер қатарынан орын алған Шәкәрім мен М. Әуезов шығармашылығы туралы айтқанда алғашқы қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихы туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Қазақ жазба әдебиетінің нығаюына өз үлесін қосқан газет-журналдар беттерінен ел тарихына, отырақшылық мәдениетке, фольклорлық әдебиет пен заман туралы мәселелерге байланысты жазылып жатқан жаңалықтар өз орындарын тауып жатты. 19 - ғасырдың соңында қазақ мәдени тарихында елеулі орны бар «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» дүниеге келді. Бұл газеттер қаншама ресми саналып, отарлықтың цензурасында болса да сол кездегі қазақ оқығандары үшін халықтың рухын оятып, болашаққа жол көрсететін бағдарлауыш ретінде өз қызметтерін атқарды. Бұл газеттерде жарық көрген алғашқы қазақ тіліндегі мақалалар, очерктер суреттемелер публицистика жанрының қазақ топырағында қалыптасуында ықпал етті.

М.Әуезов өзінің алғашқы публицистикалық шығармаларын 1917 жылдан бастап баспаға бере бастаса, Шәкәрім қазақ баспасөзінің алғашқы беттерінен, яғни 1892 жылдардан бастап өз ойларымен газет арқылы бөлісе бастады. «Дала уәлаятының газетінің» 1892 жылғы он санында шыққан «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген хикаяны «Мұтылған» атпен Шәкәрім алғаш рет жариялап халық назарына ұсынды.

Шәкәрім де М.Әуезов те қазақ публицистикасының қалыптасу кезеңінде мәдениет майданында қызмет етіп, оның аяғынан тік тұрып кетуіне зорықпал етті. Мәселен, Шәкәрім 1913 жылғы «Қазақ» газетінің № 18 санында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тағдыры туралы алаңдаушылық көңілмен: «Білімсіз ел жас бала сықылды: бір жана нәрсе көрсе, бұрынғыны тастап, соған ұмтылмақшы. Біздің қазақ «Қазақ» газетасы шыққан соң «Айқап» журналын тастап кете ме деп көдік көремін. Тамам қырғыз һәм қазаққа бір журнал, бір газета көптік қылмас - екеуін де алу керек!» -деп үндеу сала сөйлейді [1.300].

Сондай-ақ, ақын қолда бар бір газет пен бір журналды көбейтуге асықпай оның сапалы болуына да назар аудару керектіген айтқан. Бұдан кейін де Шәкәрім қазақ мәдениеті мен тарихына, әдебиеті мен танымына қатысты көптеген мақалаларын жарыққа шығарды. Шәкәрім мақалалары өзі өмір сүріп отырған дәуір тынысын дәл басып, тарихи-әлеуметтік жағдайлардан мол хабар беретін дүниелер. Ақын шығармашылық өміріне байланысты зерттеулер үшін де маңызды деп санаймыз. Шәкәрім шежіре жазуды Абайдың нұсқауымен бастады. «Түрік, қырғыз - қазақ һәм хандар шежіресі» деген көлемді тарихи трактатын 1911 жылы Орынбор қаласынан жеке кітап етіп бастырып шығарғанын білеміз. Енді ақын осы еңбегіне қатысты материалды өмір бойы жинақтаған деуге болады. Мәселен, өзінің «Өтініш» деген 1914 жылғы «Қазақ» газетіндегі мақаласында оңтүстік өңірдегі тобықты руының адамдары туралы мәлемет білетін кісілердің жазуын сұрайды. Шәкәрімнің публицистикалық мақалалары өз заманының тарихи-әлеуметтік мәселелеріне байланысты өзекті дүниелерді көтереді. Әсіресе, қазақ қоғамындағы тарихи өзгерістерге байланысты туған сот, билік, оқу, мәдениет мәселелеріне байланысты проблемаларда орыс пен қазақ билігі арасындағы даулы дүниелердің дұрыс шешілуіне зор үлес қосты. Оның «Қазақ», «Айқап» және тағы да басқа қазақ басылымдарындағы «Өтініш», «Би һәм билік туралы», «Ашық хат», «Сын һәм сынауды сынау», «Сөз таласы», «Қазақтың ескі жолының бірі - енші», «Жазу мәселесі», «Земство туралы», «Жалпы қазақ съезі», «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы неліктен», «Қазақ қалыптары», «Барша қырғыз-қазақ білімділеріне ашық хат» және тағы басқа мақалалары өз аттарында тұрғандай қоғамдық әлеуметтік орта мәселелеріне арналған. 1914 жылы «Қазақ» газетіне басылған «Би һәм билік туралы» деген мақаласында ақын орыс отарлауына байланысты келген заңдар негізіндегі билік пен қазақ арасында қалыптасып қалған шариғат заңына сүйенетін биліктердің нақтылы кемшіліктерін ашып көрсетеді. Гумандық ой жетегіндегі ақын екі заңның да адамдардың өмірін жеңілдету үшін жасалмай жатқан жерлерін дәл басып көрсетеді. Ақын: «Қазақтың дауын орыс судьясы бітіргенінің қолайсыздығын біз айтпасақ та, тамам қазақ біледі. Мысалы қазақ көтере алмастай шығын, оның үстіне әдет-рәсімге теріс болып, көп қиыншылық залал болмақ»- деген [1.301] сөздері арқылы орыс заңы арқылы келген материалдық шығындар мен қазақ әдет-ғұрпына, дәстүріне қайшы келетін заң шындығын ашық айтады. Сондай-ақ, Шәкәрім қазақ заңының тұрмыстық, мәдени, діни таным түсініктерге байланысты қалыптасқанын да атап өтеді.

Ақын екі заңның қолайлысын алу керек деген пікір білдіреді: «Ол ескі жолдың көбі өмірге қолайлы. Бұрынғы ережелер де көбәнесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетіп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа содан қолайлы жол болмас еді. Оны жазу қазақтың ескі құлақты кеменгерлері мен оқымысты жастарының ақылдасуымен табылады. Өзге жұрт қазақ жайын қанша білемін десе де, анық жете білмейді.» [1.301]. Осы ой-пікірден данышпан ақынның қазақ билік ережесінен өте жақсы хабардар болғанын және жаңа заңдар ретінде орыс отарлауымен келген әлеуметтік ережелерді де жақсы білетінін байқаймыз. Қазақ қауымындағы ислам дөнәмен келген шариғат заңдарының да қатып қалған қағида емес екенін, оны да адам мүддесі үшін өзгертуге болатынын айтады. Қатып қалған догманы ойлап тапқан шала білімді молдалар екеніне назар аудартады. Жалпы Шәкәрім ислам заңдарына өте жетік болған. Мұны ақын өз шығармашылығы арқылы үнемі байқатып отырады. «Қалқаман-Мамырдағы» Қалқаманның немерені шариғат заңы қосады екен деуі ақынның өзі шығарған сөз екенін кезінде Әлихан Бөкейханов сын мақаласында айтып кеткен. Сондай-ақ, аталған мақаласында ақын билікке байланысты айтылатын қазақ мақал-мәтелдерінің де мағынасын түсіндіріп өтеді. Және де сол мақалдардың шығу себептеріне де аса мән бере отырып қазақ дүниетанымы мен тұрмыс - тіршілігіне байланысты да біршама хабар береді.

Шәкәрім мен Мұхтар Әуезовтің рухани үндестік табуы халық тағдырына байланысты десек, халықтың көкірек көзін ашуда үлкен қызмет атқарған алғашқы баспасөз материалдарында екі қаламгердің қатар, әрі өзекті мәселелер көтеруі заңдылық еді. Шәкәрімнің қазіргі деректер бойынша газет-журналдарға шыққан жиырма бір мақаласы бар. Бұл мақалаларды тақырыптық ерекшеліктеріне байланысты қоғамдық-әлеуметтік, саяси және әдебиет мәселелеріне арналған деп саралауға болады. Ақын қазақ әдебиетінде сол кезде дүниеге келіп, аяғын апыл-тапыл баса бастаған қазақ әдебиеті сынына байланысты жазған «Сын һәм сынауды сынау» («Қазақ тілі» 1924), «Сөз таласы» («Айқап» 1915) деген деген мақалаларында сын мәдениеті мен өзектілігі мәселелеріне тоқталады. «Сөз таласы» («Айқап» 1915) деген мақаласында сөзбен дауласқанда біреудің намысына тиетіндей, кекеп, мұқамай мәдениетті болуға шақырады. Расында да сол кездегі әдебиет, қоғам мәселесіне байланысты жазылған мақалаларда жазып отырған адамның қарсыласы туралы намысқа тиетіндей сөз айтуы оп-оңай болатын. Бұл қазақ жазба публицистикасының алғашқы баспалдақтары болғандықтан көбіне

ауызша сөйлеу стилінде жазылғандықтан болар деп ойлаймыз. Шәкәрім өз мақалалары арқылы осы олқылықтарды түзетуге тырысады. Және де мұны ол барынша мәдениетті, барынша адал түрде жеткізеді.

Фалым А. Еспенбетов ақын мақаласы туралы : «Бұл мақалада көтерілген жайлар да өзектілігімен құнды. Қазақ әдебиеттануында сын жанр ретінде қалыптасып үлгермеген алагеуім шақта қорғасындай салмақты ойларын ортаға салуы қаламгердің замандастарынан озық тұрғандығын дәлелдей түседі.

Сынның мақсаты, сыншы келбеті, сыншы міндеті, сыншы парасаты, сынға қойылар талаптар төңірегінде сөз қозғау, әңгіме өрбіту заманы үшін мүлдем жаңа үрдіс. Ауыз тұштытарлық көркем шығармалар дүниеге келіп, тұтас қазақ әдебиеті ояну дәуірін басынан өткізіп жатқанда жанашыр, жол көрсетуші сынның өте-мөте қажеттілігін терең ұғынған Ш. Құдайбердиев. » - деп өз пікірін білдіреді. [2.35]

«Сынаушы кім болу керек» деген сөзге айтатыным. Айтуға әркім ерікті болғаны сияқты, сынауға да әркім ерікті. Бірақ нағыз таза сыншы, жоғарыда айтылғандай, жаман мінез, теріс қылықтар науқасынан таза, сау ақыл! Ондай ақылдың сынын бүгінгілер алмаса да, кейінгі әбден нақыл көзі ашылғандар алатынына дау жоқ.

Шәкәрім мен М. Әуезовтің шығармашылық үндестік тапқан мәселелері әдеби өркендеуге байланысты жазған мақалалары болды. Мұхтар Әуезовтің 1922-1923 жылдары жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласы Шәкәрімнің айтқан ойларын жалғай түсіп өз заманындағы әдебиет пен сын мәселелеріне арналады. Мақаласында Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті тарихының бағыты мен болашағын айқындайтын пікірлер білдіреді. «Қазақ әдебиетінің осы күнгі қалпымен әм келе жатқан бетімен таныстығы бар адамдардың біздің әдебиет туралы айтатын әр түрлі пікірі бар. Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасын айтқанда, қазақ даласы секілді кең, келешегі көрікті, үлкен, жалпы түркі әдебиетінің ішінде үлкен өріс алатын әдебиет секілді көтінеді. Бірақ осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалыптанбаған майысқақ, сынғақ әдебиет деп саналғандай. » - деп, жазба және ауызша таралған әдебиет ара жігін ашып береді. Сондай-ақ, осы анықтамалары арқылы жазушы өзінің болашақтағы қазақ әдебиетінің дамуының ғылыми бағдарын да жасайды. Жазушы

1925 жылы жазылған «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» деген мақаласында фольклорлық шығармаларды жинау әдістемесін түсіндіреді. Мұхтар Әуезов өз мақаласында негізгі проблеманы дәл басып көрсете отырып: «Қазақ әдебиетінің шашылып жатқан жұрнақтарын жинап, арнаулы бағасын беріп тиісті орын-орнына тарату- бүгінгі күнде қазақ тіліне қызмет қылып жүрген жұрттың барлығын да бір жалпы міндет сияқты...» - халық ауыз әдебиетін жинау барлық жұртқа ортақ міндет деп санайды.

«Қазақ», «Сарыарқа», газеттері мен «Абай» журналы сол заманның үні болды. Қазақ зиялыларының шын мәніндегі ұлттың рухани дүниесін толықтыруды ойдағы мақалалары жарыққа шығып жатты. Солардың ішінде ерекше ойлы, әрі заман тынысын дәл басып қазақ болашағы үшін не керек екенін нақтылы көрсете алатын бір топ жас асқақ болмысты рухтарымен өздеріне оқырмандарын тарта білді. Олардың арасынан жүйрік тұлпардай оқ бойы алға кеткен М. Әуезов еді. Жазушы өзінің алғашқы мақаласынан бастап-ақ, қоғамдық-әлеуметтік ортаның бар тынысын сезіне білді. М. Әуезовтің 1917 жылы жазылған алғашқы «Адамдық негізі - әйел» деген мақаласы бұрын - соны қазақ арасында көркемдік формада ғана көрінген тақырыптың ақиқат бейнесін публицистикада алғаш рет көтерді. Мұхтар Әуезов «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Қарагөз» және басқа да шығармаларында көрінетін әйел тағдырына байланысты оқиғаларды жазғанда өзінің алғашқы мақаласындағы негізгі идеяны жалпы адамгершілік мәселесімен астастырып отырады. Қазақ қызының тарихи тағдыры сөз болатын мақала мәні қазіргі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ деуге болады.

М. Әуезовтің алғашқы мақалалары ел тәуелсіздігіне дейінгі уақытта жариялап, насихаттаудың мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан да жазушы көзімен көрініп, оқырмандарының көкірегін ашатын, тарихи мәні зор «Қазақтың өзгеше мінездері» (1917), «Абайдың өнері һәм қызметі»(1918), «Қазақ ішіндегі партия неден?»(1918), «Мәдениетке қай кісіп жуық?»(1918), «Абайдан соңғы ақындар» (1918), «Ғылым тілі», «Япония», «Философия жайынан», «Оқу ісі», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға», «Ғылым» және тағы да басқа мақалалары көптеген уақыт бойы оқырмандарының назарынан тыс қалып қойды. Мұхтар Әуезовтің қаламынан шыққан бұл мақалалардың тарихи мәнділігі сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік ортаның тарихи қалыптасуын көз алдымызға әкелуінде. Олай дейтініміз, жазушы қазақ қоғамындағы барлық мәселелерге назар аударып, кемшілігі

мен қате тұстарын дұрыс бағдарлап отырған. 1917 жылы жазылған «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласы Абай мен Шәкәрім өлендерінде суреттелетін қазақ қалпымен дәл келеді.

Публицистикадағы тарихилық ерекшелігі – заман шындығы мен сол заманда өмір сүрген адамдар өмірінен, қоғамдық-әлеуметтік орта тынысынан, тарихи жағдайлардан боямасыз мәліметтер беруінде. Шәкәрімде де, Мұхтар Әуезов те де бұл ерекшелік бар болмысымен көрінген. Партияға бөліну, Абай заманында да халық арасындағы жікке, руға бөлініп бір-бірімен тартысқа түсуге, арты үлкен жанжалдарға ұласуға дейін барған. Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын» деген өлендеріндегі болыс образы нағыз партия заманының сорақылығын әшкерелейді.

Мұхтар Әуезовтің алғашқы мақалаларының өзі-ақ, оның алысты болжағыш, қоғам тынысын сезгіш сезімталдығынан хабар береді. Бұл пайымдаулар бүгінгінің биігінен болғанның өзінде болашақ қаламгердің адамгершілік болмыс-бітімін айқындайды. Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов қаламгерлік үндесулері заман өзгерісіне байланысты қоғамдық орта тынысын сезінуден және күр сезініп қоймай, қалайда халқыма пайдамды тигіземін деген адал перзенттік парыз болатын. Сол себепті де заман әкелген жаңалықтады қазақ арасында дұрыс түсіндіруге бар ниетімен кіріскен қос қаламгер өз публицистикалық шығармаларында үндестік тауып жатты. Қазақ халқының мәдени және тарихи даму кезеңіндегі мұндай мақалалардың алғашқы басылымдарда жарық көріп жатуы қазақ қоғамының жаңа бағытта жамуға бет алғанының айғағы еді. Дегенмен, алдыда әлі талай асу белдер мен қиыншылықтар тұрған. Сондай даулы мәселелердің бірі мұсылман мәдениеті ме, әлде батыстық, орыстық үлгідегі оқу – ағарту ма деген екі бағыт болғандығын Мұхтар Әуезов өз мақаласында айтып кетеді. Бұл толғаныс тек Мұхтар Әуезов басында ғана емес сол кездегі қазақ зиялыларының барлығын да ойландырған дүние еді. Әсіресе жазу, оқу проблемасы қазақ оқығандарын тұйыққа тірегені белгілі. Осы ретте 1913 жылы «Қазақ» газетіне шыққан Шәкәрімнің «Жазу мәселесі» деген мақаласы назар аударуды қажет етеді. Ақын бүгінгіні ғана емес болашақты да болжайды дегендей, араб жазуындағы қазақ әріптеріне келмейтін кейбір белгілер туралы жазады. Ақынның қазақ әліпбиінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлымен бұл мәселе төңірегінде пікір алысқаны сол жылғы «Қазақ» газетінің 31 санындағы қысқаша мәлімдемесінен байқалады. Мәселе Ахмет Байтұрсынұлы Шәкәрім

айтқан ескертпелерді пайдаланған - пайдаланбағанында емес. Негізгі мәселе - ақынның заманының жаңалығына араласа отырып өз үлесін қосуға тырысқандығында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрім шығармалар жинағы, 2 том, -Алматы: «Жібек жолы», 2007, - 624 б.

2 А.Еспенбетов Шәкәрім және Сұлтанмахмұт -Алматы: «Раритет» 2008. - 240 б.

О ЛИТЕРАТУРНОМ ТВОРЧЕСТВЕ Ж. АЙМАУЫТОВА

АЛЬМУХАНОВ С. Х.

к.ф.н., доцент, профессор ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ТЕМИРГАЛИНОВА А. К.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Творчество талантливого писателя и переводчика Ж. Аймауытова (1889-1931), обогатившего казахскую литературу, долгие годы находилось в забвении. В последнее время исследователи все чаще обращаются к возвращению забытых временем имен.

«Жусупбек Аймауытов – один из первых писателей, освоивших принципы реалистического романа в казахской литературе, уделяя особое внимание таким художественным средствам, как стиль, композиция, ритм, образность, свободно используя многообразное богатство родного языка, освоил также традиции европейской и русской литературы в создании образа, в конкретизации, индивидуализации характеров, в передаче чувств и мыслей персонажей. Талант писателя, его своеобразие особенно ярко проявились в романе «Ақбілек».

Писатель точно отразил социальные столкновения, исторические события, классовую борьбу, последствия которой тяжким грузом легли на плечи простого народа, сложные судьбы отдельных людей, взяв за основу романа не известную ранее тему, а совершенно новые, редко встречающиеся события» [1, с. 342].

Роман «Ақбілек» самое первое произведение в психологическом жанре. Что такое человек? Какова природа человека? В чем драма человеческих отношений и человеческого существования? От чего зависят смысл и ценность человеческой жизни? Такие вопросы ставятся в философских текстах различных эпох.

В 1914 году Жусупбек Аймауытов поступает в учительскую семинарию, которую оканчивает в 1919 году. В эти годы начинается тесное знакомство с классиками русской и зарубежной литературы. Творческий диапазон поэта отличается не только широтой, но и особой чувствительностью к лучшим художественным открытиям эпохи.

Ж. Аймауытов один из первых реалистов, который проблемы психологизма не только ставит, но и решает. Не только Ж. Аймауытов, но и многие писатели казахской интеллигенции пробуют себя в разных жанрах. Например, Мухтар Ауэзов проявил себя в прозе, драматургии и поэтическом жанре, Абай – в стихотворной форме. Казахская поэзия, достигшая своей вершины в творчестве Абая, круто повернула к реальной жизни и сложным социальным процессам, происходящим в ней.

Казахская литература, несомненно, испытывала влияние русской литературы, языка и культуры в целом. Великий Абай перевел на казахский язык произведения гигантов русской литературы Пушкина и Лермонтова. А блистательный переводчик Жусупбек Аймауытов смог передать всю красоту и первозданность произведений А.С. Пушкина, Н.В. Гоголя, В. Гюго, Л.Н. Толстого, М. Горького, У. Шекспира, Дж. Лондона, Ги де Мопассана, А. Дюма, Р. Тагора. Переводческая деятельность писателя заслуживает отдельного изучения. Век сменяется веком и каждый из них ставит перед мыслителями и художниками один и тот же вопрос: «Что такое Человек?» Ответ на этот вопрос в разные эпохи и в творчестве разных писателей неодинаков, но в XIX веке два великих мастера художественного постижения человека – русский писатель Ф.М. Достоевский и казахский – Жусупбек Аймауытов подошли в отдельные периоды своего творчества к этой проблеме во многом одинаково.

Особое внимание Жусупбека Аймауытова привлек к себе человек – не как символическая частица некой призрачной иерархии, а как живое существо, наделенное плотью и кровью, со всеми его страстями и пороками, во всех его социальных связях – ищущий. Борющийся за свои права, утверждающий себя не в мечтаемом, но вполне реальном мире социальных и бытовых отношений. При системном подходе к литературным явлениям важно учитывать определенную их «эстафетность», проявляющую себя нередко в том, что более ранние явления входят в структуру более поздних, но при этом переосмысливаются в зависимости от нового «контекста», в

который они попадают. Возникает новая целостная художественная структура произведения, которая демонстрирует не только повторяемость деталей, но типологическую соотнесенность системы одного писателя с системой другого», – так пишет исследователь Одинокоев Р.Г. в своей монографии «Типология образов в художественной системе Ф.М. Достоевского» «Эстафетность», о которой говорит Одинокоев, и есть то, без чего немислима духовная жизнь, и, в частности, развитие литературы. Такая «эстафетность» имеет место в творчестве больших писателей, представляющих и разные национальные литературы

Не случайно Ж.Аймауытов обращался к Гоголю и раннему Пушкину. Наверное, нет ни одной страны, где бы не переводили его произведения. Казахские литературоведы считают, что в казахской литературе пушкинский слог звучит так же вдохновенно, как и на языке оригинала. Жусупбек Аймауытов переводил такие произведения, которые были эстетически близки ему. Переводы Аймауытова отличаются легкостью языка, ясностью передаваемой мысли, возникает ощущение, что перед нами не перевод, а оригинал. К сожалению, из переводов, связанных с драматургией, сохранились только «Маленькие трагедии» А.С. Пушкина.

Следует учитывать, что между текстами культуры существует «обратная связь». Ведь перевод – не просто новая интерпретация оригинала, он дает тексту оригинала новое измерение, вводит его в другую культурную систему, в которой существуют иные ориентиры и «оси координат», причем сам перевод живет в этой новой системе координат вполне самостоятельной жизнью, не всегда похожей на жизнь оригинала. Культура, как и язык, – явление прежде всего социальное, это одна из форм общения людей, и ее коммуникативная природа проявляется в любом событии или явлении культуры. Историю культуры можно представить как процесс сохранения и приумножения текстов культуры в результате их освоения и сопоставления. Художественные литературные произведения – это важнейшая часть культуры и их невозможно рассматривать вне контекста мировой культуры. И только этот контекст позволяет раскрыть всю глубину смысла художественного произведения, дает ему возможность вечной и всегда новой жизни. Историю культуры можно представить и как диалог, в котором участвуют творцы и осваиваемая ими действительность с одной стороны, и тексты культуры и их адресаты – с другой. Сам процесс создания и восприятия текста культуры – это всегда активные творческие процессы, основанные на

диалогических отношениях, для которых характерна принципиальная незавершенность и открытость. Поэтому текст культуры, созданный человеком, созидает и самого творца, и воспринимающего его человека. Вместе с тем, воспринимая текст чужой культуры, мы невольно сопоставляем его со своим опытом, обогащая его новыми смыслами и давая ему новую жизнь в новом времени и пространстве. «Чужая культура только в глазах другой культуры раскрывает себя полнее и глубже (но не во всей полноте, потому что придут и другие культуры, которые увидят и поймут еще больше). Один смысл раскрывает свои глубины, встретившись и соприкоснувшись с другим, чужим смыслом: между ними начинается как бы диалог, который преодолевает замкнутость и односторонность этих смыслов, этих культур. Мы ставим чужой культуре новые вопросы, каких она сама себе не ставила, мы ищем в ней ответа на эти наши вопросы, и чужая культура отвечает нам, открывая перед нами новые свои стороны, новые смысловые глубины.» [2, с.334-335].

Все выше сказанное приводит к тому, что за годы независимости в сознании людей нашего государства вырос интерес к познанию истоков своей родной казахской литературы. И современная казахская культура вновь обогащается забытыми художественными ценностями. Как писал Карпык А-Х.: «Мы находимся на пороге нового этапа социальной, духовной и культурной эволюции, вызов которой стоит перед нами. Этот вызов выбор нашей судьбы. Наше поколоение из всех многочисленных поколений до нас призвано решить образ жизни и миропонимания национально воскресших народов.» [3, с. 104].

Таким образом, Ж. Аймауытова как мыслитель и писатель внес огромный вклад в сокровищницу казахской культуры. Все сказанное им в частности о природе человеческих отношений весьма актуально в современную эпоху мультикультурализма, когда кросскультурные контакты становятся все теснее.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Рымгали Нургали. Казахская литература: Концепции и жанры. – Астана: Фолиант, 2010. – 504 с.
- 2 Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 424 с.
- 3 Карпык А-Х. Абай. Наследники. На перепутье... – Алматы: Агенство Аль-Халел, 1995. – 304 с.

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

АЯПБЕРГЕНОВА М.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері атадан балаға қалған мол қазынаны игеру, жарыққа шықпай жатқан асыл мұраны жарқырата ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Қазақ әдебиетіне өшпес із қалдырған Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын оқып тану, зерттеу жұмыстары кейінгі жылдары қолға алынды. Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз заманында-ақ Мәшһүр атанып, халыққа қызмет еткен, халық мұнын жоқтап, елі үшін ойын тайсалмай айтқан даналарымыздың бірегейі десек, артық айтпаған болармыз. Оған дәлел - ақынның қалдырған мұралары.

Ақынның қазақ әдебиетіне қалдырған әдеби бай мұрасы кең көлемде жинақталып, баспаға әзірлене бастады.

Ол жөнінде М.Бөжейов: «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтен (1858-1931) қалған мол мұра ішінде: әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар, фольклор үлгілері бар. Бұларға қоса ақынның араб, парсы, шағатай тілдеріндегі көшірмелерін есепке алсақ, одан қалған мұра - 30 томдай болады екен» [1, 127].

Фольклор танушы ғалым, ф.ғ.д., профессор Н.Жүсіпов: «Оларды өзара жіктесек: ақынның өлеңдері 3 - томды; дастандары – 3; жинаған айтыс үлгілері – 2; аудармалары – 3; ауыз әдебиеті туындылары – 3; қазақтың тарихы, діні, философиясы, этнографиясы, педагогикасы, шаруашылық ойлары т.б. – 6; фольклор үлгілері – 10 томды т.б. қамтиды» – дейді [2, 12].

Ф.ғ.к. Г. Жүсіпова : «Оның жалпы көлемі 23-25 томдай болатын қазынасын сала-салаға бөлсек, өлеңдері 2 том мөлшерінде, ал дастандары-3, айтыс үлгілері-1, аудармалары-2, қазақ ақындары туындыларын жинау еңбегі-2, қазақ тарихы, философия, педагогика, шаруашылық т.б. туралы ойлары-5-6, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы-8-9 том көлемінде деп есептеп, шамалап отырмыз» - дегенді айтады [3, 139].

Мәшһүртанушы ғалым А.Қ.Тұрышов ақынның мұраларының жиналу, зерттелу кезеңін шартты түрде 5-ке бөледі. Алғашқы кезеңге «Дала уалаяты» газетіндегі М-Ж.Көпеев турасындағы алғашқы пікірлер және өзінің мақалаларын жатқызады. Ғалым А.Тұрышев: «1907 жылдары шыққан кітаптары. 1931 жылға дейін ақынның

көзі тірісіндегі айтылған, жазылған еңбектері; М - Ж. Көпеевтің мұралары туралы: «Соның нәтижесінде ақынның тірі күнінің өзінде-ақ жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. еңбектерін алғаш бағалаған мақалалар да осы аты аталған басылымдарда жарық көреді» [4, 5].,- деп тұжырымдайды.

Ү. Субханбердина : «Дала уалаяты» газетінде «Мейрамның Мәшһүр-Жүсіппен хат арқылы айтысының кей үзіктері сақталған» - дейді [5, 9]. Сонымен қатар, Ү.Субханбердина: «Дала уалаяты» газетінің Баянауылдағы тілшілері Мәшһүр - Жүсіп Көпеев пен Садуақас Мұсаұлы Шормановтың мақала-хабарларында қазақ елінің шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, мәдени өмірі, әдет-ғұрып, салт-санасы туралы құнды деректер мол» - деп жазады [5, 16]. А.Тұрышев: «1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасында М - Ж. Көпеевтің «Хал - ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деп аталатын үш кітабы жарық көрді. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты жинақ «Хал - ахуал» кітабының толықтырылып басылған түрі. Кейіннен жеке кітап болып басылып шыққан», - дейді.

Кеңестік кезеңде төл әдебиетімізді танып білуге мүмкіндік болмағаны белгілі. Бұл уақытта көптеген әдебиет алыптары жазықсыз жазаланып, әдеби шығармалары халыққа таратылмады. М-Ж.Көпеевтің шығармаларын да зерттеуге, реттеуге мұрша болмады.

А.Тұрышев: «1940-1946 жылдары бірді-екілі шығармасы орта мектептің оқулығына енді. Қ. Бекқожин мен Е. Ысмайлов «Әкімдер мен қазақ кедейлері», «Апыр – ай, кесер ме екем мен тілімді», «Күндіз бен түннің айырмасы», «Шайтанның саудасы» оқулыққа енгізді. «Шайтанның саудасы» 1946 жылға дейін 3 – 4 рет басылым көрді. М-Ж. Көпеевтің «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» ертегісінің бір варианты Москва қаласында Ленин кітапханасында «Балалар кітабында» басылған. М-Ж. Көпеев өлеңі Москвадан 1940 жылы шыққан «Дала әндері» («Песня степей») антологиясына енсе, екінші бір өлеңі («Шайтанның саудасы») Ленинградтан 1978 жылы шыққан «Қазақстан ақындары» жинағына (құрастырушы: М. Мағауин) енді», - дейді.

1989 жылдан кейін М.Ж. Көпеевті тануда оның қазақ әдебиеті тарихындағы орны айқындалып, кеңінен, жан - жақты жүйелі зерттеуге мүмкіншілік туды. Г. Жүсіпова: «Мәселен, Мәшһүр – Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу еңбектерін жүйелеу, саралау ісі тек бір ғылым емес, бірнеше ғылымның ұзақ

жылдар бойы ат салысуын күтіп тұрса, оның араб, парсы шайырлары туындыларын түпнұсқадан тікелей тәржімалаған еңбектерін арнайы қарастыру да араб, парсы тілдерін жетік білетін мамандар ізденісін керек ететіні анық. Ал, ақынның философияға, қазақ тарихына, шаруашылығына, педагогикасына, т.б. қатысты жазбаларын зерттеу сол саладағы білікті мамандардың үлесіне тиеді. Мұның бәрі Мәшһүр – Жүсіп мұрасын зерттеу ондағы кандидаттық, тіпті докторлық диссертация үлестеріне тиіп, ұзақ уақытты қамту мүмкіндігін дәлелдесе керек» - дейді [3, 139].

«Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұнын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді», - деп Ж.Аймауытов айтқандай ақын Мәшһүр Жүсіп халқы үшін тер төккен. Халықтың бай мұрасы фольклорды жинауының өзі - қазақ әдебиетінде өшпес ізі.

М-Ж. Көпеев «Туысқан бауырларыма бір насихат» - деген мақаласында: «Әй... қазақ ағайындар! Жылдан-жылға кедей болып, жоқ жерден малдарыңнан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көреміз» - деп жазды. М-Ж. Көпеев қазақ елінің қамын жеп, орыстың жүрісі анау, ал менің елім не болып барады деп, қайғырады. «Қойды шарық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді» - деген мақалды үлгі ретінде алады. Жалпы, М - Ж. Көпеевтің бұл - мақаласы үлкен келелі істі, әлеуметтік мәселелерді көтереді. М-Ж. Көпеев жастарды білімге шақыру, надандықтан қашу, орысқа қара, сартқа қара, ноғайға қара солар секілді жер жырт, егін сал, оқу-оқы деген идеясын әрқашан астарлап та, ашық та жазып, айтып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бөжеев М. Мәшһүр-Жүсіп мұралары хақында // Жалын. - 1974. №3. -Б. 127

2 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр - Жүсіп және фольклор. - Павлодар: ЭКО, 1999

3 Жүсіпова Г. Мәшһүр - Жүсіп мұрасының зерттелу жайы // Жұлдыз. - 1998. №4. -Б. 139.

4 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары тілінің кейбір мәселелері.- Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ баспасы, 2002. -54-56, 211 б.

5 Субханбердина Ү.

ТАХАУИ АХТАНОВ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

АЯПБЕРГЕНОВА М.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Үздік шығармалар беріп, әлемдік данққа бөленген, көп салалы, мол сырлы, алуан әуезді қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің алдыңғы қатарында ауызға алынып, құрмет етілетін қаламгерлердің бірі - Тахауи Ахтанов.

«Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, кешегі қан майданда Отанын қорғап, замандастарымен қатар қазақтың жауынгерлік рухын көтерген, сол ерлікті қарымды қаламының күшімен ақ қағазға айғақтаған, әдебиетіміздің тарихында айтарлықтай із қалдырған Тахауи Ахтанов есімі елімізге, алыс-жақын шет жұртқа көптеп әйгілі»(Шериаздан Елеукенов).

Тахауи Ахтанов (1923—1994) 25 қазанда Ақтөбе облысының Шалқар ауданы, Шетырғыз селосында туған. 1940 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түседі. Екінші курста оқып жүргенде өзі сұранып майданға аттанады. Алғашқы әдеби көркем шығармалары өлең, очерк түрінде майдан газеттерінің беттерінде жарияланды. 1948 жылы әскер қатарынан босағаннан кейін, әдеби еңбекпен айналысады. Алғашқы өлеңдері «Жастар дауысы» деп аталатын ұжымдық жинақта жарық көрді. Осы кезде оның әдеби-сын мақалалары молырақ басылып, алғашқы монографиялық зерттеу еңбегі жарияланды. Әйтсе де, жазушының өнімді де жемісті еңбек еткен жанрлары - проза мен драматургия [1].

Баспасөз бетінде алғаш жарық көрген әңгімесі - «Күй аңызы». 1956 жылы «Қаһарлы күндер» атты романы жарық көрді. «Дала сыры» повесі үшін (өңделіп, толықтырылып, «Боран» романына айналды) авторға 1966 жылы Қазақ КСР-нің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1968 жылы жазылған «Сәуле» драмасы, одан кейінгі «Боран», «Ант», «Әке мен бала» драмалары да қазақ сахнасының өміршең туындыларына айналды. «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу» драмалары, «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» комедиялары қазақ, орыс және туысқан халықтар сахнасында көрінді. А.Н. Толстойдың «Азапты сапарда» трилогиясын, М. Горькийдің әңгімелерін қазақ тіліне аударды [2].

Майысып қос ішегіне күй өткенде,
Ой туар жүрек түгіл, сүйектен де.

Домбырам қайран менің, қайран менің,
Ризамын сені маған сый еткенге
- деп күй жайлы Ж. Нәжімеденов жырлаған.

Осы өлең жолдарынан кейін мен Тахауи Ахтановтың алғашқы әңгімесі - «Күй аңызына» тоқталғым келіп отыр. Ең алдымен күй сөзінің мағынасына тоқталатын болсам, күй ол қазақтың жансерігі, мұндасы, сырласы. Күйдің ғажаптығы – ол өзің бастан кешіріп отырған өмірдің мән-маңызын ұқтырады. Осы өмірде адам боп өмір сүруіне, ізгілікке ұмтылдырады деуге болады. Күй тындап, күйді түсінген адам жамандық жасамайды. Күй - қазақтың байлығы деп айта аламын.

Күй 14 ғасырда жеке музыкалық жанр болып қалыптасты. Күйлер мазмұны аңыз-ертегілерге, нақтылы тарихи оқиғаларға құрылып, көбіне бағдарламалы түрінде дамыды. Онда халықтың басынан өткен тауқыметі мен әділетсіздікке қарсы күресі, азат өмірді аңсағай асыл арманы мен қуаныш сезімі терең толғаныспен өрнек-баяуын тапты. Күйдің мелодиялық-формалық құрылысы, ырғақтық-орындаушылық әдістері сан алуан. Мысалы, Құрманғазының күйлері жігерлі, екпінді, ал Дәулеткерейдің күйлері терең толғауға, романтик-лирикаға негізделген; Тәттімбеттің күйлері әуейі әсем, тәтті мұң мен қоңыр сазға толы болса, Қазанғаптың күйлері құбылмалы, ойнақы, төкпе жыр іспетті болып келеді.

Күй өнері – қазақ халқының ең басты рухани байлығының, жан дүние байлығының ең бір киелі, қасиетті түрі. Бұрынырақта Арал-Шалқар өңірінде ауылдағы ірілі-уақты той-томалақтарда, шал-шауқанның басы қосылып бір үйде мәслихат, мәжіліс құрып отырғанда солар ортаға ауылдың бір күйшісін алдыртып, күй тындайтын [3].

Жазушы әңгімесінде өнер құдіретінің ботасы өлген бозінгеннің тарамыс болған терісіне жан беріп, суалып біткен желінін сүтке толтырғаны жайлы баяндалады. Осы әңгімеде оқиғаның бастамасы екі күйшінің жолға шығуы, күйшілер әңгімесінен басталады. Осы бастамада Естеместің Оразымбетке айтуын: „Қарағым Оразымбет, маған ергеніңе жыл болып калды. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің. Түбі, жақсы күйші сен боларсың. Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе! Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғанша, қарттық келеді. Нағыз от басының жылуын аңсайтын кез сонда болар“ - деген сөздерінен Естеместің жоғары, жасы егде тартса да отбасын құруды ойлайтынын көреміз

[4]. Енді Естемістің портретінен көріктеуіш құралдарын кездестіруге болады: „Естемес - жасы елуді алқындырған, әдемі дөңгелек қара сақалды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез кісі“ - мұнда „өткір қоңыр көзді“ эпитет болады. Осы жерде Оразымбеттің де портреті беріледі: „Астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған көк мақпал камзол, талдырмаш белін қызыл үдері белбеумен қынай бұған басында төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік“. Осы портрет үзіндісінен мынадай эпитеттерді кездестіреміз: «жалын өрген бесті, көк мақпал камзол, талдырмаш бел, қызыл үдері белбеу, құндыз бөрік». Мұнда нағыз қазақ жұртының киімдері суреттелген.

Оқиғаның дамуына келетін болсақ жалғыз нардың кезігуі, аруаның зары, домбыраға тіл бітуі, жолаушылардың жалғыз қараша үйге келуі баяндалады. Осы жерде Жаңылдың портретін көреміз: „Қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы екен. Үстінде жалаң көйлегі тозған“ деп суреттелуіндегі эпитеттер кейіпкердің бет-әлпетін, ажарын ашу үшін қолданылған. «Дауысының өсемін-ай, құлақты қытықтап барады. Әрі еркін, әрі ибалы, мінезі де оңды екен», – деген Естемістің ішкі ойынан біріншіден, Жаңылдың мінезіне суреттеме беріледі, екіншіден Естемістің Жаңылға деген көңіл ауғандығын көреміз. Мына бір үзіндіден де Естемістің Жаңылға көңіл ауғандығын көреміз: «Әттең, үлде мен бүлдеге ораса, жанып-ақ кетер едің-ау». Мына бір монологтан “Он алты-он жеті жаста болар...”, “...ұзатылар уақыты да жеткен екен ғой..”, - деп ойлады ішінен күйші дегенінен бұрынғы кезде қыздардың жастайынан ұзатылуын көріп тұрмыз, ал қазіргі кезде қыздар өз еріктерімен кәмелеттік жасынан өткеннен кейін ұзатылады.

Ал оқиғаның шиеленісуінде шал мен Естеместің бір-біріне қолқа салуы баяндалады. «Екі күйші, өнерлерінді бірдей салындар» деген қыз сөзінің сырынан. Әкесі мен Естемес арасындағы әңгімені естіген Жаңыл таңдауы жас Оразымбетте екенін астарлап жеткізгісі келгенін көреміз.

Әңгімедегі оқиғаның шарықтау шегінде жаңа күйдің пайда болуы баяндалса, ал оқиғаның шешімінде күйшінің жолын жас жігітке беруі немесе нардың июі баяндалады.

Қорытындылай келе, қазақ халқы өнерінің маңызды саласының бірі - ғасырдан ғасырға жеткен күйлеріміз, небір қилы заманның шежіресі болып, тар жол, тайғақ кешуде де дамыды, өрісін тапты.

Асыл мұрамыздың көздің қарашығындай сақталып, жүректен жүрекке, құлақтан құлаққа жеткізілуінің нәтижесінде бізге белгілі

күй күдіреттері Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Абыл, Есір, Мәмен, Динаның мұралары иесіз емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009

2 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011

3 „Ана тілі“ газеті №55. 3 ақпан 2011

4 MINBER KZ. 26 желтоқсан 2012

МӘШҲҮР-ЖҮСІПТІҢ «ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІНЕ» ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АЯПБЕРГЕНОВА М.

2-курс магистранты, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еліміз егемендік алғаннан кейін халқымыздың көбірек көңіл бөліп, қалам тартқаны шежіре болды. Себебі, шежірені дұрыстап танып, біліп алмай тайпалар тарихын, қала берді ұлтымыздың тарихын жете білу қиын еді. Тәуелсіздік тұсында жаңа дүниеге келген шежірелермен бірге, бұрынғы ата-бабаларымыздың шежірелерін бастырып шығару қолға алынды.

«Шежіре» термині араб тілінің «шаджарат» яғни ағаштың «бұтағы», «тармағы» деген сөзінен шыққаны мәлім. Осыны ертеден келе жатқан «Ата-бәйтерек, бала - жарық», «Рулы ел - ұялы терек» деген бейнелі мақалдар да растайды. «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін көбіне ауызша мәліметтерді айтады. Осылардан тарих, яғни жазба баяндау туады.

Шежіре халыққа шежіреші арқылы тарайды. Шежірешілер ру-тайпалдардың ата тарихын терең білген., Шежірешілер аты ел арасында кең таралып, танылған. Осындай қасиеттерімен сомдалып, кең танылған шежіреші – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.

М-Ж. Көпеев – қазақтың тұңғыш этнографтарының бірі, ақын, публицист, қазақ шежірелерінің бір нұсқасының авторы. М-Ж. Көпеев өзінің шығармашылық ғұмырында қазақ шежіресіне ерекше назар аударып, мән берген. Оның өмір бойы жинастырған

қолжазба мұрасы көзі тірісінде халық арасында «Мес», «Қара мес» аталып кеткен.

М-Ж. Көпейұлының жазған іргелі еңбегінің бірі «Қазақ шежіресі». Бұл шежірені арабтың хадим жазуынан бүгінгі жаңа әліпбиге түсіріп әзірлеген – С. Дәуітұлы. Өз еңбегінде М.Ж. Көпеев Орта жүзге кіретін ру-тайпалардың шежіресін, әсіресе Арғын тайпасының шежіресін кенінен таратады. М.Ж.Көпеев шежірені жазу барысында ел ішінен қарт қария, көпті көрген дана адамдардан жинаған деректерге де сүйенеді. Тарихи жазбалар, орта ғасырлық араб, парсы қолжазбаларын, Ш.Уәлиханов зерттеулерін, В.В. Вельяминов-Зернов еңбектері қолданады.

Ол «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіренің жоқ болғандығын атап өтіп, жазбаша шежіренің шығуы мен халық арасында таралуын қажылыққа барған адамдармен байланыстырған. Қазақ халқының шығу тегін сол шежірелердің негізінде Анас сахибадан бастайды да, қазақ-ноғайға дейін жеткізеді. Ғұлама ғалымның бұл шежіресі «Қара местің» бес-алты қолжазбасында кездеседі. «Сахабалық» шежіре жазылған М-Ж. Көпейұлының төрт жазба мәтіні сақталған [1, 233].

Бір қызығы, Мәшһүр-Жүсіп шежірені жадағай атаны тарату дер түсінбей, онда сол рудағы немесе елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, тақпақ болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе, жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді оймен түйіндеп, таратып айтып отырыпты.

Шежіреде айтылған болжау ойлары абстрактілік танымдық құралдардың, сол тарихи дәуірдің тарихи-қоғамы ойлау мәдениетін көрсетеді. Жаңа әдеп ықпал бағыттарын алдын-ала бағдарлап отырудағы тарихи сана қызметі осы жерден көрінеді. Шежірелердегі Асан Қайғы, Бұқар жырау, Мөңке би, Абай, М.Ж. Көпейұлының тарихи болашақты болжаулары соған айқын мысал; Тарихи сана құрамында тұрақты компоненттер де болады. Тарихи сананың өзгеруілеріне қоғамның саяси-экономикалық, тұрмыстық, рухани үрдістері ықпал етеді. Осындай ішкі фактор болып келген тарихи санаға байланысты институттік құбылыстар шежірелік мәліметтің өзіндік ұйымдасу себеп-салдар қатынастары, оның ішкі құрылымы тұрғысынан талдануы, шежірелік сана құрылымы, табиғаты, қалыптасуы туралы мәселелерді қамтиды; Тарихи сана қазынасын – мәңгі өшпес мұралар (Домбауыл, Алаша хана, Жошы хан мазарлары, Арыстан баб, Өзіреті Сұлтан кесенелері, Бекет ата

сияқты); халық жырлары, күй, дастандары, баталары, шежірелік насихат сөздері құрайды; 5) Ұлттық сана тәрбиелеудің алғашқы сатысы қазақ отбасы, ата-ана тәрбиесі. Қазақ шежірелері: «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тоң пішер» деп осыны мегзейді. Қазақ ауызсөз мәдениетінде қалыптасқан «жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» деген сияқты қолдау және тыйым салу схемалары тарихи-генеалогиялық білімге үндеудің бір үлгісі; Қазақ генеалогиясы мазмұнында туыстық, рулық, азаматтық сананың қызметі жасырылған. Қазақта тарихи сана шежіре айту арқылы қызмет етеді, жыр жырлау арқылы іске асырылған; Шежірелік сана дәстүрлі өмірдегі шежіренің идеологиялық сипатын анық көрсетеді; Тарихи таным мен сана ұштасқан жерінде ұлттың мәдениет пен әлеуметтік құндылықтар қордаланған [2, 38].

Шежірелер – қазақтың құндылықтар жүйесін тасымалдаушысы. Мәдениет пен тұрмыстағы консервативтік салт-дәстүр мен құндылықтардың формалары мен қалдықтары да (перезиток) шежірелік деректерде сақталған; Өткен замандарда қазақ шежірелері дәстүрлі ұлттық менталитет, қоғамдық сана тәрбиелейтін мектеп болды. Адамның барлық болмысын белгілі бір тәртіп, әлеуметтік бақылау, саяси-құқықтық басқару мен қоғамы тұрақтылыққа бағындырылған; Шежірелердегі мысалдарда батырлар тұлғасының өн бойындағы ұлт-азаттық ой-ниетіне беріктік, мінез қайсарлығы тамаша суреттеледі; Шежірелерде сақталып келген тарихи сананың табиғаты оны жасаушы нақты субъектілердің, шежірешілердің, қариялардың тұлғалық жеке санасынан туындаған. Заман талабына орай туындаған тарихи сана көшпелілердің қауымдық жүйесінде мәні зор, түсінікті, өзекті ортақ қоғамы тәжірибелік құбылыс болғандықтан, шежірелер тарихи әлеуметтену мәселесінде қоғамы институт ретінде қызмет атқарды. Шежірелік тарихи сана мен таным көшпелілер қоғамының ортасында дәстүрлі тәрбие жүйесімен тығыз байланыста болған [3, 144]. Сонымен, тарихи сананың табиғаты, тамыры халықтың терең әлеуметтік, қауымдық тұтыну талаптарынан, адамның жеке сана қажеттілігінен туындап бастау алады және тарихи танымның формасы сол қауымға сәйкес қалыптасқан социумдық қарым-қатынастардың табиғатына байланысты. Көлемі 76 беттен тұратын Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі» атты шағын кітапта көп мәселелер қамтылған. Оны шежіре мазмұнынан көруге болады. Орта жүз тарихы, Мейрам тарихы, Сүйіндік, Қуандық, Қаракесек, Бошан, Бәсентиін, Бұқа, Көбір, Тәнбісопы, Бегендік, Тобықты, Қанжығалы руларының

бастапқы түп - тектері келтірілген. Найманның Қаракерейі, Қыпшақтың Бұлтыңы, Керейдің Күрсарысының ру-тайпалық құрамы қысқаша әңгімеленген. Әр рудың аталарын таратқанда Мәшһүр Жүсіп жұртқа, қалың елге танымал болған тірі немесе бертін қайтқан атакты адамдарға дейін шежіресін апарып жеткізеді. «Кісі білмейтұғын жандарды жаза беріп неменеге керек», - дейді шежіреші [4, 76].

М-Ж. Көпеевтің «Орта жүз тарихы» бөлімінде Жанарыстың екі әйелі болғандығын, оның баласы болмай ойламаған жерден алты қожа келіп қонғанда:

Ой, Құдай-ай!

Берді ғой бала беретұғын,

Әулиелер келді ғой,

Сыйынбасам маған серт,

Қолдамасаң саған серт,

Сарт болсаң саған серт,

Сарт болсаң садағам кет, - деп алтауына алты қой сойып, көңілдерінен шығып риза болып, алтауы «алты ұлға өз аттарымызды бердік» - деп бата береді. Кейін Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, тоқалынан Есімқұлқожа, Қасымқожа туатындығын жазады. Сонымен бірге, Қарақожадан – Арғын, Аққожадан – Найман, Ақтамберді Қожадан – қыпшақ, Дарақожадан – Қоңырат, Есімқұлқожадан Керей, Қасымқожадан Уақ тарайтындығын нақтылап, түсіндіріп жазған [5, 116].

Мәшһүр қазақтың әуел басы «Нұх пайғамбардан тарап бөлінгенде Жаппас деген баласынан түрік, оның түтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, одан мағол, татардың мағолынан Қара хан, одан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілінен тарадық» - дейді [4, 12].

Мәшһүр Жүсіп «қазақ шежіресіне» арналған жазбаларында Шәкәрім «Шежіресіне» бірнеше жерде сілтеме жасайды. Мәшһүр шығармаларының 10-томында «Шәкәрім шежіресінен тобықтыны жазып алдық» деген авторлық ескертпесі бар. Мәшһүр жазбаларында Тобықты ішіндегі аталардың қазақи дұрыс аталғанын айта кеткіміз келеді. Шәкәрім «Шежіресінің» баспаға түскен нұсқаларында, (әсіресе 1991 жылы жарияланған («Жұлдыз» журналының бірінші санында және жеке кітап ретінде) емле, әріп қателері өте көп. Мысалы, Шәкәрім «Шежіресіндегі» «бұл Тобықтының екі баласы – Рысбетек, Дәулетек» (Орынбор нұсқасы, – 64-бет) 1991 жылы жарияланған нұсқаларда біресе Ерістік, Дәулетік,

біресе Рәсіптік, Дәулеттік т. б. жазылады (1991 жылы шыққан жарияланған нұсқалар; «Жұлдыз» №1. – 88-89 бб; жеке кітап түрінде – 41-42 бб.) [6, 214].

Мәшһүр Жүсіп Шәкәрім «Шежіресінің» Еуропалық тарихнаманың дәстүріне түсіп, қазақи баяндаудан ауытқып кеткеніне наразылық білдіреді: «Қағаз бетін орын алдырып толтырып, жан білмейтін жамандарын жазады. Дадан-Тобықты Қараменді биді жазбайды. Өз заманымызда айдай атын өлем білген Нармамбетті жазбайды. Құнанбай-Бөжей, он бір жыл Құнанбаймен дауласуға жараған Бөжейді жазбайды. Айдай өлемге байлықпен атағы шыққан соқыр Оразбайды жазбайды. Құнанбайдың Ыбырайы (Абайы) жолбарыс болып шыққанда, қасқыр болып шыққан (шапқан): Базаралы, Бағаналы, Қарымсақ, Шопан – бұл төртеуі қайдан шыққанын жазбайды...». Мәшһүр Жүсіп қазақ шежіресінің негізгі принциптерінің бірі – тарихты ірі тұлғалар арқылы баяндауды қолданған. Бұл – ең көне заманнан келе жатқан көшпелі түркі-моңғол халақтарынан шыққан тарихшылардың қағидасы. Мәшһүрдің өз жазбаларында бұл принциптен ауытқу болмайды. Мысалы, Қуандық руын тарата келе ол Өтегеннің Көлбайынан Жантелі, Майкөт. Майкөттен Әміртай. Әміртайдан Құлшынбай, одан Әлі болыс. Жантеліден Жорғабай. Жорғабайдан Ысқақ. Кісі білмейтұғын жандарды жаза беріп немеге керек», – деп бұл атаны әрі қарай таратудан бас тартады. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп Шәкәрім «Шежіресінен» тобықты руын таратуға қатысты көшірмелер жасай отырып қазақ арасында белгілі Мамай батырға қатысты бөліміне «Абыз-Шомақ Боктыбайдың жасауының ұрлану» әңгімесін, Бірғызбайға қатысты беттерде Балта ақынның Құнанбайға айтқан өлеңі т.б. қазақтың ауыз екі деректерін, аңыз-хикаяларын қосып отырады [7, 224].

Мәшһүр Шәкәрім «Шежіресіне» қатысты қосымшаларының бір қатары «Қалқаман-Мамыр» оқиғасына қатысты. Мәшһүрдің осы әңгіменің екі нұсқасымен де таныс болғаны байқалады, бірақ шежіреші «Қалқаман-Мамыр» әңгімесінің өлең-жыр түрінде өңделіп, жариялануын ұнатпайды. Мәшһүр қазақтың өлең-жырға жақын екендігін, өлең болып шыққаннан кейін Қалқаман мен Мамыр тағдырына елдің аяушылық танытатынын, ал шын мәнінде, қазақтың неке тәртібін (жеті атаға дейін үйленбеу) бұзғандарға ешқандай аяушылық болмау керектігін ескертеді. «Қалай болғанда да, бұл тәртіпті бұзғандарды ақтаудың қажеті жоқ», – дейді Мәшһүр. Сонымен бірге Мәшһүр «Қалқаман-Мамыр» оқиғасына

қатысты Бәсентиін – Қойсары деген елдің ішінде сақталған аңызды келтіреді. Ол аңызда жаугершілік заманда осы елге Қалқаман деген азаматтың келгенін, бала болып, жылқы баққанын айтады. Мәшһүрдің жазғанына көңіл қоялық: «Ақтабан шұбырындыда» тоқсан жеті жасында жүре алмай, төбе басында отырып қалған осы – Әнет бабаң. Отырып қалған жері – Әулиелі Қызылтау. Артынан іздеп келіп, тірі күнінде тауып алып кеткен. Әулиелі Қызылтауда Әнет аты – жер аты болып қалған. Елдің барып тоқтаған жері – «Мамыр» көлі болып атанып қалған. Қалқаман Мамырдың моласын күзетіп қалып, ақырында сол маңайда өлгеннен көмілген жері «Қалқаман» атанып, «Қалқаман тұзы», «Қалқаман бекеті» атаған. Бұл мәселе қазіргі тарихшылар тарапынан әлі де нақтыланып, әрі қарай тереңдей зерттелетін мәселе болуға тиіс [5, 326].

Мәшһүр Жүсіп қазақтың Келімбеттерден бастап тарайтұған нұсқалардың барлығын, бірақ үлгілер тарихын ешкім түсіндіре алмағанын айтады: «Біреу Болат қожа дейді, біреу Ақжол дейді. Екеуі бір кісіге аталған ат деседі. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс үш жүздің атасының аты деседі. Біреулер Ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шодан деген аталары бар десіп жүрді. Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болады» [5,63].

Ал данышпан Абай «қазақтың түбі моңғол, шығыс жақтан келген. Енисей-Аққарада моңғолдардан тараған татар деген халықтан бөлінген» - деп жазған. Тоқтамыс ханның шежіресінде қазақ шығыс жақтан ауып келген халық деп шамалайды. Қазақтың ұлы ғалымы, этнографы Ш.Ш.Уәлиханов қазақтар түрік пен моңғолдардың араласуынан пайда болған деген [8, 57].

Шежірелердің көбінде ру-тайпалар тегімен қатар азды-көпті жер-су туралы деректер жүреді. Олардың мазмұны руға айналу, көшіп-қону бағыттары, қоныстану туралы аңыздарын сақтайды. Әсіресе ата-жұрт туралы аңыздар көп болады. М.Ж. Көпейұлы Асан Қайғының жер-су турасындағы сөзін жинақтады. Сонымен қатар М.Ж. Көпейұлы «Сарыарқадағы жер атауларының барлығы ата-бабаларымыздың қойған аттары, - дей келе, Сарыарқадағы қазақ топонимдерінің аталу тарихын, «Сарыарқада жары терең сулар, өзен орындары сол замандағы ноғайлардың егін салдыру үшін қазған арығы екен» - деп, аңыз-әфсана мазмұнымен түсіндіреді. Сөзсіз, жердің, көлдің, адыр, бұдырлардың тарихи атаулары, оларға байланысты өткен оқиғалар сенімді бір дерек көзі.

Шежірелік сюжеттерде әр түрлі географиялық кеңістік туралы ұғымдар сақталған: Жиделі байсын, Төрт төңірек (генеалогиялық

кеңістік ретінде), Он екі Қазылық, ой Түндік, Сарыарқа, Жетісу, Алтай, Түркістан, Қаратау, Маңқыстау, Еділ-Жайық, Ойыл мен Қиыл. Сонымен бірге жол қатынастары туралы деректер баяндайды. Сарыарқа жеріне орай халық ортасындағы тарих М-Ж. Көпейұлының шежіре еңбектерінде үйлесімді сипатталады.

М-Ж. Көпейұлы деректі шежірелік жазбаларындағы XVIII ғасырды баяндайтын қазақ тарихының оқиғалары Абылай заманына байланысты көптеген тарихи аңыз-өңгімелерді қамтып жатқан үлкен бір тарихи дәуір. Осы туралы қазақтың тарихшысы М-Ж. Көпейұлы: «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие бола қалған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жаумен жағаласқанда оққа ұшып, өліп, сөйтіп алынған жер еді» – деп жазған [3, 162]. Мәшһүр – Жүсіптің шежіре саласындағы елеулі еңбегі, атқарған мол ісі, жасаған жұмыстарының нәтижесінде келешектегі Сарыарқаның шежіре зерттеушілеріне жол ашылды, кейінгі зерттеулердің іргетасы қаланды, негізі салынды деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев М-Ж. Қазақ шежіресі (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 233 б.
- 2 Сейдімбек «Қазақ халқының тарихындағы шежіренің орны . Материалы международной научно-практической конференции «V чтения Машхур Жусипа». – Павлодар, 2006. Б. 20-38.
- 3 Мұқаметханұлы Н. Тарихи зерттеулер: Шежірелік деректер. – Алматы: Жалын, 1994. – 144 б.
- 4 Көпеев Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. - 76 б.
- 5 Көпейұлы М-Ж. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007. – 445 б.
- 6 Артықбаев Ж.О. Историческое наследие М.Ж. Копеева. Павлодар, 2004. – 214 б.
- 7 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – Т. 2. – 224 б.
- 8 Валиханов Ч.Ч. Сборник сочинении в пяти томах. – Алма-Ата: 1961-1972 г.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ ЫНТЫМАҒЫ

АЯПБЕРГЕНОВА М.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халық ақындары қай заманда болсын поэзиясы арқылы ел тағдырын, халық қуанышы мен мұнын, жетістігі мен қиын кезендерін жырына арқау еткен. Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да болсын адам көңіл-күйін шертуші, адамның буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған, өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті болып табылады.

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар кемел ақынның бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екендігі белгілі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларын тереңдей зерттеу, ақынның қазақ әдебиетінің дамуына тигізген игі ықпалын ашу, ақынның даралық тұлғасын тану - кейінгі ұрпақтың міндеті.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы қазақ әдебиетіне де өзінің онды ықпалын тигізгені анық. Қазақ әдебиетіндегі дара тұлғаларымыздың әдеби мұрасын танып, талдауға, әдебиетіміздегі мол мұраларын тануға мүмкіндік туды. Қазақтың белгілі ақыны, фольклоршысы, тарихшысы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бай қазынасын саралауға да қолымыз жетті. Ұлы ақынның шығармашылық белестері ғалым С.Н. Сүтжановтің [1,2], фольклор саласында Н.Қ. Жүсіповтің [3,4], дастандары Е.Қ. Жүсіповтің [5], т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттеледі.

Ақын өмір сүрген дәуір түрлі қиындығы мен қасіреті, тауқыметі көп кезең болып тарихта қалды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1917 жылға дейінгі патшалы Ресей жағдайында да, кейін патша тақтан құлаған дәуірде, «жаңа әділ заман орнатты» деген коммунист отаршылдары билігі тұсында да қуғын-сүргіннен көз ашқан жоқ. Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы қазанда жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деген кітабында жырланды. Ақын 1907 жылы қабынған зорлықты, қазақ халқының ең бір шұрайлы жерінен айырылып, жоқшылық шеге бастауын «Сарыарқаның кімдікі екендігі» шығармасына арқау етті. Ақын еңбегі арқылы халық қасіретін көреміз. Елдің шұрайлы жер-суынан айырылып, қысым көруі ашық жазылды. Ақын кітабы 1912 жылы зиянды деп табылып, халық қолынан аластатылды. Ақынның шығармаларын жариялауға тиым салынып, кесененің (бейіттің) бұзылуы кеңестік дәуірдің қателігі.

Туған жер, өскен ортасын сүйген, ақын жүрегі халық деп соққан. Ел тағдырын жоғары қойған Мәшһүр Жүсіп ел ынтымақтығын бағалаған. Озбыр отаршылдықтың бұғауын үзіп, егемен ел болуды Мәшһүр Жүсіп те аңсаған. Ел тағдырын жырға қосып, туған жер үшін тебіренген. Ұлт тағдыры, ұлт азаттығы жолында күрескен арыстарды рухтандыратуындыларын жазған.

Ақынның фольклор жинау мақсаты да кейінгі ұрпақтың қамы, рухани асыл мұраны жинап, дәріптеп, саналы азамат қалыптастыруды көздеген. Мәшһүр-Жүсіп ұрпағының жақсылық атаулыға жеткенін дәріптеп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткенінің астарында кеше, бүгін, ертең деген терең ұғым жатқанын аңғару қиын емес. Яғни, кеше – халықтың өткен тарихы, бүгін – өз өмір сүріп отырған заман, ертең – ұрпақтың келешегі. Осындай үш кезеңді ұштастыру арқылы тұтас халықтың тарихы деген үлкен ұғым пайда болмақшы. Ал тарих – ұрпақтың алар бағыт-бағдары. Демек, тарихтан сабақ ала отырып, ұрпақтың келешегі қалыптаспақшы. Халық даналығын жинастыра отырып, ұрпағына ұлттық тәрбие беруді мақсат тұтқан.

«Шайтанның саудасы» өлеңі – аллегориялық жолмен жазылған өлең. Ақын бұл өлеңінде ел тағдырын түспалдайды. Елді жайлаған кесел әрекеттерді сынауды мақсат еткен. Сынай отырып, елді ынтымаққа шақырған. Шайтанның базарға барып сауда жасауы, зорлық, алдау, күншілдік, тәкәппарлықты белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы арасындағы жаман әдеттің белең алуы мен тез таралуын меңзеген.

Артқаным бір есекке ылғи жалған,
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.
Нанбасаң еріп бірге көзіңмен көр,
Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекке мекер хайла,
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Бір тиыннан он тиын пайда аламын,
Көптің басы қосылған жиын жайда.

Артқаным бір есекке өңкей зорлық,
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.
Мен алмай оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.
Мастанып артқандықтан тәкәппарлық,
Жүре алмай бара жатыр мына есек.

Көріп отырғанымыздай, «бір есекке ылғи жалған» артқан. Жалған сөйлеу – ел арасына сенімсіздік туғызады. «Жалған» көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғымды деректендіре отырып, есекке артуы, зорлық, алдау, күншілдік, тәкаппарлықты арқанмен бууы – көлемі мен салмағын мөлшерлеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, келесі бір жүктің, заттанған тәкаппарлықтың ауырлығы соншалық, оны артқан есек «жүре алмай бара» жатады. Мұның бәрі қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық, ашкөздіктің т.т қаншалық салмақты, көлемді екенін көзбен көріп, қолмен ұстарлық қалыпқа, заттандыруға көшіру арқылы әсерлі бейнелеу үлгілері. Қорыта айтқанда, адамдар арасындағы теріс істерді олардың өзіне сынатып қоймай, жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады. Ақын осы оқиға, шартты әрекетті пайдалана отырып, не бір өткір сынды да шартты бейне, шайтан атынан айтқызады.

Шаршарсың базар барсаң басың қатып,
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Алады зорлығымды пұлға сатып.

Неге болыс болады малын шашып?
Қашан болып шыққанша жанталасып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.

Қарсы келсе бетіне басын шайнар,
Құнсыз-пұлсыз кедейдің соры қайнар.
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар.

Шынында да, ел билеушілердің тізгініне ие болуы көбінесе таза жолмен емес, қайта зорлық, паракорлық арқылы іске асатынын Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген ортасын сынап отырып, заманның шынайы бейнесін жасайды. Басқа да олқылықтар тәрізді тәкаппарлықты да ақын жай сынап өтумен шектелмейді, оны да биігіне жеткізе, басқа жағымсыз жайттардан да тәкаппарлықтың зияны жоғары екендігін баса көрсетеді:

Біреуі ұн, біреуі пұттап май алады,
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық «жүгіді» қалтасы мол,
«Жетілген» надандыққа бай алады.

Томпып қалтасына жүрген сыймай,
Біреуге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң тәкаппарлық сатып менен,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.

Бай біткен болғандықтан қарабауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзін-өзі көріп ауыр.

Байдың тәкаппарлықты сатып алуы және оның «өз үйіне өзі сыймай» дүрдиюі - тәкаппар адам бейнесін қалтықсыз суреттеуде көрінген. Қалтасы өалың, надандыққа жетілген бай аскандықтан тәкаппарлықты алуы шынайы.

Өлеңде ел аздырар, теріс іске итермелеуші ретінде шайтан алынған. Шайтан – жамандықтың символы. Шайтанмен бірге жүру, саудалаған «затын» адамдардың сатып алуы - сол заманның азғандығын ашады. Сондықтан да шайтан:

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

-десе, бұл адамдар арасындағы жат қылықтардың етек алуы, жалғандық пен күншілдік, зорлықтың шектен шығуы. Заманның азуын ақын жан ашымайтын өзәзілдің, баға беруі арқылы өрнектелген.

М.Ж. Көпеевтің «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде өзі өмір сүрген ортада, қоғамдағы елді аздырар жат қылықтардың, жамандықтың жайлағанын тұспалдап бейнелейді:

«Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап,
Шынымен кеткенің бе мені тастап?!»

«Ақындық» дерексіз ұғым, деректену арқылы адамға тіл катады. Лирикалық қаһарман ақынмен айтысады:

Заман жылдан-жылға болды өзге,
Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,
Менің бар не керегім, - деді сізге?

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?
Танысын қарға, бұлбұл қайсысы оңды,
Жамандар білмей жүрген өз қадірін.

Сақтамас, қадіріме ешкім жетіп, - дейді.
Таусылды бастас кісім бітіп, - дейді.

Тікенге қонақтауға арланғаннан,
Барамын мен бұл жерден кетіп, - дейді.

Ел арасында ақынның айтқан кеңесін тыңдар жан жоқтығына «ақындық» қынжылады. «Соқырлар қайдан білсін көз қадірін, // Танитын жан қайда бар сөз қадірін?» , -деп надандықты «соқыр»сөзімен ауыстырған.

Елді аздырар «ұрлық пен зорлық» екенін Мәшһүр Жүсіп дерексіз ұғымды заттандыра отырып көрсетеді, ел жайлаған ащы шындықты жайып салады.

Ағайын егіз туған: ұрлық-зорлық,
Зорлығы – ағасында, іні де – ұрлық.
Бірі қойса, бәрі де қояр еді,
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.

Осы дерексіз ұғымның бірін екіншісі тудыратынын әпеттеу үшін екіншіде «ұрлық-зорлық» ұғымын ағайынды адам ретінде алудың нәтижесінде ақын қоғамды жайлаған кесепаттардың өзара байланысты екендігін ұтымды өрнектеген.

Сөйтіп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексізді заттандыру т.т. шебер пайдалану арқасында өзі өмір сүрген дәуірдегі келеңсіз жайттады сынға алып, елді бірлікке, жақсылыққа шақырған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сүтжанов С.Н. Мәшһүр мұрасы. -Павлодар, 2001, -98 б.
- 2 Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы. -Павлодар, 2006, -91 б.
- 3 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. -Павлодар, 2003, -218 б.
- 4 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп және фольклор. -Павлодар, -1999, -93 б.
- 5 Жүсіпов Н.Қ. М.Ж.Көпейұлының фольклорлық еңбегі . -Павлодар, -1999, -126 б.
- 6 Жүсіпова Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп және Шығыс руханияты. -Алматы, -2005, -184 б.
- 7 Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Филол. ғыл. канд. дисс. Авторефераты, -Астана, 2006, -25 б.

ПРОЗАДАҒЫ ДРАМАТИЗМ

АЯТОВА Г.
мұғалім, №14 орта мектебі, Павлодар қ.

Прозалық туындылардың жанрлық шарты қатал драмалық шығармаларға айналу барысы жеңіл жол емес. Прозадағы авторлық еркін көсілу, кейіпкерлер бейнесін ашудағы компоненттерді шектеуден сахналық туынды жасалмайды. Эпостан драмаға өту, яғни инсценировкаланған дүние бойында бірінші кезекте драмалық жағдай, драмалық мінез, драмалық тартыс, драма тілі болуы – жанрдың басты талабы.

Қазақ әдебиетінің майталман қаламгерлері М. Әуезов, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов шығармалары инсценировка талабында республика театрларының сахналарынан елеулі орын алды. Ғалым Р. Нұрғалиев: "...прозадағы драматизм проблемасын зерттеу – жанрлардың өзара тоғысу, бір-бірін байыту құбылыстарын, өнердің қазіргі тенденцияларын ашып беруге мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм" [1,139], - деп ой қорытса, зерттеуші Т. Есембеков: «Драматизм – это в большинстве случаев рассогласование, несовпадение, противосостояние, несовместимость каких-то начал, таким образом драматические ситуации по своей природе неустойчивы, обладают колебательным характером, им присущи напряженность и непредсказуемость, эмоциональная вибрация, хаотичность выбора, состояние фрустрации» [2,14],- дейді.

Жазушы, драмашы Сәкен Жүнісовтің көркемдік шарты қатал, өткір, тартысты, кірпияз жанрға келуіне бірнеше себептерді алға тартуға болады. Біріншіден, прозалық туындыларында драматизмнің күштілігі басым болып жатса, екіншіден, шығармаларында драманың элементтері молынан кездесуі, үшіншіден, Қазақ академиялық драма театрының әдебиет бөлімін 1963-1967 жылдары басқарып, ізденген, яғни театр сыны, дәстүр жалғастығы арқылы келді деп айтуға толық негіз бар.

Драмашының пьесалары – театрдың жақсы репертуары бола білуімен ғана шығармашылық өнері жайында әділ бағасын алады. Ғалым, сыншылардың пікірлерінен драматургия саласындағы алғашқы жетістіктері мен сыни кемшіліктері жайлы республика театрларында табысты қойылып, көпшіліктің ықыласына ие болғаны аңғарамыз.

Қаламгердің жанрды игерудегі шеберлігі жайында академиялық және облыс театрларында әр жылдары қойылған драмалық шығармалары әдебиет зерттеушілері, театр танушылардың, журналистердің назарынан шет қалған емес. Атап айтқанда: Ғ. Мүсірепов, Ә. Әбішев, Ә. Сәрсенбаев, К. Нұрпейісов, Е. Әкімқұлов, С. Ордалиев, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, Б. Құндақбаев, Ә. Сығаев, Р. Тоқтаров, Тарақты Ақселеу, С. Негимов, К. Уәлиев, М. Хасенов, Т. Есембековтің, М. Халиолин, Т. Қажыбаев, Р. Тұрысбеков, Б. Бұлғақбаева, С. Ғазезов, Ж. Жақанова, Х. Әдібаев, К. Ғалымтаев, Т. Кешубаев, Ә. Шапауовтың жұмыстары бар [3].

Жазушы-драматургтың төл драмалық шығармалары мен инсценировка-пьесаларында тартыс пен мінездің атқаратын қызметі жоғары. Мысалы: орталық қаһармандары Ажар мен Атан, Қарасай мен Райхан, Разия мен Мұрат, Сәуле мен Разия, Сәбит пен Мұхтар, Жамбыл мен Сәбит, Баттал мен Таурид т.б. араларындағы тартыс шебер сомдалған. Сонымен қатар автор тудырған кейіпкерлерінің бейнесі алдыңғы және замандас драматургтер шығармаларымен салыстыра қарағанда әлсіремей, шыңдала түскенін байқаймыз.

Драматург мінезді драма табиғатына лайық қатал сындарда шыңдап барып бірақ танытады. Бір ерекшелігі – пьесаларының негізгі мазмұны, оқиға арқауы бірінші көрініс-бөлімінде толық ашылуы. Бұны драматургия жанрында – экспозиция дейді. “Экспозиция (лат. expositio-түсіндіру) - көркем шығармада оқиға дамып өрістейтін орынды, органы, ол оқиғаға қатысатын кейіпкерлерді сипаттап алғаш оқушыға таныстыру. Экспозиция негізгі оқиға желісінің шиеленісіне тікелей байланысты болмай, соған кіріспе-эпизод ретінде өз алдына оқшаулау тұрады. Себебі, ол оқиғаның, тартыстың басталуы емес. Тек қана тартыс-қақтығыстың барысын неғұрлым айқын, анық түсініп-білуге қажетті дерек, суреттемелер” [4,373],-десе, А. Толстой: ”Экспозиция бірінші актыда мүмкіндігінше толық ашылып болу керек” [5,130], - дейді, ал, академик З. Қабдолов: “Драмадағы хал-күйдің басы (экспозиция), әрине, пьесаның кіріспесі іспетті, алғашқы актыда жатады. Мұның міндеті – көрерменді пьесаға қатынасатын адамдармен (персонаждармен) таныстыру. Экспозиция екі түрлі (жағдай экспозициясы, мінез экспозициясы) болуы мүмкін” [6,343], -деп, зерттеуші Р. Рүстембекова: ”Оқиға басталмастан бұрынғы жағдаймен оқушыны таныстыру немесе кейіпкерлер жайында шығарма бойында ақпар беруді “экспозиция” десек, драматургияда мұның да орны маңызды. Егер драматург экспозицияны созып алса, оқиға баяулап, сылбыр дамиды” [7,87], - дейді.

Белгілі суреткер С.Жүнісов шығармашылық лабораториясындағы ерекшеліктердің бірі – белгілі прозалық туындыларының драмалық шығармаға айналып жатуы. Мысалы: “Жапандағы жалғыз үй” романы негізінде “Қос анар” драмасы, “Аш қасқырлар қамаған қызыл керуен” атты повесі бойынша “Өліара” деректі драмасы өмірге келді.

Тарихи туынды “Ажар мен ажал” пьесасы – инсценировкаланған шығарма. Қазақ халқының бір туар ұлдары Б. Майлиннің “Раушан коммунист”, М. Әуезовтың “Қорғансыздың күні”, Ғ. Мүсіреповтың “Ашынған ана” атты повесі, әңгімелерінің желісімен және өзіндік тың пікір дамытушылығымен кезінде көрерменнің жүрегіне жол тапқан шығарма болып және пьеса авторы бұған дейін балаларға арналған шағын пьеса жазып келгенімен, кәсіби деңгейде алғаш рет шебер драмашылар қатарынан көрінді.

Пьеса дүниеге келген тұста екі түрлі пікірдің болғаны баспасөз беттері мен ғылыми еңбектерде басылды. Жазушы Әбу Сәрсенбаев: “Автордың бұл пьесасы - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы үш ірі қаламгердің кейбір әңгімелерінің сарынын ғана алып, сол туындылардың тұтқынында қалмай, өзінше шешімін тапқан творчестволық жеке еңбек” [8], -десе, К. Нұрпейісов: “Бұл драматург тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. “Ажар мен ажал” жазушының драматургия жанрындағы табысты дебюті деп қараймыз” [9],-дейді. Б. Құндақбаев:”...Пьеса шиеленіскен тартысқа құрылып, жанр талабына лайықты композициялық құрылыс, қызғылықты драматургиялық шешім табуының үстіне көркем тілмен жазылған. Автордың классик жазушылардың новеллаларын орынды пайдалана отырып, олардың стильдік ерекшеліктерін де сақтай білуі пьесаға өзіндік сипат, драматургиялық қуат, көрікті бояу берген” [10], ал зерттеуші С. Қирабаев: “М. Әуезов (“Қорғансыздың күні”), Ғ. Мүсірепов (“Ашынған ана”), Б. Майлин (“Раушан-коммунист”) шығармаларының кейбір сарындары көрініп тұрғанымен, “Ажар мен ажал” – шын мәніндегі драмалық тартысы күшті пьеса” [11],- деп бағасын береді. Зерттеуші Р. Нұрғалиев: ” ... үш бөлімнен тұратын пьесаға үш шығарманың материалы молынан пайдаланғанын, ... текст ұқсастығына назар аударғанын, пьеса алғаш сахнаға қойылған жылдары үш қаламгердің аты аталып, бергін келе алып тастау ақиқатқа қиянат екенін ескертсе; енді С. Жүнісовтың төл пьесасы, драма ретінде өмір сүруге қақысы барлығын айғақтайтын жәйттерге тоқталу қажет деп: сахналық шарттары, драматургиялық

талаптары ескерілгендігін, Қазақтың алғашқы драматургтері Ж. Шанин, М. Әуезов, Ғ. Мүсіреповтар эпос сюжетін, фольклор мотивтерін, аңыз қаһармандарын творчестволықпен пайдалана отырып ұлттық әдебиетімізде бір алуан дәстүр жасап, оны әркезде Қ. Сатыбалдин (“Аягөз ару”), Ә. Тәжібаев (“Халқым туралы аңыз”), Ш.Құсайынов (“Алдар көсе”) жаңа бояулармен байытты. С. Жүнісовтің драматургиядағы алғашқы пьесасын кеміту емес, үлкен ізденістерге, ешкімнің ортағы жоқ төл туындылар жасауға автордың мол қабілеті барлығына шәк келтірмейміз” [12,165], – деп жас драматургке ақжолтай тілейді.

“Ажар мен ажал” – тарихи драма инсценировка. Қазақ драматургиясы жанрын арнай зерттеуші Р.Нұрғалиев 1973 жылы “Күретамыр” атты монографиясында текстологиялық салыстырулар жасаған болатын. Біз де арнайы нысанаға алып, кеңірек түрде драматург С. Жүнісов эпостан драмаға өту процесінде үш актілі драмасына, бұрыннан белгілі классикалық үш шығарманың материалын қаншалықты пайдаланып, дамытып, өз тарапынан драмалық шығарма дәрежесіне көтеру үшін көркемдік шарттарды қосқанын анықтау үшін, М. Әуезов, Б. Майлин, Ғ. Мүсіреповтердің әңгіме, повестерімен текстологиялық салыстырулар жасаймыз, автор-драмашының инсценировкалау процесіндегі өзіндік жетістігін, кемшілігін танытамыз.

М. Әуезовтің “Қорғансыздың күні” атты әңгімесінде драма жанрының элементтеріне жауап бере алатын шарттар мол. Әңгіме авторы М. Әуезов ХХ ғасыр басында тұрмысы қарабайыр қазақ даласындағы қараша үйлерге қатыгездікпен қарым-қатынас жасайтын, қолында билігі бар атқамінерлердің адам естімейтін зорлық жасаған “екі аяқты айуандардың” қылығын көркем шығармаға басты арқау етіп алған. Әңгімеде драма табиғатына дайын тұрған диалогтар, монологтар бар. Тіпті кейіпкерлері аттарының кейбіреуілерін көп өзгеріске ұшыратпаған. Мысалы: әңгімеде – Ақан, пьесада – Атан, Қалтай – Қатай, Ғазиза – Ажар деп алады. Ал әңгімеде үйдің иесі Жақып болса, пьесада Сұлтан. Әңгімеде қайтыс болған адамдар кемпірдің ұлы мен немересі болса, драмада кемпірдің баласы мен келіні. Мысалы:

Әңгімеде:

“Шанадан түсіп, үстерінің қарын сілкіп болған соң, Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп: – Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай.

Қалтай атты доғарып жатып: – Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің”. [М. Әуезов “Қорғансыздың күні” әңгімесі]

Пьесада:

“Атан (алға тосырқай қарап). Мынауың бір иесіз қора секілденген жеркепе ғой. Ұсқыны жаман екен.

Қатай (жұмсара сөйлеп). –Атанжан, үндеме. Дымың ішінде болсын. Бүгінгі билікті маған берсеңші”. [С. Жүнісов “Ажар мен ажал” пьесасы]

Драматургия талабына лайық өзгерістер енгізілген.

Әңгімеде:

“Ақан құран оқыды. Артынан Ақан да, Қалтай да үй-ішімен амандасып, кемпірге қарап: – Құдай ісі сыпайшылық, ақырының қайырын берсін!,- деп, жайлап көңіл айтты”. [М.Әуезов “Қорғансыздың күні” әңгімесі]

Пьесада:

“Қатай. –Ағзу биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахи-имм... (Күбірлеп ұзақ отырып бата қылды)

Атан. – Тәуір, тиышсыз ба, шешей?

Қатай. –Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарыңа ғұмыр берсін!”. [С. Жүнісов “Ажар мен ажал” пьесасы]

Осындай мәтін ұқсастықтары екінші, үшінші бөлімдерде де кездеседі. С. Жүнісов үш бөлімді пьесаға, үш шығарманың сарындарын, әрекеттерін алып қана қоймай өзіндік үлес те қосқанын аңғарамыз.

Пьесаның екінші бөліміне Ғ. Мүсіреповтің “Ашынған ана” әңгімесінің кейбір оқиғалары арқау болған. Бұл әңгімеде де драманың элементтері жетерлік. Мәтіндік салыстыру:

Әңгімеде:

“Керілген кермиық жас қатыны бар еді. Қара үйге бар. Бұл үйге кісі келеді, - деп айдап шықты. Мен кісі емей, итпін бе дейін деп кеудем бір қозып тұрды да, айта алмадым, шығып кеттім. [Ғ. Мүсірепов “Ашынған ана” әңгімесі]

Пьесада:

Келіншек үнсіз ғана тосырқап, танымайтын сұлу келіншектің басынан аяғына дейін әлденені қызғанғандай салқын, сүзе қарайды.

Ажар. –Болыстың үйі осы болар? Ақлима деген жамағаты сіз боларсыз?

Ақлима. –Біз болсақ, біз болармыз... Оны қайдан біліп тұрсын. Мен сені танымаймын...” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”]. Негізгі мағыналары бір.

Әңгімеде:

“Өзім көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім”. [Ф. Мүсірепов “Ашынған ана”]

Пьесада:

“Атан жастыққа домалап, ішін басып ішек-сілесі қатып жатқанда, Ажар көз ілестірмей босағада жатқан балтаны ала сала Атанды шабады” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”]. Мәтіндік ұқсастықтар бар.

Б. Майлиннің “Раушан – коммунист” повесіндегі басты кейіпкерлер Раушан мен Бәкен, С.Жүнісовтің “Ажар мен ажал” пьесасындағы Ажар мен Бөпіш арасындағы тұрмыстық, отбасылық қарым-қатынастары ұқсас байланыс бар. Повестегі мөр басу оқиғасы, хатшының (өкілдің) артына тығылуы, хатшымен жақындық туралы әйелдердің өсектері т.б. пьесағадағы әрекетке негіз болған. Дәлелдерге жүгінейік.

Повесте:

- Әй, қатын, тұра тұр, - деді Бәкен.
- Немене?
- Мына кісінің жұмысы бар білем, соны бітіріп бер.
- Жок, қайнаға, өтірікке мөр баса алмаймын ! – деді.
- Сенің онда нең бар? –деп, Бәкен ежірейе қарады”. [Б.Майлин “Раушан – коммунист”]

Пьесада:

“Б ө п і ш. – Ажар , мөрді әкелші.
А ж а р. – Мөр?
Б ө п і ш. –Иә, мөр!... Саған не үшін керек еді? Маған да сол үшін керек. Менің де елім, жақын-жұрағаттарым бар, жұртта жалғыз ұлып қалған бұралқы ит емеспін. Еркек болып себебім тимесе, сенің ауылнайлығыңнан, маған әйел болғаныңнан не пайда” [С. Жүнісов “Ажар мен ажал”].

Мәтіндік салыстырулардың қорытындысынан көрініп тұрғандай Сәкен Жүнісовтың “Ажар мен ажал” драмасында “Қорғансыздың күні”, “Ашынған ана” әңгімелерінің, “Раушан – коммунист” повесінен алынған кейбір оқиғалар, идеялар, әрекеттер жатқандығын айғақтайды.

Аталған прозалық шығармалардың көшірмесі немесе нашар шыққан инсценировкасы ғана емес, өз алдына жеке пьеса боларлық көркемдігі, толық құқы бар сахналық туынды екендігіне назар

аударамыз. Л.И. Тимофеев: “Во многих отношениях драма чрезвычайно близка к эпосу. С чисто литературной точки зрения драма в сущности и есть эпическое произведение – роман, повесть, в котором есть только одна своеобразная особенность: драма лишена речи повествователя” [13,373],- деп эпос пен драма табиғаты арасындағы айырмашылығы жайында айтады.

Драмалық шығарма болуы үшін, онда: драмалық жағдай, драмалық бейнелер, драмалық тартыс, диалог, монолог, әрекет, характерлар болуы міндетті. Бұл шарттардың барлығы да “Ажар мен ажал” пьесасы бойынан табылады.

Пьесадағы әр кейіпкердің атқаратын жүгі әр қалай. Драмадағы тартыс – ширекқан, тартымды. Адалдық пен арамдық қатар өрбіп, психологиялық ахуалда әсер етіп, пьесаның басынан аяғына шейін тас түйін қалпын бұзбаған. Оқиға орталық қаһарманы – Ажардың айналасына жинақталған. Бір Ажардың өзіне ауыртпалықтың сан түрі түссе де мойымауынан - қос ғасыр тоғысындағы қазақ әйеліне тән шыдамдылықты, қайсар мінезді көрсетеді.

Пьесаның экспозициясы бірінші көрінісінде толықтай ашылмай, біраз созылықтылық күй кешкен. Бұған себеп: жас драматургтің тәжірибесінің қайнауы кемшін, ал тақырып жүгі ауыр, орталық кейіпкерлерінің ұнамды, ұнамсыз бейнелері жан-жақты терең болуында болса керек.

Ғалым Н. Ғабдуллин: “Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда дәл қазір өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де білеміз. Автор драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ геройлардың іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауға тиіс” [14,13],- деп, пьесадағы оқиға арқауы өмірден алшақ болмауын қатаң ескертеді.

Пьесаның бірінші бөліміндегі оқиға, яғни болыс ауылының еріккен бай жігіттері Атан мен Қатай “арсыз көңілдерін” көтеру үшін жолға шығып, жуыр арада баласы мен келінін жерлеп, қолына қарап қалған 15-16 жас шамасындағы жетім қыз баласы бар соқыр кемпірдің қараша үйіне бас салып, есіктен сығылысып кіріп келеді. Амандық-саулық бітпей жатып, терезені тырналап, сырттан ит ұлиды. Осы жерде драматург шағын деталь арқылы (иттің аянышты ұлуы) алдағы болайын деп тұрған жамандықты психологиялық меңзеп, жандандырып тұр.

Пьесадағы Ажар бейнесі – күрделі тұлға. Шығарманың бірінші актісінде Ажар әлі жас шыбықтай майысқан, жан баласына тіке

карамайтын уыздай, пәк болып көрінсе, екі жауыздың озбыр қылығынан, қорғансыз әжесі боранда үсіп өлгеннен кейін, өмірдің қилы тұрмысын басынан кешіп, ысылады. Озбыр Атанның опасыз ісінен кейін екі қабат болып, дүниеге әкесіз сәби әкеледі. Пьесада оқиға шиеленісіп, драмалық тартыс күшейе түседі.

Драма оқиғасының шиеленісуі, тартыстың күшейуі – батыл ана Ажар өзінің намысын қорлаған, жалғыз ұлы жас Олжатайын “солдатқа” іліктірген, орыс офицеріне қолжаулық қылғысы келіп, өзіне жала жаппақшы болған болыс Атанның зұлымдығына шыдай алмай, балтамен басын шабатын кезеңі. Пьеса авторы ойының шешімі – жалғыз ұлынан айырылса да, бүкіл ана атаулыны намыстан айырылтпау.

Р. Нұрғалиев: “Драматургиядағы негізгі талап – тартыс үстінде ашылатын мінезді белгілеу” [15,38],- десе, пьеса авторы Ажарды оқиғаға жиі араластыра отырып қазақ әйелінің өжет, қайсар, күрескерлік мінез-құлқын ашып, өнеге етеді. К.Нұрпейісов: “... драматургтің басты ойы мәңгі жасайтын ананың тұлғасын көрсету ғой. Олай болса оған оқ атылуы тиіс емес. Тіпті оған кезеліп тұрған Жұматайдың қолынан оқ атардың түсуін тегін дей алмаймыз. Өйткені, ана арының жеңісі – мәңгі жеңіс” [16],- десе, Қ.Уәлиев: “Спектакльдегі Ажар бейнесі шын мәнінде қазақ әйелінің ғасырлар бойы басынан өткерген қайғы-қасірет, күреспен жеткен азаматтың өр тұлғасы деп түсінгеніміз абзал” [17, 190], - деп сыни ойларын білдірген.

Орталық қаһарман Соқыр кемпір – психологиялық кейіпкер. Драматургтің терең толғанысынан, сезімінен сомдалып бейне. Автор орталық кейіпкерінің аузына үнемі сөзді аянышты, жүрек тебіренер ренімен беріп отырады. Мысалы: “С о қ ы р к е м п і р. – Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін; – Құлыным-ай, жалғызым-ай, адам бөрісінен құтыла алмай жүріп, дала бөрісіне жем болдың-ау, панасыз қозым, жарығым-ай!” [“Ажар мен ажал”],- деп зар қағады. Бір көріністен екінші бір көрініс оқиғасы аянышты, салмағы ауырлай түседі. «Соқыр кемпір» бейнесі – пьеса шаңырағының тіреуі.

Негізгі кейіпкер С а р ы ж о р ғ а – қысқа эпизодтық, шағын бейнелерге жатқанымен, шығарманың тұтастығын сақтауға, оқиғалардың тартысты болуына өз үлесі бар. Шығармадағы «Сары жорға», «Тамыршылар» – Ажар мен Бөпіштің арасына ши жүгіртушілер, іріткі салушылар, шырқын бұзушылар қатарында жоғары қызмет атқарады.

Ал, Б ө п і ш – табиғатынан ақкөңіл, бөтен кісінің ала жібін аттамайтын, тек қана еңбектің адамы. Пьесада үнемі ынжық кейпінде суреттеле береді. Ажарды көре алмайтындар Бөпіштің жуастығын пайдаланып, неше түрлі айдаларын жүзеге асырмақшы да болады. Өсекшілер Бөпішке “Ажардың күйеуі” деп ат қойып, айдар да тағып қояды. Бөпіштің қылығы ашы күлкі тудырады, бірақ күнделікті өмірдегі табиғатынан асып кете алмағаны шығармада көрініс тапқан.

Шығарма авторы әр кейіпкеріне даралық сипат дарытады. Мысалы, Атан мен Қатай бір сипаттағы адамдар болғанымен, екеуінің характерлары мүлде екі басқа. Атанның атқарып жүрген жалған ролі – болыс атағы, жауыздық, екі жүзділік, озбырлық. Ал, Қатай - өз қарақан басы үшін бірге туғанын да сатып жүре беретін алаяқ, жымысқы қу. Қатайдың осы ішіне бүккен қулығы жаңа үкімет орнаған кезде де оны кәмпескеден, айдаудан құтқарады. Бұрынғы істеген қылықтарын болыс Атанға аударып, өзін болыстың атқосшысы болдым деп тайқып құтылады. Зұлым Қатай әлі ойы, бұғанасы қатпаған Жұматайдың қолына мылтық ұстатып жіберіп, өз басын толық, дәлелді арашалап, құтылмақ ойы жүзеге аспай қалады. Оған себеп, бала да болса Жұматай анасындай Ажардың терең, жүрек толғантар сөзіне тоқтап, өткен іс-оқиғаларға әкесі Атанның кінәлі екенін мойындап, Ажарға кезеніп тұрған қолындағы тапаншасы түсіп кетуінің астарында үлкен сыр бар. Сыншы Әкімқұлов Е: “Қатай – қазақ драматургиясындағы Жантық тақылеттес үлкен кейіп. Оның сұр жыландай арбау тәсілі әріде жатыр. Ол Ажарды масқаралау үшін қандай кесапаттыққа болса да әзір” [18], - деуі орынды.

Пьесада шағын бейнелер қатарында Ақлима да бар. А ж а р д ы н: Тында онда, Ақлимадай анадан туған шын азамат болсаң”,- деп Жұматайға қаратылып айтылатын сөзіне қарағанда, Ақлима өз бейнесіне сәйкес келе бермейді. Пьесада Ақлима ұян, болыстың әр қимылына, әрекетіне құлдықпен қарап, айтқанына бұрыс болса да бас шұлғи беруі нанымсыз, Ажардың жалынды сөзімен үндеспей түр.

Ал, Дүйсен, Үрләпия, Әукен бейнелері – бүйректен сирақ шығарушылар, бүлікшілер тобына жатады. Үрләпия атынан айтылатын небір ұятсыз, ынғайсыз сөздер өздерінің қандай адамдар екендіктерінен хабар бергізеді. Ал, Әукен - сөзі мен ісі дойыр, топас, түсінігі таяз жандардың жиынтық бейнесі.

Сонымен қатар, пьесада кейіпкерлер саны шектен тыс көбірек. Персонаждардың барлығы да өз жүктерін бірдей атқарып тұрған

жок. Мысалы, шағын эпизодтық рольдер немесе аз ғана қызмет ететін кейіпкерлердің атқаратын міндеттерін біріне-біріне жүктеуге де болады. Персонаждар шектен тыс көп болса, мінез сомдауда да ой көпке бөлінеді. Пьесаның бірінші актісінде Ажар мен әжесінің бейіт басындағы әрекеттерін автор қайталай береді. Әукен, Үрлөпия, Дүйсендердің қараша үйдегілерді әуре-сарсаңға салуларында әрекетті созып алушылық та байқалып қалады.

“Ажар мен ажал” пьесасы турасында әр кезде жарияланған Ә. Сәрсенбаев, Қ. Нұрпейісов, Е. Әкімқұлов, С. Латиева, Р. Нұрғалиев, С. Ордалиев, М. Хасенов, Б. Құндақбаев, Ә. Сығаев т.б. мақала, сыни-сараптамаларында жалпы сөз болғанымен, арнайы зерттеу нысаны болған емес. “Биыл өткізілген халық театрлары мен драмалық коллективтердің республикалық байқауында 35 коллективтің барлығы бірдей С. Жүнісовтің “Ажар мен ажалын” көрсетуі - репертуар байлығын көрсетпесе керек” [19,10],- деген театр зерттеушісі Б. Құндақбаевтің сөзінен сол кезең шындығын, сол уақытта пьеса өміршен болғанының айқын дәлелі.

Тарихи туынды “Ажар мен ажал” пьесасының тақырыптық негізі, авторлық концепциясы – “төңкеріске” дейінгі қазақ әйелдерінің басындағы әлеуметтік теңсіздік, ескі-салт сананың шырмауының аса алмай құрбан болатын әйел затының ауыр тұрмысынан ашы сыр шертетін алғашқы қазақ драматургтерінің бірі К. Тоғысовтың “Надандық құрбаны”, М. Әуезовтың “Еңлік-Кебек”, Қ. Кеменгеровтың “Алтын сақина”, т.б. сахналық туындыларының аясында қалмай өзіндік жол ұстанып, барша ана атаулы адамзат баласының намысын аяққа таптатпай, тың пікір ұстанады. Соңында ажалды жеңген ананың, күрескер ананың ескерткішін сомдайды.

Белгілі прозалық шығармалар мен төл шығармаларға драматургия жанрының заңдылығын, сахнаға лайық өзгерістер енгізген; қаһармандар қактығысын күшті тартысқа құрған; басты бейнелерінің салмағын әлсіретпей, қайта әр қырынан күшейте түскен; жекелеген кейіпкерлеріне драмалық мінез бітірген; актер ойынын да ойынан шығармай драма ырғағына құрған, интонация берілген; драма монологын, диалогын қайта түзіп шыққанын байқадық. Негізгі тақырып, өзекті желі, идея сақталғанымен, шығармалары сапалық өзгеріске ұшырайды. Тартыс дамытылып, тыңнан оқиғалық желілер қосылады. Кейіпкерлері прозалық шығармаларда байқалмаған жаңа қырымен көрінетін әрекеттері инсценировкалау табиғатына тән құбылыстар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: – 1973
- 2 Есембеков Т. Драматизм в казахской прозе. – А.: – 1997
- 3 Мүсірепов Ғ., Ә.Әбішев, Ә.Сәрсенбаев, К.Нұрпейісов, Е.Әкімқұлов, С.Ордалиев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Б.Құндақбаев, Ә.Сығаев, Р.Токтаров, Тарақты Акселеу, С.Негимов, К.Уәлиев, М.Хасенов, Т.Есембековтің, М.Халиолин, Т.Қажыбаев, Р.Тұрысбеков, Б.Бұлғақбаева, С.Ғазезов, Ж.Жақанова, Х.Әдібаев, К.Ғалымтаев, Т.Кешубаев, Ә. Шапауов.
- 4 Словарь литературоведческих терминов. – М.-Л.: – 1972
- 5 Толстой А. Собр.сочинения. – М.: 1975
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: – 1976
- 7 Рүстембекова Р. Драматургия Б.Майлина. Автореф.канд. дисс. – А.: – 1965
- 8 Сәрсенбаев Ә. Ажалды жеңген ана //Соц.Қазақстан. – 1967
- 9 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
- 10 Құндақбаев Б. Театр және заман. – А.: –2000
- 11 Қирабаев С. Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А.: – 1998
- 12 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: – 1973
- 13 Тимофеев Л.И. Теория литературы. –М.: 1972
- 14 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов - драматург. – А.: –1982
- 15 Нұрғалиев Р. Күретамыр. – А.: 1973
- 16 Нұрпейісов К. Ажар жеңісі//Соц.Қазақстан. 1968
- 17 Уәлиев Қ. Сахна – менің өмірім. – А.: 1982
- 18 Әкімқұлов Е. //Соц.Қазақстан. 1968
- 19 Құндақбаев Б. Театр және заман. –А.: – 2004

СВОЕОБРАЗИЕ СТИЛЯ МАШХУР ЖУСИПА КОПЕЕВА

БАРАТОВА М. Н.
к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар
ЖУСУПОВ Н. К.
д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар
БАЛАГАЗИНОВА К. С.
студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Когда речь идет о преемственности традиций, необходимо учитывать значимость стиля, его особенность. Научные точки зрения литературоведов по вопросам стиля существуют наряду с предположениями лингвистов. Несмотря на то, что они гармонируют

друг с другом, эти два направления имеют свои пути решения. К примеру, известный специалист русской литературоведческой науки Л.И. Тимофеев под стилем понимает «индивидуальный стиль» («дербес стиль»). В.А. Ковалев отмечает, что не существует столько стилей, сколько писателей, что между ними занимает место промежуточное стиливое направление [1]. Второй исследователь Ю.Б. Боров обращает внимание на то, что к началу XX века историческое развитие внесло в литературоведческий мир понятие «художественный метод» («көркемдік әдіс»), выступающее признаком того, что понятие стиля развивается благодаря развитию общества [2]. Индивидуальный стиль писателя формируется в результате длительного исторического развития, он связан с развитием реалистической литературы. Этой точки зрения придерживался специалист теории литературы Г.Л. Абрамович [3]. Известный ученый Г.Н. Поспелов указывает на ошибки, допущенные лингвистами в определении стиля [4]. Б.П. Гончаров подчеркивает связь стиля с художественной системой произведения [5]. В русской литературоведческой науке понятие стиля постоянно развивается. Об этом признаке говорит известный исследователь Корней Чуковский [6]. Необходимость учета стиля не означает ограничение им. Эта точка зрения имеет место в трудах Е.В. Ермиловой [7]. Б. Эйхенбаум отмечает особую роль синтаксиса в определении стиля [8].

Приведем точки зрения казахстанских литературоведов по поводу стиля. В казахстанской литературоведческой науке значимость стиля успешно раскрыл ученый К. Жумалиев: «Если скажем, что стиливые особенности писателя охватывают выбор темы, идейное содержание, жанр, композицию его произведений, методы создания образов. Не остаются в стороне и словарный фонд писателя, структуры предложений, поэтический язык и другие компоненты. Потому что любое произведение создается благодаря языку. Поэтому язык должен занимать решающее место» («Егер жазушының стильдік ерекшеліктері ең алдымен тақырып тандау, шығармаларының идеялық-мазмұны, жанры, композициясы, адам образын жасау әдістерін қамтиды десек, сөз қоры, сөйлем құрылыстары, поэтикалық тілі басқа компоненттерден олқы соқпайды. Өйткені қандай шығарма болсын, тіл арқылы жасалынады. Сондықтан тіл шешуші орын алуға тиіс») [9]. Точка зрения известного писателя А. Кекильбаева отличается направляющей значимостью: «Нельзя бояться наличия собственной точки зрения художника на объективную действительность, того, что стремление его навязывать свои мысли ученику формирует субъективизм.

Разница между субъективизмом и собственным мнением художника, его собственными размышлениями очень большая. Субъективизм формируется, как говорил академик Б. Храпченко, не из множества собственных мнений художника, а благодаря слепому отношению к действительности. Индивидуальное описание мысли, субъективность наблюдается в творчестве М. Шолохова. К примеру, в «Тихом Доне» М. Шолохов показывает империалистическую войну, акцентируя внимание на то, что до него никто не описывал эту войну, показывает со своей позиции» [10]. («Суреткердің өмірге деген өз көзқарасы болуы, оқушыға ылғи да өз ойын айтуға тырысушылық субъективизмді күшейтіп жібереді екен деп қорқуға болмайды. Суреткердің өзіндік қиялы, өзіндік көзтастасы, өзіндік ой тебіренісі мен субъективизмнің арасы жер мен көктей. Субъективизм, академик Б. Храпченко айтқандай, суреткердің өзіндік пікірінің көптігінен емес, өмірге деген кереметтігінен өрбиді. Ой-пікірдің даралық сипатын, субъективтілігін М. Шолохов творчествосынан да ұшырастыруға болады. Мәселен, ол өзінің «Тынық Доньында» бірінші империалистік соғысты орыс әдебиетінде оған дейінгі ешкім көрсетпеген атымен соны қырынан, өз барлау, өз топшылаулары арнасынан көрсетті») [10]. Таким образом, если К. Жумалиев отмечает, что любое произведение создается благодаря языку, то писатель А. Кекильбаев обращает внимание на индивидуальное мировоззрение художника.

Все это приводит к выявлению образных средств при анализе творчества конкретного акына. При определении образности в стиле акына возникает необходимость обращения внимания на то, каким образом акын использует художественно-выразительные средства (эпитет, сравнение).

Вникая в историю определения эпитета, необходимо подчеркнуть конкретность определения, данного в книге А. Байтурсынова 1926-го года: «Сарыарқа, вкусный кумыс (с плавающими капельками жира), большое озеро (поэт.), приятный ветерок (летний), отары овец, табуны лошадей, справедливый би. Определения благодатная, большое, приятный, отары, табуны, справедливый используются для усиления выразительности» [11]. («Сарыарқа, сары кымыз, шалқар көл, самал жел, алалы жылқы, ақты қой, әділ би» - деген сияқты лебіздерде: сары, шалқар, самал, алалы, ақты, әділ» - деген айқындау болады. Бұл айқындау көркейту үшін айтылып отырған айқындаулар») [11].

Как правило, эпитет, сравнение выступают средствами яркости. А метафора понимается нами как вид метонимии, при котором начальному понятию – понятие с прямым значением, второму – с переносным

значением. В этом отношении, когда мы говорим об эпитете «белый» («ақ»), мы не имеем в виду только цветное обозначение, вместе с тем, он используется для выражения чистых помыслов человека. Уместно назвать эпитетом это слово по отношению к цвету, а по отношению к внутреннему миру человека – метафорическим эпитетом. Бұл тұста түс, ренге т.с.с. қатыстысын көріктеуіш деп, ал түспал себездеушіні «метафоралық эпитет» - деп атау да орынды. К примеру, у Юсуфа Баласагуни (XI в.) слово «белый» («ақ») употребляется в переносном значении, в качестве «метафорического эпитета»:

Түзу бастап, ақ жолды кесе көрме,
Иман тонын үстімнен шеше көрме.

1. Ұсақ-түйек күнәмшілдік – мір, қайғы,
Асыл ердің ақ ниетін былғайды [12, с. 83, 129].

А в нижеприведенных отрывках Шалкииза, Доспамбета, Махамбета, Абая слово «белый» («ақ») употребляется для цветного обозначения:

Қара сия, ақ қағаз

Дестірге өнер төктірдің

(Шалкииз Тленшиулы – XV-XVI в.)

1. Толғамалы ақ балтаны
Толғап ұстар күн қайда?!

(Доспамбет – XVI в.) [13, с. 75, 87].

2. Алты құлаш ақ найза

Ұсынып шаншар күн қайда?

3. Ағыны күшті ақ дария

Қаһарланып толқиды

Қанатын күн шалмаған балығым

Ортамнан ойран салар деп.

(Махамбет Утемисов – XIX в.) [14, с. 48, 98].

4. Жүп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,

Үлбіреген тамағын күн шалмайды.

5. Жар, сенің көңілің тоқ,

Ақ етінді,

Нұр бетінді

Меншікті

Қылмаған соң

Алла, өзі сорлы етсе, амал жоқ.

И бобровая шапка, над гибкою шеей,

А глаза – хоть умри – не пройдешь стороной!

(Абай Кунанбаев – XIX в.) [15, с. 41, 133, 138].

А в примере, приведенном из стихотворения Габдоллы Токай «Отец и сын» («Ата мен бала», 1908 г.), начальные строчки выражают цветовую окраску, а в последующих – индивидуальное восприятие лирическим героем определенной ситуации, противопоставление тревожного состояния некоему другому состоянию:

Жан балам, жаз, шимайла ақ бормен қара тактаны,

Жарқ етер қара көңілің де, атқандай нұрлы ақ таңы [16, с. 39].

А в первых пяти примерах, приведенных из произведений Машхур Жусипа, слово «белый» («ақ») используется для цветовой характеристики, а в шестом примере слово используется для выражения состояния души:

Лай болып, басылмадық кырық күн ұдай,

Сылдырлап шығар едік ақ шыныдай.

1. Міне, үшінші нөмірі жаңа шықты,

Үлпілдеген ақ мамық, бота форым.

2. Басыма перне бұзған ақ домалак,

Қолыма есеп алар бір құмалак.

3. Айналайын, жайнамаз – ұзын желім,

Ақ тасымды көргенде, шұлғиды елім.

4. Ақ қағаздың жүзіне бір жазылса,

Талапкер ер табылса, жатқа алады.

5. «Қара қыпшақ-қобыланды» - аты аталған,

Сүттен ақ, айдан аппақ жарық екен [17].

Анализируя традиционные и индивидуальные эпитеты в творчестве акынов, творящих до Машхур Жусипа, следует заметить, что при употреблении слова «золотой» («алтын») наблюдается и влияние традиции, и индивидуальное своеобразие:

Жолды оңғарса, бар тірлігің оңалар,

Солға кетсе, алтын басың жоғалар! [12, с. 167]

1. Тағы да талай бақ берсін,

Басыңа алтын тақ берсін ...

(Умбетей Тлеуулы – XVIII в.)

2. Сен жиырма жасқа жеткен соң,

Алтын тұғыр үстінде

Ақ сұңқар құстай түледің.

(Бухар Калкаманулы – XVIII в.) [с. 13, 111, 123].

3. Көңіліне қайғы кірді талай-талай,

Көңілі ер Ғалының – алтын сарай!

Көзінен жасы ағып, түгі шығып,

Жөнелді ашуланып үйге қарай.

(Из стихотворения Машхур Жусипа «Поучение ученого») [18, с. 62].

Такое совпадение наблюдается в творчестве других акынов и Машхур Жусипа в своеобразном использовании слова «драгоценный» («асыл»):

Қай нәрсе аз, сол нәрсе асыл, о, ғажап,
Асылды іздеп тауып болмас, бір азап!
(Юсуф Баласағуни XI в.) [12, с. 99].

1. Асыл туған батыр ер,
Токсанға жасы жетпей қарымас.
(Шалкииз Тленшиулы – XV-XVI в.)
Шайқасса, асыл қылыш – ердің көркі,
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі.
(Шал Қулекеулы – XVIII в.) [13, с. 81, 175].

2. Ата ұлының баласы,
Асыл ерге малың бер ...
(Махамбет Утемисов – XIX в.) [14, с. 69].

3. Но ценнее всех тот, кто в упорстве своем,
Не растратил себя на тщеславье лустон.
(Абай Кунанбаев) [15, с. 134].

4. Ауылында Төкен бай үш күн жаттым,
Бұйрықты әрбір жердің дәмін таттым.
Жылқыбайдың баласы бәрі мырза,
Қиқымы, қанша айтса да, асыл заттын.

5. Бісмілла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!
Керуендей бұ дүниеге аз күн қонып,
Паниден жақсы, жаман – бәрі де өткен.

6. Бәрі де оқымысты, уыз жастар,
Бірге ойнап, бірге жүрген замандастар.
Үш жүзден, жиылған жан, асқан шығар.
Ығай мен сығай өңшең асыл тастар
(Машхур Жусип) [19].

Созвучие такого рода имеет место в образцах использования эпитетов «высочайший» («асқар»), «высокий» («биік»), «светлый» («жарық»):

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан торғай шырлап ұшып қона алмас.
(Шалкииз Тленшиулы – XV-XV в.) [13, с. 82].

1. Бәйбіше, қамықпаңыз еріңізге,
Асқар тау, биік, заңғар беліңізге!
(Машхур Жусип) [18, с. 214].

2. Орның биік, көңілің де биікте,
Күн өтпесін, ұқсап қашқын киікке.
(Юсуф Баласағуни – XI в.)

3. Бұл дәулеттің бәрі білім мәуесі,
Біліктің биік өре, әуесі.
(Юсуф Баласағуни – XI в.) [12, с. 173, 200].

4. Іс болды таң-тамаша көргендерге,
Шыға алмай кетті есіл ер биік өрге.
(Машхур Жусип) [20, с. 242].

5. Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,
Қара түнді, жарық күнді жаратты.
(Юсуф Баласағуни – XI в.)

6. Құт – дәулетке жарық көңіл жарасар,
Дана жүрек шыққан күнмен таласар!
(Там же) [12, 61, с. 194].

7. Уа, дариға, Махшар күні жарық болса,
Тәңірім өзі қазы болып назар салса.
(Ходжа Ахмет Яссауи – XII в.) [21, с. 45].

9. Тихой ночью при луне,
Луч в воде дрожит слегка.
(Абай Кунанбаев – XIX в.) [15, с. 103].

10. Сөнбейтін саулап жанған қайда жарық,
Жал-қонды, жабы – семіз, жүйрік-арық.

11. Уай, тақсыр, болып раушан, ашылды ізің,
Таң болып, жарық саулап, өтіп мұның
(Машхур Жусип) [18, с. 163, 221].

В последних двух примерах Машхур Жусипа слово «светлый» («жарық») расширяет свое значение в качестве эпитета, отличается переходом в метонимию.

ЛИТЕРАТУРА

1 Ковалев В.А. Многообразие стилей в советской литературе.- М-Л: Наука 1965. - С. 46.

2 Борев Ю.Б. Художественный стиль метод и направление. // «Теория литературных стилей» - деген кітап ішінде.- Москва: Наука, 1982. - С. 88.

3 Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение.- Москва: Просвещение.- 1970, 304 с.

4 Поспелов Г.Н. Проблемы литературного стиля.- Москва: Московский университет, 1970.-С. 7-8 .

5 Гончаров Б.П. Проблема художественного целого и системность стиливого анализа // «Теория литературных стилей...» - деген кітап ішінде.- Москва:Наука, 1982.-С. 228 б.

6 Чуковский К. Мастерство Некрасова.- Москва: Гос. изд. худ. лит., 1962.-С. 255.

7 Ермилова Е.В. Некоторые стиливые тенденции современной советской поэзии. // «Теория литературы» - деген кітап ішінде.- Москва: Наука, 1965.-С. 214.

8 Эйхенбаум Б. О поэзии.-Ленинград: Сов. писатель. Ленинград. Отд., 1969.- С. 93.

9 Жумалиев К. Стиль – особенность искусства. – Алматы: Писатель, 1966.-С. 27.

10 Кекилбаев А. Жизнь, талант, сочинение // Звезда, №4, 1981. –С.210 .

11 Байгурсинов А. Соч.-Алматы: Писатель, 1989.-С. 155.

12 Юсуф Баласагуни. Благодатное знание.- Алматы: Писатель, 1986.- 616 с. (Перев. А.Егеубаев).

13 Казахская поэзия XV- XVIII веков. –Алматы: Наука, 1982.- 240 с.

14 Утемисов М. Сборник стихотворений.- Алматы, 1958.-219 с.

15 Абай. Соч., Первый том, Алматы, Наука, 1977.-454 с.

16 Габдолла Токай. Звезда души.- Алматы: Писатель, 1986.- 180 с. (Перев. Токен Абдирахманов).

17 Машхур Жусип. Соч.- 1 том.- Павлодар: ЭКО, 2003.-С. 122, 159, 174, 175, 178, 223.

18 Машхур Жусип. Соч. 1 том. –Павлодар: ЭКО, 2003.- 436 с.

19 Машхур Жусип. Соч. 1 том.- Павлодар: ЭКО, 2003. –С. 118, 229; Соч. 4 том.- Павлодар: ЭКО, 2004.-С. 243 .

20 Машхур Жусип. Соч. 4 том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 с.

21 Кожа Ахмет Яссауи. Книга изречений («Диуани хикмет»), Алматы : Муратас, 1993.-262 с.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕСІНДЕГІ ТРАГЕДИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕР ТАБИФАТЫ

БАТТАЛОВА Ж. С., ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш.
ПМПИ, Павлодар қ.

Соңғы уақытта қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер қазақ әдебиетіне де әсер етпей қоймады. Әдебиет — қоғамның көркем айнасы, әдеби шығарма өмір-әлемді философиялық тұрғыдан зерделей алғанда ғана бағалы. Мұндай үлкен зерделеулер белгілі бір уақытты қажет етеді. Шағын жанрларда, әсіресе әңгіме жанрында бүгінгі өмірдің қалтарыстарын көрсететін туындылар жеткілікті. Бүгінгі әдебиетте қазіргі заманның көркем бейнесі, замандастың өмір ұстанымы, жан дүниесі, біртұтастығын жоғалтқан қоғам адамдарының жан күйзелісі, жалғыздығы, ақ пен қараның тартысы тәрізді өзекті мәселелер — бәрі де қазіргі әдебиетте көрініс тауып отыр. Бұл тұрғыда А.Алтай, Н.Ораз, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева т.б жазушылардың әңгімелерін айтуға болады. Жоғарыда аталған қаламгерлер туындыларының басым көпшілігі трагедиялық сарында жазылған. Аталмыш мәселеге тоқталмай тұрып, осы терминнің түп-төркіні алғаш рет Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде сөз болғанын атап өткен жөн. Ал «трагизм» термині туралы толыққанды тұжырымды пікір Н.Поспеловтың «Теория литературы» еңбегінде беріледі: «Трагическая ситуация создается не только столкновением с угрожающими внешними силами, но прежде всего внутренними противоречиями личности и признаваемыми ею сверхличными ценностями жизни» [1, 201]. Ғалым трагизм жеке адамның болмысымен және қоғаммен келіспеушілік негізінде болатынын баса айтады. Осыдан келіп трагедиялық образ туады.

3.Қабдолов трагедиялық образ туралы: «Трагедиялық образ әдебиетте тым әріден келе жатқан адам бейнелерінің бірі. Трагедиялық образ ескі мен жаңа, адам мен қоғам, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрестен, бітіспес тартыстан, қайшылықтан, соның өзінде де мейлінше асыңқы, адам жеңіп болмас ауыр, азапты жайларды әдеби шығармада терең және шебер жинақтаудан туады» [2, 228], - деп жазады.

Роза Мұқанованың «Өзің» атты әңгімесінде қасіретті кейіпкердің бейнесі ашылып, авторлық ұстаным байқалады. Әңгімеде жындыханада тұратын, «шизофрения» ауруына ұшыраған

суретшінің өмірі баяндалған. Ол өзімен-өзі сөйлесіп, өзі жасап алған қиял әлемінде малтығып, жаралы жанын жеген ойлардан айыға алмайды. Бұны мына монологтан байқауға болады: «- Талай айттым емес пе? – дедің сыбырлап. – Леонардо да Винчидің жердегі жанымын. Қиялым мен сезімім Көктің иелігінде. Мен алатын мәлімет те сол жақтан. Ол да Көкте... Леонардо да Винчиді айттам» [3, 47]. Суретшінің ойынша көкте Құдай, жерде өзі жалғыз екен. Автор мына жалған дүниенің опасыздығы, қоғамның катыгездігі, өмірдің өткіншілігі тәрізді философиялық мәселелерді көтере отырып, осы құбылыстардың бәрін жындыхананың тар бөлмесіндегі кейіпкердің өн-бойынан, жаратылысынан іздейді. Әңгіменің бір ерекшелігі – каламгер кейіпкер басындағы екіұдайылықты суретші мен оның қиялындағы екінші бір суретшінің диалогы арқылы көрсетеді. Суретші жалғыздықты ғана сүйеді. Бұны мына үзіндіден байқауға болады. «Тобыр туралы айтпауға да болады, - дедің бірде. – Тобыр биліктің құрбаны. Тобыр – соқыр, саңырау, дөрекі, күлкішіл, опасыз, арсыз. Суреткер тобырдан ештеңе үйрене алмайды. Тобырдың адамшылыққа жетуі ұзақ уақыт. Ол үшін тобыр, алдымен, суреткер болуы керек, - дедің» [3, 50]. Төрт қабырғаға тығылып, сырт жақтағы болып жатқан өзгерістерден, өмір ағынынан мүлде хабарсыз, тек қана өзінің ішкі ойы мен шексіз қиялына ғана бағынышты боп қалған бұл бейбақтың күндегі тіршілігі осы. Әңгіме суретшінің жалғыздықты Құдайдан тілеп алып, ұлылықтың ешкімге бақыт болып бітпейтініне көзі жетіп, одан бойын аулақ салуымен аяқталады.

Роза Мұқанованың аталмыш әңгімесі мен XX ғасырдың 80 - жылдары жазылған Төлен Әбдіковтің «Ақиқат» повесінің арасындағы ұқсастықты айта кеткен орынды. Т.Әбдіковтің повесінде бас кейіпкер Роберттің көріпкелдік қасиеттері, ақылдан азап шегуі, сау жүріп жындыханаға түсуі, асылып өлуі суреттеліп, негізгі арқауын Роберттің көңіл-күйіндегі өзгерістер, оның адамзат тарихы, сана, бақытсыздық, ғылым мен өркениет туралы философиялық ой-толғаныстары құрайды.

«Тек профессор аяғын айкастыра салып, көзілдірігінің үстінен сүзіле қарап, сабырлы отыр. Ол басқа бір затқа – он жыл бойына жүргізілген тәжірибеден бері телепаттың ақылға сыймайтын дәрежеде өскендігіне таң қалды. ...Профессордың он жыл бойына жинаған материалдары аз емес еді. Оның таңғажайып фактілерді көп жинағандығы сонша, осыдан бір жүйелі заңдылық тауып, игере алмай қалармын-ау деп те қорқатын» [4,335]. Осы «он жыл»

- Роберттің үміт пен күдікке толы уақыты, он жылдың нәтижесі – санадағы сілкіністер, өзгерістер, ақылдан азап шегу, адасу. Осылайша тұйыққа тірелген Роберт жындыханаға тап болады.

Адам трагедиясы, адамның физикалық та, рухани да құлдырауы, адамның тұла бойын мендеп алған кеселдер, тығырыққа тірелген адамның өзіне-өзі қол салуы т.с. әлем әдебиетінде айрықша орын алатын мәселелер. Т.Әбдіков те кейіпкерінің ішіне үңіле отырып, оның өмірдегі орнын бағалауға, сол арқылы қоғамдағы кері қозғалыстардың сырын ашуға ұмтылады. Роберт трагедиясының құпиясы оны қоршаған ортаның болмысында жатыр. Достоевский шығармашылығын зерттеген Н.Кашина былай деп жазады: «...Трагическое мироощущение возникает в результате недовольства реальной социальной действительностью. Оно может вызываться неудовлетворительностью личности собственным положением в социальной среде, но истинно трагическое, «высокое» мироощущение существует тогда, когда главным основанием неприятия мира является не собственное благополучие, а страдания других людей, общее несоответствие действительности имеющимся у личности идеалам». Қарап отырсақ, Роберттің трагедиясы – адам мен оны қоршаған ортаның келіспеушілігінен, үндестік таппағандығынан болатын жеке тұлға басындағы трагедия. Басқаша сөзбен айтсақ, кейіпкердің уақыт-кеңістігі мен өркениеттің уақыт-кеңістігі үйлесім таба алмайды, кешегі уақыт пен бүгінгі уақыт бетпе-бет келгенде, Роберт кешегі уақытта қалғысы келеді, бүгінгі уақытқа өз өлімі арқылы үкім шығарады, сөйтіп мәңгілік уақыт-кеңістікпен табысады.

Р.Мұқанованың «Тұл» атты әңгімесіне жары тастап кеткен әйелдің бақытсыз өмірі арқау болған. Жалығыздікті әйелдің трагедиясы, есінен адасудың бірден-бір себебі өзінің адал да таза махаббатынан күткен үмітіннің ақталмауы. Кейіпкердің ащы зарға толы монологынан көп нәрсені аңғаруға болады: «- Мен не көрмедім. Сен не көрсетпедің маған. Балаларды жеткізген – мен, тәрбиелеген – мен! Жоқшылықтың кебінін киіп жүрсем де шыдадым. Талай тастағансын... Талай көнгенмін. Оқимын дедің, оқыдың. Ішемін дедің, іштің. Кетемін дедің, кеттің. Ақыры шын кеттің... » [3, 116]. Жас әрі қызыққа толы өмірін бұл әйел сүйген ғашығына арнаған еді. Жарты өмірін берді, оның орнына ол не алды? Тек мұң мен қайғы, азап пен қасірет. Осындай қияметке кез келген әйел адам шыдай алмас. Бұған кінәлі кім? Өзгермелі, қарқынды дамып келе жатқан заман ба? Әлде жамандыққа толы айналасы ма? – автор осы сауалдарға жауап іздейді.

«- Кеткенің ғана жаныма батты. Ең азабы, ең азалысы кеткенің болды. Тірідей тастап, тұл еткенің болды.» [3, 116]. Осындай қатыгездікке шыдай алмағандықтан, тұлдыққа тән осы деп, өзінің шашын тақырлап алып тастайды. Есі ауысқаны соншалық өзінің айнадағы бейнесін құбыжық ретінде көріп, бірде жылап, бірде күліп әртүрлі кейіп танытып қала берді. Р.Мұқанованың бұл әңгімесі С. Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» атты романындағы Ақбөпе есімді кейіпкердің бейнесімен тағдырлас.

Нұрғали Ораздың «Сақалды қыз» атты әңгімесінде сақалды қыз Үміттің тағдыры кейіпкер-суретшінің атынан баяндалады. Қарлытау бөктерінде орналасқан Қамысты ауылына барып, ондағы әсем табиғатты қағазға түсірмек болған суретшінің туа біткен сақалды қызбен кездесуі, екеуінің арасындағы достық – сюжетке негіз болады. Сақалды қыздың ел алдында ұялып жүруі, бұл аурудың емделмейтініне көзі жеткенін білсе де, өмірге деген құштарлығы, талпынысы суретшіні таң қалдырады. «- Сен кімсің? – деп сұрадым даусымды ақырын ғана шығарып. – Мен ... мен Үмітпің. «Ә-ә... Сақалды қыз?..» деп іштей таңырқап, сәл тосылып қалдым. Ол да үндемеді. Шамасы, маған әлгі «бір нәрсені» айта алмай, толқып тұрған сияқты. – Иә, не айтасың? – дедім сыбырлап. – Ағай, сіз менің суретімді салмаңызшы, жарай ма. Өтінемін. Салмай-ақ қойыңызшы... – Жо-оқ ... оны кім айтып жүр саған? – Осы ауылдағылардың бәрі айтады. – Мен сенің суретінді салмаймын, - дедім мен басымды шайқап. – Ондай ойым жоқ. Жалпы, мен... мұнда тек табиғат пейзаждарын жазу үшін ғана келгенмін...» [5, 85]. Бұл үзіндіде сақалды қыздың басына түскен ауыр, мүшкіл бейнесін халыққа жария еткісі келмейтінін байқауға болады. Екеуінің достасып кетуін, суретші мен сақалды қыздың арасындағы үзілмейтін байланысты тағдырдың тамшысы екендігі дәп басып айтылған.

Роза Мұқанова «Қаралы төбе» атты тағы бір әңгімесінде Қаралы төбеденің басына жиналған кейіпкерлердің басындағы қайғының себебін тасбауыр қоғамнан және қайтарымыз уақыттан іздейді. Біреуі - өмірге ғашық кемтар қыз, екіншісі – туған бала-келіннен опа таппаған қарт, үшіншісі - арақтың уына салынған анасы мен баласы, төртіншісі - ұлынан айырылған кейуана. Бұл әңгіме Нұрғали Ораздың «Түнгі жалғыздығымен» ұқсас. Екі шығармаға да арқау болған шындық - жалғыздықтың ащы дәмін тартқан кейіпкерлердің трагедиясы. Автор кейіптеу тәсілі арқылы Жалғыздықты кейіпкер бейнесінде береді. Кеш бата Жалғыздық

көшеге шығып өзінің «құрбандарын» - жалғыз басты жас әйел, ащы судың тұманынан айықпаған бейсауыт жан, кемпірінен айырылып, түні бойы көз ілмеген шалды іздеп табады.

Айгүл Кемелбаеваның «Қоңыр қаз» атты әңгімесі де трагедиялық сарында жазылған. Г. Балтабаеваның зерттеу еңбегіне сүйенетін болсақ, бұл әңгімеде «құс мүсіндерін көркемді деталь ретінде алып, анасы мен қызының басындағы көрер көзге көрінбейтін трагедиясының, қасіретінің жан дауасын адамзат санасынан тысқары жұмбақ – құстар әлемінен іздейді». Аталмыш әңгіме Асқар Алтайдың «Көз жендет» атты әңгімесімен ұқсас. Екі әңгімеде де кейіпкер басына түскен қайғылы жағдай құс бейнесімен астарлас суреттеледі.

Нұрғали Ораздың «Ақ тырналардың ұясы» да жоғарыдағы әңгімелермен бір сарында жазылған. Әңгіме бір кездері ішкіш атанған Ақмырзаның енді жаман әдетін тастап, ел қатарлы өмір сүруге талпыныс жасамақ ниетінен басталады. Әйелі мен балалары да Ақмырзаға үміт артып, енді ішкіштік жолға түспейтіндігіне сенеді. Ұлдары өкесін айлық алатын күні далада күтіп жүреді, Айлығына ұлдары үшін аяқ-киім, киім-кешек сатып алып беремін деп уәде еткен өкені кеш бойы жаутандаған ұлдары көп күтеді. Бірақ үміт ақталмай қалады: «- Көкем...көкем келе жатыр ма? – деп сұрады алқынып. Ол үндеген жоқ. Бақса, Тәшкенбай жылап келеді екен. Түкке түсінбеген Келесбай: - Саған не болды, а? Төбелесіп қалдың ба? – деді тосылып. – Не болды, а, Тәшкен?.. Көкем Қайда? Тәшкенбай оның тұсына жете бергенде сәл тоқтап, көз жасын жеңінің ұшымен сүртіп тұрып: - Көкем ... көкем мас, - деді булығы сөйлеп. – Ана жақта... Мақанның үйінің жанында шарбаққа сүйеніп тұр... Келесбайдың алып-ұшқан көңілі сепкендей басылып, талай күнгі қуанышын өп-сәтте біреу тонап алып кеткендей, ішкі әлемі құлазып сала берді... «Қалайша?.. Қалайша?.. Бізді алдағаны ма сонда?.. – деді еріндері дірілдеп. Көкем енді ішпеймін деп еді ғой... Бізді ... бізді бүгін мөғәзінге ертіп апарамын деп еді ғой...» [5, 116-117]. Өкесі ұлдарына жақындаған кезде, бұлар көздерін төмен түсіріп қаз-қатар тізіліп тұр еді. Ақмырзаның көзіне бұлдыраған тырналардың тізілгені елестеді. Балалары ақ тырналарға айналып, аспанға ұшып бара жатқандай көрінді: «Әй, әй, не болды сендерге? Қайда... қайда кетпек болып жанталастындар? Өз ұяларыңды тастап қай жаққа ұшып кетпекшісіңдер?! Тоқтандар, Тоқта...» [5, 117]. Ақ тырналар – үзілген үміттің символы.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі трагедиялық кейіпкерлердің символдық және реалистік сипаттары қатар өрілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Поспелов Н. Теория литературы - Москва: Высшая школа, 1978. – 351с.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері – Алматы: Санат, 2007. – 360 б.
- 3 Мұқанова Р. Шатыр астындағы Мен. Әңгімелер мен драма. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.
- 4 Әбдіков Т. Таңдамалы: Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 512б.
- 5 Ораз Н. Сикырлы көл: Әңгімелер – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. – 324 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТҰРҒЫЛАР

ЖАКУПОВА Г. М.

бастауыш сынып мұғалімі, Мичурин жалпы орта білім беру мектебі,
Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы,
Павлодар ауданы, Мичурин ауылы

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты

міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың

функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогоикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытандарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне

үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының денгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К. Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б. Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз » деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы ».

Латын тіліндегі « компетенс» сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молайды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді.

Кұзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады.

Кәсіби деңгейдің дамуы

Психологтар да, педагогтар да адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтар А. Дистерверг, К. Ушинский, А. Макаренко, В. Сухомлинский, т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы, адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі. Осы мәселені терең зерттеген А. Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Объективті критерийлер: Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі. Жоғары еңбек көрсеткіші, әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді.

Субъективті критерийлер: Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субъективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын, оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер: Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады. Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым- қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер: Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А. Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі: мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің, жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік- педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.

2 А.С. Макаренко. Психология труда учителя. М., «Просвещение», 1993.

3 А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика», 1988.

4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-6

5 Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004. 3-4б.

6 Краткий словарь иностранных слов // под. ред. О.П. Марасанова. М., 1993. 318-б

7 Советский энциклопедический словарь // М., Издательство «Советская энциклопедия», 1984. 613-б

8 С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. А.С. Макаренко. «Толковый словарь русского языка» // М., 2004. 288-б

9 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

10 С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

11 В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003.

12 К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.

13 Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

СЮЖЕТ, ФАБУЛА ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

ЖҮСІП Қ. П.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СҮЛЕЕВ А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Осы мәселеге, сұраққа дұрыс жауап табу үшін, ең алдымен, бір мәселеге назар аударып, тоқталып өтуіміз керек. Ол «сюжет дегеніміз не?» деген сұрақ. Әрине, бұл сұраққа теориялық жағынан жауаптар мен анықтамалар өте көп. Біз соларды сараптай отырып, ең негізгісін, өзімізге қолайлысын тандап алуымыз қажет.

Біз сюжетті әр қырынан қарауымыз керек. Тек сонда ғана әр көзқарас оның неше түрлі сырын ашады. Зерттеудің объектісін осылай қарастыру «жүйелі қарастыру» деп аталады.

Сюжетті жүйелі қарастыру үшін біз тек сюжеттің ерекшелігін қарастырып қоймаймыз, сонымен қатар әдеби шығарманың басқа элементтерін де қарастырамыз. Өйткені, сюжет сол элементтермен тікелей байланысты, яғни бүтінді оның бөлшектерімен бірге қарағанда түсінесін, оны ажыратып қарастыруға болмайды. Бұл жағдайда анализ синтезбен бірге жүреді.

Бұл объектіні зерттеудің қорытындысы оның анықтамасы болып келеді, яғни «бұл не?» деген сұраққа жауап береді. Бірақ жүйелі қарастырудың негізінде бірде бір анықтама сұраққа толық жауап бермейді.

Сюжетке берілген анықтамалардың көптігі заңды мәселе, өйткені оларға сүйеніп сюжеттің әр түрлі ерекшелігі, әдеби жүйенің басқа элементтерімен қатынасының әр түрлілігі дұрыс анықталады. Анықтамалардың көптігі бірін-бірі толықтырып, «анықтамалардың жүйесіне» әкеледі.

Ең алғаш рет «сюжет» деген термин Еуропада ХҮІІ ғасырда қолданылды деп есептеліп жүр. Оны бүкіл әлемге әйгілі классиктер П. Корнель және Н. Буало қолданғаны мәлім. Ал одан да ертерек философ, данышпан Аристотель және римдік жазушылар оны өздерінің әр түрлі әңгімелерінде болған оқиғаларды айту үшін «фабула» терминімен қолданғаны белгілі. Ал фабула сөзі *fabula* (лат. айту, әңгімелеу) етістігімен бір мағыналы. Белгілі зерттеуші З. Қабдолов: «...көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау», – деп фабула туралы өз пікірін айқын жеткізеді [3, 167-168-б.].

Әдебиетте «Сюжет» термині мен «фабула» термині синоним болып келеді. Немесе орыс әдебиетіндегі ғалым Г.Н. Пospelов айтқандай – «сюжет – оқиға желісі, ал фабула – сол оқиға желісіндегі дамыған конфликт» [5, 431-б.].

Сюжет терминінің оқиға желісі ретінде түсіндірілуі орыс әдебиеттану ғылымында дәстүрлі түрде орныққан. Бұл дәстүр ХІХ ғасырда қалыптасқан. Бұған дәлел А.Н. Веселовскийдің «Поэтика сюжетов» еңбегі. Осы қалыптасқан пікірге қазіргі орыс әдебиеттану ғалымдары басқаша қарайды. Төңкеріске дейінгі орыс ғалымдарының сюжет деп қарастырғандарын қазіргі формальді мектептің өкілдері фабула деп атап кетті.

Фабула (лат. *fabula* – қысқа мысал әңгіме, сказание) «ал сюжет терминімен олар көркем өңделген фабуланы қарастырды» [5, 135-б.].

Сюжет пен фабуланы осындай түсінуді ғалым В.Б. Шкловский енгізді. Ол 20-жылдардағы әдебиеттануда қолдау тапты. Осы екі термин әдеби шығарманың оқиға желісін көрсетеді. Кейбір ғалымдар осы терминдерді синоним ретінде қолданады, ал кейбіреулері тек қана сюжет деген сөзбен шектеледі. Бірақ ең дұрысы сюжет пен фабуланы бір заттың (кұбылыстың) әр түрлі түрі (қыры) ретінде қарастыру. Бұл бізге әдеби шығармалардың тек қана сыртқы жағын емес, сонымен қатар шығарманы толық түсінуге көмектеседі.

«Фабула – это то, что дается пересказу», яғни, теледидардағы диктор бізге көркем фильмнің өтіп кеткен серияларының мазмұнын айтса, ол фабула айтып жатыр. Ал сюжет туралы мәліметті біз теледидарда сол серияларды көргенде ғана аламыз. Опера спектаклінің фабуласы театр бағдарламасының либреттосында беріледі. Ал, қайта өрлеу дәуірінің новеллистері шығармаларының алдында қысқаша мәлімет береді, ол шығармалығының фабуласы (мысалы, Д.Ж. Бокаччо «Декамерон»).

Шығарманы алғаш рет оқығанда біз ең алдымен фабуланы көреміз. Тек қана шығарманы қайтадан оқығанда ғана біз сюжет туралы мәлімет аламыз.

«Сюжет означает «предмет», т.е. то, для чего написано произведение. Сюжет – это цель автора, а фабула – средства достижения этой цели» [6, 350-б.]. Яғни, сюжет автордың мақсаты. Бірнеше себептерге байланысты біз фабула мен сюжетті қарама-қарсы қоямыз. Мысалы, автордың айтуы оқиғаның дамуына сай келмейді. Яғни, бағыт немесе бірізділігі жоқ, оқиға өзінің өткен кезегінен айырылады.

Әдебиетші Б.В. Томашевский былай дейді: «Фабула – это то, что было на самом деле, а сюжет – то, как узнал об этом читатель» [7, 351-б.].

Біз фабуланы өз сөзімен айта аламыз, ал сюжетті тек қана автор сөзі арқылы білеміз. Бір фабула, егер оны әр түрлі сөзбен айтса, неше түрлі сюжеттік мазмұнға ие болады. Сюжет шығарманың стилі мен әдеби әлемнің құрылу заңдарымен сәйкес келеді. Сонымен, біз сюжет пен фабуланы қалай ажыратамыз? Негізгі критерий – фабуланы өз сөзімізбен баяндап бере аламыз.

Сюжеттің спецификалық ерекшелігі – оны өз сөзімен айтуға болмайды. Сюжетті оқырман өз сөзімен айта алмайды. Ол тек қана сөзбе сөз қайталап бере алады. Ал фабуланы өз сөзімен айтып беруге болады. Дәлірек айтсақ, тек сонда ғана біз фабуланы аңғара аламыз.

Фабуланы айтып беру дегеніміз – оқып болған шығармадағы оқиға желісін өз сөзімен айтып беру. Бірақ, ескеретін жай, біз шығарманы емес, сюжетті де емес, тек қана фабуланы айтып береміз. Сонымен бірге біз «автор сөзінен» айрыламыз, яғни әдеби тілдің орнына өзіміздің күнделікті қолданатын қарапайым тілімізді қолданамыз. Бұл жерде авторлық композициядан да айрыламыз, өйткені біз өз сөзімізбен айтқанда оқиғаны автор берген кезекте айтпаймыз, біз оны өмірде қалай болатын кезеңінде баяндаймыз.

Айтып кеткендерге қарағанда сюжеттің толық анықтамасын М.М. Бахтин берді: «айтылатын өмір оқиғасы және айтылудың шындық, ақиқат оқиғасы көркем шығарманың біртұтас оқиғасына айналуы сюжет деп аталады» – дейді ғалым және бұл пікірді «сюжет – көркем шығарманың динамикасы», – деп қорытындылайды [8, 403-404-б.].

М.М. Бахтиннің пікірінде негіз бар. Бұл тұжырым да әрі қарай дамытылды. Орыс әдебиетінің сыншысы В.В. Кожинов былай дейді: «Сюжет – тақырыптың динамикалық ашылуы, тақырыптың шағылуы» [9, 461-б.].

Мұнда «тақырып» деген сөз «зат» деген сөздің синонимдік қолданысы болады. Ал тақырыпты қозғалысқа не әкеледі? «Сюжет – можно уподобить пружине, которая сначала сжимается, а достигнув предела сжатия расжимается. В движение приводит конфликт. Завязка конфликта (коллизий) начало противоборства (пружина начинает сжиматься). Кульминация коллизий – момент высшего напряжения (пружина достигает предельного сжатия), развязка момента коллизий – разрешение противоречия пружина распрямилась» [9, 462-б.].

Осыдан шығатын қорытынды, сюжет – қозғалыстағы конфликт пен өмірлік тартыс. Ал конфликт деген сөз Гегельдің терминологиясында коллизия деп аталады. Яғни, сюжет – движущаяся коллизия.

«Сюжет дегеніміз – дейді А.М. Горький, жалпы айтқанда, адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары. Жек көру, жақсы көру, әр алуан әдеби мінездің (образ мағынасында) өсу, жасалу тарихы» [10, 215-б.].

Ғали Әбетовтың пікірі бойынша: «Сюжет – (франц. Sujet – зат) әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне қарай бір-бірімен байланыса дамитын өмір көріністері, оқиға желісі» [11, 109-б.].

Бұл ойды ғалым А.Ы. Ысқақов қолдайды: «Сюжет - әдебиет және бейнелеу өнерінде болатын оқиғалардың ассоциациялық құрамы, жүйе-желісі, арқауы» [12, 518-б.].

Жалпы айтқанда қазақ әдебиетінде сюжет туралы қалыптасқан пікірлер арасында бірізділік бар. Яғни, З. Қабдолов, Қ. Жұмалиев т.б. ғалымдардың сюжетке берген анықтамасы жоғарыда берілгендермен мағынасы жағынан үйлесімді.

«Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс» [13, 311-б.]. Осындай сюжеттің негізін Зәки Ахметов ашады. Осы пікір ғылымда кең қолдау тауып жүр.

Міне, біз сюжет туралы біраз пікірледі қарастырып, сюжеттің табиғатын ашқан болдық. Алайда, сюжет ұғымын ашқан кезде оған байланысты көркем элементтерді ұмытпауымыз керек. Орыс зерттеушілері Е.А. Маймин және Э.В. Слина айтуларына, ол элементтерге композиция, жазушының тілі, образдар жүйесі және т.б. белгілі бір «бөлменің» терезелері секілді. Біз «бөлме» деп шығарманың мазмұнын аламыз. Сол «бөлмені» ішінен көру үшін әр терезеге қарау керекі де жоқ. Соның біреуіне қарап біз бәрін болмаса да, көбін көре аламыз [14, 17-б.].

Сюжеттік шығармаларда осы элементтердің барлығы болуы шарт емес. Біреуі болса, біреуі болмауы мүмкін, ал үшіншілері бар сияқты көрінеді.

Зерттеуші ғалым З. Қабдолов сюжет туралы айта келіп: «Сюжет (франц. *sujet* – зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Ол тартыс, конфликт әр түрлі адамдардың іс-әрекеттегі немесе ой-сана көзқарасындағы қарама-қайшылық. Мұндай қайшылықтар әр түрлі әлеуметтік топтардың ымырасыз күресі, таласы үстінде қандай айқын бой көтерсе, сонымен қатар баяндалған оқиға, жағдайларға кейіпкерлердің әр түрлі қарап бағалауынан да жақсы аңғарылады. Кейіпкерлердің қақтығысы қалайда қоғамдық өмірдегі күрес-тартыспен қабысып жатады, жеке адамдардың іс-әрекетінен, тағдырынан оқырмандар заманның, дәуірдің шындығын көріп, әлеуметтік қайшылықтардың сырын ұғады. Шығармадағы қақтығыс-тартыстың (конфликт) өрістеп дамуының үстінде кейіпкерлердің қимыл-әрекеттері, сөздері арқылы олардың характері ашыла, айқындала түседі. Сюжеттің жүйелі тұтастығы да, сондай-ақ жекелеген сәттері, яғни бастамасы (экспозиция), шиеленісуі, шарықтау шегіне жетуі және шешілу-аяқталуы да өмірлік тартыс, қайшылықтың даму-өрістеу заңдылықтарына сәйкес келіп отырады. Уақиға желісі түсінікті ғой. Және мәселе уақиғаның жай ғана аяқталуында емес. Көркем

шығармадағы қақтығыстар, жеке суреттер-картиналар арқылы толысып, мағынасы кеңейе түсетін оқиға тізбегі бара келе логикалық тиянақты тауып, негізгі шиеленіс-тартыстың түйіндері әбден шешіліп, бәрі-бәрі бір арнаға құйылып барып тынуы, сол арқылы шығарманың негізгі идеясы әсерлі толық ашылуы қажет.

Сонымен бірге, кейде сюжеттің беташары ретінде аңдату (пролог), ал соңында қосымша түрінде үстемелеу (эпилог) суреттемелер де беріледі.

Әрине, сюжеттің аталған тұстары, өз алдына оқшауланып көрінетін бөлшектері үнемі бір қалыппен жасалмайды, өмірдегі нақтылы жағдайларға орай сан түрлі болып құбылып өзгеріп отырады. Сюжеттің мағыналық мүмкіндігі баяндалатын оқиғаға қатысатын кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-бітімі, яғни характерлері бейнеленуі арқылы ашыла түседі. Тегінде сюжетті оқиға желісінің құр қаңқасы, сұлбасы ғана деп қарамай, сол оқиғалардың байланыс-жалғастығы, өрбу-өрістеу кезеңдерінің тұтасқан ағым арнасы деп түсіну дұрысырақ.

Қалай десек те, сюжет пен кейіпкерлер, олардың характерлері арқасында тығыз байланыс, сабақтастық бар. Өйткені оқиға дегеніміз адамның басынан кешетін жағдайы немесе бірнеше адамдардың қарым-қатынасының көрінісі ғой. Ал адамның мінез өзгешелігі, характері оның істеген ісінен айқын танылатыны талассыз» [3, 171-172-б.].

Сюжетті шығармалардың мазмұнында көбіне күрделі қайшылықтар, өмірлік тартыстар желі тартып жатады. Сюжеттің жаны мен жүрегі – тартыс. Ал тартыстан сюжет құрап, қалыптастыратын – композиция...

...Композиция (латынша *composilo* – құрастыру, қиыстыру) бір сөзбен айтқанда, көркем шығарманың құрылысы. Композиция сюжетпен тығыз байланысты. Композициялық бүтіндік, тұтастық жоқ жерде сюжет те жоқ. Сюжет – сюжет болу үшін оның барлық кезең-кезеңі түп-түгел белгілі бір композициялық жүйеге түсіп, бірлік табуы қажет», – деп сюжеттің тартыс және композицияның тығыз байланыста болатындығын, бұларды бөлектемей біртұтас қарау керектігін айтады [3, 175-б.].

Сонымен, сюжет десек «тартыс», «композициясы» деген элементтер қатар құралып, сюжеттің мағынасын айқындай түседі. Сюжеттің мән-мағынасын ашқаннан кейін, енді «қандай туындылар, жанрлар сюжетті шығармаларға жатады?» деген сұрақ туындары хақ. Осыған орай біз де ойланбастан эпостық және драмалық

шығармалар сюжетті шығармаларға жатады деп айта аламыз. Себебі, эпостық, драмалық шығармалардың өмірдегі қат-қабат, шытырман оқиғаларды суреттеу мүмкіндігі лирикадан әлдеқайда мол, құлашы кең. Адам образын жан-жақты бейнелеп, шындық сырын неғұрлым толық ашуға бейім және де олар күрделі де сансалалы тартыс пен қақтығысқа, композицияға құрылады. Эпостық және драмалық шығармалардың сюжетке құрылатындығы ғылымда дәлелденген, дау тудырмайтыны анық.

Ал, біздің мақсатымыз – нақты лирикалық туындылардағы сюжет мәселесін қарастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мақпыров С. Әдебиеттануға кіріспе / С. Мақпыров. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 245 б.
- 2 Белинский В.Г. Сборник сочинений. В 3 т. Т. 1. / В.Г. Белинский. – Москва: ГИХЛ, 1978. – 320 с.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 4 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық / З. Ахметов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 347 б.
- 5 Литературный энциклопедический словарь; под. ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – 431 с.
- 6 Энциклопедический словарь юного литературоведа. Составитель В.И. Новиков. – Москва: Педагогика, 1987. – 264 с.
- 7 Томашевский Б. Теория литературы. Поэтика / Б. Томашевский. – Москва, 1980. – 351 с.
- 8 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики / М.М. Бахтин. – Москва: Художественная литература, 1979. – 403 с.
- 9 Кожин В.В. Сюжет, фабула, композиция / В.В. Кожин. – Москва: Наука, 1964. – 373 с.
- 10 Горький М. Собрание сочинений. в 30 т. Т. 27. / М. Горький. – Москва, 1953. – 540 с.
- 11 Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі; құраст. Қ. Жұмалиева. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым акад., 1962. – 294 б.
- 12 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі; құраст. А.Ы. Ысқақова. – Алматы: Ғылым, 1985. – 518 б.
«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық-құрылымдық сипаттарын ажырата білу және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі күдіретін дәйектей алу дағдыларын меңгерту негізгі сатыда қарастырылса, бағдарлы мектепте әдебиетті оқыту қазақ әдебиетінің біртұтас жүйелі сипатын алуға құрылады. Сөйтіп оқыту үрдісіндегі әдістемелік жүйенің барлық сатыларда сабақтасып қабысуы білім сапасының нәтижеге бағдарлануына саяды. Дара тұлғаның еркін, үйлесімді дамуын және креативті ойлай алу қабілетін олардың мүмкіндіктеріне орай дамытуда әдебиеттің әлеуеті арта түседі. Әдебиетті оқып үйрену арқылы оқушылар әлеуметтік өмірге бейімделіп, қоршаған орта, замана келбетін түсінуге қажетті білім-білік дағдылармен қаруланады. Ол үшін әдебиетті ғана емес, барлық пәндерді оқыту ұстанымдары оқушылардың үздіксіз білім алуға деген ынтасын іс-әрекеттік тұрғыда дамытуды күнделікті өмірлік жағдаяттарға байланысты сипатқа құрылуы керек. Оқушылардың білімін бағалайтын тексеру жұмыстары да оқыту әдістеріне сай білім жетістігіне ұмтылуға бағытталайтын дәрежеде болуы тиіс.

Мектептік жүйедегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің даралық қасиеті - оның ұлттық мұра екендігі оқыту үрдісінің барлық сатысында көрініс тауып, жетілдіруді нысана тұтқанда ғана әдебиеттің ұлттық құндылық ретіндегі маңызы айқындала түседі. Сергек сезімді қозғаған терең ой тұжырымдалған түйін ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратындықтан әдебиет ойды көріктеп берудің шынайы құралы болып та есептеледі.

Әдебиеттің теориялық негіздерінің тілдік дүниетаныммен арналас құбылыс екендігі де оқытуда өзіндік үлесін алуы тиіс, оның үстіне тіл де, әдебиет те қоғаммен бірге дамып жетіліп отыратын табиғи құбылыс болып ерекшелене түседі. Сонымен қатар, әдебиеттің өскелең ұрпақ өресін кеңейтуде, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде ұйытқы болатын тіл қалыптастырушылық міндетін де тағылымдық тәрбие деп қарастырған жөн. Әр адамның алдындағы парасатты парыз - өз ұлтының мәдениетін құрметтеу, ана тілін ардақ тұту, төл әдебиетін терең сезіммен сүйе білуді үйретуде әдебиетті оқытуға үлкен жүк артады. Осындай пәндік міндеттерді адамзаттық тұрғыда оқушыға жеткізетін, олардың таным тереңдігі мен білім біліктілігін ұштастыратын мұғалім болады.

Ұлттық мектептің жаңа талаптарының өзегіне күзіреттілік, біліктілік түріндегі оқушы жетістігінің салынуы да оқыту үрдісінің үлесіне тиеді. Сол себепті де қазіргі кезде көп айтылып жүрген «компетенттілік» терминінің қолданылуы білім сапасының нәтижеге бағдарлануына ұласады. Оқытудағы компетенттілік тәсіл - оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын өамтамасыз етеді және оқыту үрдісін білім, білік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенцияларды қалыптастыруға бағытталады. Компетенттілік - оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір теориялық әрі практикалық жаңалықтарды шешуде қолдана алу қабілеттілігі болып табылады. Олай болса, әдебиетті жаңа мектептік жүйеде оқытуда оқушының алған білім негіздерін өзінің қажетіне жарата алуы пәннің нәтижесін көрсетеді.

«Филология» білім саласына кіретін «Қазақ әдебиеті» пәні сөз өнерін таныту құралы ретінде мынадай компетенцияларды қалыптастыруды көздейді: қазақ әдебиетінің классикалық көркем туындыларын өз халқының төл мәдениеті ретінде елжандылықпен меңгере алу; алған білімдерін әлемнің ғылыми бейнесін түсіне білуге, әлеуметтік мәні бар мәселелер мен әр түрлі жағдаяттарда пайдалана алу; көркем әдебиетті оқытудың негізгі тірек түрлерін ажырата

алу; көркем шығарманың негізгі мазмұнын, идеялық-тақырыптық мәнін рухани қажеттілік пен төзімділік сияқты нысандарды ұстана отырып, көркем мәдени құндылықтар жөнінде пікір алмаса алу; көркем туындының кейіпкері жайлы бір мақсатты көздей отырып қойылған жағдаяттық (проблемалық) сұраққа жауап беруде өзіндік көзқарасын азаматтық белсенділік тұрғысынан білдіре алу; көркем шығарма кейіпкерлерінің әрқайсысының жекелік және жалпылық сипаттарын анықтай отырып, бас кейіпкер бейнесін аша білу және оқиға мен кейіпкерлер арасындағы байланысты қоршаған орта, әлеуметтік жағдаяттарда тани білу.

Ал пән бойынша берілетін әдеби білім мазмұны негізгі саты-да әдеби білім бере отырып, сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін, әдебиеттің тегі мен түрлерін, көркем шығарманың құраушы бөліктерін үйретеді. Білім мазмұны халық ауыз әдебиеті, мысал өлеңдер, ежелгі дәуір әдебиеті, қазақ хандығы дәуіріндегі, орта ғасырлардағы, 19-20 ғасырдағы қазақтың классикалық әдебиеті және қазіргі заман әдебиеті үлгілерін құрай отырып, әдебиетті ұлттық құндылық, әдеби мұра, тарихи көркем шежіре ретінде ұғындыруға құрылады.

Бұл ғылыми тұжырымдар алдағы уақытта жасалатын ұлттық куррикулумның (стандарттың) негізін құрай отырып, өз кезегінде жазылар әдебиет оқулықтарында әр саты, әр сынып сайын реттеліп орнын табатын болады. Әрине, бұл әлі жоба ретінде жасалған әдіснамалық тұғыр ғана, ол әлі көпшілік талқысына ұсынылып барып қана жаңа жүйеге қызмет ететін болады.

12 жылдық білім беру нақ осы кезде ғана ойластырылған мәселе емес. Бұл жүйеге келу жолы елімізде жаңа буын оқулықтарының жазылу кезеңінен бастау алды десек те болады. «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті «Қазақ әдебиеті» оқу пәні (А., РОНД, 2002)» стандартының 7.2. пунктінде «Мектептің жоғары сатысының қоғамдық-гуманитарлық» бағдарындағы, 7-3-пунктінде «Мектептің жоғарғы сатысының жаратылыстану-математикалық» бағдарындағы білім мазмұны берілген. Ол стандартқа салынған идеялардың нәтижеге бағдарланған білім моделіне ұласар тұсы да осы жерде. Ендеше, ұлттық мектептің жаңа жүйесіне көшу мұраттарының тамыры тереңде жатса керек.

Білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларындағы қазақ әдебиетін оқытудың мақсаты оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, оларға азаматтық, адамгершілік,

елжандылық, көркем-эстетикалық тәрбие беру және олардың ой-өрісін кеңейтіп, ауызша сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін қалыптастыру болып табылады. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқып-үйрену арқылы оқушылар халқымыздың ұлттық құндылықтарын сөз өнері тұрғысынан қабылдауға қажетті білім, білік дағдыларымен қаруланады.

Жоғарыда атап өткендей, 12 жылдық білім беретін орта мектеп 3 негізгі құрылымнан тұрады. Алғашқы сатысы бастауыш сыныптар, яғни 1-4-сыныптар болса, екінші сатысы 5-10-сыныптар, ал үшінші сатысы 11-12-сыныптар болып табылады. 12 жылдық білім беру үрдісінде әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен мақсат-міндеттері бар.

Негізгі орта мектептің 5-сыныбында «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұны - көркем шығармалар үлгісін шәкірттердің оқып зерделеуі арқылы білім беру нәтижелері түріндегі құзіреттер жиынтығын игеруге бағдарланады. Оның білім мазмұны қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен: тұрмыс-салт жырларынан, мақал-мәтелдерден, жұмбақ, жаңылтпаштардан, ертегілерден және жазба әдебиеттің түрлі жанрларының озық үлгілерінен түзіледі. Сол негізде оқушылар қазақ әдебиеті туралы біртұтас түсінік алып, күтілетін нәтижелер ретіндегі мәселелерді шешу құзіреттілігі мен өзіндік менеджмент, ақпараттық құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік сияқты өмірде қажетті басым құзіреттіліктерді меңгереді. Сонымен бірге, қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің бір тармағы деген ұғым қалыптастыру мақсатында, әлемдік әдебиеттің кейбір озық үлгілерін де ұсынады. Сөйтіп, құзырлы тұлға ретінде адамзаттық әдеби мұраларға құрмет сезіммен қарауға, Отанын, халқын шексіз сүйуге, өзі өмір сүріп отырған қоғамда белсенді азаматтылық танытуға, оның болашағына сенімділікке, биік адамгершілікке бағыт алады. Бұлар эстетикалық талғамның жетілуі және әдеби білімнің тереңдеуі, сондай-ақ өз бетінше білім жинау дағдыларының қалыптасуы барысында жүзеге асады.[2,6]

5-сыныптың әдеби білімінің бұл тұжырымдамалары біздің қоғамымыздың жаңа әлеуметтік-экономикалық ақиқаттарын ескереді және қазіргі әдіснамаға негізделеді.

Оқытуды жеке бағдарлай жүзеге асыруға әдебиет пәні аса қолайлы. Бұл оқушының тұлғалық әрекеттерінің ашылып дамуына мол мүмкіндік туып отырған қоғамымызда өте қажетті сипат деп танылады. Әдебиет пәні арқылы шәкірттің өз оқу әрекетін өзіндік басқаруына, өзін-өзі тануына, әдебиетте оғырланған адамзат

тәжірибесімен табысуына, сөйтіп, адамаралық қарым-қатынаста өз бағдарын таңдауға мүмкіндік мол. Әдебиет сабағында оқушылар психологиялық жағдаяттарды сараптай отырып, кейіпкерлердің күйініш-сүйініштерінің сырын ашу барысында жас оқырман айналадағы адамдармен түсінісуге, өзінің ой-сезімін билеуге үйренеді. Осылайша, оқу бағдарламасы аясында әдебиет сабақтары оқушыға қазіргі өмірде өзінің орнын табуға, қоршаған әлеммен дұрыс қатынас орнатуға көмектеседі. Әдеби білім оқушыларды кез-келген әрекеттің негізі болып табылатын коммуникативтік біліктер мен дағдылармен қаруландырады. Осы орайда, оқу бағдарламасында қазіргі білім берудің жетекші парадигмасы болып табылатын оқытуды күзіреттілік тұрғыдан жүзеге асыру көрініс тауып отыр. Өнімді оқу әрекетінің ұйымдастырылу жағдайларында (құрылымдау, іздеп табу, білімді жинақтау, т.б. логикалық әрекеттерде) оқушы оқу үдерісі барысында құзырлы тұлға санатында қалыптасатын болады [4,8].

Еліміздің болашақ азаматы сипатындағы оқушыға әдебиеттің рухани-адамгершілік құндылықтарының басымдылығы туралы ой салу ниеті бағдарламаның өзекті арқауы болып табылады. Түптеп келгенде, әдебиетті эстетикалық және ұлттық-тарихи құбылыс ретінде оқу - оқушылардың әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделуіне, бәсекеге қабілеттілікке дайын болатын кең пайымды бесаспап құзырлы тұлға болып қалыптасып дамуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әрінова Б. 12 жылдық білім беру жүйесінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту мәселелері/Қазақ тілі мен әдебиеті.2006.-№10.-12-19 б.

2 Қусаинов А. В поисках лучшей модели/ Образование. 2006.-№3.-5-8 б.

3 Бектұрғанова Ж. Дамыта оқытудың мәні мен философиялық негізі/ Қазақ тілі мен әдебиеті.-2010.-№1.12-19б

4 Қазақ әдебиеті. 12 жылдық мектептің 5-сыныбына арналған бағдарлама(байқау нұсқасы). Алматы, Мектеп. -2007.-24-б.

Қ. МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ «ЖАТ ЕЛДЕ» ДРАМАСЫ ЖАЙЫНДА

НУРКИНА Н. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қалтай Мұхамеджанов – қазақ драматургиясындағы қайталанбас тұлға. Оның қазақ әдебиетінде алатын орны туралы, терең суреткер екендігі туралы, халықтық тілдің телегей-теңіз бай қазынасын мол меңгергендігі туралы айту – өз алдына орасан зор еңбек.

«Театр – драматургтың екінші университеті» деп Гоголь атқандай, драматургияның өзі ерекше бір үлкен сала, оның басқа жанрдан ерекшелігінің ең бастысы – оның тууы, дамуы, тіршілікті нысы театрға байланысты. Қазақтың ұлылары Абай, Исатай, Махамбет, Ақан сері, Майра, т.б. бейнелері драмалық шығармалар арқылы сахнаға шығып, екінші бір өлмес өмірін бастады.

Қазақ драматургиясын, оның табысы мен шыққан биігін Қалтай Мұхамеджановтың шығармашылығынсыз көзге елестету мүмкін емес. Неге десеңіз, бүкіл ғұмырын, бар күш-қуатын әдебиеттің бір жанрына арнаған қаламгерлер қазақ әдебиетінің тарихында аз кездеседі. Қазан төңкерісінің жеңісі, азамат соғысы жылдары, бай-қулақтарды тап жауы ретінде жою, әйел теңсіздігі, т.б. қазақ кеңес әдебиетінің негізгі тақырыптарының бәрі де қазақ драматургиясында көрініс тапты.

Комедияның шын шеберіне айналған Қалтай драма жанрында қалам тербей алатынын нақты көрсетті. Бұған дәлел – әйгілі Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп жұмыс істеуден туған «Көктөбедегі кездесу» пьесасы мен «Жат елде» атты драмалық шығармалары, бұл еңбектері суреткерге үлкен даңқ әкелді.

Бұл еңбегімізде Қалтай Мұхамеджановтың бір ғана шығармасының төңірегінде сөз қозғамақпыз, яғни оның кесекті туындыларының бірі, нақты деректерге құралған «Жат елде» драмасы туралы сөз қозғамақпыз. Бұл – үлкен саясатқа жазылған әлеуметтік-психологиялық тартысқа толы шығарма. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында «Түркістан легионында» болып, Отанға орала алмай қалған қандастарымыздың төлкекке түскен тағдыр-талайынан сыр шертеді. Мұнда жұртты күлкімен көметін комедия жоқ, жанына аяушылық сезім ұялататын трагедия бар. Драманы көріп отырып неше түрлі күйге түсесіз, күйінесіз, жиренесіз.

Олар сатқын болса да кейде тұла бойынды аяушылық сезім билейді. Оқиға Германия Федеративтік республикасының Мюнхен қаласында өткен. Мұстафа Шоқайға қастандық жасаған өзбек Уәли Хасенов, Отанын сатқан Құрбан, ата мекенге деген сағынышпен жүрген ақын Асан және басқалар арасындағы психологиялық тартыс драманың өн бойында егіз өрімдей өріліп жатыр. Туған елден тағдыр тәлкегіне ұшырап, алыста жүрген ағайындарымыздың өмірінен жазылған бұл «Жат елде» пьесасы сәтті туған шығарма. Деректерге құрылған үш бөлімді драма 1966 жылы таңдаулы драмалық шығармалардың жабық бәйгесінде сыйлық алған.

Драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөздерінен құрылады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа негізделеді. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана, автор сахна сыртында, залда қалады.

Есіру, Есенгіреу, Естен тану болып үш бөлімге бөлінетін шығармаға он үш кейіпкер қатысады. Олар: Уәли - 52 жаста, Асан – 42 жаста, Құрбан - 45 жаста, Жұман - 47 жаста, Кәрім - 52 жаста, Байбол - 22 жаста, Фон Штаубе - 54 жаста, Джон Грэй - 50 жаста және т.б.

Драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде. Драма тілі тұжырымды, қысқа, нақты, түйінді болып келеді. Роман – бір бетке суреттелетін шындықпен қажет болса, драмадағы әр сөз, әрбір сөйлем шындықты ғана емес, сол сөз бен сөйлемдегі айтқан кейіпкердің сөзі бірінші өзін таныту шарт. Сондықтан пьесадағы әрбір айтылған сөз, келтірілген сөйлем мірдің оғындай дәл тиіп, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуі шарт. Міне, осындай шығарманың тек қана кейіпкер сөзіне құрылуы – драматургиядағы тағы бір қиындық.

Жазушы тілі үш түрлі ұтымдылыққа – дәлдікке, ықшамдыққа, сұлулыққа негізделуі шарт десек, «Жат елде» пьесасының тілі осы шарттарға негізделген болып табылады.

Драматург өз пьесасында кейіпкерлер бейнесін беруде көріктеу құралдарын – мақал-мәтел, идиома, неологизмдер, кірме сөздерді, варваризмдерді, тағы басқа тіл байлығының қайнар көздерін тиімді пайдаланған. Шығармада сөз таптарына байланысты сөздердің тура мағынасымен бірге бұрама мағынасы да бар. Мысалы: «қара» сөзі. Қара - сын есім, белгілі бір заттың түсін білдіреді.

Пьесада кездесетін сөздер: 1. Ол – Америка империализмінің канқұйлы қара жендеті. 2. Қара ниет қараңғы ойдан тумак.

3. Бауырлар, қара көздер! Он жылға толы күрестің ізі суып, бет-бетімізге тарап кетіп едік, әлемнің азаттық туын ұстаған елдердің көмегімен, құдайға шүкір, тағы да бас қосып отырмыз. 4. Жұрт халық қамын ойласа, бұл қара басының қамын ойлайды... Келтірілген мысалдардағы «қара» сөзі төрт жерде төрт түрлі мәнге ие.

Оқиға жат елде, жат жерде болғандықтан, ондағы кейіпкерлер де әр ұлттың бір өкілі. Суреткердің сөздік қорының кең екендігін, тіл байлығын көрсететін құралдың қайнар бұлағы – неологизм. Бұлардың бір алуаны интернационалдық сөздер мен терминдер екені белгілі. Драмадағы шығармада ондай сөздерді кеңінен қолданған. Мысалы: 1. Совет Армиясының құдіретті күшінің арқасында фашизмнің ажал тырнағынан енді босап, еңсесін көтере бастаған Европа елдерінің бұдан былай дамуы әр түрлі. 2. Ұлы Түркістанның тарлан докторы Сайыпқа бір сәлем. 3. ...Америкада жуырда құрылған «Россия халқын большевизмнен азат ету комитетінің» өкілі Джон Грэй мырзаға... 4. Баяғы Түркістан легионындағы сандырағыннан әлі жаңылған жоқ екенсің, ақыры қайыр болса жарар еді. 5. Онда комитеттің саяси мақсаты жайлы пресс-конференция болады. 6. Ақымақ, тым болмаса Американ офицерінде ақыл бар ма десем... 7. Әйгілі профессор ғой...

Шығармада ономастика мәселесі, топонимикалық атаулар кездеседі. Оқиға Еуропа елінде болғандықтан, жер атаулары жиі кездеседі. Мысалы: Мюнхен қаласы, Дюссельдорф, Берлин т.б. Адам аттары: Джон Грэй, Ева, Бройер, Фон Штаубе, Шимтд, Руть Хандшель.

Қалтай Мұхамеджанов туралы Ә. Сығай өзінің «Қазақ драматургиясының абызы» атты еңбегінде былай деген екен: «...Қалған бірде былай деп ағынан жарылғаны бар: «Осы «Жат елде» атты пьесам қыруар уақытымды алды. Мүлдем жабық жатқан тақырып еді ғой ол. Шет жұрттарда шашылып, қаңғып қалған қандастарымды сахнаға шығару жолында қаншама уайым шектім. Қазір ғой, заманның өзгеріп, өмір ұстанымдарының шуақ себе бастағаны. Анау Асан, Құрбан сияқты адасқан ұлдарымыздың Мюнхен көшелерінде сандалып жүргендері кеше ғана емес пе еді?».

Шығарманы алғаш рет қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасына қойған мәскеулік режиссер, КСРО-ның еңбек сіңірген артисі М.М. Новохожин болды. Бұл қойылымға аға, орта, кіші буын өртістердің ең таланттылары қатысқан болатын. 1950-ші жылдардың аяқ шенінде Германияның Мюнхен қаласында тағдырлары тәлкекке түсіп,

ілгері басқан қадамдары кері кетіп, әрі-сәрі берекесіз күй кешкен қорғансыз жандардың шалыс әрекеттерін Ы. Ноғайбаев, А. Әшімов, К. Қармысов сынды әртістеріміз ғажап көрсетті.

Қаламгердің аталмыш шығармасын және басқа да туындыларының тілдік ерекшеліктерін, жан-жақты қыр-сырын, қолданыстық қызметін қарастыру – алдымыздағы тұрған мақсат болып табылады.

Сөз соңында ақын Мұхтар Шахановтың мына бір өлең жолдарын келтіре кетсек:

Әр сөзің мірдің оғындай, күлкіден күмбез тұрғыздың,
Өмірде қанша түнерген Құлмаханарды күлгіздің?!
Әлемнің ойшыл қауымы айналу үшін досыңа,
Шыңғыспен бірге шырқадың Фудзияма таудың басында...
Бұл өмір кімнен өтпеген, түлкідей қызыл алтайы,
Пейіште нұрың шалқысын, қазақтың дара Қалтайы!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалтай Мұхамеджанов. Тандамалы шығармалар. Үш томдық. Алматы, «Атамұра», 1998, I том.

2 Жұмабай Әбілов. «Қалтай Мұхамеджанов – драматург».

3 Гүлнат Әбікенова. «М.Мағауин шығармаларындағы автор бейнесі мен кейіпкер бейнесінің берілу жолдары». Автореферат, Астана, 2004 ж.

4 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Тіл білімі. Павлодар, 2002 ж.

5 Әшірбек Сығай. «Қазақ драматургиясының абызы».

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТАБИҒАТЫНДАҒЫ «САНАСЫЗДЫҚ» ТУРАЛЫ Ж. АЙМАУЫТОВ ОЙЛАРЫ

ОРАЗБЕК М.

ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы ЕНУ, Астана қ.

Көркем өнер дүниесі, оның ішінде, әсіресе әдеби көркем шығарманың табиғаты күрделі, психологиялық қатпары өте терең, адам баласына жұмбақ болып келетіні баршаға аян. Сондықтан да психолог ғалымдар көркем шығарманы туғызушы автордың психологиялық қырларын ашып, автор тұлғасының шығармашылық ерекшеліктерін [особенности] анықтауға ұмтылды.

Жалпы, көркем шығарманы автор өзінің қиялында пайда болған белгілі бір оқиғалардың ізімен саналы тұрғыда тудыруымен қоса, “бейсаналық” күйі арқылы да тудыратынын, сөйтіп өз болмысын танытатына тұңғыш рет Аристотель мән бергені ақиқат. Аристотельдің бейсаналық туралы ойы кейінгі дәуірдегі философ ойшылдар мен психолог ғалымдар еңбегінде жаңғыртылып, терең мән беру тұрғысынан дамытыла қаралды. Сөйтіп, бейсаналықтың өзі адам санасына, әсіресе суреткер санасына қатысты өте күрделі, нәзік ұғым екендігі айқындалды.

Автор тұлғасына, оның жан-дүние әлеміне қатысты бұл проблеманы Шеллинг, Гегель, Фихте, Шопенгауэр, Ницше т.б. ойшылдар әлдеқайда терең тануға тырысады. Олар суреткердің творчестволық тұлғасын “абсолюттік рух”, “тәңірлік сана” ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырады.

Әсіресе, Гегель “Эстетика” атты еңбегінде суреткерді “құдайдың өзі жасаған шебері” деп таныды: “...суреткердің рухтанушылығы [шабыттануы – вдохновение] – белгісіз бір жат күштің пайда болуы, еріксіз пафос, – дейді ол – Бұл арада творчество өзіндік табиғи формасын сақтай отырып, данышпанға [гений] тән ерекше субъектіге ықпал етеді” [1, 423 б.].

Суреткердің эстетикалық көзқарасын және көркем шығармадағы сұлулықты суреттеуін, сұлулықты сезінуін Гегель: “Сұлулық дегеніміз ақиқатты жасыратын перде, басқаша айтқанда, оның формасының ішкі мазмұны ақиқат шындықпен сәйкес емес, онда ақиқат шектеулі” деген пікір айтады. Суреткер өз шығармасында нағыз “ақиқатты” емес, өз сезімін, қиялын мазмұнға айналдырады, сөйтіп ақиқат “шектеулі” түрде бейнеленеді деп түсіндіреді.

Шопенгауэр, Ницше еңбектерінде автордың көркемдік әлемі “инстинкт”, “интуиция” “бейсаналық”, ал ұлттық ғылым әлемінде Ж. Аймауытовтың “Психология [Жан жүйесі] мен өнер тандау” еңбегінде алғаш рет “санасыздық” ұғымдарымен байланысты қарастырылады. Шопенгауэр автордың көркем шығарманы тудыру процесі кезінде ерік-жігері қалыптан тыс ұлғайып, шабыт кернейді деп түсінсе, Э. Гартман мен З. Фрейд суреткердің көркем шығарманы тудыру барысындағы “бейсаналық” күйіне ерекше мән береді: “Данышпан [гений] бейсаналықпен тудырады, өйткені ондағы ой-ниет енжар, еріксіз күйде туындайды. Данышпанға тұтас дүние [шығарма – М.О.] құдайдың сыйы ретінде еш қиындықсыз бірден беріледі” [2, 178 б.]. Гартман “құдайдың сыйы” деп суреткер тудырған дүние саналы түрде емес, бейсаналықтан пайда болған өнер туындысы деген тоқтамға келеді.

Адам баласында саналы ойлаудан өзге “бейсаналы” күй, сезімнің болатынын қазақ қаламгерлері де анық аңғарып, әсіресе өнер адамдарындағы осы құбылысты зерттеуге күш салған болатын. ХХ ғасыр басында Ж.Аймауытов: “Адамның жан құбылыстарын зерттеп, таныс болу үшін сол шығармалардағы кейіпкерлердің [тип] бастан кешірген халдерін бақылау керек” деп, көркем шығармадағы кейіпкерлердің табиғатына, мінез-құлқына мән береді. Сол арқылы суреткердің табиғатына үңіледі. “Күндегі өмірді бақылап, зерттесек, санамен білінетін заттардан басқа, бір көмескі қуат арқылы, яғни санасыз-ақ білінетін заттар барлығы көрінеді... Санамызда белгілі себебі жоқ құюдан туатын құбылыстарды “санасыздық” дүниесі деп ат қойған. Жан өмірімізде “санасыздықтың” маңызы зор. Осы “санасыздық” деп отырғанымыз – біздің нағыз “мен” дейтініміз... “Меннің” санасыздық жағының ықпалын көрсету үшін “көңіл күйін” алайық. Әркімде бір талпыну, шабыт бар. Осы шабыттар түрлі себептермен кейде көтеріліп, кейде төмендеп тұрады” [3, 263 б.]. Батыс ойшылдарының “бейсаналық” [бессознательность] деп отырған, әсіресе өнер адамына тән күйді Ж.Аймауытов нақты түрде “санасыздық” деп алып, автордың еркінен тыс санасына бағынбайтын “белгілі себебі жоқ құюдан туатын құбылысты” анық аңғарып, осындай күй нәтижесінде “талпыну”, “шабыт” пайда болатынын түсіндіреді. Ал ол шабыт көркем шығарманың тууына себеп болады.

Осы жерде Аймауытовтың ой-тұжырымы Юнгтың автордың жеке «мені» туралы ойымен сабақтас екенін түсінуге болады. Ал мұндай күрделі процесті К.Юнг былай түсіндіреді: “Шығарма өзімен бірге өзіне тән ерекше форма әкеледі, ол автордың қосқысы келгенін қосқызбайды, ал алып тастағысы келгенін керісінше қайта туындатады. Бұл кезде авторлық саналы ой осы бір феноменге сырттан таңғала қарап тұрады; ал автор болса бұрын ешуақытта өз еркімен туындай қоймаған ой тасқыны мен ешқашан бейнелеуге ұмтылмаған образдар шырмауында қала береді. Бұл дегеніміз, автордың көркем шығарма мазмұнында ерекше шеберлік шыңына көтерілгенде, өзінің жекеменшік “мені” [собственнсе “я” – К.Юнг], яғни жекеменшік ішкі табиғатының өзіне ашылғаны” [4, 18 б.].

Автор көркем шығармадағы түрліше кейіпкерлердің адам баласына тән “жұмбақ” жан-дүниесінің терең қатпарына шығармашылық процесс барысында бойлағанда, “бұрын ешуақытта өз еркімен туындай қоймаған ой тасқыны мен ешқашан бейнелеуге ұмтылмаған образдар шырмауында қалып”, сол соны образдардың

ерекше іс-әрекеті мен сезім-сырын шеберлікпен суреттейді. Сондай-ақ, дәл Юнг ойымен сабақтас бейсаналықтың – аймауытовша “санасыздықтың” архетип образдар, яғни бұрын ұмытылып қалған арғы образдардың оянуымен де байланысты екенін айқындап береді. “Санасыздың қармағына бір рет ілініп қалған нәрсе кейде мүлдем ұмытылып кеткендей көрінсе де, анығында ол ұмытылмайды, тек орны ауысып санасыздық дүниесіне кетеді. Мәлімсіз бір қуаттың ықпалымен сол ұмытылған нәрселер өзінен-өзі түртіліп, кейде санамызға қайтып келеді. Ол келсе қиялымыз қозғалып, іске кіріседі [3, 263 б.] деген Аймауытов сөзі автор санасында бұрыннан бар, бірақ “мүлдем ұмытылып кеткендей көрінген нәрсенің” шығармашылық қиялдың “қуатымен” оянып, түйсік тұманында “өзінен-өзі түртіліп” қайта туатынын, сөйтіп әрқилы образдардың пайда болатынына көз жеткіздіреді. Көркем шығарманың саналы ойлаумен қоса “санасыздықтың” немесе “бейсаналықтың” ықпалынан да туатынын, автордың сондай бір жұмбақ психикалық күйінің нәтижесінде “қиялы қозғалып, іске кірісетінін” дәлелдеп берді.

Ал, Юнг шығармашылық процесс кезіндегі автордың көптеген зерттеушілер шешімін таба алмай жүрген “жұмбақ” күйін, оның творчестволық тұлғасындағы “архетип образдардан бастау” алып, соның ырқында барлық басқа дүниені ұмытып, о баста өзі ойламаған кейіпкерлерді тудырып, сұмдық ситуацияларды кейіпкерінің бейсаналық ырқында суреттеп кететінін түсіндіріп берген.

Шындығында, көркем шығарма өмірдегі шындық оқиғалардың дәл сол калпындағы көшірмесі емес. Тіпті өмірде болған тарихи оқиғалардың өзі көркем шығарма мазмұнына арқау болғанмен, ондағы тарихи кейіпкерлер мен қиялдан құрылған персонаждардың бір-бірімен қарым-қатынасы, жан-дүниесіндегі өзек жарды ойлары – автордың шығармашылық фантазиясына, субъективті ой-танымына тәуелді.

Осы бір субъективтік санаға қатысты әралуан құбылысты суреттеу барысында автор “...өз еркімен саналы түрде тудырам дей отырып, бөгде бір еудің “жат еркінде” кетіп бара жатқанын сезінгендей болады” [4, Б.18-19]. Автор шығармашылық жұмысқа берілу барысында, оның рухани бай болмысы санасындағы шығармашылық қиял күшінің ырқына ерік береді. Соның нәтижесінде “бөгде бір еудің “жат еркі” сияқты күйге түсіп, архетип образдардың бой көтеруіне жол береді. Бірақ бұл дегеніміз, автор мүлде өз-өзіне ие бола алмайды, немесе архетип образдардың жетегінде кетіп, өз шығармасына басшылық жасай алмайды деген

сөз емес. Керісінше автор өзінің рухани болмысынан туындаған, бөгде біреудің “жат еркі” сияқты болып көрінетін *творчестволық әрекетті* саналы түрде реттеп, бүкіл шығармашылық процесті бақылап, басқарып отыратын шығармашылық тұлғаға айналады. Сөйтіп автордың субъективті табиғаты шығармашылық процесс барысында ашылады және шығармашылық тұлғаның *тудырушылық процесс* кезіндегі “жат ерік” тектес психологиялық күйі анықталады.

Бейсаналықты З.Фрейд психо-философиялық жақтан анағұрлым жетік зерттейді. Көркем шығармадағы автордың шығармашылық әрекетіне, шеберлігіне, ой-санасына қатысты шешуші рольді адам психикасындағы “*бейсаналық*”, “*санадан тыс*” әрекет атқарады деп есептейді. “Жан-дүниенің бейсаналық қызметін тану арқылы, – дейді З.Фрейд, – алғаш рет ақынның творчестволық қызметінің табиғатын тануға мүмкіндік туды” [5, 44 б.].

Тек ақын ғана емес, көркемөнер авторларының барлығына тән “бейсаналы” немесе санадан тыс ойлау мен әрекеттер негізінде шығарма кейіпкерлері мен өмір құбылыстарын ашық, объективті бейнелейтін автордың **сезіну, ойлау, екшеу** секілді психоаналитикалық процесті бастан кешетініне ой жібере аламыз.

Автор шығармашылық процесс барысында өз психикасында бұрыннан бар бағзы архетиптік образдар елесі негізінде өзі де ойламаған кездейсоқ, бірақ нақты әрі жаңа образдарды да кемелділікпен бейнелейді. Сондықтан да көркем шығармадағы кейіпкерлердің адамды таңқалдырарлық іс-әрекетін оны жазып отырған авторға бағынбай, автордың еркінен тыс әрекеттерге барды деп қабылдаймыз.

Суреткердің кейіпкер жасаудағы іштей аласапыранға толы қайшылықты күйі, оның өз-өзіне дем бере шабыттануы, өз-өзіне дән риза бола шамырқануы мен қиял-фантазиясының шарықтауы, тіпті жан-рухының асқақтауы автор үшін өзі ғана сезетін сыртқы бір құпия қуаттың ықпал етуімен пара-пар екендігі ақиқат. Ал автордың іштей сондай бір күшті эмоционалдық әсерге бөленетіні де рас. Шығармашылық психологиясын зерттеуші Арнауодтың түсіндіруінше: “Оны сондай бір сезім билеп алады да (авторды-М.О.), ол өзінің жаратып жатқанына жауап бере алмайтындай, оның орнына басқа біреу тудырып жатқандай көрінеді. Өзінің елестеткені де, жаңа идеяны тудырушы да санасы емес, мүлде бір жат рух еніп алып, оған өзі ешқашан бұрын ойламаған, еркінен жоғары бір күш шығармашылық “шабыт” беріп жатқандай болады. Көркем шығарманы тудырушы автор жоғары бір күштің “қаруы” секілденіп,

өзінің жеке инициативасы мен дара қызметін мүлде сезінбей, *медиум* сияқты еріксіз тудырады және өзінің ырықсыз жағдайында мол жаңалықтар ашуға бейім” [6, 362 б.] тұрады.

Шығармашылық процесс кезіндегі суреткердің мұндай психикалық ерекше күйін біз автордың бар жан-дүниесімен өзінің қиялында пайда болған кейіпкерлер әлеміне еніп, олардың психологиялық күйімен ұласып кетуі дер едік. Сондай-ақ автор саналы және санасына бағынбайтын еріксіз сезімінің ықпалына түсіп, оған бөгде рух, сыртқы күш бұйырғандай әсерленгендіктен де мүлде өзгеше көркемдік әлемге бейімделіп, сондағы тіршілік дүниесіне араласып, кейіпкерлермен бірге өмір сүруге көшетінін байқаймыз. Яғни, автор қиял дүниесін бүтіндей жаулап, шығармашылық әлемін билеп алған кейіпкер еркіне шын беріліп, олармен ырықсыз күйде санасуға мәжбүр болады.

Ал автордың мұндай персонаж ырқына бейсаналықпен берілу күйін Арнауод былай түсіндіреді: “Олар поэтикалық дүниетаным биігінен өзін керемет әсерлендіретін образды сезініп қалысымен, оны елестете отырып, іштей қаһармандардың сөзі мен дауысына дейін естігендей *иллюзиялық күйге* түседі. Әлдебіреу сыбырлап айтқанын тындап алып, амалсыз жазып отырғандай болады” [6, Б. 362-363].

Демек, автор жоғары поэтикалық дүниетаным тұрғысында таныған және көркем қиялында өзі әбден сенген, дара характерге ие болған образды, нақты айтқанда, қаһарман мен кейіпкерлерді тірі адамдай сезініп, оларды ежелгі етене танысындай қабылдап, айтар сөзі мен дауыс ырғағына дейін іштей “естіп”, олардың өміріне табиғи түрде төселеді. Бұл шығармашылық процестің кейіпкер жарату барысындағы психологиялық тұрғыдан ең жауапты мәні. Өйткені “өнердің *түс пен невроздан* [жүйке ауруы] айырмашылығы да сонда, оның өнімі әлеуметтік деп өте дәл таниды Ранк. Бірақ ол өнердің әлеуметтік құндылығының біздің бейсаналық ырқымыздан соншалық жоғары екендігіне мән бере алған жоқ” [7, 105 б.].

Көркем шығармадағы іс-әрекет, оқиға, кейіпкерлер өмірі автордың санасына туа біткен, қанына сіңген инстинкт, жалпы таным-түйсігі, сезімтал аңғарымпаздығы арқылы өзіне де белгісіз *ырықсыз күшпен* туатынын, сөйтіп, бұл құбылыстың түс көру, невроз сияқты симптомнан өзгешелігі суреткердің ерекше шығармашылық күйінен қуаттанатынына, ал көркем туындысының әлеуметтік мәнге ие болатынына көңіл аударуға тиіспіз. Ендеше, автордың саналы және санасына бағына бермейтін [бейсаналық – М.О.] еріксіз күйінен адамдық, адамгершілік қасиетті өмірдегіден әлдеқайда

әсерлі, бейнелі етіп суреттейтін көркем шығарма тудыратындығына мән бергізеді.

“Шығармашылық процесс негізінен сананың ырықсыз жұмбақ облысында өтеді. Сана, логикалық ой бағынышты рольге еніп, қосымша күйде қызмет етеді”. Шығармашылық процесс кезінде автордың санасынан тыс, өзіне де белгісіз айрықша психикалық күй ырық билеп, оны жазып отырған жазушы табиғи түрде шығарма оқиғасының жетегіне ілеседі немесе қаһарман әрекетіне еріксіз беріледі. Сондықтан “жазушы, – дейді Евгений Замятин, – шығармашылық жұмыс сәтінде гипноздалған жағдайға түседі. Сана *гипноздалған күйде* қабылдайды және гипнозшы берген материалды, әсерді ғана қорытады” [8,160 б.].

Әдебиеттанушы Евгений Замятин де К. Юнг пен Ж. Аймауытов сияқты автор санасының шығарма мазмұнын және кейіпкерлерін тудыру кезінде саналы күйден, еріксіз, ырықсыз күйге ауысатынын, суреткер ақыл-есінің шығарманың сиқырлы әсері мен күшіне арбалып, бар ақыл-ойын соған арнайтынына көңіл аударады. Тіпті, автор санасын кей жағдайда кейіпкер әрекеті мен ақыл-ойы жаулап, немесе Замятин айтқандай, “сиқырлап” алып, өз логикасына сай жетелеп әкетеді. Сондай жағдайда автордың саналы әрі санасынан тыс “бейсаналық” күйінің негізінде кейіпкер әрекеті түс секілді туады.

Автордың бұл күйін Замятин: “Шығармашылық жұмыс сәті түс көруге өте ұқсайды. Ол кезде сана қалғып кеткенмен, санадан тыс ырықсыздық (бейсаналық – *М.О.*) және фантазия ғажайп жарқырай жұмыс істейді” [8,161 б.] деп, адамның түс көру сәтімен салыстыра зерделейді. Өйткені шығармашылық процесс үстінде автордың да санасы түс көрген сәттегідей құпия күйге еніп, санадан тыс еріксіз әрекетте творчестволық фантазиясына тән ғажайып айқындықпен кейіпкерінің эстетикалық көркем, дара тұлғасын айнытпай суреттейтінін түсінуге болады.

Қазақ әдебиетінде де кейіпкерлердің айрықша характері өмірдің өзінен әлдеқайда әсерлі, ғажайып бейнеленуі, ең алдымен, автор санасы мен бейсаналық әрекеттің өзара байланысы секілді ерекше сиқырлы, жұмбақ та күдіретті күшімен туғандығына күмән келтіре алмаймыз. Оған дәлел – ХХ ғасыр басында-ақ ұлттық әдебиетті жаңғырта, жарқ етіп жасарта келген Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, Ф. Мүсірепов т.б. шығармаларынан анық байқауға болады.

Лейбниц, Кант, З. Фрейд, К. Юнг, Э. Нойманн, К. Абрахам, О. Ранк, Гегель, орыс ғалымдары Л. Выготский, М. Арнаудов, Г. М. Ленобыль, А. Н. Лук, Б. С. Мейлах, Е. Я. Басин т.б. ойшылдар автордың шығарманы жасау, туғызу барысындағы көңіл күй, сезім, жан-дүниесіндегі өзгеге құпия, тіпті кейде өзіне де беймәлім әрекеттеріне үңіле отырып, олардың шығармашылық тұлғасын айқындауға күш салды. Әлем әдебиетінде бұл проблеманы белгілі философ, психолог, әдебиетші ғалымдардың барлығы қозғады. Солардың қатарында Ж. Аймауытовтың да ой-пікірі жоғарыда аталған ғалымдар пікірімен үндес, сабақтас келеді. Демек, Ж. Аймауытов тек жазушы ғана емес, қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып шығармашылық психологиясын зерттеуге зор үлес қосқан тұлға деп танимыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гегель. Эстетика. Т. 4. – М.: Искусство, 1973. 434 с.
- 2 Гартман Э. Сущность мирового процесса или философия бессознательного. – М.: Типография Грачева, 1875. – 428 с.
- 3 Аймауытұлы Ж. Психология. – А.: Рауан, 1995. – 312 б.
- 4 Юнг К.Г., Нойманн Э. Психоанализ и искусство. – М.: REFL-book, К.: Ваклер, 1998. – 304 с.
- 5 Фрейд З. Основные психологические теории в психоанализе: Очерк истории психоанализа. – СПб.: 1999. – 252 с.
- 6 Арнаудов М. Психология литературного творчества. – М.: Прогресс, 1970. – 654 с.
- 7 Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1965. – 378 с.
- 8 Замятин Е.И. Психология творчества. //В кн.: Художественное творчество и психология. – М.: Наука, 1991. – 192 с.

1960-1990 ЖЫЛДАР ҚАЗАҚ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДА ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНІҢ СУРЕТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОРАЗХАНОВА М. И., ЕРФАЛИЕВ Қ. С.
ПМПИ, Павлодар қ.

Ұлттық поэзиядағы табиғат тақырыбындағы өлеңдерге үнілсек, бір табиғат көрінісінің бір-біріне ұқсас не бір-бірінен мүлде өзгеше, алшақ суреттелуін байқаймыз. Бұл акынның табиғатты бейнелеу

шеберлігіне, айналаны қабылдау ерекшелігіне де байланысты екендігі белгілі. Лирикадағы табиғат бейнелері қазақ әдебиетінде әлі зерттелмеген тың тақырып десе де болады. Орыс әдебиетінде лирикадағы табиғат бейнелерінің тұтас жүйесі жасалынса, француз әдебиетінде бұлақ бейнесі, неміс әдебиетінде орман бейнесі туралы зерттеу еңбектері [1, 4] жазылып, диссертация қорғалды.

Қазақ әдебиетінде табиғат лирикасы жалпы қарастырылғанымен, табиғат бейнелерін жеке бөліп қарастыру назардан тыс қалып келеді. Мәселен, табиғатқа, соның ішінде жыл мезгілдеріне арналған өлеңдер біршама. Әсіресе көктем мезгілін әр ақынның өлеңдерінен кездестіреміз. Ақын С. Мәуленовтің көктем бейнесін ашарлық бірнеше өлеңі бар. Бірінде «Көктем, көктем, аш қақпаңды, // Жай көкпеңбек дастарханды» [2, 215] – деп лирикалық кейіпкер өзі көргісі келетін көңіліндегі көңілді көктемді жырласа, келесі бір көктемді суреттеген өлеңінде: «Босанды мұз құрсаудан көл кешегі, // Төсінде теңбіл-теңбіл сел көшеді. // Көгінде жасын ойнап, күн күркіреп, // Көктемнің айдарынан жел еседі» [2, 219] – деп табиғат суретін бейнелі түрде елестетеді. Лирикалық кейіпкер көңілі де көктемдей көтеріңкі. Т. Айбергенов өлеңдерінде көктем бейнесі көңілді, жайдары суреттеліп, табиғат бар өзгерісімен, ерекшелігімен танылады. Ақын аз сөзге көп мән сыйғыза отырып, келісті сурет жасайды. Мысалы: «Төбеде найзағай жарылып // Аспанға салды кеп сойқанды. // Қыстағы қаймағы алынып, // Өзеннің күбісі шайқалды» [3, 25]. Лирикалық «мен» – көктемнің келісті көрінісін сырттан бақылаушы. Ақын көктемдегі тіршіліктің оянып, жандануын келесі бір «Көктемде» өлеңі арқылы көрсетеді: «Өзеннің бәрін жын ұрып, // Айналды көктем сарнауға» [3, 272] – деген екі тармақтың өзіне көктемгі бар сілкініс сыйғандай көрінсе, «сарнауға» қолданысы арқылы автор дыбыстардың ерекшелігін жайып салады. Ақын М.Мақатаевтың да көктем мезгіліне арнаған бірнеше өлеңдері бар: «Айхай, көктем», «Таудағы көктем», «Көктемде», «Осы бір көктемді көгерген», «Көктем де келер», «Шып терлеп дала бусанған» т.б. Мұқағали Мақатаев өлеңдеріндегі көктем лирикалық кейіпкер көңіл-күйімен егіз, астаса беріледі. «Айхай, көктем» өлеңінде «Күркіретіп, дүркіретіп, // Мына келген көктем бе?! // Сіркіретіп, бүркіп өтіп, // Әтір шашып кеткен бе?» [4, 89] – деп табиғатты сүйсіне, көтеріңкі көңіл-күй әсерімен бейнелесе, «Көктем де келер» өлеңінде лирикалық кейіпкер көңілі екіұшты. Ол табиғат пен адамды қатар алады. Табиғат адам еркінен тыс, өз заңдылығымен гүлдесе, лирикалық кейіпкерді ауру досының әлі құрып бара жатқаны

мазалайды: «Көгереді, барлығы көгереді, // Ой да, қыр да даланың төбелері. // Әлі құрып баратқан ауру досқа // Осы көктем білмеймін не береді?» [4, 52]. Келесі бір таудағы көктемді бейнелеген өлеңінде ақын оқырман сезіміне әсер етерліктей шебер суреттер жасаған. Лирикалық кейіпкермен оқырман да тауды аралайды, сұлулығына бірге сүйсініп, таң қалады: «Еміренген, // Тебіренген // Ақбас Ата – асқарлар // Күннен – бөркі, // Гүлден – көркі, // Тау – тамаша, тау – алып // Қатпар басын, // Шатқал тасын // Көрген сайын жаңалық» [4, 129]. Ақын тек келісті сурет жасамайды, өлеңнің құрылысы арқылы да оған ерекше екпін, әуен, сезім дарытады. Мұқағали қаламында көктем негізінен көтеріңкі көңіл-күй әсерімен бейнелесе, ақын Ф.Оңғарсыновада да көктем көңілді суреттеледі. «Көктем күліп келеді», «Қоңыраулатып көктемдер» өлеңдері оқырмандарға белгілі. Терең сезімге құрылған бейнелі жырлар оқыған адамның жан-жүйесін қозғары сөзсіз. «Жан сезімін түнекке тасаламай // Табиғатқа қызуын шашады арай. // Балғын бүршіктерімен сұлу қайың, // Тольқисиды босанған жас анадай» [5, 214]. Лирикалық кейіпкер де өзінің жан сезімін «түнекке тасаламай» табиғаттан жылулық, қызу алғандай. Өлеңнен әйел лирикалық кейіпкерге тән нәзіктік, сезімталдық лебі еседі. Ақын Д.Қанатбаев өлеңінде лирикалық кейіпкер көктемді ерте тосып, енді келгеніне қуанысып, сезімін сыртқа шығарады: «Жасыл желек жамылып жұталаң қыр, // Жетті-ау кезең жан-жақтан жұпар аңқыр. // Бұлбұлдарын сайратып орман-тоғай, // Бұлдырығып қондырып бұталар тұр» [6, 144]. Көктем бейнесі Қ.Мырзалиев өлеңдерінде аса жиі кездеседі. Ақын көктем көрінісін бар сұлулығымен шебер бейнелейді. Лирикалық кейіпкер де – көтеріңкі көңіл-күй әуенімен табиғатты тамашалаушы. Мысалы: «Мақтасындай көнелеу бір көрпенің // Қардың жүні қалды бірден жығылып» [9, 159]. Ақын көріністі нақты, дәл елестету үшін теңеуді тұрмыстан, күнделікті өмірден алады. «Көктем келіп қалыпты-ау» өлеңінде көктем көрінісін бірыңғай дыбыс үндестігіне құру арқылы келісті елестетеді: «Шымырлаған шуаққа шыдай алмай // Шыңылтыр мұз кешегі кеткен кеміп» [9, 279]. Дыбыс үндестігі әрі қарама-қарсылықты алу арқылы ақын өлеңге, әсер береді. Ал И.Сапарбай көктемнің көңілсіз кезін сипаттайды. «Жанбырсыз көктем» өлеңінде лирикалық кейіпкер байқаушы, бақылаушы ретінде танылады. Мысалы: «Тамыры көктің талмауыр тартып, // Балауса егін сарбалақтанды» деп нақты көрсетеді. Келесіде: «Бозамық тартып ажары белдін, // Басталмай жатыр базары көлдің», – деп [8, 57] көктемнің осы бір көрінісіне лирикалық кейіпкер де іштей көңілі

түседі, қайғырады. Ал М. Айтқожина жырлаған көктем керісінше көңілді суреттеледі. «Күй қанаты көктемгі» [7, 41] өлеңінде ақын «Дүрліктірді даланы бұлақ күліп» тармағы арқылы далада ерекше бір құбылыс болып жатқанын, тіршіліктің қозғалыста екенін шебер танытады. Келісті суреттер көктем көрінісін нақты елестетеді: «Дірілдейді қызғалдақ жер төсінде, // Ақша бұлттар мінгесіп бара жатыр, // Алатаудың ақ жалды өркешінде». «Мінгесіп» бара жатуынан сол бұлттардың көптігі лирикалық кейіпкер қиялына сай бейнеленгенін көреміз. Ақын Ұ. Есдәулет шығармаларында көктем бейнесі келісті, лирикалық кейіпкер сезімі мен қиялына бағындырыла суреттеледі. Мысалы: «Желмаямен қашқақтайды, // Көкала бұлт керуендері» [10, 85], – деп тосын тіркеске құрып, ұлттық әдебиетімізге сіңімді, жақын бейнелесе, келесі тармақтарда Абай өлеңдерімен ұқсас, орайлас көріністерді де кездестіреміз: «Жер менен көк сағынышты, // Құмары екеуінің сондай күшті». Ақынның лирикалық кейіпкері табиғат көрінісін ұлттық бедер-бояуымен көреді.

Жыл мезгілдерінен қыс бейнесі де – ақындар назарынан тыс қалмайтын мәнді тақырып. Көктем негізінен көтеріңкі көңіл әуенімен суреттелсе, қыс әр ақында түрлі сипатта танылады. С. Мәуленов қыстың қатандығын, қаталдығын баса жырлайды: «Ақ теңіздей айдала, // Ала қаншық ақ боран. // Аласапыран айнала, // Ақ қар соққан ақ тоған» [2, 319]. Өлеңнің бірыңғай дыбыс үндестігіне құрылып, «а» дыбысынан басталуы қыстың ақ көрінісін аша түскендей. Лирикалық кейіпкер көңілі де қыс боранымен, қарымен қатып қалғандай. Сезімінен ерекше бір жылылық, қуаныш лебі байқалмайды. Келесі бір қыс мезгілін бейнелейтін өлеңінде табиғат көрінісі адамдар өмірімен қатар алынады. Балалардың ойынына қыс қаталдығы бөгет бола алмайды. Лирикалық кейіпкер осы көріністі сырттан бақылаушы ретінде көрінеді: «Көнбейді боран ырқына, // Қызықтырып жаңа қар, // Жүреді ауыл сыртында, // Қар лақтырып балалар» [2, 320].

Ақын М.Мақатаевтың қыс мезгіліне қатысты «Қар жауып тұр» және «Қыстауда» деген өлеңдері бар. Алғашқысында автор қыстың басталуын, яғни алғашқы қарды жырлайды: «Жәйімен жапалақтап қар жауып тұр, // Үлгермей де қалдық-ау қамданып бір» [4, 204]. Үзіндіде табиғат көрінісі мен лирикалық кейіпкердің ішкі сезімі қатар берілген. Келесі шумақтарда «Қыс қытымыр, // Жайлы емес далаға онша. // Малшыларға қиын-ау, дара қонса» – дегенде де лирикалық кейіпкердің ішкі ойы егіз өріледі. Екінші бір

«Қыстауда» өлеңінде лирикалық кейіпкер қабылдауына сай қыс бар қатандығымен көрінеді: «Қораны да, үйді де, өрісті де // Түтіп жатыр ақ түтек тегіс, міне, // Сұп-сұр аспан сұрланып, ойран салып, // Бар қаһарын шашуда жер үстіне» [4, 64]. Бір шумақ үзіндіде автордың қысты суреттеу шеберлігі жатыр. Абай дәстүрін жалғастырушы ақын М. Мақатаев қысты тірі адам бейнесінде елестетеді. Бірде түтіп жатса, бірде сұрланып, ойран салып, қаһарын шашу арқылы қыс қатандығын жайып салады. Ақын Т.Айбергенов «Қыс» деген бір шумақ өлеңінде қысты көзілдірік киген ғалымға ұқсатады: «Шебер қыс көлді ұқсатып бір ғалымға, // Көзіне іліп кетіпті көзілдірік» [3, 26]. Лирикалық кейіпкер қыс көрінісіне сүйсіне отырып, келісті көріністі бақылаушы көзімен танытады. Келесі өлеңінде де лирикалық «мен» сезімі қиялмен қанаттанады: «Дала жатыр күйсеп күртік малтасын, // Тау да жатыр аяз жалап малтасын. // Дірілдейді қырықтық тиген қозыдай, // Көгілдір тас, көк еркесі, марка шын» [3, 254]. Ұлттық сипатта, ұлттық бояумен жазылған өлең оқыған адамның сезімін дір еткізері анық. Үзіндідегі малтаны жалау, қойды қырку, «марка»қолданыстары ауыл адамына жақсы таныс болса, сол «танысты» ақын табиғатқа қатысты қолданып әсерлі суреттер туғызған. Ақын М.Айтқожина қаламынан шыққан қыс бейнесі де өмірмен қоян-қолтық суреттеледі. Мысалы: «Шапан киіп ақ қардан шыршалары // Қорықты ма аяздан, қымтанады. // Бәйгі қосып, бөстесіп, біраз бала, // Бірінен-бірі оздырып жүр шананы» [7, 177]. Лирикалық кейіпкер – қыс суретін қызықтаушы. Қыс мезгілі көңілді, қызықты танылып, адам мен табиғат бірлікте, тұтастықта бейнеленеді.

Күз мезгілі де – кең жырланып жүрген тақырыптардың бірі. Абай жырлаған, Мағжан жырлаған күз ақындар шығармаларынан өз жалғастығын тапты. М. Мақатаевтың «Күрөң күз», «Тағы да күз», «Суық күз сұрғылт» өлеңдерінде күз өзгеше өрнекке ие: «Қайтып бара жатыр, әне, сағыныштар-тырналар, // Ақ қайындар, тал теректер... алтын сары сырғалар, // Туған жердің кеудесінде тұнжырайды жылғалар» [4, 25]. Күздің әдеттегі көрінісі лирикалық кейіпкердің көзімен берілген сағыныштар, алтын сары сырғалар ауыстырулары сәтті қолданылып, өлең көркемдігін көтеруге қызмет етсе, өлеңнің үш тармаққа және он үш буын, төрт бунаққа құрылуы өлеңге өзгеше леп, екпін береді. Мысалы: «Келіп қапты-ау сағыныштай сап-сары ала арман-күз» тармағында лирикалық кейіпкердің бүкіл сезімі, ойы жатқандай. Келесі өлеңінде (Суық күз сұрғылт) [4, 95] лирикалық кейіпкерге табиғат суреті өткенін еске салғандай. Табиғатқа

қарап лирикалық кейіпкердің сол мезгілдегі сағыныштары есіне оралғандай қатар суреттеледі. М. Мақатаевтың күзі сағынышқа толы болса, Фариза Оңғарсынова суреттеген күз көңілсіз, қоңырқайлау. «Күз» [5, 141] өлеңінде табиғат пен адамды бірлікте алады: «Кимеген адам бұғы ішік, // бүрсендер арық тазыдай» деп адамдар тіршілігін көрсету арқылы күздің суықтығын танытады. Күз тәрізді лирикалық кейіпкер көңілі де қоңырқай тартады. «Сұлулық қалмай қырда түк, // Қоңырқай тартып жарқын жер» немесе «Даладан кеткен жалынды өр // аурудан тұрмас адамдай». Күз табиғаттың өзіндей көңілсіз, әлсіз, аурудан тұрмас адамға теңеледі. Т. Айбергенов өлеңдерінде де күз бейнесі қоңыр тартып, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйіне сай суреттеледі. «Күзде» өлеңінде «Сыңсиды жел қобызын бұрап тартып» тармағындағы «сыңсиды» сөзі арқылы аса жағымсыз, көңілсіз дыбысты елестетсе, келесі бір өлеңінде «күз келді де қоңыр тартып қыр көгі» [3, 43] тармағынан лирикалық кейіпкер көңілі де қоңыр тартатыны аңғарылады. Ақын Д. Қанатбаев қаламынан туған күз бейнесі де жансыздау, тыныштықта суреттеледі. Лирикалық «мен» қабылдауына сай күз аспаны күлгін түсті болып танылады. Мысалы: «Шырқау аспан көрінеді күлгін боп, // Бал таңдайын безілдеткен бұлбұл жоқ» [6, 55]. М. Айтқожинаның күзі байсалды, жайлы. Лирикалық кейіпкер де дүниеге салмақты көзбен қарайды: «Бұлт жүзді айдын көлде алашабыр, // Жалт ете қап толқынға тараса нұр. // Алтын жапырақ қайыңнан құлап жатыр, // Өрнек сап су түбіне тамаша бір» [7, 129]. Өлеңде күз болды деген сөз жоқ. Сурет сыры арқылы күз мезгілі екенін тануға болады. Лирикалық кейіпкер қабылдауына сай бұлтты көлде жүздіру арқылы ақын шарттылыққа барады. Соңғы тармақтарда су бетіне жапырақтардың құлап, өрнек салуы – лирикалық кейіпкер қабылдауының айнасы. Ақын И. Сапарбай «Күзгі күдік» өлеңінде күзбен бірге лирикалық кейіпкер көңілі де сарғыш тартқандай. Мысалы: «Жаз қайда, жайлау қайда жұмақтайын? // Сырғиды сынаптайын күн, апта, айың...// Сыбылық жауын жонын езген сайын // Сығылып алатындай жылап қайын» [8, 39]. Ақын күз суретін елестетуде шеберлік танытады. Жаздың жасыл болатынын ескеріп, соған қатысты сөздерді бірыңғай «ж» әрпіне үндестіріп құрса, күздің сары екенін ескеріп, күз суреттерін бірыңғай «с» әрпіне үндестіріп өлеңге рен, түс дарытқандай.

Жаз, жазғытұры мезгілдері ұлттық әдебиетімізде негізінен жайдары, қызылды-жасылды бояуларға толы боп суреттеліп келген. Абай, Мағжан, Сәкен, Сұлтанмахмұт суреттеген жаз көріністерін еске түсірсек, осы дәстүр кейін де өз жалғастығын тапты.

С. Мәуленов жазғытұры мезгілін суреттегенде табиғатты адам тәрізді жандандыра бейнелейді. Бірінде: «Терлеп, бойы бусанып, // Кетті еріп қыс ағып» [2, 222], – десе, келесі өлеңінде «Қария қыс қашады, // Көзден жасы мөлтілдеп» [2, 222], – деп бейнелі елестетеді. Лирикалық кейіпкер сол көріністі бақылаушы, қызықтаушы ретінде көрінеді. Ақын К. Салықов «Жаз келді» өлеңінде табиғат лирикалық кейіпкер көңіл-күйімен үндесе жырланады. Мысалы: «Жер бетіне жарқын бейне жаз келді, // Ел шетіне аққу ұшып, қаз келді» [2, 20]. Автор суреттеуден гөрі баяндауға, хабарлауға жол беріп, лирикалық кейіпкер сезімін қоса жеткізеді. Ал М. Мақатаевтың «Жаз да жетті» өлеңінде лирикалық кейіпкер жазды сағына күтіп, жазбен бірге көңілі де жылынғандай әсер алады. Ол – табиғат көрінісін бақылаушы емес, сол табиғатпен тікелей тілдесуші: «Жаз да жетті-ау, сағынтып, // Тірі адамға, // Жасыл шекпен жамылған төрем менің, // Ауыл-аймақ, ел-жұртың дін аман ба?» [4, 90].

Жалпы, табиғатты, жыл мезгілдерін суреттеуде табиғат сұлулығымен қатар лирикалық қаһарман сезімі, көңіл-күйі көрініс тауып отыратындығы күмән туғызбайды. Аталған кезеңдегі өлеңдерде де табиғатты суреттеу дәстүрі өз жалғастығын тауып, өзіндік ерекшеліктерімен көріне білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Эпштейн М.Н. Природа, мир, тайник вселенной. – М.: Высш. школа, 1990. – 204 с.
- 2 Мәуленов С. Ақшамның қызыл қанаты. – Алматы: Жазушы, 1994. – 384 б.
- 3 Айбергенов Т. Бір тойым бар. – Алматы: Жалын, 1989. – 302 б.
- 4 Мақатаев М. Өмір – өзен. Алматы: Раритет, 2005. – 288 б.
- 5 Оңғарсынова Ф. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1987. – 368 б.
- 6 Қанатбаев Д. Арнадым саған. – Алматы: Жазушы, 1982. – 328 б.
- 7 Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 440 б.
- 8 Сапарбай И. Гүласыл. – Алматы: Жалын, 1990. – 208 б.
- 9 Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3 – Алматы: Жазушы, 1990. – 432 б.
- 10 Есдәулет Ұ. Жаратылыс. – Алматы: Жазушы, 1989. – 128 б.

ОРАЛХАН БӨКЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ

ПСТЕБАЕВА Қ. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жазушы әңгімелеріндегі кейіпкерлер әлемі саналуан. Солардың бірі – «Биғаң» әңгімесіндегі өз ғұмырына еш уақытта ренжімейтін, дүние өртеніп бара жатса да асып-саспайтын, дүниенің қайғысы мен қуанышын теңдей көретін Биғаң бейнесі. Ол – шынайы әрі арманшыл бейне. Ол – шынайы өмірдің романтикалық кейіпкері.

«Апамның астауы» әңгімесі ұлттық рухты биіктеткен, ана атаулысын ұлықтаған айтулы дүние. Әңгімеде асқақ леп бар. Өрлік, өршіл үнге тола шығарма. Апасының яғни әжесінің келін болып түскен жеріне алып келген астауынан өткен күнге деген құрмет, анаға деген сыйластық өрілген секілді. Әңгімеге ден қоялық. «Кейде әсіресе қазіргідей қараша туа, темір пешке отты маздатып жағып, пештің жыртқығынан саулаған жарық түсіп, ала көлеңкеленген қоңыр үйде отырып, Апамның әңгімесін тыңдайтынбыз. Тегінде ол кісі әңгімеге сараң – көп сөйлемейтін, тек өз ісімен ғана жүретін, қақ-соғы жоқ, инабатты, жуас адам еді. Дүниеде өсек-аян, қулық-сұмдықты білмейтін, не болмаса, тірі пенденің бетіне «Әй, сондайсың» деп қарамаған немесе тірі пендеге тілі тимеген жарықтық, ораза, намазы бұзылмаған, таза да тәкәппар әйел еді... Қазір Апам жоқ! Қара жер қойнауына алған... Сексен жыл жолдас болған жыртқық астау да қаңсып қалды, өне... Қаңсық итаяк болып қалды, өне... Апам ала кеткен жоқ». Осынау үзіндінің өзін әдейілеп үзіп алған жайымыз бар. Әйтпесе, қаламгер ана туралы, ұлттық өнердің қамқоры болған, киіз басып, үй тігуді, арқан есуді, тері илеп, алаша тоқып, өрнектеп сырмақ тігуді, саба, сүйретпе, торсық істеуді, ата-баба көзіндей болған қолөнер атаулысының бәрін де өзімен бірге бақилыққа әкеткен ана жөніндегі ұлы сағынышты мөлдірете, ақ қағазға түсірген.

«Құмар қол бұлғапты» әңгімесінде аңшылық кәсіптің қыры мен сыры, Құмардың аңғарымпаздығы, байқампаздығы суреттеледі. Өзі қақпан құрған кезінде, оған түскен елікті шанасына тиіп әкеткен Балтабай молда екендігін өзі көрмесе де, айна-қатесіз дәлме-дәл айтады. Себебі сол, бір апта бұрын Балтабай молда Құмардың үйіне келіп, шеге сұрайды. Биекең атының артқы оң аяғы тағаланбай қалады. Құмар ендігіде қар үстіндегі жолда бір тағаның ізі жоқ

екенін байқайды. Құмардың тапқырлығы мынада, ол төрт түлік малдың қиын иіскеп, оның еркек-ұрғашысын да айыра білетін жан. Мал баққан, аңшылық құрған Құмардың бойындағы осындай ерекшеліктер жазушы назарынан тыс қалмаған.

«Тортай мінер ақбоз ат» атты әңгімесінде арманшыл бала досы Тортай жайлы жылышуаққа бөлейтін сыр шертіледі. Тортай жетім бала. Сырласы өзі айтқандай кітап. Әкесі де, шешесі де кітап. Жалғыздығын да, жетімдігін де ұмыттыратын, нағыз жұмақтағыдай өмірге сапар шеккізетін де сол кітап. Бұл Тортайдың жан сыры.

«Тоқадан қалған тұяқ» әңгімесінде Тоқа ақсақалдың сиырларды ұқыппен бағатыны, қора-қопсысының жинақылығы, малдарды таза ұстаудағы әдіс-амалдары жан-жақты суреттелді. Тоқа ақсақалдың жалғыз ұлының да өсе келе, әкесіне тартқан түр сипаты, шаруаға бейімділігі, ауылда қалып, шаруа баққан тірлігі оқырманның көз алдында шынайы түрде бейнеленеді.

«Күлпәштің ұршығы» әңгімесінде суреттелетін оқиға кейіпкері де ешкімге ұқсамайтын, есте оңай сақталатын әйел. Ол – Күлпәш. Сумақайлығы, ауыл арасын бір-біріне айдап салатын өсек-аяны жоқ әйел. Иіретіні – ұршық. Ұршықты жанынан тастамайды. Түнде басына жастанып ұйықтайды. Түтіні шыққан үйді аңдып, ыстық тамағының үстінен шығатын әдеті де бар. Бірақ бір емес, екі емес, үнемі тамаққа ортақ бола беретін, оның үстіне өзі ас беріп отырғандай, «Жесендерші» деп өз асын өзіне тықпалайтын Күлпәшті ауылдың көбі жақтырмайтын. Әйтсе де, түк көрмеген деп айтпасын дегендей, ешбірі оның бетіне келмейді. Күлпәш ақкөңіл жан. Ішіне пікір сақтамайды. Өз жағдайын ешкім сұрамаса да жайып салады. Оның мінезін, іс-әрекетін жазушының қаламы төгілте өрнектейді. Мысал келтірейік: «Әлгі біздің жаман ұл май-май болып, темір итаяғының астынан бір шықпайды. Жүргенінен тұрғаны көп. Көк тиын әкеліп жатқан ол емес. «Апа, бересілі болдым» деп, ашқарақ сиырдай мөңіреп тұрғаны. «Аласысы» қашан, ит біле ме? Неге ауыздарыңды аңқайтып қалдыңдар, ет жесендерші. Ей, шал, жамбастың етін азайтып, маған берші, деп, салалы саусақтарын табакқа тарбайта салды» [1, 97]. Мінеки, мінездеу. Мұнда сурет те, іс-әрекет те, кейіпкер психологиясы да, қаламгер шеберлігі де аса мол.

Жазушының әрбір шығармасын ойланбай, ой тоқтатпай оқу әсте мүмкін емес. «Қасқыр ұлыған түнде» әңгімесі де үлкен ойға жетелейді. Жазушының ішкі ойы, монологы өмірдің өзіндей әсер етеді. Қаламгер былай дейді: «Өмір деген ғажап – дейді, түк те ғажап

емес, әншейін осындай автобусқа мініп, белгілі бір аялдамада түсіп қалу, біреудің тойып секіруі, біреудің тоңып секіруі. Әлдекімдер көрер танды көзімен атқызып, ой қажап ұйықтамайды: әлдекімдер ішігіне тас бүркеніп уайымсыз тоқ ұйқыға батады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз – өзінің бақытына қызығып өту ғана... Ал мынау жанындағы тойған қозыдай томпиып отырған қыз ше?.. Оны ертен не күтіп тұр? Бақытты ма, бақыты жоқ болса, оны іздеп таба ала ма? Тіпті, мен туралы қандай сезімде келеді. Адамдарға сене ме? Аты кім? Қайтып кездесер ме екенбіз?..» Алғаш рет жолығып, алғаш тілдескен жанның ішкі жұмбақ дүниесін шешуге әрекеттенген қаламгердің сергек ойлары шағын әңгімелерінің өзінен-ақ өте мол кездеседі.

Және де: «Өмір деген тіпті де ғажап емес. Алты айдың қысы секілді қатыгез; кімдерге – суық, кімдерге – ыстық. Дегенмен өмірді лағынет деп, өкінуге де болмайды-ау» [2, 45]. Жазушы сөз өнерін ұтымды пайдаланып, күрделі ой тізбектерін сан қырынан көрсете білген. Аталмыш әңгіменің басты кейіпкерлері Нұрлан мен Арай. Екеуі де жас. Бірі – журналист. Екіншісі – студент қыз. Өр Алтайға бірге бара жатады. Танысады. Аз ғана уақыт ішіндегі таныстықтың соны үлкен сағынышқа айналады. Бірақ оқиға қайғылы аяқталады. Арай қыстыгүні қасқырлардың қамауында қалып, қайғылы қазаға ұшырайды. Екеуінің жолы бірге қосылмайды. Оны автор өз әңгімесінде бір-ақ ауыз сөйлеммен оқырманға жеткізгендей. Оқылық: «Өркенге» барар жолды айқындаған шананың айқыш-ұйқыш ізі ғана, өзге белгі әзірше жоқ. Өлгі шананың қатар жарысқан қос сызығы, кейбір адамдардың қиылыспайтын тағдыр соқпағын еске салады. Ойшыл әрі сөзден сурет салған қаламгердің әрбір әңгімесінде басы артық оқиға яки бос сөз жоқтың қасы. Хас шеберлік қаламгердің әр шығармасынан менмұндалайды.

Жазушының «Қамшыгер» әңгімесі де мұңлы әрі ойлы. Оқырманды сан қатпарлы сезім иіріміне апарды. Түйе тастың ығында отырған жалғыз ғана қараша жұпыны қара үй. Бұл үйден басына бөкебай орамал тартқан, қолында құманы бар бір әйел кейде көзге көрінгені болмаса, өзге ешкім де тысқа шықпайды. Бала-шаға ойнап жүрмейді. Және бір адам бар. Ол еңгезердей, жауырыны еңкіштеу күйеуі; иілген садақ секілді.

Өзі ер, өзі батыр мінезді. Қамшыгер атанған жан. Ол екі өрімді қамшысымен өз шаңырағының нәпақасын тауып жүрген адам. Қазақы ырым-тиымды елеп-ескеріп жүретіндігі де бар. Бұл шығармада да түс басты орын алады. Садақбай түсінде қабырғада

ілулі тұрған он екі өрім қамшыдан бастапқыда сүт ағып тұрған, содан кейін оны қымыз-ау деп сезінгенін, бірақ аузын ашып, дәмін татса, қан дәмі екендігін біліп, ұйқысынан шошып оянады.

Сол күні бес-алты ағайын жігіттер келіп, өзара келісім бойынша Абақ Керей жағына шығып қайтпақ болады. Алайда, түнде көрген түстен бойын жиырған Садақбай жолының болмайтынын ішінен сезсе де, қу тамақты қойсаңшы дегендей, көршілерден аттарды ұрлап қайтуға бел буады.

Жеті жігіт жақындай түсіп, бейқам жатқан елге лап қояды. Бір үйір жылқыны бөліп алып, артқа қарай бұрады. Қаратай елінің жігіттері екенін байқаған Абақ Керейлер шу шығарады. Асығыс атқа мінгендіктен, олардың қолында қамшыдан басқа түк те жоқ еді. Садақбайға бұл оң келеді. Келгенін келгендей, он екі өрім қамшысымен дәлдей көздеп, аттарының етін осып жіберердей алапат күшпен тұрады. Алты аттының қамшыларын қолдарынан жұлып алады. Өзінің он екі өрім қамшысымен қолына күрзі ұстаған Керейлік жігіттің атын да жерге гүрс еткізе құлатады.

Бөліп алған үйірден айрылса да, Садақбай үйге қарай құр қол қайтуды жөн көрмейді. Күзетшінің шідердегі атын ұрлайтындығын өз жігіттеріне түсіндіреді. Кедейлерге қайта шабудың қажет еместігін, ол жаққа бір өзі баратынын ескертіп, атқа мінеді. Шідерлеулі атты қолды етеді. Өзіне жабысқан аттың иесіне Садақбай деген қамшыгер мен боламын деп ескерте айтады. Айбарын төге үркітеді. Сөйтіп, жетегіне ерткен атты өзімен бірге ала кетеді.

Қайтар жолда қар аралас жаңбыр жауып, Садақбайлар киналады. Өмірі жортуылмен өткен қамшыгер өз тағдырын ой елегіне салады. Сондағы ұғынғаны – бүкіл ғұмыры үнемі жарау құрсақ қалпымен, жоқ-жұтаң күймен өткен екен.

Қарлы боранда қиятас арқылы өтетін жалғыз аяқ жол үстінде Садақбай төменге қарай домалап кетеді. Сол жақ ортан жілігінің бытша-бытшасы шығады. Мертігеді. Садақбай бірақ емделмейді. Өздігінше ем-дом жасайды. Қайсар мінезді ердің өмірі, сөйтіп, қорлық өліммен тәмамдалады. Садақбайдың өмірі трагедияға тола. Бұны әңгіме кейіпкерінің автордың баяндау түрінде берген психологиялық-портреттік суреттеуінен де анық көруімізге болады. «Садақбай теңселген күйі әлі тұр. Әлі тұр теңселіп. Алысқа тым-тым алысқа, маркажонданған адырларға, құба жондарға қарайды. Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан наркескен жылдарын есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қикулатып, бұғалықсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім, қайдасың деді ме, тіршіліктің мынау

қолындағы қамшының келте сабындай жылпылдақтығы әрі ермен шөптей ащылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме... Ол ішек-қарны ақтарыла, қатты... аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді. Жылап тұр. Сыңар аяғына ғана сүйеніп еңіреп тұр... Еңіреп тұр... Сонсон дауыл қопарған бәйтеректей гүрс етіп сұлап түсті. Бұл не деген ит өлім. Не деген бұл ит өлім. Қамшыгер енді жоқ...» [3, 259]. Осы үзіндіде Садақбайдың бүкіл өмірі, болмысы, тағдыры, ішкі жан әлемі сыйғандай сыңайлы. Тұтас өміріне серік болған он екі өрім қамшыны күрзідей жұдырығына қатты қысқан күйі Садақбай дүниеден өтеді.

Оралхан Бөкеевтің «Бура» әңгімесі қазақ әдебиетінде әлемдік әдебиетте бар үдерісті жаңаша түрде биік деңгейге көтерген шығарма. Басты кейіпкері – қара Бура. Оның ішкі психологиясы мен ой дүниесін қаламгер мейілінше шынайы берген. Төрт түлік малдың ішіндегі түйе жануарының қам-қарекетін, қасиеті мен ерекшелігін көркемдік шеберлік дәрежесіне жеткізген. Жазушының суреткерлігі осынау шығармада айрықша аңғарылады. Қысқа ғана әрі өзгелерге ұқсас сөйлем жолдарынан талай-талай суретті көріністерге куә боласың. Үзінді келтірейік: «Қыстың тұсаудай ғана қысқа күні жаңа ғана көтерілген еді, әне батып барады. Дала мелшиіп, мәңгі өлі күйге енгендей сүреңсіз жатыр», «Қара Бура екеуміз өз ажалымыздан өлмесек, ит-құсқа жем болмаймыз», деген сөйлемдерде теңеу де, мінездеу де бар. Қара Бураның өлексе мал емес, өзін-өзі қорғауға шамасы жетерлік қасиетке ие екендігі оқырманды иландырады.

«Бура» әңгімесі өркениетке қадам басқан уақыттағы қара Бураның базарлы өмірін және оның ауыл жанынан зырқырай өтетін пойыз жолға сіңірген еңбегін авторлық баяндау арқылы түйсіне оқисың. Ең соңында пойызға соғылып өлген жануардың келмеске кеткен тіршілігіне езіле отырып, сағынышқа тола мұң кешкендей күйді бастан кешіресің. Әңгіме сонысымен құнды. Оқырманға ойшыл Оралхан Бөкеев жылы мұң сыйлайды [4, 49].

Бұл саптағы шығармалардан дүние танымындағы бір тұтас әлем - ауыл өмірі, соғыс жылдарының ауыртпалығы, ақжарқын адамдардың қуаныш-мұңы, үміт-сенімімен табысамыз. Таныс-бейтаныс жандардың тартысқа түскен тағдырын суреттегенде автор тұлғасы мүлде көрінбейтіндей, жазушы кейіпкерлері мен қосыла отырып, түрлі характерлердің жан қинауындағы қалтарыстарға жол табады. Қаһарманның рухани дүниесімен бүкпесіз тілдесетін жағдайға қаламгерлік қырағы назармен, оралымды психологизммен, өзі үшін де, өзге үшін де тебіреніске түсетін сыршыл табиғатымен

жетеді. Шығармалардағы елеусіз ғана интригалды мағыналы диалогтар мен басқа да көркемдік компоненттер дамыта отырып, ақтық нәтижеде ашық жарияландай, үнсіз ұқтыратын тылсым көріністер көкірекке ұя теуіп, қарлығаш көңілдің пәк балапанындай қанат қағар ізгілік ойларына жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық.– Алматы:– 1980. – 158 б
- 2 Бөкей О. Тоқалдан қалған тұяқ: Әңгімелер // О. Бөкей. - Астана: Таным, 2003.- 80 б
- 3 Оралхан Бөкей. Таңдамалы.–Т.1 – Алматы: 1994.–415-б
- 4 Алтайдың кербұғысы: Оралхан Бөкеевтің шығармашылығы// Түркістан.- 2003.-15 мамыр.

БОРЬБА МЕЖДУ СТАРЫМ И НОВЫМ В ЖИЗНИ КАЗАХСКОГО АУЛА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ БЕИМБЕТА МАЙЛИНА

САГАЛБАЕВА А. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Беймбет Майлин казахский писатель, драматург, поэт публицист, один из основоположников казахской литературы, в своих произведениях рассказывавший о жизни казахского аула. На примерах его литературных работ: «Памятник Шуге», «80 рублей», «Айранбай», «Равенство бедняка», «Рыжая полосатая шуба», «Коммунистка Раушан», «Азамат Азаматович», можно проследить колоссальные изменения в жизни казахского аула. Автор не просто повествует о судьбах отдельных людей, а дает полное представление о жизни, обычаях, быте кочующих аулов. Героем его рассказов стал строитель социализма. В повести «Коммунистка Раушан» (1929) показан путь простой казашки к активной общественной деятельности. Социалистические преобразования в Казахстане изображены в романе «Азамат Азаматыч» (1934). Пьесы «Фронт» (1933) и «Порядки Талтанбая» (1934) рассказывают о колхозном строительстве; «Амангельды» (1935) и «Жалбыр» (1936) о событиях, связанных с национально - освободительным восстанием 1916 и Гражданской войной 1918 – 1920 годах.

Беимбет Майлин родился в 1894 году в Тургайской области Кустанайского уезда, в урочище Актюбе, на берегу реки Аят, в семье бедного скотовода. 1911-1912 годах учился грамоте у аульного муллы в медресе Аргынбая-Хаджи, в 1913 году обучался в школе «Узифа» в Троицке, в 1913-1915 годах – в медресе Галия в Уфе. В 1916-1922 годах Беимбет Майлин работал в родном ауле учителем. Учить казахских детей он считал своим священным долгом. Национально – освободительная восстание 1916 года не оставило равнодушным народного учителя. «Собирайтесь, объединяйтесь и седлайте коней!» - звучал его призыв в повести «Кровавый туман». Когда восстание потерпело поражение, в голосе поэта появились нотки уныния. Не поняв до конца глубокие причины национально-освободительного борьбы, публицист на какое-то время оказался под влиянием националистов [1, с. 28].

Февральскую революцию 1917 года поэт также оценивает поверхностно, считая со свержением царя, пришел конец всем социальным проблемам. Так же, как Султанмахмут Торайгыров и Сабит Донентаев, выступил гимнами пришедшей «свободе» и установившемуся наконец «равноправию». Но победа Октябрьской революции дала писателю возможность быстро разобраться в происходящем и осознать свои заблуждения. Уже в стихотворениях «Съезд», «Выборы», написанных в конце 1917 года поэт пишет:

Ну – ка сбылось ли мечтанье безбрежной?

Верило в лучшее сердце мятежное...

Где же, скажите, свобода хваленная?

Все у казахов давнишнее, прежнее... [2, с. 5].

В 1919 – 1921 годах стал принимать активное участие в общественной жизни аула в Тургайской степи. Был назначен инспектором губернского учебного отдела Дамбарской волости. В 1924 году Б. Майлина направили в город Кустанай для организации газеты на казахском языке. Создал газету «Новый аул» В 1925 году стал литературным работником органа краевого комитета партии – газеты «Енбекши казак» В последующее десятилетие 1926 – 1936 годы, - будучи уже известным писателем, Беимбет Майлин работал в начале в Кызыл Орде, затем в Алма – Ате на ответственных должностях в редакциях и журналах. В 1936 – 1937 годах – главный редактор литературной газеты «Қазақ әдебиеті». В 1937 году писатель стал жертвой политических репрессий. Лишь в 1957 году определением Верховного Суда СССР Б. Майлин был реабилитирован.

Как учитель и писатель, Б. Майлин хорошо знал жизнь и быт аула и писал только о том, что хорошо знал. Писателя часто упрекали о том, что он пишет только об ауле. На это у него всегда был ответ: «Я не умею писать о том, чего хорошо не знаю». И в самом деле, в основу его многих произведений положены факты, действительно имевшее место в жизни.

Каждый его труд показывает борьбу между старым и новым в жизни казахского аула. И чтобы это проследить, необходимо вернуться к повести «Памятник Шуге» опубликованной 1915 году. Это произведение рассказывающая о большой человеческой любви, которая в феодальном обществе нередко кончалась трагедией: двое молодых людей любящих друг друга не могут соединиться и становятся жертвами невежества и социальных предрассудков, где темные силы феодально – патриархального общества встали на пути высокой любви. По мимо этого, в таких строках: «Путники едут по осеннему джайлау. Вот места, где только недавно стояли юрты, била ключом жизнь. Но аул уже откочевал, остались лишь холодные очаги...». Автор находит тонкие детали, дающие полное представление о жизни, обычаях, быте кочующих аулов [2, с. 19].

В 1918 году Б. Майлином была написана новелла «80 рублей». Автор рисует небольшую картину, где рассказывается, как бай облагают бедняка Егеубая налогом в 80 рублей и отбирают у него единственную лошадь. И все становится ясным. Картина подана просто, реалистично, эмоционально и в ней суровая правда. В диалоге Егеубая со своей женой «...Алаш-Орда объявила поборы... Что еще за Орда? – удивилась жена...» [3, с. 9]. Хорошо показана неграмотность простых казахских людей, таким образом делающих их жертвами собственного незнания.

В рассказе «Айранбай» писатель подвергает осуждению бесчеловечную, однако освященную веками традицию, в силу которой младший родственник должен безвозмездно работать на старшего. Естественно, что Айранбай, забитый и униженный человек, как только осознает свои человеческие права, становится борцом. Психологически достоверно писатель показывает существенную перемену в сознании Айранбая, его духовное просветление [3, с. 41].

Борьба нового с пережитками старого, ярко показано в произведениях «Равенство бедняка», «Рыжая полосатая шуба» и «Коммунистка Раушан».

Особенно значительна повесть «Рыжая полосатая шуба», написанная 1928 году – о конфискации скота и пастбищ у

крупных баев. Эта повесть свидетельствовала о дальнейшем совершенствовании таланта мастера – реалиста, убедительно показывавшего пробуждение классового самосознания казахских трудящихся. Здесь изображена картина конфискации имущества крупных баев, когда батраки и бедняки, всю жизнь угнетаемые баем Сейпеном, почувствовали, наконец, себя хозяевами земли и имущества, добытого их трудом и присвоенного баем.

Повесть «Коммунистка Раушан» стало вершиной творчества Б. Майлина. Равноправие, принесенное женщине Советской властью, дает Раушан возможность быть на волостных, а затем и уездных женских собраниях, у нее на многое открывается глаза. Пробуждению ее самосознания, формированию взглядов и пониманию мира способствуют коммунисты Мария и Абиль. Они же помогают Раушан стать председателем аульного Совета. В ауле в это время обостряется классовая борьба, отрицательные герои вроде Демесина. При помощи лжи и клеветы, вносят разлад в семью Раушан, настраивают против нее мужа. Майлин увидел в этой истории не просто семейный конфликт, а жестокую борьбу, которое ведет новое со старым, уходящим миром [4, с. 321].

В тридцатые годы в Казахстане произошла коренная ломка жизненного уклада аула. Вчерашние кочевники становились земледельцами, уходило в прошлое байство. Внимательно присматриваясь к переменам, публицист создает самое большое прозаическое произведение – «Азамат Азаматович».

В романе находят целостное отражение важные исторические события накануне коллективизации сельского хозяйства, когда в казахской степи окончательно укрепился советский строй. «Азамат Азаматович», даже в неоконченном виде, представляет собой самостоятельное, яркое и крупное произведение, правдиво рисующее значительные события в народной жизни [4, с. 7]. Это один из первых социально – психологических романов в казахской советской прозе, написанных в духе соцреализма. Б. Майлин был одним из первых в казахской литературе выдвинув проблемы в широком их аспекте. Человек и эпоха, человек и класс, человек и народ – и в таком плане осмысливается образ Азамата Азаматовича. Идея дружбы народов, прежде всего между дружбы казахов и русских, также описана в романе в реально – исторической обстановке.

Долгие годы Б. Майлин работал в редакциях областных и республиканских газет, в издательстве художественной литературы, главным редактором литературной газеты «Казахская литература».

Просветительская деятельность Б. Майлина осуществлялась посредством его творчества. Часто случалось, что факты послужившие материалом для газетных фельетонов и заметок, служили основой для его рассказов и пьес.

Таким образом, богатый жизненный опыт автора, достоверность сведений используемых в его работах, глубокое знание истории и культуры своего народа, являются определяющими факторами, обусловившими плодотворное развитие реализма в творчестве писателя. Из его книг мы непосредственно знакомимся с прошлым своего народа, узнаем аутентичную информацию о жизни и быте казахского аула прошлого столетия. Благодаря произведениям писателя, мы можем, используя эти данные, более полно представить сложившиеся реалии положения общества, в результате политических, социально – экономических преобразований проходивших в начале XX века.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Каратаев М., Наурызбаев Б., Дуйсенов М. Основоположники казахской советской литературы. – Алма – Ата: Знание, 1984. – 64 с.
- 2 Майлин Б. Ж. Рыжая полосатая шуба. Повести и рассказы. – Алма-Ата: Жазушы, 1981. – 400 с.
- 3 Майлин Б. Ж. Многотомное собрание сочинений: Повести, рассказы. Т.14. – Алматы: Казыгұрт баспасы, 2013. – 384 с.
- 4 Майлин Б. Ж. Многотомное собрание сочинений: Роман, повесть, рассказы. Т.15. – Алматы: Казыгұрт баспасы, 2013. – 416 с.

АҚЫНДЫҚ ПЕН ШЕШЕНДІКТІҢ ДӘСТҮРЛІ БАЙЛАНЫСЫ

САДУАҚАСОВА Ә., ШАПАУОВ Ә. Қ.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ ССР Халық Ағарту комиссары болып тұрған уақытта, қазақ халқының әдеби мұрасына байланысты екі комиссия құрылғаны тарихтан белгілі. Біріншісі – Абай Құнанбаевтың шығармаларына, мұрасына жауапты болып Мұхтар Әуезов, ал, екіншісі – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасын жинау, жариялауға жауапты болып Жүсіпбек Аймауытовқа тапсырылады. Сол XX ғасыр басында басталған игілікті іс, бүгінгі күнге шейін жалғасын тауып келе жатыр [1].

Сұлтанмахмұттың шығармалары тұңғыш рет кітап болып 1922 жылы Қазан қаласында, араб әріптерімен «Адасқан өмір» деген атаумен үш дастаны [«Айтыс» дастаны да бар] басылғаны белгілі. Құрастырушысы ХХ ғасыр басындағы қазақтың белгілі ақыны, өмірі қыршын үзілген талант Бернияз Күлеев. Екінші рет кітап болып, ал шығармаларының толық жинағы ретінде алғаш рет 1933 жылы, сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында, жазушы-драматург, өнерпаз арысымыз Жүсіпбек Аймауытовтың үлкен парасаттылығының арқасында дайындап кеткен жұмысы жүзеге асты. Ақынның еліне арнайы барып [Ж.Аймауытов. – Ш.Ә.], қолжазбаларын жиыстырып, шын ниетімен қамқор болған, нәтижесінде аласапыран заманнан бүгінгі ұрпаққа аманат етуде Жүсіпбектің еңбегі өлшеусіз.

Қазақ әдебиеттануында сұлтанмахмұттанудың ғылыми негізін салушы профессор Бейсенбай Кенжебаев. Зерттеуші Б. Кенжебаев 1947 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1949 жылы «Сұлтанмахмұттың ақындығы», 1958 жылы «Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары» [Осы еңбектің негізінде 1959 жылы докторлық диссертациясы дайын болды. – Ш.Ә.], 1968 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі», 1973 жылы «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», “Әдебиет белестері”, “ХХ ғасыр басындағы әдебиет”, 1975 жылы «Асау жүрек» және т.б. кітаптары мен бірнеше зерттеу мақалаларын ақынның шығармашылығына арнады [2].

Профессор Б. Кенжебаев, біріншіден, С. Торайғырұлы әдеби мұрасын жинаушы, екіншіден, Сұлтанмахмұттың шығармаларын 1944, 1950, 1957, 1962, 1987 жылдары бір, екі томдық, таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, жарыққа шығарушы, үшіншіден, ақын шығармаларының тағдырын зерттеуші, төртіншіден, Сұлтанмахмұт шығармаларының мәтіншісі (текстологы), бесіншіден, С. Торайғыров жайында түсірілген деректі фильмнің сценарий авторы, алтыншы, сұлтанмахмұттану тарихын қоса жазған зерттеуші.

Жалпы сұлтанмахмұттануға әр уақытта үлес қосушылар: Ж. Аймауытов, Б. Күлеев, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Ы. Дүйсенбаев, Б. Шалабаев, Қ. Мұқаметханов, Т. Кәкішев, А. Еспенбетов, Е. Өтебаев, З. Жұмағалиев, Д. Ысқақ, Қ. Ергөбеков, Б. Мамыраев, Т. Жабағин, Л. Ақбаева есімдерін атауға болады.

Кейінгі уақытта Сұлтанмахмұттың шығармашылығын арнайы зерттеуші ғалым Арап Еспенбетов. Зерттеуші А. Еспенбетов 1975

жылы «Сұлтанмахмұттың лирикасы» деген тақырыпта кандидаттық, 1992 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты монографиясын жариялап, ал 1993 жылы «С. Торайғыровтың шығармашылығы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады [3].

Соңғы жылдары сұлтанмахмұттануға үлкен үлес қосушы профессор Ермек Өтебаев есімін ерекше атауға болады. Ғалым Е. Өтебаев С. Торайғыровтың ата - тегіне, заманына, ғұмырының көпшілікке белгісіз тұстарын, туған және қайтыс болған жылдарындағы жаңсақтық жөнінде, кейбір шығармаларының дұрыс басылмау себептеріне байланысты жариялаған мақалалары кейінгі зерттеушілерге ой салады [4,2]. Сонымен бірге ақынның шығармаларын мектепте оқыту мәселесіне [Т. Жабағин], және философиялық көзқарастарына арналған [М. Дүйсенов, Л. Ақбаева] зерттеулер де құнды.

ХХ ғасыр басындағы елдегі аласапыран жағдай Сұлтанмахмұтқа қатты әсер етті. Осы кезде елдің тұрмысын алға қарай жылжытып, қазақ халқына бостандық әпереді деген [«Таныстыру» дастанындағы] зиялылар қауымының әрекетіне көңілі толмады. Қасіретке толы халық өмірі ақынды қала мен даланың айқасына, орыс пен қазақтың тәжікелесуіне әкеліп соғып, дүниеге «Айтыс» дастаны келді.

Сұлтанмахмұттың “Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)” атты дастаны жариялылықтың жарық сәулесі түскенше жабық шығармалар сөресінен орын алып келгені, дастанға “байшылық-ұлтшылдық пиғылды әспеттейтін зиянды шығарма” деген ат қойылып, айдар тағылып, тұтқындық күй кешкені мәлім.

«Айтыс» дастанында оқиға тұтастығы жоқ. Дастан екі адамның әңгімелесуі, пікірсайысы түрінде жазылған. Дастанның мақсаты – қос ғасыр тоғысында қоғамдық жаңа биікке көтерілгелі тұрған қазақ секілді халықтың бойындағы кемшілігі, жетістігі қандай екенін таразылау. Дала ақыны, қала ақыны – бірі ескіні қолдаушы, бірі жаңаны жырлаушы сипатында көрінеді. Бірін - бірі сыйлай отырып сынайды, бірінің ұлттық жетістік деп тапқанын екіншісі дәлелді оймен талдай келіп, бүгін оның да жаңалыққа, жақсылыққа саналмасын айтады.

“Айтыс” – әдебиеттің ерекше атап, тоқталуды қажет ететін түрі, ғасырларға жалғасын таба беретін қасиетті өнері. Ал, Сұлтанмахмұттың “Айтыс” дастаны тіпті бөлек, ол екі ақынның айтысы, қаһарман ретінде “қала ақыны мен дала ақыны” деп алып екеуін ортаға шығарып, ауыздарына сөз салып айтыстырады. Ақын Сұлтанмахмұтты ХХ ғасыр басында қазақ даласында болып жатқан саяси жағдайлар қатты толғанып, өзінше баға бергізген шығармасы.

Дастан бастан аяқ екі адамның әңгімелесуі, пікір сайысы түрінде жазылған. «Мұндай құбылыс орыс және басқа елдер әдебиетінде “диалогическая речь” деп аталады. Бұл қазақ әдебиетінде бұрыннан бар жанр. Мысалы: С.Бисалиевтың “Жұмбақ әңгімесі”, У. Ғұмаровтың “Екі молданың кеңесі”, Нұржан мен Сапарғалидың қайымдасулары сол сарыннан онша алыс емес. Бұл жанр түрін жазба әдебиеттің машығына дейін көтерген Сұлтанмахмұт болды», - деп ой қорытады профессор З.Т. Жұмағалиев [5].

Қала адамының ауыл адамына менсінбей, пандана, кекірлене, кемсіте қарайтын алғашқы аман-саулығы былай өрбиді: Қала ақыны:

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?

Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.

Көрінген көрнегіңнен, жүрісіңнен,

Топастығың білінген ар жағынан.

Қала ақынының бұл тосын сауалына бірден ашуланып – аптықпай, ежелгі даланың табиғатымен, парасаттылығымен жауап қайтарады, дала көркін сымбатты жырға бөлейді, елінің ерлігін паш етеді: Дала ақыны:

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға “алаш” деген атты аламын.

Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Ерікті ең даланың құсынша ұшып,

Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.

Сен құсап сармасадай ілбиткен жоқ,

Қаланың көшесінде жоқтық қысып.

- деген жолдар толық мысал бола алады.

Ақын өмір сүрген ХХ ғасырдың басында қазақ даласында, әлем тарихында дүбірлі оқиғалар болған жылдар. Патшалы Ресей қазақ даласына тереңдей ене бастаған. Дүниені дүр сілкіндірген орыс төңкерісшілері аяғынан қаз тұрып келе жатқан қазақ жұмысшы табы мен кедейлерінің де көңілдеріне күн сәулесіндей күрес рухын сепсе, екіншіден, бұрынғы үкіметтің езгісінен, халықтың басым бөлігінің тұрмысы төмендігінен, сауатсыздығынан елді әбден тұралатқан болатын.

Сұлтанмахмұттың «Айтысы» «қазақ» деген кім?, даласының қандай екенін, жағдайлары қалай, қандай кәсіппен шұғылданатынын, әдет-ғұрпын, салт-санатының қандай екенін айтқысы келіп, өзі кейіпкер етіп алған «қала ақыны мен дала ақынын» айтыстырады. Ақынның қыр адамы, қыр төсінде туып, өскендіктен және шынында

даланың барлық табиғаты артықтығына көзі жете отырып, «дала» ақынына бүйрегі бұрыла сөйлетеді. Сұлтанмахмұт екі ақынды бір-біріне сынапты, кемшіліктерін айттырады. Шығармада сөз болатын ата қоныстың тұтастығы, ана тілі мәртебесінің, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрдің берік сақталуы, дамыған өнер-білім мен бір бүтін ауыз бірлік болуы қажет екенін ескертеді [5,3].

«Айтыстағы» әр жайдан әңгіме қозғап, сөз сайысына түскендердің жөн – жобасы қилы-қилы. Даланың намысын қорғаушы ақынның тұрағы мен түсінігі бесенеден белгілі, ал оның қаланың атынан сөйлейтін қарсыласы біздіңше «уақытша үкімет». Негізінде ақын Сұлтанмахмұт қалаға, қала тіршілігіне, мәдениетіне қарсы емес. Қос ғасыр тоғысында қазақ даласындағы тіршілікті астарлап болса да көрсете білген көріпкелділігі.

«Айтыс» дастаны – Сұлтанмахмұттың саяси бағдарламасы. Атап айтқанда: сол уақытта армандаған қазақтың өз алдына автономия алуы, төл өнеркәсіп, тіл теңдігі, ұлттық қорғаныс, ата заңы, жер туралы заңы т.б. көкейтесті шешімдері ғасыр соңында ғана шешімін тауып жатыр. Дастанда бірден халықтың жақсы өмір сүру үшін не істеу керек екендігі туралы сөз болып отырады. Лирикалық кейіпкердің «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын», - деп айқайлап дүниеге келеді және шығарманың өне бойында «меннің» дауысы басым естіліп, оның өмірлік жолы өзек болады, жырланады. Дастанда баяндалатын ойдың нәрлісі ақындардың жауаптасуынан кейін қала ақынының берген жауабы: Қала ақыны:

Қазақта не бар еді сүйетіндей?

Кетуіне қайғырып күйетіндей.

Сөйлеші, қане маған, не бар еді,

Соншама жүрек сүйіп иетіндей?

- деп, сол қараңғыда бөгде жандардың жанарына ілігерлік, сезімін тербетерлік несі болған, қазір содан қалған жұрнақтар бар дегенге саятын іші-сырты кедір-бұдыр сауалына: Дала ақыны:

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,

Сарыарқа, сары дала - туған жерім.

Көк күмбездің астында көк масаты,

Сәулемен алтындаған сары белім,

- деп басталатын жолдардан ақынның туған жеріне деген ыстық махаббаты аңғарылады.

«Айтыс» дастанының бір алуан тармақтары «алаш» жұртының ерте замандардан бері дамып кележатқан салт-дәстүрін, тұрмыс өрнегін сипаттайды. Сұлтанмахмұт далалықтарды хал-ахуал

тұрғысынан біркелкі емес екендігін де есінен шығармайды. Өлең жолдарына кезек береміз: Дала ақыны:

Сағынам билерімді кең ақылды,
Адамға жегізбейтін ақ – мақұлды.
Құдай өзін туғызған іштен би ғып,
Білмейтін төре айтқанда жат-жақынды,
Кебежеқарын кең құрсақ кемеңгерім.

.....
Кәпірдің сақта құдай қаламынан!
Дала жайын білмейтін наданынан.
Қазақ ісі қалаңа қараған соң,
Өзірейілдің адал ісі арамынан,

- деп дала ақыны қазақ ауылындағы билік айту өнерін, дәстүрін орынды мадақтайды. «Қағазсыз, полициясыз» екі ауыз сөзбен дау дамайды тиятын, төрелік айтқанда туралықтан таймайтын билерді қаланың паракор, қиянатшыл соттарына қарсы қояды. Шығармада дарындылықпен суреттелген мәселенің бірі – жыршы-жыраулардың шығармашылық өнері. Дала ақыны:

Даламның ақындарын айтсам сізге,
Үлгіге сөз патшасын содан ізде.
Миға тамақ, жүрекке сусын беріп,
Данқы кеткен ақын көп бұл үш жүзде.
Қазақтың өміріне айна болған,
Өмірге илһәм құйылар жайда болған.
Қалың топта домбыра қолына алса,
Жаратқыштық бір қуат пайда болған
Айқай сап домбыраны қағып-қағып,
Содан соң көзді жұмып кеткен ағып,

- деген тармақтар соның кейбір сәттері ғана. Хан мен қараның ертелі-кеш елі үшін атқарған аумақты істерін, достық пен жарастықты, ерлік пен жомарттықты шабыттана толғап, алашына өмір бойы ақысыз-пұлсыз тегін қызмет еткен өрелі таланттардың мәрттігін ұрпақтар есінде мәңгі қалдыру.

Дастанда жалпы 1005 өлең жолы бар (Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. – Алматы: ҚР ҰҒА “Ғылым” баспасы. -1993 жыл). Жеті жүз жиырма төрт (724) жолы дала ақынына, екі жүз сексен бір (281) жолы қала ақынына арналған. Дастан он үш (13) тараудан тұрады. I – тарауда: ұлтты, елі-жері туралы айтылса; II – тарауда: ұлттық дәстүр, ұлттық кәде, қазақы із тәрбие, салт-сана жайында; III – тарауда: даланың бек пен хандарын, даналықты

дәріптесе; IV – тарауда: төре билерің, кемеңгерлерің мақтан етеді; V – тарауда: ерлік батырлыққа үндейді; VI – тарауда: емші-тәуіптерді; VII – тарауда: пірді, ишан, қожа, абыздарды; VIII – тарауда: ақындықты, шешендікті; IX – тарауда: ислам дінін, қажылықты дәріптейді; X – тарауда: ана тілін, ұлттық пәлсапаны, тұнып тұрған қазақтың даналық сөздерін; XI – тарауда: ұлттық әдет-ғұрыпты, сыпайылықты; XII – тарауда: қазақтың кең жайлауын, даланың, адамның сұлулығын, саятшылықты, келін түсіріп, қыз ұзатар қасиетті тойларын; XIII – тарауда: ұлттық кәсіп, мал бағу өнерін дәріптейді.

Рас, дастан жолдарының соңғы шумақтары болмағандықтан дала ақынының пікірлерінің кейбіріне тиісті жауап таба алмаймыз. Мәтінде жалпы 31 өлең жолы түсіп қалған [Баспасөздегі басылымдармен салыстырғанда. – Ш.Ө.]. Дастанның соңғы кезеңінде біріншіге, екіншіге жауап дегендерінде бір сыр бар немесе дұрыс құрап, баспағн. Осы екі жауаптың аралығында жиырма төрт өлең жолы түсіп қалғанға ұқсайды [5, 77].

Дастан – күшті айкасқа ұқсас диалог. Біздіңше, Сұлтанмахмұт қазақтың қала болуын, мәдениетті, өнерлі, білімді болуды көкөсеген жаңашыл ақын. Бірақ, қазақ тұрмысының шындығын айтамын деп, даланың барын жасыра алмайды деген пікірге толық қосыламыз.

Ақын айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, түсіру үшін ең қажетті бірден – бір сөз іздеп табу – шебер суреткердің парызы. Сұлтанмахмұт Махамбет стилін барынша қолданған бірінші ақын:

Кескекті туған аюмын,
Кескілеспей басылман.
Кілегей қара бұлтпын,
Келе бір жаумай басылман.

Өз кезегінде дала ақынының да сөздерінде жан бар екеніне назар аудартқымыз келеді. Ғылымға бой ұрмай, техника тілін меңгермей дамыған жұрттар қатарына қосыла алмайсың, «күшті» мен «тістінің» аузында кетесің, лепірген бос сөзден гөрі, ел іргесін сақтайтын ізгі қасиет, ұйымдасқан бірлік ынтымаққа тірлік ізде дейді қала ақыны. Қала ақыны:

Лайықты ел болуға ісің бар ма?
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма?
Пушқасы, пулеметі, улы газы,
Қолыңда даяр тұрған кісің бар ма?
Бар күшті жалғыз күнде жиытұғын,
Шырмалған темір жолмен ішің бар ма?

Қызығып, көз алартып қараушыға,
От шашып, найза ұсынған, түсін бар ма?
- деп, қазақ әскері жайындағы сұрақты да алға тартады. Тағы да қала ақыны сөз алып:

Сондықтан айту бекер «жерім бар» деп,
«Байлығым бар, жерге ие елім бар» деп,
Бәрі де күштінікі, тістінікі,
Сен тұрсын: «керек күні келіп ал» деп.
Көбі жоқ, бәрі дағы жоғалмақшы,
Далаңның қызықтары айтқан дәмдеп.
«Мен — қазақ, қазақтыққа мақтанамын» деп,
Не қалды мақтанғандай сонша сәндеп?,

- деп дала ақынының шаң жуытпай мақтанғанын жоққа шығарып, далаңда мақтанарлық ешнәрсе қалған жоқ, барлығы да бекер деп қала ақыны дала ақынына іш тартады, қайғысыз-қамсыз күніне қарап мұң айтады, жоғын жоқтайды. Далаңда мақтанар нәрсе аз қалғанын бір-бірлеп түсірейін саған дәлелдеп! -, деп қала ақыны ары қарай ойын баяндай жөнеледі:

Жерің жоқ сонша сәндеп мақтайтұғын,
Дені — қырат, соқа шот батпайтұғын.
Арқаңда сар топырақ, жемсіз жер көп,
Егін мен көгеруді ұнатпайтынын

- деген өлең жолдарында қала ақыны даланың барлық молшылық байлығын жоққа шығарып, түбінде кедей болып қалуына жерің себеп дейді. Жарты жыл тұтасымен қысың жатады, сарыарқаны кезіп аққан өзен аз, Оралдай, Кавказдағыдай байлығың бар ма?,- деп салмақты сауал қояды.

Сұлтанмахмұттың «Айтыс» дастаны ХХ ғасыр әдебиетіне қосылған айтулы қазына. Ақын лирикалық қаһармандарының жандүниесін ақтара ашып әлеуметтік, адамгершілік мәселелерін бүкіл азаматтық деңгейге көтере қозғайды.

Қорыта келе, Сұлтанмахмұттың “Айтыс” атты шығармасы жанры жағынан әңгімелесуге құрылған (диалогиялық), сюжетсіз, лирикалық-философиялық дастан [6, 32]. Негізінде, Сұлтанмахмұт орыс патшасы отаршылдығын қатты әшкерелейді, қазақ халқының ұлттық үлгі-өнегесін, шаруашылық жүргізу тәртібін жоғары бағалайды. Чиновниктер мен паракор тілмәштар билеген қала өмірінен адамдары еркін, табиғи байлығы халық қазынасы болып табылатын дала дарқандығын және қазақтың қала өмірінде, техника, соғыс, т.б. өнерлерді меңгеруіне бар табиғатымен тілектес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. /Құрастырушылар: А.Еспенбетов, Б.Мамыраев, Қ.Ергөбеков/. ҚР ҰҒА, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. «Ғылым», –Алматы, 1993. – 210 б.

2 Кенжебаев Б. Ақын – жазушы, ақын – ойшы //«Қазақстан мектебі» журналы, № 10, 1973. – 4 б.; Кенжебаев Б. Асау жүрек. – Алматы: Жазушы. 1975. – 181 б.; Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі. –Алматы: ҚазМУ. 1968. –21 б.

3 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. –Алматы: Ғылым. 1992.-200 б.

4 Өтебаев Е. Сұлтанмахмұт //”Сарыарқа самалы” атты Павлодар облыстық газеті. 1992. -4 б.; Өтебаев Е. Жасасын, алаш, жасасын //«Ана тілі» газеті, 25 сәуір. 1991. -6 б.

5 Жұмағалиев З. Құпиясы ашылған қос дастан //”Жас алаш” республикалық газеті. № , 7 - тамыз, 1993. – 3 б.; Мұсағитов Мүсілім. “Айтыс ...” поэмасы неге аяқталмаған? //”Сарыарқа самалы” атты Павлодар облыстық газеті. №44, 1993.-2 б.

6 Шапауов Ә. Сұлтанмахмұт халық және оның болашағы туралы //”Сұлтанмахмұт тағылымы” атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Т. 1., Павлодар: ПМУ баспасы. 2003. -182 б.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ – ХАЛЫҚ ПЕРЗЕНТІ

ТЕМИРЖАНОВА М. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
№ 25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Екі заман шекарасында көзін аша бастаған туған халқының ақылы, ойы, ары, бас көтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың орны ерекше. Жалпы көпшілік ұмыта бастаған, тек есімдері мен істері біренсаран көзі ашық зиялылардың ғана есінде қалған тұста, олардың біртіндеп емес, топ-тобымен ел ортасына қайтып оралуы елі мен ерін бөлмейтін, азаматтық ойы бар жандарды қалай тебіреңтпес! Бірін күтіп жүргенде бері келіп, «ақ түйенің қарыны» бір-ақ күнде

жарылды. Қанша бұлт басса да, ақыры ашылмай қоймайтын күн көзі жарқ етті. Әділдік, шындық дегендердің де өзінің шын мағынасына ие болатын кездері болады екен, сол кезең туды.

Біз үшін саяси-қоғамдық дамудың ең бір күрделі жылдарында өмір сүрген бұл азаматтарымыздың бүкіл шығармашылық еңбегін қазақ халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен байланыстыра білгені қымбат. Олар ескішілдікке қарсы күресті, қараңғыда қамсыз ұйықтап жатқан халқын ояту үшін бірі «маса» болып ызыңдап, бірі «Оян, қазақ!» деп жар салды. Өлең тілімен, өнер тілімен халқына үгіт айтып, оларды білім-ғылым, ағарту жолына үндеді. Патшаның отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ғана ауырлатып қоймай, саяси құқығын да тежеп отырғанын айтты. Орыстың озық ойлы мәдениеті мен әдебиетін халық арасында кең насихаттады, орыс классиктерінің шығармаларын аударып, оларды өздерінің ағартушылық идеясына, азаттық жолындағы күресіне пайдаланды. Осы жолда олардың патша әкімшілігінен көрген қудалауы, зорлығы да аз емес еді. Бүгін біз оларды еске алғанда өз басының тыныштығын күйттемей, туған халқы үшін азапты өмір кешуді өздері қалап алған, тіршілігінің бәрі кейін солай лайықталып пішілген ер жүрек жандардың қайраткерлік қайсарлығы мен кейінгі ұрпаққа қалдырған өнеге, үлгі сөздеріне, тіпті бүгінгі ұрпақтың көдесіне әлі де жарап жатқан еңбектеріне ерекше ризалықпен, ілтипатпен қараймыз.

Осы топтың ішінде Жүсіпбек Аймауытовтың салмақты орны бар. Жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарын, романшы, драматург, ақын, аудармашы, зерттеуші Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан текті, дәулетті атақ-абырой біткен, ел арасында білікті кісілер. Жүсіпбек арабша хат танып, оқу үстінде, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренеді. Ол он бес, он алты жасында өзі ұмтылып, үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі сыныптық мектепке түседі. Бір жағынан бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді де, Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1918 жылы аяқтайды. Оны бітіргеннен кейін Жүсіпбек Аймауытов қоғамдық қызметтерге араласады, кейін 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің менгерушісі болып қызметке ауысады. 1926-1929 жылы Шымкент педагогикалық техникумының директоры болады. Оқытушылық қызметке араласып, оның ішкі қиындықтары мен кезек

күттірмейтін қажеттіліктерін толық біледі. Сондықтан да мектептегі тәрбие ісі, оқу, оқыту мәселелеріне арнап көптеген мақалар жазады. Әдістемелік еңбектеріндегі негізгі бағыт – оқыту мен тәрбие ісінің тұтастығын, рухани тәрбие мен тәрбиесінің бірлігін, адамның өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі мен оның жолдарын анықтап беру болған сыңайлы. Қазақстандағы оқу-тәрбие жұмысымен байсалды тұғылдану барысында, тек мұғалімдік іс-тәжірибені жинақтаушы ғана емес, әдістемелік ғылымның теориялық деңгейін көтеретін ғалым-педагог дәрежесіне жетті.

Автордың 1918 жылы «Абай» журналына жарияланған «Тәрбие» атты мақаласынан бастап, баланың тәрбиесіне үлкен мән береді. Адам баласының өзге жан иелерінен басты айырмасы оның рухани саналы тәрбие алуынан деген ойды киелі етіп ұстай отырып, мақалада баланың кей ұнамсыз қылықтарының болуы тәрбиенің кемшілігінен деген түйін жасайды. Жүсіпбек Аймауытов адам табиғатқа ғана тәуелді емес, тәрбиеге тәуелді деген ой айтады. Әр заманда өмір сүрген ұлы тұлғалардың жасаған іс-әрекеттерін еске ала отырып, олардың жақсы – жаман қылықтары өздері алған тәрбиенің жемісінен болған деген пікірі қай кезде де ескермесі анық.

Білікті ағылшын философы, әрі педагог Дж. Локктың «Баланың ақылы да, жаны да туғанда таза тақтадай болып туады. Таза тақтаға қандай жазу жазса да жазушының еркінде» деген сөзін талдай отырып, ондағы негізгі көзқарақ байланысты өз ойын өзгеше сабақтайды. Адамда жаратылысынан әртүрлі мінез қалыптасып туатынын тілге тиек етеді. Мұның өзі ғалым-педагогтың генетика заңын адам бойындағы негізгі қасиеттің ата-бабадан даритындығын еске салғаны болуы керек. Сондықтан да тәрбие жеке адамның ерекшелігін ескере отырып орындауы керек деген тұжырымымен келіспеуге болмайды. Қазіргі кездегі дамыған тәрбие ғылымының да басты қағидаларының бірі осындай. Яғни, мектептегі тәрбие ісі де, оқыту ісі де жеке адамның ерекшеліктерін ескере отырып орындалады.

Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек», романдары, «Күнікейдің жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Қазақ әдебиеті алыптарының бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Оның қазақ әдебиетінің жанр жағынан дамытудағы еңбегі орасан зор. Ол – ақын, прозашы, публицист, сыншы, театр режиссеры, аудармашы педагог болды. Бір өзі әдебиет пен ғылымның әр саласында еңбек етті. Қазақ әдебиетін проза, драматургия жанры жағынан қалыптастыруды және мектептер мен оқу орындарының оқушыларына арнап бірнеше оқу құралдарын жазуға қатысқан. Осындай әдебиетіміздің, театрдың, ғылымның дамуына айрықша қызмет еткен қламгердің еңбектері 60 жыл бойы оқушының назарынан тасада қалып келді.

Осындай жан-жақты талант иесі Жүсіпбек жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің бастауында тұрып, өзінің замандастары Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Мағжан, Сәбиттермен бірге көптеген жаңа жанрлардың негізін салуға қатысты. Әсіресе, оның прозамен драматургиядағы орны үлкен.

Жүсіпбектің «Қартқожа» романы тұңғыш рет 1926-жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Бұл – ауылдағы қарапайым қазақ азаматының өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы көлемді шығармасы. Онда қазақ аулының революция алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шыншылдықпен бейнеленеді. Әсіресе, жазушы осы тартыстар талқысында қарапайым қазақтың қоғамдық теңсіздік сырларын түсінуге жетіп, әлеуметтік әділетсіздіктің себептеріне ой жіберуін нанымды суреттейді. Шығарманың негізгі кейіпкерін де Жүсіпбек осы тұрғыдан көрсетеді. Шығарма тарихтың осындай бір кезенді, шытырман оқиғаларға толы тұстарындағы қазақ аулы өмірінің жалпы шындығын жұмсартпай, шынайы, кең тұрғыда суреттей алуымен де бағалы. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917 жылғы ақпан революциясына ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге араласуы, «Алаш орданың» құрылуы, Октябрь революциясы мен азамат соғысының оқиғалары роман сюжетіне желі боп кіреді. Шығарма қаһарманы Қартқожа да, оның елі, жұрты да осы оқиғалар фонындағы тартыста есейіп, есін жинап, ілгері басады, болашаққа қарайды.

Көшпелі тіршілік пен рушылдық-ағайыншылық қарым-қатынас қазақ ауылындағы қайшылықтарды сырт көзге бірден көрсетпей, жасырын ұстауға тырысқанымен, ел ішіндегі таптық жік, қоғамдық әділетсіздік, әсіресе, кедейлер өмірінде көзге түспей қалмайтын еді. Қартқожа да есін жия келе осыны көре біледі. Ол өзін

кемсітіп, әлімжеттік жасай беретін бай балаларының қылығына қоса, әкесінің әлділерден көрген қорлығын да ойына түйіп өседі. Әлділерге қарсы істер дәрмен өзінде де, әке қолында да жоғы ызаландырады. Кейде: «Әттең, менің кедейлігім-ау! Әйтпесе, солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса, малы артық. Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын да күн болар ма екен?» деп кіжінеді.

Қартқожаның шындықты, әділдікті тануы жолында 1916 жыл оқиғаларының маңызы бар. Әуелде патшаға, болысқа қарсы топты көріп, қызықтаған ол бірте-бірте сол іске өзі де араласады. Өйткені, жасын өсіріп жазып, болысоныда майданның қаражұмысына алуға жазыпқояды. Осы бір көтерілісшілерімен бірге жүрген күндер Қартқожа үшін үлкен мектеп болғанын көреміз. Бұрын ауыл маңынан ұзамаған бала көп ішінде жүріп, халықтың әр қилы тобын, олардың мінез-құлқын, тіршілігін таниды. Болыстың елге жасап отырған әділетсіздігін, зорлығын көреді. Соған қарсы батыл қол көтерген Дәрмен сияқты азамат жігіттер де ел ішінде барын біледі. «Дүниеде болыстан жауыз жан жоқ... Дәрмен біліп жүр екен. Өлтірер ме еді!» деген ой Қартқожа басына сонда келеді.

Бірақ құр ызаланған, кектенгені болмаса, Қартқожа ондай кек алу жолына шыға алмайды. Көтеріліс басылып, өзі солдатқа алынып кете барады. Баласының көтеріліске қатысқаны үшін жаза тартып, бар малынан айырылып, сорлы әке қала береді.

Қартқожаның рухани өсуіне жол ашқан – солдат өмірі. Бұл кезде ол тыс жерде, көрмеген ортада жаңа өмір кешеді, қараңғылықтан жарыққа шыққандай сезінеді. Оның көзін ашып, оң мен солын тануына себеп болған Андрейді ол өлгенше есінде сақтайды. Патшаның тақтан құлауынан кейін елге қайтқан Қартқожа ендігі жерде оқусыз, білімсіз өмір сүру мүмкін еместігін ұғынады. Қол қысқалықтың қырсығынан ара-тұра кәсіп қуа жүріп (Баян, Семей, Омбы арасында), ол оқуын жалғастырады. Алаш ордашылардың тарауы, большевиктердің келуі, қашқан ақ әскерлерінің қылықтары оның әділет, бостандық туралы ұғымдарын толықтырады. Осылардың нәтижесінде ол халық, ел тағдыры, оның досы кім, жауы кім екендігі жайлы ойлануға жетеді. Роман соңында Омбыдан елге оралған Қартқожа ел алдында жігерлі сөз сөйлеп, елді еңбекке, іске шақырады. Ескіні күштеп қиратып, жаңаны мықтап тындырып жатқан қаһарман әрекеті көрінбегенмен, Жүсіпбек Қартқожалардың өмір талқысынан өтіп, әділдік жағын табуын, жаңа дүниеге шығуын суреттеу арқылы жас қазақ әдебиетіне жаңа қаһарманның келгенін әйгіледі. Оның істейтін ісі әлі алда еді.

Романда айрықша көзге түсетін нәрсе – көшпелі қазақ аулы өмірінің жүдеулігі, қоғамдық әділетсіздік. Мұны біз Қартқожа туып-өскен ортаның, отбасылық тіршіліктің, ескі ауылдағы әлдінің әлсізге жасаған зорлығы фактыларынан, осы негіздегі қақтығыстардан танымыз. Талапты Қартқожаны оқытпай, ауылға байлап қойған да – осы жоқшылық. «Тастаған шоқпар сорлыға тиеді» дегендей, қырсық та Жұман үйін айналдырып, жұт та алдымен осыларды жалмайды. Кедейдің барлы-жоғын жұтатқан қыс суреті жазушының шебер қолымен жасалған, ол жайсыз табиғат көріністерін көз алдына жайып салады. «Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпейді. Қас қараяр-қараймастан күн батыстан шатынаған, шақшиған, жалғыз кезді жан алғыштай жаман, жарық жұлдыз шығады, күннен күнге шарықтап, көкке өрлейді, жел қасарысып, темір қазықтантаймай, ызғырадыдатұрады».

Жүсіпбек реализмі ел тіршілігінің, халық тұрмысының жалпыға ортақ қиындығын жұмсартпай, оның ұнамды-ұнамсыз жақтарын кең суреттейді. Қартқожаның көтерілісшілер ортасында болған кездегі көргендері, жасақтың жиналып, тау арасында босқа жатқан күн көрісі жалпы көшпелі елдің бейжай, берекесіз тіршілігін еске салады. Біреулер уақытты қалай өткізерін білмей, ұсақ-түйекпен алданса, енді біреулер тамақ аңдып, таласып-тармасып жатқаны. өзбасымен ойлап, жоспарлы күрес жүргізіп, ұйымдастырып жатқан ешкім жоқ. Жиналғандар не істерін білмейді. Осындай берекесіз тіршілікке, рулық талас-дауларға алданған жұрттың жеңіске жете алмай, ыдырауы да заңды еді. Қартқожа осыны көреді. Ыдырыс қажы ауылында да ол дағдарған елдің «тасаттық» беріп, босқа шығынданып жатқанына, молданың өз құлқынын көздеген шарифатының алдамшылығына куә болады. «Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, «жақсылардың», «адамдардың» түрі анау, мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп барады. Жүздеген жауыздар масайрап, тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жатады. Олардың жауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан етеміз. Не өтесісі, не жақсылығы үшін? әділет, теңдік, адамшылыққайда?» – деп ойлайды Қартқожа.

Осы жағдайлар біртіндеп Қартқожаны халық жағдайы, оның тағдыры, болашағы туралы ойларға алып келеді. Оның саналы күреске бет бұруына негіз болады. Жазушы оны шығарма соңында ашық айтады. «Қартқожа қазағың, елін сүйеді. Байын, жауызын емес, бұқарасын, кедейін, жалшысын, жерін, суын сүйеді. Қазақ пен орыстан

көрген жақсылығын ұмытпайды, орысты да бауыр тұтқысы келеді. Андрей, Полидубтарға қазақтың неше Жайдархандарын құрбан қылғысы келеді. Қазақ та, орыс та Андрейдің, менің көргенімді көрсе, көзі ашылса, менің жүрегімдей бауырмал жүректері болса, зорлық, қиянат, теңсіздік жоғалар еді-ау, – деп бір мезет ойлайды. Бірақ ол мүмкін бе? Барлық адам баласының «мінезін, құлқын, жүрегің бір қалыпқа салып шығаруға бола ма?» – деп жазады Жүсіпбек. Бұл үзіндіден халық тағдырын ойлау дәрежесіне көтерілген роман қаһарманының адамды ұлтына бөлмей, жалпы адамгершілігі тұрғысынан бағалайтын адал бауырмалдығын көреміз. Сонымен бірге ол өмірдің бір қалыппен жүрмейтін күрделілігін де түсінеді.

Шығарма қаһарманы жайындағы жазушы толғанысында бүкіл романның пафосы жатыр. Автор қазақ ортасынан шыққан жас Қартқожаны «елі үшін күйген, еңбекті сүйген, ер жүректі, жұртшылық көсемі – жалынды жастардың» (автордың арнау сөзінен) қатарынан көргісі келеді. Оның халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрбіп дамиды.

Шығарманың шұрайлы тілі – жазушы шеберлігінің айқын көрінісі. Ондағы суреттер ел өмірін, дала тіршілігін, ондағы адамдар ұғым-түсінігін оқырманның көз алдына жайып салып отырады.

Бұл – «Қартқожаның» жалпы идеялық, тақырыптық маңызына қоса қазақ романының тарихындағы көркемдік ролінде, жаңалығын да аша түседі.

Әлеуметтік төңкерістер ұлы өзгерістер заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытов өзінің осы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді. XX ғасырдың басында ұлттық әдебиетінің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аймауытов Ж. «Журнал туралы» // Абай, 1918 ж., N1, 3-б.
- 2 Есімов Ф. «Абай хакім» Алматы, 1994 ж., 33-б
- 3 Аймауытов Ж. «Тәрбие» // Абай, 1919 ж., N1, 12-б.
- 4 Жарықбаев Қ.Ж. «Аймауытовтың психологиялық еңбектері туралы» // Алматы ақшамы, 1983 ж., 22 қараша.

АҚЫН МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ

ТЮФЕКЧИОГЛУ ХАЯТИ

PhD, профессор, Стамбул университеті, Стамбул қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТӨЛЕБАЕВА Қ. Т.

ф.ғ.к., доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, әлемдік деңгейде бой көрсете бастаған қазіргі таңда ұлттық мұраларына деген құрмет-қошемет артып, қазақ тілін таным құралы ретінде зерттеудің маңызы ерекше болып отыр. Қазақ халқының өткен дәуіріндегі тарихын, өзге елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып-білуде рухани бай мұрасына үнілетініміз айқын.

Қазақтың белгілі тарихшысы, ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесі зор. Ғұлама ғалым, ойшыл, философ, тарихшы, шежірешінің қазақ халқының тарихын, ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеу нәтижесінде құнды да бай мұралар қалдырып, күні бүгінге дейін өзінің мән-маңызының ерекшелігімен оқырмандарын тәнті ету үстінде. Медицина, философия, лингвистика, этнография, әдебиет, тарих, өнертану, археология салаларына сіңірген еңбектерінің мәні зор. Тілдің лексикалық қабаттарын қамти отырып, зерделі ақын өзі өмір сүрген кездегі әлеуметтік жағдайдың сырын жайып салған. Ішкі мұң-шерін өлеңмен шерте отырып, жуандардың кемшіліктерін бетке басқан, халқын өнер-білімге үндей отырып, болашаққа қам жасаған, көпті көрген абзал жан өткен-кеткен өмір жолына барлау жасайды. Прогресшіл бағыттағы ақын әдебиетті, мәдениетті өркендетуге зор үлес қосып, халықтың ой-арманын, мақсат-мүддесін шынайылықпен бейнелеген.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев заманының бұқарашыл, алдыңғы қатарлы, биік мақсат қоя білген ақыны болды. Өлеңдерінің дені философиялық ой-тұжырымдарға құрылған. Өз заманының озық ойлы күрескер қаламгері ретінде көкейтесті мәселелерді өз шығармаларына арқау еткен. Ол қазақ әдебиетін де, ислам діни әдебиетін де өте жақсы білген және насихаттаған. Барша жұртшылықты жақсы қасиеттерге үндеп, жамандықтан аулақ болуға үндейді.

М.Ж. Көпеев туралы уақыттың талғам-талабына орай әр кезде әр түрлі пікірдің болғаны да рас. Алайда, оның кестелі өлеңдері мен келісті ойларын, әсіресе, халық ауыз әдебиетін жинаудағы жойдасыз еңбегін ешкім де жоққа шығарған емес. М.Ж. Көпеев шығармашылығын жан-жақты әрі терең зерттей келіп, оның екі ғасыр аралығындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік «халық-ахуалы» мен тұрмыс-тіршілігін бедерлеудегі болсын, бөрінің де қыр-сырын ашып, әділ де нақты бағасын беру қажет.

Өркілы тарихи-әлеуметтік, саяси-қоғамдық өзгерістерге толы кезеңде дүниеге келген М.Ж. Көпеев (1858–1931) қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына, көркемдік көкжиегінің кеңеюіне елеулі үлес қосқан, ағартушылық-демократтық бағытты берік ұстанған ақын әрі тарихшы ретінде белгілі. Оның кітаптары мен мерзімді баспасөз беттерінде басылған мақалаларында екі ғасыр аралығындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы суреттеген, замана тынысын дөп басып, айта білген қаламгер.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты еңбегінде Мәшһүр Жүсіп Қазақстандағы жер мәселесін, қазақ халқының қоныстан қысым көру мәселесін кең тарихи проблема етіп көрсетеді. Бұл мәселенің халықтың азаттық, отан, ел үшін күресімен байланысты, күнбе-күнгі тіршілігімен байланысты, саяси ұлттық теңсіздігімен байланысты проблема екенін баяндайды. XIX ғасырдың (30–40 жылдарында болған) Кеңесары, Наурызбай бастаған қазақ халқының патшаға қарсы көтерілісі өзінің тәуелсіздігі, жері, Отаны үшін күрес екенін ашық айтады. Сөйтіп, ол халықтың шұрайлы жерінен, мал өрісінен айрылғаны, ел ішінен береке-бірліктің кеткенін, чиновниктердің қала салып, егін еккенін ашына айтады. Сол кездегі жер, ауылға келгендермен бірге, қазақ тұрмысына көп жаңалықтың енгені, атап айтқанда, ел ішінде егін салу, бір жерге тұрақталып отыру, газет-журнал шығару, оқу-ағарту мен мәдени істердің көпшілігі қауымға бірте-бірте тарай бастағанын ашық жазды. Оның бұл пікірінен сол кездегі жұрттың тұрмыс жайы, жер атаулары елдің ішкі-сыртқы жағдайымен көрінеді. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіптің топономия, этнография туралы дәлелді де дәйекті тұлғалары ауыз тұщытарлық.

Өз елінің мұң-мұқтажын, арман-тілегін жете түсінген ақын халықтық тұрғыда сөйлейді.

Дінімізді кемітіп қорламасын,

Көзімізді бақырайтып ұрламасын.

Баламызды билетсін өзі бізге,

Оқысын деп орысша зорламасын. –

дей келіп, «бұрынғы ықтиярсыз қолдан кеткен жер мен судын» қайтарылып, мешіт пен медресенің билігі халықтың өзіне тиюін талап етеді. Ақын елін үшін қамалсаң да, бостандық күресінен бас тартуға болмайды, «бас та азат, орын да азат, форма да азат, еркімен жүрсін әркім пайдасына» деп армандайды.

Болыңдар көтермекиі жарысқанға,

Душпанмен жағаласқан, алысқанға.

Бір тиын онан құны кемімейді,

Салғанмен қаниша кісен арыстанға.

Мұнда ақын бостандық күресіне түскендерді арыстанға теңей келіп, халықты батыл саяси күреске шақырады. «Зындан түбі – бостандық, күрес түбі – қайыр» дейді. Халықтар түрмесі болған патшалық тәртіпке көрсеткен бұл қарсылық, наразылық. М.Ж. Көпеевтің бостандық, жарық күнді аңсау түрінде жазған осындай бірнеше өлеңдері бар. «Күн мен түн» деген өлеңінде ол бостандық символы түрінде күнді бейнелеп суреттейді. Мәшһүр Жүсіп басқа да өлең-жырларында замана міндерін, қараңғылық пен надандықты өткір сынайды. Оның шығармаларында сол кездегі қазақ қоғамында орын алған кеселдердің бірталайы бас-басына аталып өткен. Көп жайттар мен көріністер өмір шындығын, замана сипатын көз алдымызға елестетеді.

Мәшһүр жұртшылықты адал еңбек етуге, рухани көтерілуге шақырып қана қоймай, халықты жарыққа шығарудың бірден-бір жолы – оқу-білім деп түсініп, соны бағыт-бағдар ретінде нұсқайды. М.Ж. Көпеев – өз заманының барлық болмыс-бітімін, бүкіл қазақ халқының тыныс-тіршілігін, рухани және мәдени өсу деңгейін, кем-кетік жақтарына кеңінен тоқталып, тереңнен толғаған қаламгер. Оның «ұйқыда жатқан» қараңғы халықты оятпақ болып, жұртына жақсылық пен жаңалықты түсіндіріп, өркениетті ел қатарына қосылудың жолын көрсетуге тырысқан туындылары бұған толық куә.

Егер де ісі жақсы, болса ұнамды,

Талап қып ыждахатпен бас қадамды.

Айна қыл өзіңді-өзің түзетуге,

Бұл жүрген жақсы-жаман көп адамды,-

дейді ақын «Қалмады ойлай-ойлай басымда ми» деген өлеңінде. Бұл – туған халқының қамын ойлап қамыққан, болашағы үшін жабыққан қайраткер сөзі. Қамығып қана қоймай жанын ауыртқан сол дертке шипа іздеп, қалың бұқараны ғасырлар бойғы бойкүйездіктен, сауатсыздықтан арылып, өнер мен ғылым үйрену арқылы көңіл

көзін ашуға шақыруы – қайраткерлік қарымы мен құлашын байқатады. Әрине, М.Ж.Көпеевтің ағартушылық бағыты оның поэзия саласындағы туындыларында әсіресе айқын сезіледі. Ол өз тұсындағы ел тіршілігіне көз жүгіртіп, мынау жақсы, мынау жаман деп тайсалмай, өз пікірін күлбілтегісиз батыл айта білген. Мысалы, оның «Адам екі түрлі» атты өлеңі былай басталады.

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды,

Жемісінен дүние жүзі баһра алады.

Бір адам бар терек ағаш сықылды,

Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды.

Ақын жақсылық пен жамандық жайында, адамның мінез-құлқы мен жеке қасиеттері туралы ой толғайды. Ол адам бойындағы адамгершілікке жат қылықтардан қатты жиіркеніп, ашына суреттейді. Бұл сипат оның «Жалқаулар туралы айтқаны», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол»,

«Жеткізер, құдай, пенде, қылса талап» және т.б. өлеңдерінен айқын аңғарылады. Бұл шығармаларында ол:

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,

Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.

Айрылса оқу оқып, білгенінен,

Біз оны деп айтамыз, «Арамтамақ!»

– деп жастарды ерінбей еңбек етуге, оқу оқып, білім алуға, сөйтіп ілгері ұмтылуға үгіттесе, енді бірде салақтық пен жалқаулықты сынға алады:

Кедей болар кері кеткен, ұйқысы мол,

Сайрап келіп тұрады үш қара жол.

Кедейліктің бір үлкен жерік асы,

Жаман қатын бар үйден үзбейді қол.

Шайыр кедейліктің түп тамыры еріншектікте деген қорытынды жасайды. Немесе:

Парқы бар жақсының да жақсыменен,

Балгер бірдей бола ма бақсыменен.

Артымда ненің барын мен білем бе,

Жамандық қаниша болса, тапшы менен,

- деп адамгершілікті мадақтап, оған жат қылықтарға жиреніп қарайды.

Мәшһүр Жүсіп ақын ретінде өзі өмір сүрген дәуірдің ғана бейнесін суреттеп қана қойған жоқ, сонымен бірге лирикалық қаһарман образын сомдай білді. Оның шығармашылығының өн бойынан туған ел-жұртының адал перзенті, халқына еңбек етуден еш жалықпаған ойшыл ақынның азаматтық тұлғасы әрі сөз өнерінің

кадір-қасиетін жете сезінген нұрлы бейнесі айқын көрініп отырады. Мәшһүр оқу мен ғылым үйрену қажеттігі туралы тұжырымдарын өлеңде ғана өрнектеп қойған жоқ, қара сөзбен де жазып қалдырды. «Ғылым – адам жанына түндіктен түскен Күн мен Ай сәулесі іспетті нұр құятындығын» айта келіп, ойын былай қорытындылайды: «Өркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарып қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады.

Тағы да Мәшһүр Жүсіптің пәлсапалық ұғымдарына жүгінейік. Ол ескілікті, наным-сенім жайында да топшылауларын ортаға салып, шайтанға қожа-молдалардай емес, басқаша түсінік береді: «Гүрілдеп ағып жатқан өзен адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, дәнеңе арам қан болып кіріп, жүрегіңе барып, жүрегінді толқытып, өзінді бұзады. «Шайтан» сол – қан бұзылса, кісі бұзылады. «Шайтан» деген өзіңнің ойың. Ой иесі «шайтан» жүрегіңе неше түрлі ой салады... Олай болса, көп ішіп, көп жеумен екі нәрсе көбейеді. Бірі – қарын, бірі – көңіл. Бұл екеуі бойында толық тұрғанда – тұрғаныңның бәрі – өз басыңа у болғаннан басқа пайдасы жоқ.

Өмір-дүние дегенің ағып жатқан су екен,

Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен.

Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды Ол екеу аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң күлкісі кеміді. Денедегі арам қаны азайды. Арам қан азайған соң, жүректі барып, ұйтқытып бұзатын дәнеме табылмады. Сонан соң бұл адамнан нәпсі-дәмі бәрі атымен жоқ болып, көңілі күш-қуат алып, періште сипатта болды. Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлуді мұрат тұтты,-дейді. Сөйтіп, шайтанды ақын дербес малғұн, көзге көрінбейтін азғырушы емес, адам денесінде, қанда бар нәрсе деп ұғынады. Ол дін адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейтін бірден-бір құрал деп түсінді. Құдай жолы әділеттіліктің ақ жолы деп түсінген ол ислам дінін уағыздап, халқына осы бағытта жол сілтеді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біліп, дін мен ғылымды ұштастыруға талаптанды. Өкінішке орай, коммунистік партия үстемдік құрып, өз диктатурасын жүргізген дәуірде көбіміз Мәшһүрдің дүниетанымына, философиялық ой-тұжырымдарына қатысты пікірлердің байыбына барып, тереңіне сүңги алмадық. Бұл секілді ой-тұжырымдар концепциясы діни-сопылық таным-түсінік аясынан алшақ еместігі анық. Мәселен, Құран-Кәрімде Ібіліс-шайтан жайында былай

делінген: «Әй, мүміндер кім шайтанның басқан іздеріне ерсе, күдіксіз ол ұятсыздықты, жамандықты меңзейді (24-Нұр сүресі, 21-аят). Сөйтіп, Құранда жазылғанға қарап, мұсылман теологтары шайтанды Адам-ата мен Хауа-ананы күнәһарлыққа итермелеуші деп таниды. Бірақ, бұл іс қайырымдылықтан туындаған нәрсе іспетті. Әйтпесе, яғни Адам күнә жасамаса, жұмақтан қуылып, жер бетінің иесі болмас па еді, қалай?! Сопылық таным негізінде шайтанның арбауына ілігіп, адамның күнәлі болуы Інжіл мен Құранға қарағанда, басқаша түсінікті білдіреді. Нақтырақ айтқанда, сопылар ойынша, шайтан Құдайдың жауы емес, қайта адамды сынау ісіндегі жақтасы. Жалпы бұл – суфизмде шайтанды ақтап алу тенденциясының барын көрсетіп, ол ілімді зерттеушілерге негіз болды.

Шайыр өз заманындағы озбырлыққа, әділетсіздікке, надандыққа, жалқаулыққа қарсы шыққан күрескер ретінде көрінеді. Оның мақсаты- қоғам өміріндегі зиянды, жексұрын қылықтарды әшкерелей отырып, халықты солардан жиренуге, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болды. Осы мақсатты іске асыруда әр алуан эстетикалық-адамгершілік қарым-қатынастарды тұспалдап, көкейге қонымды, түсінікті етіп жеткізу үшін ақын поэзия жанрын шебер әрі ұтымды пайдалана білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – А.: Мектеп, 1976. – 267 б.
- 2 Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. Өлең әңгімелер жинағы. – Қазан, 1907. – 26-б.
- 3 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. I-том. – А.: Ғылым, 1990. – 32-б.
- 4 Қалижан У. XIX–XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық ағым. – А.: 1999. –254 б.
- 5 Сейітжанов З. М.Ж. Көпеев // Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., 1988. – 353-358 б.б.
- 4 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. – Павлодар, 1999. – 93 б.
- 5 Сүтжанов С.Н. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар: НПФ «ЭКО», 2001. – 104 б.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

УАЛИХАНОВА Н. М.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының
магистрі, Дарынды ер балаларға арналған облыстық қазақ-түрік
лицей-интернаты, Павлодар қ.

МӘУЛЕНҚҰЛОВ Қ. А.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Дарынды ер балаларға арналған
облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты, Павлодар қ.

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ фольклорының жарияланымдарының ғылыми негізінің қалана бастағанын білеміз. Ұлы Отан соғысына дейінгі кезде қазақ эпосының жариялануы ғылыми негізде жүзеге асты. Басылым көрген жинақтардың біразы тілтану тұрғысынан; диалектологияға көңіл бөлу; этнографиялық түсініктеме беру мақсатында; әдебиеттануға т.б. арналып жүзеге асырылған. XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі басшыларының дұрыс саясаты қазақ фольклорын жариялауға өз әсерін тигізбей қоймады [1, 118 б.]. Бұл кездегі фольклорды жариялаудағы ерекшеліктер: біріншіден, фольклорлық үлгілердің әр жанры жеке кітап болып басылды, екіншіден, мәтін қазақ және орыс тіліндегі аудармамен берілді. Фольклорды жариялаудағы негізі мақсат қазақтың төл мәдениетін сақтап қалу және халықтың көзін ашып, сауаттандыру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында ат салысқан белгілі ғалымдар Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Потанин, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, С. Мұқанов, М. Әуезов, Я. Лютш, А. Васильев, Е. Алекторов, т.б. болды.

XIX ғасырдың аяғында жарияланған қаһармандық эпос, яғни қазақ эпосы – «Қисса» деген атпен жарияланды. Оған дәлел ретінде 1883-1888 жылдары шыққан «Қисса–Қарабек», «Қисса–Қамбар» атты жырларды атауға болады. Алпамыс батыр жөніндегі жыр алғаш рет 1899 жылы Қазан қаласында «Қисса–и Алфамыш» деген атпен Шайхисламов жариялаған [2, 248 б.]. Бұл жырдың негізі болып Әбдірайым Байтұрсынов, М. Сандыбаев, К. Серғазиев нұсқалары енген. Осы кезеңде эпостық нұсқалардың кімнен, қалай, неге байланысты жазылып алынғаны жөнінде мәлімет берілмеген.

1901 жылы «Торғай газетінде «Қобыланды» мен «Ер Сайын» жырлары басылады. И. А. Кастаньенің «Ертедегі қырғыз даласы және Орынбор өлкесі» деген кітабында «Қобыландының» жаңа бір варианты және «Ер Сайын» жырлары жарияланды. 1906 жылы Орынбор архивінің ғылыми комиссиясы жергілікті

ақын–жинаушылардан «Қобыланды» мен «Бозмұнай» жырларын жаздырып алып, архив фондысына тапсырған.

Ауыз әдебиетінің түрлі жанрларына арналған Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, П.Н. Потаниннің мақалалары жарық көрді. И. Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (1857), Ы. Алтынсариннің (1879) Орынбордан шыққан «Қырғыз хрестоматиясы», мұнда «Қобыланды» жырынан үзінді жарияланған [2, 249 б.].

Ә. Диваев Оңтүстік Қазақстанда тұратын қазақтардың арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Аханбеков Еркімбек деген адамның қолжазбасынан көшіріп алып орысшаға аударып, 1916 жылы Түркістан ведомостына «Алты жасар Алпамыс» деген атпен жариялаған. 1920 жылдарда Ә. Диваев: «Алпамыс» жырының Жиёмұрат Бекмұхамедовтың нұсқасын жазып алып, «Батырлар» жинағының ҮІ бөліміне қосады. Бұл нұсқа 1922 жылы Ташкент қаласында «Батырлар» деген атпен жинаққа енеді [2, 251 б.]. Бұл жинаққа 7 жыр енді: «Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Бекет батыр», «Қамбар батыр», «Шора батыр», «Мырза Едіге батыр». Қаһармандық эпос жанрының жеке жинақ болып бастырылуы фольклортану ғылымында үлкен жетістік, әрі жаңалық болды. Сондай-ақ Мәскеу қаласында 1923 жылы «Сайын батыр» кітабы және Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» атты кітабы басылып шықты.

1930 жылдары қаһармандық эпосты жинау және зерттеу жөнінде біраз талпыныстар болды. Оған дәлел ретінде 1932 жылы Қызылордадан шыққан «Қазақ әдебиеті» атты кітабын атауға болады. Мұнда қазақтың «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Қозы Көрпеш–Баян Сұлу», «Қыз Жібек» сияқты бір топ эпикалық жырларына сипаттама беріліп, мазмұны таныстырылып, талдау жасалған [2, 252 б.].

Қаһармандық эпосты жинап, жариялаумен қатар зерттеу жұмысымен алғаш айналысқан М.Әуезов болды. Ол жалпы ауыз әдебиеті, соның ішінде қазақ халқының батырлық жырларына арналған мақалалары «Таң», «Шолпан» журналдарында жариялана бастады. Атап айтқанда: Халқымыздың байырғы әдеби мұрасын пайдалану жөнінде «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласы «Шолпан» журналының 1922 жылғы № 2 санында жарияланды.

М. Әуезов «Ескі ел» әдебиеті жайындағы тұңғыш пікір айтушылардың бірі болды.

«Таң» журналының 1925 жылғы 1, 2 нөмірлерінде М. Әуезовтың «Қобыланды батыр» жөнінде зерттеу мақаласы жарық көрді.

Мұнда батырлар жырының шығу тегі, тарихи оқиғаның халықтың қиялына сәйкес суреттелуі, ерлік жағдайлардың баяндалуы жырдың көркемдік ерекшелігі, тілі жөнінде пікір айтты. Жалпы батырлар жырын жинау және оларды жариялаудың маңыздылығы сөз болады.

С. Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінде жазған алғы сөзінде эпикалық жырлар жөнінде алғаш ғылыми топшылаулар жасаған.

С. Мұқановтың «Батырлар жырының әдебиеттегі орны», Б. Кенжебаевтың «Қазақтың халық эпосы» атты мақалалары жариялана бастады [2, 253 б.].

1939 жылы Алматы қаласында С. Мұқановтың құрастыруымен «Батырлар жыры» жинағының 1 томы жарияланды. Бұл жинаққа «Едіге батыр», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырлары енді.

1940 жылы С. Мұқанов пен Х. Бекхожин құрастырған халық ауыз әдебиетінің хрестоматиясы баспадан шықты. Ал, 1944 жылы С. Мұқанов пен Қ. Бекхожин құрастырған «Қазақ әдебиеті» атты хрестоматия кириллица әрпінде жарыққа шықты. Мұнда қаһармандық эпостан «Ер Едіге», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қарасай-Қазы», ғашықтық эпостан «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек» үлгілері қамтылған [3, 8 б.].

1957 жылы қазақ батырлар жырлары «Қазақ эпосы» деген атпен жеті жинақ жарық көрді. Олар: «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр».

Қ. Жұмалиевтың «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты 1958 жылы шыққан көлемді зерттеу монографиясында батырлық жырлар, соның ішінде «Қобыланды» жырының алты нұсқасының өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары жан-жақты дәлелдеп берген. Мұнда «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы мен В. Радловтың Қырымнан жинаған нұсқасы негізінде зерттеу жүргізген. Бұл жыр алғашқы рет 1862 жылы Қазанда басылып шыққан болатын.

М. Ғабдуллиннің 1958 жылы жоғары дәрежелі оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқу құралы жарық көрді. Бұл еңбек толықтырылып, 1964, 1974 жылдары қайта басылып шықты. Мұнда қазақтың батырлық жырларына арнайы бөлім беріліп, онда автор Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын» сияқты эпикалық жырларға талдау жасаған.

Қазақтың батырлық жырының 1 томы 1958 (1961 1963) жылы жарық көрді. Бұл жинаққа көне дәуірден келе жатқан эпостық шығармалар енді. М. Ғұмаровамен бірге «Қыз Жібектің» (1963) ғылыми басылымы, «Қамбар батыр» (1959), «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» (1951) (Т. Сыдықовпен бірге) басылымдары жарық көрді. 1961 жылы «Батырлар» жырының екінші томы жарық көрді. Жинаққа: «Ер Қосай», «Қарабек», «Дотан», «Арқалық», «Төрехан», «Ақжүніс ұлы Ер Кеңес», Манашұлы Тұяқбай» атты жырлар енген [2, 254-255 б.].

Батырлар жырының екінші томында алғаш рет 1961 жылы «Арқалық батыр» жыры басылып шықты. 1958 жылы бұл жыр зайсандық Ержан Ахметовтен жазылып алынды. Оның репертуарында көптеген тума шығармалары да, жаттанды шығармалары да бар. Е. Ахметов бұл жырды ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Көпбай ақыннан үйренген. Баспа бетін көрген бұл нұсқадан басқа жырдың тағы үш нұсқасы бар екендігі белгілі болды. Көлемі жағынан шағын сол нұсқалар (оның біреуі 8 беттік аңыз-әңгімеден тұрады) Қазақ ССР Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының фондысында. «Арқалық батыр» жырының нұсқаларында Арқалық тарихи адам, оның ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басы шенінде өмір кешкендігі баса айтылады.

1964 жылы ІІІ томы жарық көрді. Соңғы үшінші томы сол аталған екі томның заңды жалғасы ретінде саналып, ертеректе еш жерде баспа бетінде шықпаған «Қарадөң батырдың ұрпақтары» деп аталатын циклдан «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Тегіс Көгіс», «Мама» жырлары мен оқушы жұрт бұрыннан білетін «Мұңлық-Зарлық», «Сейфульмәлік», «Құламерген, Жоямерген», «Құбығұл», «Құл мен қыз», «Айдос батыр» шығармалары осы кітаптан табылған [4, 298 б.].

Қазақтың қаһармандық эпосы 1986-1990 жылдар арасында да жарық көрді. Атап айтқанда, 1986 жылы «Батырлар жыры» деген атпен 1 том жарық көрсе, 1989 жылы «Көрұғлы» эпосының 7 нұсқасы 4-томда жарияланды, сол жылы Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» атты кітап 5-томда, 1990 жылы 3, 6-томдарда «Қырымның қырық батыры. Жеке батырлар» деген атпен жарияланды.

Қазақ фольклорының жариялану мәселесіне байланысты құнды еңбектердің бірі Н. Қ. Жүсіповтің «Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: ХХ ғасырдың бірінші жартысы» атты еңбегін атауға болады. Профессор Н. Қ. Жүсіпов бұл еңбекте фольклордың

жариялану кезеңдерін үшке бөліп қарастырған: 1) Кеңес өкіметі тұсындағы жариялаудың шарттары мен түрлері, 2) бұқаралық және педагогикалық мақсаттағы басылымдар, 3) ғылыми-көпшілік және ғылыми сипаттағы жарияланымдар [4, 176 б.]. Әр сипаттағы басылымдардың өзіндік ерекшеліктерін, жариялану мерзімін, осы бағытта елеулі еңбек еткен фольклорист-ғалымдардың еңбектерін, сол еңбектердің фольклортану ғылымы тарихындағы маңыздылығын, мақсатын ғылыми тұрғыда жинақтап, саралап, фольклортану ғылымының зерттелу деңгейін біршама толықтырып, өз үлесін қосты.

Еліміз өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін біршама еңбектер жарияланды. Атап айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 20 томдығы жарыққа шықты. Соның 2005 жылы шыққан 5 томында қазақ фольклорының үлгілері жарияланды. Оның ішінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан «Алтынбас пен Күмисаяқ», «Көрұғлы», «Сайын батыр», «Ер Көкше», «Шора батыр», «Кенесары», «Кенесары-Наурызбай» жырлары жарияланды. Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жариялау тәжірибесіне келетін болсақ, 1888 жылдан бастап шыққан алғашқы қазақ газеті «Дала уалаятында» ауыз әдебиеті үлгілерін қолжазба күйінде қалдырмай, баспа бетіне жариялаған. Бұдан ақынның тек жинаушы ғана емес, сонымен қатар жариялаушы, зерттеуші болғанына көз жеткіземіз. Н.Қ. Жүсіпов «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист» атты монографиясында осы газет бетінде жарияланған Мәшһүр Жүсіп материалдарын үш салаға бөліп қарастырған. Жалпы газетте ақынның 24 мұрасы басылған. Бірі – өзінің төл туындылары, екіншісі – ақынның өз тұсындағы қоғамда болып жатқан тарихи өзгерістерге деген өзіндік көзқарастары мен ой топшылаулары, үшіншісі – ел аузынан жинаған фольклор үлгілері [5, 105 б.].

М. Ж. Көпейұлының біршама мақалалары «Дала уалаяты» газетімен қоса, «Айқап» журналында да жарық көрген. Жалпы Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорын жинауы, олардың біразын «Дала уалаяты» газетінде жариялай отырып, қазақ тарихы, экономикасы, этнографиясы, географиясы, тіл тарихына т.б. деректерді мол келтіруі – осының бәрі қазақ мәдениеті, әдебиет тарихы үшін құнды деректер көзі, асыл қазына [5, 110 б.].

Бүгінгі таңда «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының «Әдебиеттану, фольклортану және өнертану» секциясының төрағасы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры С. Қасқабасовтың жетекшілігімен 100 томдық «Бабалар

сөзі» жарыққа шықты. Мақсаты – ұлт мұрасын ұрпаққа жеткізу. Соның ішінде бірталай томдары қаһармандық эпосқа, ғашықтық эпосқа, тарихи жырларға арналады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған эпостарға тоқталатын болсақ, 44-томға «Ер Тарғын» (Қазан басылымы, 1913), «Ер Тарғын» (Оспан Қисықұлы нұсқасы), «Тарғын батыр» жыры (Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасы), Ер Көкше» (В. В. Радлов нұсқасы. СПб., 1870), «Ер Қосай» (А. Хангелдин нұсқасы), «Сайын батыр» жырлары енген. 45-томға «Қисса-и Нәріктің ұғлы Шоа батыр» (Мұхамбетнәжіп Әлиакбарұлы нұсқасы), «Ертедегі Шора батыр» (Мұсабай жыршы нұсқасы), «Қисса Нәрікбай-Шора» (Майкөт – Ә. Сариев нұсқасы), «Ер Шора» (Молда Мұса нұсқасы) енген. Сондай-ақ 49-томға «Көрұғлы» жырларының нұсқалары – Ә. Жүргенбаев нұсқасы, «Көрұғлының қызылбас Қалдарханның баласы Райханмен соғысы» (Е. Есенжолов нұсқасы), Көрұғлы мен Безерген», «Көрұғлы» (Жамбыл нұсқасы), «Көрұғлы. Бозай туралы» (Ә. Жұмағазин нұсқасы), «Қисса Гауазхан» (Е. Құлсариев нұсқасы), «Түрікпен Раушанбек батыр Толыбайдың баласы қалмақ батыры Махраммен соғысы» (А. Хангелдин нұсқасы) жырлары енді. 53-томға ғашықтық эпос – «Көрпеш һәм Баян сұлу» (Шокан нұсқасы), «Қозы Көрпеш» (В. Радлов және М. Ж. Көпейұлы нұсқалары), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (Бейсенбай және Шөже нұсқалары), «Қозы Көрпеш – Баян қыз» (Г. Н. Потанин нұсқасы) және «Қисса-и Қозы Көрпеш» (Н. И. Ильминский) жырлары еніп отыр. Аталған жинақ эпостың түрлі нұсқаларынан басқа ғылыми қосымшалармен толықтырылған. Атап айтқанда, томға енген мәтіндерге түсініктеме, мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер, сөздік, жер-су атаулары, томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы және жинаушылар туралы мәліметтер берілген. Жинақта ұсынылып отырған эпостардың нұсқаларының көпшілігі бұрын-соңды жарияланбаған, зерттеу назарына ілінбегендіктен, бұл еңбек өз құндылығын арттыра түседі. «Бабалар сөзі» сериясының жариялануы қазақ халқының ауыз әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлесін қосып, кітапхана қорын байытты.

Қорытындылай келе, қазақ эпосының жариялануы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қарқынды түрде дамыды. Жариялаудың негізі мақсаты қазақтың төл мәдениетін сақтап қалу, ұлттық мұраны халыққа жеткізу және халықтың көзін ашып, сауаттандыру болды. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында ат салысқан белгілі ғалымдар Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Потанин, Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, С. Мұқанов,

М. Әуезов, Я. Лютш, А. Васильев, Е. Алекторов, т.б. болды. XIX ғасырдың соңындағы ерекше жетістік: жеке бір жырдың жеке кітап болуы, әр жанрға жеке арналуы. XX ғасырдың алғашқы жартысында ғылыми сипаттағы басылымдарды жариялаудың негізгі мақсаты – төл әдебиетке көпшіліктің назарын аудару. Сондай-ақ бұл кезде фольклордың жеке жанрларын зерттеудің негізі қаланды. 1930 жылдарда халық шығармаларын ғылыми жариялау негізі қалыптаса бастады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 20 томдығы да қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің жариялануына зор үлесін қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография.– Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 381 б.

2 Фольклор шындығы . Құраст. З. Сейітжанов. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.

3 Ғабдуллин М., Сыздықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры.– Алматы: Ғылым, 1972. – 338 б.

4 Жүсіпов Н. Қ. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы: филология мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2011. – 176 б.

5 Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. Монография. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2011. – 195 б.

ЯЗЫК И СТИЛЬ КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

ШАПАУОВ А. К.

к.филл., и.о. профессора, зав. кафедрой казахской филологии
Кокшетауский госуниверситет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау

В тюркской филологии последовательное изучение языка художественных произведений – дело последних столетия. Начиная с 20-годов XX столетия азербайджанские, узбекские, татарские языковеды опираясь на большой опыт западного, русского языковедения, приступили к изучению языковых и стилистических особенностей творчества виднейших представителей тюркской культурной наследии.

Л. Щерба считал, что «... достоинство того или иного литературного языка определяется многими факторами, среди которых им выделяются в особенности три аспекта: а) словарное богатство, которое измеряется наличием разнообразных средств выражения нужных понятий; б) богатство синонимии; в) богатство готовых возможностей выражать разнообразные оттенки мысли и чувства» [1,121].

Все эти возможности языка заложены не сразу, каждая из них является результатом долгого и многовекового развития и в свою очередь содержит богатый запас потенци для выражения новых мыслей и чувств. Знание стилистических возможностей родного языка предопределяет подлинное новаторство того или иного мастера слова. «Писатель – мастер обогащает палитру отработанного литературного языка, используя для этого народные формы речи, профессионализмы, неологизмы, оправданные и необходимые заимствования и многое другое. Что-то при этом, естественно чисто авторским изобретением и приобретением, а что-то становится сразу или может со временем стать общенародным. Язык умело и умно распоряжается своими и чужими богатствами», - пишет ученый Л. Скворцов [2,243].

Совершенствование литературного языка в целом является прямым следствием совершенствования средств выражения писательского замысла. Новые образы и типы, идеи находят в художественной литературе органичное воплощение в новых стилистических формах. Чем выше степень типизации, тем отточнее и ярче эти формы. В этом плане драматургическое произведение требует выбора и использования еще более отточенных и специфических форм, что, естественно, вытекает из самой природы комической типизации. Способы и средства создания комического эффекта разнообразны. Для достижения этой цели драматурги используют различные тематические группы слов, внелитературную лексику, особые синтаксические конструкции и разновидности прямой и косвенной речи; в его комедии основным и ведущим источником комических средств выступают элементы общенародной разговорной речи, семантическое переосмысление слов литературного языка, разного характера каламбуры, личное имена, псевдонимы и т.д. Все это разнообразие языковых средств в комедийных произведениях функционирует как единое целое, содействуя идейно-тематической и художественно-образительной целостности, органичности этих произведений.

Истинный мастер художественного слова, не довольствуясь сокровищами литературного языка, постоянно учится у того языка, который доступен широким массам и на котором создаются бесценные шедевры народного фольклора. Для создания нужного эффекта писатели-драматурги пользовались разнообразными лексико-стилистическими средствами, среди которых наиболее важными и активными являются: 1) общеупотребительные слова; 2) заимствования; 3) термины; 4) вульгаризмы.

Начиная с 1960 годов казахские языковеды, опираясь на большой опыт русского и зарубежного языкознания, приступили к изучению языковых и стилистических, художественных особенностей творчества виднейших представителей казахской литературы, таких, как Ы. Алтынсарин, А. Кунанбаев, С. Торайгырова, С. Кобеева, М. Ауезов, Б. Майлин, С. Муканов и др.

Путь основания казахской национальной драматургии очень сложен. Она появилась в начале XX века в качестве жанра, если сравнить с историей других стран, то казахская национальная драматургия в которой срок достиг мирового уровня. Литературоведы во время должны следить и оценивать эти проблемы и мы должны помнить о людях которые оказали огромное содействие в его развитие.

Сегодня драматургия представляет собой жанр, который развивается во все стороны. В результате специальных исследований и просмотров произведений наших прославленных драматургов было написано несколько ценных трудов. Первыми писателями казахской литературы были М. Ауезов, Ж. Аймаутов, Б. Майлин, С. Муканов, Г. Мусрепов, известно что их прозаические произведения в первое время получили свое заслуженное место в театральных сценах в виде инсценировок. Достоинно и успешно продолжали и развили эту традицию их последователи как, А.Нурпейсов, Т. Ахтанов, С. Жунусов, Д. Исабеков, О.Бокей и другие.

Процесс преобразования прозаического произведения в строгое драматургическое сочинения не легок. В результате ограничений авторских чувств, внутренних думы и мыслей героев, образа героя, природные изображение и других ограничений не делается сценическое произведение.

В процессе перехода эпоса к драме, точнее в инсценировке на первом месте должен стоять: драматический случай, драматический конфликт, драматический характер и драматический язык - это и есть главное требование жанра.

Существуют различные мнения о драматизме, например, ученый Р.Нургали говорит так: «Исследование проблемы драматизма в прозе - даст возможность сойтись разным жанрам друг с другом, открыть силу явлений обогащающих друг - друга и нынешнюю тенденцию искусства. Одним из требований которые ставятся в данный момент на литературу и на любой его жанр является – драматизм» [3,139], а исследователь Т. Есембеков заключает мысль о драматизме следующим образом : «Драматизм это - в большинстве из случаев рассогласование, несовпадение, противостояние, несовместимость каких-то начал, таким образом драматические ситуаций по своей природе неустойчивы, обладают колебальным характером, им присуще напряженность и непредсказуемость, эмоциональная вибрация, хаотичность выбора, состояние фрустрации» [4,14].

Мощь художественного произведения, особенные черты и глубина содержания оценивается мастерством языка. В драматических сочинениях у каждого героя бывает язык присущи лишь ему. И этот язык называется -языком характера.

Выдающийся ученый М. Ауезов выражает такую мысль: «Если пьеса не представляет из себя образец красноречия и не выражает мастерство художественного языка, то это сочинение не может быть художественным произведением, а только будет представлять из себя материал для пьесы. И этот труд будет представлять из себя только скелет и схему драмы. И этим он хочет сказать, что язык пьесы это владыка искусства, а в нем владыка художественного произведения» [5,75]. З. Кабдолов о языке: «...Самый важный, самый решающий, самый главный предмет в драме это язык. И сила, и слабость пьесы в его языке. Каждое слово в пьесе должно быть острым словно стрела, точным чтобы попадала точно в цель... Каждое слово, каждое предложение должно выражать только правду. Язык драмы должен быть содержательным и вместе с тем должен полностью определить характер героя, и его самого» [6,340]. Р. Нургали: «Язык драмы подчиняется интонации и ритму устной речи. Язык драмы, же думы, ошибки, победы и проигрыша героя» [5,74], К. Машхур-Жусупов говорит так: «Когда мы говорим об особенностях языка писателя, является элементом системы. Отдельное слово это только -сырьё, а слово должно развиваться вокруг того, как писатель его использует» [6,354].

Главным определяющим элементом взаимоотношений героев в драматических произведениях является – речь героя. Слова героя - способ создания образа в драматических сочинениях, вес

и природу сочинения. В казахской филологической науке есть исследовательские труды написанные относительно речи героев в прозаичных произведениях с литературной и языковой точки зрения. Не секрет и то что из-за определенного деления людей на литераторов и языковедов мы не можем продвинуться вперед. И хотя речь героя исследовалась специально все же оно нашло свое отражение в трудах ученых-литераторов исследовавших жанр драматургии. Их имена нам хорошо знакомы, это М. Ауезов, С. Ордалиев, А.Тажикаев, Н. Габдуллин, Р. Нургалиев и театральные, драматургические критики как К. Куандыков, К. Уалиев, С. Сыгаев.

Ученый М. Дуйсенов говорит так: «Мастера драматургий вложили буквально в каждое слово мощь мысли, и придавали огромное внимание на содержание, и его остроту. Доказательством этому могут служить пьесы: М. Ауезова, Г. Мусрепова и их последователей Т. Ахтанова, С. Жунусова, О. Бокеева. Исследователь Х. Каримов об этом сказал: «Основную часть драматического сочинения составляет – речь героя, и иногда (в одном произведении много, в одном мало) слова автора (ремарка). Но это – независимый способ второй степени (через ремарку в пьесе никто никогда не создает образ и не открывает внутренний мир героя). Главное требование любому герою любого произведения это – сочетание содержания его слов с его характером и психологией, а так же его слова должны соответствовать уровню его воспитания, жизненного опыта, окружающей среды, и конечно же все это должно иметь связь между собой и мочь в точь совпадать с происходящим процессом... по речи героя можно распознать его характер, то есть его самого [7,11].

Основным используемым предметом в драматическом произведении является – диалог. Одна из главных задач диалога в драматическом произведении состоит в создании человеческого образа (*продолжение следует ...*).

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Щерба Л. Современный русский литературный язык. –В кн.: Л.Щерба. Избр.работы по русскому языку.-М.: Учпедгиз, 1957
- 2 Скворцов Л. Теоретические основы культуры речи. Изд. «Наука», -М.,1980.
- 3 Нургалиев Р. Аркау. Двух томный исследований. Алматы: 1991
- 4 Есембеков Т. Казахская проза и драматизм. Моногр. Алматы: 1997
- 5 Ауезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы: Жазушы. 1962

- 6 Кабдолов З. Соз оңери. Алматы: Мектеп. – 1976
- 7 Нургалиев Р. Айдын. Казах драматургиясының жанрлық проблемалары. Алматы: Онер. – 1985
- 8 Машхур – Жусип Куандык. Казах лирикасындағы стиль және бейнелилік. Монография. Павлодар университети.– 1999;Дуйсенов М. Казах драматургиясының жанр, стиль маселелери. Алматы: Гылым. – 1977; Шапауов А. Казахская драматургия в 1960-90-х годов. –Монография. – «Спутник+». –Москва. –2012.

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

ШАПАУОВ А.
преподаватель, Мичуринская СШ, Павлодарский район,
Павлодарской области
ШАПАУОВ А.
профессор, Кокшетауский государственный университет имени
Ш. Уалиханова, г. Кокшетау

Культурное и духовное наследие народа, устное народное творчество, внутрижанровые черты письменной литературы стали основой раннего зарождения и формирования казахской драматургии. Получив основательные уроки школы мировой литературы, писатели по-новому развили богатые традиции на национальной почве. Драматичность этого вида жанра заключается в отражении противоречий, связанных с проблемными вопросами бытия. Сама жизнь состоит из противоречий: это – закон природы и общества.

Качество художественности, идейности драматического произведения связано с глубиной противоречий, заключается в искренности характеров. Эти две рядом идущие половинки целого являются важными частями драмы. Яснее ясно, что сам истинный характер проявляется в конфликте, построенном на сильном действии. Сформировавшаяся на благодатной национальной фольклорной почве, с учетом новых велений времени, она не должна остаться вне поля зрения исследователей. Сегодня казахская драматургия представляет особый жанр, который развивается всесторонне. В результате специальных исследований произведений ведущих драматургов было написано несколько ценных трудов.

Видные ученые, исследователи генезиса драмы и театра А. Шопенгауэр, О. Фрейденберг, Ф. Шеллинг, Ф. Ницше,

Б. Эйхенбаум связывали драматургию с обрядовой и мифопоэтической традицией народа.

Вопросы истории, теоретической и жанровые проблемы драматургии народов советского периода глубоко рассмотрены в трудах ученых А. Аникста, Н. Абалкина, А. Богуславского, В. Волькенштейна, В. Хализева, Юзовского, В. Фролова, Е. Горбуновой, Н. Киселева и других известных исследователей [1].

Огромный вклад в развитие казахской национальной науки и культурному наследию внесли А. Байтурсынов, А. Бокейханов, М. Ауезов, С. Садуакасов, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, Х. Досмухамедулы, С. Муканов, Е. Исмаилов, Х. Жумалиев, М. Каратаев, Б. Кенжебаев, А. Кобыртбаев и другие [2].

Истории и жанровые стороны казахской драматургии специально посвящены ряды монографических исследования С. Ордалиева, Е. Жакыпова, Р. Рустембековой, А. Тажибаева, Н. Габдулина, М. Дуйсенова, Р. Нургали, Т. Есембекова, Ж. Абилова, С. Даутовой [3].

В последнее время появились монографические работы в которых раскрывается проблемы современной драматургии, поэтика сценической литературы, творчество драматургов в исследованиях В.В. Хаусман (Латвия), С. Гончарова-Грабовская, М. Громовой (Россия), Б. Имамов, С. Камалидденов (Узбекистан), М. Сеидов, Н. Кулиев (Азербайджан), В. Терзибаян (Армения), Х. Миннегулов, А. Ахмадулин, Н. Ханзафарова (Татарстан), М. Гайнуллин, Т. Кильмухаметов, Р. Ахмадиев (Башкортостан), С. Кулбаракон, А. Шапауов, А. Ахтановой, Н. Насиевой (Казахстан), А. Билукиной, Г. Башарина (Якутия), В. Найдаков, С. Имixelова (Бурятия), П. Метина (Чувашия), А. Калзан (Тува), Н. Майнагашевой (Хакасия) [4] и другие.

Специальное целенаправленное исследование этой сферы с вовлечением в научный оборот началось в 50-х годах XX века. С этого времени начинаются защита соответствующих диссертаций: А. Маловичко «Историческая биографическая пьеса в казахской советской драматургии» (1951), С. Ордалиев «Послевоенная казахская советская драматургия» (1956), Н. Габдуллин «Драматургия Габита Мусрепова» (1963), Р. Рустембекова «Драматургия Беймбета Майлина» (1965), Р. Нургалиев «Трагедии Мухтара Ауезова» (1967), Х. Нурмаханов «Эмоционально-экспрессивная лексика драматических произведений М.О. Ауезова» (1969), Е. Жакупов «Героические эпические традиции в казахской драматургии» (1975), С. Исабекова

«М.О. Ауезов – переводчик русской советской драматургической классики» (1978), Т. Есембеков «Драматургия А. Абишева» (1986), С. Даутова «Проблема изображения исторической личности в драматургии М.Ауезова» (1990), А. Зекенова «Квантитативно-стилевой характер лексики языка драматических произведений М.О. Ауезова» (1992), М. Искаков «Казахская драматургия в литературной критике» (1992), С. Кулбаракон «Драматургия Тахауи Ахтанова» (1993), Ж. Кобыланов «Фольклорные основы современной каракалпакско-казахской драматургии» (1994), К. Бижанов «Казахский драматический фольклор» (1994), Ж. Абилов «Драматургия Калтая Мухамеджанова» (1995), А. Шапауов «Драматургия Сакена Жунусова» (2001), Н. Насиева «Характер и конфликт в драматических произведениях Сабита Муканова» (2002), М. Ахетов «Ораторские традиции в драматических произведениях Мухтара Ауезова» (2003), А. Ахтанова «Современная казахская детская драматургия» (2003), М. Абиляхакулы «Конфликт и характер в драматических произведениях Ильяса Джансугурова» (2003), Л. Сергазы «Трагедия М. Ауезова» (2004), Б. Султанова «Национальная драматургия в 20-х годах XX века» (2005), Л. Аупбаева «Первые казахские пьесы» (2006), Ж. Бектасовой «Конфликт и характер в драматургических произведениях Ш.Хусаинова» (2007) и были защищены следующие докторские диссертации, явившиеся большим вкладом в литературоведческую науку: А. Тажибаев «Рождение и становление казахской драматургии» (1970), Р. Нургалиев «Проблемы жанров в казахской советской драматургии» (1973 и 1983), Ж. Абилов «Генезис и жанровые основы казахской комедии» (2001), в 2006 году С. Даутовой «Художественная концепция исторической личности в казахской драматургии».

Духовно-культурное развитие народа, который вел оседло-кочевой образ жизни, способствовало постоянному совершенствованию устной литературы, и, видимо, по-своему закономерно, что мы нередко находим отдельные элементы драматического жанра в этих фольклорных образцах. Особенно много можно встретить примеры, отвечающие требованиям «трудного жанра» в таких видах, как айтыс, жар-жар и т.д.

Рукописные пьесы, написанные в разных регионах нашей необъятной страны, созданы в начале XX века, в 1910-1915 годы. И идя в ногу с развитием общества, с национальным искусством, они поднялись на определенную ступень совершенства. Известно, что эти пьесы распространялись в рукописном виде и в первое время не

раз ставились силами талантливой молодежи на развлекательных вечеринках, в кружках.

Авторы первых казахских драматических произведений – Ишангали Мендиханов, Бекмухамед Серкебаев, Кольбай Тогисов, А. Лиханов, Беймбет Майлин, Кошке Кеменгеров, С. Байгожаулы, А. Нахимжанов, Мажит Даулетбаев, Миржакип Дулатов, С. Абланов, О. Оспанов, Е. Утеулин, А. Токмагамбетов, Р. Малабаев.

Для казахского народа XX век был периодом поворота нашей нации к образованию, к наукам. В мусульманских школах и медресе наряду с религиозными предметами преподавались такие дисциплины, как математика, география, история, родной язык, а также иностранные языки. В типографиях городов Казань, Оренбург, Санкт-Петербург, Уфа, Троицк, Омске вышло немало книг на казахском языке.

Если первые рукописные пьесы ставились среди народа на тоях, крупных собраниях, торговых ярмарках, то из истории известно, что 13 января 1926 года в тогдашней столице республики, городе Кызылорда впервые на сцене государственного национального театра была поставлена пьеса Кошке Кеменгерова «Алтын сакина» («Золотой перстень») [5].

Заслуживают серьезного внимания высказанные мнения и написанные статьи национальных деятелей Смагула Садуакасова, Жусупбека Аймаутова, Султанбека Кожанова, Ахмета Байтурсунова, Мухтара Ауэзова, Динше Адилова и др. относительно жанра национальной драмы на казахской земле начала XX века, изобилия элементов драмы в богатой устной литературе, театральных постановок в степи. Так, М. Ауэзов говорил: «На примере других народов видно, что семена театрального искусства имелись уже в традициях и обычаях, играх и развлечениях, песнях и музыке, поэтических произведениях. Плодородная почва, благоприятные условия для рождения театрального искусства имелись в самой природе народа. Основу искусства закладывает сам народ. А создают крепкое здание, его прекрасный купол, опираясь на народ, деятели искусства.

И на самом деле, разве не создавали в свое время многие акыны своеобразный театр, когда, приехав по своей воле на той или поминки, устраивали песенные состязания, айтысы? Разве не театр песенный жанр жар-жар, исполняемый на свадьбе мужской и женской группами по отдельности? Жанры жар-жар и беташар ни в каком дополнении не нуждаются, чтобы перенести их на современную сцену. Точно так же любой из многочисленных айтысов можно превратить

Шағын мақаламызды белгілі ғалым, академик С. Қирабаевтың “Жапандағы жалғыз үй” романы жайындағы мына пікірімен қорытындылауды жөн санаймыз: “Сәкен Жүнісов романын бүгінгі заман түсінігі тұсынан қайта оқу қажет. Онда шаруаны жерден айырған, ескі дәстүрлердің шектеле бастауының трагедиясы ашылған. Бұл идеяны жазушы характерлар тарихы арқылы әдемі байқатады” [11, 113], – деп бүгінгі заман тұрғысынан әділ бағалаудың жолын ұсынады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғалиев Р. Айдын. Монография. Жазушы. – А.: – 1985.
- 2 Жүнісов С. Арман дегеніміз – мақсат// Көкшетау газеті. 1994.
- 3 Белинский Г. Шығармалар жинағы. – М.: –1973.
- 4 Сығаев Ә. Жарнама алдындағы сөз. – А.: – 1985.
- 5 Негимов С. Шешендік өнер. – А.: – 1997.
- 6 Шапауов Ә. Драмадағы дәстүр. С.Жүнісов – драматург. Монография. – Павлодар. 2004.
- 7 Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – А.: – 1982.
- 8 Жүнісов С. Арман дегеніміз – мақсат// Көкшетау газеті. – 1994.
- 9 Белинский Г. Шығармалар жинағы. – М.: – 1973.
- 10 Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – А.: – 1964.
- 11 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А.: – 1998.

Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫ – ДРАМАТУРГ

ШАПАУОВ Ә. Қ.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ.

Көшпелі-отырықшы өмірмен күн кешкен халықтың мәдени дамуы – ауыз әдебиеті үлгілерінің мол, озық жетілгендігі. Драма жанрының кейбір элементтерін осы фольклорлық дүниелерден тауып, дәлелдей алатынымыз да сондықтан. Әсіресе, айтыс, жар-жар т.б. түрлерінде «қиын жанрдың» талаптарына жауап бере алатын мысалдар көп.

XIX ғасырда қазақ топырағындағы ұлттық драма жанры табиғатына, бай ауыз әдебиеті жанрында драмалық элементтердің молынан кездесетініне, далалық театр қойылымдарына байланысты ұлт қайраткерлері Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Бекмұхамед Серкебаев, Мұхтар Әуезов, Дінше Әділов, Қошқе Кемеңгеров, Сәбит

Мұқанов, Шахмет Құсайынов және т.б. айтқан пікірлері мен жазған мақалаларының орны жоғары.

Еліміздің әр аймағында жазылған қолжазба пьесалар ХХ ғасырдың басында, 1910-1915 жылдар аралығында өмірге келді. Қоғам дамуымен бірге ілгері басып, ұлттық өнерімізбен қанаттаса отырып, белгілі бір дәрежеге көтерілді. Бұл пьесалар қолжазба түрінде таратылып, алғашқыда сауыққой өнерпаз жастардың күшімен ойын-сауық үйірме-кештерде бірнеше рет көрсетілгені бүгіндері анық.

Қолжазба түрінде ол пьесалар заман тынысын, дәуір жағдайын, көкейкесті мәселелерін, кезеңнің толғақты сырларын дер кезінде өткір қозғады. Алғашқы пьесалар авторлары қатарына — бөкейлік Ишанғали Меңдіханов, қызылжарлық Бекмұхамед Серкебаев, семейлік Көлбай Төгісов, алматылық А. Лихановтарды т.б. жатқызамыз.

Қазақ халқы үшін ХХ ғасыр — ұлтымыздың оқуға, білімге бет бұру заманы болды. Мұсылманша оқу орындары — мектептер мен медреселер діни сабақтар мен қатар есеп, жағрапия, тарих, ана тілі, шетел тілдері де қоса оқытылды. Қазан, Орынбор, Петербург, Уфа қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде біршама кітаптар шықты.

Қазақ халқының алғашқы қолжазба пьесалары халық арасында қойылып көрсетілсе, ал, қазақ мемлекеттік ұлттық театрының алғашқы шымылдығы сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында, 1926 жылдың 13 қаңтар күні Қошке Кемеңгеровтың «Алтын сақина» пьесасымен ашылғаны тарих парақтарынан белгілі.

М.Әуезов: «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын – сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер.

Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай не жасады? Онан соң ұзатылған қыздың тойында еркек пен әйел қак жарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойыны туғызатын театрдың өзі емес пе? Жар-жар мен беташар бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады. Бұл ескіліктердің тағы бір қасиеті – барлығы да арнаулы

әнмен ойналатын. Сондықтан жалғыз ғана драмалық театр емес, әнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды» [1,12], - десе, Рүстембеков Р. «...элементы драмы еше в бытовом жанре фольклора /жар-жар, беташар, бөдік, айтыс/...» [2,6], - деп, ал, Ә. Тәжібаев «... ауыз әдебиетіндегі ақындар мен шешендік сөздердің бай түрлеріне қарап отырсақ, ең тамаша классикалық драмалардағы диалогтармен таласатын сөз жарыстарының алуан түрлерін көреміз» [3,9] - дейді. Соңғы жылдары қазақтың драмалық фольклорын арнайы зерттеуші Қ.Бижанов [4] шағын айтыстарды драмалық жанрға жақындататын өзіндік бірнеше белгілерін атап көрсетеді.

Ал, арнайы ғылыми айналымға, нысанаға алынып зерттеу ісі – ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталады. Осы уақыттан бастап диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады.

ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақтың белгілі ғалымы, жазушы-драматург, тарихшы, сыншы, алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының қаламынан “Алтын сақина”, “Парашылар”, “Ескі оқу” пьесалары туды. Негізінен, Қ.Кемеңгерұлының қайраткерлігі, шығармашылығы, еңбектерінің жиналуы, жариялануы турасында қазақтың белгілі ғалымдары Р.Рүстембекованың [5], Д.Қамзабекұлының [6] еңбектерінің орны жоғары. Драматургиялық шеберлігі жайында Б.Сұлтанованың кандидаттық диссертациясында да арнайы сөз болады [7].

ХХ ғасыр басындағы алғашқы пьесалар “Байғұстардағы” Жамал, “Надандық құрбанындағы” Хадиша, “Алтын сақинадағы” Халима болып, “Малдыбайдағы” саран Малдыбай, дүниеқұмар Жәния мен Тәуірше болып, “Бақсыдағы” өз құлқы үшін елін алдап жүрген бақсы Жұрынтай қожа-молдалардың ісін әшкере ететін “Ескі оқудағы” молда болып, яғни, алғашқы қазақ пьесаларындағы мінездер өз жалғасын Қошкенің драмалық шығармаларында көрініс береді.

“Алтын сақина” – трагедия. Трагедия кейіпкері, әдетте, заманның теріс әдеттерімен күрес процесінде түрлі – түрлі қиыншылықтарды көреді. “Алтын сақинадағы” Халима да: “Үй берекесін қалай орнатуға болады? Сағынтайға арым таза екенімді қалай сендіремін?” деген сияқты толғаныстар үстінде жүріп, ақырында о дүниелік болады. Жәния мен Өріктің бірлесіп жасаған қорлықтары, Сағынтайдың сабауы, еңенің жала жабуы – осының бәріне көніп жүрген Халима еңенің “қолынан” құрбан болады. Үлкен қиянатқа ұшыраған Халима неден өлді? Мүмкін, қатігез еңенің көз

көрмес, құлақ естімес істеріне ақ жүрегі шыдамады ма? Әлде, сүйген жарының жала сөзге еріп әйеліне деген опасыздығына күйзелді ме? Болмаса, тендік үшін күресуге өзіне серік таппай, жалғыздықтан өлді ме?

Драматургия жанрын проза, поэзиядан бөлектеп тұратын басты элемент – тартыс. “Алтын сақинадағы” тартыс Жәния мен Халима арасында туындайды. Халима – ақ жүректі, адал болып суреттелсе, Жәния оған қарама – қарсы қойылып бейнеленеді, ол – арамдық пен қатігездік тоғысқан бейне. Жәния мен Халима арасындағы тартыс – ескі мен жаңаның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен жауыздықтың тартысы. Халима қазаға ұшырағаннан жауыздық жеңеді деген мағына емес, керісінше, сол адам күллі өмірін пида еткен арманның, мақсаттың, тілектің қаншалықты зор екендігін танытады. Жәния арқылы берілген ескілік әшкерелеп отырып, оқырманды қаза болған кейіпкердің тілегі үшін күресуге шақырады, алға ұмтылуға жігер рухын себеді.

Бір қарағанда бұл ене мен келін арасындағы бітпес дауды суреттейтін туынды іспетті. Оны ғалым Р. Рүстембекова да құптайды [8]. Шынында да, бұл туынды мазмұнында ене мен келін арасындағы дау жатыр. Бұл – тар шеңберде қарастырғанда солай болып көрінеді. Алайда пьесадағы кейіпкерлердің диалогтарына терең үңілсек, бұл мәселеден гөрі әйел тендігі, әйел бостандығы, әйелдің қоғам өмірінде алар орны сияқты күрделі де ауқымды мәселелер қозғалады.

Пьесадағы екі қазақ әйелінің – Бану мен Халиманың шағын ғана диалогынан шығарманың идеясы айқындалады. Тендік үшін күреспек түгілі өзінің тұрмысына риза болған, барлық әйелдердің басында болған жайт қой деп көніп жүрген Банудың: “Әйелдің қолынан не келеді дейсің?” деген сауалына өр Халима: “Жағаласып өл!” деп, оны күреске, тендік үшін күреске шақырады. Бұл – сол кездің барлық әйелдеріне арнала айтылған үндеу. “Әйелге қорлықты құдай жазып қойып па? Анау күні біздің үйге бір қазақтың оқығаны келгенде, сол қатынын әлпештеп – ақ отырды” [8,227] деп, әр сөзінде үгіттік үні байқалатын Халима өмір бойы тендікті аңсап өтті. “Қазақтың оқығаны” дей отыра, шебер драматург бұл тығырықтан шығар жалғыз ғана жол – оқу, білім – ғылым екенін байқатады. Сөйтіп, Халима образы арқылы өзіндік ой – пікірлерін, көзқарасын білдіреді.

Бір отбасы оқиғасын нысанаға алып, драмалық жағдайды, тартыс пен мінезді сомдай білу – әлем драматургиясында бұрыннан бар құбылыс. Осы әрекетті драмашы Қ. Кемелгерұлы “Алтын

сақина” пьесасы арқылы өзі өмір сүрген қоғамның тынысын бір отбасы мүшелері арқылы бейнелесе, қоғамның жағымсыз жайларын “Парашылар” комедиясында күлкіге айналдыра шешеді. “Парашылар” – небары бес – ақ кейіпкерден құралған бір перделі комедия. Комедия басында “сен кір, сен кір” деп, бір – бірін итермелеп тұрған Қоңырбай мен Момынбай деген ауыл адамдарын көреміз. Бұларға ақша жинап, жер мәселесін шешу үшін ауыл ұлыққа жібереді, сенім артады. Ал олар 200 сомды қалталарына салып алып, біраз болса да пайда түсіргілері келеді. Көп ақшаға кеңелеміз деп жүрген бұл екеуі абақтыға қамалады. Комедия Момынбайдың: “Енді ұлық алдына келсем, имнасыз өтейін” [9, 242] дегенімен аяқталады.

Комедияның әр элементі күлкі тудыруы шарт. “Парашылардың” басында – ақ Момынбайдың бөркін басынан аламын деп жерге түсіріп алуы, Максимнің айғайынан оянып ұшып кете жаздауы, Қарабек кірерде тағы да жығылып қалуы, одан шалбардың тарлығынан аяғын әрең басып кіруі – барлығы да комедияға тән күлкілі жайттар. Бұл әрекеттерге емес, екеуінің надандығына, аңқаулығына күлеміз. Күлу арқылы жиренеміз. Кейіпкерлер есімдерінің өзі көп нәрсені аңғартады. Момынбай – бірақ ол тіпті де момын емес, керісінше, өз қара басын құнттап жүрген алаяқтардың бірі. Қарабек – атына заты сай, барлық іс - әрекеті алдау мен арбауға жұмсалған оның ісі де, ниеті де қара.

“Ескі оқу” – екі жарым бет көлемінде ауыл молдаларын қатты сына алатын бір перделі комедия. Кейіпкерлер диалогын шебер пайдалана отырып, қазақ ауылындағы молдалардың барлық ісін көз алдымызға әкеледі. Молданың шыбықты ала жүгіріп ұрып – соғуы, ауыздарын ашқызып қойып тілдерін созғылауы, былапыт сөздерді айтуы – бәрі де арамза молданың надандығын көрсетеді. Осындай ерсі, оғаш қылықтары арқылы молдалық әшкереленеді. Пьесаның молданы қамшы астына алуымен аяқталуының өзінде авторлық мақсат бар. Ауыл жастарын арамза молдалардың көзін құртуға шақырады.

Драмалық шығармалардың қасиетін танытатын бірден – бір құрал – тіл. Академик Рымғали Нұрғали тілімен айтатын болсақ: «...тілі нашар пьесаға күн жоқ...» [10, 87].

“Алтын сақина” пьесасы – ХХ ғасыр басында дүниеге келген. Сол кездегі қазақ әдеби тілінде тұрақталған, нормаланған, сөздік қорда актив қолданған «шапан», «етік», «қамзол», «көйлек», «жаулық», «кебіс», «бөрік», «белбеу» сияқты киім-кешек атаулары кездеседі. Бүгінде бұл сөздердің көпшілігі көнерген немесе

аз қолданылатын сөздер қатарына жатқызылады. Драматург пьесаларында туыстық атауларын білідретін сөздер «нағашы апа», «шеше», «келін», «әне», «күйеу», «жезде», «жиен», «тоқал», «әке», «апа» жиі ұшырасады. «Ескі оқу» пьесасының тақырыбы ескіше оқу болғаннан кейін, мұнда құран аяттарынан шағын үзінділер келтіріледі [9, 243 - 244].

Көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынов “Әдебиеттануыңқышында” шығарманың тіліне тоқталады да, шығарманың сөзіне мынадай шарттар қояды:

- Сөз дұрыстығы;
- Тіл тазалығы;
- Тіл анықтығы;
- Тіл дәлдігі;
- Тіл көрнектілігі.

Сөз дұрыстығы дегенде, “әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс жұмсалыуы” деп түсінеміз, яғни, сөйлем ішінде сөздерді дұрыс көптеу, септеу, сөз тұлғаларын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақтарды дұрыс қолдану. Қошқе Кеменгерұлы драмаларында Ахмет атап өткен “Сөз дұрыстығы” шарты өте тамаша орындалған деп нық сеніммен айта аламыз. Тіл тазалығы дегенде, ана тілді шұбарламау мәселесі туралы айта келіп: “басқа тілден сөз тұтыну қажет болатын болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу” дейді. XVIII ғасырларда ислам дініне байланысты қазақ тіліне араб-парсы сөздері ене бастайды. Ол кірме сөздерді қазақтың тіліне әбден сіңіскен, жалпыға түсінікті болған, тіпті төл сөздер болып кеткен десек те болады. Қ. Кеменгерұлы драмаларында да мұндай араб-парсы сөздері мен сөз тіркестері көптеп кездеседі: садақа, құдайға шүкір, құдай сақтасын, аруақ, жалған, ұрмақ, сайтан, әзәзіл, күнә, тамұқ, көр азабы, қиямет, аят оқу, жұмалық, дұғалық оқу, тасбық тарту. Сонымен қоса “Алла” сөзімен қатар оның синонимі болып табылатын “Жасаған” сөзін де қолданады.

Қ. Кеменгерұлы драмаларында кірме сөздер ғана емес, варваризмдер де баршылық. Қарабекке: “Енді шықпасаң арстовайт еткіземін”, “Чепуха!” деп, Момынбай мен Қоңырбайға: “Спасибо”, “благорды нашандік! Нашандік, дабайт мая денге... дела не қарош... денге өзіме дабай” – деп әдейі айтқызады. Оған екі түрлі себеп бар: бірі – заманына орай қолданылуы. Ол кез қазақ даласын орыс империясының патшасы билеген уақыт еді. Сол себептен де пьеса кейіпкерлерін драматург орыс ұлығының алдында орысша сөйлетеді. Екінші себеп – орыс ұлықтарының алдында сөйлей алмаған

Момынбай мен Қоңырбай болып, өз ана тілімізден қашанға дейін безіп жүрмекпіз? Осы күймен алысқа бара аламыз ба? Болашағымыз қандай? деген авторлық идея.

Бұл сөздер дәл сол күйінде де, фонетикалық өзгерістерге ұшырап та жұмсалған: знеқемилер, нашандік, жанарал, закон, стол, скамейка, здрести, пенжег, коньяк, каталожке, оредник, пристоп, волостной, благорды нашандік, дабай денге, не қарош. Кейбір сөздердің орысшасы да, қазақшасы да еркін қолданысқа түскен: закон – заң, волостной – болыс. Орыс ұлтының өкілдері ретінде бейнеленген Максим, Ивандарды автор өз ана тілдерінде сөйлетеді: “Солнце, как сияние”, “Неужели”, “Ай да молодец”, “Веселие интересно”, “Что-то не ладно”.

Сол уақыттағы қоғамдық өзгерістерге байланысты, елдің саяси – экономикалық өміріне байланысты ұлық, солдат, закон, каталожке, оредник, пристоп, волостной сөздері қолданысқа енген.

“Парашылар” пьесасының тақырыбы парқорлық, мансапқорлық болғаннан кейін, шығарманың өн бойында сан, яғни, ақша мөлшерін білдіретін сөздер өте көп: 1 сом, 2 сом, 3 сом, 5 сом, 15 сом, 22 сом, 25 сом, 47 сом, 50 сом, 75 сом, 100 сом, 150 сом, 165 сом, 175 сом, 190 сом, 200 сом, 300 сом.

Сонымен қатар пьесаларының үшеуінде де фразеологиялық тіркестер көп қолданған: «Ауызды қу шөппен сұрту» бардың өзін жоқ етіп, тып-типыл ету мағынасында, қанын ішіне тарту – ызаланып, жарылып кте жаздау, кегі, қатты ызасы келді мағынасында, жанынан таспа алу - өлімші етіп сабау, азаптау мағынасында, кірпік қаққанша – лезде, жылдам мағынасында, жағасы жайлау, төбесі қыстау – мол өмір, уайым – қайғысыз тіршілік, еркіндік, көңілділік, жайбарақат күйде күн кешу мағынасында, аш құлақтан тыныш құлақ – ешкімге тиіспей, ешкім бізге тимей, өз жайымызға жүрелік деген мағынасында, жығылған үстіне жұдырық – сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынасында жұмсалған.

Фразеологиялық тіркестермен бірге мақал – мәтелдер де кездеседі. Мысалы, түс – түлкінің боғы, үндемей жүрген бәле болатын, сыныққа сылтау, ащы жараның аузын тырнау, қорқақты көп қуса, батыр болады, сөз сүйектен өтеді, қолда бардың қадірі жоқ.

Қошқе Кеменгерұлы өзінің драмалық шығармаларында өлең сөзді де енгізген. Көркем шығармада өлең жолдарының кездесуін профессор Серік Негимов былай деп түсіндіреді: “Қара сөзді ақ өлең үлгісіне салып, тақпақтатып, түйдектете, шешендікпен төгілту

– қаһарманның басына іс түскен сәтте, шын қысылған кезінде ағытылатын табиғи қалыпты жағдай”. Қошке Кеменгерұлы да өлең сөзді кейіпкерлердің жан дүниесін, мақсат – мүддесін, ішкі тебіренісін айқын көрсету үшін қолданған. “Алтын сақинаның” III- пердесінде келетін:

«Біз сорлыға атар таң болар ма екен,
Солған көңіл гүлденіп толар ма екен.
Малға сату жоғалып, күн ғып ұстау

Хайуандықты еркектер қояр ма екен», – деген қара өлең ұйқасымен 11 буынды болып жазылған өлеңде астарлау бар. «Солған көңіл гүлденіп толар ма екен» дейді, яғни, алдағы күнде теңдікке қолымыз жетер ме екен деген аңсау бар. Аталған перденің соңында 2 тармақты өлең енген:

«Қара түнде қайғылы қалғаным ба?
Ақ өлім мен риза алғаныңа! ».

Бұл жерде Халима басындағы күйін әсерлі етіп көрсету мақсатында «қара», «ақ» антонимдері алынған. I тармақтың әр сөзі «к» дыбысынан басталса, «Ескі оқуда» енгізілген өлеңнің әр тармағы «ж» дыбысынан басталады, яғни, ассимиляция:

«Жаз келер, ақпан, қаңтар қысаң етіп,
Жерден қар, көктен суық ызғар кетіп,
Жалаң бас, жалаң аяқ жас балалар,
Жүгірер ойдан қырға дүбірлетіп».

Молда алдынан «бюлім» алып жүрген шәкірттер аузынан да «Ағузы, ағам үйінің ақ өгізі», « Әсын, әпкел қара қойдың басын», «Мақанағалама, әлім келсін молдаға», «Қу уалла ақат, біздің молда арам қат» сияқты ұйқасты жолдар шығады.

Қ. Кеменгерұлы – қазақ елі үшін өзіндік орны бар дарын. Патша үкіметінің қысымына қарамай, XX ғасырдың қиын жылдарында шығармасы үкімет басындағыларға ұнамаса да, абзал жан ескі қазақ ауылындағы надандық, мансапқорлық, қазақ әйелінің басындағы қайғы – мұң сияқты мәселелерді көтере білді. Қолжазба пьесаларынан бастау алған драматургия жанры Қошке драмаларымен жаңа биіктерге көтерілді. Қошке есімі – ұлттық драматургиямыздан ғана емес, театр тарихынан да алар орны жоғары.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. –А.: 1985
- 2 Рустембекова Р. Драматургия Б.Майлина. Автореферет канд. дисс. –А.: 1965

3 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының тууы, қалыптасуы, дамуы. –А.: 1971

4 Бижанов Қ. Қазақтың драмалық фольклоры. Канд.дисс. авторефераты.-А. 1994

5 Рүстембекова Р. Қошке Кеменгерұлының драмалары //«Қазақ әдебиеті» газеті, 14 тамыз, 1992. Б.10.

6 Қамзабекұлы Д. Қошке Кеменгерұлы. Кіріспе сөз, қорытынды, түсініктеме. Кітапта: Қошке Кеменгерұлы. Қазақстан. –А.: 1996

7 Сұлтанова Б. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ драматургиясы. Канд.дисс.авторефераты.-А. 2005

8 Рүстембекова Р. Қошке Кеменгерұлының драмалары //«Қазақ әдебиеті» газеті, 14 тамыз, 1992. Б.10.

9 Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы (құрастырған: Д.Қамзабекұлы). «Қазақстан». – Алматы: –1996. Б. 296.

10 Нұрғалиев Р. Айдын. Монография. –Алматы. –1985.

11 Байтұрсынов А. Ақ жол (құрастырған: Р. Нұрғалиев). –Алматы: Жалын. – 1991.

12 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы. – 1969.

1970-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ КОМЕДИЯДАҒЫ УАҚЫТ ШЫНДЫҒЫ

ШАПАУОВ Ә.

III. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ.

Комедия – драма жанрының негізгі бір түрі. Комедиялық шығарма – қоғамдағы келеңсіз, адам өміріндегі кереғар, жағымсыз әрекеттерді көрсету, сынау үшін және келешек ұрпақты осы қылықтардан сабақ ала отырып сақтау үшін күлкілі, әрі адамзатқа салмақ салар жағы бар көркем шығарма. Комедияның бірнеше тәсілмен дамитыны белгілі [1]. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы шарт. Нағыз комедия кейіпкерлерінің тіліне күлесіз, киген киіміне, қимылына, сөйлеген сөзіне, жауабына күлесіз. Драмалық шығармалар негізінен: трагедиялық, драмалық, комедиялық болып іштей жіктелгенімен, олардың әр қайсысының бойынан бірінің табиғаты танылып жатады. Комедияға қоятын талапты драма, трагедияға қоятын талапты болмайды, оның жанрлық табиғатына сәйкес өзіндік ерекшелік, белгілері бар. Ал, драмада

трагедия, комедияның элементтері жүретін болса, керісінше шығармаға өң беріп, ажарлап тұрады.

Қазақ ұлттық драматургиясында комедия алғашқы кезеңде М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ж. Шаниннің күлкі жанрына арналған шығармаларында көрініс болды. А.Байтұрсынұлы: “Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт, яки әлектекті тартыс [трагедия], 2) сергелден, яки азапты тартыс [драма], 3) арамтер, яки әурешілік [комедия]. Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз қу тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сикыр мазмұнды тартыс сикырлы деп аталады...»,- деп сараласа, Ә.Тәжібаев докторлық диссертациясында [3,127] қазақ комедиясының алғашқы нұсқаларын, ауыз әдебиетімен байланысын атап өтсе, Р. Нұрғалиев докторлық диссертациясында [4,228] комедия жанрына арнайы тоқталып, сараптап: сатиралық комедия және лирикалық комедия деп ұлттық ерекшелік ыңғайына лайықтап, қорытындыға келеді, ал Ж.Әбілов кандидаттық [5,79], әрі докторлық диссертацияларында [6,229] комедиядағы ұлттық ой-сана проблемасы мен мәңгірттік проблемасының диалектикасын, халықтық түрін кенінен қарастырады.

Комедия жанрының шарттарына жауап бере алатын алғашқы қазақ комедиографтары: Б.Майлин, Ж.Шаниндер ертеректе ел арасына тараған әзілге, қулық, күлкіге бөленген әңгімелердің желісін алып, өндеп, жандандырып, тамаша сахналық туындылар тудыра білді. Ауыл арасында жүріп, кейіпкерлері де елмен қоян-қолтық араласа отырып, өз шығармаларын қойғанда, бұндай өнерді дала, қыр қазағы көре қоймағандықтан, әрі өздері таңның атысы, күннің батысы сауықшыл қазақ ауылдары жаппай тамашалап, демеп отырған. Ел өнерпаздары сол замандарда кәсіби театр жасады деп айтуға толық құқымыз бар.

Зерттеуші С.Наровчатова шартты түрде: “сатирические, лирические, иронические, сентиментальные, романтические” [7,248],- деп бөледі. В.Сахновский-Панкеев: “Комедия – счастливый жанр. Комедию любят все. Ведь ее непременный спутник – смех !” [8,224], десе, Н.Н.Киселев: “Комедия – это не просто пьеса, содержащая элементы смешного, это драматическое произведение, в котором комическое выступает доминирующим эстетическим качеством, когда и содержание конфликта, и способ его воплощения, и образы главных героев комичны [9,9],- деген нақты ой-пікірлер айтады.

Ұлтымыздың белгілі қаламгері, жазушы-драматург Б.Майлиннің алдында қазақ драматургиясы тарихында классикалық

деңгейде барлық жанрдың шарттарына жауап беретін сахналық өнердің болмағанына қарамай ірі дүниелерді мұраға қалдырды. Бейімбет Майлин – күлкінің шебері. Б.Майлин комедиялары бір әктілі және көп әктілі болып екіге бөлінеді. Комедия – Б. Майлин шығармашылығының басым бөлігі. Себебі, автор ғасыр басындағы тұрмысы төмен, қараңғылығы басым қазақ ауылдарындағы, елдің жаппай сауаттану кезіндегі күлкілі элементтердің негізінде болашақ шығармасына өмірлік басты желі ете алған. Әсіресе, қулығы басым молдасымақтардың айласы немесе “сауаттылықты жою” кезіндегі мұғалім алдына әйелдерін бергісі келмейтін ауылдың аңқау еркектерінің қылықтары, бозбала мен бойжеткендер арасындағы күлкілі эпизодтар т.б. іс-әрекеттерден тамаша сахналық туынды шығара білген.

XX ғасырда дәстүр жалғастығының көрінісі ретінде 1970-90 жылдар аралығындағы ұлттық драматургиямыздың белді комедияшылары қатарына Қ. Мұқамеджанов, С. Адамбеков, С. Жүнісов, М. Хасенов, т.б. жатқызуға болады.

Белгілі драмашы Сәкен Жүнісов – комедия жанрына үш драмалық туындысын арнаған. “Қысылғаннан қыз болдық” атты музыкалық комедиясының басталу жүйесі, үлгісі Б.Майлиннің “Ыбыраймыз, Ыбыраймын” (1928ж) атты диалогке құрылған шағын өлеңімен жүйелес, тіпті салыстыра қарасақ басқы жолдарына шейін сол үлгіге салған. Бұдан пьеса авторы С. Жүнісовтің қазақтың бір туар ұлы, ақын, драматургы, әңгіменің алдына жан салмас шебері Б. Майлиннің шығармашылық өнерін жалғастырғанын көреміз. Б. Майлин өлеңін “кеше”, “бүгін”- деп екі кезең, екі заман ағымына құрса, С.Жүнісов комедиясының авансценасындағы шағын прологын осы шақ формасына, “бүгін” атты заман ағымына келтірген. “Ыбыраймыз, Ыбыраймын”(1928) атты диалогке құрылған шағын өлеңінде Б.Майлин Ыбырай байдан заманындағы өктем дауысы, ісі мен совет заманы, конфискация тұсындағы өшіп бара жатқан кезеңін орынды суреттейді.

“Қысылғаннан қыз болдық” екі әктілі пьесада драматург ұстанымы бойынша ондағы көтерілетін мәселе екеу болуы шарт. 1) Бірыңғай күлкіге арналуы қажет болса, 2) Күлкі астарында әлеуметтік, адами мәселе, адамзат трагедиясын мысқылға, сатиралық образдарға теліп, сынауы шарт.

Негізгі мәселе – совхоздағы мәдениет, көркем өнерпаздар үйірмесінің хал-жағдайы. Авансценасындағы директор мен белгісіз адам арасындағы диалогында директордың. ”Тұрмысымыз ежелден

дұрыс-ау, өттен, мәдениетіміз нашар аталып бюрода бұйраланып тұрмыз-ау!” - дегенінен бар сырды аңғаруға болады. Комедиядағы оқиғаға қатынасушылар құрамы, яғни көркем өнерпаздар үйірмесінің штаттық құрамы да күлкі тудырады. Бірде-бір кейіпкерлерінің өнерге деген бейімі, ыңғайы жоқ. Тіпті көркемдік жетекшісі – Жұматтың негізгі мамандығы - мал дәрігері.

Оқиға бастамасы да күлкі тудыруға бейім түр. Мысалы:” перде сырғып ашыла бере совхоз өнерпаздарының шағын ән-күй ансамблінің құрамындағылар ән салып жатыр. Өнерлілер құрамы: Алтынбек – милиционер; Айгүл - оқытушы; Майра - басбух, декреттегі әйел; Сәния - аспазшы, декреттегі әйел. Ансамбльдің қос жағында екі коляскада - сәбилер ұйықтап жатыр. Әнге қосылып сәбилердің шыр -шыр еткен жыласы, оған ашуланған “с о в х о з директоры . Осындай жерге балаларыңды шулатып әкелуді қашан қоясыңдар ! Ертең астанада сендерді тындай ма, балаларыңды тындай ма?, - дегеніне декреттегі ә й е л д е р. Енді қайда тастаймыз бұларды? Декретімізді де дұрыс пайдаланған жоқпыз” дегендерінен, комедиялық негізгі тартыс - директор мен совхоз жұмысшыларының арасында. Совхоз милиционері Алтынбек пен мал дәрігері Жұматтың арасындағы диалогтері де күлкілі жағдай жасай алады. Мысалы: Ж ұ м а т. Балаларды жаман үйрететін аналары. Қыңқ етсе болды, қолақпандай шыныны көмекейлете бастайды, -десе, Алтынбек. Ер жеткенсоң бөтелкелерге бұлар үйір болмағанда, кім үйір болсын!

Драматург кейіпкер тіліне де зор мән берген. С ә н и я н ы татаршалатып: ”Ғадетләнбәсін дисәгіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт күтәрмәйміз ба ? Иари онда...”,-дегенін ұлттық өрнек жасайды.

Директор. «Бала көтеру үшін мән рұқсат сұрайтын шығарсыңдар, жаман қатты. Бұлардың бала тапқышына не берерсің...”,- деп, қалтасынан соска кигізген екі кішкентай шөлмек шығарып,- мә, аудандағы аптекадан зорға сұрап алдым,- деуі де еріксіз езу тартқызады. С. Жүнісов совхоз директорының бейнесіне терең комедиялық характер бітіріп, "ең арты балалардың еміздігіне”- дейін ойлайтынын (үйірмеден бөлек) тілге тиек етіп, күлкі тудыртып тұр.

Пьеса авторы бұл комедияда тек қана осы тақырып аясында ғана, күлкілі ситуацияларды ғана сөз етіп қана қоймай, қоғам, заман шындығын да қоса қабат беріп отырады. Мысалы: Сол кездегі елді жерде жұмыс жетпеушілік, кілең қартайған адамдар қалуы, туған ауылына жаны ашымайтын шенеуніктер т.б. қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді де тілге тиек етіп отырады.

Директор. Қай жасың бар ? Қазір жоғарғы оқу орнына түссе-ақ жастардың бірі орала ма елге ? Елде де шаруа, жұмыс, былайша айтқанда, ел тағдыры күтіп тұр-ау, ауыл азаматы емеспіз бе дейтін қайсың бар ? Бес жылғы оқу аздай, аспирантура, одан соң доктор-антура. Одан соң елге несіне келеді ?... Жалпаков деген агрономның баласын бес жыл совхоз күшімен оқыттық. Оқуын бітірген соң “климат жарамайды” деген справка алып, астанада қалыпты”. С.Жүнісов бір кездегі совхоз мүлкін, байлығын бас мамандардың бас пайдасына пайдаланушылық әрекеттердің бетпердесін де ашып береді.

«Өнер ұжымындағы» адамдардың барлығында бір ұран – совхоздағы мәдениет мәселесі. Комедия соңында бар қиындыққа шыдаған совхоз коллективі мәдениетте ірі табысқа қолдары жетеді. С.Жүнісов комедияның эпилогын Бейімбет Майлин өлеңінің үлгісімен, дамыта отырып аяқтайды.

Екі бөлімді “Кроссворд немесе әзіл маскарад” атты сатиралық комедия алғаш рет бойынша 1983 жылы Семей қаласындағы Абай атындағы музыкалы драма театрында режиссер Е. Обаевтың шеберлігімен жүзеге асты. Қарағанды драма театрында 1989 жылы, Павлодар қаласында Ж. Аймауытов атындағы музыкалы драма театрында 1994 жылдың қаңтар айында белгілі өнер қайраткері Е. Тәпеновтың режиссерлығымен сәтті жалғасын тапты. Ал М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылып, ертеңінде “Орталық Комитеттің” тарапынан нұсқау беріліп, театр репертуарынан алынып тасталды. Ол жөнінде белгілі театр, драматургия сыншы Ә.Сығабев: “Әуезов театры сахнасында небәрі бірақ рет көрсетілген “Кроссворд...” Орталық Комитеттің нұсқауымен суырмаға қалай сып бергенін білмей де қалды. Хайуандардан да бетер, мақұлықтан ары тұрған адам-азғындардың сұрқия сүлдесін Маймыл, Түлкі, Қасқырдың кейпінде маска арқылы күлкілі көрсететін драмашының асқан шеберлігі әлдекімдердің шамына тиді. Қайсыбіреулер сахнадан өздерін танып жатты. Кейбіреулер бір-біріне күдікпен қарай бастады” [10,78],- деп әділ бағасын берген. “Кроссворд...” пьесасы турасында баспасөз беттерінде ғалым, сыншылар қауымынан әртүрлі пікірлер болды [11].

Бірінші көрінісіндегі оқиға бір қалалық мекеме бөлімнің бастығы Орынбасар Амировичтің есігіне кіру үшін телміріп отырған қарапайым адамдар өкілідері. Бастықтың қоңырауы шылдыр еткенде секретарь әйел Зоя ішке еніп, жылдам қайта шығып сырттағыларға:” Махаббаттың алғашқы белгісі не ?” деп кіруге зарығып отырғандарға сауал тастайды. Іле-шала Зоя . ”Ал, кім тез табады (күліп), соны Орынбасар Амирович қабылдайды”,- дегенінен-ақ іштегі бастықтың

жұмыс уақытында ерігіп, кроссвордты ермек қылып, қарапайым халықты елемей отырғанынан қандай адам екенін сездірмеді. Бастықтың бұл қылығына шыдай алмаған жасы егде тарта бастаған Бақай. Бұны бізден неге сұрайды? Сонда моральдық жағымызды тексеру ме?« –дегеніне музыкант-педагог Мұрат. Жоқ аға. Бұл - кроссворд, сөз жұмбақ, кейбір адамдардың осындай хобби болады. Қайтесіз, білгендерімізді айта берейік», –деп кейістік білдіріп отыра береді. Екінші көріністегі оқиға -Орынбасар Амировичке масхана бастығы Хайдаров мұның шағып отырумен басталады. Өзі 34 жыл адал еңбек етіп келе жатса да шені әлі күнге дейін "капитан", ал өз тұстастарының алды "генерал", "полковник" болып жатқанын арасында тілге тиек етіп қояды. Осы көріністен іле-шала пьесадағы қақтығыс, тартыс өрбіп кете барады. Бұл – шығармадағы алғашқы тартыс, қақтығыстардың басы. Бастық бірге өскен тел құрбысы Хайдаровты біріншіден, мәдениетсіздің, есікті қағып кірмедің, екіншіден, өзінің биік қызметін бетіне басып, айқайламай сөйле, жұмысың болса тез айттың,- астына ала береді.

«Орынбасар. Ал естісең сол, сені майорлыққа қалалық милиция бөлімі биыл да ұсынған екен, мен биыл да сызып тастадым. Қарсымын!

Хайдаров. Қарсымын, неге?

Орынбасар. Званияңды көтеретіндей соңғы 15 жылда ерекше еңбегін жоқ.

Хайдаров. Оу, вытрезвительдің начальнигінде не еңбек болуы керек көзге түсерлік.? Немене мен гектарына 15 центнердің орнына 20 центнер астық оратын диканмын ба немесе бір сиырдан пәлен литр сүт сауып жоспарды асыра орындайтын сауыншымын ба?-деп екеуара талас-тартыс диалогы әр әңгіменің басын қозғап айтысып отырады. Яғни, Орынбасар: "Медвытрезвитель жоспар орындамайтынын, сендер сол алқаштармен ауыз жаласып, тіпті пара аласыңдар", –деп жапқан жаласына шыдай алмаған Хайдаров (жүрегін басып, қиналып). Сонда біз маскүнемдерден, бичтерден пара алмақпыз ба.? О-oh! Қисын жоқ қой, қисын...Сонда...менің... паракор...ұры...болғаным ба? Дәлел»

Еңбекқор Хайдаров ашуын «ішіне» бүге қойып, өзінің басты шаруасы – жана жылға құрдастарын қонаққа шақырып жатқанын, телефон арқылы өзіндей үлкен адамды шақыруға ұят санап, ауызба-ауыз айтуды жөн деп тапқанын айтып Орынбасарды көндіреді. Креслоға біржола үйреніп алған Орынбасар өзіне-өзі Хайдаров шығысымен. "Ұсталмаған ұры". Көрейік бүгін тұрмысыңды да,

қызметтегі қылмысыңды да. Шынында да осыларды тым еркінсітіп жібердік. Бүгін бір тексеріп көрейінші"- деп күпті көңіліне медеу тапқандай болып масайрайды.

Келесі көріністегі оқиғада – айықтырғыштағы тіршілік әрекеті жүріп жатады. Масхана медбибисі мен шомбал қара милиция қызметкері күнделікті, жаттанды рәсімдерін жасап, қабылдап жатыр. Хайдаров үйінен "тойып" шыққан жаңа жылды ерте қарсы алушылар «түнгі көбелектей» айықтырғышқа топырлап кезек-кезегімен түсе бастайды. Алғашқы болып Бақай-почтальон түседі.

Драматург ойының әдеттегіден тың шешімі – айықтырғышқа түсушілерге өмірдегі табиғатына сәйкес бір-бір «андық маска» кигізіп, арнайы салқын бөлмелерге қаматады. Драматург мақсаты - өмірдің бұралаң жолын, ішіп-жеу, халық үстінен күн көру, жағыну, өтірік қылымсу, арандату, басыну т.б. қаракеттердің бетін ашу, алдын алу. Пьесаның өміршеңдік негізгі мәні де осы. Айықтырғышқа келіп түскен "клиенттерге" табиғатына сәйкес бір-бір маска кигізеді: Бақай-"қоян", Симулянский-"түлкі", Ашот-"борсық", Бөрібай-"қасқыр", Фарид-"есек", Олег Николаевич-"мысық", Мұрат-"маймыл".

Жаңа жыл алдында "қызу жұмысты" бір тексеріп шықпақшы болған бастық Орынбасар Амировичтің де масханаға тап болуы - тосын, ерекше жағдай. Үстінде қызмет киімі болғанымен қалтасында еш құжаты жоқ, шомбал қара милиционерге өзін мойындата алмай (себебі, ешқашанда қызмет бабымен жұмыс орнын араламайтын, кабинетіне ешкімді қабылдамайтын тоң мойын) алдыңғылардың соңын алып, «арыстан» маскасына ие болып қатарға қосылады.

Драматург С.Жүнісов комедиялық шығармасының оқиғасын күлкілі, ащы мысқыл тартысқа құрып, жаңа жыл қарсаңында "маскарад" ұйымдастырып, көрерменінің, қалың қауымның жүрегіне жылы жол тауып, оқиға тартысын, персонаждар әрекеттерін қоюлатып, бүкпесіз шындықты, өмірдегі шын келбеттерін, сиықтарынан хабар бергізу үшін, "бет перделерін" жауып бір-біріне өз аттарынан сырларын айтқызатын тың амал ойлап тапқан.

С. Жүнісов кеңес заманында халық атынан ішіп-жеушілердің, әлеуметтік теңсіздік, қызметін жеке басына пайдаланушылардың шын портретін сескенбей сахналаған. Пьесаның бірінші бөлімі – кейіпкерлердің кезек-кезегімен маска киюлерімен аяқталады. Шығарманың экспозициясы да толық ашылады.

Екінші бөлімдегі оқиға айықтырғыш ішінде жалғасады. Оқиға тартысы да қыза түседі. Ақ төсектің үстінде жатқан «мастар». Аңдар

арасындағы басты әңгіме - "қоғамда кім жегіш", - деп даурығысып, бәрі "Орынбасар Амирович" деп бас салысады. Аңдардың біреулері қорғаса, біреулері керісінше жегіштігін дәлелдегенсіп, өздерінше айыптайды. Аңдар айтысы басталады да кетеді. Пьеса шындығы көзімен қарағанда, аңдар өмірдегі өздерін танымай, тіршіліктегі келеңсіздік атаулыны ортаға салады. Араларында тек қана қу түлкі Арыстан (Орынбасар) кіріп келгенде де жазбай танып, асты-үстіне түсіп "үлкен адам", байқап сөйлеңдер деп!,- жылмандай отырысады.«аңдар» өмірінен мысалдар келтірейік:

«Маймыл. Пой-пой ! Пой-пой ! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе ? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай !» А р ы с т а н. Айуаның не, ей ?

Маймыл. Айуан деген мына сен - Арыстан, сен - Қасқыр, сен - Түлкі, сен - Борсық. Ал, өттерің жарылып кетсе де ! ...

Арыстан. Ішкен екенсің, жұртқа ұрынбай жайыңа тұр, көргенсіз!,- деп қай жерде де Арыстанның кеуде көтермек пиғылы қалмайды.

Пьеса авторы әр «айуанның» ішкі жан дүниесінен де сыр оқытады. Мысалы, «Қоян» (Бақай) - қалалы жерде көп уақыттан бері адал еңбегімен почтальон, 14 баласымен 4 бөлмелі үйде тұратын ішкіш. Бір ғажабы қалалық үлкен мекеменің меңгерушісі Орынбасар Амировичпен көрші.

Басты кейіпкерлердің бірі «Мысықтың» (Олег Николаевич) өмірдегі негізгі қызметі – студент, болашақ журналист. Қаладағы қонақ үйлерде орын болмай (шынында олардың тілін таба алмай), түнеп шығар жер іздеп жүріп, ақыры амалы таусылып «масханаға» келеді. Басында шомбал қара милиционер өз аяғымен келген бейбаққа таң қалып "аузыңнан арақ исі шықпайды деп", оның "далада үсіп өлемін ғой, қонып шығайын", - дегеніне құлақ аспай қуып шығады. Түнгі қонақ көп ойланбай ішіп келіп "занды қонақ" болып рәсімімен қабылданады.

Келесі бір негізгі қаһарман «Маймыл» (Мұрат) – музыкант-педагог, үйленбеген, үйсіз-күйсіз, тұрмыстың ауыртпашылығы әбден езіп жіберген бейбақ жан. Айықтырғыш өзінің айтуынша тұрақты мекені, демалыс орны. Алғаш кіріп келгенде м а й м ы л (Мұрат). "Пой-пой ! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай ! " –деп барлығына бір-бір тиісіп өтуінде үлкен сыр бар. Тіпті мына эпизод езу жиғызбайды. "Айуандар" – деген сөзге намыстанып қалған Арыстанды (Орынбасар), Түлкіні (Симулянский) былай деп жақсы қатырады. М а й м ы л (Мұрат). "Биыл жазда курортқа келген бір профессор осында түсіп қалды.

Сол айтады: "Адамдарды «өлім» ғана теңейді деуші еді бұрынғылар, ал бұл кезде адамдарды «вытрезвитель» теңейді", – дейді. Так што, айғайлама, жолдас арыстан! Сен түгілі профессордың өзі де мына бізбен тең сөйлескен, әттең ондай кісілігі бар адамдар енді түсер деймісің !" – дегенінде ұлт, ұрпақ арына бататын сөз бар.

Маймыл (Мұрат) айықтырғышта күнде жататын үйі болғандықтан да оның үйреншікті орны, төсегі, аяғына қиетін тәпішкесіне дейін бар, сол үшін қасындағылармен сөзге келуінде де ащы мысқыл, ауыр ой, салмақ бар. Суреткер С.Жүнісов Мұрат бейнесі арқылы өмірдегі музыкант, педагогтардың көпшілігінің үйсіз-күйсіз, айлығы тамағына әрең жететін халдерін комедиялық шығармасына арқау етіп, кеңес үкіметі заманында құпия, бәрі жақсы делініп келген тұсында да ашық айтып, шындығын әшкерелеп береді.

«Арыстан» (Орынбасар) – айықтырғышқа ойламаған жерден келіп түседі. Орынбасар Амирович өмір тұрмысынан кабинетінде төрт қабырғаға қарап артта қалғанын бір түннің ішінде сезінеді, күйінеді, еріксіз қатты ойға шомады. Пьесаның әлеуметтік мәні де осында. Бастықтың тоң мойыны әбден сіресіп қалғаны сонша, жар бере қоймайды. "Ә" дегенде аңдар айтыс-тартыс диалогтарындағы негізгі әңгіме арқауы "қоғамда, өмірде, осы кім жегіш, ішкіш, пайдакүнем" дегенде, барлық аңдар бір ауыздан шу етіп "Орынбасар Амирович" деп даурығысады. Оған арыстан кейпіндегі Орынбасар өзінің табиғи қалпына түсіп кеткенін білмей шыр-пыр болады да қалады. Күлкілі, ащы күлкі, өмір шындығы осы!

Оқиға шарықтау шегіне жетіп, "маскалы аңдар" сырласуынан шындықтың беті ашылып, осы болып жатқан, кеткен ақауларға «кім кінәлі» деген заңды сауалға түспалмен, жобамен жауап алғандай болған сәтте айықтырғыш бастығы, капитан Хайдаров үйінде ұйықтап жатып, небір ауыр түс көріп, сандырақтап оянады. Күйеуінің жанайқайына ас үйден жүгіре басып келген әйелін көргенде одан бетер ыршып кетеді. Сөйтсе ұйқылы-ояу күйінде әйелі қолындағы нан жаятын оқтау – дубинка ұстаған милиционер болып көзіне елестейді. Жөніне енді келген капитан өз қонақтарының түгелдей айықтырғышқа түскені – тәтті түсіндегі қиялы екеніне қатты қуанып кетеді. Екі бөлімді сатиралық комедияның көтерген мәселесі – өмірдегі шындық. Қай заманда да айықтырғыштағы оқиға барысы осы сатиралық туындының төңірегінде. Шығарма авторы қоғамдағы келеңсіз, масыл, мемлекет мүлкін қорлайтындар мен қарапайым халық басындағы трагедиялық халдің бетпердесін ашып, көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Киселев Н. Проблема русской советской комедии. –Томск, –1974; Фролов. О советской комедии. –М.:1954; Андре В. Бесчеловечная комедия (О Бальзаке). –М.:1967; Судбы жанров драматургии. –М.:, 1957. В.Сахновский-Панкеев. О комедии. –М.:, 1964; В.Волькенштейн. Драматургия. –М.:,1969. Ю.Манн. Комедия Гоголя «Ревизор». – М.:, 1966; И.Л.Вишневская. Гоголь и его комедии. –М.:1976; Вишневская А. Комедия на орбите. –М.:,1979; А.Журавлева. А.Н.Островский – комедиограф. –М: –1981.

2 Байтұрсынов А. Ақ жол /Құраст. Р.Нұрғалиев/. –А.: –1991.

3 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы: Филол. ғыл. докторы ғыл.дәреж.алу үшін жазылған диссертация. –Алматы, –1970.

4 Нұрғалиев Р. Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары: Филол.ғыл. докторы ғылыми дәреж. Алу үшін жазылған диссертация. –Алматы. –1982.

5 Әбілов Ж. Қалтай Мұхамеджанов драматургиясы: Филол.ғыл. канд...дисс. –А., –1995.

6 Әбілов Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері. ф.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Алматы. –2001.

7 Наровчатов С. Необычное литературоведение. –М: Дет.лит. –1981.

8 Сахновский-Панкеев В. О комедии. –Л-М: Искусство –1964.

9 Киселев Н.Н. Проблемы русской советской комедий 20-30-х годов. Автореферат на соис.уч.степ.докт.филол.наук. – Москва. –1973

10 Сығаев Ә. Өмірдің өз шындығы //”Қазақ әдебиеті”, –Алматы, 4.02.1994.

11 Алпысов С. Айықтырғыштағы ағайындар //”Орталық Қазақстан” Қарағанды облыстық газеті, 19.01.1989; Сапаев Ф. Масханадағы маскарад //”Семей таңы” Семей қалалық газеті, 6.03,1998; Құрманғалиұлы М. Мыйтрезвитель//”Сарыарқа самалы” Павлодар облыстық газеті, №12198, –1994.

ДРАМАДАҒЫ КӨРКЕМДІК-ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІК

ШАПАУОВ Ә. Қ.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Драмалық туындыларда кейіпкерлердің ішкі-сыртқы қарым-қатынасын, мінезін дәл басып, айқындайтын элемент – кейіпкер сөзі. Кейіпкер сөзі – драмалық шығармаларда бейне жасау амалын, қаһарманның сөз саптау салмағын, табиғатын танытады. Қазақ филология ғылымында прозалық шығармалардағы кейіпкер сөзіне байланысты әдеби тілдік тұрғыдан қарастырылған зерттеу еңбектері бар. Көркем шығарманың табиғатын талдау барысында тілші немесе әдебиетші деп бөлініп келе жатқандығымыздан өрге баса алмай тұрғанымыз да шындық.

Драма тілі – көркем шығарма тілінің жоғарғы көркемдік сатысы, мінез табиғаты. Драматургтердің жеке шығармашылығы болсын немесе жалпы қазақтың драмалық туындыларының осы уақытқа дейін тілдік тұрғыдан қарастырылған зерттеу еңбектері саны санаулы. Атап айтқанда, 1969 жылы Х.Нұрмұхановтың “М.О.Әуезов драмалық шығармаларының эмоциональді-экспрессивті лексикасы”, 1992 жылы А.Зекенованың “М.О.Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантитативтік-стильдік сипаты”, 2009 жылы Айтбала Айтмұрзаеваның «С.Жүнісов драмалық шығармаларының тілі мен стилі» атты қорғалған кандидаттық диссертациялары бар. Осының өзі бүгінгі ғылымның қарыштап даму заманында “олқы” соғары шындық. Бұл жерде жеке драматургтердің шығармашылығына байланысты қорғалған ғылыми еңбектерде тек әдеби, көркемдік тұрғыда талданғаны белгілі.

М.Әуезов: “Не халықтық, не көркем әдебиеттік тіл қазынасының шеберлік, шешендік үлгісін пьеса танытпаса, ол шығарма көркем шығарма емес, пьесалық материал ғана. Ол – драманың өзін емес, қаңқасын ғана, схемасын ғана берген еңбек болады” [1],– деп, пьеса тілі – өнер атаулының, оның ішінде көркем шығарма тілінің төресі деп есептеп, жоғары бағалаған. З.Қабдолов: “...драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, сахнаға мықтап дарығандай мағыналы, түйінді болады. ... әр сөз, әр сөйлем шындықты ғана емес, сол мәнді болып келуге тиіс. Драма тілі тұжырымды, қысқа сөзді айтқан кейіпкердің мінезін аңғартуы керек;

әр адамның сөзі өзін танытуы керек” [2,340],– деп, Р.Нұрғалиев: “Классика тәжірибесіне үнілгенде, драма тілі дегеніміз негізінен ауыз екі сөйлеу тілінің интонациясына, ырғағына бағынады ғой. Драма тілі – кейіпкердің жұрт алдында ойлануы, қателесуі, жеңуі, жеңілуі ғой. Ендеше, жып-жылмамай, жылтыраған, жұтынып тұрған судыр сөз ешқашан пьеса тілі бола алмайды” [3,498],– десе, Қ.Мәшһүр-Жүсіп: “...қаламгердің тіл ерекшелігі дегенде, оның белгілі бір жүйенің элементі екеніне назар аудару керек. Жеке сөз шикізат қана, қаламгер оны қалай жұмсайды: мәселе осының төңірегінде өрбуге тиіс” [4,354],– деген пікірлері шығарма тілінің толық табиғатын танытады.

Мысалы, орыс филологиясы ғылымында драмалық шығарма тіліне, көркемдігіне байланысты жалпы және белгілі бір қаламгердің шығармашылығы мен еңбектерінің тілі зерттеу нысаны болып, қорғалған диссертациялар мен арнайы монографиялық жұмыстар қатары мол [5]. М.Горький драмалық шығармаларын монографиялық жоспарда зерттеуші Ю.Юзовский былай дейді: “Что касается драматургии, где что язык – то характер, что характер – то язык, нет почти ни одной пьесы, в которой Горький не затрагивал бы принципиально темы языка героев, типичности языка целых общественных групп, роли слова в образовании характера” [6,663].

Р.Нұрғалиев: “Тегі тілі нашар шығарма өрге баспаса, тілі нашар пьесаға күн жоқ...” [7, 87], – десе, М.Серғалиев:” ...поэзия тілі ұйқас, ырғақ заңдылығына бағындырылса, драматургиялық шығармаларда ауыз екі сөйлеу, сахнада сөйлеу тілі баса ескерілетіні түсінікті” [8, 10], – деп ой білдіреді.

Драмалық шығармалардағы кейіпкер сөзі арнайы зерттеу нысаны болмағанмен, драматургия жанрын жан-жақты зерттеуші әдебиетші-ғалымдардың, атап айтқанда: М.Әуезов, С.Ордалиев, Ә.Тәжібаев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев және театр, драматургия сыншылары Қ.Қуандықов, К.Уәлиев, Ә.Сығаев еңбектерінде сөз болды.

М.Дүйсенов: “Драматургия шеберлері кейіпкерлердің әрбір сөзіне ой салмағын салған, оның астарлы мағынасына, түспалдай айтып, нысанаға дөп тигізетін өткірлігіне айрықша мән беріп отырған. Мұны М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, олардың өкшесін басып келе жатқан орта, іні буындар Т.Ахтанов, С.Жүнісов, О.Бөкеев т.б. пьесаларының тілінен айқын көруге болады” немесе “ драмалық шығармалардағы әр кейіпкерлердің өзіне лайықты тілі болады. Мұны кейде характер тілі деп те атайды” [9,148], – дейді.

Х.Кәрімов: “Драмалық шығармалардағы бірден-бір басым сөз кестесі – кейіпкерлер сөзі де, ара-тұра (бір шығармада аздау, екіншісінде көбірек) автор сөзі (ремарка) де қолданылады. Бірақ ол – екінші дәрежедегі тәуелді тәсіл (пьесадағы ремарка арқылы ешкім ешқашан образ жасап, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашпаса керек). Кез-келген шығармадағы кез-келген кейіпкер тіліне қойылатын басты талап – кейіпкер сөзінің мазмұны мен түрі жағынан кейіпкердің мінезіне, психологиясына лайық мәдени дәрежесіне сыйымды, өмір тәжірибесіне, өскен ортасына, кәсібіне, оқиға болып жатқан жағдайға т.б. сайма-сай етіп беріледі, ... кейіпкердің сөзінен оның мінезін тануға мүмкіндік туады” [10,11-14], – дейді.

Белгілі қаламгер Сәкен Жүнісов драмалық шығармалары тілінің бейнелілігі, көркемдік, стильдік ерекшелігі турасында айтылған пікірлер аз. Мысалы: “Ажар мен ажал” драмасындағы орталық қаһарман “А ж а р д ы ң (Атанға). Бұдан табаны жалпақ он алты жыл бұрын айдалада қалған кемтар жетімдерді басынып, қорғансыз қызды масқаралап кеткендерің естерінде болар. Мен жала жауып, сендей еркекті даулап алуға келгем жоқ. Ұятсыз, арсыз еркектің құлы - қара бақыр. Ал мен, сенің қасыңа отыруға да жиренемін. Өттең, сол күні өлу қолымнан келмеді. Жазықсыз сәбидің көрешегі бар шығар. Енді тірі жетімді шырылдатып, көкпарға салған лактай созбайлауларың ғана қалды ма. Жетті қолжаулық қылуларың” [“Ажар мен ажал”],– деген мына ашынған тілінен Ажардың қандай кейіпкер екенін болжауға болады. Немесе “Қызым, саған айтам...” пьесасындағы Разия. Мен сендерді еш жазғыра алмаймын, жазықты өзім. Ойнақтап жүріп от бастым. Міне, мен сот алдында, бар жұртшылық алдында сен кінәлі атанбасын деп бәрін ақтардым. Кеш мені.” [“Қызым, саған айтам...”].

Автордың драмалық шығармаларында кейіпкерлерінің ұлттық колоритін сақтау үшін ой-өресі, білім-дәрежесі, ұлтына қарап (орыс, татар т.б) немесе әр кейіпкерлерінің ерекшелік белгісін айқындау үшін тіліне, дініне, табиғатына толық ене отырып, туындыларының көркемдігін, бейнелілігін арттырады. Драматург әр туындысын бейнелі, айшықты, оралымды, соны көркемдік өрнектермен құлпыртып отырады.

Мысалы: “Қысылғаннан қыз болдық” атты музыкалық-комедиясындағы ұлты татар С ә н и я н ы өз тілінде татаршалатып. Ғадетләнбәсін дисәгіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт кутәрмәйміз ба? Иари онда...”, “Ажар мен ажал” драмасындағы патша офицерінің. Я уж несколько раз слышу

из твоих уст о какой-то справедливости. Давай навсегда покончим разговор об этой ненужной вещи. Кстати, она не нужна для этой степи, для степных табунов, бичь – вот тебе справедливости! Понял?!” – дегендері ұлттық бояуда табиғи болып шығады.

Сонымен қатар жанды-жансыз қуыршақтарға арналған “Жығылып-сүрініп, өліп-өшіп” атты қалжың комедияда қала баласы, орыс тілді болып кеткен Моликтің аузына бірыңғай қазақ сөздерін бұрмалатып, акцентпен беріп отырады. Мысалы:

М о л и к. “Өзім таныңқырамайды, көзім таныңқырайды”,

“Сіз мен сүйеді айтыңыз”

Мүздай болса да,

Махаббат костеріне күйеді айтыңыз”,-

дегізіп, қазақ жастарының басында ұлттық намыстың жоқтығын, болашақта шұбар тілділер жаппай өріс алып кетуі мүмкін–ау деп ишарамен береді. Жалпы, кейіпкерлерінің аузына бірыңғай орысша акцентпен бергізе берушілік песаның көркемдік құнын жоятыны ақиқат.

Пьеса авторы орыс тіліндегі сөздерді қазақшалатып айтқызығанда көбіне комедиялық шығармаларының тілінде қолданады. Себебі, ондай сөздер (татар, орыс т.б.) комедияда күлкі тудыратын элементтерге көмекші қызмет етеді. Мысалы: “милитса”, “слышаис”, “нашандігін”, “бұғалтыр”, “описер” т.б.

Қазақ драматургтері пьесадағы кейіпкерлерінің есімін бұрып, басқа тілде алулары - негізінен комедиялық шығармаларға тән процесс. Мысалы, Т.Ахтановтың “Күшік күйеу” атты комедиясындағы Ботка, Тюренчик, Кубиктер және Д.Исабековтың “Әпке” драмасында кейіпкерлерінің есімдерін қысқартып алу кездеседі. Мысалы: Кәмила – Кама, Омар – Ом, Темірбек –Тим, Назила – Наз т.б. соның айғағы.

С.Жүнісов пьесаларында кейіпкерлерінің есімдерін орыс тіліне икемдеп, қысқартып айтқызуы сирек. Атап айтсақ: Молик, Едик, Ашот, Лис. Автор пьесаларының тілдік материалдарымен танысу барысында, автордың өзіндік ерекшелік белгісін көрсететін сөздерді жиі ұшыраттық. Мысалы: “жапандағы жалғыз үй”, “жапан түз”, “жапанда зар қақсап” т.б. осындай сөздер драматургтің шығармаларынан көрініс беріп, стильдік, көркемдік жағынан пьесалардың шоқтығын көтеріп тұр. Мысалы: “Жапандағы жалғыз үйде жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазак жоқ” [“Қос анар”], “Жиырма жылдан астам жапан түзде жалғыздық тауқыметін тарттым” [“Қос анар”], “Жапан түзде, жалғыз үйде

тұрып еді ғаріп кемпір, жетім қыз” [“Ажар мен ажал”], “...тірідей торға қамап қойған жетім торғайша күн ұзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын” [“Қызым, саған айтам...”], “Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды” [“Ажар мен ажал”], “...айбат шегіп, ырылдап, айдалада жападан жалғыз ұлып өтпесе...” [“Кеменгерлер мен көлеңкелер”], т.б. бірнеше мысалдарды келтіруге болады. Драматургтің сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөздің нәрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: “Д ү й с ен. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукен ғой қолайлысы” [“Ажар мен ажал”],- десе, Соқыр кемпір аузымен сөздің аянышты, эмоциональді-экспрессивті реңімен беріп отыратын кездері де бар.

С о қ ы р к е м п і р. Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін” [“Ажар мен ажал”].

Драмалық шығармалар тілінің эмоциональді-экспрессивті лексикасын арнайы зерттеуші Х.Нұрмұқанов: “...драмалық шығармаларда сөздер, сөз тіркесі мен сөйлемдер эмоциональді-экспрессивті не экспрессивті ыңғайда көп жұмсалады” [11,25], – дейді.

Драмалық шығарма диалогы турасында филология ғылымында зерттеуші-ғалымдардың пікірлері бір шама. М.Горкий: “Сочиния роман писатель пользуется двумя приемами: диалогом и описаниям. Драматург пользуется только диалогом. Он так сказать, работает голым словом...” [12,7], – дейді. Ғалым Б.Майтанов:” Драмада диалог тендесі жоқ қажеттіліктен туса, прозада оны түрлі авторлық баяндау тәсілдерімен алмастыруға болар еді. Драмадағы диалог адамдар ойы мен сезімінің мәңгі қозғалысы, өмір символы іспетті [13,244], – деп, Р.Рүстембекова: “Драматургияда негізгі құрал – диалогтың әсерлі, орынды, ықшам болуының зор маңызы бар екені белгілі. Әр кейіпкер сөзінен оның жеке өзіне тән ерекшелігі, мінезі пьесада көрініп тұруы шарт” [14,18], – дегендеріне Е.Жақыпов: ”Пьесаға қажетті компоненттердің ішінде ең бастыларының бірі ширыққан сюжет, шымыр композиция жасау. Бұл пьесаның құрылысы болса, іші - әрекет пен диалог [15,134], – деген пікірлерден драма диалогының тереңдігін, сан алуан қырынан танымыз.

Драмалық шығармадағы негізгі қолданылатын құрал – диалог. Драмалық шығармадағы диалогтың басты қызметтерінің бірі–адам бейнесін жасау болып табылады.

Суреткердің диалог құра білу өнерінің жоғары деңгейлігін аңғартады. Біріншіден, астарлы, қалжыны өткір, күлкі тудыратын

элементтерге толы болса, екіншіден, терең философиялы, қаһармандар қақтығысы, персонаждар мінез-құлқы, қарама-қарсы кейіпкерлер жауаптасуы кезіндегі диалогты көруге болады. Драмалық шығармалар тілінің эмоциональді-экспрессивті лексикасын арнайы зерттеуші Х.Нұрмұқанов: "...драмалық шығармаларда сөздер, сөз тіркесі мен сөйлемдер эмоциональді-экспрессивті не экспрессивті ыңғайда көп жұмсалады" [11,25], – дейді.

Суреткердің драмалық шығармалары тілінің бейнелілігі, көркемдік, стильдік ерекшелігі турасында айтылған пікірлер аз. Мысалы: “Ажар мен ажал” драмасындағы орталық қаһарман “А ж а р д ы ң (Атанға). ... Ұятсыз, арсыз еркектің құны – қара бакыр. Ал мен, сенің қасыңа отыруға да жиренемін. Өттең, сол күні өлу қолымнан келмеді. Жазықсыз сәбидің көрешегі бар шығар. Енді тірі жетімді шырылдатып, көкпарға салған лақтай созбайлауларың ғана қалды ма. Жетті қолжаулық қылуларың” [“Ажар мен ажал”],- деген мына ашынған тілінен Ажардың қандай кейіпкер екенін болжауға болады. Немесе “Қызым, саған айтам...” пьесасындағы Р а з и я. Мен сендерді еш жазғыра алмаймын, жазықты өзім. Ойнақтап жүріп от бастым. Міне, мен сот алдында, бар жұртшылық алдында сен кінәлі атанбасын деп бәрін ақтардым. Кеш мені.” [“Қызым, саған айтам...”], сол сияқты “Жаралы гүлдер” пьесасындағы Б а т т а л д ы н . Мен бе бөтен адам. Сонда менің шығып тұруым керек болды ғой. Вот тебе на! Менің кім екенімді білесің бе өзің? Ә, әлі танымайды екенсің ғой. Мен Батталмын. Комендантпын. Ісім сендермен болсын.” [“Жаралы гүлдер”],- дегендерінен кейіпкер табиғатын тануға тұрады.

Автордың драмалық шығармаларында кейіпкерлерінің ұлттық колоритін сақтау үшін ой-өресі, білім-дәрежесі, ұлтына қарап (орыс, татар т.б.) немесе әр кейіпкерлерінің ерекшелік белгісін айқындау үшін тіліне, дініне, табиғатына толық ең отырып, туындыларының көркемдігін, бейнелілігін артырады. Драматург әр туындысын бейнелі, айшықты, оралымды, соны көркемдік өрнектермен құлпыртып отырады. Мысалы: “Қысылғаннан қыз болдық” атты музыкалық-комедиясындағы ұлты татар С ә н и я н ы өз тілінде татаршалатып. Ғадетләнбәсін дисегіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт күтәрмәйміз ба? Иари онда...”, “Ажар мен ажал” драмасындағы патша офицерінің. Я уж несколько раз слышу из твоих уст о какой-то справедливости. Давай навсегда покончим разговор об этой ненужной вещи. Кстати, она не нужна для этой степи, для степных табунов, бичь – вот тебе справедливости! Понял?!” - дегендері ұлттық бояуда табиғи болып шығады.

Сонымен қатар жанды-жансыз қуыршақтарға арналған “Жығылып-сүрініп, өліп-өшіп” атты қалжың комедияда қала баласы, орыс тілді болып кеткен Моликтің аузына бірыңғай қазақ сөздерін бұрмалатып, акцентпен беріп отырады. Мысалы:

М о л и к. “Өзім таныңқырамайды, көзім таныңқырайды”, “Сіз мен сүйеді айтыңыз”. Мұздай болса да, Махаббат костеріне күйеді айтыңыз”, – дегізіп, кеңес дәуірінде өзге ұлттың ықпалында, намыстың жоқтығын, болашақта шұбар тілділер жаппай өріс алып кетуі мүмкін–ау деп ишарамен береді. Жалпы, кейіпкерлерінің аузына бірыңғай орысша акцентпен бергізе берушілік пьесаның көркемдік құнын жоятыны ақиқат.

Пьеса авторы орыс тіліндегі сөздерді қазақшалайтып айтқызғанда көбіне комедиялық шығармаларының тілінде қолданады. Себебі, ондай сөздер (татар, орыс т.б.) комедияда күлкі тудыратын элементтерге көмекші қызмет етеді. Мысалы: “милитса”, “слышаис”, “нашандігің”, “бұғалтыр”, “описер” т.б.

Қазақ драматургтері пьесадағы кейіпкерлерінің есімін бұрып, басқа тілде алулары - негізінен комедиялық шығармаларға тән процесс. Мысалы, Т.Ахтановтың “Күшік күйеу” атты комедиясындағы Ботка, Тюренчик, Кубиктер және Д.Исабековтың “Әпке” драмасында кейіпкерлерінің есімдерін қысқартып алу кездеседі. Мысалы: Кәмила – Кама, Омар – Ом, Темірбек –Тим, Назила – Наз т.б. соның айғағы.

С.Жүнісов пьесаларында кейіпкерлерінің есімдерін орыс тіліне икемдеп, қысқартып айтқызуы сирек. Атап айтсақ: Молик, Едик, Ашот, Лис. Автор пьесаларының тілдік материалдарымен танысу барысында, автордың өзіндік ерекшелік белгісін көрсететін сөздерді жиі ұшыраттық. Мысалы: “жапандағы жалғыз үй”, “жапан түз”, “жапанда зар қақсап” т.б. осындай сөздер драматургтің шығармаларынан көрініс беріп, стильдік, көркемдік жағынан пьесалардың шоқтығын көтеріп тұр. Мысалы. “Жапандағы жалғыз үйде жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазақ жоқ” [“Қос анар”], “Жиырма жылдан астам жапан түзде жалғыздық тауқыметін тарттым” [“Қос анар”], “Жапан түзде, жалғыз үйде тұрып еді ғаріп кемпір, жетім қыз” [“Ажар мен ажал”], “...тірідей торға қамап қойған жетім торғайша күн ұзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын” [“Қызым, саған айтам...”], “Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды” [“Ажар мен ажал”], “...айбат шегіп, ырылдап, айдалада жападан жалғыз ұлып өтпесе...” [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”], т.б. бірнеше мысалдарды келтіруге болады.

Драматургтің сөйлем құрау шеберлігі де ерекше сипатта, яғни сөздің нәрлі реңімен беріп отырады. Мысалы: “Д ү й с ен. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукен ғой қолайлысы” [“Ажар мен ажал”],- десе, Соқыр кемпір аузымен сөздің аянышты, эмоциональді-экспрессивті реңімен беріп отыратын кездері де бар.

С о қ ы р к е м п і р. Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін” [“Ажар мен ажал”].

Суреткердің диалог құра білу өнерінің жоғары деңгейлігін аңғартады. Біріншіден, астарлы, қалжыңы өткір, күлкі тудыратын элементтерге толы болса, екіншіден, терен философиялы, қаһармандар қақтығысы, персонаждар мінез-кұлқы, қарама-қарсы кейіпкерлер жауаптасуы кезіндегі диалогты көруге болады.

Жауаптасу кезінде кейіпкерлерінің әр сөздерінен адамның өмірін, бейнесін, әрекет сол кезең дәуірі толығымен елестейді. “Қос анар” пьеса-инсценировкасында Қарасай мен оның құдасы Мұқаттың арасындағы диалогтерден кейіпкер тілінің ерекшелігін көреміз. Қарасайды құдасы Мұқат сөзбен кемітсе, Қарасай Мұқатты “алаяқ, ку” деп табалайды...

Мысалды, біріншіден, к е к е с і н д и а л о г қ а келтіреміз:

“С ы ғ а н а қ. Сәбе, Сәке, анада газетте шыққан Әуезовтың пьесасын оқыдыңыз ба?

С ә б и т. Дос – бедел досты” ма? Оқыдым. Иә?

С ы ғ а н а қ. Жәй әшейін, пікіріңізді білейін дегенім ғой. С ә б и т. -Не, менен емтихан алайын деп пе едің?

С ы ғ а н а қ. -Жоға, академиктен жаман кандидат емтихан алушы ма еді? - Иә, басқаларды түсінесіз, ал Әуезовті әлі күнге дейін түсінбейсіз. Ол пьесасында сіздің бейнеңізді, академик Мұқановтың образын ондырмай беріпті” С ә б и т. Не дейді?! Қой, ондай ештеме сезілмеп еді ғой” [Кемеңгерлер мен көлеңкелер] немесе,

Екіншіден, а с т а р л ы д и а л о г көрінісі: Мысалы: ...

Үшіншіден, д ә р м е н с і з д и а л о г көрінісі:

Бұл диалог түрі-Мұхтар Әуезов пен кафедраның хатшысы Дәмелі арасында өрбиді. Мысалы: Д ә м е л і....Сізге енді...КазГУ-де лекция оқуға рұқсат жоқ...!

М ұ х т а р. Рұқса-ағ?! Пәлі, неге? Кім менің азаматтық хақыма қол сұғушы? Кім ол? Менің арым таза. Менің ұстаздық стажым да, ғылыми атағым да, білім деңгейім де лекция оқуға еш күмән келтірмейді.

Д ә м е л і. Сіз,...естіген жоқсыз ба? Кеше ... Е.Ысмайыловты, Қ.Жұмалиевті, Е.Бекмахановты қамауға алып кетіпті...» [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”].

Төртіншіден, ү й қ а с қ а құрылған диалог көрінісі:

М о л и к. Сіз олай мазақ етпеңіз, Сөз шетіне жетпеңіз,

Ж ұ м а ш. Оу, ол неғылған шет, неғылған мазақ?!

М о л и к. Әрине, ауыл қызын алу – Бізге, как говорится, азап .

Ж ұ м а ш. Қы – ыз?

М о л и к. Иә, қыз. Әрине, кемпір емес, бір қыз.

Бесіншіден, д и а л о г - т а р т ы с көрінісі:

А ж а р. Жұматай!

Ж ұ м а т а й. Дәл таныдың, Жұматаймын. Өзің өлтірген Атанның ұлы Жұматаймын. Иманынды айта бер!

А ж а р. Жоқ, иман айта келгем жоқ. Дәтім бар айтар”

Ж ұ м а т а й. Айт, тез! [“Ажар мен ажал”]

Қ а р а к ө з і л д і р і к т і. Сен әлі де қоймадың ба?

М ұ х т а р. - Ойлашы өзің...

Қ а р а к ө з і л д і р і к т і. - Мен түк те ойламаймын. Ойлауға тиісті емеспін.

М ұ х т а р. -Сен де өзіндік ақыл-ойы бар адам емесісің?

Қ а р а к ө з і л д і р і к т і. Мен - қызметкермін.

М ұ х т а р. -Егер қоғамдағы бар қызметкер осылай жұмыс атқарса, жетіскен екенбіз”. [“Кемеңгерлер мен көлеңкелер”]

Бұрынғы Жамбыл мен Кейінгі Жамбылдың диалогы – ескі мен жананың айтыс-тартысына құрылған. Бұл жерде классик ақын С.Торайғыровтың ”Айтыс: қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны” атты диалогқа құрылған дастанымен жүйелес екенін байқауға болады. Мысалы: Алтыншыдан, д и а л о г – ю м о р:

Монолог – кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашуда қызметі зор көркемдік құрал. Прозадағы монолог пен драмадағы монологтың айырмашылығы бары белгілі. Орыс филологиясының ғалымдары Г.Винокур монологтың 3 [үш] түрін [таза драмалық, эпикалық сипатты, лирикалық], ал, В.Виноградов 4 түрін [сендірмелі реңктегі, шешендік сөздің жұпыны формасындағы, лирикалық, драмалық, хабарлаушы сипаттағы] деп ажыратады.

Драмалық туындыдағы монолог – пьесаға қатысушы орталық қаһармандарының ішкі-сыртқы жағдайынан хабар бергізетін, кейіпкерлерді толғанту амалы. Сахнадағы монолог көпшілік алдында орындалады, бірақ жанындағы кейіпкер естімегендей жауап қатпайды. Кейіпкерлері өзді-өзімен толғанып күй кешеді.

Монолог - үлкен мағына беретін амалдардың бірі, кейіпкерді сөйлету тәсілі.

С. Жүнісов “Ажар мен ажал” инсценировка-пьесасындағы басты кейіпкерлері - дәрменсіз Соқыр кемпірдің, қайсар әйел Ажардың, ынжық Бөліштің және “Қызым, саған айтам...” драмасындағы әкелі-балалы Жәкудә мен Шарипаның ішкі-ойтолғақтарынан кейіпкерлерінің жан-дүниесін, табиғатын танытады. Мысалы: “С о қ ы р к е м пі р (зират басына келіп). О, боздақтарым, жатырсыңдар ма. Мен де келдім сендерге, қастарыңнан орын бер. Кінәлімін алдарыңда. Кешіріңдер. Кешу сұраймын, жапан түзде қалған мүсәпір екі жетімек едік. Қозымнан айырылдым. Сақтай алмадым. Кешіріңдер. Сорлы басым өзім едім шыға ғой деген. Кешіріңдер қайтейін. Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды. Енді сендермен мұңдасып, сендерге шағынбасам, зарымды тындар, қарманар ешкімім қалмады. Не деген ит жанды жансебіл едім сүйегімді сүйретіп тірі жүрген. Келдім өздеріңе. Тым құрмаса бір арада жатайық. Ал, тәңірім, ең соңғы тілегімді бере гөр, мен де жер жастанайын, бере гөр тілегімді” [“Ажар мен ажал”],-деп зарланғаны монологтың шешендік үлгісінде болып шыққан.

Б ө л і ш (жалғыз). Сен үшін. Не аяйын. Өттең қолым қысқа, қайтейін. Қырқа матап беретін малың болмаған соң, көрген күн осы. Менің жасымдағы байлардың екіден, үштен әйелдері, каншама үрім-бұтағы бар. Шірікін-ай, әрқайсысына ара қонып, шалжи-е-еп жатады-ау олар...(ойланып). Әй, бірақ қойшы, шын еміреніп сүймеген соң, несі қызық. Ажаржанның бір өзі ғой он әйелге бергісіз. Өттең, қолыма түссе, өле-өлгенше алақаныма салып, мөпелеп өтер ем-ау” [“Ажар мен ажал”].

Сәкен Жүнісов Ажар монологын ақ өлең үлгісімен де келтіруді мақсат еткенін көреміз. Мысалы: А ж а р. Қаны қара адам келіп, зұлымдықпен сәби тәнін жаралап, арына өшпес дақ салды. Кәрі емендей күні біткен ғазиз ана - қарт ана жауыздыққа шыдай алмай морт сынды. Тал шыбықтай майысқан қыз қайысса да сұмдықтан, кінәсіз жас нәрестені періштедей жебеді де өмірі, жеңді ажалды, тірі қалып он бесінде ана болды, қос түйіншек, қос анарға ақ бітіп, ақ сүтімен жетілдірді перзентін. Жетім жүрді, жесір жүрді, көлденеңге алабұртпай көңілі талай жылдар арқаға сап асырады перзентін” [“Ажар мен ажал”].

Ақ өлең – поэзиялық, прозалық, драмалық шығармалардың табиғатына тән құбылыс, түр. А.Ысмақова: “Ақ өлең – яғни, тармақтардың соңындағы сөздердің дыбыстық тұрғыда үйлеспей,

қабыспауы, ұйқастың белгісіз қалыпта [“ақ” күйінде қалуы] бұл өлең үлгісін “ақ өлең” атауға себеп болған. Әуелде драмалық, эпикалық жанрларда пайдаланылған ақ өлең, У.Шекспирдің, Дж.Мильтонның туындылары, кейіннен романтикалық эллегияның, лирикалық еркін өлеңнің өлшеміне айналады. А.С.Пушкин “Борис Годунов”, “Кішкентай трагедиялар” сынды драмалық шығармаларында ақ өлең формасын пайдаланды” [16,36], – дейді. Ғалым С.Негимов: “Қара сөзді ақ өлең үлгісіне салып, тақпақтатып, түйдектете, шешендікпен төгілту - қаһарманның басына іс түскен сәтте, шын қысылған кезінде ағытылатын табиғи қалыпты жағдай” [17,208], – деп айтқанына қосылу орынды. Себебі бұрынғы өткен замандарда би-шешендер ел басқару, дау айту, өнеге көрсету, т.б. қоғамдық істерінде қара сөзді қарша боратып, төгілтіп отырған.

Ө.Тәжібаев: “Драманың алдымен поэзия болуы қажет екенін өмір көрсетіп келеді. Антикалық классиктерден бастап Шекспир, Мольер, Гете, Шиллер, Пушкин, Грибоедов, Маяковскилерге дейін драмалық шығармалардың өлеңмен жазылу керектігін әбден растаған сияқты. Европалық классик драматургтердің ақ өлеңмен жазылған трагедиялары сияқты өзіміздің ұлттық-қазақ трагедияларын жазуымызға өлеңдік әдемі түрді тағы да халық поэзиясы берді” [18,47], – дегенінен де ақ өлеңнің драмалық шығармалардағы салмағы айқындала түседі. Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, С.Жүнісовтер өз бастарын ешқашан да ақынбыз деп атамағанмен прозалық шығармаларында, пьесаларында ақ өлең үлгісі, ырғағы, әуені, ұйқасқа құрылуы ерекше.

М.Әуезовтің “Айман-Шолпан”, “Бекет” туындылары, Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, Ақан сері -Ақтоқты” трагедиялары негізінен ақ өлең үлгісімен жазылған. С.Жүнісов пьесаларында ақ өлең формасына салу, ырғақ түзу, ұйқасқа құру, шешендікпен төгілту, тақпақтата жөнелту орнымен, қисынды жерінде кездесіп отырады. Мысалы: “...түйедей бақырып//, аруағын шақырып//, он екі терін төгіп//,..”, “қол ұстасқан// жүрек қосқан// білек қосқан.//” [“Қызым, саған айтам...”] т.б...жолдар келтіруге болады.

“Қызым, саған айтам...” драмасындағы басты бейнелердің бірі – сауыққой Құмардың шалқып-тасып, қыз-қырқындрға шығарған “Балтыр” атты сықақ өлеңі немесе жанды-жансыз қуыршақтарға арналған “Жығылып-сүрініп, өліп-өшіп” атты екі актілі қалжың комедиясы ақ өлең түрінде, поэзиялық тілге біткен деуге толық негіз бар. Осы жерде М.Дүйсенов: “Болмысында прозаик, драматург

ӘДЕБИЕТТЕР

жазушылар драматургияларында поэзияның қажеттігін жақсы таныды да, лирикалық сезімдерді шебер бере алады” [19, 25], – деп дұрыс шешім жасайды.

Қазақ драматургиясында М.Әуезов, Ф.Мүсірепов, Т.Ахтанов т.б. проза жанрынан бастап шығармашылықтарын ұштаса, С.Жүнісов те осы топтың соңын жалғастырушы. Прозашы-драматург пен акын-драматургтің айырмашылығы бары белгілі. Прозашы-драматургтің драма жанрындағы кейбір критерилерге ерте төселетіні, диалог-монолог құруға, оқиғасын тартысты, шиеленісті етіп драма жанрына сай келтіруге бір табан жақын болады .

Сәкен Жүнісовтың драмалық шығармаларында шешендік өнердің өрнектері орынды қолданыс тапқан. Ғалым С.Негимов: ”Шешендік өнер көркем әдебиеттің көсегесінің көгеруіне қызмет ететіні белгілі. Ағылшынның ұлы драматургі Шекспир трагедияларындағы антик дәуірдің қайраткерлері ежелгі риториканың өкілдері болып саналады” [20, 13-141-136], – дейді. Филолог ғалым М.Серғалиев: “Қайталамалардың қызметі әр түрлі болып келеді. Олар-қайталап сұрау, қарсылық білдіру, бір жағдайға көңіл бөлгізу, т.б. секілді қызмет атқарады. Ремаркадағы қайталама – кейіпкердің ішкі жан дүниесінің ерекше бір хабары түрінде болып келеді” [21,5], – деген пікірі орынды. Мысалы: С о қ ы р к е м п і р. О, жасаған, мынау тағы зарлады, зарла, зарла. Сен түзде зарла, мен үйде зарлайын. Аңырайық екеуіміз қосылып”,- дегені мысал бола алады. Тенеудің де сирек түрлері кездеседі. Мысалы: “Енді, міне, сабынның алқындысындай тозған адаммын”.

Суреткер драматургиясының көркемдік салмағын тереңдетіп тұратын басты қасиеттерінің бірі – тілінің поэзиялық қасиетінде. Кейіпкерлерінің психологиялық хал-күйіне сәтті үйлесім тауып, құлпыртып, өлең өлкесінде жүздіртеді. Мысалы: Қ ұ м а р. //Ақ боранда// қой орнында,// садақ мойын ақ Аққуым,// салып жүрсе ән гәкқуін,// түсер едім,// кетер едім //жалғыз соның соңында. // Сонда Аққу үлбіреген ақ төсімен аймалап,// қанатымен желбіреген құшақтап,// асылар ма ед темір төске,// мойныма//. Ақ боранда// талмай, шіркін//, шүберекке түйіп жанды//, о дариға//, аққуымның түсер едім соңына// ! Өліп кетсем//, мүрдем кетсем//, арманым жоқ ақ құсымның жолында// ! [“Қызым, саған айтам...”], – деп шалқып, тасиды.

Суреткер тілінің шеберлігін айтқанда драмалық және прозалық шығармаларының тілін ажыратып айтудың қажеті жоқ екені ақиқат. Тіл – драмалық шығарманың басты қасиетін танытатын құрал.

- 1 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. –А.: 1962.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. –А.: 1992.
- 3 Нұрғалиев Р. Айдын. –А.: 1985.
- 4 Мәшһүр-Жүсіпов Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. –П.-1999.
- 5 Лессинг Г. Гамбургская драматургия. –М.-Л.–1936; Горбунова Е. Идеи. Конфликты. Характеры. – Москва, 1960; Громова М. Русская драматургия XX века. –М.: 2006.
- 6 Бялик Б. М. Горький – драматург. – М.: 1977.
- 7 Нұрғалиев Р. Күретамыр. –А.: 1973.
- 8 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. –А.: 1995.
- 9 Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. –А.: 1977.
- 10 Кәрімов Х. Қанатты тіл – А.: 1994.
- 11 Нұрмұқанов Х. М.Әуезов драмалық шығармаларындағы экспрессивті-эмоциональді лексика. Канд.дисс. А.:1969.
- 12 Бялик Б. М.Горький – драматург. –М.: 1958.
- 13 Майтанов Б. Қазақ романының поэтикасы. А.: 1995.
- 14 Рүстембекова Р. Қазақ комедиясы. –А.: 1978.
- 15 Жақыпов Е. Дастаннан драмаға. –А.: 1979.
- 16 Исмақова А. Қазақ романының психологизмі. –А.: 2004.
- 17 Негимов С. Өлең өрімі. –А.: 1980.
- 18 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының тууы, қалыптасуы. –А.: 1971.
- 19 Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі. –А.: 1977.
- 20 Негимов С. Шешендік өнер. –А.: 1997.
- 21 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. –А.: 1995.

2 Секция. Ж. Аймауытов шығармаларының тілі және қазақ тіл білімінің мәселелері

2 Секция. Язык произведений Ж. Аймауытова и проблемы казахского языкознания

ӘДЕБИ МӘТІННІҢ АУДАРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.
ПМПИ, Павлодар қ.
ЕРҒАЛИЕВА С. Ж.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кез келген елдің тілдік ерекшелігін, дүниетанымы мен мәдени өмірін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігін екінші бір елге танытуда аударма зор қызмет атқарады. Ол екі елді өзара қарым-қатынасқа, байланысқа түсіріп қана қоймай, олардың рухани байлығынан мағлұмат береді. Аударма арқылы екі ел, халық, ұлт арасында тіларалық және мәдениетаралық қатынас қамтамасыз етіледі, олар бір-бірімен өзара сауда-саттық, әскери, саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми және т.б. қарым-қатынасқа түсе алады.

Қазіргі кезде тіл білімінде аударматану филологияның дербес саласы ретінде қарастырылуда. Осы бағытта көптеген ғалымдар қалам тартып, ғылыми зерттеу жүргізгені аян. Аударма өнерінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын қарастырғандарға орыс тілтанушылары А. С. Бархударов, В. Н. Комиссаров, Р. К. Миньяр-Белоручев, М. П. Алексеев, А. В. Федоров, Г. Гачечиладзе, И. А. Кашкин, О. Кундзич, А. В. Кунин, Ю. Д. Левин, П. М. Топер, Я. И. Рецкер, В. М. Россельс, В. Е. Шор, Г. Т. Хухуни, В. Н. Крупнов, А. Л. Пумпянский, А. Д. Швейцер т.б. жатқызуға болады.

Қазақстанда аударма мәселесіне байланысты ғылыми ой-пікір білдіргендерге С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ә. Ипмағамбетов, Қ. Қанафиева, А. Жовтис, Е. Ғабдиров, Ш. Сарыбаев, С. Нұрышев т.б. ғалымдарды жатқызамыз. Олардың ұсынған қағидалары бұл проблеманың ғылым ретінде қалыптасуына едәуір септігін тигізгені мәлім.

Бүгінгі күні аударманың анықтамасы нақтыланып, теориялық негізі біршама айқындалған. Лингвистикалық бағытта ғылыми айналымға қосылған анықтамалардың көпшілігі А. Ф. Федоровтың


ережесіне негізделген. Олардың бірқатары О.С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінен» орын алған: 1) «Аударма дегеніміз – басқа тілдік құралмен ауызша немесе жазбаша тіл мәтіндерінің берілуі»; 2) «Аударма дегеніміз – басқа тілдік құралдармен көрсетілген шығарма тілінде сақталатын ақпараттың берілуі»; 3) «Перевод – отыскание в другом языке таких средств выражения, которые обеспечивали бы передачу на него не только разнообразной информации, содержащейся в данном речевом произведении, но и наиболее полное соответствие нового текста первоначальному также и по форме (внутренней и внешней), что необходимо в случае художественного текста, а также при передаче на другом языке понятий, которые не получили в нем устойчивого выражения» [1, 316]. Яғни аударма дегеніміз – мазмұн мен стиль бірлігін сақтаған басқа тілдік құралдармен түпнұсқаның берілуі. Аудармада мазмұн мен стиль бірлігі басқа тілдік негіз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ол аударма тіліне тән жаңа бірлік болып табылады, сондай-ақ оның түпнұсқа ретінде оқылуы қажет және тарихи, мәдени ерекшелігі сақталуы тиіс.

Белгілі голланд тілшісі Э.М. Уленбек: «... тілді білу – дереккөз бен аударма тілін білу жеткіліксіз. Аудармашы сонымен қатар аударылатын тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де білу қажет», – деп тұжырым жасаған [2, 21]. Яғни реалийді дұрыс интерпретациялаудың қажетті жағдайы болып қарым-қатынас жасайтын аудармашыда немесе реципиентте экстралингвистикалық білімі болуы тиіс.

Екі немесе бірнеше саланың материалдық және рухани мәдениетін білдіретін тілдік бірлікті түпнұсқа мен аударма негізінде салыстыру – жеке адамның интеллектуалдық ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етеді, халықтың белгілі бір хронологиялық мерзімде саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени әсерінің деңгейін анықтауға септігін тигізеді. Сондай-ақ ең бастысы бір тілдің лексикалық-грамматикалық, фразеологиялық жүйесінің образдық құралдары, ауқымының қаншалықты екенін көрсетеді. «Паритетное сопоставление лингвокультурологических полей», – деп жазады В. Воробьев, – «облегчает знание национального своеобразия народов» и в то же время дает лингвистические основания для их оценки и способствует возникновению еще больших различий и более целесообразному обращению и уже имеющимися» [3, 211].

В. В. Алимов қызметтік және қатысымдық бағытты негізге ала отыра аударма жанрының үш түрін көрсетеді: көркем, қоғамдық-

саяси (жалпы) және арнайы. Сондай-ақ ғалым аударманың басқа да топтастырылуы бар екенін ескертеді: көркем және арнайы, көркем және ақпараттық, көркем және көркем емес т.б. [4].



1 сызба – Аударма түрлері

Аударма түрлерінің ішінде белді орын алатыны – көркем шығарманың аударылуы. Көркем аударудың нысаны – көркем шығарма. Көркем шығарма мәтіні экспрессивті, эмоциональды, эстетикалық ақпарат беретін құрал болғандықтан, оның оқырманға немесе тыңдарманға бейнелік-эмоциональды әсер етеді. Оқырманға бейнелік-эмоциялық ықпал етуі көркем шығарманың басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Ол эпитет пен метафоралардан бастап фразаның ырғақтық-синтаксистік құрылымына дейін көптеген тілдік құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Осыған орай көркем туындыны (романды, повесті, әңгімені не пьесаны) аударуда әр сөйлемді немесе сөзді тәржімалау автордың идеялық-көркемдік ойлауына, оның стильдік ерекшелігіне,

интонация мен баяндаудың толық және кейбір бөліктерінің ырғақ-сазына, кейіпкерлердің тілдік сипаттауына және т.б. байланысты болады. Мәтінді аударуда аудармашы шығарманың бейнелік-эмоциялық ықпалын, тілдік және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сақтай отыра, оны барынша түпнұсқаға жақындатуды көздейді.

Көркем әдебиетті аударуда аудармашы көп жағдайда түпнұсқаның прагматикалық әлеуетіне қатысты елеулі қиындықтармен кездеседі. Көбінесе мұндай мәтіндерде реципиентті белгілі бір мәдениетке не тарихи оқиғаға, аллюзия, арнайы тізімдеме атауларына және т.б. сілтейтін түрлі прецедентті есімдер, киім-кешек бөліктері мен тағам атаулары, зергерлік бұйым мен туыстық атаулар, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты сөздер ұшырасады. Тіл білімінде және аударма теориясында аталған лексикалық бірліктер эквивалентсіз лексика, лакуна не реалий түрғысында белгілі.

Реалийлер – басқа тілдерде сәйкес бірлігі жоқ, сол тілдің тұрмысында ғана кездесетін және сол тілге ғана тән ерекше сөздер мен тіркестер жиынтығы. Әдетте, бір халықтың реалий сөздері екінші халықта кездеспейді және өзге тілдік қалыпта қайталанбайды. Реалийлерге өзге этникалық топтарда кездеспейтін жеке ұлттық белгілерді, құбылыстарды, заттарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер жатады. Осы ұлттық ерекшеліктер аудармашыға қиындық келтіретін басты мәселелердің бірі болып табылады.

Ж. Абдуллаева реалийлерді аударудың бірнеше тәсілін көрсетеді. Олар: толықтай транслитерациялау, жартылай транслитерациялау, мағынасы жақын сөздермен ауыстыру, калькалау, сипаттау, түсіндіру арқылы аудару [5].

Зерттеуші реалийлерді жеткізуде транслитерациялау тәсілі сирек қолданылатынын, аудармашы көбінесе қоғамдық-саяси өмір мен жалқы есімдерді аударуда осы тәсілге жүгінетінін айтады. Ол: «Калькалау – сөзбе-сөз аудару арқылы жүзеге асады. Осы тәсілде реалий сөздің мағынасын барынша толық сақтап жеткізуге болады. Алайда мағынасын сақтау оның колоритін сақтауды білдірмейді, өйткені ол аударма тілінің құралдары арқылы беріледі.

Мағынасы жақын сөздермен ауыстыру тәсілі жиі қолданылады. Осы тәсілде реалийдің функционалды эквивалентін табу көзделеді.

Транслитерациялау арқылы жеткізу мүмкін емес реалийлер сипаттау, түсіндіру арқылы аударылады», – дейді [5]. Сондай-ақ ғалым еңбегінде көрсетілген тәсілдердің артықшылықтары

мен кемшілік тұстарын да айқындап, оның шешу жолдарын ұсынады: «... транслитерациялау тәсілін қолдануда шет тіліндегі сөздің колориті сақталады, бірақ кей кездері оқырманға жақсы таныс болмаған жағдайда түсініктеме беру қажеттігі туындайды. Мағынасы жақын сөздермен аударуда оқырманға түсіндіріп жатудың керегі жоқ, бірақ та транслитерациялауда, калькалауда шет тілін білмейтін оқырманға аударылатын сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасын дұрыс аша бермейтін жайттар кездеседі. Осы жағдайда сипаттау немесе түсіндіру арқылы аудару тәсілін қолданған жөн» [5].

Ғалым Л.К. Латышев баламасыз лексиканы жеткізудің келесі әдістерін ұсынады:

1) транслитерация – кірме сөзді еш грамматикалық немесе фонетикалық өзгеріске түсірмей қолданысқа енгізу. Ол дегеніміз шет тілінің сөздерін аударудан бас тартып, оны бастапқы қалпында қалтыру.

2) калька – баламасыз сөздердің немесе сөз тіркестерінің бөлшектері (морфемалар) аударылып отырған тілде толық алмастырылуы.

3) түсіндірмелі аударма – аударылып отырған сөздің мағынасын жан-жақты ашып сипаттау.

4) болжалды аударма – бастапқы тілдің лексикалық бірлігі үшін аударылып отырған тілдің сөздік қорында мағынасы ең жақын сәйкестікті іздеу [6]. Аталғандардың ішінде аудармашыға әрі қолайсыз, әрі үнемсіз болып саналатын түсіндірмелі және болжалды әдістер лакуналардың аудармасын жеткізуде жиі қолданысқа түседі.

Орыс тіл білімінде реалий сөздерді зерделеген С. И. Влахов пен С. П. Флорин «Непереводимое в переводе» еңбегінде сөздерді (этноаулар, реалий сөздер және т.б.) аударудың іштей жіктелген екі жолын көрсетеді: транскрипция және аударма. Ғалымдар аударманың өзін «неологизм, жуықтап аудару және контекстік аудару» деп іштей үш түрге жіктейді:

I Транскрипция

II Аударма (ауыстыру).

1 Неологизм:

а) калька,

б) жартылай калька,

в) игеру,

г) семантикалық неологизм.

2 Жуықтап аудару:

а) тектік-түрлік сәйкестік,

б) функциональдық үйлестік,

в) сипаттау, ұғындыру, түсіндіру.

3 Контекстік аудару [7, 93].

Транскрипция және аударма жайында А.А. Реформатский: «могут быть друг другу противопоставлены, так как они по-разному осуществляют формулу Гердера: «Надо сохранять своеобразие чужого языка и норму родного», а именно: 1) перевод стремится «чужое» максимально сделать «своим»; 2) транскрипция стремится сохранить «чужое» через средства «своего». Таким образом, в плане практическом перевод и транскрипция должны рассматриваться как антиподы» [8, 312], – деп оларды бір-біріне қарама-қарсы қоюды ұсынады.

Г. Д. Томахин «Реалий – американизмдер» атты еңбегінде өзге тілді реалийлерді берудің бірнеше жолдары барын атайды: 1) транслитерация (графема деңгейінде беру: Lincoln – Линкольн) және транскрипция (фонема деңгейінде беру: драг-стор, брейндрайн); 2) калькалау; 3) сипаттап немесе түсіндіріп аудару (coroner – зорлап не кенеттен қаза болған жағдайда тергеуді жүргізетін тергеуші); 4) жобалап (жуыктатып) аудару («үйлестік» мақсатымен: drugstore – дәріхана); 5) трансформациялық (контекстуальдық) аудару [9, 31].

Аудару мәселесімен айналысқан В.С. Виноградов та «Аударматуға кіріспе (жалпы және лексикалық мәселелері)» еңбегінде реалий сөздерді аударудың бес жолын көрсетеді: транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық (сипаттау, дескриптивтік, экспликативтік) аударма, калькалау [10].

а) Транскрипция (транслитерация). Мәтінде бірінші рет транскрипцияланған немесе транслитерацияланған сөздер кездескенде, негізінен, оған сілтеме жасалады немесе аударылған мәтінге түсіндірме енгізіледі. Алайда реалий болып табылатын кірме сөздерді транскрипциялаумен және транслитерациялаумен әуестену ұлттық колоритті сақтаудың орнына, кейде, керісінше, реципиенттің қажет емес экзотизмдермен басын қатырып, оны түсінге шектеу қояды.

б) Гипо-гиперонимиялық аударма. Бұл тәсілге тектік түсінікке сай келетін аударма тіліндегі сөз бен түрлік реалий сөздерді беретін түпнұсқа сөздің арасындағы эквиваленттік қатынастарды анықтау және, керісінше, тән болып табылады. Мысалы, нопаль (кактус түрі), кебрачо (ағаш түрі) не грапа (арақ түрі) сынды испан

сөздеріне аудармада олардың тектік тіларалық кактус, ағаш, арақ гиперонимдері сай келеді. Керісінше, түпнұсқа сөз тектік түсінікті, ал аудармада оған түрлік түсінік сай келетін «эквивалентсіз» лексикаға мысалдар сирек ұшырасады. Кейде аудармашылар берілген жолдарды түрлендіріп отырады. Алдымен реалий сөздерді транскрипциялайды, кейін ол түпнұсқада кездескенде гипероним ретінде аударады.

в) Үйлесім. Бұл жоғарыдағы аудару жолына жақын. Айырмашылығы – үйлесілген сөздер бағынған және бағынатын түсінік емес, тектік түсінік қатынасы бойынша бағындырылған түсінікті білдіретіндігінде. Мысалы, бомбачтар – шалбарлар, мачете – шапашот, боличе – кегли, ранчо – лашық. Тектік-түрлік сәйкестікке қарағанда мұндай тіларалық сәйкестіктің (толық емес эквиваленттер) түсінік ұқсастығы жоғары болып келеді.

г) Перифразалық (сипаттау, дескриптивтік, экспликативтік) аударма. Бұл жағдайда сәйкестік түпнұсқа сөз (немесе фразеологизм) бен мағынасы түсіндірілетін сөз тіркесінің аударылымы арасында көрінеді. Мысалы, альпаргат – материялық аяқ-киім, пучеро – сиырдың етінен жасалған тағам, сельве – тропикалық ағаш. Перифраза кейде транскрипциямен не транслитерациямен қатар қолданылады.

д) Калькалау. Көркем шығармада бұл тәсіл реалий сөздердің мағынасын, яғни жалпы қолданыстағы сөздердің белгілі бір ұлттық бірлігін беру үшін емес, аудармашы автормен бәсекелесе отыра түпнұсқадағы секілді окказионал сөздерді, яғни жеке авторлық жаңа сөздерді қайта жасауда қолданылады. Сондай-ақ калькалау мақал-мәтелдердің тек мағынасын ғана емес, сонымен қатар бейнелік-мазмұндық негізін сақтап аудару үшін де қолданады [10, 118-120].

Қазақ тілі реалийлерінің ағылшын тіліне аударылу мәселелерін қарастырған Н. М. Боргуль мен Т. В. Михайлова да өз мақалаларында осы бес бағыттың қайсысымен Б. Нұржекеевтің «Sinful love» (Күнәлі махаббат) романы аударылғанын анықтап, ондағы ұлттық ерекшеліктердің берілу жолдарын сипаттайды [11]. Олар реалийлерді қамтыған мәтіндерді аудармас бұрын аудармашы түпнұсқадағы реалий сөздердің қолданылу жайын ой елегінен өткізу қажеттігін, яғни контекстік мағынадан алатын орнын айқындап, автордың оны қалай бергендігін, семантикалық және коннотативтік мазмұнын реципиент санасына қандай құралдарды қолдану арқылы жеткізгендігін айқындау қажеттігін айтады.

Қысқасы, аудармада реалийді жеткізудің басты екі қиыншылығы бар: біріншісі – аударылатын тілде реалийді белгілейтін сәйкестіктің жоқ болуы; екіншісі – оның заттық мағынасымен қатар ұлттық және тарихи мәнін білдіретін колоритті беру қажеттілігі. Ал оның дұрыс әрі саналы аударылуы, әрине, аудармашының еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: КомКнига, 2005. – 576 с.
- 2 Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М.: Просвещение, 1967. – 542 с.
- 3 Воробьева В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М., 1986. – 276 с.
- 4 Алимов В.В. Теория перевода. Перевод в сфере профессиональной коммуникации: Учебное пособие. Изд. 4-е, испр. – М.: КомКнига, 2006. – 160 с.
- 5 Абдуллаева Ж. Көркем мәтіндегі ұлттық колоритті жеткізу мәселесі // «Ақиқат» журналы, 2012. – №12. – Б. 123-127
- 6 Латышев Л.К. Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания. – М.: Просвещение, 1988. – 198 с.
- 7 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М.: Международные отношения, 1980. – 342 с.
- 8 Реформатский А.А. Перевод или транскрипция? // Реформатский А.А. – Сб. Восточно-славянская ономастика. – М., 1972. – С.311-333.
- 9 Томахин Г.Д. Реалии – американизмы. Пособие по страноведению: Учеб. пособие для ин-тов и фак. иностр. яз. – М.: Высш. шк., 1988. – 239 с.
- 10 Виноградов В.С. Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы). – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
- 11 Боргуль Н.М., Михайлова Т.В. Особенности передачи национальных реалий казахского языка на английский язык // Вестник Кокшетауский государственного университета имени Ш.Уалиханова. Серия филологическая. – №4. – Кокшетау, 2013. – С. 49-54

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ПЕН МҰХАММЕДӘМЕН МӘШҺҮР-ЖҮСІП

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ., Павлодар қ.

ЕРЛАНОВА А. Е.

ф.ғ.д., профессор, магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Деректерде Әмен, Әмин, Әмін, Мұхамед-Әмин деп жазылып жүр. Азан шақырып қойған аты – Мұхаммедәмен екен. Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы. Кешкілік Мәшекең ортаншы баласы Мұхаммед-Әминді жанына алдырып (балалары әкесі өзі шақырмаса үстіне бас сұғып кірмеген) ұзақ қара әңгіме айтқызады. «Гүлшат-Шеризат» қиссасын жатқа айтқызып, қожаларды тәнті етеді дейді естелігінде С. Ш. Көпеев.

Мәшһүр-Жүсіптен үш бала болып еді. Бір бала – әкеден өте туады. Бір бала бар – әкеге жете туады. Бір бала бар көтінен кейін кете туады. Мәшһүр-Жүсіптің өзінен өте туғаны – Мұхаммедәмен, отыз үш жасында Ташкент шаһарында дұшпанның пышағынан қаза тапты. «Ақ жол» газетінде екі мың қағазға үш рет аты жазылады [М-Ж, 13 т. –Б. 143].

Бұл сөз Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы Жүсіпов Мұхаммедәмен (Әменнің) қазасына арналған. Мұхаммедәмен Ғани Мұратбаевтің досы, Ташкентте 1921 жылы 18 июньде 14 интернатта мұғалім болып жүргенде, 33 жасында дұшпандардың қолынан қаза тапқан.

Сәл шегініс жасасақ. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс М-Ж. Көпеевтің өміріне де елеулі ізін қалдырды. Қазақ халқының тағдыры, Баян елінің жай-күйі М-Ж. Көпеевті бей-жай қалдыра алмады. 19 бен 31 жастағы қазақтың жігіттері әскерге алынып, қағазға ілініп жатқаны ақынның жүрегін ауыртты. Бұл кездегі дүрбеленді ақынның аталас туысы, Күліктен тарайтын Жүсіпбек Аймауытов «Қартқожа» романында өте жақсы сипаттап жазғанын жоғарыдағы мақалада айттық. Сол романның бір кейіпкері Мәшһүр-Жүсіп ортаншы ұлы Мұхаммедәмен екендігін тағыда айтсақ артық етпес. 1916 жылғы көтерілістің басы-қасында болған, ұйымдастырушылардың бірі – 28 жастағы ақын, сері, өжет Мұхаммедәмін (Мұхаммедәмен-А.Қ.) еді. М-Ж. Көпеевтің ортаншы ұлы Мұхаммедәменнің қазақ әдебиетіндегі айшықты орны әлі толық анықталмады. Профессор Қуандық Пазылұлы «1916 жылы солдатқа алынғанда (Әменді айтып отыр – автор) Мәшекеңнің өділдігі сонша, «Бұл-елге нәубат» деп «баласына ара түспеген.

Сонда Әмен әкесіне өкпелеп хат жазған» – дейді («Ана тілі» газеті, №11 (506) 18-мамыр, 2000 жыл).

Д. Әбілев осы ойға жалғас: «–Молда атама (Мәшһүр-Жүсіпті келіндері үлкеннің жолын сыйлап атасының атын атамай, кейде екі келіні «Әтиім» дейді екен: Ақзейнеп (Мұхаммедшәрәпиденнің әйелі), Ұмсынтай (Мұхаммедфазылдың әйелі 1935 жылы дүние салды-автор) да сын шығарған ортаншым (Әменді айтады-автор) өді гой ол – деді Зейнеп шешей (Зейнеп (Ақзейнеп-автор).

Әменді «Ортаншым» дейді екен. Жұрт аузынан естіуім бар болса да, мына кісі де соны айтар ма екен? – деп –Не сын, не деген екен Әмен аға? – дедім.

Зейнеп шешей іркілместен, ойлабастан:

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,

Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам,

Әкенің ең жақсысы жездедей деп,

Соны айтқан бұрынғыда әулие адам!

– деген екен, – деді.

Бұны неге айтқан?

1916 жыл патшаның қазақтан майданға жігіттер алу туралы жарлығы да дала жүрегін дір еткізді. «Кім үшін соғысқа барамыз? Не үшін соғысамыз? Неге текке қырыламыз?» – деп Баянаулының он болыс елінің еті тірі, жау-жүрек азаматтары ұрандасып Алабас тауына көтеріледі. Көтерілісті Башардан батыр басқарды. Әмен сол көтерілістің жанған өрттей жалынды ерлерінің бірі болды. – Шіркін-ай, арамызда Мәшекең болса, батасын берсе қандай күдіретті ғаскер болар едік! – дегенді сондағы екінің бірі айтатын бопты. – Жөн сөз? – Арамызда бір күн ғана болып, батасын беріп кетсе жетіп жатыр ғой, – десіпті жігіттер. Әмен де осындай ойда болыпты. Ал Мәшекеңші? Мәшекең, бұл көтерілісті мағыналы деп те, мағынасыз деп те таразылайды. Мағыналысы – патшаның жиһангерлік соғысы үшін әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру едік болар еді. Ал Мағынасызы не? Патшаның сан алуан соғыс құралдары сайлы, қару жаракты да қаһарлы әскерлеріне қарсы сығысар қазақта сойыл-шоқпардан басқа, қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Соғысса – босқа қырылу ... міне Мәшекең, осындай екі алуан ой толқуында болады. Ал, сыртында «Дала уалаяты» газетінде басылған 1905 жылғы «Қанды жексенбі» өлені, «Сарыарқа кімдікі?» толғаныстары туралы патша жандарымдары Мәшһүрді тұтқындап, соттатып жібермек болғанда, Мәшекең лажсыздықтан «жиһанкездігін» қайтадан бастап, төрт-бес жыл бойы Орта Азия жақта қашып жүрген.

Сол тұста:

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қокан барған,

Ойы бар барсам деген, одан да әрман.

Түлеген аққу құстың қанатындай,

Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалғанды ,

– деген еді. Ал мына көтеріліс тұсында патша әкімдерінің қанды көзі Мәшһүрде болатыны сөзсіз. Сондықтан Мәшекең 16-жылғы Баянауылдағы көтеріліске «Бейтарып» қалыс адам бейнесінде отыруын мақұл көреді» [«Жұлдыз» журналы, №12, 1992 жыл, –Б. 122].

1917 жылғы ақпан төңкерісі М-Ж.Көпеевтің үмітін оятты, ел ішіне бақыт, құт береке әкеледі деп сенім білдірді. Өкінішке орай, ақпан төңкерісі М-Ж. Көпеевтің үмітін тас талқан етті. Қызылдардың ел ішіне салған ойрандары ақынның жанын ауыртты. М-Ж. Көпеев те Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулат т.б. «Алаш» азаматтары сияқты ала-құйын күй кешті. Қызыл өкімет күш ала бастады. 1917-1921 жылдар М-Ж.Көпеевтің өміріне елжүлі із қалдырды. 1916 жылғы ел-ішіндегі дүрбелеңнен асу мен атудан мезі болған ақын, расында өз дегеніне болмаған қазақ жастарына көңілі толмады. 1916 жылғы көтерілісті патша өкіметінің қарулы әскері басып-жанышты. Көп адам сураусыз атылып кетті. М-Ж. Көпеев бұл – сойқанның болатынын білді. Әйтпесе, 1916 жылғы көтеріліс жасағандарға батасын беріп, өзі жолға салушы еді. Ел обалына қалғысы келмеді. Оттай жанып тұрған ұлы Мұхаммедәменнің (Әмен) де тағдыры қатты ойландырды. Көптеген қазақ жастарының жазықсыздан жазықсыз өлімі ақынның жүрегіне өшпестей жара салды. Тұтасып жатқан қазақ елі екіге бөлініп алып соғысуды шығарды. Бұның бәрі – М-Ж. Көпеев үшін тағылық іс болып көрінді. Өзі де соққының неше түрін көрді. 1921 жылы сүйікті ұлдарының бірі Әмен (Мұхаммедәмен) қайтыс болды. Ж. Аймауытовтың хатындағы «Әмендей бола алмасам да сізге хабарласып, еңбегіңізді, атыңызды ел көзіне түсіргендей ниетім бар» – деген сөз осындай оқиғадан соң туды. Осы сөздің өзінде үлкен мән бар еді.

Мұхаммедәменнің 1916 жылғы көтерілістегі шынайы бейнесін З. Ақышев былай суреттейді: «1916 жылы қара жұмысқа қазақ жастарын алу туралы патша жарлығы шыққаны белгілі. Оған бүкіл қазақ даласында қарсылық жасалды. Сондай көтерілістің бірі – Баянауыл маңында болған. Көтерілістің орталығы Алабас тауының баурында., қазіргі Сәтбаев совхозына таяу жерде болды. Көтерілістің басшысы Бәшерден Бейсенұлы деген азамат. Батыр, елге беделді, аттыға жол, жаяулыға сөз бермейтін шешен адам болыпты. Жүкең (Жүсіпбек Аймауытов-автор) «Қартқожа» романында бұл

кісіге Дәрмен деген ат беріпті. Дәрменнің көмекшілерінің бірі – Әмен. Бәшердендер, Әмендер Мәшекенді халыққа беделді, халық мұның сөзін тыңдайды деп Алабасқа шақыртады. Мәшекең бармайды. Оның жауабы – қолдарында шыбыртқы, камшы, тал құрықшадан басқа қару жоқ, әуре болмандар, мылтық асынған он солдат келсе, бәрінді қырып кетеді деп жауап қайырады» [«Дауа» газеті, №10, қазан, 1991 жыл]. Дәрмен-Бәшерденнің тағдырын З.Ақышев былай суреттейді. 1923 жылдың ақпан айында қару асынған шаналы төрт солдат (орыстар) шығып, іңірде Бәшерденнің үйіне түседі. «Сендерді Баянға шақырып жатыр» – деп Бәшерденді, азамат баласы Шайхыны, немере туысы Жүсіпті, оның баласы Кәрімжанды жаяу айдап шығады да, ауыл сыртындағы төбеден асыра бере атып кетеді.

Мұхаммедәмен 1888 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Мұхаммедәмен (Әмен) үлкен ақын болған. Әсіресе, 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі шығармалары, халықтың ауыр тағдырына құрылған. «*Оның әсіресе, 1916 жылғы халық наразылығы жөнінде жазғандарының ішінде жоғары идеялы өлеңдері баршылық*» – дейді Қ. Мұхаметханов пен Қ.Жүсіпов [«Жұлдыз» журналы, №36, 1984 жыл]. Мұхаммедәмен (Әмен) жөнінде М-Ж. Көпеевтің шөбересі Н.Қ. Жүсіпов: «*Ұл еді қарсы туған көк дауылға*» деген мақаласында жазды [«Жалын» журналы, №1, 1989 жыл, –108-109]. Мұхаммедәмен (Әмен) Мәшһүр Жүсіпұлы Көпеевтің туғанына 100 жыл толуына байланысты ақын шөбересі «Әмен ақын» деген мақала жазған. [«Семей таңы» газеті, 20 ноябрь (қараша), 1988 жыл].

Мұхаммедәменнің қайтқан жылы да жаңсақ жазылып жүрген жайы бар. Д.Әбілев Әмен «...1924 жылы қаза тапқан» – деп жазыпты [«Қазақ әдебиеті» газеті, №34 (1696). 26 август, 1983, –12]. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Онда Мұхаммедәмен 33 жасында қайтыс болса, туған жылы 1891 жыл болады.

Ал, Мәшһүр-Жүсіп:

Қан түсті 63-те аяғыма,

Оқ тиіп түзде жүрген саяғыма,

Көп сөйлеп, ақыл-естің жоқтығынан,

Кетіпін тағы түсіп баяғыма

– дейді. Демек, М-Ж. Көпеев 63 жастамын дейді. Есептесек бұл – 1921 жыл Мұхаммедәмен, 1888 жылы туған, 33 жасында дүниеден қайтқан болып шығады.

Бұған М-Ж.Көпеевтің:

Күнәсіз жас сәбидің орнын беріп,

Түсірді жұрт көзіне отыз үште

– деген жоқтау өлеңі де куә бола алады. Ақын, Мұхаммедәменнің өте ақылды, батыр ұл болғандығын айрықша атап өтеді. 1922 жылы М-Ж.Көпеев Ташкентте қайтыс болған баласы Мұхаммедәменге дұға оқып қайту үшін жолға шығады. *«Жолдай (ауыз екі сөйлеу стилі-А.Қ.) Қоянды жәрмеңкесіне қатыстық. Онда арнайы шақырылған болатын, бірақ кімдер шақырылғаны есімде жоқ, жобасы әрі көңілін көтерсін деген болулары керек. Одан әрі Қақаралыны басып өтіп Семей бардық.*

Сол кездегі шыт-шытырман жағдайларға байланысты одан әрі жүруге мүмкіндік болмады. «Өлі Арыстанымды іздеймін деп тірі боздағымнан айрылармын» – деп айтқаны әлі есімде. Өйткені үлкен баласы Шәрәпиден де бізбен бірге еді» – деп хатты аяқтайды. Хатты жазып отырған, М-Ж. Көпеевтің қасында ат қосшы болып барған Кеңенің Қанафиясы деген адам. Мінекей, Ж. Аймауытов шығармасындағы, жазған хаттарындағы ерекше ауызға алып, айта беретін адам осы – Әмен еді.

Ақын Өтебай Тұрманжанов «Қазақстан пионері» газетінің 1958 жылғы 24 сентябрындағы «Жас сұңқар» мақаласында: «... жиналысты ана тілі мұғалімі Әмен Жүсіпов дейтін ағамыз ашты. (Бұл белгілі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің баласы) Ол сонда – Біздің мектебімізге комсомолдар ұясын құруға Ғани Мұратбаев жолдас келіп отыр. Сөз Мұратбаев жолдасқа беріледі – деп жазған еді. Журналист-жазушы Жүсіпбек Арыстанов еңбегінде «Комсомол шежіресі осылай басталады», «Социалистік Қазақстан», 1958 жылы. 17 август: «Күн сайын комсомол жиналыстарында комитеттерде паранжі (паранжі-шымылдық-деген мағынада-А.Қ.) салтанатпен ашылды, қалыңмалға қатты соққы берілді, көп қыздар құтқарылып, ұйымға оқуға тартылды. Бай-феодалдар, ишан-молдалар бұған оңай көңе қойған жоқ. Еріксіз күндікте жүрген қыздарды босатқаны үшін оқытушы комсомолец Әмен Жүсіпов Ташкентте қаза тапты» – делінген. Сондай-ақ жазушы Жайық Бектұровтың («Керекулік делегат, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеті, 1972 жыл, 26 декабрь) мынандай мәлімет бар: «Әмен Жүсіпов 1920 жылы Орынборда тұңғыш Советтер съезіне (солай жазылған-А.Қ.) Керекуден делегат болып қатысып, аз уақыт болса да, белсенді совет қызметкері болған» – дейді. М-Ж. Көпеевтің жиені Жолмұрат Жүсіповтың жазбасында: «Әмен арапша, парсыша, түрікше, орысша, қазақша орта сауатты мұғалім еді», – делінген [«Жалын» журналы, №1, 1989 жыл, –Б. 108-110].

«Әмен 1888 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1918 жылдан бастап Әмен жаз айларын-

да қысқы мұғалімдік курстан өтіп, ал қыста мектепте оқытушы болып, Семей мен Павлодар қаласында кезек тұрып жүргенде, 1920 жылдың жазында Орынбор қаласына шақыртылып алынады. Орынбордан Ташкентке барып, мұғалім боп қызметке кіріседі. 1921 жылы Ташкенттегі №14 мектеп-интернатқа мұғалім болып жүрген жерінде сүймегеніне зорлықпен ұзатылған қызға ара түсем деп, өшіккен дұшпанның пышағынан қаза табады. Ал баспасөз бетінде ақынның өлген жылын жаңсақ көрсетудің де куәсі боламыз. Мәселен, Жоғарғы Дихан Әбілев Мұхаммедәменді (Әмен) 1924 жылы тап жауларының қолынан қаза тапты дегені («Қазақ әдебиеті» газеті, 1983 жыл, 26 август). Осы қате дерек Қ.Тұңғышбаевтың «Туған әдебиет жанашыры» мақаласында да қайталанатын [«Қазақстан мектебі», №11, 1985, –Б. 74]. Мұхаммедәменнің (Әмен) өмірі, қалай өлгені т.б. туралы құнды деректер Жолмұрат Жүсіповтың қолжазбасында баршылық:

«Совет өкіметі келмеген уақыттарда бір ауқатты адамға әйелдікке ықтиярсыз сатылып кеткен екен. Совет өкіметі орнаған соң, жалпы әйелдер теңдігі, бостандығы, правосы берілген соң, әлгі әйел №14 интернат мұғалімдеріне, Әменге келіп, мән-жайын айтып, сүймегенінен айрылу, босану жолын сұрайды. Әмен ерекше турашы, әділтігі еді. Ол осы әйелдің арызын, өтініштерін жазып беріп, әйелдер правосын қорғайтын заң орындарына береді. Заң орындары іс-қағазды тексеріп, әйелге бостандық береді. Мұнан кейін әйелдің бұрынғы күйеуі Әменге қас болып, аңдып жүріп қапысын тауып жарып өлтіреді. Әмен өкімет тәрбиесіне толық кездесе алмай, мақсатына жете алмай, жүрегіндегі асыл сөздерін, жақсы пікірлерін көпшілікке көрсете алмай кетті. Ол сол уақытта Ташкентте шыққан «Ақ жол» газетіне бірнеше мақала, өлеңдер беріп тұрады». «Әмен 1916 жылғы июнь жарлығы тұсында майдан жұмысына алынып, сол дүрбелеңнің ішінде болған адам. Сол жылдарда көрген-білгені туралы біраз шығармалар жазған». Бұл туралы ф.ғ.д., профессор Н.Жүсіпов жақсы жазды.

«...Сондай-ақ белгілі жазушы Зейтін Ақышев [«Қазақстан мұғалімі», 1983 жыл, 16 сентябрь] Әмен ақынның 1920 жылдары Коммунистік партияға мүше болып, мемлекеттік жұмыстарға қатысқаны туралы айтылады». «Әменнің Ташкенттегі қазасын Ж.Аймауытов хат арқылы естірткенде М-Ж.Көпеевтің денсаулығына жалпы көңіл-күйіне қатты әсер еткен.

М-Ж.Көпеев:

Жасынан бұрылмаған беті ыққа,

Ұл еді қарсы туған атқан оққа,
Құдайға ризамын хат-хат шүкір,

Толық боп жарап кеткен құрбандыққа

– деп, ұлының қазақ халқының бас бостандығы үшін күресіп, ерлерше қасқайып оққа ұшқанын айта отырып, ақын жүрегі бір жағы сүйікті ұлынан айрылғанын да қатты нала қылады. Мұхаммедәменнің (Әмен) «Ащы бар тоймайтұғын татсадағы», «Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай», «Қолыма хат жазғалы алдым қалам» – деген т.б. өлеңдері жарияланған». «...Жоғарыда аталған мақаласында Жайық Бектұров: «Әмен Мәшһүр-Жүсіпұлы Көпеев дүниеден қайтқаннан кейін өзінің қызмет істеп, енбегін сіңіріп келе жатқан №14 қазақ мектебі, ондағы жастар клубы, бау-бақшасы, тағы әлденедей ұйымдары марқұм Әмен Жүсіпұлының атында болмақшы» – деп, жазған [«Семей таңы» газетінде де осы жадығат басылған. 20 ноябрь, 1988 жыл].

«*Қолыма хат жазғалы алдым қалам» – деген өлеңінде Әмен:

Торланып талай жалғыз, талай маңғаз,

Асаулар үзіп торды қала алмаған,

Құнымыз біздің аттан оңай болды,

Жақсы атты еріксіз ұлық ала алмаған

– деп, 1916 жылдың ауыр кезеңін, қазақ халқының тағдырын ашына жырлайды.

3. Ақышев тағы да Мұхаммедәмен (Әмен) туралы мынандай дерек келтіреді: «Кенес үкіметі орнағаннан кейін Әмендер, тағы басқа зиялы азаматтар Ташкентте мектеп-интернат ашып, соған төңкерістегі қалған жетім баларды жинап, тәрбиелеуді қолға алған екен. Бір күні Әмен жақындағы ауылдардың бірінен он төрт жасар жетім қызды алып келеді. Сөйтсе оны бір байшыкеш тоқалдыққа алмақ болып жүрсе керек. Ол кісі жинап келіп, қызды қайырындар, әйтпесе ұлыққа айтамын деп қоқан-лоққы жасайды. Әмендер оны қуып тастайды. Ақырында жаңағы ку бір алаяқтарға ақша беріп, інірде үйіне қайтып келе жатқан Әменді пышақтап өлтіреді. Мұны маған жазушы Өтебай Тұрманжанов марқұм айтып еді. Әменнің жерленуінде болдым, кабірін де білемін деп еді. Ол өзі сол интернатта тәрбиеленген екен» – дейді [«Дауа» газеті, қазан, №10, 1991 жыл].

Ал, болған оқиға негізінен шындыққа жақыны Жолмұрат Жүсіпұлының қолжазбасынан алған Н.Жүсіптің деректері. Ақын Д.Әбілев те Мұхаммедәмен жөнінде Мұхаммедшәрәпиденнен естігенін былай қағазға түсірген екен: «Өмір бойы желдей есіп,

дариядай тасып, теңіздей толқып-толысып отыратын Молда атамның Ташкентте істеп жүрген Әменнің қайтыс болған хабарын естігендегі күйзелісі, күйініші бүкіл ел-жұрт көңілін күйзелтті. «Ақжол» деген газетте, айналып кетейін, Жүсіпбек Аймауытовтың көңіл айтуы азырақ тоқтау-сабыр ойлатқандай болды.

Бірақ, Мола атам:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,

Оқ тиіп шетте жүрген Саяғыма

– деп аһ ұрды. Отырып қалды. Бір балам бар өзімнен асып туған! – дейтін баласы Әменнің қазасы молда жанын қатты күйзелтті. Келесі жылы жазында Түркістан арқылы Ташкентке барып, Әменнің зиратына белгі орнатпақ, дұға оқымақ болып қасына Бәзілдің Рахымын, Айманның Шеризданын алып, көкбиришкеге қос түйе жектіріп жүріп кеткен еді. Қарқаралыдан әрі жүріске жарамайтынын сезіп, елге қайта оралды. Құдайға адалы, бір әке, бір шешеден туғанымызбен Әменнің жаратылысы Фазыл екеуімізден мүлде бөлек еді.

– Мен де білем, Әмен ағаны – дедім.

– Қалай?

– Он бесінші жыл шығар деймін, Қызылтау еліне бала оқытады екен. Үйлеріне келіп Қызылтауға қайтып бара жатқан жолында біздікіне түсіп, ат шалдырып, шай ішті, ет жеді (өзіне арнап асқан) сол отырыста (төргі бөлмемізге) қалтасынан қағаз алып «Хазіретке» деген өлең шығарып, біздің Әбекене (Әбіл ақсақал Диханның әкесі-автор) оқыды. Содан есімде қалғаны:

Молдалар!

Құдай болса, әділ төрем.

Халыққа-жәннат, сендерге-дозақ берем,

– дегені ғана. Ақ сұр бетіне білінер-білінбес қорасан дағы бар, отты жүз, күрең көз, өте ширақ, өжет мінезінен еркін отырады екен. Жаңағы «Хазіретке» деген өлеңін біздің Әбекене беріп кетті» – дейді [«Жұлдыз» журналы, №12, 1992 жыл, –Б. 121].

Тағы да бір деректе: «Ташкенттегі ортаншы баласы Әмен опат болып, оны Жүсіпбек Аймауытовтың жазған хаты арқылы білгенде: «Аурынды жеңілдететін де, жоғынды да жоқтайтын ағайын ғой. Келіп, менің қайғымды бөлісіндер» – деп, ең алдымен сол төрт адасын шақыртып алдырған екен» – дейді. Төрт адасы Мәшекеңнің төрт досы: Оның бірі –Машарап ұста да қалған үшеуі Елеман ұрпақтары Жүсіптер болса керек. Мәшекең өзін қосып: «төрт Жүсіп, бір Машарап» – деп күліп

отырады екен [«Сарыарқа самалы» газеті, 16 мамыр, №57 (11939) 1992 жыл].

Мәшһүр-Жүсіп ортаншы ұлы Мұхаммедәменге былай баға береді: «Біздің бұрынғы Күлік қариялары айтады екен:

– Бесімнің ең жаман деген біреуіне бір нәрсе десең, қолынан дәнеме келмегені бір жылға шейін есігіңнен қарамайда, – дескен екен. Бекілік мінезді, абыздық, тақуалыққа келгенде де, бұл Бесімнен шыққан абыздар, тақуалар қатты сүйек болып, дүниеге мойны бұрылмайтын болып шығады. Дінқұмар, оқуқұмар шалдіріктігі өзі бір жын есепті. Олар тірілерін білмейтұғын, беті бұрылмайтұғын да бар. Орынбайдан өрбіп, өсіп-өнген жандармен мұндағы Бесім ұрпағын шамаластырып, салыстырып қарап едім. Жалғыз-ақ Тобышақ болғаны табылмады. Өзгесі түгел мінездестігі қалыпқа құйып қойғандай. Бұл Тобышақтың артына жалт қарағанда, бұғып жатып қала береді екен. Айдаһар да жоқ, арыстан да жоқ заманда бір бала туды. Отыз үште өлді. Мұның көзіне де ешкімнің көзі шыдамаушы еді. Орыс ұлықтарының алдына барып сөйлегенде: – Ай, өзің арырақ тұрып сөйлеші. Көзің өтіп барады ғой, – дегеннен басқа сөз айта алмайды екен. Аты – Мұхаммедәмен Мәшһүр-Жүсіп ұлы. Орынбайдан – Нүрпей (Нүрфи), Нүрпиден – Садырбек, Садырбектен – Ақжарқын, Ақжарқыннан – Әлмұхаммед. Ақжігіттен – Сермұхаммед, Сермұхаммедтен – Көпей, Көпейден – Мәшһүр-Жүсіп. Мәшһүр-Жүсіптен – Мұхаммедәмен, Әлмұрат Ақжарқынның кенжесі де Мұхаммедәмен. Мәшһүр-Жүсіптің ортаншысы – Мұхаммедәмен Әлмұрат екеуі жылдас шықты. Жылдас та екен, жындас та екен. Бұл Мұхаммедәмен 1921-інші жылы 18-інші июньде Ташкент шаһарында 14-інші интернатта мұғалім болып тұрған күнінде дұшпанның пышағынан қаза тапты 33 жасында» [Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 10 том. 2007 жыл, –Б. 122].

Мұхаммедәмен Көпеевтің бір өлеңін оқырманға ұсынғанды жөн көрдік:

Талапты, оқыған жастарға-
Тағдыр түзу, тью жоқ.
Сезбес, мақау, жастарға
Қайда барса, сүю жоқ.
Үлгі көрмей өскенге
Өмірде есін жию жоқ.
Әуеспен уақыт кешкенде
Ешбір істе қию жоқ.

Береке деген тілектен
Таза келсе, күй жоқ,
Қайнасып шыққан жүректер
Еш қазақта сүю жоқ.
Көрінісі-құр мұсылман,
Жұмысқа жоқ ұсынған.
Болса, сасып қысылған,
Оған мейірім ию жоқ.
Кетті қазақ адасып,
Дінге жүрмес жанасып.
Қарындасқа қарасып,
Қол қайырым ию жоқ.

Мұхаммедәменнің өлеңдері өте көп. Шығармалар жинағында Мұхаммедәмен туралы және бірнеше туындылары берілген. Мұхаммедәмен жайында ф.ғ.д., профессор Нартай Жүсіп мерзімді баспасөзде ең алғаш жан-жақты, өлеңдерін де талдап жазған.

АЙРАНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

ЖҰМАҒҰЛОВА Ө. А.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаһандану дәуірі – көпұлтты мемлекеттер дәуірі. Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Мемлекеттік тілмен қатар Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдағы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» -деп айтқан пікірі әрбір азаматтың жүрегінен орын алуы тиіс. Елбасымыздың осындай көрегендігі, халыққа жасаған насихаты бүгінде лингвистика әлемінде өз шешімін табуда[1:7]. Осы күні ҚР Білім және ғылым министрлігі, ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруының негізінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде филол.ғ.д., профессор А.Д. Жакупованың жетекшілігімен Қазақстан-Ресей ғалымдарының арасында іске асырылып жатқан ғылыми жоба: «Тіл аралық және мәдени аралық қарым-қатынас аспектісіндегі

қазақ этносының ұлттық-мәдени басымдықтары» деп аталады (2012-2014жж, келісімшарт №1662 25.09.2012жыл).

Тіл мен дискурста ұлттың этномәдени басымдықтарын көрсету қазіргі ғылымның басты назарына ілігіп, әлеуметтік үдеріс пен рухани мәдениеттің тілдегі көрінісі, тілдегі адами факторға лингвистиканың назарын аударуы, пәнаралық зерттеулердің мәдениеттану, әлеуметтану, психология және басқа да гуманитарлық пәндердің жетістіктерін пайдалана отырып, лингвистикамен бірлікте зерделеу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі боп саналады. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ және орыс тілдеріндегі ұлттық тағам дәстүрінің бейнелі көрінісін лингвомәдени және салғастырмалы түрде зерттеу. Осы мақсатта В. В. Воробьев, Д. Б. Гудков, В. А. Маслова, М. Л. Ковшово, В. Н. Телия, С. М. Толстой, Э. Д. Сулейменова, Ж. А. Манкеева, Н. Ж. Шаймерденова, С. Г. Ахметова, А. М. Алдашева, Ислам Айбарша, А. Д. Жакупова сынды ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген семасиологиялық, когнитивтік, этнолингвистикалық, лингвокультурологиялық талдаулардың теориясы мен методологиясын басшылыққа алынды. Ұлттық мәдениеттің типтік бейнесінің методологиялық негізінде тілдік және когнитивті метафораның, бейнелікті тілдік және менталды категория деп қарастыратын теориялар негіз болмақ (Н.Д. Арутюнова, О.И. Блинова, А.Н. Баранов, Дж.Лакофф и М.Джонсон, Н. А. Илюхина, Г. Н.Склярская, В. Н. Телия, А. П. Чудинов, Е. А. Юрина).

Зерттеудің қолданбалы аспектісіне қазақ-орыс тілдеріндегі «Ұлттық тағам дәстүрінің тілдік бейнесі» атты лингвомәдени сөздіктің жарыққа шығуы негіз болады. Шығармашылық топты ресей ғалымы филол.ғ.д.,проф.Е.А.Юрина басшылығымен халықаралық жоба ретінде Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің ғалымдары: Е.В.Капелюшник, Е. А. Шериналармен бірлестікте Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің оқытушылары Ө. А. Жұмағұлова, И.С.Қайырбекова, А. Ө. Мұқашева Г. Т. Тілеубердина, Ж. О. Сағындықовалар, жұмыс атқаруда.

Сөздіктің мақсаты – ұлттық тағам дәстүрінің тілдік ерекшелігі мен мәдениеттің сөйлесімдегі бейнесін тағамға қатысты негізделуі және адамның табиғат, қоғамдық қарым-қатынасты көрсететін түрлі саладағы танымын қазақ және орыс тілдеріндегі аспаздық метафораны көрсететін бейнелі лексикалық және фразеологиялық қорды жүйелеу; салғастыру жолымен бейнелі тілдік бірліктердің және

олардың негізінде екі халықтың тілі мен мәдениетіндегі ментальдық көріністеріндегі әлемді көру және әлемді тану барысында ұлттық ерекшелікті лексикографиялық түрде жүйелеп беру.

Елбасымыздың келесі бір пікіріндегі: «...Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деген тұшымды ойының бір көрінісі осы біздің қолға алып жатқан ғылыми жобадан өз шешімін табуда [1:8]. Оның себебі қазақтың ұлттық тағамдарын, олардың әр түрлілігін, олардың шипалы қасиетін, дәмділігін, құнарлылығын және тағам атауларының ауыспалы мағынада кеңінен жұмсалатын қасиетінің барлығын тек қазақ халқы ғана біліп қоймай, басқа да ұлт өкілдерінің танысуына мүмкіндік туғызбақ. Сонда ғана қазақ халқының ұлттық дәстүрі, мәдениеті, аспаздық шеберлігі, шұрайлы да нақышты сөз қолданыстары өзге халықтың назарына ілігіп, басқа ұлт өкілдері бұл еңбекті оқиды, көреді, салыстырады, қазақ халқы, оның дәстүрі, аспаздық әлемі жайлы олардың өзіндік танымын қалыптастырып, жаңа ой тудыруына негіз болады.

Зерттеуші топ екі томдық сөздікті шығаруды көздеп отыр: бірінші том: «Қазақ халқының тағамдық дәстүрінің тілдік бейнесі» (орыс тіліне аудармасымен беріледі), екінші том: «Орыс халқының тағамдық дәстүрінің тілдік бейнесі». Сонымен бірге қосымша екі тілдік салғастырмалы сөздіктің көпарналы және жүйелі ізденісінің мультимедиялық нұсқасы компакт-диск түрінде қоса берілмек.

Сөздікте қазақ-орыс тілдеріндегі тілден тыс өмірдегі түрлі құбылыстардың аспаздық бейнелерінің метафора арқылы жасалған бейнелі сөздер қамтылмақ. Лексикографиялық түрде бейнелі сөздер (метафора, метафоралық дериваттар) және қазақ-орыс тілдеріндегі сөз нақышты сөздер (идиомалар, бейнелі салыстырулар, мақал-мәтелдер), гастрономия саласындағы түрлі құбылыстардың тіл қолданушының сөз саптауында метафора түрінде жинақталып берілмек.

Тіл білімінде белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың екінші бір зат не құбылыс атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы *метафора деп аталады*. Метафора тәсілі арқылы сөз мағынасының ауысуы белгіленетін заттардың тұлға (форма), түс (түр), кимыл ұқсастығының негізінде болады [2:161]. Сөздің метафора екенін немесе метафора бола алмайтынын анықтау үшін, бірдей аталған екі құбылыстың мәніне қарау керек: өмірде, тәжірибеде, ақиқат құбылыс атауы болса, ол – сөздің тура мағынада қолданылғандығы; өмірде, тәжірибеде кездеспейтін, тек ұқсату арқылы қолданылған бейнелі сөз болса, онда метафора болғаны. Мысалы: надандық теңізі, шындықтың ауылы, тіршілік базары [3:21-23; 4:137; 5:25].

Аспаздық әлемдегі метафораларға: Ашытқы (*Ұйтқы, ұйымдастырушы*). - Тауда Тоқаш маңына жиналған ел жігіттеріне бұлар *ашытқы* болды (З. Шашкин, Тоқаш Бокин); Бал бөбек (*Сүйкімді сәби нәресте*). - Ай, *бал бөбек*, бал бөбек балдайсың, Атқан жазғы арайлы тандайсың. Күлгенінде көктемгі күндейсің, Күн нұрымен күлпырып гуілдейсің (Қ. Аманжолов Шығ.); Бал бұлақ (*Молдір, тұнық бұлақ*). - Айлап, жылдап қонақтады сол қайғы, Орта түскен көңіл бір сәт толмайды. Тыста самал жағадағы бал бұлақ. Сағыныштың қоңыр күйін толғайды (Ж. Сәтібеков. Сорлы қайын); Бал көмей (*Жақсы әнші; Шебер орындаушы*). - Бүкіл Совет Одағының түкпір-түкпірлерінен неше түрлі ақын, балкөмей әншілер, ғалымдар шықты (М. Танкеев, Қажымұқан); Дәм (*Бір нәрсеңіз мән-маңызы, қасиеті*). - Тер төгіліп табылған рақаттың дәмі де ерекше (Ғ. Сыланов, Әңгім.); Жебір (*Парақор, дүниеқор, озбыр*). - Көбіне-көп оның өлең-жырлары *жебір* билер мен кудесін кереген байларға бөгелектей тиді (Х. Есенжанов, Көп жыл); Кілегей (*Артық, жақсы, ішіндегі іліп алары*). - Қыз ішінде бірегей, Сүт бетінде *кілегей*. Ақылдымның мақсаты Қайда дейсіз, бір емей? (Ә. Ахметов, Ашық аспан); Қаймақ (*Көптің ішіндегі бетке ұстары, таңдаулысы*). - Ғаламат ғажап жастардың, Жиналған мұнда қаймағы, Бұл өлке – тамған термең, Қайнаған еңбек аймағы (О. Сүлейменов, Атамекен). Орыс тілінде: сливки (самая лучшая часть чего-л), варёный (вялый, апатичный (о человеке)), пресытиться (удовлетворить потребность в чем-л. полностью, сверх меры) деген тілдік бірліктерді атауға болады.

Нақышты сөздер салыстырмалы оралымдармен де беріледі: балдай тәтті, ай сүттей жарық, айрандай (айран сияқты). Мысалы: – *Балдай тәтті, көпке үлгілі ошақтың бүгін сабындай бұзылып, айрандай ірігенін көріп қынжыласың («Лен. жас»);* Сонымен қатар

түрлі құрылымдағы идиомалармен де берілуі жиі кездеседі: абыройы айрандай төгілу (*масқара қылды*), кеудесіне нан піскен (*ешкімді менсінбеді*), жүрегі қамырдай езілді (*қатты елжіреді, еміреніп еріді*), басы қара қазандай болды (*көп ойланып басы қатты*), екі иығын жұлып жеді (*аласұрды, жанын жеді*); как сыр в масле кататься (*жить в достатке, в наилучших условиях*), вешать лапшу на уши (*обманывать*).

Сөздікті құрастырушылардың міндеті – аспаздық лексиканы қазақ және орыс тілдеріндегі әлемнің метафоралық бейнесінің бір көрсеткіші ретінде таныту. Осы ретте, сүт тағамдарының бір түрі айранға берілген тілдік сипаттама:

АЙРАН, зат.

Негізгі мағынасы

Ашытқы құйып ұйытқан сүт. – *Жанар атып тұра беріп алдындағы айранды аяғымен ақтара салды да, шығып жүре берді* (Ғ. Мүсірепов).

Бейнелі мағынасы

АЙРАНДАЙ ІРУ. ФБ. Бүлінді, бұзылды. – *Балдай тәтті, көпке үлгілі ошақтың бүгін сабындай бұзылып, айрандай ірігенін көріп қынжыласың («Лен. жас»).*

АБЫРОЙЫН АЙРАНДАЙ ТӨКТИ. ФБ. Масқара қылды. – *Шырағым бір-ақ күнде абыройыңды айрандай төгіп аларсың* (Ә. Көшімов).

АЙРАНДАЙ АПТАДЫ, КҮБДЕЙ КҮПТЕДІ. ФБ. Емін-еркін билеп-төстеді. – *Ұлық аз, халық көп болған соң айрандай аптап, күбідей күптеп жүрген халі бар екен* (К. Оразалин).

АЙРАН-АСЫР ФБ. үст. 1. Шашылып-төгіліп, ойран-топыр болып. – *Шабылған жер айран-асыр, пішені ұқыптып жиналмаған* (Ауызекі тіл).

2. Танданып, таң-тамаша қалып. – *Айран-асыр сілейіп тұрып қалған кеңсе қызметкерлері бас бухгалтерге адырая қарасты* (Т. Бердияров).

АЙРАНДАЙ ҰЙЫП ОТЫР. ФБ. Өте тату, ауызбірлігі күшті. – *Қырбайың не? Айрандай ұйып отырған ауыл емес пе еді? Тәңірберген іріткі салып, оларды да екіге бөліп жіберді ғой* (Ә. Нұрпейісов).

АЙРАН ШЕРІ. ФБ. Бетке ұстары. – *Кербездің екі түрлі қылығы болады: біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атапбаққа өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатарындағының ішін күйдіру* (Абай).

Мақал-мәтелдер:

АЙРАН СҰРАЙ КЕЛПІ,

ЫДЫСЫҢДЫ ЖАСЫРМА.

АШ АУЫЛ АЙРАНДЫ БҰРЫН ШЕДІ.

АУЫРСАҢ – АЙРАН ШІ, СІҢІРІҢ ТҮЙІЛСЕ – СҮТ ШІ.

АШ ҮЙДІҢ АЙРАНЫ ҰЙЫМАЙДЫ.

Лингвомәдениеттанымдық түсініктеме

Айран - пісірілген сиыр, қой, ешкі сүтінің жылы кезінде ашытқы (айран, қаймақ) қосып, ұйытып дайындайтын қышқыл дәмді ақ тағам түрі. Қазақстанның әр аймағында айранды түрліше дайындағанымен олардың бәріне ортақ болатыны – айранды ұйытқы арқылы ұйытуы. Оңтүстік Қазақстанда айранды сұйық етіп дайындайды, бұл ыстықта шөлді жақсы қандырады, ал солтүстікте қою әрі майлы болады да ол сақтауға және жолға шыққанда әрі сусын әрі тамақ ретінде пайдалануға қолайлы. Бірақ сусынды қандыру үшін мұндай айранға су, сүт, қымыз қосады да олардың майлылығы әр түрлі болады.

Айран бірнеше түрлі болады: қой немесе ешкі сүтінен ұйытылған қою айран – қатық айран, сиырдың сұйық айраны – кілегей айран, сүтпен сұйылтқан айран – қойыртпақ, шалап – айранға су қосып дайындаған сусын сияқты түрлері қолданылады.

Айранның ұйытқысы болмай қалса, ауылдастарынан, көршілерінен ұйытқыны кешке сұрауға болмайды әрі «ұйытқы» деп емес айран деп сұрап алатын ырым бар. Өйткені, ұйытқы әр үйдің құты, берекесі саналғандықтан тікелей аталып берілмейді.

Типтік бейнелі көріністер

Айран – үйдің ұйытқысының символы.

Айран бейнесі адамның әлеуметтік жағдайын сипаттайды.

Айран ынтымақ пен бірлікті танытады.

Айран таңырқаудың, ұқыпсыздықтың, абыройсыздықтың бейнесі.

АЙРАН, сущ.

Исходное значение.

Заквашенное молоко. – *Жапар соскочив, выбежал на улицу, опрокинув ногой, находящийся перед ним айран* (Г. Мусрепов).

Образные значения

АЙРАНДАЙ ИРУ. ФЕ. прил. Букв.: Прокиснуть как айран.

Испортиться, разрушиться (об отношениях между людьми). – *Сожалеешь, видя, как рушится сегодня примерная, дружная семья, размокнув как мыло, прокиснув, как айран.* («Лен. мол.»).

АБЫРОЙЫН АЙРАНДАЙ ТОКТИ. ФЕ. Букв.: Пролить честь, как айран. Опозориться. – *Светик, за один день ты можешь опозориться, прольешь свою честь, как айран. Шырағым бір-ақ күнде абыройыңды айрандай төгіп аларсың* (А. Кошимов).

АЙРАНДАЙ АПТАДЫ, КУБЕДЕЙ КУПТЕДИ. ФЕ. Букв.: Быть укутанным, как айран, взбитым как кубе (емкость для изготовления кумыса). Находиться в прекрасных условиях, легко пользоваться всеми благами. – *Так как народу много, правителей мало, поэтому он свободно управляет, словно укутан, как айран, взбит, как кубе.* (К. Оразалин).

АЙРАН-АСЫР. ФЕ. Букв.: Айран проливается. 1. Беспорядок. – *Скошенное поле, плохо убрано, везде беспорядок, словно пролившийся айран* (Разг.).

2. Сильно удивиться. – *Сильно удивленные, как пролившийся айран, канцелярские служащие, недовольно посмотрели на главного бухгалтеря* (Т. Бердияров).

АЙРАНДАЙ ҰЙЫП ОТЫР. ФЕ. Букв.: Закваситься как айран. Сплотиться, стать единомышленниками (о дружной семье, коллективе). – *Почему Кырбай? Разве это не был дружеский аул, как хороши заквашенный айран!? Но Танерберген и их разделил на два лагеря* (А. Нурпейсов).

АЙРАН ИШЕРИ. ФЕ. Букв.: Тот, кто будет пить айран. Об авторитетном, достойном человеке. – *Щеголи проявляют себя по-разному: один подчеркнуто небрежен в своем щегольстве и, стараясь прослыть к тому же простецким парнем, как будто нечаянно обронит вскользь про лучшего скакуна и свои богатые наряды — мол, ничего особенного; усердствует, привлекая к себе внимание тех, кто стоит выше него, вызывает зависть в равных себе, а среди низших слывет примером недостижимой изысканности и роскоши* (Абай).

Пословицы и поговорки

ПРИДЯ ЗА АЙРАНОМ, НЕ ПРЯЧЬ ПОСУДУ. Задумав какое-то дело, нужно отбросить все сомнения.

ГОЛОДНЫЙ АУЫЛ ПЕРВЫМ ВЫПЬЕТ АЙРАН.

ЕСЛИ ЗАБОЛЕЛ – ВЫПЕЙ АЙРАН, ЕСЛИ СУДОРОГИ – ВЫПЕЙ МОЛОКО.

В ГОЛОДНОМ ДОМЕ АЙРАН НЕ ЗАКВАСИТСЯ. Если нет условий для развития, то не будет и хорошего результата.

Лингвокультурологический комментарий

Айран – кисломолочный продукт, который изготавливается из кипяченого коровьего молока путем заквашивания. В разных регионах Казахстана технология приготовления немного различается, но общим является то, что это молочный продукт получают при помощи **молочнокислых бактерий**. При этом на юге Казахстана он жидкий и хорошо утоляет жажду, на севере – густой, как жидкая сметана, что очень удобно для хранения и транспортировки. Однако для утоления жажды густой айран требует разбавления водой, молоком или кумысом (разбавленный вариант называется шалап). Имеет разный уровень жирности.

В народе айран делится на несколько видов: катык айран – густой айран, приготовленный из козьего или овечьего молока; килегей айран – жидкий айран, приготовленный из коровьего молока; койыртпак – айран, разбавленный молоком; шалап – айран, разбавленный водой.

По обычаям казахского народа, нельзя просить закваску вечером и называть ее «уйыткы», так как уйыткы является символом благополучия и достатка дома. Поэтому надо просить айран.

Типовые образные представления

Айран символизирует благополучие дома.

Айран служит эталоном для характеристики социального положения человека.

Айран – символ единства и содружества.

Айран ассоциируется с удивлением, беспорядком, бесчестьем.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Егемен Қазақстан. № 828-831(27902) 15 желтоқсан. 2012 жыл

2 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп. 1965. 161б.

3 Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп. 1976. 116 б.

4 Мұсабаев Ф. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс. 2008. 472б.

5 Ордабекова Х.А. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: практикалық және лабораториялық жұмыстар. – Алматы. 2010. 25-27 б.

6 Юрина Е.А. Образный строй языка. – Томск: Изд-во Том. ун-та. 2005. – 158 с.

7 Юрина Е.А. «Словарь русской кулинарной метафоры»: принципы отбора материала и структура словарной статьи / Е. А. Юрина // Вестник ТГУ. Филология. — № 3(15). 2011. - С. 70-78.

8 Юрина Е.А. Русско-казахский лингвокультурологический словарь «Национальная пищевая традиция в зеркале языковых образцов» // Вестник КГУ имени Ш.Уалиханова. серия Филологическая. №1-2.2013 –С 232- 237

9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 8-том 1985.400б.

КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ НЕОЛОГИЗМДЕРІ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ БОЛМЫСЫ

КӘРІПЖАНОВА А. О.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КӘРІБАЕВА Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі күні қазақ тіліне шет тілінен еніп жатқан кірме сөздерге аса назар аударылып отыр. Шет тілінен енген кірме сөздердің көп көлемінің пайда болуы, олардың қазақ тілінде берік орнығуы қоғамдық және ғылыми өмірдегі қарқынды өзгерістермен түсіндіріледі. Ақпарат ағымдарының артуы, ғаламдық компьютер желісі Интернеттің пайда болуы, мемлекетаралық және халықаралық қатынастардың күшейуі, әлемдік нарықтың, экономиканың, ақпараттық технологияның дамуы, олимпиадаларға, халықаралық фестивальдарға, сән көрмелеріне қатысу – бәрі тілімізге шет тілдері сөздерінің кіруіне түрткі болды.

Кірме сөздерді қабылдауда, олардың жұмсалыуында екі түрлі бағыт байқалады. Біріншісі – өмір қажеттілігінен өзінен-өзі тіл қорына жұмсалатын кірме сөздер. Екіншісі – саналы таңдау, актив сөз қорына қосылатын кірме сөздер. Бұларға тілдік неологизмдер жатады.

Қазақ сөз қазынасының қозғалысын, яғни дамуы (толығыуы) мен жетілуін (сұрыпталуы мен нормалануын) кезең-кезеңге қарай бөліп-бөліп қарастыру - тіл білімінің неология атты тармағының қызметі. **Неология**- тіл дамуының белгілі бір кезеңінде орын алып жататын жана бірліктерді: сөздерді, фразеологиялық тіркестерді, морфологиялық тұлға-тәсілдерді, синтаксистік-стильдік амалдарды танып, тауып, зерделейтін сала. Біздіңше,

неология тек неологизмдерді (жаңа сөздерді, тұлғаларды) ғана зерттеп қоймауға тиіс, мұнда **кірме сөздер** (заимствования), **бөгде тілдік сөздер, аэлогизмдер** (қолданыста қайта «тірілген» байырғы сөздер), **неолексизмдер** (тіркеуде — сөздіктерде орын алмай келген сөздердің елеп-ескеріліп «тізімге» енгендері) сияқты нысандар бөлек-бөлек ажыратылып сөз болуы керек сияқты [1, 196 б.].

Тілдік жаңалық дегеніміз белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып танылады. Бұларды лингвистикалық жаңа бірліктер деп те атайды. Сірә, тілдегі «жаңалық» деген ұғымды білдіретін құбылыстарды екіге бөліп қарастыру жөн болар: бірі - лексикалық бірліктер: жаңа сөздер, тіркестер, морфологиялық жаңа түзілімдер, екіншісі- грамматикалық жаңа тәсілдер.

Неологиялық зерттеулер тіл білімінде белгілі жүйесі, принциптері бар номинация, терминология, кірме сөздер, аударма және тіл мәдениеті деген сияқты блоктармен тікелей байланысты болып келеді. Бұл орайда да әр тілдің «өзіндік келбетіне» орай ерекшеліктер, орындар болады. Тілдік жаңалықтарды талдап-танытуда бұл іліктестіктің қазіргі кезеңдегі мәні айрықша деп пайымдаймыз [2, 29 б.].

Жаңа сөздерді қолданысына қарай төмендегідей бөліп тану керек деп ұсынамыз: а) қалың көпшілік қолданатын, яғни бұқаралық ақпарат құралдары - күнделікті баспасөз, радио-телехабарлар, көпшілік қолды білім-ғылым әдебиеттері, оның ішінде мектеп оқулықтары мен оқу құралдары жиі пайдаланатын сөздер және ә) қоғам өмірінің әртүрлі тұстарында: ғылымда, шаруашылық пен өнеркәсіп салаларында, өнерде және тағы басқаларында арнаулы мамандар мен кәсіпкерлер пайдаланатын және қолданыс шеңбері тар (шағын) сөздер. Олар әр алуан құрал-жабдықтар аттары, конструкторлық-инженерлік атаулар мен осы салалардағы іс-әрекеттерді атайтын сөздер болып келеді.

Алдыңғы топтағы жаңа сөздерді орыс және еуропа халықтары тілдерін зерттеушілер бірнеше салаға бөліп қарастырады. Оларды:

1) күнделікті тұрмыста қолданылатын жаңа құрал-жабдықтарға, видео-дыбыстық техникасына қатысты атаулар;

2) автокөліктерге қатысты сөздер;

3) экономика, қаржы саласына қатысты терминдер;

4) айналадағы табиғатты қорғау - экологияға қатысты сөздер;

5) информатикаға қатысты;

6) спорт, ойын-сауыққа, туризмге қатысты;

7) медицина мен фармакологияға қатысты;

8) ядролық энергияға қатысты;

9) саясат, ел басқаруға қатысты;

10) әлеумет өміріне қатысты;

11) әдебиет, өнерге қатысты жаңа атаулар,

12) іс-қимыл атаулары деп топтайды [3, 16 б.].

Қазақ тіліне келгенде де осындай тақырыптық принципті ұстануға әбден болады. Осы айтылғандар өз кезегінде жеке-жеке сөз болады. Ал алдымен тілдегі (оның белгілі бір кезеңіндегі) жаңалықтар деген ұғым нені білдіреді және бұл тақырыптың теориялық негіздері мен ізденіс принциптері қандай деген мәселелер сөз болмақ.

Сонымен қатар әр кезеңге қарай пайда болып жататын жаңа қолданыстарды:

1) әдеби тілге енген немесе ену әлеуеті бар сөздер;

2) ауызекі сөйлеу тілінде орын алып жатқан, әдеби нормаға сай келмейтін жаңа қолданыстар деп ажыратып қарау керектігі де айтылып келеді. Осыған орай жаңа сөз қолданыстарын тіркейтін сөздіктер көбінесе екі түрлі: а) тіркеп отыратын; б) нормативтік, яғни әдеби нормаға енген бірліктерді көрсететін болып келеді. Сондықтан тіркеуші сөздіктердегі бірліктер көбінесе шартты және тарихи сипатта болады, дәлірек айтсақ, ол жаңалықтар жаңа сөз дегеннен гөрі жаңа қолданыс дегенге саяды, өйткені олардың әдеби нормаға ену-енбеуі шартты.

Жаңа сөздердің пайда болуын аталым шарттарымен байланыстыра зерделегенде әр халықтың әлеуметтік-мәдени және саяси болмысына қарай оның бүгінгі сөздік қазынасын жеке-жеке зерттеуге жол ашылады.

Жаңа сөздерді қолданысына қарай бөліп-бөліп тану керек: а) қалың көпшілік қолданатын, яғни бұқаралық ақпарат құралдары – күнделікті баспасөз, радио-телехабарлар, көпшілік қолды білім-ғылым әдебиеттері, оның ішінде мектеп оқулықтары мен оқу құралдары жиі пайдаланатын сөздер және ә) қоғам өмірінің әртүрлі тұстарында: ғылымда, шаруашылық пен өнеркәсіп салаларында, өнерде және тағы басқаларында арнаулы мамандар мен кәсіпкерлер пайдаланатын және қолданыс шеңбері тар (шағын) сөздер. Олар әр

алуан құрал-жабдықтар аттары, конструкторлық-инженерлік атаулар мен осы салалардағы іс-әрекеттерді атайтын сөздер болып келеді. Алдыңғы топтағы жаңа сөздерді орыс және еуропа халықтары тілдерін зерттеушілер бірнеше салаға бөліп қарастырады.

Мәселен: Ақша және ақшамен байланысты ұғымдар: *тенге, банкнот, инвестиция, депозит, бондар, пин код, банк, грин-кард, доллар, цент, сом, шиллинг, пенс.*

Ер адам ұғымын білдіретін синонимдер: *күзетші-секьюрити, басқарма-менеджер, босс-шеф, жетекші-куратор-тьютор, іскер-бизнесмен, есепші-аудитор, атқамінер-жюкер, тауарды жылжытушы-промоутер, ер адам-мэн, джентльмен, т.б.*

Демалыс: *уик-энд, сейшн, фейшн, круиз, пати, шоп тур* т.б.

Ойын: *керлинг, хоккей, бокс, биллборд, боулинг, гольф, сквош, гейм, гандбол, футбол, кроссворды, аттракцион, крикет* т.б.

Спорт: *аквалангты пайдаланатын адам - драйвер, культуризм -бодибилдинг, ұзын қашықтыққа жүгіретін адам - стайер, қысқа қашықтыққа жүгіретін адам - спринтер, велосипед - байк* т.б.

Ақпараттық жаргон компьютермен жұмыс істеу барысында кездеседі: *nomina agents: геймер (компьютерлік ойындарды жақсы көретін адам), хакер, юзер (жеке компьютерді пайдаланушы), хардвер, софтвер, драйвер, провайдер, ламер, гамер, т.б.*

Хат-жазбалар: *майло (компьютер арқылы жіберілетін хат), сайт, файл, е-майл* т.б.

Өлшем бірлігі: *байт, мегабайт, т.б.*

Компьютердің атауы немесе компьютерлік ақпаратқа қатысы бар құрамдық бөлшектердің аты: *моник(мониторинг), ноутбук, пенциум, лаптоп, кэш, принтер, декомпилятор, джойстик, факс-модем* т.б.

Компьютер арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет: *логиндау (пароль кіргізу), таймерлеу, Internet-браузер, Internet-магазин, Internet-провайдер, онлайн-сауда, дамн, хост, аудит, гамдеу(game-ойын), виндузда жұмыс істеу (Windowsпен жұмыс істеу) т.б.*

Жалпы қай кезеңде, қандай заман болмасын тілімізде өзгешеліктер, жаңалықтардың болуы – ол заңдылық. Тілімізде жаңа ұғымды білдіретін сөздер – неологизмдер. Неологизмдер – өткінші құбылыс. Кез келген жаңа сөз уақыт өткен соң, жалпыхалықтық қолданысқа еніп, сіңісіп кетеді де, неологизм болудан қалады. Неологизмдер сөзжасамның лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдері арқылы жасалып, сөздік құрамды толықтырады. Неологизм – өте жылжымалы құбылыс,

жаңа сөз туып жатады, уақыт өткен соң олар жалпылама лексикаға өтіп жатады. Жаңа нәрселерді ойлап табу барысында жаңа сөздер пайда болады. Қоғам бұл сөздерді қолдануға мәжбүр.

Қорыта келе, әрбір ғылым саласының неологиялық сөзжасам практикасы нақты жағдайға орай өзіндік жолды нұсқап отыруы тиіс. Осы тұста семантикалық, яғни мәністік өрісі арқылы ерекше пайыммен тілтанымдық және лингвистикалық түйсік арқылы ажырата аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Тілтанымдық зерттеулер / Жауапты ред. Н. Уәли, М. Малбақов. – Алматы: «Арыс», 2007. -491 б.

2 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар. -Алматы, 2009.

3 Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. Канд.дисс.автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.

Ж. АЙМАУЫТОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

ТЮФЕКЧИОГЛУ ХАЯТИ

PhD, профессор, Стамбул университеті, Стамбул қ.

КӨРІПЖАНОВА Г. Т.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚОҢЫРАТБАЕВА Ж. М.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Ұлттық танымды мәдениет шегінде қарау тіл білімінде маңызды мәселе болып табылады. Тілдік бірлік - кез-келген мәдениетке тән жан-жақты, көп қырлы категория. Халықтың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымын, салт-дәстүрін, ұлттық рухты тілде ғана жан-жақты танытады. Осыған сай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениет элементтері тілде эстетикалық символдар ретінде қалыптасады. Мұның негізінде белгілі бір халықтың мәдениетінің лингвистикалық сипатын ашу арқылы және ұлттық болмысын таныту негізінде келуге болады. Сондықтан, әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерін, таным-түсініктерін, тану, мәдениетіндегі ұлттық мәнді қарастыру бүгінгі күн талабынан туған, өзекті мәселелердің бірі. Ұлттық ерекшеліктерді танып білу үшін қажет құндылықтардың бірі - түрлі

кимыл әрекет. Қимыл әрекеттің өзі қарым-қатынас жасауда маңызды және әр ұлтқа тән ұлттық белгіні аңғартады. Әр халықтың дәстүрлі қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен дағдыларында психологиялық іс-әрекеттер көп кездеседі. Сезімді, көңіл-күйді, іс-қимыл әрекетін көп сөзбен айтпай-ақ ыммен, ишаратпен, еппен сездіреді. Адам сезімін бейнелейтін ойлы ұғымдар бар. Адамның ішкі сезімі, мінез ерекшелігі т.б. олардың қимыл-қозғалыстарымен де тікелей байланысты. Адам баласының көңіл-күйі түрлі қимыл әрекеттері арқылы беріледі және сөйлеуші айтар ойын тілдік құралдармен жеткізе отырып, қимыл арқылы тереңірек жеткізуге мүмкіндік алады. Адамның қуану, күлу, торығу, шошыну, қынжылу, риза болу, көңілдену, өкіну, қанағаттану, түңілу, ыза болу, тіксіну, өштесу, долдану – ашулану, ренжу - өкпелеу, ұнатпау, кектену, жақтырмау, мақтану, қобалжу, толқу, тебірену, ұнату, көңілінен шығу, қайғыру, уайымдау, жылау – еңіреу, қорқу – шошу, үрейлену, жабырқау, мұңаю, абыржу, налу, ызалану – күйіну, менсінбеу, қызғану, рахаттану, күйіну, жақтырмау, тыжырыну сияқты адамның осындай сан алуан эмоциялық күйін дөп басып ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал мен қатар бейвербалды амалдар тұрады. Мысалы Ж.Аймауытов прозасына үңілсек, кейіпкердің ерекшелігі қимылы арқылы беріліп отырылады.

Шәмшидің күйеуі келгенде жұрт масайрап, Күнікейің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бөтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғандап, сәнденіп жүргенін көргенде Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай, сырғанап өте шығады да көрмегенсіп қырын қарап кетеді.

Шекердің қызғаныш сезімі оның қимыл әрекеті арқылы ашылады. Қызғаныш сезімін білдіретін ым-ишараттар теріс қарау, көзін төмен түсіру сынды бейвербалды амалдары арқылы да беріледі. Аталған ым-ишараттар әйел адамдардың қарым-қатынасында жиі қолданылатын амал және соларға ғана тән құбылыс болып табылады.

Күнікей сұлуды өрмелеткелі күн шығыс ұжымға қызыл қақпасын ашқанда, Ақбілек артына алаң – елең етіп жолға шықты. Аспанның күн жақ туырлығы ақшыл тартып, тау бастары алтын жалатқандай күлімдеп келеді. Орыстардың улы тырнағынан құтылған Ақбілектің қорқыныш сезімі табиғат көрністері астасып жатыр.

Кейіпкерлердің алуан түрлі сезім дірілі, психикалық, эмоциялық жай-күйі бет өзгерісі, қимылы мен іс-әрекеттерін суреттеу арқылы ашылады. Мысалы, ...Шекер тартып отырған тарамысын тісіне қыстырып, әнтек қоя тұрып, құйқылжыған көзінің қиығымен сұмдана қарап жымияды. Оны көріп Тұяқ та жымияды, балғасын қаттырақ сермеп, тізесін қимылдатып, қутындап қояды.

Соны айтқанда Күнікейдің қабағы түсіп, томсырая қалды (Ж.А., 398-бет).

Шекердің қабағы, ерні аттай тулап келе жатқанда, бай балалары көп жылқыны күндей күркіреміп, қиқулап айдап, суырды басып кете жаздап үстінен өтті (Ж.А.,354).

Күнкейдің бет-жүзі арқылы оның ренішін берсе, «Шекердің қабағы, ерні аттай тулап», деп Шекердің қызғаныш сезімін шебер бейнелеген. Паралингвистикалық бірліктер арқылы қаһарманның ішкі сезімдері аңғарылады. Автор халықтық, дәстүрлі суреттеулер «аузы-басы жыбырлап, қыбырлап, аузы дүрдиіп, қабағы қатулы т б. Тұрақты тіркестердің орнына окказионалдық қолданыс аттай тулау - ұлттық өрнекке сүйеніп қаһарманның келбетін танытады.

- Қабағы қайрақтай боп, танауы делдиіп тұр екен, дәу де болса көкайыл, долы шығар, - депті (Ж.А., 288).

Елді қан-қақсатқан Николайға да болып еді (Ж.А., 104).

Өріктің сыртқы портреті арқылы мінез ерекшелігін «танауы делдию» кинемасы арқылы ашылады.

«Саулы Бозінген» деген әйел оқиға желісінде Ақбілек ақтардан қашып келе жатып бір ауылға тоқтағанда көрінеді. «Бозінген» бүкіл ауылды құлақтандырып барып, Ақбілекті көруге келеді. Өзінің екіқабат боп ұзатылған Айтжанымен салыстырады. Күмсінай:

- Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, - деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққан құрлы кірген жоқ, қол-аяғы жерге тимей, шошалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып естіген хабарын айтты.

Мысалдағы «көзін ашып-жұму», «қол-аяғы жерге тимеу» сияқты кинестикалық амалдар Бозінгеннің жеңіл ауызды адам екендігін сипаттап тұрған амал-тәсіл болып табылады.

Шапанының өңірін қайырып, әдібін көрді, көйлегінің сүйегін байқады, жеңсіз камзолының жиегінің, қалтасының қақпағын, кебіс, мәсісін – бәрін шұқылап көріп болған соң, маңдайына шашырай салбырап тұрған шашын ақырын сырғытып:

- Өзі де қыз десе – қыз екен! – деп қорытынды шығарды.

Бозінгеннің бақталас, дүниеқор, көрсеқызар мінездері де қимыл-әрекеті арқылы көрсетіледі.

Өзіндік тіл әлемі, өрнегі бар Ж.Аймауытұлының сөз ұстану машығын ешбір жазушымен шатастыруға болмайды. Тілінің шұрайлылығы – халықтық тілді үйлесімді қолдана білуінің нәтижесі. Шешен қаламгер сөз мағынасын ауыстырып, кеңейтіп, құбылтып, экспрессивтілерді ұтымды жұмсап, қарапайым сөздердің өзін түрлендіре, сөздерге жан бітіре қолданады. Автор кейіпкердің мінезін, қимыл әрекетін астастыра суреттейді.

- Жолдас, қай елдікі боласың? - деді.

- Не керек - деді Мұқаш тұмсығын көтеріп.

- Тарбағатайлық болсақ елге баруға серік бола ма деп едім.

Мұқаш сөз қатуға ерініп, таңдайын бір қарып, басын шайқайды.

Мұқаштың қимылынан болашақ болыссымақтың бейнесі танылады. Аласапыран кезде мансапқа ұмтылып, ебін тауып біреуге жағынып беделді орынға ие болмақ болған Мұқаштың қимыл-әрекеттері де өзіне сай.

Қара мүрт пен жирен орыстың арасындағы керіс, келіспеушілікті баяндай келе:

Жирен орыс манағыдай емес, Ақбілекке өліп-өшкенін қойып, бетінен түгі шығып, әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсіп кетіпті.

Бетінен түгі шығу, бас терісі аузына түсу сияқты тұрақты паралингвистикалық бірліктер кейіпкердің ішкі жан дүниесін жайып салады. Орыс тілін білмейтін Ақбілек ым-ишараттар арқылы олардың өзара келісе алмауы, өзіне байланысты дау шыққанын түсінеді.

Кейіпкердің қатты қобалжуы, сасқалақтауы оның жүріс-тұрысы, қимылы арқылы шеберлікпен өріледі. Қабылдаушының арқасынан қағу арқылы – құптаудың, қолпаштаудың, қоштаудың, ризалықтың нышанын байқауға болады. Қарсылықтың нышанын – орнынан үнсіз тұрып кету, бас шайқау, қол сермеу сияқты кинемалар атқарады. Қорлау, масқаралау кинемалары да кездесіп отырады. Мұндай жағдайды есекке, сиырға теріс мінгізу, бетке түкіру, бетке күйе жағу, әйелдердің шашын кесу сияқты масқаралау жазаларын қолдану арқылы елге жария еткен. Араздасу белгісі ретінде – ат құйрығын кесу, әбден көңілі қалған адамға бір уыс топырақ шашу сияқты бейвербалды амалдар бар. Қазақ халқында қолын теріс жайып бата беру, бетке түкіру, топырақ шашу, омырауын көкке сауу сияқты кинемалар жазаның ауыр түрі болып саналады.

Қартқожаның есі шығып кетті, біресе үйге, біресе атына жүгіріп, қамшысын таба алмай сасқалақтады, жан дәрмен күйі атына міне сала жөнелді (120 б.). Қартқожаның сол сәттегі дәрменсіз күйін көрсетеді.

Жазушы шығармаларында ұялу эмоциясын білдіретін ым-ишараттар, ашулану, келіспеу, қарсылық білдіру, келісім беру, жақсы көру, қызғаныш т.б. кейіпкерлердің ішкі сезімдері қарым-қатынаста ақпарат әртүрлі дене мүшелері паралингвистиканың түрлі салалары қарастыратын – кинесикалық, такесикалық, дене қалыбы, просодика т.б. арқылы беріледі. Ашулану, ұялу эмоциясын бейвербалды амалдар арқылы беруге болады. Кейіпкерлердің ішкі сезім иірімдері кинесикалық, просодикалық амалдар арқылы беріледі. Ақпарат алудың көбі бейвербалды амалдар арқылы жүзеге асады. Ж. Аймауытов шығармаларында кейіпкерлердің айтайын деген ойы, сонымен қатар, жай-күйі, яғни оның ұялғанын, ашулы, қуанышты екендігі бейвербалды амалдар арқылы шынайы суреттеледі. Адам баласы табиғи жолмен берілген мұндай табиғи қасиеттерді жасыра алмайды. Қанша жасырмақ болғанымен оның астарында табиғи қасиеті жатады. Мысалы, адам өзінің қуанышын жасыруға тырысқанымен, оның күлімдеп, от шашып тұрған көздерінен қуанышты күйде тұрғанын айтпай-ақ аңғаруға болады. Сондай-ақ адамның қызғаныш сезімін де қимыл әрекеті, бет пішіні т.б. арқылы бірден аңғаруға болады.

Жауырынын күжірейтіп, белді мықтап буынды; Шідербай үйінің арбасының астынан қойшының сойылшасын тауып әкеліп, қирататын кісіше атына мініп одырандатып жөнелді ...

Қоқырандатып, төтесінен Қартқожа да қосылды (Ж.А.,55-бет).

Қартқожаның қимылы арқылы мінез ерекшелігі ашылғандай. Жазушы ым-ишаралардың бейнелілігін кеңінен пайдаланады. Мысалы, Қартқожа жұмысын шала-бұла бітіре сала, салып келді.

Қасен он шақты дөкейлерді иіріп алып, мәңгір-нәңгірдей тергеп жатыр екен. Ішінде Қартқожаның болысы да отыр (123 бет)

«Иіріп алып» етістігі Қасеннің образын береді. Әдетте «иіру» сөзі жеңіл нәрсеге байланысты айтылады. Қасен ел басқарған байларды, яғни дөкейлерді иіріп алады, бір жағынан Қасеннің өжеттілігі мен қайсарлығын берсе, әрі тергеудің қалай етіп жатқандығын бейнелейді. Жазушы етістік тұлғаларын іс-әрекеттің орындалу сынын бейнелеу мақсатында қолданады.

Мұқа «пажалыстаны» қағып, қол ұстап қоштасып, «қираттым ба?» дегендей опырандап тысқа шықты (249-бет).

«Опырандап» - Мұқаштың сол сәттегі кезін, көңіл-күйін шынайы жеткізіп тұр.

Бекболат тайрандап ауруханаға кірді (211-бет).

«Тайрандап» - кейіпкердің қуанышын бейнелейді. Сонымен, прозада жазушыкинесикалық амалдар мен қатар, просодикалық амалдар арқылы да кейіпкерлер келбетін шебер суреттейд.

Прозадағы көсемше тұлғалы етістіктер көбінесе авторлық ремаркаларда келіп кейіпкердің сөзінің мазмұны мен кейіпкердің сол сәттегі көңіл-күйіне, айтылған сөздің орынды-орынсыздығына сипаттама береді.

Жылтыр - аты шулы, алаяқ...

Оның бүлдірмеген ісі, екпеген пәлесі жоқ. Ол абақтыға жүз түсіп, жүз шыққан. Ол бір - сынап. Оның өтірігіне найза бойламайды. Ол бір су, орысшаға да, қазақшаға да бірдей. Ол талай қызды алып қашқан, талайды тастаған, қатын алу, тастау оған тымақ ауыстырып кигенмен бір есеп. Оның басына қандай тас тисе де, бір қайтпайды, ұрған сайын борсықша семіреді.

Жылтырдың білмейтін хабары, естімейтін өсегі жоқ, ағып тұрған сөз екен. Аузы аузына жұқпайды.

Ол елдің партиясын, сайлауын, кімнің пара алғанын, кімнің бергенін, кім қызын сайлаушыға шырға қылғанын, кімнің үйі, малы таланғанын, кімнің қатыны, қызы кеткенін, кім мен кімнің керіскенін, төбелескенін, кім абақтыға түскенін, кім шығарып алғанын, кім келіп іздеп жүргенін – бәрін саулатты.

- Айтыңыз, айтыңыз, - деп жылтыр жөкілдетті.

Психолог жазушы әр кейіпкерінің қимыл әрекетінен оның мінез ерекшелігін қоса аңғартып отырады. Мысалы, Жылтырдың қимыл әрекеті ұнамсыз мінезін көрсетеді.

Вот жулик, вот машинник!- деп орысшалап, басын шұлғып қойды.

О не? Не ғыпты?

Шорты знат! Әкеле жатқан поштаны талатып, поштабай өзі қашып кетті деп пәле сап отырғаны.

Жылтырдың бұрқырап, «шорт знатты» қағып келгені сол екен (Ж.А., 209).

Соңғы жолдардағы «шорт знатты қағып келгені» деген жолдар әрі мысқылды береді.

Қашан көрсең де көзі ойнақтап, пұшықтау мұрнының жұқа танауы делдиіп, дөнес маңдайы жылтырап, қунақы құланша атығырылып тұрғаны. Жылтырдың қу, айлакер, мінезі шапшаң

екендігі «көзінің ойнақтауы», «танауының делдиіп» тұруынан аңғаруға бірден болады.

Жылтырдың қимыл әрекеті екіжүзді, құбылмалы мінезін жайып салады. Кейіпкер образын сомдауда экспрессивтілікке сүйенген.

Төлеген қазақшылығы ұстады ма, немесе бір күніме керегі болар деді ме - жастардың қатарында бұл екеуін де қонаққа шақырған еді. Оған бұлар «біз де жан екенбіз» дегендей әлдеқандай боп, дардиып келіп отыр еді.

Тыпаң қыбыржып қарап отыра алмайтын кісі ғой.

- Қалай Төлеген? қызмет жақсы ма?.. - деп, қазаққа қабырғасы қайысатынын білдіріп, зорлық, зәбір көрген қазақтардың арызын сөз қып отырды. Тыпаң әлде бірденені көптірін айтқанда, Ықан көзін ежірейтіп:

- Е, разве? Е, разве? - деп, таңырқағанын білдірді (Ж.А., 225-бет).

Комиссарлар сауылдап кіріп келгенде Төлеген:

Ә, келіңіздер, келіңіздер! - деп алдарынан жүгірді. Біздің Бекболат та ұшып түрегеліп, босағада қаздыып тұра қалды.

- Ә ... - деп Тыпаң да құтындап түрегелді (Ж.А.,226-бет).

Дардиып – көсемше тұлғалы етістік, автордың көзқарасын білдіруде айрықша рөл атқарады, кейіпкердің «қыбыржып отыра алмауы, көзін ежірейтуі» мінез ерекшеліктерін білдіреді.

Байдын:

- Сіз берірек, - деген сөзінен ақсақал кәдірлі қонақ өзі екенін сезіп, мардамсып қалды (Ж.А.,276-бет).

Мандай терісі қырысып, бет-аузы тырысып, дардиып, сауылдап, мардамсып, бажырайып қарап, қара көзі жаудырап, т.б. сол сияқты кинесикалық, такесикалық, дене қалпы, просодикалық амалдар кейіпкерлердің ішкі сезімдерін бейнелеу үшін жұмсалған.

Жүсіпбек Аймауытұлы кейіпкердің түрлі қимыл әрекеттерін олардың ерекше бір белгілерін таныту мақсатында жұмсайды. Жазушы төмендегі мысалда кедейлікті ғана суреттеп тұрған жоқ, сонымен қатар әйелдің салақтығын көрсетеді. Әйел салақтығы оның сауыс жыртқы киімінен ғана емес, басын қасуы т.б. қимылы арқылы нақтылана түседі.

О кезде қара сиырдың астынан сауыс жыртқы тері шалбары тылтиған қатын шелегімен қабат түрегеліп, қисайған кір кимешегінің мильығына сұқ қолын жүгіртіп, көзін сығарайтып, бір аяғын ілгері салып;

- Кет былай, кет былай! – деді (193-бет).

Ж. Аймауытов кейіпкерлерінің әр қилы дене қозғалысы, дене қалыбы, ишаралармен көп нәрсенің мән-жайын ашып бере алған. Жазушы туындыларында тыйым-бейвербалды амалдарды кеңінен пайдалана отырып, шығармаларының әдеби құнын жоғары деңгейге жеткізген.

КОНВЕРСИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ БІР ТҮРІ ЗАТТАНУ ҚҰБЫЛЫСЫ (СУБСТАНТИВАЦИЯ)

КОШАЕВА А. Б.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғалым Ж. Сарбалаев конверсияланған сөздерді лингвистикалық сөздіктерде беруде конверсиялық тәсіл арқылы сөз тудыру кең өріс алған ағылшын, неміс лексикографтарының тәжірибесіне арқа сүйеген дұрыс дейді [1]. Өйткені ағылшын тілінде конверсияланған сөздердің әрбір мағынасы сараланып, олардың әрқайсысына жеке-жеке түсінік беріліп, қай сөз табынан жасалғандығы көрсетіліп, сөздіктерде бөлек реестр сөз ретінде орын алады. Конверсияланған сөздердің басым көпшілігі тілдің лексикасында лексикалық-грамматикалық омонимдер түрінде өмір сүретіндігі белгілі. Басқа сөз таптарына қарағанда, тілде конверсиялану процесіне зат есімдер мен сын есімдер бір табан жақын тұрады. Себебі, бұл екі сөз табының синтаксистік қызметі кей жағдайда бір-бірімен ұштасып жатады. Контексте зат есім сын есімнің қызметін, керісінше субстантивтенген жағдайда сын есімнің барлық функциясын орындай береді. Сондықтан да бұл екі сөз табы жиі конверсияланып, тілде лексика-грамматикалық омонимдер қатарын құрайды. Қазақ тілінде жарық көрген түрлі лингвистикалық сөздіктерде конверсияланған сөздердің, негізінен, бастапқы (заттық не сындық) мағынасы көрсетіледі де, конверсиялану процесінде пайда болған соңғы жаңа мағынасы ескерілмей, ұмыт қала береді. Ал ағылшын тілінде жағдай мүлде басқаша. Ғалымның ойынша, конверсияланған сөз таптары ағылшын, неміс, француз, т.б. тілдеріндегідей қазақ тілінде де түрлі лингвистикалық сөздіктерде жеке реестр сөз ретінде берілуі тиіс.

Конверсиялық тәсілдердің бір түрі заттану құбылысы (субстантивация) ғалым С.Саменованың «Заттанған сындардың танымдық және функционалдық қызметі» еңбегінде жүйелі қарастырылған. Ғалым еңбегінде заттану арқылы жаңа сөз жасалатындықтан, оны сөзжасамдық үдеріс ретінде танудың маңызы зор екенін айтады. Ал жаңа сөз жаңа мағыналық өзгерістің

нәтижесінде жасалатындықтан, оны зат есім сөзжасамының мағыналық тәсілі ретінде қарастыруды жөн санайды [2; 38].

Тілдің қомақты бөлігін қамтитын заттанған сындар жайлы алғаш пікір білдірген және қазақ тіліндегі сөз таптарының арасында «ерекше бір құбылыс байқалатындығын» айтқан – А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш қызметін атқара алатын сөз таптарын атап-атап көрсетеді де, ол сөз таптарының бастауыш қызметінде жұмсалыуына қандай тілдік фактордың ықпал еткендігін төмендегіше түсіндіреді: «Зат есімнен басқа бастауыш болып тұрған әуелі – сын есім. Мысалы: көп қорқытады, терен батырады. «Көп қорқытады» дегенде қорқытатын көп емес, әрине адам. «Терең батырады» дегенде де батыратын терең су екені анық. Олай болса, мұндағы «көп» пен «терең» – «көп адам», «терең су» деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін «адам» мен «су» деген сөздер айтылмаған, бірақ ойда тұр» [3, 269 б.] А. Байтұрсынұлы сын есімдердің зат есім орнында жүретіндігін таныған және оны «зат-сын» деп бере отырып, заттанған сын есімдердің зат есімдерше түрлене алатындығын былай деп атап өткен: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді; мәселен, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз. Жалғыз сынды ғана көрсететін сөзді жай-сын дейміз. Зат-сынның жалғаулары да, зат есім жалғаулары да бірдей» [3, 219 б.]. Демек, А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі сын есімнің заттану жолдарын толық ашып бермесе де, бұл құбылыстың тілімізде жиі кездесетіндігін және заттанған сөздердің зат есімдерше түрлене алатындығын алғаш рет таныған.

Ал, Қ. Жұбанов сөз топтарының аражігінің толық ашылып болмағандығын: «Сөз топтарының ішінде бір-бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: ағаш, темір сияқтылар тек зат есім болып, жақсы, ұзын сияқтылар тек сын есім болып шекарасын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есім мен сын есімге ортақ шөре-шөре есімдер (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар. Мысалы: жас, бай, сұлу, жарлы, тағы-тағылар. Бұлар – әрі зат есім, әрі сын есім. Сондықтан жақсырақ, ұзынырақ сияқты жап-жас, сүп-сұлу, т.т. бола алады. Таза зат есімдерде бұл мүмкін емес: темірірек, ағашырақ болмайды», – деп атап кетеді [4, 234-235 б.]. Автордың осы «шөре-шөре есімдер» деп атап отырған

сөздері – бүгінге дейін шешімін толық таппай отырған мәселелер қатарында. Бір зерттеушілер бұл құбылысты түркі синкретизмімен байланыстырса, енді бір топ ғалымдар омонимдер қатарында қарастырып жүр.

Тілдегі сын есімнің заттануы мәселесіне пікір білдірген ғалымдарымыздың бірі – С. Аманжолов. Автор заттануда «сын есімнің затты анықтамай, оның орнына айтылатындығын» дұрыс таниды да, заттануды сөздің синтаксистік қызметінің өзгеруі тұрғысынан қарастырады. Яғни, сөйлемдегі сөздердің орны, олардың мағынасы белгілі бір сөздің қай сөйлем мүшесі болатындығын шешеді деген пікір білдіре отырып, сөздердің қолданыстық сипатына назар аудару қажет деп таниды [5].

Әр сөз табы өзіне тән лексикалық және грамматикалық мағынасы, тұлғасы және сөйлемде атқаратын қызметіне қарай ерекшеленеді. Бірақ, сөз таптарының жоғарыда аталған өзіндік қолданылу ерекшеліктері әр уақытта бірдей сақтала бермейді, өйткені сөздің мағынасы мен қызметі қатып қалған құбылыс емес. Тілде кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы, не болмаса алғашқы беретін мәнін әлсіретуі барысында жаңа бір лексикалық мағынаға ие болуы да, сөйлемде басқа бір сөз табының мағынасында қолданылуы да – жиі болып тұратын құбылыс. Ауыспалылық құбылысының әр алуандылығы түрлі аталымның туындауына себеп болады. Заттану құбылысының тілде қалыптасуы, пайда болу тарихы әріден басталады. Оған көне әдеби мұралардағы тілдік деректер дәлел. Алғашында сын есімдер мен есімшелер зат есімнің мағынасында уақытша қолданылған да, кейін келе кейбірінің заттық мағыналары тілде тұрақталып, аталымға айналған. Басқа сөз таптарының сөзі заттанғанда, ең алдымен оларда мағыналық өзгеріс жүреді. Олар өздерінің алғашқы сөз табына қатысты мағыналарынан ауытқып, екінші бір заттық мағынаны қабылдайды. Мысалы, төменде берілген сөйлемдердегі заттанған сөздерге назар аударалық: Абай мынадай өзгеше шалды бірталай аңырап, қайран қап тұрып, зорға аңғарды (М.Әуезов). ... Қарт соқыр екен (М. Әуезов). Мысалдағы заттанған – шал сөзі алғашында ақ, бурыл, боз деген сындық мағыналарда жеке қолданылған сөз болған. Оның бұл қызметтегі қолданысы кейбір тіркестер мен туынды сөздердің құрамында сақталған (шал құйрық, шалғырт тарту, шалғырттану). Қартайған, жасы ұлғайған адамның да шашына ақ кіріп, шалғырт тартатыны белгілі. Осындай белгісінің ұқсастығына орай, шал сөзі біртіндеп өз мағынасының үстіне қосымша жасы ұлғайған, қартайған

ер адам деген мағынаны да қосып алған. Тіл дамуының барысында, оның алғашқы сындық мағынасы көмескіленіп, екінші заттық мағынасы белсенділік танытқан. Осының нәтижесінде тілде бұрын болмаған жаңа ұғымның атауы танылып, қалыптасқан. Ол – жасы ұлғайған ер адам. Бұл күнде шал сөзінің осы кейінгі заттық мағынасы ғана тілде тұрақталып қалғандығы, бұл мағынасы жалпыға танылып кеткендігі Р.Сыздық еңбегінде айтылады [6, 104 б.].

Сол сияқты, қарт сөзі де алғашында тілде қарт адам деген тіркес түрінде қолданылып, сындық мағынада жұмсалғаны белгілі. Осы тіркес түрінде жиі қолданыла келе, яғни қарт сөзі үнемі адамның жас ерекшелігін білдіретін болғандықтан да, осы тілде сөйлейтін жалпы халыққа оның жасы келген, қартайған адам деген заттық мағынасы толық танылған. Сондықтан да кейін қартайған, жасы ұлғайған адам деген мағына еш тіркессіз, сын есім қарт сөзі арқылы да таныла бастаған. Өйткені бұл сөз өзінің алғашқы сындық мағынасының үстіне адам сөзінің абстракты мәндегі заттық мағынасын жамап алып, мағыналық жағынан өзгеріске түскен. Яғни, қарт сөзінің мағынасы кеңіген, ол әрі қартайған, жасы ұлғайған деген сындық мағынаны, әрі адам деген заттық мағынаны беретін болған. Сөйтіп, белгілі бір жас шамасына келген адамды атайтын жаңа аталым тілде пайда болған. Сөз негізгі номинативті мағынасынан гөрі, кейіннен қосақталған екінші заттық мағынасында тілде жиі қолданысқа түсіп отыруы нәтижесінде сол тілде сөйлейтін адамдардың бөріне оның кейінгі заттық мағынасы танылады. Бара-бара алғашқы номинативтік мағынасы не солғындайды, не біржола жойылады да, екіншілік заттық мағынасы тілде тұрақталады. Сөйтіп, тілде жаңа бір заттың, не құбылыстың атауы пайда болады. Мысалы: ағарған сөзінен жалпы сүт және сүттен жасалған тағам деген белгілі бір затқа байланысты атаулық ұғым анық байқалса, бай сөзінен игілігінде көп мал-мүлкі бар, үстем тап өкілі деген адамға қатысты атаулық ұғым анық көрінеді. Бұл сөздер заттанудың негізінде жасалған аталымдар болғандықтан, сөздіктерде заттық мағыналары жеке беріліп, реестр сөз ретінде танылады.

Басқа сөз табының сөзі заттанғанда, сөздің ішкі мағыналық құрылымында өзгеріс жүреді. Егер зат есім емес сөз заттық мағынаны иеленбесе, ол заттанған сөз болып танылмайды. Заттану арқылы тілде жаңа мағыналы сөз жасалады, ол өмірдегі заттың, нәрсенің, құбылыстың атауын білдіреді, зат есімнің лексикалық құрамының кенесіне мүмкіндік тудырады. Сөз жасау үдерісімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды сөзжасам

зерттесе, заттанған сындардың да сөзжасамдық қабілеті жоғары екендігі танылады.

Қазақ тіліндегі заттанған сындардың барлығы сөзжасам аясында қарастырылмайды, бірақ тілде заттық мағынасы танылып, жалпыхалықтық сипат алған бірсыпыра сөздер бар. Мысалы: үлкен, жақсы, жаман, кәрі, жас, ақылды, ақымақ, бай, сұлу, білімді, білімсіз, науқас т.б. Бұндай сындардың зат есім мағынасында қолданылуы тілде толық танылған. Олардың заттық мағыналарының жалпыға танылуының себебі: осы сөздердің зат есім мағынасында жиі әрі тұрақты қолданылуы, яғни қолданыстағы тұрақтылығы болып табылады. Мысалы: Кәрі, жас дәурені өзге тату емес (Абай). Ары бар, ұяты бар үлкенге сен (Абай). Жақсының басына іс түссе, бір тулар да басылар (Мәтел). Бұлардың заттық мағыналарын мәтін ашады. Тілде заттық мағынада қолданылуы қалыптасып, жалпыхалықтық сипат алып кеткен жоғарыдағылар тәрізді сөздер де заттанған сөздер деп қабылданады. Бірақ олар сөзжасам деңгейіндегі заттанулардан бөлек қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері (оқу құралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 152 бет.
- 2 Саменова С.Н. Заттанған сындардың танымдық және функционалдық қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 4 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алматы: Ғылым, 1966. – с 362.
- 5 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
- 6 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 97 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОНВЕРСИЯ ПРОЦЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

САРБАЛАЕВ Ж. Т.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КОШАЕВА А. Б.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жалпы тіл білімінде туынды сөз бен оның жасалу жолдарына, семантикасына, сөзжасамның семантикалық тәсіліне арналған еңбектер баршылық. Орыс тіл білімінде Г. О. Винокур, В. В. Виноградов, Е. Курилович, А. Н. Уфимцева, Е. С. Кубрякова, В. Н. Ярцева т.б. ғалымдарды атасақ, түркітануда Э. В. Севортян, А. Н. Кононов, Н. А. Басқақов, А. А. Юлдашев, И. А. Батманов, Ф. А. Ганиев, А. Г. Гулямова, М. А. Хабичев, Б. О. Орузбаеваның еңбектерін ерекше көрсетеміз. Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселелер А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен бастау алады. Одан кейін олардың сара жолын Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, М. Томанов, Ә. Қайдар, Н. Оралбаева, Е. Жанпейісов, Б. Сағындыұлы, Е. З. Қажыбеков, Ж. Манкеева, А. Б. Салқынбай, Ж. Сарбалаев т.б. ғалымдар жалғастырды.

Түркітануда сөз мағынасын зерттеу М. Қашқаридан бастау алады. Ол өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде бір буынды түбір негіздердің сөздігін жасап, оларды сөздердің мағыналық топтасуына лайықтап тізіп берген [1]. Бұны түркі тіліндегі алғашқы түсіндірмелер, алғашқы зерттеулер қатарынан орын алатын еңбек деп есептейміз.

Морфология саласынан бөлініп шығып жеке тілдік қабат ретінде қалыптасқан сөзжасам саласы өткен ғасырдың 90-ншы жылдарынан бастап отауын тікті. Сөзжасам сөз тудыру мәселелерін зерттейтіні белгілі. Бір сөз табының қосымшалар, сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы, лексика-семантикалық тәсілдері арқылы жаңа сөз, жаңа мағына, сөздің жасалуын қарастырып, тілдің басқа салалары сияқты қоғамның дамуымен қатар дамып келе жатыр. Сөзжасамдық процесс – тілдің өн бойында жүріп жататын үзілмейтін процесс.

Ал түрколог-ғалым Э. В. Севортян конверсияны ерте дәуірде болған синкретизмнің лексика-морфологиялық көрінісі деп қарайды. Э.В.Севортян конверсияны түркі тілдерінің өте көне дәуірінде болған процесс деп таниды, ал түркі тілдеріндегі есім-етістік омонимдерді конверсия аясында қарастырмай, оны тек лексика-

морфологиялық синкретизмнің көне дәуіріндегі көрінісі деп санайды [2; 7-8].

Тілдегі, сөздік құрамдағы сөздер қатып қалған нәрсе емес, олар белгілі бір сөз таптарына байланып қалған жоқ. Тілдің тарихи даму барысында олар үнемі үздіксіз қозғалыста болып, бір сөз табынан екінші сөз табына ауысып, өздерінің мәні мен қызметін өзгертіп отырады.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде тілді семантикалық жақтан қараудың маңызы жоғары екендігі ғалымдар еңбегінде айтылып жүр. Осыған байланысты сөзжасамның семантикалық тәсілі туралы арнайы ғылыми зерттеу еңбегінің жазылу қажеттігі айқындалып отыр. Жалпы тіл білімінде зерттеу жұмысына арқау болып отырған семантикалық тәсіл термин тұрғысынан алғанда түрліше аталып келеді: *лексика-семантикалық тәсіл, семантикалық тәсіл, конверсиялық тәсіл, лексика-грамматикалық тәсіл т.б.*

Аталған тәсіл бойынша сөз тудыру амалы қазақ тіл білімінде зерттелсе де, ол жайындағы ғылыми ой-тұжырымдарда әлі де бірізділік жоқ екені байқалады. Қазақ тіл білімінде «конверсиялық процесс» деп аталмаса да, сөз таптарының бір-біріне ауысуы, оның сөзжасамға қатыстылығы туралы біраз пікірлер айтылды.

Конверсия процесі туралы теріс түсінік 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деп аталатын іргелі еңбекте орын алған. Аталған монографияда конверсиялық тәсіл «сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі» деп аталыпты. «Мұндай жол белгілі бір сөздердің жаңа мағынаға ие болуы көп мәнді ең бастысы, омонимдес келуі арқылы жасалады». Сондай-ақ «осы жол кейбір сөздердің ол бастағы мәнін жоғалту не болмаса әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан табылуға жол береді». «Тіл білімінде мұндай құбылысы прономинизация (сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы) деп аталып жүр [3; 99-100]» деген анықтама берілген. Осыған қатысты ғалым Ж. Сарбалаев бірнеше қарсы пікірлер айтады. Мәселен, «Біріншіден, сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, авторлар айтқандай, «сөздердің омонимдік қатарда» келуі арқылы жасалмайды. Керісінше, сол сөздердің омонимдік қатарда келуі, сөйтіп, олардың тілде жаңа сөз болып танылуы, ең алдымен, сол лексика-семантикалық тәсілдің нәтижесі емес пе? Екіншіден, кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы не болмаса, әлсіреуінің олардың басқа сөз табында танылуына негіз бола алмайды. Сөздердің бір сөз табына екінші сөз табына ауысуының басты себебі, біріншіден, «белгілі бір сөз

табындағы лексемалардың жеткіліксіздігінен» болса, екіншіден, сол сөздердің өздеріне тән әуел баста орныққан функциясын өзгерту болып табылады. Үшіншіден, бір сөз табының екінші сөз табына ауысуы «прономинизация» деп аталмайды. Жалпы тіл білімінде сөз таптарының бір-біріне ауысуы *конверсия, трансформация, транспозиция, субституция, декорреляция* т.б. атаулармен аталады. Бірақ бұлардың ішінде лингвистикада жиі қолданылатыны – **конверсия** термині. Ал прономинизация болса, басқа сөз таптарының есімдіктердің қатарына ауысуы болып табылады да, ол конверсиялық бір формасы болып саналады [2; 17]».

Сөзжасам саласындағы негізгі теориялық мәселелерді бір ізге түсірген ғалым Н.Оралбаева «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты еңбегінде сөзжасамның үш тәсілін атай келіп, «лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды» [4; 38], - деп көрсетеді.

«Жалпы тіл білімінде сөздердің бір лексика-грамматикалық категориядан екінші бір лексика-грамматикалық категорияларға ауысулары «конверсия» (ағылшын тілінен алынған термин: *conversion* - айналу) деп аталады, ол сөзжасамның бір жолы (түрі) ретінде танылады» [2; 3], - дейді Жақсыбай Сарбалаев.

«Семантикалық процесс, семантикалық өзгеріс сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған туындылардың қай-қайсысында да болып отырады. Сондықтан сөзжасамның бұл түрін жалпы тіл білімінде кейде конверсиялық тәсіл деп те атайды» [5; 281], - дейді ғалым С. Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» деген еңбегінде. Енді бір жерде конверсиялық тәсілдің ерекшелігіне тоқталады: «Конверсиялық тәсілдің ерекшелігі сол, ол сөздердің сөйлеу процесінде, жаңа сөздермен байланысып, тіркесе жұмсалыуында жаңа мағыналарға, семантикалық өзгеріске түсуінде». «Конверсиялық сөзжасам тәсіліне, ең алдымен, есім-етістік тәрізді түркі синкретизмі деп аталып жүрген тілдік құбылыстың тіліміздегі қалдық көрсеткіштерін жатқызуға болады», - дейді де, мынадай мысалдар келтіреді: «*тат* (өсімдіктің, заттың сыртқы жұғатын түрі немесе көне түркі тілінде астың дәмі) және *тат* (ауыз тию, дәмін алу: астан тату), *ой* төмен, ойпат жер: *ой* жер және *ой* қазу, тесік жасау: мұзды ою, *қыз/қызыл қызық, қымбат* мәнінде қолданылған және *қыз* (шегіне жету, қызару), *тоң* (қатып қалған жер) және *тоң* (суық тию, қалтырау) т.б.» [5; 281].

Есім-етістік түбірлердің түркітануда омоним деп қарастырылып жүргенін сөз еткен қазақ тілінің тарихи грамматикасын зерттеуші

ғалым М. Томанов көне түркі тілінде де жойылмағандығын айтады. Түркі тілдерінде тон (мүз), тон (тон май), тоң (ол тонды); қат (қаттап жинау), қат (қатты болу), сұқ (сұқ саусак), сүк (қолын сұқты), сүк (сұғын қадады) сөздерінің түбір күйінде омонимдік қатар құрайтын синкретикалық параллельдердің тарихи сипатқа ие екенін, оны туыс тілдер арасында мол кездесетінін көрсеткен [6; 141].

Ғалым А. Салқынбай «Қазақ тілінің сөзжасамы» деген еңбегінде: «Сөзжасамның көне әрі ежелгі тәсілдерінің бірі – семантикалық сөзжасам. Тіл білімінде сөздің ешқандай тұлғалық өзгеріске түспей-ақ, мағыналық даму нәтижесінде екіншілік мағына берудің мұндай тәсілін сөзжасамдық конверсия деп те атайды», - деп көрсетеді де, ол тәсілдің әлі дұрыс зерттелмегеніне баса назар аударады. «Тұлғалық өзгеріссіз-ақ сөздің мағыналық дамуы арқылы туынды сөз жасалуы туралы теориялық мәселе қазақ тіл білімінде жеке зерттеу нысанына айналған жоқ» [7; 91], - дейді. «Түркі тілдеріндегі етістік пен есімнің гомогендігі тікелей конверсияның нәтижесі ретінде бағаланады. Яғни тіл дамуындағы болмыстың атауы мен оның іс-әрекетін атау бір тұлғамен таңбаланған. Мұның да өзіндік ішкі заңдылығы болса керек. Белгілі бір зат, оның қимыл-қозғалысы, белгісі – әуелде бір ғана дыбыстық жамылғыш арқылы таңбала келіп, кейіннен сөйлеуде әртүрлі қызмет аясында қолдану барысында мағыналық дамуға жеткен» [7; 92].

Біз де қазіргі қазақ тіліндегі синкретикалық жұп сөздерді яғни, етістік-есім омонимдерді конверсия аясында қарастыру қажет деген пікірлерді қолдаймыз. Себебі, конверсиялық процесс Э. В. Севортян айтқандай, түркі тілдерінің көне дәуірінде болып өткен көне процесс емес, ол да ағылшын тіліндегідей дамудағы, қазіргі кезде кемеліне келген тілдік процесс. Тілдің бір бөлшегі – сөз таптарының өзге де тілдік құбылыстар сияқты даму, қозғалыс күйінде болатынын ескерсек, онда ешкім де конверсиялық процесті жоққа шығара алмайды. Өйткені, сөздерді белгілі бір сөз таптарына байлап қоюға болмайды. Конверсия тәсілін мойындамау – бұл ең алдымен сөз таптарының дамуын, басқаша айтқанда, тілдің жалпы дамуын мойындамаумен бірдей. Сөздер де тілдің даму барысында түрлі өзгерістерді басынан өткізеді. Олар тілдің даму процесінде кейде өзінің семантикалық мәні мен синтаксистік қызметінен қол үзіп, көмекші сөздерге не болмаса грамматикалық форманттарға айналып отырады, енді бірде сөздер өздерінің категориялық мағынасы мен парадигмамен жекешеленіп, өзге бір грамматикалық топтардың қатарына ауысып, тілдегі лексика-грамматикалық омонимдердің

түзілуіне себепші болады. Тілдегі тарихи тұрғыдан синкретикалық жұптар немесе етістік-есім омонимдер (дұрысы, тарихи омонимдер), ал, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан лексика-грамматикалық омонимдер ретінде қарастырылатын, *ақ, қара, көн, той, жон, күй*, т.б. сықылды сөздерді, біздіңше, конверсиялық процесс аясында қарастыру жөн секілді. Өйткені, етістік-есім омоним сөздердің тарихи қалыптасуын белгілі бір дәрежеде конверсиялық процестің негізінде түсіндіруге болады. Бұл жерде, біріншіден, конверсиялық процестің өте көнелілігін, оның сонау сөздердің сөз таптарына жіктелу дәуірінен бастау алатынын ескеру керек, екіншіден, оның Э.В. Севортян айтқандай, «өлу үстіндегі процесс» емес, қайта ағылшын және басқа тілдердегідей даму, жетілу күйіндегі құбылыс екенін есте ұстау қажет [2; 10].

Конверсия тәсілі тілдегі сөз таптарының арасында болатын көптеген сөз алмасуларды білдіретін үдеріс (процесс) болса, жалпыламалық қасиетке ие болады. Ал оның жекелеген сөз таптарындағы көрінісі жеке термин сөзбен аталады да (*субстантивация, адъективация, прономинизация, вербализация, адвербиализация, конъюнкция*) бір жағынан конверсиялық тәсілдердің бір түрі немесе бір формасы болып табылады. Екінші жағынан, олар сөз табын жаңа сөздермен толықтырып, сөз табының сөз тудыру амалы, тәсілі ретінде де қабылданады.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде: «Сөз тудыру дегеніміз – жаңадан сөз жасау заңдары мен ережелерінің жинағы», - деп көрсетеді [8; 86]. Конверсиялық тәсіл арқылы сөз тудыру тілдегі сөз таптарының бір-біріне ауысуына сүйенеді. Тілдің даму барысында белгілі бір сөз таптарындағы сөздер өзінің бастапқы лексика-грамматикалық категорияларынан қол үзіп, екінші бір лексика-грамматикалық категорияға ауысады. Басқа сөз табынан ауысып келген сөздер уақыт өте келе өзі енген сөз табының мағынасы мен грамматикалық ерекшелігін қабылдап, сол категорияға сіңіп кетеді. Бірақ олар өздерінің бастапқы мағынасы мен грамматикалық ерекшеліктерін жоғалтқанымен, тұлғалық қалпын сақтап қалады. Сөйтіп, тілдің грамматикалық жүйесінде тұлғалануы бірдей болғанымен, мәні мен грамматикалық сипаты әр түрлі сөз табына қатысты болып келетін лексика-грамматикалық омонимдер пайда болады. Мысалы: *жақсы (сын есім), жақсы (үстеу). Еріксіз (сын есім), еріксіз (үстеу). Бай (зат есім) бай (сын есім). Жас (зат есім), жас (сын есім). Біреу (жинақтау), біреу (белгісіздік есімдігі). Ауру (зат есім), ауру (сын есім)*. Мұндай тұлғалануы бірдей лексемалар

тілде лексика-грамматикалық омонимдер деп аталады да, өзара омонимдік қатар құрайды. Бұлардың әрқайсысы дербес сөз ретінде танылады, лингвистикалық сөздіктерде өз алдына бөлек, жеке сөз ретінде беріледі.

Конверсия тәсілі сөз болғанда, бір мәселеге көңіл бөлу қажет. Ол – конверсияланған сөздердің екі тілді және түсіндірме сөздіктерде берілу жайы. Конверсияланған сөздердің түрлі лингвистикалық сөздіктерде берілу жайы тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркологиядағы ең өзекті проблемалардың бірі болып есептеледі. Конверсияланған сөздердің жалпы теориясы жасалмағандықтан лингвистикалық сөздіктерді жасау барысында оны өзіне ұқсас құбылыстардан, мысалы, омонимдерден, формалас сөздерден, олардың бастапқы және соңғы жаңа мағыналарын ажыратып көрсетуде, әсіресе, сөздікшелер қатты қиындыққа, кедергіге тап болады. «Всего грамматисты по возможности стараются затрагивать этого трудного и насущного вопроса, чего никак себе могут позволить лексикографы, перед которыми он вешает в их работе на каждом шагу и которые за отсутствием каких бы то не было ясных теоритических установок вынуждены решать его по своему усмотрению в соответсвий с какой-либо их приведенных точек зрения [2; 18]» - дейді башқұрт ғалымы А.А. Юлдашев.

Ғалым Ф. Б. Шойбекова «*Транспозиция құбылысы мен сөзжасамның семантикалық тәсілінің арақатынасы*» деген ғылыми мақаласында: «Тіл білімінде транспозиция өзінің ұғымының тиімділігімен ерекше сипатқа ие. Сөздер дамуға түсіп, жаңа мағынаны иемдене алады. Бірақ олардың барлығында жаңа сөз жасала бермеуі мүмкін», - деп айтып, орыс ғалымдарының пікірлерін келтіреді: «Орыс ғалымы В.В.Виноградов тіл білімінде сөз таптары мәселесінің сөзжасамның семантикалық тәсілімен байланысы бар екенін пайымдаған. Ал Е. С. Кубрякова пікірінше, транспозиция – зат пен оның қимылы, белгісі арасындағы ұғымдық қатынастарды байланыстыратын, сөз таптарының арасын жалғастырушы көпір» [9; 195]. Ғалым пікіріне назар аударсақ, сөз таптарының бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуы адамның ойлауы, болмысы, пікірі негізінде іске асады.

Ғалым А. К. Қалдыбаева «*Сөзжасамның үстеуге қатысы*» атты мақаласында сөзжасамға, оның ішінде конверсияға қатысты негізгі мәселенің басын ашады. Сөзжасамның лексикалық және семантикалық тәсілдері лексикология саласында қаралуға тиіс болып, сөзжасамның ерекше сипаты, өзіне тән негізгі қасиеті – сөз

тудыру ерекшелігі, сол арқылы тілдің сөздік құрамын байытуы, сөз қатарының артуы, яғни грамматикаға еңбейтін сипаттары көлеңкеде қалып, негізден айырылып қалғанын ескертеді [10; 46].

Қорытындылай келе айтарымыз, қазақ тілі сөзжасамының конверсия мәселесі - әлі де зерттей түсуді, ғылыми сипатын нақтылай түсуді қажет ететін өзекті тақырып. Ғалымдардың пікірлерін саралай келіп терминді ортақтастыру, сөздіктердегі конверсивтердің дұрыс берілуі, оладың мағыналарының толық ашылуы, бір сөз табынан екінші сөз табына ауысу кезіндегі тарихи фактілерді зерделеу болашақтың еншісінде деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
- 2 Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері (оқу құралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 152 бет.
- 3 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
- 4 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы: Оқулық. – Алматы, 2001. – 213 б.
- 5 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. – 304 б.
- 6 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 7 Салқынбай А. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы: Қазақ университеті. 2007. – 192 б.
- 8 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 406 б.
- 9 Шойбекова Ф.Б. Транспозиция құбылысы мен сөзжасамның семантикалық тәсілінің арақатынасы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2010. № 4-5. 193-195 б.
- 10 Қалдыбаева А.К. Сөзжасамның үстеуге қатысы. Білім. Образование. 2008. № 2. 46-48 б.

THE LIFE AND ACTIVITY OF ZHUSYPBEK AIMAUTOV

MAKHANBET A.

School-Lyceum №266, Kent Aiteke bi

Zhusypbek Aimaurov was one of the greatest writer of the Kazakh literature in the 10th century. He was one of the founders of the realism of Kazakh Literature.

Zhusypbek Aimaurov (1889-1931) was a famous writer, a dramatist, a publicist and one the founders of the Kazakh Literature in 20th century. His native land was Pavlodar region, Bayanaul district, aul “Kyzyl-tu” now aul Zhusypbek Aimaurov. His father was poor, but his grandparents were famous and rich.

Zhusypbek had taught arabic at his early years. In 1907 he studied Russian-Kazakh school in Kereky now (Pavlodar) then at the agricultural school. During his study at these school he earned his money by teaching children. In 1911-1914 years he was a teacher at school. In 1914 he entered the “Teaching Seminar” in Semei and ended in 1918. After that he was interested with the activities of “Alash Orda” party, where he got acquainted with Kanysh Satbaev and Mukhtar Auezov and he published the magazine Abai in Semei. Then he was off the “Alash-Orda” party, and he became the member of the Communist Party in 1919. He was elected as a delegate of Kurultai of Kazakhstan Kenesteri. In 1920 and at this congress he was elected as a vice- commissar of the Kazakh National Educational Commisariat, in 1920. After that he managed the department of Education of govorny of Semei, in 1921 and the editor of newspaper “Kazakh Tili”. In 1922-1924 years he worked as teacher at school in Karkaraly , in 1924-1926 he was a manager of newspaper “Akzhal” in Tashkent then he was a director of the Pedagogical college in Shumkent in (1926-1929). In 1929 he was arrested with the fault of that he had the connection of national organization of Kazakhstan Alash-Orda and he was taken to prison, after long inquest, the capital punishment had taken away with him.

Zhusypbek Aimaurov was one of the fighters of new world in Kazakstan, he showed the example of patriotism that he loved his nation. His works in Shumkent showed his activities in his life. During the time of repression Zhusypbek was taken to prison and in 1931 he was shoot.

In his short life Zhusypbek Aimaurov was left rich heritage, literary.

He translated the compositions of W. Shakespare, V. Gigo, G. Moppasan, A. S. Pushkin, N.V. Gogol, L. N. Tolstoi and some

scientific works of such as “International” and he wrote many research works about pedagogics, about psychology, about methodology, about education, and he wrote many research works about critics, he wrote numbers of different important research works and publicistic plays articles and such as: “Kartkoza”, “The Kunekei’s zhazuk”, “Sherniaz”, “El Korgany”, “Mansapkorlar” and research works about methodology of education literature, psychology. The complex methods of teaching “Zhan zhuesy”, “Uner tanu” the research works about the poetry of Magzhan are the priceless works of history of Kazakh literature. In 1918-1919 he published the magazine Abai with M. Auezov. In this magazine he wrote the article with pseudonym “Ekeu”, together M. Auezov, Abai’s life and activity, (1918) “The Poets after Abai”, (1918). At these articles they wrote about Abai’s life as a poet, and they showed the rich, priceless Abai’s Literary heritage and they said that the poet’s after Abai had to learn these heritage.

What kind of historical role Pushkin took in Russian literature, so did Abai in Kazakh Literature they showed it in their articles.

They showed Abai’s effects to the poetry culture the foundation of the Kazakh Literature and they showed the connection of Abai’s poetry with the East and West literature.

Zhusypbek Aimaurov continued Abai’s creative works and he was one of the famous person of Kazakh Literature. In 1996-1999 years the scientists of the Institute of Literature and Art after M. Auezov were gathered all the heritage of Zhusypbek Aimaurov and published them 5 volumes. Though the Kazakh readers met with the works of famous writer after 60 years.

Zhusypbek Aimaurov was the first who brought lirism to the artistic fiction, so he was one of the greatest stylist- writer of landscape, and psychologist. During his teaching activity he wrote many works how to teach and educate the methodology of teaching and education. His greatest research works about pedagogica, psycology, methodology carried out important role in his time. The greatest research works, Among them “Manuel to education”, (1924) “Psychology” 1926, “The System of soul and choose of Art” 1926 etc. it’s the beginning of the such scientific directions of that sciences. In his short life Zhusypbek Aimaurov worked hard in different kinds of sciences he left the rich heritage behind him. He was very industrious person. There are many poems, such as “Nur kui” poem, “Rabiga”, “Mansapkorlar”, “Sulang kuz”, “El korgany”, “ Kanaphiya”, “Sharbanu”, “Sherniaz” plays, many short stories, and novels such as “Karatkozha”, “AkBILEK” a story “Kunikei’s zhazuy”

and many fairy tails for children, critical articles and translations in the 5 volume composition collections.

The articles which was written by Zhusypbek Aimautov showed that he was a very talented person, humanist writer, a great patriot of his society. His compositions, articles, works are named to the big problems of his time. Though his work are greatful helpful, his ideas are lifeful, he was interested in the problems of that time. He wanted to decide the problems disadvantages of that society, which he lived in . Nowadays nearly ten unpublished stories and more than fifty articles and essays were found. These unpublished heritage of Zhusypbek Aimautov were found by Nurzhan Kuantaiuly who research the heritage of Zh. Aimautov, from the dusted archive and he returned the brightened works of the Kazakh readers. He was said to be very talented poet and a researher.

These works of Zhusypbek Aimautov which were found by Nurzhan Kuantaiuly were not published in his 5 volume composition collection.

Zhusypbek Aimautov entered the Alash-Orda in 1917-1919 years, when in 1919, Soviet government was built in Semei, he became the members of it with many young Kazakh people.

Zhusypbek Aimautov took part in Kazakhstan Kengesteri Kurultai as a delegate in 1920, and in 1921 he managed the govorny educational department, and the editor of the newspaper “Kazakh”, the member of journalists burou, as a secretary. In 1922-1924 he was a teacher at school in Karkaraly, 1924-1926 years he was a department manager of the newspaper “Akzhol”. He served the Institute of Kazakh in Tashkent, in 1926-1929, he was a teacher and director of pedagogical college in Shumkent . Before the famine disaster he found the organization “Zhanar” among the young people to help to the poor people with the patriots of nation in Semei. The aims and duties of organization is to help ordinary people, to look after young people who fought for independence of nation and to teach them literacy.

Zhusypbek Aimautov helped the people during the famine disaster he and his copam helped the people from the aspect of cultural-mental and social welfare.

During the repression of 1930s, a very talented highly developed, well educated honesty person Zhusypbek Aimautov was arrested by NKVD and in 1930, 21st of April was shot down in the prison of Butirka in Moscow but his spirital life is continuing.

Zhusypbek Aimautov worked hardly in different kinds of word art. His poems such as (“Sararka’s salem”, “Nur kui”etc, “Anshi”, “Eles”, “Zhol ustinde”, “Karabaksu”stories) Kunikei’s zhazuk story, “Kartkozha”

“Akibilek” novels, his plays “Sulang Kuz”, “Mansapkorlar”, “Rabiga”, “El Korganu”, “Kanapia”, “Sharbanu”, “Sherniaz” and his translations from A.S. Pushkin “Sarang Seri”, “Tas meiman”, from N.V.Gogal “Revisor”, from V.Gugo, “Beisharalar” from Ph.Dushen “Dameli” and his critical works such as “Magzhan’s poetry”, “About translation”, “Sunkar zhuri” showed his great talent.

He was well-educated, intelligent, highly developed person. He knew much about psychology, about system of soul. He showed his great knowledge of in teaching and educating in his works of “Manual to education”, “Phsycology”, “Complex teaching methodology”. In his stories “Zhaman tumak”, “Kok agiz”, “Shal men Kempir”, “Ush kuz” fairy tails for children he described simply the meaning of the text with the impressions of nature.

The most important thing is that these works nowadays don’t lose its spirital / cultural meanings.

ҮСТЕУЛЕРДІҢ ДАМУЫН БАРЛАҒАНДА ...

САРБАЛАЕВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдегі сөз таптары да, ондағы өзге де грамматикалық категория сықылды бірден, бір мезгілде пайда бола қойған жоқ. Олар да тілдің тарихи даму барысында ұзақ жолдан өтті, бірте-бірте лексика - грамматикалық болып қалыптасты. Осыған байланысты тіл құрамындағы сөз таптарын пайда болу мерзімі жағынан «көне» немесе «байырғы» сөз таптары және «жаңа» болмаса «тың» сөз таптары да ажыратуға болады. Көне немесе байырғы сөз таптарының қатарына өзін иеленуші халықтың тілімен бірге жасасып, ежелден келе жатқан есім, етістік, еліктеуіш, одағай тәрізді лексика грамматикалық категориялар жатса, ал жаңа болмаса тың сөз таптарын құрамына тілдің тарихи даму барысында кейінен, онда да тңлде бұрынан бар байырғы сөз таптараның негізінде қалыптасқан сын есім, үстеу, шылау секілді категорияларды кіргізуге болады. Десек те, біздің ойымызша сөз таптарының осылайша көне немесе жаңа деп бөліп қарастыру, әлбетте шартты нәрсе. Өйткені тілдегі «көнелілік» «жаңалық» арқылы, керісінше «жаңалық» ондағы «көнелілік» негізінде анықталады. Бұл ойымызды таратып айтсақ, тілдегі кез келген сөз табы тілдің тарихи дамуының жемісі.

Сондықтан олардың өң бойында жаңа өзгеріс, сипаттармен бірге, тілдің тарихи дамуының іздері де «көне құбылыстар» болып табылады. Олар тілде реликта ретінде сақталады. Осыған орай тілдегі кез келген сөз табы әрі байырғы, әрі көне сөз табы ретінде танылады.

Шылаулар тілдегі басқа лексика-грамматикалық категорияларға қарағанда есім, етістік тәрізді сөз таптарын негізінде пайда болған жаңа категория болып саналады. Шылаулардың өз алдына бөлек категория болып орнығуында конъюнктивация процесі шешуші рөл атқарған. Конъюнктивация басқа сөз таптарының шылаулар қатарына ауысым білдіретін лингвистикалық процесс, егер шылаулардың сөзжасамы лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және т.б. тәсілдер арқылы жасалмайтынын ескерсек, оны бұл орайда, біріншіден шылаулардың пайда болуын бірден бір жолы, көзі ретінде қарастыру керек. Екіншіден конъюнктивация процесін шылаудың бірден-бір сөзжасамы деп мойындаған жөн болады. Себебі шылаулардың сөз табы ретінде қалыптасуының бұдан басқа ешқандай жолы жоқ. Осы орайда шылау сөздердің пайда болуының қандай қоғамдық әлеуметтік және лингвистикалық себептері, объективті жағдайлары болды деген сұрауға жауап беруді жөн санаймыз. Оның, біздің пікірінше екі түрлі себебі бар: а) қоғамдық әлеуметтік себеп; ә) лингвистикалық себеп. Бұл екі себеп бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам мен тіл, әлбетте бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғам алға қарай дамып, жылжыған сайын, адамның санасы да өзгеріп, ілгері қарай дами береді. Адамның қоғамдық әлеуметтік өмірден, өзін қоршаған ортадан алған сезім, әсер түйсіктерін тілімен бейнелеп жеткізу қажеттілігі үнемі туып отырады. Бұл қажеттілік тілде жаңа сөздер тудыру арқылы өтеліп қоймайды. Сонымен бірге грамматикалық түрлі амал-тәсілдердің жетілуі арқылы да қанағаттандырылады. Осының нәтижесінде тілде жаңа грамматикалық категориялар туып қалыптасады, грамматикалық құрылыстың жетілуіне жаңа грамматикалық амал-тәсілдермен толығына түрткі болады. Бұл қажеттілік айналып келгенде тілдің грамматикалық жүйесінде «көмекші сөздер» деп аталатын сүбелі топтың пайда болуына алып келді. Тіл тарихында о баста көмекші сөздер болмаған көмекші сөздер міндетін толық мағыналы сөздер атқарған. Кейінен белгілі бір синтаксистік тұрақты әрі ұдайы позицияда қолданылуының нәтижесінде толық мағыналы сөздер «бастапқы лексикалық мағыналары солғындап, өздеріне тән әуелгі дербестіктерінен айырылып көмекші сөздер қатарына

көшуіне, сайып келгенде, олардың практикалық тілде аса жиі қолданылуы арқасында туған грамматикалық абстракция тікелей әсер еткен»1. (1-361).

Сөйтіп бұдан басқа сөз таптарының шылаулар қатарына ауысуының басты себебі қоғамдық және әлеуметтік, лингвистикалық себептерінің байланысты екенін көреміз. Шылаулардың сөз табы болып қалыптасуының мерзімі туралы лингвистикада әртүрлі болжамдар айтылып жүр. Бірақ түркі халықтарының барлығына бірдей ортақ ең көне жазба ескерткіштер болып табылаты, V - VII ғасырларды жазылған Орхон-Енисей жазуларында шылаулар өзіндік сипаты бар мәні мен қызметі айқындалған грамматикалық топ ретінде көзге ерекшелінеді. Ондағы аталған ескерткіштердегі шылауларға статистикалық зерттеулер жүргізілген ғалымдарының есебіне қарағанда оларда жиырмадан астам лексикалық тұлға шылаудың мәні мен қызметінде қолданылған. Егер сөз таптарының өз алдына бөлек, дербес лексика-грамматикалық категория болып пайда болуы бір күнде, бір жылда орнықпайтынын оның тым ұзақ уақытқа созылатын процесс екенін ескерсек, онда бұл фактілер шылаулардың Орхон-Енисей ескерткіштері дәуірінен көп бұрын сөз табы болып қалыптаса бастағандығын аңғартады.

Орхон-Енисей руникалық ескерткіштерінде ұшырайтын шылау сөздер, негізінен мыналар: кідін, қына, өтрү, түгүл, аша, ба/мү, ғү-күк, азу, че, үчүн, тегі, сайу, өк-оқ, кісре, өтрү, та/да, ба/мү бұл шылау сөздерді аталған ескерткіштерде қолданылу жиілігіне қарай екі топқа бөліп көрсетуге болады: а) ескерткіштер тілінде жиі ұшыраспайтын шылаулар, бұл топқа негізінен кідін, қына, өтрү, түгүл, аша, ба-мү, азу, че, ғү тәрізді шылау сөздер жатады. Ал жазбалар түрінде жиі кездесетін конъюнктивтерге үчүн, тегі, сайу, өк-оқ, кісре, та/да, ба/мү секілді единицаларды жатқызуға болады. Алдыңғы топқа жататын шылаулар бір екілі жазбаларда ғана ұшырасса соңғы топқа кіретін шылаулар осы дәуірде жазылған. Көптеген ескерткіштердің тілінде кездеседі. Тілдің тарихи дамуы барысында осы шылаулардың бір сыпырасы әртүрлі объективті себептерге байланысты көнеріп қолданыстан біржола шығып қалса, енді біреулері азды-көпті дыбыстық өзгерістерге ұшырап біздің заманымызға өзінің бастапқы қолданысын мәні мен қызметін сақтай отырып жетті. Мысалы, көне түркі тілінде үчүн қазіргі қазақ тілінде үшін, көне түркі тілінде – тегі, қазіргі қазақ тілінде дейін, көне түркі тілінде – түгіл қазіргі қазақ тілінде түгіл. Сондай-ақ, сайу – сайын, оқ – өк, ақ, кісре – кейін, та/да-да, де, ба/мү-ма/ме/па/пе/ба/бе, аша-аса, че-шакты, қына-ғана, иеме-және т.б.

Көне түркі тілінде қолданған шылаулар да қазіргі тілдегідей жалғаулықтар, демеуліктер, септеуліктер болып бөлінеді. Осы арада ескеретін бір мәселе, ол – шылаулардың мағыналық топтарының пайда болуы мерзіміне қатысты Лингвистикада жалғаулықтар демеуліктермен септеуліктерге қарағанда біршама кеш қалыптасқан деген болжам үстемдік құрып жүр. Мысалы көрнекті түрколог В. М. Насилов демеуліктермен септеуліктердің жалғаулықтарына қарағанда бұрын пайда болғандығын айта келіп былай деп жазады: «Известно, что тюркские языки в своем синтаксическом строе не имели категории союзов и историческое развитие подчинительной и сочинительной связи обходилось без союзов». 2(2-131).

Әрине, түркі тілдерінің синтаксистік құрылысының жетілік дамуында араб, парсы тілдерінің ықпалы олардан енген жалғаулықтардың зор әсері болғаны анық. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Алайда, фактінің аты факті. Жоғарыда сөз болған Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі қолданылған та, да, иеме (және), азу (әлде) сияқты шылауларда қайда қоямыз. Біздің пікірімізше, жалғаулықтар да демеуліктермен септеуліктер сияқты көне кезеңде толық мағыналы сөздердің конъюнктивациялануы негізінде шылауға айнала бастаған.

Көне түркі жазбаларында ұшырайтын шылаулардың о баста қандай толық мағыналы сөздердің қалыптасқандығын анықтау қиынның қиыны. Өйткені кейбір шылау сөздер толық мағыналы сөздердің лексика мағынасын толық жоғалту арқылы қалыптасса, енді бір сөздер екі немесе одан да көп лексика едриналардың бірігуіне қалыптасқан. Енді бір жағдайда, шылау сөз табы қатарына өтуші лексикалық едриналар көсемше формаларымен көнеленіп, бүтін мен бөлшек біртұтас болып бірігіп, өзінің бастапқы мағыналық сипатынан алшақтап, түбір мен қосымшасын айыра алмастай болған жағдайда ғана барып ауысады. Сондай-ақ сөйлем құрамында қызметіне байланысты есім сөздер белігі септік жалғауларында тұрып, түрленуші қасиеттен алшақтап, ұзақ мерзімдік тарихи қалыптасуы негізінде формалары көнеленіп барып шылау ретінде танылады. Жалпы белгілі бір қосымшалар түбірімен сіңісіп, оның ажырамас бөлігі ретінде сақталса, енді бірі мүлдем тарихи тұрғыдан бөлшектенуіне келмейтін дәрежеге жеткен. Ал кейбір шылау сөздерді көне тілдік сипатта түбір мен қосымшаға ажыратуға болады. Тілдегі осындай құбылыстар сөз таптарының арасында сан ғасырлық тарихымен әлі күнге дейін толассыз қалыптасу, даму үстінде.

Мақала көлемі көтермейтіндіктен, біз ше шылауының мәні мен қызметіне тоқталып өтейік.

Бұл тұлға көне ескерткіштер тілінде өте сирек ұшырасады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде ше формасы қазіргі қазақ тіліндегі шақты (шамалы), жуықты мағынасындағы септеулік шылау қызметінде қолданылған. Ше шылауы Орхон-Енисей ескерткіштердің ішінде Тоныкөк, Білгеқаған жазбаларында жиі қолданылған. Мысалы: Еліг че ер тутдумыз (Тон.42) – Елу шақты ерін тұтқындадық. Ұйғыр елтебері жүз шақты ерімен алға (шығысқа) қарай қашып кетті. Бұл тұлғаның дербес сөз ретінде қолданылуына күмән келтіруге болмайды. Мәселен, че сөзі XX ғасыр жазба нұсқаларының кейбіреуінде шақты сөзі мағынасында болмағанмен, түбірлес болып келетін шейін септеулігі мағынасында қолданылған. Мысалы: Бұл күнге че бікірің қалай аман? (Қисса-и Юсуф-Зылиха). Бір йылға че зағфрандай болуб сарғайды (Бозжігіт). Қазақ осы күнге че оқуғанның байдасы жоқ деб жүрүчі еді. Б. Әбілқасымов че шылауының «Түркістан уалаяты» газетінде жиі қолданылғанын, ал «Дала уалаяты» газетінде өте сирек ұшырасатынын айта келе, XVIII ғасырдың аяғындағы қазақ хан-сұлтандарының орыс әкімшілігіне жазған хаттарында аталмыш форма шейін шылауымен жарыса жүргендігін және XVII ғасырдың Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре-и Түрік» атты шығармасында да жиі кездесетіндігін айтады. Мысалы: Адамдың да мүғұлға че; Мүғұлдан Чыңғыз ханға че.

Ескерткіштер тілінде –че тұлғалы қосымша да бар. Мысалы: анча-сонша, бұнча-мұнша, өзінче-өзінше (ерекше), отча-отша т.б. болып келеді. Бірақ бұны че сөзімен шатастыруға болмайды. Осыған қатысты ғалымдар пікіріне аударалық. Б.А.Серебринников, Н.З.Гаджиева зерттеуінде: «Представить развитие значения сравнения из первоначального лативного значения довольно трудно. По-видимому, аффикс-ча, употребляемый при сравнений, ср.др.тюрк. йүз-че «около ста» и тағ-ча «как гора» имеет совсем другое происхождение» делінген. А. Кононовта та шейін шылау мағынасында қолданылады деп мысал келтіре кеткен: Улар белига ча субга ботиб турганлар. Они стояли по пояс в воде. Ал Л. З. Будаговтың сөздігінде че-ні татарлық форма деп береді де, оның грамматикалық мағынасын орыс тіліндегі до, пока дегенмен мағыналас және барыс септікті қажет ететіндігін айтады. С. Исаев «Қазақ тілі жайындағы ойлар» атты еңбек жинағында че формасының шығу тегіне және қалыптасуына байланысты құнды тұжырымдар жасаған. Ғалым былай дейді: «Утверждение о том, что послелог ча, че (ша,ше) является усеченной формой послелога шейін не совсем убедительно, либо форма ча зафиксирована, как

было показано выше, в языке древнеуйгурских и древнетюркских текстов, как юридические документы, памятники в честь Тоньюкука и др. В этот период, судя по языку этих письменных памятников, форма ча/че и как послелог, и как аффикс уже полностью оформлена и дифференцирована». Будан шығатын кобырытынды че формасынын шылау есебінде сөзден бөлек қолданылу керектігіне еш күман келтіруге болмайды. Кейіннен че формасынан шақты сөзінен басқа шамалы, шарқы, шекейін, шақ сияқты лексемалардын туындағаны белгілі. Мұны көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі шақты мағынасындағы че сөзі мен жоғарыдағы көрсетілген шейін мағынасындағы ча/че сөздерінің түбірлері ортақ екендігін ғалымдарымыз дәлелдеген.

Сонымен көне түркі тіліндегі сан есімдермен тіркесіп, болжалдық мағынада қолданылған че тұлғасы қазіргі қазақ тілінде де сан есімдермен тіркесіп келетін шақты септеулік шылауының архитипі болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. «Ана тілі» баспасы Алматы 1991ж

2 Насилов В. М. Глагольные имена в их развитии в тюркских языках. В сб: «Вопросы тюркской филологий. Изд (из МГУ 1966).

К ВОПРОСУ КОНВЕРСИИ И АДЪЕКТИВАЦИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

САРБАЛАЕВ Ж. Т.
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В настоящей работе нами сделана попытка рассмотреть один из малоизученных вопросов не только казахского языкознания, но и тюркологии вообще. Проблема словообразования способом конверсии давно укрепилась в европейском языкознании и является достаточно разработанной. В соответствующей литературе всесторонне рассматривается природа конверсии, ее место в системе словообразования и другие грамматические явления. Этому вопросу посвящены работы В. В. Виноградова, А. М. Пешковского, А. И. Смирницкого, Л. В. Ярцевой, А. Н. Тихонова, Н. М. Шанского, В. Н. Мигрина, Ф. Е. Лукина, Е. А. Раевской и др. Все они отмечали,

что вопрос конверсии и одной из ее форм – адъективации должен рассматриваться как отдельная проблема.

В тюркологии исследование конверсии как одного из методов словообразования началось в конце 60-х годов. Но если не считать отдельных публикаций по этой теме, в тюркологии данной проблеме не было удалено достаточного внимания. Как ценные следует отметить исследования таких ученых, как Ф. А. Ганиев (татарского языкознания), А. А. Юлдашев (башкирское), И. П. Павлов (чувашское), А. Ахундов, С. Б. Беглярова (азербайджанское языкознание). В казахском языкознании целенаправленных исследований по данному вопросу не проводилось, но он частично затрагивался в «Грамматике казахского языка» (Алма-Ата, 1967), в книге «Система словообразования в современном казахском языке» (под ред. Н.О. Оралбаевой, Алма-Ата, 1989), в «Исторической грамматике казахского языка» М.Т. Томанова (Алма-Ата, 1988). В учебнике для высших учебных заведений «Современный казахский язык. Морфология» (Алма-Ата, 1974; Алма-Ата, 1990) А. Исакова.

Анализ данных работ показывает, что единой точки зрения на природу конверсии и адъективации и их видов в современном казахском языкознании еще не выработано. Главный недостаток заключается в том, что в них конверсия и адъективация рассматриваются не как один из видов словообразования, а как языковое явление в грамматической системе языка.

Данная проблема конверсии и ее форм требует адекватного решения, так как без этого невозможно оптимальное формирование и развитие системы словообразования и частей речи.

Как известно, процесс конверсии рассматривается в лингвистической науке в двух аспектах: а) как один из видов словообразования, б) как один из источников развития и пополнения частей речи. Адъективация же в свою очередь, обогащает словарный состав имен прилагательных путем конверсионных словообразований.

Анализ лингвистической природы конверсионного процесса в современном казахском языке показывает, что данный процесс является одним из видов словообразования, выявляет роль адъективации в словообразовании имен прилагательных, отмечает ее роль в формировании и развитии прилагательных как грамматического класса.

В связи с этим в работе ставятся следующие исследовательские задачи:

Доказать, что указанный метод словообразования в современном казахском языке является одним из видов словообразования и выявить его особенности.

Определить факты и причины, рождающие конверсионный процесс.

Рассмотреть «временной» и «окончательный» виды конверсионного процесса.

Провести краткий анализ субстантивации, прономизации, нумерализации, адвербиализации, конъюктивации, которые являются формами конверсии и связаны с различными частями речи.

Осуществить подробный анализ адъективации, проанализировать ее языковую природу, словообразование и виды, показать ее роль в истории формирования и развития прилагательных как частей речи.

Выявить особенности перехода существительных, глаголов, орм имен действия, которые чаще других частей речи подвергаются процессу адъективации, в имена прилагательные.

«Тіл -көркем шығарманың басты элементі» (К.Дедин) екені рас. Тіл сұлулығы, тіл шырайы болмаған жерде өміршен шығармалар тұмақ емес. Сондықтан да тіл білімінде әдеби шығарманың тілін зерттеуге ерекше мән беріледі. Қазақ тіл білімінде көркем туындылардың тілі туралы біраз құнды-құнды зерттеулер бар. Бұл орайда, біз белгілі ғалым Р.Сыздықованың ұлы Абай шығармаларының тілін зерттеген қос кітаптан тұратын зерттеуін, ғалым Е.Жанпейісовтың М.Әуезовтың «Абай жолы» романын қарастырған еңбектерін ең бірінші ауызға аламыз.Сөйтсе де,тіл ғылымында көркем әдебиет тілі толық зерттеліп бітті дегте әлі ерте. Бұл салада да өз зерттеушілерін тосып, тың жатқан проблемалар жетерлік. Соның бірі-драмалық шығармалардың тілі туралы мәселе. Қазақ тіл білімінде бұл салада жазылған шығармалар жоқтың қасы. Біз бұл жұмысымызда драмалық, соның ішінде комедия жанрындағы образ тудырудың тілдік ерекшеліктерін көрнекті драматург Қ.Мұхаметжановтың комедиялық пьесаларын тірек ете отырып сөз етеміз.

Қоғамда басты - басты үш түрлі тілдің қызметі бар екендігі жалпыға белгілі. Бірінші, тіл-қатынас құралы, екіншіден, тіл-ойды жеткізуші, үшіншіден, тіл біреуге әсер, ықпал етеді. Осылардың ішінде соңғысы сезімнің, көңіл-күй әсерлерінің тілді мәнерлі құралдары арқылы экспрессивті қызметін көрсетеді. Осы орайдағы адамның объективті шындыққа қатысты субъективті көзқарасы коннотативті мазмұнға ие болып, тілдің экспрессивті қызметіне эмоциалды бояу мен бейнелілік қосады. Сондықтан, комикалық образ тудырудың лексика-семантикалық жүйесін сөз еткенде, оған эмоцио налды- экспрессивті лексиканы қолдануын қарастырамыз. Себебі: (өйткені) экспрессивтік пен эмоционалдық бір-бірімен тығыз байланыста қызмет атқарады.

Е.М.Галкин -Федорук экспрессивті -эмоционалды зерттеу жұмыстарында бұлай деген «-Тілдегі эмоционалдық элементтер адам сезімін білдіру үшін қызмет етеді. Ал тілдегі экспрессивтік амалдар эмоцияны, ерікті білдіруде де, ойды білдіруде де мәнерлілік пен суреттілікті күшейтуге қызмет етеді». [1,108]

Академик В.В.Вишegradов өзінің еңбектерінде «экспрессивті-эмоционалды» терминдерін жиі қолданады. Оның «-Слова обладают не только предметно-логическим содержанием, оно употребляется не только для передачи мысли, оно наделено также и эмоциональным или экспрессивным элементами, через его посредство человек выражает свои эмоции». [2,15]

Экспрессия -алуан түрлі, көп қырлы құбылыс.

Эмоция -экспрессивтік, негізінен сөйлеу процесіне тән құбылыс.

Эмоция мен экспрессияны мағына жағынан ажырату психология пәні үшін қажет, ал тілшілер үшін аса маңызды емес. Тілдегі номинативті (атауыштық) лексикадан бөлек экспрессивтік мағына одағайлар, кішірейту-еркелету қосымшалары.

Зерттеуші Ш.Нүрғожина зерттелген еңбектерге сүйеніп отырып сөйлеу тіліндегі эмоционалды - экспрессивті лексиканы алты түрге жіктейді.

Жалпы қолданыстағы лексика.

Қарапайым сөздер.

3. Тұрмыстық лексика

Әдепсіз, балағат сөздер.

Диалектілер.

Варваризмдер.

Енді осы жіктемелерге К. Мұхамеджановтың пьесаларынан алынған фактілерді келтіре отырып сөз етейік.

... Қарасы батсын! ... «Ал балам, келіннің айы жақындады. (күрсініп) Пөлесі енді басталды! ... Түсімде кездік тауып алып жүрмін, құдай қаласа келін ұл табар?! «Сол дым таппай-ақ кетсе деп едім, амал не? Осы мысалдағы «қарасы батсын», «пөлесі», «дым таппай-ақ» тіркестері жалпы қолданыста қолданылып басталды, кейіпкердің мінезін беруде қызмет атқарып тұр. (Бөлтірік бөрік астында).

Дауылбай. Кемпірім де ашулы, оны жібергенімде сендерді түгел түтіп жейтін еді, менен гөрі тізелі ғой ол антұрған (Құдағи келіпті).

Қатира. Құдай төбеннен ұрсын. алжиын деген екенсің. Сен болмасаң қаланың өсегін кім айтады. (Бөлтірік бөрік астында). Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Сондықтан олар ең алдымен өмірде қолданылатын сәттерде кейіпкерлер тілінде бұлжытпай беріледі.

Баршагүл О, қәрі түйе. ана сақалды қайтесің? (Бөлтірік бөрік астында).

Жұпар. Жалғыз мен бе, осындағы тыштық бет қара кемпір бар ғой, өсекшілердің ең күштісі сол. (Бөлтірік бөрік астында).

Қарым-қатынас кезінде қолданылатын тұрмыстық лексиканың да эмоционалды- экспрессивті лексиканы тудыруда өзіндік рөлі бар.

Әдепсіз, балағат сөздер тез әсер етуімен ерекшеленеді.

Ахмет. Әкенді танытып қызыл арақтан саған да ішкізем. (Бөлтірік бөрік астында).

Айша. Еркелейтін мен оның байы емеспін (Өзіме де сол керек).

Сардар. (Өзіне-өзі) Былшылыңа болайын, сабазым (Өзіме де сол керек).

Сайлаубек. Молодең! (Сапар селк ете қалды). Тс..Тс.. Сен заговор дайындап отырғаннан саумысың! (Бөлтірік бөрік астында).

Марфуға (түсінбей). Спасибо, хоть вы признаете менің культурный адам екенімді (Бөлтірік бөрік астында).

Марғуфа. Мен өзім дура. зачем байға тидім (Бөлтірік бөрік астында).

Арыстан. Пардон. Мадам. Страшный ештепенесі жоқ! Любовь это есть любовь! (Бөлтірік бөрік астында).

Садық. Слушай. тұра тұр... (ойланып). Осы «советский народ семилетними шагами»-дегенді қалай аударып жүр. Соны бір жерге қыстыру керек екен. Кейінгі кезде көп айтылып жүр ғой (Өзіме де сол керек). Коннотативті компоненттегі орыс сөздерінің тікелей қолданылулары жағымды эмоция көрсетсе, ал айтылудағы грамматикалық қателік (сушай т.б) мәтін үзіндісінің жағдайымен байланысып, экспрессиялық деңгейін беріп тұр.

Кбмика тудырудың тілдік тәсілін зерттей отырып, айтылу кезіндегі ауытқу (фонетическая аномалия), не өзге дыбыс қосылу құбылысын да кездестіреміз. Жалпы комика тудырудағы орын ауыстырудың ерекше тәсілі екенін француз лингвисті Пьер Перо да атап көрсеткен болтын.

Марфуға. Ох, шаршалғандым (Бөлтірік бөрік астында).

Сайлаубек. (кекетіп) Шаршалғандым отырғанда көп айтпа деймісің бе? (Бөлтірік бөрік астында).

Ахмет. Келін босанған күні Бекен Алматыға сауешанияға кетті ғой, содан әлдеқашан естіген шығар. Бірақ қазір ығзам беріп жүр, келе алмас (Бөлтірік бөрік астында).

...Ең ар жағы жеке батыр айдайтын Микала да әйелімен «Раушан как чостить. бала как чостить « деп екі рет келіп кетті. Келіннің жұртқа қадірлі екенін сонда білдім (Бөлтірік бөрік астында).

Берілген мысалдарағы сөздер тыңдаушының бірден түсінбей, оның ойландыратыны заңды құбылыс.

Кісінің сезімін, көңіл-күйін, еркін білдіретін, дербес грамматикалық тұлғалары жоқ» [8-2126] сөздер де комикалық мәтіндерде көптеп кездеседі. Мұны төменде келтірілген мәтін үзінділерінен де көруге болады.

Дауылбай. Па-па. біздің құрдас құлшырып кетіпті ғой (Құдағи келіпті).

Фатима. Тәйтәрі, сенің кесіріңнен малдан баска не өлуші еді. (Құдағи келіпті).

Сардар. Ойдайт деген, сен болмағанда маған жылқышылық та бұйырмайды екен- ау, о?» 5

Адамның көңіл-күйін, күлкілі жағдайды тудыруда эмоционалды-экспрессивті лексикаға жататын одағай сөздер комика жасаудағы ең өнімді тәсіл болып табылады.

Тіліміздегі еліктеуіш сөздердің де комика тудыруда өзіндік ролі бар.

Мысалы, ...Сары қыз маған ғашық дейді. Ғажап...Бүлк етпе, Хайдар, той түгілі үй орманды малындыратын маусымдасын (өзіме де сол керек).

Сауылбай. Тырп етпе, шырағым. Бәрі орынды деп изәуден басқаны қою керек. (Құдағи келіпті).

Кеңес. Бүлк етпеніз, женеше! Еңбегіңіз еш кетпес. (Құдағи келіпті).

Диалогтағы бүлк, мынк, тырп сияқты бейнелеуіш еліктеуіш сөздерді қолдану арқылы әрі ықшамдылық, әрі уақыт тығыздығы, әрі кейбір келеңсіз жағдай суреттеліп отыр.

Сонымен бірге комикалық рең тудырудың материалдарында көрінген эмоционалды-экспрессивті лексика элементтерінің уәжділігі семантикалық эмоционалды-экспрессивті салмақ арқалай отырып, автордың жеке бағасын көрсетеді, әрі оқырманның творчестволық қабылдауына сеп болатын қосымша эмоционалдық хабар береді.

Қорыта айтқанда, көркем шығарма тіліндегі комика тудырудың эмоционалды-экспрессивті лексика элементі ең өнімді тәсіл болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Галкина-Федорук Е.М. «Об экспрессивности и эмоциональности в языке» //Сборник статей по языкознанию. М, 1958. С.108

2 Виноградов В.В. «Об обонимии и смежных явлениях и вопросы языкознания». 1960, №5

3 Қ.Мұхаметжанов.Шығармалар жинағы I,II,III томдары Алматы,2006 ж.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ СТИЛІ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕРЛАНОВА А. Е.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жүсіпбек Аймауытұлына жазған Мәшһүр-Жүсіптің екі хаты 2003 жылы I томда 270-276 беттерде жарияланды. Бұл хаттардың біріншісі 1927 жылы, екіншісі 1928 жылы Жүсіпбек Аймауытов Шымкентте тұрғанда өлеңмен жазылған. Ал, Сәрсенбі Дәуітов жариялаған хат қарасөз үлгісінде бірі – 20 мамыр да, екіншісі – 15 қарашада 1927 жылы жазылған («Социалистік Қазақстан» №102 (19577) 1990 жыл). Мим (Мәшһүр-Жүсіп) те Жым (джим) Жүкен. Бұлай жазу араб тілін жете білгендерде, өлеңдер де кездеседі.

Мәшһүр-Жүсіптің бірінші хатында: Оның алдында Жүсіпбек 1927 жылы июнь айында жазған бір хатында «Мим ағама» – деп жазған көрінеді. Мәшһүр-Жүсіптің өзі жетпіске таянып отырғанда жазған хатында:

Мен «мимнан» бір сәлем хат «жым» ініме,

Шырағым, ант амансыз, нан тіліме.

Отырмын бұ жалғаннан үзіп күдер,

Жеткен соң әсер таянған мезгіліме

– деп Жүсіпбектің хат жазғанына аса ризалығын білдіреді. Кәрілік мендеп алғанын, хат алған соң «Кәрілік тіпті ойынан шығып кетіп, Қаламды, жазған Мәшһүр, қолға алды ғой!» – дейді. Жүсіпбектің балаларының хал-жағдайын сұрайды:

*Жүсіпбек, аманбысың сау-саламат,
Жігітсің: жақсыға-қат, жаманға-жат!
Жалғыздық жарасқан-ды бір Құдайға,
Аман ба Бектұр, Жанақ екі азамат?!
Мәшһүр-Жүсіп өзінің жетпіс деген жасын:
Кірер үйі азайған басымыз бар,
Аптақ қардай сақал мен шашымыз бар.
Ұзын санын айтуға ұяламыз,
Төрт-он бес, бір-ақ – онда жасымыз бар*

– деп, жұмбақтап жеткізеді. Төрт он бесі алпыс, оған бір онды қосса жетпіс болады деп көне түркі есептеу тәсілін қолданады. Міржақып Дулаттың «Бақытсыз Жамал» романын мысалға келтіреді:

*Жалғанның өмір бойы уын иштім,
Өз бойыма шақ емес, киім піштім.
Сәрсенбайдың бақытсыз Жамалындай,
Сөзіңе мейрім қанды, түстім-түстім*

– дейді өмірінің соңғы жылдарына торыққан ақын.

Екінші хатта:
*Жүсіпбек, Бектұр, Жанақ – үшеуіңе,
Тұрайын тілеулес боп, көтеріп қол*

– деп, тағы да балаларының амандығын сұрайды, Шымкенттен хат келгенде ақын қатты қуанып былай дейді:

*Мәшһүрді өліп қалған, бір тірілткен,
Шымкенттен Жүсіпбектің жазған хаты.*

Күліктен шыққан атақты ақын Көтешті, алашқа әйгілі болған Ақан серіні, сүйікті ұлы Әменді бас-басына жақсы жақтарын атап өтіп хат-өлеңге арқау етеді. Жүсіпбекке неге ерте қартайдың дейсін? Ұлым Әменнен айрылып қалған соң қатты уайым қылатынын жазады:

*Бұралқы болмайтын мен еркек қой ма,
Бұл жалған, айтшы маған. Айт пен той ма?!
«Неге ерте, мезгілі жоқ, қартайдың?!» – деп,
Әменді көрген болсаң, кінә қойма!*

–дейді шырққан ақын.

С. Дәуітовтің жариялаған хатында: Жүсіпбек Мәшһүр-Жүсіпке «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп, қалған гауһарсыз» деп,

ақынның жалғызбын деп жабырқамай ескі күнінзді жырлаңыз, жаңа заманның бұйынтық сөзі, жылбырақ мінезі сізді жарытпайды депті. Тоқсан үш жастағы Түрікпен ақынның, Майлы ақынның, Шәңгерей ақынның өлеңдерінен мысал келтіре отырып, Мәшһүр-Жүсіпке күш-жігер, қайрат береді. Мәшһүр-Жүсіптің «Тырна мен қарға», «Бұлбұл мен қаршыға», «Сарт әңгімесі» т.б. шығармаларыңызды жинастырыңыз. Түркістан өлкесіне, Шыршыққа барғандағы көрген – білгеніңізді хатқа түсіріңіз, жақсы әйел мен жаман әйелге шығарғандарыңызды, қазақ шежіресін түгендеп жіберіңіз дейді. Соңында, Мұхаметжан Тынышбайұлының орысша кітап жазып жүр, сіздің шежіреңізді де журналға басып тұрар едік деп жазады. Мәшһүр-Жүсіптің кейбір дүниелерін Алдаберген Зияш алған көрінеді оның да атын атап өтеді де, Сұлтанмахмұттың құранның үлкендігіндей кітабының болғанын 1928 жылы басылып шықпақшы екендігін тіліне тиек қылған. «Шернияз» деген кітабын жібергенін оны ақынның алған алмағанын да айтыпты. Жалпы Жүсіпбек кімге болсын қамқор болып жүрген, жүрегі кең азамат болған. Мысалы М. Әуезовтің, М. Жұмабаевтың т.б. шығармаларының тезірек шыққанын қалаған, жақсы пікірлер білдірген.

Екінші хатында Жүсіпбек: Хатты сиретіп алғанына кешірім өтінеді. Жұмысының көп екендігін, жуықта «Қартқожа» романынан екі есе үлкен кітапты бітіргенін жазады. Өзінің күн тәртібін келтіреді. Жастарға үлгі болсын, мысал келтіруді жөн деп таптық. «Таңертең сағат сегізде тұрамын да, шай ішіп, қызметке бала оқытуға кетемін. Күніне алты сағат бала оқытамын. Сағат үште үйге келемін, тамақ ішемін. Одан кейін ұйықтаймын. Сағат алты-жетілерде оянамын. Шай ішемін. Сүйтем де жазуға отырамын. Сол отырғаннан түнгі сағат екі-үшке дейін отырып қаламын» – дейді Жүсіпбек. Хаттың аяғында Жүсіпбек Мәшһүр-Жүсіптің қайыра қалам алғанына шын жүрегімен қуанады да: «Толстой сексенге келгенше жазған ғой. Әркімнің өз Толстойы өзіне-дағы. Тек өмірлі болғай едінің» – деп төмамдайды хатын. Бұл хаттар қазақ тарихындағы өлеңмен жазылған эпистолярлық жанрдың үлгісі деуге болады. Екі ұлы адамның біріне-бірі деген махаббатын, адамгершілігін, сүйіспеншілігін көрер едік. Хат сонысымен де құнды.

Жүсіпбек бұл – қазынамада Әменнің өжеттігін, алғырлығын, адамгершілігін сөз етеді. Жүсіпбектің Мәшһүр-Жүсіпке жазған хатында: «Әмендей бола алмасам да сізге хабарласып, еңбегіңізді, атыңызды ел көзіне түсіргендей ниетім бар. Күліктен сіздей адам туа бермейді, санамыз болса, сіздің қадіріңізді, бағаныңызды білсек керек?» – деп, атап отырған Әмен – осы бауыры, досы әрі туысы Әмен.

Жүсіпбек Аймауытовтың сөзі дегенде: Мұхаммедәменнің мінезін, білімін оның тамаша кырын суреттеп өтеді.

«Табиғат пен мәдениет тартысы, ұлтшылдық пен адамшылық тартысы, өз мақсаты мен ұлт мақсатының тартысы, ізгілік пен жауыздық тартысы – басқа да толып жатыр. Бұл сықылды екі тартыстың сезімін (Әмен Көпеев) әбден айырып біліп еді. Туысы – қазақ, өскен жері – қазақ – табиғаты – осы, тәрбие де осы болды.

Сезім – білім Европаникі (Иауропаникі). Ол сезімді, білімді болғандықтан, табиғатты, ұлтты сүйді. Білімді болғандықтан, надан елден, надан жардан өзгеше табиғаттан ақылға азық, жанға сусын таппады, жиренді. Туған елінде білімнен жалғыздық көрді, жат елде туганнан жалғыздық көрді. «Елін сүймейін» – десе, надан жаттан зорлық көріп барады. Оның үстіне қазақтың келешегі не боларына көзі жетпейді. Кім үшін, не үшін қызмет қылып жүргенін өзі де білмейді.

Табиғаттан, елден, қызметтен торықты. Бас қосылған жерде: «Аттың орысшадан жетіле алмағандығы бар екен» – деген сөз құлағына тие берді де: «Орысшаға әбден жетіліп алып, кісі аузына жалтақтап қарамастай болып, халқыма қызмет қылсам-ау!» – деген арманмен Ташкент барып, болмайыға болысам деп, жоқ жерден зая болды. Бұрынғы әулиелер айтқан сөз есінде болмады: «Құдай ұрғанды қоса ұрмаса, Құдайдың жандай досы бола алмайды» – деген. Қаниша сөзден дәнеме онбейді. «Жақсының аттан жығылғаны да жақсы» – деген сөзге сап ете түсті. Ауызға ілініп, көзге көрініп, өлімі бәйгең алдын алып өлді. Ан Алла уана Алла, шар жыған Құдай рақмет қылсын, бізге шапағатын несіп қылумен на мыхжиб ассаулин!» – деп баға береді [М-М, 10 т. 2007. – Б. 261-262].

Шәрәпиден Дихан Әбіләвке: Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақжол» газетіне көңіл айтуы Мәшекенді аздап сергіткендей болды дегенді. Осы орайда, С.Дәуітов: «М.Көпеевтің әрі туысы, әрі жерлесі жазушы Ж.Аймауытов «Ақ жол» газетінің бетінде (26 июнь, 1921 ж.) ерекше күйініп былай деп жазады:

–«Ақ жолдың» 71 номеріндегі «Қапаста қалған Әмен Жүсіпұғлы деген қазынаманы оқығанда жүрегім су ете түсті, Көзіме жас, көкірегіме қан толып, не болғанымды білмедім. «Әмен ... Әмен» – кешегі өзіміздің оттай жайнап, жігері қайнап, жауыздықпен арпалысып жүрген Әмен бе?!» Бауырым, досым, таянышым, рас сенсің бе?! Көзімді мұнар басқаны ма?! ... Сөнген екен шырақ, ой жалған-ай, жас өмір-ай! Неге аяулы жан болдың? Қызық-қызметінді аз күн көрсетіп едің, неге тезінен жоқ болдың? Басынан асқан

пайдасы жоқ, көп жауыздың бірі болсаң, өкішін не, арман не? Жоқ, сен күйдірерлік жас едің. Сен елеулі жан едің. Сенің өміріңді, кім екенінді жазбасқа болмайды...».

Осылай дейді де ол ары қарай оның қай тұмаға жататынын, кімнің баласы екенін, қалай оқып, білім алғанын, бүгінде сол білгенінен өзге жұртқа нұр шашып жүргенін тебірәне толғағайды.

Хатынын соңында: «...Қазақтың кем, қор әйеліне теңдік әперем деп өлетін жігіт аз. Әйел теңдігі үшін бірінші құрбан болған жігіт – Әмен. Қазақ халқы жоғалмай (әйел құл болып өтсе де) жасайтын болса, әйелдер Әменің атын алтын жазумен жазып, бойтұмар қылып сақтап, маңдайшасына іліп қоюға міндетті ... Қош бауырым! Жолдасым! Қартайғанда жұбаныш, қайғырғанда қуаныш қылатын қарт өкең Мәшһүрдің, әпекеннің қабырғасын сөксең амал не? Мәшһүр, Шәрәпиден ағайлар! Әмен сіздерге – бала, туысқан, маған – серік, дос еді. Қатты батты, айтып болмас, қайтып келмес іс болды. Қазаға берік бол, бәлеге сабырдан басқа айтар сөз қалмады. Қуаныш көрісудің орнына газет бетінде ... жыласып көрісу кез болды, уақыт солай, қайтеміз. Қайғыларына ортақпын, – депті».

Жалпы, З. Ақышевтің «Дауа» газетінің №10. 1991 жылғы санында жарияланған «Мәшһүр-Жүсіп һәм Жүсіпбек» – деген хатта С.Дәуітовтің деректерімен сәйкес келеді. Мазмұны бір десе де болады. Бірақ, Зейтін Ақышев хаттағы екі мәселеге түсінік береді – біріншісі әйел алу мәселесі де, екіншісі Әмен жайында. Сол сияқты 1916 жылғы көтеріліске қатысқан Дәрмен, Бәшерлердің тағдырын жазады. Хаттағы өлеңдер шумағы толық емес, үзіп-үзіп берілген. Соңында Жүсіпбек Аймауытовтың шежіресі жазылған. Бірінші хат пен екінші хат араласып кеткен сияқты. Хат «Шымкенттен» 16 қарашада, 1927 жылы жазылған. Ал, С.Дәуітовта «Шымкенттен 15 қараша, 1927 жылы жазылған». Жалпы, С.Дәуітовтың араб хариінен аударған хаттарының мәтіні толық берілген. Бар болған өзгерістері осы ғана.

«Қартқожа» романындағы Қартқожа шежіресі?

Жүсіпбек Аймауытов «Қартқожа» романында:

«Жуас түіе жүндеуге жақсы» гоі. Қартқожағаны жуассының, басының, балалар үстінен түспейтін. Шайнап-шайнап, домалақтаған қағазбен атып, әйтпесе: «Мынаны қарашы»-деп мұрынға түртіп қалып, болмаса маңдайын өлшеп, мазақтай беретін. Қартқожа оларды артық елең қылмайтын, ең ашуланғанда гана: «Қой дейім, жындымсың өзің»-деп, сабағын оқи беретін. Өзге бала алақтап, ойнап, сабақ оқыған болып, отірік ыңылдап, болса

бірдеңемен алданып, сарылып отырғанда, Қартқожа жалықпай, қағазын шұқылап, «Құл әгузіден» шығып, «Бірін әлнасқа» түсіп, екі-үш күнде «Уәсуәс әл ханастарға» да барып қалатын. Сабақтан шыққан соң, Шелекбайдікіне барып, бір тостаған көже ішеді. Бесін кезінде оқуға тағы барады: екіндіде «әптиегін» қойнына тығып, аулына қайтады. Ауыл-бір жарым шақырымдай жер. Осылайша жазы-қысы оқып, баспа түркі жазба танып, хат жазатын болды. Хат танығанша, «отау иесі» азамат та болып қалды (Ж. Аймауытов. Шығармалары. А., Жазушы. 1989. –Б. 25.).

Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы Қартқожа кім екен М-Ж. Көпеевтің жәдігеріне назар аударайық.

Шығарушы Аймауытов кітап болып баспаға бастырылған Қартқожа шежіресін сөйлетейік:

Қаржастан – Құлеке, Құлекеден – Ойым. Тілелейдің Оймынан Жанат. Жанаттан – Өтен, Баян. Бұл Баян жеті айғайынды. Біздің өңгеміз Жиделібайсында қалдық. Біз сонан келгенбіз деседі. Баяннан төртеу: торала атты Досбол деген баласы қоныс қарап, жер бұған. Далбада қотыр Қызылтау делінген тауды, Қарақуыс деген жерді бәрінен бұрын келіп бұғандықтан Баян ұрым-бұтағы күні бұл күнге шейін сол жерді қоныс қылған. Баянның Асан деген баласы есті тентек емес, есер тентек болған: – Сен жерді сұрағанға беріп, көрінгенге үлестіресің деп, әкесі Баянды көрмеймін деп, ант ішіп, Жиделібайсыңға кетемін деп, Қызылтаудың сыртына, үш сала деген жерге барып отырып алған. Әкесі баласын сағынып, көремін деп барса, жонға шығып кетіп, етбетінен түсіп жатып алған. Сонан соң әкесі ыза болып: – Мұндай баланың барынан жоғы жақсы, – деп, ту сыртынан өрт салдырған, өртінен күйіп кетсін деп. Айналасының бәрі өртеніп, Асанның жатқан жері өртенбей, күймей аман қалған. Соны көзімен көргендер айран-асыр қылған. Асан: – Мені мыналар жатқан жерімде өлтіріп тастайды екен, – деп, Жиделібайсындағы ағайыныма барам, солай кетемін деп, салт атты, сабау қамшылы жалғыз басы қаңғып кеткенде, мұндағы үйін, мал-жанын жау шауып, тып-типыл қылып кеткен. Асан өзі төрт ағайынды болған. Өзінен төрт бала қалған. Бірі – Тоғамбай, біреуі Төтенқара. Төтенқарадан үш бала, бірі Жанан. Жананнан – Қартқожа, өзімен туысқан бір ағасы өлген. Онан бір бала бар. Өзі осы биыл 1927-інші қоян жылында отыз екі жаста. Желдітаудың бөлек желіндей өзінде жел де бар. Асандікіндей күшті жын да бар (Қазақ шежіресі. –А., Жалын. –Б. 61-62.). Шежіренің араб хадим жазуынан біздің харіпке түсірген

С. Дәуітов. Шежіренің ауызша жеткен кейбір элементтері сақталған. Сондықтан біз қол тигізген жоқпыз. Қартқожаның қысқарта жазғандағы шежіресі былай: Қаржас – Құлеке – Тілеуке – Ойым – Жанат – Өтен және Баян екі ұл. Баяннан – Асан. Асанның төрт баласы болған: Тоғамбай, Төтенқара т.б. Төтенқарадан – үш бала қалған. Бірі Жанан. Жананнан – Қартқожа.

Екіншісі Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 10 том, 2007 жылғы басылған нұсқасы. Жалпы, мәтінінде өзгерістер жоқ. Дегенмен, Мәшһүр-Жүсіпте Құлықеден Ойымтелі бір атаның аты болса, С.Дәуітовта Тілейдің Ойымынан деп Тілейді Ойымның әкесі ретінде алған екен. Келесі де Мәшһүр-Жүсіпті МЖ-деп, Сәрсенбі Дәуітовты СД-деп қысқартып жазатын боламыз. МЖ: Торыала атты // СД: торала атты (қазіргі қазақ тілі заңдылығы бойынша екі дауысты дыбыс қатар келгенде бірі түсіп қалады). Демек, СД-те бұл ережеге салып жібергені байқалады. СД-те Қызылтау – кіші әріппен жазылған да, МЖ-те бас әріппен бүгінгі орфографияның заңдылығына бейімдеп жіберген. СД: ұрым-бұтағы, МЖ-те үрім – бұтағы. СД-те үш сала кіші әріппен жазылған, МЖ-те үш сала бас әріппен жазылған. СД-те Төтенқара // МЖ-те Тәтенқара т.б. Бәліндей өзгерістер жоқ.

САБАҚТЫ ЖАҢАШЫЛ ҮРДІСПЕН ӨТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

ШАЙМЕРДЕНОВА Ә.
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

“Білімді ұрпақ - болашақтың кепілі”, - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі - мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс. Міне, қазіргі білім беруді дамыту оқыту үрдісін жетілдіріп, оны аса жауапкершілікпен ұйымдастырып отыру керектігі туралы ойларды А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев сынды алаш арыстары сол кездің өзінде-ақ айтып кеткен.

Қазіргі таңда педагогикалық жаңаша үрдістерде білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет екендігін айтады. Оқытудың жаңа модулін енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу - ХХІ ғасырдың басты талабы.

Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу - оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Оқытудың жаңа технологиялық әдістерін пайдалана отырып, өздіктерінен ойлана алатын, ізденгіш, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлғаны тәрбиелеу тиімді.

Оқушылардың рухани-шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту салауатты өмір сүру салтының берік негіздерін қалыптастыруда, кешегі мен бүгінгі салыстыра айта білудегі қабілеттерін шыңдауда пән мұғалімінің атқарар жүгі ауыр. Оқушылардың ой еркіндігін жетілдіру ғылыми шығармашылыққа баулу - білім беру ісін демократияландырудың негізі болып табылады.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы шын мәніндегі басты жаңалық пен жақсылықтың нышаны болды. ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау тақырыбы - Жолдаудың басты бөлімдерінің бірі “Қазір бой жарыстаратын емес, ой жарыстыратын заман”- деп Елбасымыз айтқандай, дарынды, білімді ұрпақ еліміздің ертеңі екені даусыз. Елбасының Жолдауы көзі қарақты, көкірегі ояу, ел болашағын ойлайтын әр ұстазға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына [Жолдауында](#) Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан

Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуадағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Осы Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Бүгінгі таңда білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты болу мүмкін емес. Сондықтан жеке тұлғалардың ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашыл ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатымыз. Әр мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарды тәрбиелеп шығару мүмкіндігі бар. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Қазіргі уақытта білімді, қабілетті, әдепті, іскер, мейірімді мұғалім ғана оқушысына жақсы қасиеттерді сіңіре отырып, сапалы білім бере алады. Ол үшін оқыту мен білім берудегі жаңалықтарды жылдам қабылдап, оларды практикада қолдануда үлкен белсенділік таныту - әрбір мұғалімнің міндеті.

Мұғалімнің қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс.

Кембридж бағдарламасы осы функционалдық сауаттылықты дамытуға жұмыс істейді. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер *оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп*, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Осы орайда функционалдық сауаттылықты қалай дамытамын? Не үшін дамытамын? Не арқылы дамытамын? Нені өзгертемін? Қалай өзгертемін, оған кімдерді тартамын? Кімдерді өзгертемін?,- деген сұрақтар туындайды. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер 7 модуль, Блум таксономиясы арқылы жүзеге асады.

7 модульді «Неге?» және «Не үшін?» кіріктіремін? Блум таксономиясына қалай кіріктіремін?

- Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді - қалай оқу керектігін үйрену, диалог негізінде өзара сұхбаттасу және мұғалім мен оқушы арасындағы диалог арқылы шәкірттердің өзіндік ой-пікірлерін жүйелей алуы мен дамыта білуіне көмектесу үшін;

- Сыни тұрғыдан ойлауды үйретуді - грамматикалық тапсырмаларды талдап салыстыра отырып, тәжірибені ой елегінен өткізу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін;

- Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау - өзінің қандай дәрежеде екенін білу, “нені білемін, нені білмеймін”- деп саралау, өзін, жұбын, тобын бағалата отырып, ынтымақтастығын арттыру үшін;

- Оқыту мен оқуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалануды - оқушылардың танымдық қызығушылығын, оқу мен оқытуда белсенділіктерін арттыру, уақытты үнемдеу үшін;

- Талантты және дарынды балаларды оқытуды - оқушылардың жан-жақты табиғи, интеллектуалды қабілетін , шығармашылық қабілетін айқындау, дамыту үшін;

- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды - талапқа, яғни стандартқа сай болуы үшін. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалар арқылы қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін;

- Оқытуды басқару және көшбасшылықты - топтағы жұмысты ұйымдастыру, өзара көмек көрсету, бағалау жүргізу үшін.

Мұғалімнің қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс. 7 модуль арқылы оқушылардың білім сапасын арттырып, ойлау үшін ойланудың өзін жаңа тәсілдер арқылы меңгерту. Бағалай отырып оқушылардың қаншалықты білімді меңгергендігін білу арқылы, келесі сабақтың жоспары туындайды. 7 модульді сабаққа енгізген

кезде сабақтардың мазмұны, құрылымы өзгерді. Сабақтарда мұғалім рөлі де өзгеше, оқушылардың қызметі де өзгеше болады. Себебі Блум таксономиясы бойынша сабақ өткізу мұғалімдердің бұрынғы, дәстүрлі тәжірибесінде жоқ. Әр сабақты мұқият ойлап әзірлену керек. Әріне оқушылардың бойында бірден өзгеріс болмайды. Бұл – мұғалім шеберлігіне байланысты. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, диалогке түсіп, мұғалімнің бағыттауы бойынша іс-әрекет жасайтын болды. Ынтымақтастық атмосферасы орныға бастады. «Көш жүре түзеледі», - демекші бәрі бірден бола қоймайды.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер арқылы оқыту, өз тәжірибемнен байқағандай, 7 модульді енгізу ерекшеліктері мынандай деп ойлаймын:

- мүмкіндікке қарай оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай алады;

- басқаларды тыңдайды, кез-келген жауапқа түсінікпен қарайды;

- өз ойын топ алдында ашық айтып, қорғай біледі;

- оқушының оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге үйренеді;

- сабақтың мазмұны мен сапасы артады;

- оқушы өз қызметіне талдау, қорытынды жасап, өзіне-өзі баға береді, жаңалыққа ұмтылады.

Қорыта келе айтарым, 7 модуль бойынша оқыту оқушылардың даму, тану қабілеттерін жетілдіруге жақсы әсер етіп, Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл [жоспарын](#) орындауға оң ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елбасы Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

3 Үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасы.

4 Мұғалімге арналған Нұсқаулық (үшінші деңгей). «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012 ж.

5 Қазақ тілі мен әдебиеті №5 2007 жыл.

6 Қазақ тілі мен әдебиеті №7 2013 жыл.

КОМПЬЮТЕРИЗАЦИЯ КАК ВАЖНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОГО БИБЛИОТЕЧНОГО ДЕЛА

АБДАЛИМОВА Ж. С.
студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ИБРАЕВА Ж. Б.

к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Библиотека переживает сложный период своей истории. Такие моменты случались не однажды. Гибель библиотек предвидели с развитием кино, затем телевидения, позднее видео. Считалось, что киноиндустрия вытеснит массовое чтение, так как многие шедевры литературной классики переносились на киноленту и становились доступны всем и каждому. Но в этих сложных, на первый взгляд, условиях библиотека сохранила свою жизнеспособность и доказала способность сосуществовать с передовыми технологиями. Тем не менее, технический прогресс продолжает свое развитие и внушает многим опасение в вопросе библиотечного дела. В частности речь идет о внедрении компьютерной техники в быт широких масс населения.

Влияние компьютерных технологий на библиотечное обслуживание населения страны рассмотрено на основе исследований и выводов теоретиков и практиков библиотечного дела.

Самым дорогим и конкурентоспособным продуктом в современном мире является информация. Информационные технологии развиваются такими темпами, что если в конце XX столетия речь шла о создании "общества информации", то уже в начале XXI века речь идет о процессе гуманизации и о направлении всемирного сообщества к "обществу знаний".

Информационное общество нового тысячелетия активно предъявляет новые требования к библиотекам, которые только за последние несколько лет сделали заметный рывок во внедрении информационных технологий для раскрытия своих интеллектуальных богатств и предоставления их в общественное пользование, для повышения комфортности библиотечных услуг. [1, 9 с.]

Основные задачи библиотек XXI столетия - это их современный дизайн, развитие "гибридности" информационных фондов, поиск и разработка новых форм обслуживания пользователей,

корпоративный подход к предоставлению информационных ресурсов, расширение партнерства со смежными учреждениями, совершенствование управления, стратегического планирования, организационной структуры и повышения уровня компетентности персонала. Все это ставит задачу расширить информационное пространство библиотек, сделать его более мобильным, подвижным.

Вопрос владения информацией становится насущным и приоритетным в современном обществе, а информационное пространство – конкурентным.

Поэтому развитие политической и экономической сфер, качественное образование, внедрение новейших научных и технических достижений требует постоянного пополнения источников информации и ее доступности.

Развитие и широкое использование информационных ресурсов оказывает трансформирующее воздействие на все области современной жизни, включая сферы экономики, власти, науки и образования. Общим является тот факт, что информация и знание становятся определяющим экономическим фактором, а также важнейшим национальным ресурсом, который в значительной степени определяет благосостояние как государства в целом, так и его субъектов. Сохранение, рациональное использование информации в стране, обеспечение благоприятных условий для доступа к ней и ее взаимодействие в библиотеках каждого региона, особенно в условиях отдаленности территорий от крупнейших книгохранилищ России и методических центров, является сверхзадачей сегодняшнего дня. Общеизвестны сложности доставки, пересылки, сбои в работе МБА и другие проблемы, связанные с финансовыми трудностями. Это вызывает необходимость поиска путей кооперации в области раскрытия фондов библиотек. [2, 13 с.]

Создание единого информационного пространства на территории страны – одно из условий устойчивого развития и позитивных социальных преобразований в регионах. Библиотечная сеть своего рода единое сообщество библиотек разных типов и видов, функционирующее на принципах сотрудничества, интеграции библиотечных информационных ресурсов в российские и международные информационные сети, формирования новой системы межбиблиотечных взаимоотношений, совместного использования информационных и творческих ресурсов, налаживания партнерских отношений между библиотеками, властью, жителями региона, нормализации деловых и творческих контактов.

Информатизация библиотечного дела сегодня является приоритетным направлением в деятельности практически каждой крупной библиотеки. Это, несмотря на значительные проблемы (приобретения компьютерного оборудования, финансовый "голод" и др.). Внедрение новых информационных технологий и услуг фигурирует в первых и заглавных пунктах библиотечных планов. [2, 23с.]

Основной причиной, определяющей стратегию развития, являются вопросы организации доступа к информационным ресурсам, обеспечения сохранности фондов, в том числе создания благоприятных условий для развития и сохранности краеведческих ресурсов.

Противоречивый и непоследовательный ход преобразований в нашей стране сказывается на динамике развития библиотек и влияет на их экономические возможности.

В связи с этим возникает необходимость выработки тактики позитивной деятельности библиотек в новом социально-экономическом пространстве. Сформированы объективные предпосылки для перспективного развития библиотечного дела, такие как:

- социальная востребованность библиотек, как информационного учреждения;
- развитая и стабильная сеть библиотек всех систем и ведомств;
- уникальные библиотечно-информационные ресурсы, редкие и ценные издания, в том числе краеведческого характера;
- разработка, внедрение и использование новых информационных технологий в практической деятельности крупных библиотек;
- участие библиотек в межрегиональных корпорациях;
- подготовка и переподготовка профессиональных библиотечных кадров.

Сегодня даже в самых отдаленных территориях стоит проблема информационного обслуживания – библиотеку посещают не только чтобы почитать книгу, периодику, но все чаще – получить оперативную информацию.

И библиотеки в современном российском информационном пространстве вынуждены искать возможности внедрения в свою деятельность новых информационных технологий. Все чаще пользователи детских и юношеских библиотек начинают посещать учреждения для взрослых читателей, оперирующие большими объемами информации, документного фонда,

имеющие возможность оперативного доступа к сети Интернет, предоставляющие более широкий спектр информационных услуг.[5, 49 с.]

Будучи одним из основных проявлений процесса информатизации общества, автоматизация несет еще и ряд важнейших элементов развития современного научно-технического и социального прогресса: обеспечивается не только своевременный и быстрый доступ пользователей к информации и первоисточникам, но и создаются условия для реализации одного из главных принципов открытого общества – принципа всеобщей доступности информации и публикаций. Сегодня даже из самой маленькой библиотеки с помощью обычного персонального компьютера и модема по обычным телефонным каналам сети общего пользования можно получить доступ к ресурсам крупнейших мировых центров информации и фондодержателей.

Сформированная в 1970-х гг. сеть централизованных систем, является удачным решением для глобальной информатизации библиотечных процессов. Структура сети может создать оптимальные условия для обеспечения доступа к информации различных возрастных категорий пользователей.

Создание электронной библиотеки на основе кооперации информационных и профессиональных ресурсов являются наиболее реальным шагом в области информатизации библиотечного дела. Но это требует стратегического планирования, значительных инвестиций и объединения усилий многих специалистов – как практиков, так и теоретиков.

На таком фоне библиотека рассматривается уже не только как источник, но и как организатор доступа к информации. Этому, безусловно, способствует активное внедрение в деятельность библиотек информационно-коммуникативных технологий – Интернет, электронная почта, компьютеризация и автоматизация библиотечно-библиографических процессов, корпоративная доставка информации пользователям, что положительно сказывается на привлечении в библиотеку новых пользователей. Заметно растет интерес к информации, зафиксированной на электронных носителях, и к всемирной сети Интернет.[4, 11 с.]

Интернет и библиотека, как две искусственно созданные системы, имеют определенные взаимосвязи и взаимозависимости. Библиотека зачастую выступает местом бесплатного доступа читателя к информации, надежным помощником в осуществлении

поиска, навигатором по web-сайтам. Она размещает на своей странице информацию, созданную на основе изучения спроса читателей и их групповой дифференциации, по-прежнему, рекомендует лучшее, занимается рекламной деятельностью с помощью компьютера.

В связи с сокращением средств на финансирование комплектования фондов библиотека обеспечивает бесплатный или лицензированный доступ читателей к электронным изданиям, Интернет-версиям отдельных печатных документов, электронным коллекциям, электронным библиотекам, осуществляет электронную же доставку документов. Размещение собственной информации на web-страницах способствует развитию киберпространства, повышает социальный статус библиотеки, создает неограниченные возможности для расширения контактов с другими организациями, индивидами, т.е. способствует выполнению библиотекой не только информационной функции, но и коммуникативной и воспитательной (педагогической) одновременно.[6, 34-36 с.]

Современное развитие процессов автоматизации в библиотеках, несмотря на скромные бюджетные средства, выделяемые на эти цели, проходит довольно быстрыми темпами. Внедрение компьютерных и телекоммуникационных технологий в работу библиотек является не данью моде, а настоятельным требованием к повышению производительности и качества труда библиотечно-информационных работников на основе автоматизации взаимного использования и интеграции электронных ресурсов. Созданные электронные каталоги и массивы цифровых документов вместе со средствами телекоммуникаций, в конечном счете, должны служить решению главной задачи – обеспечение доступа всего населения страны к любым типам информационных фондов библиотек при минимальных совокупных затратах (на поддержку информационно-библиотечной системы страны и затрат на получение информации).

Таким образом, компьютеризация библиотек в современных условиях означает развитие их функциональных возможностей, повышение качества библиотечных услуг и определение их достойного места в информационном пространстве. Компьютеризация отечественных библиотек является важным направлением создания информационного пространства и трансформации «общества информации» в «общество знания».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Гаврилко, В. А. Сверхзадача сегодняшнего дня / В. А. Гаврилко, В. Л. Цыганков // Библиотека. – 2004. – №6. – С. 28.
- 2 Кожевникова, Е. С. Интернет? Интернет. Интернет! / Елена Семеновна Кожевникова // Библиотека. – 2004. - №7. – С. 31.
- 3 Логинов, Б. Информационная Россия. А почему бы и нет?! / Б. Логинов // С компьютером на «ты»: Методическое пособие для библиотек по информатизации и Интернет. Вып. 3. / Ред.-сост. Л. А. Казаченкова. – М., 2000. – С. 6.
- 4 Петухова, И. И. Мы – лоцманы в море информации / И. И. Петухова // Библиотека. – 2004. – №7. – С. 29-30.
- 5 С компьютером на «ты»: Методическое пособие для библиотек по информационным технологиям и Интернет. Вып. 3 / Ред.-сост. Л. А. Казаченкова. – М. : Либерея, 2000. – 112 с.
- 6 Шрайберг, Я. Л. Основные положения и принципы разработки автоматизированных библиотечно-информационных систем и сетей: главные тенденции окружения, основные положения и предпосылки, базовые принципы: Учебно-практическое пособие/ Я. Л. Шрайберг. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Либерея, 2001. – 104 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘНІ

АЙТИМОВА М. К.

бастауыш сынып мұғалімі,

Бірлік жалпы орта білім беру мектебі, Баянауыл ауданы

Бастауыш білім беруді жаңғыртудың үрдісі алдымен оның мақсатын түсінуді түбегейлі өзгертуге бағытталған. Қазір оның дамытушы функциясы, кіші жастағы оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы бастапқы мақсат болуда. Оқушыларда білімді өздігінен алуға, үздіксіз білімге деген қажеттілік пен қабілетті қалыптастыру — қазіргі қазақстандық мектептің басты міндеті. Оның шешімі әр оқушыда тұрақты оқудың танымдық мотивтері, танымдық қызығушылықты, танып-білу саласына батуға талпынуды қалыптастыруда.

Оқушы тұлғасының қалыптасуының негізгі көрсеткіштерінің бірі, даму деңгейі оқыту үрдісінің нәтижелелігін айтарлықтай анықтайтын танымдық қызығушылық болып табылады. Оқытудың қазіргі ахуалында оқушыларда танымдық қызығушылықты

дамытудың маңыздылығы еш күмән туғызбайды. Бірақ, оны дамытуды қалайша тиімді іске асыруға болатындығы туралы мәселенің нақты шешімі табылмады. Бұл мәселені «танымдық қызығушылық» ұғымының мәнін теориялық дәлелдеусіз шешу мүмкін емес.

Бұл сұрақты қарастыру барысында біз қызығушылықтың мәні мен негізгі сипаттамасын, оның тұлға дамуындағы рөлін анықтайтын психология және педагогиканың теориялық ережелеріне сүйенеміз. Осы ғылымдардың әдіснамалық принциптеріне негізделіп қойылған міндеттерді шешу барысында іс-әрекеттік тәсілді біртіндеп іске асыруды көздейміз.

Педагогикалық энциклопедияда қызығушылық адамның іс-әрекетінің шынайы себебі, объект немесе құбылысты танып білуге, іс-әрекеттің қандай да бір түрін игеруге талпыныс деп берілген.

Оқушыға деген ерекше сүйіспеншілікті, құрметті талап ететін бағытты терең ұстанған орыс халқының ұлы педагогы К.Д.Ушинский оқыту үрдісінде қызығу мен қызықтыру мәселесі төңірегінде көптеген тұжырымдама жасаған. Оның пайымдауынша қызығушылық сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды дей отырып ол “Қиын оқуды балаға қызғушылықты ету, міне бастауыш оқудың ең негізгі міндеті” – деген күнды пікірді қалдырды. Оның тұжырымдамасының жетекші идеясы: оқу - оқушының ең негізгі жауапты ісі, еңбегі бола тұра қызық, тартымды болып, бірақ көңіл көтеру ісіне айналмау керек.

Психолог В.В. Давыдов қызығушылықты былайша сипаттаған: қызығушылық алдымен оқу жұмысының барлық түрлеріне пайда болады, кейіннен ол саралана бастайды. Кіші мектептік жаста іс-әрекеттік үрдіске деген қызығушылық оның мазмұнына деген қызығушылыққа, фактілерге деген қызығушылық – бастапқы себептер, заңдылықтарға деген қызығушылықтарға айналады. Жұмыстың шығармашылық жағына қарай қызығушылық артады... Қызығушылық қиындықтарды жеңуге бағытталады.

Белгілі психолог Т. Тәжібаев қызығушылыққа былай сипаттама береді: Қызығушылық дегеніміз мұқтаждықты, ізгілікті қанағаттандыруға жұмсалатын, белсенді зейін мен жағымды эмоциялық сезімдер туғызатын психикалық күй. Қызығу өте күрделі процесс. Баланың қызығуын оның әдеттерімен салыстыруға болмайды. Бір әрекетті бірнеше рет қайталап, әбден жаттығып, өзінде әдет пайда болдырудың нәтижесінде оның еңбегі бір түрлі

қонымды, қиыстырулы, тәртіпті болып келеді. Мысалы, бала күнде оқуға сағат 8 ден кешікпей келетін болса, оны жақсы әдет деп айтуға болады. Бірақ оны баланың қызығуы екен, сондықтан ерте тұрып, ерте келеді деп айтуға болмайды.

Бүгінгі дәуірде ХХғ. дейінгі қызығу теориясын дамытуға үлес қосқан педагогтар мен халық ағарту қайраткерлерінің жолын қуушылардың бірі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаев болды. Қ. Жарықбаевтың психологиялық сөздігінде «Қызығу – шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі, сонымен қатар қызығуда бір нәрсені ерекше тандап, соған зейін қойылады. Адамды еліктіріп, өзіне тартқан нәрсенің бәрі қызығудың объектісі болып табылады» деген сипаттама берілген.

Абай шығармаларында әрбір педагог үшін керекті тұжырым көп-ақ. Ол жетінші қара сөзінде былай дейді: "Жас бала анандан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі–білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, "ол немене", "ол неге үйтеді", " бұл неге бүйтеді" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құрамы, "білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен" дегені». Абай балада болатын “білсем” құмары туа біткен құмарлық қызығу екенін дәлелдейді. Осы туа болатын танымдық қызығуды жоғалтып алмай, әрі қарай дамыту мұғалімге жүктелетін міндет. Өйткені, туа біткен құмарлықты дұрыс тәрбиелей алмасақ, Абай айтқандай, “білуге құмарлықты шектеу, талаптанбау, - имансыздық”.

Танымдық қызығушылық өз қалыптасуының кез келген кезеңінде де түрткі күш болып табылады. Танымдық қызығушылық білу қажеттілігі, қазіргі болмыста хабардар болудан туындайды, алайда жоғары рухани қажеттілікке ол өзінің дамуының жоғары деңгейінде ғана айналады. Педагогикалық тәжірибеде танымдық қызығушылықты жиі осы үрдістердің сыртқы стимулы, оқушының танымдық қызығушылығын белсендендіруші құрал ретінде, оқыту үрдісін қызықты етуге, оқытуда оқушылардың еріксіз зейіндерін аударатындай, ойлау қабілетін белсендендіретін, қобалжытатын, сабақты қызығып қарататындай аспектілерді анықтауға мүмкіндік беретін оқытушының тиімді құралы ретінде қарастырады.

Танымдық қызығушылық өз дамуында әртүрлі жағдайларда көрініс табады. Шартты түрде оның дамуы үш кезеңге бөлінеді: әуестік, білімқұмарлық, танымдық қызығушылық, теориялық қызығушылық. Бұл кезеңдер тек шартты түрде белгіленгенмен, дегенмен де олардың өзіндік белгілері көпшілікке танылған.

Әуестік – құштарлық, зауық. Әуестік субъектінің сараланбаған, санада аңғарылмаған немесе санада жеткілікті түрде аңғарылмаған қажеттілігін білдіретін күй. Әуестік – өтпелі құбылыс болып табылады, өйткені ондағы қажеттілік не өзеді, не санамен аңғарылып, нақты ниетке, арманға айналады. Әуестік кезеңінде оқушы небір заттың немесе небір жағдайдың қызықтығына байланысты қанағат тұтады. Бұл кезең танып білуге деген шынайы ынтаны білдірмейді.

Дегенмен де әуестік танымдық қызығушылықты анықтау факторы ретінде бастапқы түрткі бола алады.

Білімқұмарлық — тұлғаның құнды қасиетінің бірі. Ол адамның білгенінен тыс асуға талпынуымен сипатталады. Қызығушылықтың бұл кезеңінде таң қалу эмоциясы, танып білу қуанышы, әрекеттеріне қанағаттанушылық айтарлықтай қатты білінеді. Білімқұмарлық мінез ерекшелігіне айналып, тұлға дамуында үлкен роль атқарады. Білімқұмарлық адамдар әлемге бейжай қарамайды, олар әрдайым ізденісте болады.

Танымдық қызығушылық оқушының танымдық іс-әрекетінің ілгері бағытталған құбылыстарымен, қажетті ақпаратты іздеумен сипатталады.

Теориялық қызығушылық нақты ғылымның күрделі теориялық сұрақтар мен проблемаларын танып білуге талпынумен, сонымен қатар оларды танып білу құралы ретінде қолданумен байланысты. Бұл адамның өмірге белсенді ықпал етуінің сатысы, ал ол өз ретінде адамның көзқарасымен, ғылымның күші мен мүмкіндіктерімен байланысты.

Сонымен, педагогикалық проблема ретіндегі танымдық қызығушылықтың мәні - оқушыға педагогикалық әсердің тиімділігін арттыратын, оқушы тұлғасының белсенділігін арттыратын, ізденістік шығармашылық әс-әрекеттің дамуына ықпал ететін қызығушылықта.

Мұғалім оқушылардың дамуына қажетті назар аудара отырып, танымдық қызығушылық-ынтаны оқушылардың оқу әрекетінің құнды мотивіне айналдырады.

Балалардың тәртібі мен әрекеттеріне басшылық ету үшін оқытушы алдымен іс-әрекеттің жалпы мотивтері мен арнайы мотивтерінің мәнін білуі қажет.

Мотивтердің пайда болуына сыртқы стимулдың ғана болуы жеткілікті емес, олар оның мотивіне айналуы үшін тұлғаның қажеттіліктеріне сүйенуі қажет.

Танымдық қызығушылықты дамыту әдістері:

1. Оқу материалын түсінуге деген оқушының даярлығын қалыптастыру Формирование готовности восприятия учебного материала.

Сабақтың негізгі тапсырмаларын орындауына бағытталған оқытушының бір немесе бірнеше тапсырмасынан тұратын әдіс.

2. Оқу материалы айналасында шытырман оқиғалы сюжетті құру – бұл сабақ барысында жоспарланған оқу әрекеттерін орындау кіретін ойын өткізу.

Дайын мазмұны және ережелері бар ойындар. Ойындардың осы топтары ішінен балаларды табиғатпен таныстыруда дидактикалық және қозғалмалы ойындар қолданылады.

Дидактикалық ойындар – дайын мазмұны бар ережелерді сақтап ойнайтын ойындар. Бұл ойындар жадының, зейіннің, байқағыштықтың дамуына ықпал етеді, балаларды алған білімдерін жаңа жағдайларда қолдануға үйретеді, ой-ақыл үрдістерін белсендіреді, сөз қорын байытады, топтасып ойнауға тәрбиелеуге ықпал етеді.

Шығармашылық ойындар.

Балалардың дамуына табиғатпен байланысты шығармашылық ойындар өте маңызды болып табылады. Шығармашылық ойындардың басты ерекшелігі: олар өздігінен іс-әрекет жасайтын балалардың бастамасы бойынша ұйымдастырылып, өткізіледі. Ойын барысында балалар ересектердің табиғаттағы еңбектері туралы білім игереді, ересек адамдардың еңбектерінің мәнін түсіну үрдісі, оған деген оң қатынас қалыптасады.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ойындар мен ойын нышандарын қолдану оқуға қызығушылық тудырудың құнды әдісі.

Дайын танымдық мазмұны бар үстелдік ойындарды қолдануға болады.

Қысқа мерзімді ойындар.

Қысқа мерзімді ойындарға оқу әрекетіне қызығушылық дамытуына арналған заттық, сюжетті-рөлдік ойындар және басқа да ойындар жатады.

Ұзақ мерзімді ойындар.

Ұзақ мерзімді дамытушы ойындар. Бұл тәрбиелік бағыттағы ойындар.

3. Қызықты мазмұнмен ынталандыру әдісі.

Бейнелеген, қызықты оқу материалын тандап, оны оқу тапсырмаларының жалпы қатарына қосу.

Бақылау – оқытушымен арнайы ұйыдастырылған балалардың табиғат құбылыстары мен объектерін мақсатты белсенді түрде қабылдауы.

Табиғатпен танысу барысында әрдайым бақылауды қолдану нәтижесінде балалар оның ерекшелеріне назар аударуына үйретіп, бақылаушылықтың дамуына әкеледі.

4. Шығармашылық ізденіс жағдайын тудыру әдістері.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке тарту жағдайын жасау күшті танымдық қызығушылықты тудырады. Сонымен, мектептегі оқу үдерісінде бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қызығушылықтарын арттыру болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыру үшін сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімді екендігі сөзсіз

О. БӨКЕЙ – ЛИРИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ШЕБЕРІ

ЕЛІҚПАЕВ С. Т.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Поэтика – көркем шығармадағы бар құндылықтарды айқындайтын әдебиеттану ғылымының бір саласы. Поэтика әдебиет үшін ғылымдар интеграциясына дейінгі аралықта шығарманың, соның ішінде поэзиялық шығарманың сипатын ашатын көркемдік болып ұғынылатын. Көркем шығарманың суреті мен бояуы, қазірге дейін тіліне тікелей қатысты болатындығы содан да. Осы тұрғыдан алғанда суреткер шығармасының жеке поэтикалық сипаттары көркем шығарма құрылымымен де, мазмұнды беру тәсілдерімен де, көркем бейне жасау ерекшеліктерімен де ашылады.

Поэтика терминінің тарихына назар салар болсақ, бүгінгі түсінігімен арасындағы байланысты да, мағыналық кеңдікті де байқаймыз. Поэтиканың алғашқы түсінігі грек тіліндегі мағынасы – «поэтикалық өнер» дегенді анықтайды. Ежелгі грек тіліндегі поэтикалық мағынасы мен қызметі - әдеби шығарма құрылымы, эстетикалық құралдар жүйесі және олардың қолданылуы туралы

ғылым ретінде ұғынылатын [9, 935-936]. Әдеби шығарманың мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері толығымен поэтика зерттеуінің нысаны бола алатындықтан да, оны жалпы поэтика, суреттеме поэтика, тарихи поэтика деп бөлу қалыптасқан.

Жалпы поэтика көркем шығармадағы автор ойының түйінін, оны жеткізуші құралдарды қолдану заңдылықтарын, жанр, әдеби түр, тек пен түр, мазмұн мен құрылым үйлесім сабақтастығын зерттейді. Жалпы және суреттеме поэтиканың негізгі мәселесі – шығармадағы ой мен көркемдік құралдар байланысын ашу.

О. Бөкей шығармашылығы – қазақ әдебиетінде 70-жылдардан бастап танылған. Бұл кезең – Кеңес өкіметі үшін де, қазақ ауылдары үшін де қаншама қырғыннан соң халықтың ес жиып, тіршіліктегі бақытты отбасы, ошақ қасынан табуға ұмтылған шағы болатын. Осы шақтағы жазушы шығармалары қазақ ұлтының өткені мен бүгінін, ертеңін суретке түсіре бастады. Жазушы кейіпкерлерінің бойындағы өткеннің азапты күндерінің табы да, сол шақтағы бейқам тірлік іздері де, болашаққа алаң да байқалады. О.Бөкей шығармалары туралы зерттеулердің қай-қайсысында да қаламгер әңгімелерінің шеберлігі еске алынады. Бұл әсіресе «Ауыл хикаялары» топтамасына тән. «Ауыл хикаялары» топтамасы жеті әңгімеден тұрады.

Әңгімелердің ерекшелігі кейіпкерлер міне-құлықтарының ортақтығында ғана емес, барлығының өмір сүретін ауылы бір-ақ жерде, бір ауылда тұратындай ойға қалдырады. Жазушы әңгімелерінің кейіпкерлері – өзі көрген, өзі жақсы білетін, балалық, жастық кезінен жан сырларын, ішкі сезім иірімдерін түсініп өскен өз ауылының адамдары. Сондықтан да кейіпкерлері шынайы да, сенімді ғана емес, бар көркемдік қалыптарымен ашылған.

Қаламгер хикаяларының келесі бір ортақтығы – шағындығында. Әңгімелер бір-екі сюжеттен тұрады. О. Бөкейдің шығармашылығында «Ауыл хикаяларынан» басқа да бірнеше әңгімелер бар. «Бура», «Кербұғы», «Ардақ», «Айпара ана», «Қамшыгер» т.б. әңгімелерінен «Ауыл хикаяларының» поэтикасы мүлде басқа.

1. Әңгімелерінің тақырыбы – қазақ ауылының 60-80 жылдарының оқиғаларына арналған.

2. «Ауыл хикаялары» бірінші жақтан әңгімеленеді.

3. Әңгімелесушінің (автордың немесе кейіпкердің) сезім, көңіл сырлары шығарманың басты кейіпкерінің мінез-құлықтарына, іс-әрекеттеріне баға беруге жол көрсетеді.

4. Автор 60-80 жылдардағы қазақ ауылының бейбіт, мамыражай тіршілігіне түрлі қалыппен баға береді.

5. Ұлттық қасиет, сананы сақтаған елдің тәубашыл танымының әлі де сақталғандығын айтады.

6. Кеңестік саясат ықпалындағы халықтың әлі де ұлттық мінезінің сақталуын әр кейіпкер бойындағы түсінік, таныммен бейнелейді. Сол арқылы, әр кейіпкер бейнесіндегі ұлттық қасиеттерді суреттеуден жалпы елдік қасиеттердің сақталуын береді. Жазушы қазақы мінездің сақталуын ауылдың біртұтас қалыптағы ұлттық мінез сипатымен ашады.

7. Бір ауылдың ақылды, еңбекқор, мейіріммен бүкіл әлемді бауырына баса алатындай әжелерін, қиялшыл, сезімтал өрендерін, көңілдері адал, жүректері таза апаларын, ақ көңіл, баладай аңқау азаматтарын, сонымен бірге ескіден келе жатқан дәстүр-танымның жұрнақтарын сақтап бүгінге жеткізуші аталарын суреттейді.

8. Жазушы кейіпкерлерінің мінезін ашарда олар жайлы баяндап, ел ішіндегі өзгелерге ұқсамас қасиеттерін айтып өтеді де, келесі сәтте өзі куә болып, көзімен көрген оқиға арқылы қоюландырып, ширата түседі. Бұл суреттеу тәсілі барлық әңгімелергі тән. Жазушының бірізді бұл тәсілі – барлық әңгімелердегі шарықтау шегіне әкелетін желі. Осы желіін үзбей отырып, түйінді оқырманның өзіне қалдырады. «Менің повесть, әңгімелерімнің сюжеттері туған жер, жастық шағымда болған оқиғалар туралы естеліктерге толы, – деп жазды ол. – Менің жерлестерім – қазақтар – сом мінезді, шыншыл және ашық жүректі адамдар. Олар сиқырлағандай, ата-бабасы таңдаған кеңістікте өмір сүреді. Менің туған жерге адал жерлестерім әр мінезді, еңбекқор, ержүрек және шыншыл адамдар. Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда мандай терін төгіп жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын». Жазушы пікірі Кеңестік қоғамының талаптарын орындау сияқты болғанымен әңгімелеріндегі тақырыптық-идеялық тұтастық ұлттың құндылықтарын, рухани байлықтарын, халықты сақтап келген негізгі атрибуттарды дәріптеуімен ерекше. Жазушы шығармалары табиғат пен адам үндестігін, нақтырақ жаратылысқа байланған пенденің күнделікті тіршілігі сияқты болып көрінгенмен, дүниетанымдық тереңдік анық аңғарылады.

«Апамның астауы» әңгімесі: « Ол кезде мен бала едім. Апам жастау еді. Әке-шешеміз қиыр жайлап, шет қонып, мал соңында жүретін де, айында-жылында ғана болмаса, бет-жүзін үнемі көре бермейтінбіз», - деп басталады да, баланың апасына деген, балалық шаққа деген ыстық сағынышы баяндалады. Мал жайып, қиыр жайлаған әке-шешелерінің емес, апаларының мейірімін көріп, сол апаларының

аялы алақанының табын сезіп өскен балалар үшін апаларынан артық жан жоқ. Кейіпкер апаларының қысты күні Бұқтырмаға ойынға келген барша ауыл баласының бірінің пимасын кептіріп, брінің киімін жайып, әр баланың жайын ойлайтын шағын суреттей келіп, апасының бүкіл ауылға ана бола алатындығын да айтады.

Әңгімелеуші бала болғанымен, басты кейіпкер – апасы. Апасы – қарапайым қазақ әйелі. Бала үшін кішкене кезіндегі алыстағы әкесінің де, шешесінің де орнын ауыстырған, олардың бар-жоқтығын білдірмеген, ер адамның да, әйелдің де жұмысына шебер, жаны таза, өзгеге міндет атқармай бар істі өзі атқара беретін жан. Жазушы осы қасиеттердің барлығын Апаның бойына жинай алған. Қысқа әңгімеде әйел, ана жанын ашатын бар қасиеттер бар. Әңгіменің басқалардан, басқа ана, әжелер туралылардан өзгешелігі – апам деп, жанына жатып, балам деп бауырына басып жүрген жандардың шынында туысқандық жағынан бір-біріне мүлдем қатысы жоқтығы. Апасының бойындағы осы қасиеттердің жоғалып бара жатқандығы – астаудың деталь ретінде алынуымен де бағалы. Жазушы қазақ халқының бойындағы бауырмалдық, мейірім қасиеттерінің қоғаммен бірге жоғалуын – астаудың қалаға кетуімен де меззейді. Қалаға барған астаудың ендігі міндеті – мұражайға экспонат болу немесе бір отбасының қадір тұтар затына айналуы мүмкін, тіпті керісінше де болуы ғажап емес. Осы арқылы қаламгер қазақ таныммен, түсінігінің негізін жасаған шаруашылық заттарының тұрмыс, тіршіліктен алыстап, қолданудан шығып қалуын – ұлттық дәстүрдің де, танымның да тіршілік ырғағынан алыстауымен бейнелейді. Астауға қарап таңданған қазақ баласы енді тек оның бағасын түсіне алуы да неғайбыл. Оның қадіріне жете алмайды. Себебі ол қазақтың ендігі – асыраушысы емес. Асыраушысы, күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналмаған соң, ұлттың алдында бағасы да жоғалып кетеді. Тек сәндік пен артық әспеттеу құралы ғана болып қалады. Оның басты себебі – сол астаудың иелері жоқ. Бүгінгі ұрпақ ол астаумен ас дайындамайды. Жазушы ұлт дәстүрін жасаушылар бар да, оны қорғаушылар бар. Қорғаушылар кеткенде дәстүр де кетеді. Шаруашылық өзгеруі адам мінезін, қасиеттерін өзгертеді деген идеяны да көркем жеткізеді. Астау мен адам өмірі қатар алынады. Астауды керек қылмаған халықтың замандар өтер келе талай қадірлісінен айырыла бастаған қалпы – «Құлашаның шоты еді» мен «Күлияның ұршығында» да бар.

Құлаша атты қалың елге ортақ болған адам жайында әңгімелейтін шығармадағы Құлашаның шоты да – деталь.

Құлашаның басқалардан өзгешелігі – былғары қапшығы, тобылғы асасы бар. Құлашаның басқалардан тағы бір ерекшелігі – «ортақ шал» екендігі. «Ол кісіні жұрттың бәрі жатқа білетін. Ағайын-туғаннан ерте айырылған, панасыз жетім еді. Жетімдіктің ең қиыны – қартайғанда екен. Ел аралап, дәруіш боп күн көру пайғамбар жасынан асқан адамға лажсыздық еді. Лажсыздық емей немене, жетпіске жеткен шалдың қара жолды шаңдатып, жаяу-жалпылы ел кезіп, керзі етігін тоздырып тірлік кешуі қайбір жетіскендік. Бұл кісінің әбден қартайған шағында не себептен панасыз, мал-жансыз тұл қалуының сырын мен білмеймін. Менің білетінім – Құлашаның былғары қапшығы, тобылғы асасы болушы еді. Ал былғары қапшығының ішінде өсте де, ішіп-жем жол азық емес, көненің көзі іспетті: мүйіз сапты жезмойын пышақ, мүйізден жасалған насыбай шақша, ұлтан, тебен ине, біз, тарамыс, сонсоң соншалықты әдемі қаз мойын шот жүретін». Құлаша бойындағы бар қасиет – өз бақытын, шаттық қуанышын елдің артында қалған ұлттық белгілерін жинауға айырбастатқандай. Өзі жалғыз, панасыз жүрсе де, былғары қапшығына салғаны – тамақ емес, мүйіз сапты жез мойын пышақ, мүйізден жасалған шақша, ұлтан, тебен ине, біз, тарамыс, қаз мойын шот. Қазақтың шаруашылық тұрмысын танытатын мұражай экспонаттары болатынын біліп, сол заманнан осы заманға аман жеткізу үшін тірлік кешіп жүргендей. Кейіпкер бойындағы ұлттық, соның ішінде тау адамына жарасар тәкаппарлық та – оны өзгелерден бөлектей түсері анық. Табиғилық пен тазалық белгісі – Құлашаның бейнесі артық суреттеу, баяндау арқылы берілмейді. Жазушы кейіпкерінің жалғыздығы, жетімдігі – тағдырдың жазғаны, талайына бергені деп қабылдайтын диуана қалпын Тоқамен айтысынан ашады. О. Бөкей кейіпкерін барынша танытуда ол туралы білетінін айтып, баяндап қана қоймайды. Өзі куә болып, көзімен көрген оқиға арқылы жан-жақты аша түседі. Қара көлеңкеде «ас...салау» дегенді айтып, жертөлеге түсіп кеткен Құлашаның шығарып алғанша жата бергені, апасымен баласы шығарып алған соң, төрге шығып «мағалейкумді» қосуы елге еркелеген қазақтың сал-серілерін еске түсіреді. Сал-серілік те тазалық пен адал көңілге елдің кең пейілінің жауабындай болған дәстүр болатын. Құлашаны елдің өз отбасы адамындай қабылдауы да, бар еркелігін көтеруі де – оны жаны таза деп тануында. Құлашаның Күләмидің ауырып жатқанын естіп, ұшықтауды ниет еткенінде Апасының айтатын: « - Сіз жақсы келдіңіз, - деп көутектеді апам. – Ораза-намазыңыз бұзылмаған Қыдыр адамсыз ғой, дем салып беріңіз» деуі де тегін

болмаса керек. Әңгіменің шырайын ашар, Құлашаның бейнесін толықтыра түсетін оқиға Құлашаның өз аузынан айтылады. Ол өз басынан кешкен жайда май деп, табактың тесігіне тығындаған мақтаны жеп қойғанын айтады. Әңгімелеушінің майын тамыза тындаушысын қызықтыра айта білген әңгімесі де шығармада ешкімге зиянсыз, көңілді, таза ниет пен ақ көңілді көтере түседі. Өз әңгімесіне Құлаша мәз болып күледі. Апасы жай ғана жымияды. Бірақ былтыр да айтып едіңіз демейді. Ел кеңдігі, бір-бірін сыйлай білген жұрт сыры болып қала береді. Әңгімедегі сыйластық, Құлашаға деген құрмет белгісі – тағы бір детальмен толығады. Үй-ішінің Құлашаны көрген соңғы келісінде шотын баланың әкесіне беріп кетеді. Бірақ өзі оралмайды, қайда кеткені белгісіз. Қазақтың танымында ешкімге зиянсыз, періште кейпіндегі дәруіштер көкке ұшып кетеді. Бақсы-балгерлер өлгенде де, басқа жұртқа қосылмайды. Абайдың «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным» дейтіні содан да. Сондықтан да өзгеден бөлек, тірлігі, өмір дағдысы ешкімге ұқсамайтын, маңайына жақсылық қана сыйлайтын, өзгеден алса да, берсе де міндет етпейтін Құлашаның соңы осылай аяқталуы да – әңгіме шеберлігі. Құлашаның белгісіз тағдыры қазақтың замандар арасында сіңіп жоғалып бара жатқан танымын да еске әкеледі. Ел Құлашаны кейіннен сағына іздейді. Ол туралы түрлі аңыздар шығарады. Құлаша бір сөмке ақша тауып алыпты. Сол ақшаны алып, Сталинград түбінде қаза тапқан ұлын іздеп кетіпті, бұқтырмаға ағып өліпті деген әңгімелер шығады. Бірақ ел не айтса да, ешкімге зияны жоқ, елді әңгімесімен желпіндіретін диуана шалды керек етеді екен. Құлаша бейнесі қазақтың өткенін еске түсіріп, жанында қалған жұқанақтарды сағындыра, қиял мен сезімге толы еркін кездерін әкеледі. Өз тағдырларын Тәңір еншісі деп сенетін түсініктен айнымайтын ел ішіндегі Құлашалар сол сағыныштарының жауабы сияқты. Құлаша да тәңірінің берген тіршілік өмірін сый деп қабылдайтын, өзіне сенімді, ешкімі жоқтығын айтып, өзінің де, өзгенің де жанын ауыртпайтын, жамандықтан аулақ жан ғана емес, кейде тіпті, таза, баладай кіршіксіз сипаттан әулиелікті де байқататындай. Оның дүние байлығынан аулақ көңілі, ем-дау жасап, үшкіруінің ем болып қонуы – да тегін болмаса керек. Жазушы Құлашаны әсіре мақтамайды. Құлашаның көп мінездері Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Іскендір диуанаға келеді. Іскендір диуана ақтардың қолына түсіп, пұшайман күй кешіп, жаны ауырып келе жатқан Ақбілекке кез келіп, баладай мәпелеп, арқасына салып, елге жеткізеді. Іскендірдің де аса таяғы мен ала дорбасынан

басқа ештемесі жоқ. Оның кім екені қай ел, қай ауылдың адамы екендігі, кейінгі тағдыры туралы ештеме жоқ. Тек тазалық пен адамдарға жақсылық жасайтын періштедей бейнеленеді.

Құлаша да кім екені, қай ауыл, қай жердің адамы екендігі белгісіз. Қай үйге барса да, ел барын беріп, шын көңілмен қарсы алып, таза ниетпен шығарып салатын, қолында шоты, арқасында ала дорбасы бар. Құлашаның кейінгі тағдыры да белгісіз. Оның қайда кеткені, дүние – жалғанда бар-жоғын ешкім білмейді. Өлгенін де ешкім естімеген. Пері болып, періште болып, көкке кетті ме, жоқ, табиғат- ананың басқа бір сыйын қабыл етті ме, белгісіз. Осы белгісіздік – Құлашаның бүкіл тағдыры ғана емес, бар болмыс-бітімі. Бірақ ел оның тірі екендігіне сенеді. Жазушы осы арқылы қым-қуыт тірлікпен алысқан адамдардың да бір уақыт дүние азабынан алыс тыныштықты аңсар тұстарын көрсетеді. Елдің Құлашаның жоқ болып кеткеннен соң, келеріне сеніп, Апасының шотына тиіскізбей, сақтатып қоюуының өзі – деталь. Тазалық пен пәктіктің үлгісі – Құлаша адамдар қоғамына керек. Жаратылыстың өзі дүние байлығының соңына түскен жандарға жіберген, әр үйге келіп, өз мінез, тірлік, өмір сүруінің басқа бір рух байлығын ұмытпауды еске салып отыратындай.

Құлаша мінезін жазушының «Құмар қол бұлғапты» әңгімесі толықтырады. Әңгіме кейіпкері Құмар да өзгеше жан. Құмар да – таза, баладай аңғал «Біз оны «күжілдек» дейтінбіз. Ербала деген аңшы шалдың жалғыз ұлы еді. Төртбақ, қап-қара шойыннан құя салғандай, даусы жуан, аңқау да, аңкылдақ адам еді. Қырықтан жаңа асқанымен қара танитын ғана қауқары барілдалдамен өмір сүрген өте қарапайым, ел аузына күлкі болып іліккен қызық жан-тын». Құмардың сыртқы бейнесі осылай суреттеледі. Сонысына қарай мінезі де қызық. Елдің барлығы оған тиісіп, жоқтан өзгеге тәлкек, мазақ еткенімен барлығын жуан мойнымен көтере де алады. Құмар өзгелерге ұқсамайды. Ол – өзін кім тәлкек етсе де, керек қылмайтын мінезімен бірге, ешкімге артық күш жұмсап, күш қаруын көрсетпейтін адам. Құмардың ендігі бір ерекшелігі – ішіп алғанда айтатын «Албания, шалбария, албания, шалбария» деген әні. Әкесінен мұраға қалған қақпан мен тұзаққа иелік етуі де қызық. Аңшылығы да шамалы.

Жазушының «Ауыл хикаяларындағы» жазушының көркемдеу тәсілі – кейіпкер бейнесін ширатар тұста жаңа сюжет қосу тәсілі бұл әңгімеде де бар. Сондықтан да Құмар бейнесін көркемдеу тәсілі ретінде Балтабай молдамен арадағы қақтығысты алады. Құмардың момын, маңына көп мән бере бермейді деген бейнесіне

өзгеше жаңа сипат қосылады. Оның Балтабайдың қақпаны мен оған түскен елікті алып кеткеніне дәлелінің анықтығы соншалық кімді де болса бас идіреді. Құмардың – тауда туып, табиғатпен бірге, төрт түліктің бар сырын біле өскен сұңғылалығы да танылады. Әңгіменің шарықтау шегіндегі Құмар бейнесі әңгімелеуші тарапынан жаңа арнаға ауысады. Оқырман да, әңгімедегі басқа кейіпкерлер де мән бермеген тұсқа қайта әкеледі. Құмардың момын еместігі, өз ісіне адалдығы мен білері бар көкірек көзі ашық бейнесі қайта оқырман алдына келеді. Жазушы құмарды артық әспеттемейді. Оған қатысты аяушылық немесе жана күйу, күйіну, бірге қиналу, әлде тәлкек ету сезімдерінен ада. Оқырман өзі көкіреку көзімен атниды. Құмарды оқырманға жазушы оқырманын Құмардың жанына әкеліп танытады.

О.Бөкей кейіпкерлері мінезі Өр Алтайдың қалың жыныс ормандарындай терең, сол таудан аққан бұлақ суларындай таза, әрі Мағжан айтатын адамзаттың алтын бесігі – Түркі бабаның асыл белі – Алтайдың өзіндей табиғи. Сондықтан да болар, оның кейіпкерлері дүние байлығына бой ұрған адамдар қоғамынан аулақта таза табиғатпен ғана сырласар қалыптарын сақтаған. Диуаналық, әулиелік те «Тәңірімен тілдескен» түркілердің мекені – Алтайдың рухымен бірге кейінгі кезеңдерге дейін жеткенін көрсетеді. Құлашаның диуаналық бейнесі – ғасырлар қойнауынан Тәңірілікті тәу еткен өткенді еске түсіреді. Құмар бейнесі соның кейінгі кезеңдердегі өзгерген жаңа түрі. Екеуіндегі ұқсастық та мінездеріндегі табиғилық. Жаратылысқа жақын Құлаша мен Құмар бейнелері ауыл адамдарының тазалықты, табиғаттан мейірімді күткен кезде іздер бейнелері болып қала берген.

МЕТОДИКА РАБОТЫ НАД ЗАДАЧЕЙ В 1 КЛАССЕ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

ЗЕЛЕНКОВСКАЯ М. А.
учитель начальных классов, СОШ №5

Одна из основных задач курса математики в начальной школе – это научить детей решать задачи. Я начинаю работать над этой темой с первых уроков математики в 1 классе.

В своей методике я могу выделить этапы подготовительной работы над задачей или, можно так назвать, «скрытая» форма работы над задачей.

1 этап. Составление рассказа по рисункам.

С первых уроков математики ребята составляют рассказы по рисункам, ученики рассказывают, что они видят, что происходит, предметов становится больше или меньше. В учебнике

а) по цвету; б) по форме; в) по размеру.

Дети дополнительно ещё отвечают на вопросы:

- расскажите, что вы видите на рисунке?

- а если закрыть синий квадрат, что останется?

(цель этой работы – это подготовка к решению задач на нахождение части)

2 этап. Работа над знаком «+» (сложение).

Работа над знаком «- » (вычитание).

На этом этапе важно, чтобы дети хорошо усвоили, что «сложение» - это объединение совокупностей. А «вычитание» - это обратная операция, это удаление из совокупности предметов ее части, это забираем, зачеркиваем, закрываем.

Важно, чтобы дети усвоили:

- что находим «+»(сложением) и «- »(вычитанием);

- что получим, если складываем;

- что получим, если вычитаем;

- станет больше или меньше, если складываем (вычитаем).

3 этап. Работа над понятиями «предметы, их количество, цифра».

Изучая число и цифру, на уроке акцентируется внимание детей на то, что означает эта цифра, на что она указывает? Если дети это усваивают хорошо, то легко переходить к следующему этапу.

4 этап. Работа над числовым выражением.

Хорошо построенная работа над выражением даёт отличную почву для понимания условия задачи. Здесь используются такие виды работы над выражением:

- составление выражений по рисунку с обязательным объяснением (например, нарисовано 2 яблочка – пишу цифру 2 и нарисовано 3 груши – пишу цифру 3.) Нарисованы стрелки, которые указывают на то, что яблоки и груши положили в тарелку, т. е. объединили, значит, между цифрами ставлю знак «+»);

- замена буквенных выражений числовыми;

- составление рассказа по данному выражению.

5 этап. Решение стихотворных задач.

Детям не сообщается, что это задача. Перед ними стоит задание: внимательно послушайте и составьте выражение:

Четыре спелых груши на веточках качалось.

Две груши снял Андрюша, а сколько груш осталось?[1]

После того, как дети составят выражение и найдут его значение, всегда спрашиваю: «Что вы нашли?», «Что означает результат выражения?»

Задачи в стихотворной форме можно использовать и для устного счета, и для объяснения различных математических приёмов при решении задач и повторения пройденного материала.

Проблема, которая волнует всех учителей – это самостоятельное решение составных задач, с которыми дети начинают знакомиться уже в 1 – м классе. Ключом к их решению является анализ решения, на основе которого устанавливается зависимость между данными и искомыми значениями величин.

В основном я использую традиционные приёмы анализа задачи:

- разбор от вопроса;

- разбор от числовых данных.

Разбор задачи от вопроса – это суждение, которое состоит в том, чтобы подобрать два числовых значения одной или разных величин таким образом, чтобы дать ответ на вопрос задачи. Одно из значений или оба могут быть неизвестными, для их нахождения подбираются два других. Так продолжается до тех пор, пока не приходим к известным числовым значениям величин.

В результате разбора задачи от вопроса учащиеся устанавливают зависимость между числовыми значениями величин, «разбирают» задачу на простые задачи и составляют план ее решения. Это можно сделать и путем разбора от числовых данных.

Разбор задачи от числовых данных состоит в том, что к двум числовым данным подбирается вопрос. Затем к следующим двум данным, одно из которых может быть результатом первого действия, подбирается еще один вопрос. И так до тех пор, пока не будет получен ответ на вопрос задачи. Если разбор задачи ведется от числовых данных, то он сопровождается разбором.

В методической литературе разбор задачи от числовых данных называется «синтетическим методом», а разбор задачи от вопроса – «аналитическим методом». Оба метода разбора – это анализ условия задачи, поскольку они направлены на разделение основной задачи на простые. Здесь можно выделить несколько этапов.

На первом этапе необходимо:

- научить детей анализировать условие составной задачи и проводить рассуждение при ее разборе от вопроса;

- довести до сознания учащихся, что для ответа на вопрос задачи необходимо, чтобы в ее условии было дано не менее двух числовых данных.

На втором этапе решаются задачи в два или в три действия, с полным анализом и его графической иллюстрацией.

На третьем этапе, когда дети овладели полным анализом задачи от вопроса и от числовых данных, возникают условия для дальнейшего развития абстрактного мышления учащихся и повышения эффективности работы над задачей, с использованием неполного анализа при разборе задач.

Для того чтобы дети смогли проанализировать задачу, надо, чтобы они понимали, о чём говорится в задаче и что надо найти. Для этого предлагается детям такое задание: «расскажите задачу», не пересказ, а именно «расскажите задачу», например, при решении задачи: «Маша посадила 3 куста клубники, а мама на 4 куста клубники больше. Сколько кустов клубники посадила мама?» Здесь важно, чтобы дети понимали, о чём идет речь, что важнее в задаче. И рассказать задачу можно так: «В задаче есть Маша и мама, они посадили клубнику. Маша посадила 3 куста клубники, а ее мама посадила неизвестно кустов, но сказано больше на 4 куста. Нам неизвестно, сколько кустов посадила мама, но мы знаем, что она посадила на 4 куста больше, чем Маша, поэтому мы можем найти, сколько кустов посадила мама.

Важно, чтобы дети поняли, какое понятие важнее «куст» или «клубника». Чаще всего дети выбирают слова «клубника», «ягоды», «игрушки», а не «кусты», «килограммы», «корзины» и т. д. Задание «расскажите задачу» помогает учителю определить, как дети поняли задачу.

Ребята с удовольствием выполняют домашнее задание, когда я говорю: «Подготовьте задачу для устного счета и «нарисуйте ее», конечно, часто подключаются к такому заданию родители, но я здесь преследую важную цель: дети понимают содержание задачи и рассказывают ее своим одноклассникам. Такие задания способствуют формированию осознанных знаний, прочных умений и навыков при решении задач.

В работе над задачей мне нравится приём моделирования, который я использую в процессе решения текстовых задач. Используя приём моделирования, я учу детей:

- составлять модели к текстовой задаче и, наоборот, составлять задачи по моделям;

- устанавливать соответствие между условием задачи и чертежом;

- выбирать из данных задач ту, которая соответствует чертежу;

- выбирать из нескольких чертежей тот, который соответствует данной задаче;

- определять по чертежу все арифметические способы, которыми может быть решена данная задача.

Работая над задачей, я пользуюсь также методом составления обратных задач. Дидактические достоинства этого метода, по моему мнению, в том, что одно и то же число, понятие, величина входят в несколько различных связей и находятся различными способами. Обратная задача служит проверкой прямой. Именно в таком преобразовании я вижу выработку самоконтроля, самостоятельности.

Условия нашей жизни требуют от учащихся широкой эрудиции, знаний. Готовясь к уроку, я ориентируюсь и на слабого и на сильного ученика.

На уроках мы часто обращаемся к дополнительным источникам: художественной литературе, энциклопедиям, справочникам, организовываем поисковую деятельность, ребята приобщаются к творческой активности. Задачи на уроке должны быть одновременно занимательны и доступны для учащихся, но в то же время не даваться им легко.

При формировании какого – либо математического понятия или умения, в зависимости от той или иной конкретной цели урока, выбираются методические приёмы, которые направлены для решения важной цели курса математики – научить детей решать текстовые задачи.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бут, Т. В. Математика. 1 класс: Поурочные планы. – Волгоград: Учитель, 2003.

2 Петерсон, Л. Г. Математика (учебник). 1 класс. в 3-х частях. М. : Издательство «Ювента», 2011.

3 Петерсон, Л. Г. 1 класс: Методические рекомендации. Пособие для учителей. – М. : Издательство «Ювента», 2008.

«АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ АВТОРДЫҢ ТАБИҒАТ КӨРНІСІН СУРЕТТЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК СТИЛІ

ИБАКОВА Ә. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ақын жазушыларымыздың ішіндегі шоқтығы биік тұлғалардың бірі, әрі бірегейі Жүсіпбек Аймауытов десек, артық айтқандық болмас. Драматург, ақын, аудармашы, зерттеуші Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы (кей деректерде 1890 жылы) қазіргі Павлодар облысының, Баянауыл ауданында, Қызылтау атырабында туған. Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнекейдің жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалары мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

«Ақбілек» романы жанр табиғаты мен талабына толық жауап берумен бірге кемел ой мен көркемдікке, нақышты тіл мен келісті суреттеулерге де толы. Оны, атап айтқанда, Алтай мен ауыл көріністері, Ертіс – Күршім сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң - құс, жан-жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері мен этнографиялық деректер байыта, толықтыра түседі. Сайып келгенде, қазақ қызының өмір, тағдыр жолын баяндағанда да Жүсіпбек Аймауытұлының ескі ауыл, этнографиялық суреттерді, адамдар қарым-қатынасын ой мен сезім өрілімі арқылы риясыз жеткізер тіл байлығына, шеберік иірімдерінің үлгі – өрнектеріне көз жеткіземіз. Сондай-ақ, романдағы әлеуметтік-психологиялық иірімдерден, жекелеген кейіпкерлерді мүсіндеу мен олардың ішкі диалогтарынан, ең негізгісі қазақ тұрмысы мен заман көріністерінен, уақыт сырынан реалист суреткердің көзқарас, қолтаңбасы айқын көрінеді. Демек, Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық мұрасындағы басты туындылардың бірі- «Ақбілек» романы қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністерін өмір-уақыт шындықтарына сай сенімді суреттеп, адам әлемін бар қырынан жарқырата көрсетіп, әсіресе қазақ қызының тарихы мен тағдырына, өсіп-есею жолдарына тағылымды сипаттар беріп, оны айрықша мәнді, көркемдік өріс пен өзгеше өрнектермен бейнелеуі бедерлі орын алады.

Ж. Аймауытов - тамаша қаламгер. Жазушы романындағы табиғат та шығарма оқиғаларымен астасып жатады. Шығармадағы табиғат - кейіпкерлердің бірі іспеттес. Мәселен, романда автор табиғатты былай деп суреттейді: «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманьың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтай күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Алтай, Күршім – не заманнан қалың найман мекені. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тырандасып, мөйек басып, мамырласып жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татығын айна сулы Марқакөлі. Марқакөлі алқалаған – ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алты ай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлінің самалында сайран етіп жатқаны. Марқакөлінің суы балдай. Марқакөлінің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын күшқандай боп, беті шикан дуылдайды, аузы кобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс – жұлыс, асыр салып жатқаны», - деп, әсем көрініске бас иеді. Автор бас кейіпкердің басына түскен қайғысын табиғатпен байланыстырып былайша сипаттайды: «Ұйтқып соққан ызылдақ жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген, шыңылтыр сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғырмақтанып, тауға қақпақ болатындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұлдыз тарыларын бір-бірлеп қылқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірлеп батып бара жатқандай. Ақбілектің сұм жүрегі әлденені сезгендей болады. Екі көзі жалт-жұлт етіп, Қара мұрттың бетіне қарай береді... ».

Жазушымен бірге біз табиғат құпияларымен сырласамыз: «Ол кезде ызғырығы ызылдап, сабалақ қара бұлттан түн жамылған күздің көзсіз қара түні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурадай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауып келе жатыр еді. Көк жүзінде жайылып жатқан жұлдыз, қойларын көздеп тұратын шопан атасындай - жау көргенде зым-зия жоғалыпты. Саялдық қара бұлттар-ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіндер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына

төнсеңдерші! Күздің сарғыш жапырақтары-ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсындар! Қалың бұтаның, қайғысыз, қамсыз бөденелері-ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсындар? Сұлудың жүрегін жанышқан ауыр шерді сендер сейілтем дейсіңдер ме? Қанатын қаршыға күйретіп, қиқайған қостың алдында бір қолымен жер таянып, аспанға қарап отырған сұқсырдың налыған зарын тәңірісіне жеткізем дейсіңдер ме?! Бұлттар-ау, серпілмейсіңдер ме?! Жапырақтар-ау, сытырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы! Ызғырық-ау, ызылдағанша, жапанда жалғыз қалған баланың әкесіне хабар берсеңдерші! Ой, мейірімсіз шіркіндер-ай! Сендердің тілдеріңді Алтайдың жаралы аруы білмейді ғой! Сендердің қас қабағына қараймын, сендерге еркелеймін деп есіл сұлу мұндай күйге ұшырады ғой! Жел мен бұлттың Алласына сенем деп сенделіп қалды ғой!...»

Ақын Алтайдың арулары сұлу, ажарлы да көрікті болатынын да тілге тиек еткен. Оған мысал, романдағы мына сөздері: «Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлендесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді» -дейді.

Бал татыған айна сулы Марқакөл!

«Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың Ақбілегі, ана болып, көп әйелден дана болып...»

Ж. Аймауытов

«Арада бес жыл өтті. Ертіс үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. Екі қабағы ызғындай ел. Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің от арба, от кеменің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей. Семей - бір губерния елдің миы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір губерния елдің жүрегі. Семей бүлкілдесе, бір губерния ел бүлкілдейді.

Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды. Талтайған жерінде арал пайда болады. Аралдың өнбойы сыңсыған орман. Жаз болса, орман жасарады, астына шалғын кілем төсenedі. Арал сәнденеді, арал жанданады. Екі қаланың еті тірі еркек-әйелі қызылды-жасылды киім киіп, түрленіп, қайыққа мініп, сол жеке аралға, көкке шығады. Арал толған ағаш. Ағаш арасы – жол. Жол жиегі – түрлі шөп пен түрлі гүл. Гүл әліпті жасыл жолда иін тіресіп, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан жан. Ағаш-ағаштың саясы топ-топ

адам. Ол топта пәреміш кәрзеңкелеп, таукеншік самауырынын бықсытқан татар әйелдері де бар, орталарына қымыз қойып, қой сойып, жер ошаққа еттерін асып, шымырлатып жатқан қазақ та бар. Қыз қолтықтаған, гүл терген орыс та бар, арақ ішкен, мас болған, сырнай тартқан, өлең айтқан орыс-татар да бар. Ән-күй де, қызық сый да, сұлу қыз да, бал қымыз да, махаббат та, сыра да, арақ та, карта ойыны да, төбелес те, айқай-ұйқай да, ойын-күлкі де – бәрі содан табылады».

«Қаламгер бас кейіпкердің сіңлісі Камиланың туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілігін былайшы сипаттайды: «...- Шіркін-ай! Біздің ауылдың жайлауындағы шалғыны қандай еді! Бұзау көрінбей жатушы еді! Ауыл келіп қонғанда, жұпар иісі мұрынды жарушы еді! Тау аясындағы айдын көлінің айнадай суы қандай еді. Өңшең ұсақ бала шопылдатып, суға шомылып, жұмыртқа іздеп, жылан бас тана теріп кетуші ек. Есіл қызық күндер-ай! Есіл оң жақтағы дәурен-ай! Елім-ай! Жерім-ай! Сағындым-ау, қайтейін...»

Қаншама азапты өмір кешсе де Ақбілек адамдық қасиетін жоғалтқан жоқ. Шығарманың соңын автор былай деп аяқтайды: «Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, күт сорғалап көнек-көнек лықылдайды...»

Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың Ақбілегі, жас Балташтың сүйген жары Ескендірін күшып, сүйіп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кездесіне бағы сыймай, кемерінен аса шыпылдайды».

Табиғатты суреттеу барысында автор табиғатты басты кейіпкерлердің сезімдерімен, тағдырымен байланыстырды: «Тұңғыш көбік қар. Тынық қатқак. Өзе шыныдай, аттың ізі бадандай. Қаладан шыға беріс тепсеңде шерттіре аяндаған екі атты. Бергінің мінгені – екі таңасқан, ешкі бас, құлан сан тобылғы торы. Әсем басады, қарды уыстап лактырады »

«Су жақсыға да, жаманға да сусын болады»

Ж. Аймауытов

Шығармада автор суды да өте шебер сомдаған: «Бір қырдан асқанда көлденең созылған сай килікті... Құдай жарылқады! Өзен, өзен! Арғы қабақта жол жатыр. Ел жақын ғой! Ақбілек ақтық күшін салып, аяғын тезірек басты. Ағыны тас домалатқан тасты сайдың тар өзені екен. Жадағайлау бір жеріне келіп, шапанын, камзолын шешіп, көйлекшенденіп, білегін түрініп, жуынды, су ішті. Су жиегінде бірталай отырды. «Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді өлімді білмейді. Еш нәрсені сезбейді.

Мен ішсем де бұған бәрібір – жақсыға да, жаманға да сусын болады. Құдайдың бұл да бір құдіреті-ау! Мейірімі-ау! Оны біз білмейміз-ау!» деген ойларға келді...»

Жүсіпбек Аймауытов тылсым даланы да керемет бейнелеген: «Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы беткей, төбөшік, обашық, қызыл құмай, шөптесін шүмейт. Қоғыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қарақұра жоқ. Даланың көркі ел екен-ау! Елсіз дала емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар неғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұндық».

«Сар далада сары уайым жабылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап. Тышқан аулап күйкентай жүр қыранымсып шыңқылдап. Әне алыста безек қағып, бір бозторғай түр шырылдап, бейне әуеге шегелеулі тұрғандай, бір орыннан тапжылмайды қанаттары дірілдеп. Сол торғайдың шырылдағаны ащы тиді құлаққа, өзгелерден үні өзгеше, не болды екен бейбаққа? Сол торғайдың маңайында жаны ашыған арашашы жандарша, төрт-бес торғай айнала ұшып, таяу-таяу бара түсіп, ап кетуге тас қорғанды бұза алмаған ерлерше тиіп-қашып өтіп жатыр о жаққа бір, бұл жаққа».

Осылайша «Ақбілек» романын көркемтілі мен қыз тағдырын замана зарын табиғат көрнісімен тығыз ұштастыра білген, кейіпкері құсаланса табиғатты күнірентіп, сүркейлетіп, ал сәл де болса жақсылықтың ұшқыны байқалса Алтай тауын құлпыртып Марқа көлді мөлдіретіп жібереді. Табиғат көрнісімен кейіпкерлер тағдырын өте шебер ұштастыра білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абаева, А. Т., Кәріпжанова, Г. Т., Мұхаметжанова, Р. Ж., Окпина, Б. М. Әдеби өлкетану «Ертіс өңірі ақын-жазушылары», Семей, 2012.

2 Кәріпжанова, Г. Т. Аймауытовтану, Семей, 2012.

3 Аймауытов, Ж. «Ақбілек», Алматы, 2003.

ФЕНОМЕН ИНТЕРНЕТА КАК УНИВЕРСАЛЬНОГО СРЕДСТВА КОММУНИКАЦИИ И ЕГО ПРИЛОЖЕНИЕ К ЖУРНАЛИСТИКЕ

ИСКАКОВ К.С.

старший преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Интернет – универсальная форма коммуникации, позволяющей накапливать и организовывать крупные массивы информации, передавать в различных формах (аудио, видео, текст, фото) ее как адресно, так и массово, создавать условия для общения на расстоянии. Бурный рост данной отрасли человеческой деятельности обусловил различные пути его использования – в целях бизнеса (канал продаж), государства (электронное правительство), неправительственных организаций (информационная поддержка социальных кампаний) и прочее. В силу своей основной информационно-коммуникационной функции, он прямо определил развитие журналистики и масс-медиа в Интернете, которые получили новый инструмент с широкими возможностями передачи данных в любое время (независимо от технических требований эфира, графика работы типографий и т.д.), получения обратной связи и расширенную аудиторию. Вплоть до начала XXI века, онлайн-журналистика мало отличалась от традиционных СМИ – их было очень мало, поскольку технология создания веб-сайтов была дорогостоящей и сложной.

Главное отличие Интернет-издания от сайта, собирающего новости из разных источников или официального сайта традиционного СМИ – авторский контент, создаваемый журналистами, работающими в Интернет-издании, наличие собственной редакционной политики и руководства, в целом, напоминающего организацию работы газеты, журнала или телерадиокомпании. Отличием Интернет-издания от простого сайта является исполнение журналистом своих редакционных функций сбора, анализа и подготовки информации. С экономической точки зрения онлайн-издания объективно подчиняются принципам любого масс-медиа и должны получать прибыль. Это является для многих журналистских Интернет-сайтов главным вызовом, поскольку занять нишу, привлечь к себе читателей, завоевать их доверие и удержать их внимание на длительный срок в Интернете очень сложно из-за высокой конкуренции (т.е. необходимо создавать действительно уникальный контент или предлагать какие-то творческие решения по его организации) и огромного количества информации, в которой пользователям бывает непросто

ориентироваться. Прибыль генерируется платной подпиской на премиум-контент или за доступ к архиву, размещением рекламы на сайте и другими способами, но каждый требует достаточно высоких показателей посещаемости ресурса.

Интернет-журналистика имеет свои отличия от традиционного жанра. Прежде всего, пользователи Интернет не готовы читать длинные тексты, т.к. главное преимущество получения информации как новостного, так и аналитического характера из Интернета – это экономия времени. Журналистика в Сети – это малые по объему формы (200-1000 слов, или 3-10 тыс. знаков), разбитые на короткие блоки с подзаголовками, использованием визуальных приемов выделения текста и его дополнения (мультимедийная инфографика, фотографии и т.д.). Другое отличие – это т.н. «интерактивность» Интернета, возможность оперативно вступать в диалог с читателем при помощи ряда инструментов (форумы, чаты, гостевые книги, программы мгновенного обмена сообщениями). Канал «обратной связи» может помочь редакции выявить портрет читателя, его ожидания, его оценку технической и эстетической части сайта, реакцию на авторские материалы и т.д.

Интернет-журналистика требует гораздо большей оперативности и ответственности, чем работа в печатных изданиях, в том числе в вопросах грамотности письма, поскольку зачастую в Интернет-издании не бывает корректора. Интернет-журналист должен иметь развитые навыки работы с ПК (обработка фотографий, текстовые редакторы и пр.) в Сети, включая поиск информации, но ни в коем случае не ограничиваться данными, найденными в Интернете (которые, в свою очередь, подлежат проверке). Оперативность означает способность в краткие сроки подготавливать сжатый, но высокоинформативный материал, переработав при этом множество источников. Многие онлайн-журналисты предпочитают работать самостоятельно, рассылая статьи в разные Интернет-издания (фриланс, freelance). Безусловно, успешное развитие онлайн-СМИ возможно только при наличии достаточно высокого уровня проникновения Интернета в обществе (т.е. достаточно высокого процента активных пользователей Интернета), что, в свою очередь, обусловлено рядом инфраструктурных факторов и ценовым предложением по доступу в Интернет.

Рассмотрим подробнее особенности работы Интернет-журналиста и онлайн-издания.

Интернет-издания, в отличие от традиционных медиа, ограничены в аудитории, т.к. пользователь должен иметь

технические средства для получения информации из Сети и навыки использования этих средств. Однако с ростом числа пользователей и расширением линейки средств доступа (переносные компьютеры (ноутбуки и нетбуки), беспроводные технологии связи (Wi-Fi, Wi-MAX), сотовые телефоны с доступом в Интернет (WAP, GPRS, 3G) и др.) растет потенциальная аудитория, чаще всего предпочитающая Интернет как средство получения информации традиционным СМИ. В настоящее время большинство Интернет-изданий предлагают современные решения, упрощающие доступ к их новостям (мобильные версии сайтов, подписка на СМС и ММС уведомления о новостях, в Казахстане пример – КазТАГ). Число устойчиво работающих онлайн-изданий в мире исчисляется десятками тысяч, многие из них имеют намного большую влияние, чем печатные СМИ.

Одним из первых лидеров онлайн-журналистики являлся сайт NandO - News & Observer (Новости и Обозрения) в Северной Каролине (США) в начале 1990-х, задолго до выхода онлайн крупных новостных агентств, и он существует до сих пор [<http://www.thenewsobserver.com>]. В последнее время участились прогнозы того, что Интернет-издания вытеснят многих печатных конкурентов – в 2007-09 гг. началась волна закрытия печатных версий ряда известных газет (Boston Globe, Evening Standard, Christian Science Monitor и др.), часто с переходом в веб-версию издания, сокращения тиражей и корреспондентских пунктов. Этот процесс начался до мирового финансового кризиса, и вызван бурным развитием Интернет-журналистики, повышением ее качества и уходом все большей части аудитории в Сеть. Кроме того, Интернет имеет конкурентное преимущество по размещению рекламы как в ценовом выражении, так и по эффективности (таргетированная, «умная» реклама, адресуемая пользователю в зависимости от его интересов). Другой плюс многих Интернет-изданий – это экспертная специализация по узким вопросам или качественные авторские аналитические обзоры новостных дайджестов. Кроме того, Интернет дал сильнейший импульс к созданию новых и развитию старых новостных (телеграфных) агентств.

В организации работы онлайн-издания важную роль играют а) Интерфейс (внешний вид) сайта. Он должен быть «дружелюбным» (гармоничность, простота в пользовании и навигации, сдержанность цветов и шрифтов и пр.). б) Актуальность контента. Важна его регулярность и своевременность (оперативное обновление vs.

обновление в определенное время; первое более распространено в наши дни, но отдельные типы контента может по-прежнему иметь свой «график выхода»). в) Удобство пользования архивом, переходом/возвратом к страницам по рубрикам и темам и поиском по сайту. г) Интерактивность. Техническое обеспечение взаимодействия между читателем и веб-изданием и аккуратное поддержание «обратной связи» (email, анализ посещаемости, комментарии, опросы и голосования, форумы, гостевые книги и др.). д) Мультимедийность. Творческое, но не чрезмерное использование фото-, аудио- и видео- и анимационных технологий. е) Гиперссылки на источники, более полное толкование используемых в тексте терминов, предысторию по теме и пр.

Интернет является не только новым СМИ, но средством, способным заменять роли традиционных масс медиа на более высоком функциональном уровне. Существуют три типа Интернет-изданий:

* «Филиальный», когда функции традиционных СМИ дополняются их онлайн-версией.

* «Автономный», когда онлайн-издание самостоятельно и устойчиво использует преимущества работы в Интернете.

* «Портальный», когда веб-сайт создает интегрированный комплекс новых форм информации, общения и услуг.

Интернет-издания могут иметь официальный статус СМИ, а могут и не иметь его. Законодательство разных стран по-разному регулирует данный аспект – например, в Казахстане веб-сайты считаются средством массовой информации, что налагает на них ответственность за распространяемую информацию, а для получения предусмотренных законом прав средства массовой информации веб-издания должны пройти государственную регистрацию. Более подробно юридические вопросы будут рассмотрены после блока, посвященного блогам и новым медиа, так как они технически отличаются от онлайн-изданий, а законодательные аспекты применяются часто единообразно. Но следует подчеркнуть, что веб-журналист, как и представитель традиционного СМИ должен нести ответственность за опубликованную информацию, хотя на практике это не всегда так.

ЛИТЕРАТУРА

1 «Сетевые СМИ – другая журналистика?». Керстин Вейлер, Роберт Инго Маурер, Зальцбургский университет. Перевод А. Кобякова [<http://www.mediasprut.ru/jour/theorie/online/webjour.shtml>]

2 «Новостная Интернет журналистика». Александр Амзин [<http://kebati.ru/journ/index.php>]

3 Руководство по блоггингу, Transitions Online [<http://www.bloggistan.com/?lang=ru&pid=2>]

4 Пособие для блоггера, «Репортеры без границ» [<http://www.bloggistan.com/?lang=ru&pid=3>]

5 Основы блоггинга, ЮНЕСКО [<http://www.bloggistan.com/?lang=ru&pid=4>]

«Где собака порылась. Защита авторских прав в Интернете». Ольга Копцева, М. : ЭКСМО, 2009

6 «Некоторые вопросы защиты авторского права в Интернете (теория и практика)» Антон Серго [<http://www.internet-law.ru/articles/ap-is.htm>]

7 «Практическая журналистика в Казахстане: Практическое руководство». Алматы, 2008 (глава Марата Шибутова «Блоги для журналистов», с. 97-111)

20 ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ПРОЗАДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

ҚАПАСОВА Б.

доцент, журналистика кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

СЫЗДЫҚОВА Ә.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

20-ғасырдың бас кезі – қазақ ұлты үшін жаңа заман, жаңа әлем басы ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етем деген зиялылардың да тарих сахнасына шығып, жан-жақты өздерін танытқан шағы. Алғашқы қазақ прозасының кейіпкерлері заманмен, дәуірмен қабаттаса өзгеріске ілеседі, қоғамнан өзіне лайық орын іздейді. Ол орынды бірі тауып, бірі таба алмай жатса да, жалпы ізденістің беталысы елдің рухани оянуға ұмтылысын аңғартады.

20-ғасыр басындағы қазақ прозасының шығармаларындағы басты кейіпкерлер де – қыздар болатын. Қазақ прозасының 20-ғасыр басындағы прозасында бас кейіпкерді қоғаммен бірге ала отырып, оны сол өз ортасының құрбаны етіп ашарда жазушы оны жай қатардағы етіп алмай, көзі ашық, көкірегі ояу екенін суреттейді. Қоғамдағы қыздар бейнесі – қазақ қыздарының тағдыры ретінде жалпы тақырып аумағын көтерген өзгеше үлгі.

Кеңес дәуіріндегі қаламгерлер бұл тақырыпқа келесі бір саяси-әлеуметтік жағынан мән бере келді. Заман ер мен әйелді тең етер бостандық әкелді, сол бостандықты ел ішінің қабылдауы, қазақ қыздарының өз бақыттары үшін күресіне не кедергі деген сұраққа жауап іздейді. Жаңа заман қазақ қыздардың өз еріктері, бостандықтары үшін күресе алуларына жағдай жасады, ендігі қоғамдық орта қалай әсер етуде деген тұстар суреттелді.

Жаңа қоғамға өзгеше көзқараспен қарай бастаған қазақ қаламгерлері өз кейіпкерлерін бұрынғы қалыптан тың жайға шығарды. Қазақ қыздарының хат тануы, «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» екені назарға ала отырып, кейіпкердің өмірдегі бар болмыс-бітімін, өзіндік табиғат-тіршілігін, яғни пәнделік қалтарыстарын, білімнен алған рухани көздерімен сабақтастыра қаз қалпында бейнелейді.

Барша жұрт тең, - бай мен кедей, әйел мен еркек тең деген жаңалық қоғамға жаппай білімге құштарлық, серпіліс әкелгені де рас. Осы өзгерістерді қазақ қоғамы қалай қабылдады, ел сана-сезімі, жан-дүниесі қандай еді деген тұрғыдағы да сұрақтар жауабын оқығандар арқылы бергенін 20-ғасыр басындағы әдебиеттен табамыз. Ең бастысы заман өзгерісіне қарай қазақ қыздары жаңа заман білімін қалай алу қажет, қандай мақсатқа қолдану керек деген мәселелер нақты ашылды, ақыл мен сезімнің таразысы қандай деген сұрақтар жауаптары берілуімен де 20-ғасыр басындағы қазақ прозасы әйелдер бейнесінің түрлі қалыптарын көрсетуімен де көркем ойдың үздік үлгісі бола білді. Қазақ әдебиетіндегі проза қоғам адамшылықты қадірлеуі, бір-біріне құрмет көрсетуі керек: қыздар еркі, әйел бақыты арқылы қоғам-заман бақытты болады деген ойды берді.

20-ғасырдың бас кезінде әдебиеттің барлық жанрында дерлікәйел тағдыры, қыздар өмірі кең суреттелді. М. Дулатов, М. Сералин, С. Торайғыров, С. Мұқанов шығармалары кеңінен таныс болды. Алғашқы қазақ романдарының тақырыбы – сол кезең үшін ең өзекті деген тақырыптардың ішінен әйел тағдыры, бостандығын, еркін, өмірін тандап алды. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі көзі ашық, көкірегі ояу, әкешесінің аяулы қызы, бірақ орта талаптарын ата-ана ықпалынан да күшті болып шыққандығын бейнелейді. Шығарма соңындағы сүйгеніне қосыла алмаған Жамалдың бақытсыз болып, өмірінің соңы трагедиямен аяқталуы – қыздар, әйел тек сүйгеніне қосылса ғана бақытты болады деген ойды қозғады. Ал С. Көбеевтің «Қалың мал» романындағы Ғайшаның өмірі әкесі мен басқа да ел жуандарының

қашып шығып, маңындағы қолдаушылары мен жастардың арқасында сүйгені Қожашқа қосылуы – басқа шығармаларда кездеспеген қиялмен өрнектелген, болашаққа сенген қаламгер ойын жеткізді.

«Бақытсыз Жамал» шығармасының бас кейіпкері өз заманы үшін кемел ақылға ие, сүйгенімен бірге кету үшін бәріне шыдар қайсар болып суреттеледі. Жамал бейнесін жазушы өте бір ерекше, әдемі қалыпта, көркем етіп бейнелейді.

«Жамал сағынып көрген баланың алды болған соңата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті. Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген адам қыз деп ойламаушы еді. Қыз деп айтқан адамдарға ашуланып қалған күндері де болды» [1, 96]. Жамалдың бақыт жолына беттейтіндігін, өзге қыздардан өзге екендігін жазушы ескертіп өтеді. Жазушы ұлттың балаға баға берудегі тәсілдерін сол қалпында алады. Ел аузына ілігіп, жақсы бала атану, елдің алды болғанмен бірдей екендігінен Жамалдың бейнесі ашыла түседі. Ел ішіндегі Жамалды ақын Сарамен теңгеріп, енді бұған келер Біржан қайдан шығар деген жұрт көңілі де жас қызды қолдаған ой екені белгілі. Ішкі сырын бөлісер, бар қайғы-мұның жырлап, сазды жырмен шығаратын ақын қыздың шерін тарқатар өзімен тең ақын жігіт екендігін ел де ұғады. Бірақ онымен бөлісер шама жоқ. Жазушы Жамал бейнесінің қилы қалтарыстарын береді. Жамалдың өлендері – ішкі сырлары бір Жамалдың ғана емес, сол кездердегі жылап кеткен, теңіне қосыла алмаған. Мал орнына сатылған көп қыздардың мұң-қайғысы. Сүйгеніне қосыла алмаған сүймегнімен қосақталып, еріксіз өткені ғұмырларының жыры. Романдағы Жамалдың сүйгенін кездестіргенімен, онымен бақытсыз бола алмауы – қазақ қоғамындағы қыздардың бас бостандығына әлеуметтік, тұрмыстық, дәстүрдің, саяси жағдайлардың қарсылығын көрсетуінде. М. Дулатов қазақ ортасында Жамалдай қыздың ішкі сырларын ұғатын Ғалидай жігіттердің бар екендігін көрсетеді, бірақ бақытты бола алмайтындықтарын ашады. Ғали да, Жамал да – өз замандарының құрбандары. Қоғамдық-әлеуметтік теңсіздіктің, ескімен жаңаның күресінің құрбандары болып қала береді. Жамал – қазақ әдебиетінде алғаш көрінген кейіндері мол жырлаған бейнелердің басы. Сүйген адамын іздеген, бірақ рақымсыз тірліктің кісенінен босай алмаған, ел жылаған, жұрт зарлаған қайғы болатын. Кеңес өкіметі кезінде бай-феодалдың жайын қозғады деген желеумен шығуы қиынға түскен, алғашқы көркемдік қалпынан айырылып, көп өзгеріп «Адақандар» деген аты «Мөлдір махаббат» болып

жарық көрген шығармада С.Мұқанов ел ішіндегі өзгерісті, жаңа заманды қабылдаған түрлі оқығандар өзгерісті басқаша алып көрсетеді. Бәтес те оқыған, Бүркітті сүйе тұра, жақын тұра қосыла алмаған ғашық тағдырын ашуда жазушы оның заман мен адамдар туралы өзгелерге ұқсамайтын таным-түсініктеріне мән береді, біліміне тереңдеп барады. Қазақы қоғамның бар жайларын жақсы білетін, халықтың дәстүрлерін өз ішінде құрметтеуге дайын, бірақ жаңа заман ықпалына да түскен Бәтес тағдыры арқылы қоғам өзгерісінің қиындығын өзгеше ойдағы жандар қинала тартатынын ашады. Ғашықтық, махаббат, сүйген жүрек қоғам өзгерген тұста басқа түсініктермен бірге жаңаланады. Жаңа қоғам адамдары оған өз мақсат-мүдделері тұрғысынан баға береді. Бірде ысып, бірде суып, бірде жалынды, бірде көңілі құлазыған шақтарды жазу үшін-кейіпкер психологиясына дендемей болмасы анық. Бірақ С.Мұқановтың «Адасқандарының» жөні бөлек. Заман өзгерісі де сүйген жандардың сезімдеріне селкеу түсіріп, қоғамдық ерекшелік те ғашықтар жүрегін мәңгі жаралап кетеді. Шығарманың бас кейіпкері Бәтес қазақтың сүйе де алатын, бірақ өзінің сүйгені үшін бар қиындықты көретін, оны жан жүрегімен қабылдай отырып, заман соққысына барынша төзіп бақса да, жарына қосыла алмаған күйін трагедия деп қабылдайды. Өзінің ғана емес, сүйгенінің де – трагедиясы. Трагедияны бастан кешу қаншама сезім бұрқаныстары екені белгілі. Жазушы осы сезім күйлерін ашуда көркем бейнедің танымдарына, түсінік, ұғымдарына, жаңа дүние туралы ой-пікірлеріне сүйенеді. «Адасқандардағы» кейіпкер де қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі үлгімен ғашықтық сезімдерін, ішкі ой-қиналыстарын алғашқыда өлең-хатпен білдірсе, кейінгі бөлімдерде өлең қара сөзге ауысады. Жазушы кейіпкерлердің ішкі бұлқыныстарын бір-біріне деген ғашықтық сезімдерін де хатпен де, олардың өз ойларымен – өз аттарынан да келтіріп отырады. Қазақ тұрмысы, аласапыран кезең Бүркіт пен Бәтеске барын жасап қалады. Бір-бірін сүйген жандардың ғашықтық сезімдерін бір жалындатып, бір суынтатын жайттар да аз емес. Жазушы оларды өз сезім иірімдеріндегі үндесу немесе көңілдегі қарсылықпен ғана бермейді. Кей тұста ел ішінің өсек-аяңымен, бір-біріне жамандық тілеген өзгенің жаулық ниетімен де, сол сөздерге еріп кеткен, сөздің бәріне сен берген, ақылға салуға алып-ұшқан көңіл ырық бермеген ғашықтардың алып-ұшпа сезімдері көп берілген. Ішкі жан толқыныстары бірде жанып, бірде суып, тереңдеп ойлануға мұрша да бермейді. Ж. Аймауытов Ақбілек бейнесін ашуда өзге тәсілдерге

барады. «Адасқандарда» «Бүркіттің сыры», «Бәтестің сыры» болып келсе, «Ақбілекте» [3, 27], төртінші бөлімінде екі әйелдің әңгімесін пайдаланады. Себебі әйел адамның жан-дүниесі, мінез-сипаттарын ашуда өздерінің ішкі сезім иірімдерін өз ауыздарынан айтқызу әлдеқайда шынайы шығатындығы ескірілген болса керек. Кейде күнделік араласып кетеді. «Адасқандарда», «Қамар сұлуда» ел тірлігіне араласа қоймаған, ауыл ішіндегі жастар өмірі, ауылдан шықпаған қамар мен әлі де қала тұрмысына толық бойлай қоймаған Бәтес бейнелерін ашуда хат ыңғайлы болса, Ақбілектің оларға қарағанда әлдеқайда жоғары екендігі назарға алынған. Ақбілек – жаңа заман оқуын оқыған, жанында жаңа қоғамның бар қыры мен сырын үйретуші жеңгесі мен ағасы бар, одан қалса, оқыған, ел басындағылар сөз салып, жар етуге арман етіп жүрген жан. Күнделік арқылы Ақбала – Ақбілек – Балташ арасындағы қарым-қатынасты суреттеуде жазушы сәтті алған.

Ж. Аймауытов – қазақ әдебиетінде бұрын бар, хат жазу, сырларын, көңілдерін білдірудің жолы етіп хатқа мән беру тәсілін қолдай қоймайды. Себебі, Ақбілек – жаңа заман, жаңа қоғам адамы. Елдің ендігі болашағы, Балташтың жары ғана емес, бірге жанындағы сүйеніші де. Ақбілек – ғашық болып, сүйіспеншілікке бөлене қоймайды, оның бар тілегі – ел алдына абыроймен қайту. Жазушы да кейіпкерін ақтау, пәк тазалығын көрсету үшін білім мен оқу жолындағы қажырлылығын көрсетеді. Жүсіпбектің Ақбілегінің заманы аласапыран, аумалы-төкпелі кезең, сондықтан да болар, оның бар ойы – ғашықтық емес, өзінің болашағын дұрыс қалыптастыру. Шығармалардың жазылу кезеңі бір мезгілдес болғанмен де, (1926 және 1928) кейіпкерлер мақсат-мүдделері әр түрлі. М.Әуезовтің қыздар тағдыры, әйел тағдырына жазған бірнеше шығармалары бар. Соның ішінде ерекшесі – «Қорғансыздың күні». Бар қорғанышы мен тіректерінен айырылған бір отбасындағы әжесі, анасы, қызының тағдыры сол замандағы елді билеп, жұртқа жөн сілтеген жандардың арсыз істерінің, арман ниет, айуандық қылықтарының құрбаны болып кетеді. Баласынан айырылып, немересінің қайғысын қан жұтып отырған кемпірдің бар тірегі қызы - немересі Ғазиза еді. Соқыр шешенің бар таянышы қызы - Ғазиза еді. Қаладан қайтып, ерігіп келе жатқан Ақан-Қалтайлардың жемі болып, айуандық көрген Ғазизаның өмірінің трагедиямен аяқталуы – сол замандағы қыздардың, әйелдердің тағы да бір мұңы болатын. Ғазиза басындағы ауыр да жазылмас қайғыны суреттейтеуде жазушы оның соңғы демі үзілер шаққа дейін табиғаттың қатал суығы жарасына дем бергендей

болғанын көрсетеді. Тар замандағы арсыздар қолынан құрбан болған Ғазизаның жүрегін жаратылыстың ызғыры басқандай. Адамдар мейірімсіздігін шығарма басында табиғат қолдағандай болса, соңында керісінше, жаратылыс жамандықтан безінген, таза періште Ғазизаны бауырына басқандай. Суық аязда үсіп өлген жас қыздың соңғы сағатын: «Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған: ізі қалған жоқ» [4, 27]. Жаратылыс адамға жақсылықты береді, бірақ жауыздықты жасайтын адамдар ортасы деген ойға тірейді. М.Әуезовтің де «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Кім кінәлі?», «Кінәшіл бойжеткен» әңгімелері қоғамдағы әйел орнын, әйелге деген заман көзқарасын суреттейді. Нақты әйел тақырыбын қозғамаса да, «Үйлену», «Сөніп-жану» әңгімелері осы тақырыпқа қатысты оймен сабақтасады. Жазушының бұл тақырыпқа қатысты ойлары алдыңғы бар түйінді қайталап қоймай, оған жаңа ой қосумен өзгеше. Жазушы әйелдің бар қоғам тірегі екендігін айтумен бірге оның да күйініші мен сүйінішін көркем кестелей отырып, қыз балаға, әйелге жаңа көзқарастың керектігін айтады. Ер адам әйелдің қорғаушысы, тірегі болуы қажеттігін, әйел мен ер адамның бірге бақытты болуы ғана қоғамды бақытты ететінін көркем оймен өрнектейді. Бұған дейінгі жазылған әйел бостандығы, еркіндігі тақырыбына арналған әңгімелерінде оқырманын өзге қиыр, тың идеяларға жетелейтін әйел бостандығы тақырыбын ерекше иірімдермен береді [4, 27].

Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» туындысы – 1915 жылы жазылған. Кейіпкерлер бейнесінің даралық сипаты, ішкі сезім иірімдерінің терең дәл берілуі, тілі, құрылысы, көркемдігі жағынан ерекше бітімді туынды. Повестің жолаушы әңгімесіне басталып, бірте-бірте өрбуінің өзі тыңдаушы мен айтушы арасындағы әңгіменің жаңа үлгісін жасатқан. Бұл алдыда естір үлкен оқиғаға дайындаумен бірге жаңа өзгерістер мен кейіпкерлердің де өзгеше қалпын суреттеуі деген дұрыс. Махаббатқа сеніп, соның қуанышына жете алмаған Әбдірахман мен Шұға тағдыры ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын. Бас кейіпкер – Шұғаның бейнесі әр түрлі іс-әрекеттің даму барысында айқындалады. Кейіпкер арқылы тағдырына ата-анасын да емес, бауырларын да емес, өзін қоршаған әлеуметті де емес, тек қана ата салтын кінәлап, шарасыздыққа, өлімге барып тірелген қыз тағдырының өкініші, арманы көрсетіледі. Автор Шұға бейнесін ең алғаш рет оны өз заманының қыздарымен салыстыру арқылы мінездегені көрінеді. Жазушы Шұғаның ажарлығымен қоса мінезінің салмақты, ұстамды, ақылды екенін

көрсетеді. Қамар да, Шұға да – қазақтың өткен күндерінің үлгі кейіпкерлері. Тар заманды, қазақ қызының ауыртпалығы мол кезеңінде көңілдерінің кеңдігімен, өзгеше сезімдерімен, жан дүниелерінің, көкірек көздерінің ашықтығымен кейінге үлгі болған жандар. Бірақ бұлардың ендігі әдебиетке берерлері – адалдықтары мен махаббатқа тұрақтылықтары, өзгеше сүйе алып, ерекше сүйікті бола алулары да. Биік махаббатты бастан кешіп, сол махаббат жолында бәріне көнгендіктері.

Кеңестік кезеңдегі әйелдер бейнесін жасаған шығармалардың бірі – С.Мұқановтың «Ботагөз» романы. Алғаш 1938 жылы «Жұмбақ жалау» болып шыққанмен, кейіннен Ботагөз бейнесін алдығы шығарып, бас кейіпкерге екпінді көбірек түсірген жазушы шығармасын Ботагөз атымен ауыстырады. Роман оқиғасы 20-ғасырдан басталып, 1916 жылдарға жалғаса келіп, қазақ елінің басынан өткен өзгерістерді толық қамти отырып, Кеңестік кезеңнің салтанат құруымен аяқталады. Ботагөз бейнесі – жаңа қоғамдағы қазақ қыздарының жиынтық бейнесі. Көзі ашық, жақсы мен жаманды айыра білетін, көкірегі ояу Ботагөздің осы өзгерістер кезіндегі қиындықпен өткен өмірі суреттелген. Басқа кейіпкерлерге қарағанда ботагөздің айырмашылығы сүйгені Асқарға адалдығын дәлелдей алған, аялаған махаббатын сақтай білген, қорғай алған қазақ қыздарының бұған дейінгі жасалаған бейнелерінің жалғасы ғана емес, заман мен қоғам тынысын барынша нақ тани білетін сұңғылалығымен де өзгеше.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дулатов, М. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989, 428 б.
- 2 Қазақтың 100 романы С. Торайғыров «Қамар сұлу», С. Көбеев «Қалың мал», С. Мұқанов «Адасқандар» – Алматы, Жазушы, 2009, 328 б.
- 3 Аймауытов Шығармалары – Алматы, Жазушы, 1989, 559 б.
- 4 Әуезов, М. Қорғансыздың күні – Алматы, Атамұра, 2002, 432 б.
- 5 Майлин, Б. Шығармаларының 5-томдық жинағы, 3- том – Алматы, Жазушы, 1987, 6-27-б.б.
- 6 Торайғыров, С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, – 1993. – 525-б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛФАШҚЫ ӘҢГІМЕЛЕРІ

ҚАПАСОВА Б. Қ.
доцент, журналистика кафедрасы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетіндегі 20-ғасырдың бас кезі өзгеше кезең екені белгілі. Әдебиеттегі классикалық туындыларды дүниеге әкелген осы кезең жазушыларының әңгімелері қоғам өзгерістері тұсындағы тарихи жағдайларға жан-жақты, нақты баға беруімен ерекшеленеді. Қазіргі ғасырлар тоғысы тұсында да қазақ әдебиеті, қазақ ұлты үшін қоғам өзгерістерге толы осының түйткіл тұстарын зерделегуге де осы кезең қаламгерлерінің әңгімелерінің мәні зор екендігі сөзсіз.

Қазақтың көркем прозасы, негізінен, 20-жылдардан туып қалыптасты. Кезең ішіндегі тарихи оқиғалар легінің қабаттасуы, адам тағдырының күрделілігі, поэзияның ауқымына сыймастай өзгерістердің молдығы прозаның дамуын жеделдетті. 1917 жылғы төңкерістен кейін-ақ бұрын болмаған проза түрлерінің баспасөз беттерінде көріне бастауы, осы жылдары олардың қарқынмен өрістеуі бұған дәлел.

1920-жылдары өмірге келген көркем дүниелер қаламгерлер талантының қандай қатал тыйымдарға қарамастан, өз мүмкіндігін көрсетуге жол таба білді. М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы, С. Садуақасов әңгімелеріндегі жастардың барлығы бірдей кедей-кепшіктен шығып, мадақтауға арналмағанын аңғаруға болады. Аталған қаламгерлердің 1920-жылдары жазған шығармаларынан өздеріне дейінгі ұлттық прозадағы жастар бейнесіне қатысты ойларда дәстүрлерден тыс, қайшылықты ойларды да анық көруге болады. Олар сол кезеңдегі әдебиетте қалыптасқан дәстүрге сабақтаса бермейтін дүниелер жазғанын, тіптен басқа көркемдік шешімдерге барғанын байқаймыз. Әңгіме жанрында қалам сілтеген қаламгерлер осы қиын-қыстау заманда жастардың ұлт тағдыры, елдегі саяси-әлеуметтік қайшылықтардағы орнын көрсете отырып, жастардың адамдық болмысы, ішкі жан дүниелерінің айналасындағы ортамен қабыспауын, рухани жадаулық сияқты мәселелерді күн тәртібіне батыл қоя білді. Келер ұрпақ танып алар деген ниетпен астарлы мағына, құпия символдар қолданды. Мұның өзі талдауға өзек болып отырған кезең прозасының ерекшелігін байқатты. Қаламгер-қайраткерлердің төңкерістен кейінгі ахуалын А. Байтұрсынов дәл көрсетіп берген: «Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам

қайраткерлері Октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей «алымсақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бармады. Сондықтан бейбауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бейбауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды» [1, 408].

1920 жылдар – суреткер дүниетанымының бір сәт дағдарып, жан-жақтан туындаған сұрақтарға жауап іздеп аласұрған кезені. Ақ пен қызыл болып екіге бөлінген дүниенің қай жағына болсын сын көзбен қарай отырып, ұлт мүддесін бірінші кезекке қоя білді. Қазақ қаламгерлері ұлтжанды азамат ретінде заман қайшылығын шығармаларына арқау етті. Заман тудырған, қазақ ұлтының дәстүрлі тіршілік ету қалпы мен танымына кереғар тәртіпті қабылдай алмаған суреткерлердің шығармаларындағы кейіпкер мен қоғам қайшылығы анық байқалды. Ұлт мүддесін қорғауды социалистік реализм әдісі аясында қарастыру мүмкіндік болмағандықтан да, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтердің шығармаларындағы кейіпкер мен қоғам қайшылығы, кейіпкер мен орта қайшылығы тұтасып әлемдік, ғаламдық қайшылықтарға ұласты.

Жаңа қоғамға бейімделе қоймаған ұлттың өткеннен қоол үзуі де қиын болатын. Себебі бұл таным мен тіршіліктен қол үзуден бастап, күнделікті тұрмыс-дағдыны өзгерту болатын. Сондықтан да аталған кезең қаламгерлері шығармаларындағы түрлі поэтикалық тәсілдер көркем шығарма құндылығын да арттырды. Бұл осы кезең үшін қазақ прозасының әлемдік әдебиеттегі басты бағыттар ретінде шыға бастаған әңгіме жанрының жаңаша дамуын көрсетуімен бірге. Прозада жастар бейнесіне ерекше назар аудартуымен өзгешеленді. Қазақ әдебиетінде бұған дейінгі дәстүрлі кейіпкерлер орнын жай жастар емес, оқыған жастар басты. Бұл жастар болашағына үміт арту ғана емес, жастардың жаңашылдығын, сол замандағы өз елі мен жерінің тағдырына, болашағына деген ұмтылысын да бейнеледі.

20-ғасырдың бас кезі қазақ әдебиетіндегі – оқу мен білім, өнер мен ғылымның жан-жақты кең көлемде тақырып болған шағы екені белгілі. Сондықтан да біз осы кезеңдегі осы тақырыпқа өзінше өрнек қосқан С. Торайғыров, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, Қ. Кемеңгерұлы, С. Садуақасов шығармаларындағы жастар оқыған, көзі ашық, өз заманының алдыңғы қатарлы азаматтары болуымен артық. Жоғарыда көрсетілген қаламгерлер кейіпкерлерінің жастар

және болашақ жайындағы таным, түсініктерімен қоса әйел теңдігі, бостандығы тақырыбына арналып жазылған шығармалары талданды. 20-ғасырдың бас кезіндегі әйел теңдігі, бостандығы тақырыбына арналған шығармалар көптеп жазылды. Осы шығармалар арқылы жаңа қазақ қыздарының бейнелері жасалды. Бұл қыздар бейнесінің бұрынғыдан ерекшелігі – хат танып, оқу білетіндіктері болатын. Көкірек көздері ояу, заман мен қоғам тынысын аңдап қалған қыздар бейнесі оқыған кейіпкерлер қатарында алынды. Аталған қаламгерлердің өз кезеңінде түрлі саяси бағытты ұстанғаны, әр қилы жолды таңдағаны назар аударарлық. Бірақ қазақ қаламгерлері саяси жағынан қандай бағытты ұстанғанымен де, қазақ қыздарының білім алуы – қоғам үшін қажет. Ұрпақ үшін керек, себебі, бала тәрбиешісі – аналар білімді болмай, келешек ұрпақтың білімді болуының мүмкін еместігін ұғынды.

1920-жылдардағы қазақ прозасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан біршама талданып, ғылыми еңбектерде жан-жақты қарастырылғанымен, кейіпкер суреттелуі, соның ішінде жастар бейнесінің бейнеленуі жағынан әлі де болса жаңаша бағамдауға зәру. Сондықтан 20-ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ прозасындағы жастар және олардың ортамен байланыс, болашақ үшін күресі т.б. мәселелері туралы арнайы зерттеу жүргізіп, жете назар аударатын тұстар жеткілікті екендігі дау тудырмайды.

20-ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде қазақ жастарының көркем бейнесі алуан сипаттарымен өзгеше. Ғасыр басындағы теңдік, бостандық, жаңа қоғамға қарай бейімделу, қоғамдық-саяси әлеуметтік мәселелері Кеңес өкіметі идеологиясының ұстанымдарымен өзге арнаға бағыт алды. Қазақ қаламгерлерінің 20-ғасыр басындағы әдебиетке араласқаны, ұлт, халық игілігі үшін қызмет етем дегендері жастар бейнесін сан қырына сомдады. Ғасыр басындағы ұлтты жаңа дәуірде қай тұстарға бағыттау керек деген мәселенің өзінде көркемөнер үлгісі ғана емес, саяси ойдың негізі ретінде де әдебиеттің орны ерекше болды.

20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде поэзияда ғана емес, прозада да қазақ жастарының бейнесі суреттелді. Әдебиетте поэзиялық жанрлар әлі де негізгі орында тұрған қазақ әдебиетінде проза жанры ғасыр басында енді-енді қолға алына бастағанымен өз қуаты мен күшін, шеберлік деңгейін бірден байқатты.

Қ. Кемеңгерұлының «Момынтай», «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)», «Дүрия», «Қарашаш», «Назиқа» деп аталатын әңгімелерінде жастар бейнесі түрлі сипаттарымен бейнеленді.

Әңгіме тақырыптары әр түрлі. «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)» аталатын әңгімеде Жаңатай деген шаруа мектебінде оқып жүрген жас жігіттің қалашыққа келіп, базарға кірген кезде көрген жайы мен сол жайдан кейінгі көңіл иірімдері мен көлеңкелі, мұңлы сезімі суреттеледі. Жастар бойындағы алып-ұшқан қызу мінез мен алды-артын болжап терең ойлай қоймайтын мінез Жаңатай бойында да бар. Қазақтың орыстан кемдігін көріп, оған жаны күйзеліп, қолынан келсе арашалауға ғана дәрмені жетер Жаңатай бейнесі арқылы қазақтың намысшыл, өз ұлты үшін барлығына дайын ұлдарының мінезін берді. Осындай жастардың басын қосу, біріктіру ел басындағы, жұртқа қадірлі тұлғалар міндеті екендігін де көрсетті. Қ. Кемеңгерұлы әңгімелеріндегі жастар – қиындық көрген, өз ортасынан өзін таба алмай жүрген қалыпта суреттеледі. Алғашқы «Отаршылық ұсқындары (өткен тұрмыстан)» әңгімесінде жастың шарасыз күйінген кейпі, дәрменсіз қалпы бейнеленеді. Кейінгі әңгімеде қиындық көргенмен одан шығар жолды тапқан, соны іздеген Момынтай бейнесі Ж. Аймауытовтың Қартқожасын еске түсіреді. Өзінің кедей болып жаралғандығы үшін жартқанды да қарғайтын Момынтай бейнесі болашағы үшін күресе қоймаса да, қайғы, мұңға салынбай оқан құтылудың амалын да ойластыруымен өзгеше. Осындай жастардың бірі – «Дүриядағы» Дүрия бейнесі. Қ. Кемеңгерұлы 20-жылдар аралығында жазған әңгімелерінде жастардың болашағына сенді. Олардың жаңа заманға ыңғайлана алатынына, өз бақыттары үшін күресе алатындықтарына кәміл қол қояды. Қаламгер шығармаларындағы жастар бейнесінде – жастыққа тән өршілдік, алға ұмтылып, жақсылықты іздеу, өз бақыттары үшін күресе білу, қайсарлық басым. Жастардың қазақ болашағы болатындығына қаламгердің де сенім бар. Оны оның мақалалары да айғақтайды. Солардың бірі – «Қазаққа пайдалы жас талап» мақаласы. Жазушы бұл мақаласында қазақтың болашағы үшін өнердің керек екендігін, соның ішінде: музыка мен сурет өнерінде ұлттың өз ішінен шыққандар жұрттың жанын түсінетіндігін айта келіп, сурет өнері үшін Ташкентте оқытушы болып жүрген талантты суретші Қазандағы сурет медресесін бітірген Ғаббас Амантайұлы деген жас азамат туралы жазады. Қазақ өнері үшін Ғаббас Амантайұлын пайдлана білу керек, қамсыз шығармашылықпен айналысу үшін жағдай жасау керектігін айтады.

20-жылдар прозасындағы өзгеше өрнекті орны бар қаламгер – Жүсіпбек Аймауытов. Жазушының 20-жылдардағы ел басына түскен тауқыметті шынайы сомдалған жастар бейнесімен

көрсететін әңгімелерінің бірі – «Даладағы наурыз» елдегі 1921-1922 жылдардағы жұрттың ауыр тұрмысын, сол кезеңдегі ел билігіне араласқан жастар бейнесін сипаттайды.

Ж.Аймауытұлының 20-жылдардағы әңгімелеріндегі жас өреннің бейнесін, қыршыннан қиылған жастың тағдырын суреттеген әңгіме туралы ғалым Д.Қамзабекұлы келтіреді. Бұл әңгімелер – алдыңғысы 1922 жылы «Қызыл Қазақстанда», екіншісі 1924 жылы «Жас қазақтың» №7,8,9,10 сандарында жарияланғанын айтады.

20-ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі елді, соның ішінде келешек иесі – жастарды жаңа жолға алып шығатын негізгі бағыттардың бірі болып – оқу-білім тақырыбы алға шықты. Қазақ ұлтының зиялылары жұрттың болашағын тек білім мен жаңа өнерді үйренуден бастап көруін қалады. Осы бағыттағы шығармалардың ішінде А. Байтұрсынұлының, М. Дулатовтың, С. Торайғыровтың өлеңдерінің орны ерекше. Ғасыр басындағы қаламгерлердің оқу-білім тақырыбына соқпай кетпегені болған жоқ. Солардың ішінде С. Торайғыровтың шығармаларының орны ерекше болды. Ақынның «Туған елім», «Шәкірт ойы», «Өмірімнің уәдесі», «Талаптыларға», «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңдерінде оқу-білімнің жолындағы кейіпкер бейнесі сомдалды. Жастардың тау қопарар күшіне поэзияда сенім өзгеше болды. Солардың қатарына С.Сейфуллиннің жастардың төңкерісшіл – Кеңес ісі жолындағы күресін бейнелеген өлеңдері де кіреді.

20-ғасырдың бас кезі – қазақ ұлты үшін жаңа заман, жаңа әлем басы ғана емес, ел игілігі үшін қызмет етем деген зиялылардың да тарих сахнасына шығып, жан-жақты өздерін танытқан шағы. Сол себептен де ұлт тағдыры мен болашағына қатысты тұстардың бірі жастар бейнесінің қоғаммен қатынасын анықтауда қазақ қаламгерлері өз ой-түйіндерімен ерекшеленді.

М. Әуезов әңгімелерінің інжу-маржандары – жалпы жиырмасыншы жылдар әдебиеті еншісінде. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл дәуірдегі әдеби үрдіске табан тіреп тоқталуға, көркем әдебиеттегі саяси-идеялық күрес сырын барлауға мүмкіндік болмады. Әдеби өмірдегі көптеген түйткіл тұстар әлі де ашуды қажет етеді. Әдебиет – қоғам айнасы деген қалыптасқан жүйеге назар аударсақ, көркем шығарма, көркем бейне арқылы дәуір тынысы, уақыт ісі анықталады. Осы тұста жиырмасыншы жылдар әдебиеті туралы 60-70 жылдары С. Қирабаев, М. Дүйсенов, Т. Нұртазин, Б. Наурызбаев еңбектерінен кейін тәуелсіздік алған тұста да қазақ әдебиетіндегі 20-ғасыр басындағы қазақ әңгімелері зерттеу нысанына

алынғанымен ұлттық идея, кейіпкер философиясы тұрғысынан тереңдеп қарастыру әлі де қажет екені анық. Қазақ әдебиетінің ұлт болашағына нұсқау болар көркем туындылары жеткілікті екені сөзсіз. Сол туындылардың алғы қатарында М.Әуезовтің әңгімелерінің орны ерек. Жаңа қоғам ауысуы, заман өзгерістері кезінде жазылған шығармалар бүгінгі әдебиетке жолбасшы да болды. Сондықтан да жазушы әңгімелері шеберлік өнегесі ретінде де, қоғам өзгерісі кезіндегі әдебиеттің озық үлгісі ретінде де, заман сипатын әр алуан құбылыстарымен жаңаша танытып, өзгеше пайымдаудың көрінісі ретінде де қажет екені сөзсіз. Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі заман мен адам, қоғам мен орта байланысын шебер ашатын туындылар сирек. Бұл осы кезең қаламгерлерінің талант, талғамына да қатысты екендігін ескере отырып, қазақ қоғамының бүгінгі қалпы әдебиетті ұлт танымының көкжиегін танытар әлем ретіндегі түсініктен алыстап кеткендігін де назарға ұстай отырып, классикалық үлгідегі жазушы шығармаларына жаңаша таным мен бағдар, пайым мен талдау қажеттігін белгілейді. Жазушы кейіпкерлері әр түрлі. Олардың сол қоғамдағы орындары да әрқалай. Бірақ барлығы тұтас өз кезеңінің суреті болатынын дәлелдеу керектігі де тақырып өзектілігін аша түседі. Тәуелсіз әдебиет қоғам шындығын қандай тәсілдермен, сипаттармен белгілеу керектігін де көрсететін де – М. Әуезов шығармалары үйретер мектеп. Ұлы жазушы шығармалары қоғамның әр түрлі кезеңіндегі, аумалы-төкпелі, қазақ үшін өзгерістері мол шақтың куәсі, суреттері. Ендеше жазушы осы кезеңдегі кейіпкерлерін суреттеу арқылы олардың заманға бейімделгенін немесе өз заман мен қоғамдарынан алыстығын ашты. Біздің бүгінгі тәуелсіз әдебиетте бұл қай тұрғыда үлгі болатыны үшін де қажет. Қазақ әдебиетінің ұлы классигі М. Әуезов шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін қашанда зерттеу нысаны болып қала береді. Жазушы шығармашылығы қазақ танымының негізі, ұлттық түсініктердің көркемөнердегі суреттері ретінде де бағалы. Қазақ әдебиетінде 20-жылдары жазған шығармаларының ішінде әңгімелерінің шоқтығы бөлек. Қазақ танымын өзгерткен жаңа қоғамдық қатынастар адамдар арасындағы ғасырлар бойы жасалған ұлттық құндылықтарды өзгертті. Бұл кезең әңгімелерінде кейіпкерлер түрлі көркем нақышымен, бар қалпымен ашылған. Бүгінгі жаһандану заманы әр ұлт әдебиетінің өз ұлты үшін қызметін нығайту мақсатын белгілеуі мен бірге сол әдебиет білімдерін, танымын қоғам үшін пайдалану мәселесі де жатады. Мәдени майдандасулар алғашқы орынға рухани ұлттық

құндылықтардың құрылымдық сипатын шығарады. Алайда, әлеуметтік даралықты сақтауға кепілдік бермейді. Әлеуметтік даралық әлсіз, түп-тамыры босаң болса, жаһандық өзгерістер күшіне қарсы тұра алмасы анық. Жаһандық өзгерістер қоғам мен адам және оның ішкі жан-дүниесінің мүмкіндіктерін сынайды. Оның заман-адам, қоғам-адам қатынастарын игеруіне қарай анықтайды.

М. Әуезовтің 20-жылдары жазылған әңгімелерінде бұған дейінгі патша отарында болған елдің жаңа өзгерген заман мен сол заманға қарай ғасырлар бойы жасаған әдет-зандарын еріксіз өзгертуі, оны әр түрлі жастағы, әр саладағы, әр түрлі білім-білігіне қарай қабылдаған ел тынысы суреттеледі. Ұлттық мінездің өзгеруі, елдің ендігі жерде жамандық пен жақсылық туралы, жалпы адамгершілік, ұлттық құндылықтарды қоғам ыңғайына қарай бейімдеу, заман мен адам, қоғам мен адам, орта мен адам құбылуы, оның қайда апарары белгісіз ақыр-аяғы бейнеленеді.

Жазушының 20-жылдары жазған әңгімелерінің ішінде жалпы ұлт тағдырын тереңнен қозғайтындары бар. Ұлттық құндылықтардың бет-бейнесінің басқа бағытқа бет алуы қайдан басталып, нендей күйініш пен азапқа, зарлап пен кесепатқа апарарын жазушы көркем кестелейді.

Ұлы суреткер әңгімелеріндегі заман мен адам ара қатынасын шбер ашатын әңгімелері – «Оқыған азамат» пен «Үйлену», «Сөніп-жану». 20-ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында орысша оқып, кеңсе істеріне араласып, қырдағы ел алдында бедел, мерейлері үстем болған қазақ оқығандарының ішкі жан-дүние байлықтары ашылады. Заманға қарай білім алған ел оқығандарының сол білімдері арқасында жеткен мансаптары мен арзан беделдерінің құны қандай деген сұраққа жауап беріледі.

Бүгінгі қазақ елі жаһандану деп аталатын алып жойқынның алдында тұрған тұста әдебиет қоғам мен адам, заман мен көркем бейне ара қатынастарын қалай көрсетіп, қандай тұрғыда бейнелеу керек деген сұрақтарға да жауап алу үшін керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Қазақ», Алматы, «Ғылым» 1994, 408-бет
- 2 Кеменгерұлы, Қ. Шығармалары, Алматы, 1995. 328 бет
- 3 Аймауытов, Ж. Шығармалары, 1991, 418 бет
- 4 Әуезов, М. Қорғансыздың күні «Атамұра» 2004, 378 бет

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ

КАСЕНОВА М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жүсіпбек Аймауытов азғана өмір сүрді. Сонда да көп нәрсені бастап, руханилық мазмұнының жаңа беттерін аша білді. Тар жол, тайғақ кешуді бастарынан өткізіп, зұлымдық пен зорлық, қасіретін кешкен алып ойшылдар қоғам өміріндегі ескі мен жаңаны, ізденістер мен адасуды, мейірімділік, қайырымдылық пен жексұрын жендеттікті айыра білді. Жақсылық пен адамгершілік жеңсе екен деп армандады. Олар рақымсыз биліктің алдында тізе бүгуден бас тартты, өз дүниетанымында жел қуған қаңбақ, тектес бола алмады, патшалық Ресей, советтік бюрократтық озбырлықтың қияметіне селқос қарай алмады. Қазан төңкерісінің ұрандарын олар қызу қабылдап, ол ұрандардың мазмұнсыз-мәнсіз сипат алғанына қатты қынжылып, өз тұрғысынан шешім табу жолдарын іздеді. Өкінішке орай, олардың оң қызметі теріс баға алып, шен іздеген мансапқорлардың, надан, білімі тайыз атқамінерлердің, жалған революциялық күш иелерінің қолына түсіп, қаза болды. Күрескер жазушы, ақын, драматург Жүсіпбекті біз қазақ философиялық ойын дамытуға тікелей қатынасқан адам деп бағалай аламыз. Оның шығармашылық мұрасы - философиялық толғауы терең рухани қазынамыз: қазақ болмысы, ұлтаралық қатынастар, дала шаурамының санасы, әйел теңдігі, адамгершілік нормалары, таптық қоғам өмірі, өтпелі кезеңдегі билік нысаны сияқты күрделі теориялық мәселелер көркем әдебиет құралы мен тілі арқылы сөз болды, өзіндік шешім тапты. Ал «Психология» аталатын оқулығы осы күнге шейін маңызын жойған жоқ. Адам мәселесінің өзегі, Жүсіпбек Аймауытовтың көзқарасы бойынша, мәдениет, оқу-білім, тәрбиеге келіп тіреледі. Бірақ адамда руханилық пен адамгершілік жетіспесе, қандай жетістіктер де рахат пен ләззат әкелмейтінін ол былай көрсеткен: «Бұрын адам хайуан қалпында жүргенде тамаққа таласып, қандай алысып-жұлысса, бұл күнде жетіліп, мәдениетті болған адам да сол халден ұзап шыға алмай отыр. Мәдениеттің ілгері басқышындағы халықтар ғылымның жемісін зорлық, зомбылық, қиянат, озбырлыққа жұмсап отыр».

Қазақ елінің ерекшелігі мен болмысын жете түсінген Жүсіпбек: «Еуропаға еліктей бермей, өз бетімізді, жұртымыздың белгісін көрсеткеннен не кемдік табылады? Қаза тексере берсек, Еуропаның өнеге қылуға жарамайтын жерлері де бар», - дейді. Әрине. Батыс

мәдениетін қазақ халқына мүлдем керексіз демейді, оны да игеру керек, бірақ соған беріліп, соның жетегінде кетіп, өз ұлттық нақыштарын жоғалтып алмауға меззейді. «Қазақ - мәдениет жөнінде ерте туып, кеш қалған халық. Көңге қалғанымызда, әрине, көп себеп бар: жер, тұрмыс, ғұрып, әдет, надандық (фанатизм), партия, өтірік, мақтан, міне, бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер», - деп жазды ол. Ғылым-білімге дұрыс бағыт беретін тәрбие болуы керек. Оқыту, тәрбие беруді кәсіби мамандығы санаған қаламгер өз шығармаларында осы мәселелерге де көп көңіл бөліпті. Жазушының мына сөздерінде көп мән жатыр: «Өнер, ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек, - дейді ол. - Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу - өгізбен жарысып бәйге ал деген сияқты. Надан болсақ та, бай болайық десек, ғылымсыз байлық баянсыз болмақ, бұлай болған соң, ғылым мен байлық екеуі де керек ғылым білімге қанады. Ғылымсыз білім сыңаржақ ғылым білімді ұлғайтады, ғылымсыз білім тым құрғақ, білімді орнына жұмсау керек. Білімді орнына жұмсайтын не? Ол - тәрбие». Сонымен, білімнің адамзат игілігіне жұмсалуды, жұмсалмауы тәрбиеге байланысты екен. Тәрбиесіз білімді адам сол білімін адамзаттың игілігіне де, сорына да оңды-солды жұмсай беруі мүмкін. Тәрбиелі адам, яғни иманды адам, толық адам ондайға бармақ емес, ол білімін өз орнына, игілікке, адамзаттың гүлденуіне жұмсайды... Міне, осындай-осындай ізгі ойларға жетелейді. Жүсекеңнің кезінде «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1926 ж.), «Психология» (Ташкент, 1927 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (Москва, 1929 ж.), «Сабақтың комплексті жүйесінің әдістері» (Қызылорда, 1929 ж.) секілді оқулықтар жазуы тегін емес. Педагогикалық көзқарастары адамға, оны тәрбиелеу мүмкіндігіне деген сенімнен басталады. Өзінің «Тәрбие» деген мақалаларында Жүсіпбек адамның хайуаннан айырмашылығы жайында әңгіме қозғай отырып, адам бойындағы ұнамсыз мінез-құлықтарының барлығы тәрбиенің кемдігінен деп қорытынды жасайды. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болуы керек. Адам өміріндегі тәрбиенің рөлін зор бағалаған ол тарихтағы ірі құбылыстардың бәрін тәрбиемен байланыстыра отырып, былай деп жазады: «Алғашқы екі ғасырдай афиняндар мәдениетті, ғылымды күшті жұрт болған, неге? Данышпан Салонның жасаған ережесімен тәрбиеленгендіктен. Рум халқын атақты, күшті қылған кім? Тәрбие. Ескендірді данышпан хакім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Неронды залым қылған

кім? Философ Сенеканың қате тәрбиесі». Тәрбиешіге қоғамда өте үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігермен ғана салыстырады, тіпті, одан да жоғары қояды: «Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады», - дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттігін жете түсініп: «Тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі, тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе - Отанның күзетшісі, қорғаны», - деп атап өтеді. Болашақ ұрпақты озық жетістіктерге тәрбиелеу, оларға білім беру процесін сол халықтың мінез-құлқы мен тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын еске ала отырып жүргізудің қажеттігіне Жүсіпбек аса зор көңіл бөледі. Абайдың көрнекті шәкірттерінің бірі болған Жүсіпбек өзінің туған халқын қатты сүйсе, дәл солай оның кемшіліктерін де көрсетіп, қатаң сынға алып отырды. Мысалы, «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында өз халқының бұрынғы уақыттарда ұйымшыл, елі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл, досымен достасып, жауымен жауласуға табанды» болғанын айта отырып, отаршылдық, езгінің әсерінен осы мінездер өзгеріп, «ұрлық, зорлық, өтірік, өсек, алдау, кулық, айдату, байлату, кісі өлтіру, өтірік, мақтану, ынсапсыздық, тұрақсыздық, настық, жалқаулық сияқты жағымсыз қылықтар» көбейгеніне кынжылады, сөйтіп, «ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды», - дейді. Ал енді осы жағымсыз қылықтардан құтылудың ең басты құралы, Жүсіпбектің түсінігі бойынша, тәрбие, оқу, білім. Ең жаман нәрсе жалқаулық екенін, еш қимыл, әрекет жасамай, еңбектенбей, Алла бере салады деп, қол қусырып отырудың бар екенін сынап, былай дейді: «Қазаққа әлі де бермесен, жақпайсың. Ел еңбекке төселсе, шаруа түрі бірте-бірте өзгерсе, салт-сана да өзгере бермек. «Алладан» емес, «еңбектен» сұрағанның екі бүйірі шығатынына көзі жетпек. Әрқашан жылауық, байбалам, жалыншақ, сұраншақ, жағыншақ, жарамсақ елдің жаны құл болады, ... жоқ болса да, ірі көңіл, сұңқар мінезді бол». Әрине, автордың бұл көзқарастарында үлкен философиялық маңыз бар. «Жоқ, жоқ,» деп жалына бергеннен ешкім босқа ештеңе де әкеліп бермейді. Қазіргі біздің мемлекетіміздің қадамдарын қарасақ та, үлкен билікте отырған ағаларымызда, өз күшімен өтпелі кезең қиыншылықтарын шешудің орнына, себеп іздеп, қол жайып (инвестиция сұрап), шет мемлекеттерге шабуы

көп. Сондықтан да бұл тұрғыдағы Аймауытов пікір-пайымы қазір де көкейкесті дейміз. Жүсіпбек ағаның біздің ұрпақтарға қалдырған бай мұраларымен танысқанда бірден көзге түсетін ерекшелік - автордың адам психологиясын жете әрі терең білуі. Ендеше, оның "Психология" кітабының арқалаған жүгі ауыр. Осы пәннен қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулық та сол «Жүсіпбек Аймауытовтың психологияны зерттеп, көтерген мәселелері - одан басқа қазақ топырағында ешкім де көтермеген мәселе. Осы мәселелердің баяндалуынан қазақтың психолог мамандары қазірдің өзінде айтарлықтай ақау таппайды". Бұл бағыттағы еңбегін тереңдете түскен "Жан жүйесі және өнер тандау" деген кітабы оның осы салада ізденістерінің қорытындысы іспетті. Соңғы кездерде ғана Қазақстан қоғамдық, ғылымында орын ала бастаған социологиялық зерттеулер, анкета жүргізу сияқты әдістерді Жүсіпбек сол кездің өзінде-ақ өте шебер қолданған. Ал сарапкер тапқан сарабал ойлардың бір парасы төмендегідей: "Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болуға, біреу мал бағуға, біреу іскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға ыңғайланып жаралады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек... қайғы сол: өз жолын шу дегеннен тауып алатын адам сирек болады. Бас мақсатын біржола ұмытып, әлеумет қызметіне түгел берілетін адам болуы мүмкін емес! Ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды. Біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында... Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады". Қазіргі қоғам қажеттіліктерін алып қарасақ та, азды-көпті қиыншылықтарға шыдамай, ғылымнан, білім беру жүйесінен, денсаулық сақтаудан саудаға кетіп жатқан көптеген мамандарды кездестіруге болады. Жүсіпбектің бұл ойлары осы өзіміз өмір сүріп отырған қоғам мәселелеріне де жақын екенін көреміз. Барлық шығармашылығын жұмыр басты пенделердің жан дүниесін зерттеуге арнаған Жүсіпбек өз кезеңіндегі қоғамдық қажеттіліктерді шешуге келгенде, әр дәуірде өмір сүрген адамдар дүниетанымының әртүрлі екендігіне тоқтала келіп, оған мынандай түсініктеме береді: "Бұрынғы оқығандардың алған тәрбиесі, көрген-баққаны, көксеген мақсаты, еткен қызметі қандай, қай заманда еді? Олардың тәрбиесі

надан, соқыр қазақтың ортасы еді. Көргені Николайдың төрелері еді. Көксегені шен еді. Еткені тақтан қорыққаннан, не пайда табу үшін жасаған қызмет еді. Олардың басынан кешіргені қараңғы тар замандар еді. Бұлай болса бәріне бірдей ақжүрек болмадың деп кінә қоюға да болмайды. Бұл тұжырымнан «әркім де өз уақытының перзенті» деген көне қағида көлденеңдейді. «Жауқазын ерте көктеп шыққанменен, ол дағы қалыбынан аса алмайды» деген Абайлық пәлсапамен астасып жатыр. Өйткені адамзат баласы қоғамның шылауында өседі емес пе... Адамның рухына еркіндік беру керек. Егер рухы еркін болса, жан дүниесі бай болса, адам құлдық психологиядан тез арылып кетуге мүмкіндік алады деп сенеді Аймауытов. Сондықтан да ол халқының өте бай әдеби, мәдени мұраларын зерттеу барысында да жан аямай еңбек етті. Адамгершілікті қалыптастырып, дүниетанымды кеңейтуде әдебиет пен өнердің алатын орны туралы былай дейді: «Баяғыдан қазақ кең далада күр қойын құрттап, айран ұрттап жатқан жоқ екен, оқымаса да, надан болса да, қиял, сезім байлығы бар екен. Жүрегінің терең сырын, жанының алуан-алуан нәзік толғауын ән-күй деген айнасына түсіре білген екен. Енді ол айнаны өнерлі жұрттар көрді... Адамшылықты, өнерді сүйген таза жүректе біреуді олай, біреуді былай ұстайтын тар мінез болмайды... Қазақ күнелту жағының мәдениетінен мешеу қалса да, ақыл, қиял сезім жағына, білім тілімен айтқанда рух мәдениетіне кенде емес екендігі мынау мың әннен танылып отыр. Қазақстан жерінің астында асыл қазына, кең байлығы мол деп аңыз қылысады. Сондай мол қазына қазақ елінің ішінде де жатыр. Ол не десеніз - әдебиет, ән, күй. Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше, өзіміздің бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек». Құдды бір қазіргі нарықтық, экономикалық қатынастар негізінде қоғам құрып жатқан Қазақстан жағдайында тап бүгін айтылған сөз сияқты! Экономикадағы уақытша қиындықтарды пайдаланып, егеменді Қазақстанның егемендігіне қайтадан жол салынып жатыр. Біз соңғы кездерде қайта күшейген қарқынмен көтерілген орыс тіліне де мемлекеттік тіл статусын беру, орыс азаматтарына екі елдің азаматтығын беру сияқты талаптарға тоқталып отырмыз. Бұл талаптарды қолдайтындардың барлығы да орыс азаматтары емес. Қалада өскен қазақ баласының кеңес өкіметі кезіндегі солақай саясат әсерінен өз ана тілін білмей тек қана «орысша сайрауы», егемендігіміздің етегінен тартып отырған неше

түрлі нигилистік немесе ел ертеңіне сенбейтін сатқындық көріністері сол "рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беру" нәтижесі екені ақиқат. Ж. Аймауытовтың гуманистік тұрғыдағы ағартушылық көзқарастары қоғамдағы әйел мәселесін де жан-жақты зерттей қарастыруынан анық байқалады. Себебі, ең жақсы кісілік қасиеттерінің барлығы адам бойына ананың ақ сүтімен дариды. Осы ойларын ол былай түйіндеген еді: "Баланы бұзуға, түзеуге себеп болмайтын бір шарт - жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі болуы керек. Ата-ананың берген тәрбиесі - баланың мінезіне салған ірге. Жасынан сіңген мінезді есейгенде жоғалтуға, басқа бір күшпен болмаса, болмайды. "Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді" деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақал тәрбие мен мінезді түзетуге болмайды деген емес. Балаға қайырымдылықты, кішіпейілділікті, үлкен көңілділікті, әділеттілікті, әдепсіздікті, шыдамсыздықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі".

«Ақбілек» романында бұл тақырыпты өзінше ашуға тырысты. Бас кейіпкерді тек періште етіп көрсете бермей, өмірдегі бар болмыс-бітімімен, өзіндік табиғи тіршілігімен, яғни пендешілік қателіктерімен қаз-қалпында бейнелейді. Шешесін өлтіріп, өзін зорлықпен алып кеткен ақ офицердің озбырлығына үнсіз көндіккен Ақбілектің жан дүниесіндегі күрделі құбылыстарды Жүсіпбек психологиялық тұрғыдан терең талдап, шебер береді. Романдағы барлық оқиға Ақбілектің айналасында өтеді және оның ойы арқылы өрбиді.

Жүсіпбек Аймауытов қазақ қоғамының даму, өзгеру диалектикасын өте жақсы түсінген. Идеология қалыбы қанша қатты қысса да, оған бой бермей, ғылымда, әсіресе қоғамдық ғылымда объективтілік керек екендігін мойындаған. Өз замандасы М. Жұмабаевтың өлеңдерін «ұлтшылдыққа» теліген шақта араша түсіп, былай деді: «Мағжанның туып-өскен, тәрбие алған әлеуметі - қазақ. Мағжан тұсындағы қазақтың әлеумет құрылысы қандай еді? Ата-анаға, ру-руға бөлініп, руды ақсақал, би, болыс, тілмаш билеген, орысша айтсақ, «патриархат» құрылыс еді... Жан-жағынан жау қысып, өз ішінен алауыздық шығып, қазақ берекеден айрылып, орысқа қарады. Орысқа бағынғанмен де, қазақтың бұрынғы әлеуметтік қалпы өзгере қойған жоқ, әлі хандардың, билердің, аталы ауылдың тұқымы билейтін болды». Сол кездегі қазақ қоғамының ерекшелігін түсіндіре келіп, Мағжанның тап туралы, тап күресінің болашағы мен ерекшеліктері туралы не себепті

өлеңдер мен мақалалар жазбайтындығы жөнінде былай дейді: «Әлеумет құрылысы өзгерген жоқ: қазақтың кәсібі, шаруа түрі мал бағу болса, әлі де мал бағуда келе жатыр. Кәсібі мал баққан, әлеуметі рубасыға бағынған жұртта тап жігі - байлар, кедейлер тобы деген нәрсе анық болмайды. Міне, Мағжанның туып-өскен ортасы, ұяда көргені осы". Сондықтан да, идеологтар жасанды түрде тапқа бөлгенмен, Мағжан өмірді, шындықты жырлаған, көргенін, білгенін жырлаған ақын болған соң, өзі түсініп біле бермейтін тақырыптарды қозғамағанын алғаш айтқан Жүсіпбек Аймауытов еді.

Қазіргі кезде қайта құру заманы арқасында нарықтық экономикалық қатынастар құрылып, Қазақстан егемендік алды, осыған орай біз де көптеген мәселелерді жаңа ғана біліп, жалтақтамай, ешкімнен қорықпай айта бастадық. Жүсіпбек сияқты еліміздің әрі білімді, әрі өнерлі, әрі мәдениетті азаматтары қазақ халқына Ресей патшасының көрсеткен зорлық-зомбылығын, одан кейін кеңес өкіметі жасаған асыра сілтеулерді сол кездің өзінде ашық айтқанды. Бұған бір ғана дәлел ретінде Аймауытовтың мына сөзіне ден қойып көрейікші: «Патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты кімнің болса да арқасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас июге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау (штат) деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырды, қырқыстырды».

Ресейдің отарлау саясаты тек қана жерді алып қоймай, халықтың бірлігіне ауыз сала бастап еді. Оны жақсы түсінген Жүсіпбек былай дейді: «Полиция, стражник, урядник, казак-орыстардың қамшысы қазақ даласын жайлады. Қазақтың бұрынғы елдігі, берекесі кетті. Партияға кіруге, азуға, тозуға айналды... Қазақтың басына туған осындай қара күндерді көзі қарақты азамат көрмеске, сезбеске, қайғырмасқа болмады; көрді, қынжылды, жанға батқан соң ашынды, ұлт сезімі ояна бастады. 1905 жылғы өзгерістен былай қазақтың қамын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құсайынов, Д. Ө., Қ. Ш. Шүлембаев, Өнегелі өмір // Саясат 1997 №12. 77-86.

2 Аймауытов, Ж. «Журнал туралы» // Абай, 1918 ж., N1, 3-б.

3 Есімов, Ф. «Абай хакім» Алматы, 1994 ж., 33-б.

- 4 Аймауытов, Ж. «Тәрбие» // Абай, 1919 ж., N1, 12-б.
- 5 Аймауытов, Ж. «Қазақтың өзгеше мінезі» // Ақжол, 1923 ж., 22 қараша.
- 6 Аймауытов, Ж. «Бұл әдеттен арылу керек» // Еңбекші қазақ, 1925 ж., N397.
- 7 Жарықбаев, Қ. Ж. «Аймауытовтың психологиялық еңбектері туралы» // Алматы ақшамы, 1983 ж., 22 қараша.
- 8 Аймауытов, Ж. «Жан жүйесі мен өнер таңдау» 252-б.
- 9 Аймауытов, Ж. «Жастар кім?» // Еңбек туы, 1920 ж., N3.
- 10 Аймауытов, Ж. «Асыл қазына жиналса екен» // Еңбекші қазақ, 1926 ж., N112.
- 11 Аймауытов, Ж. «Таңдамалы шығармалары» Алматы, 1990 ж., 253-б.
- 12 Аймауытов, Ж. «Мағжанның ақындығы туралы» / Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. 1989 ж., 401-б.
- 13 Сәдуақасов, С. «Әдебиет әңгімелері» Пікірталас // Еңбекші қазақ, 1927 ж., 15-16 ақпан.
- 14 Екеу. «Көркем әдебиет жайлы» // Еңбекші қазақ, 1927 ж., 8-9 тамыз.
- 15 «Қазақ әдебиеті», 1988 ж., 9 желтоқсан.
16. Аймауытов, Ж. «Шернияз» Алматы, «Өнер», 1989 ж.

ҚАЛАМЫНАН ҚАН ТАМҒАН ЖАЗУШЫ

КЕРЕЙБАЕВА А.
студент, ҚММУ медициналық колледжі, Қарағанды қ.

АЛИЕВА Г. К.
әлжуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы,
ғылыми жетекші, ҚММУ медициналық колледжі, Қарағанды қ.

XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген.

Ғұмыры алты-жеті қарадан артық мал бітіп көрмеген әкесі Аймауыт балаларын (Ақат, Жүсіпбек, Жақыпбек) қаршадайынан

еңбекке баулиды. Ауылдағы етікші, ағашшы, сыршыларға жіберіп, қол өнеріне үйретеді. Жалпы бұл семьяда қолы іс білмейтін адам болмаған. Әкесі үй іші жабдығынан сынған-бүлінген нәрсені өзі бүтіндеп тастайды екен. Шешесі бүкіл бір ауылдың киімін тігетін ісмер болған. Алаша тоқу, сырмақ оюлау өнері де осы босағадан табылатын. Табиғат жарықтық бір берсе, үйіп-төгеді ғой. Жүсіпбектің шешесі Бәтима, апайлары жанынан өлең шығарып, ауыл арасы айтысқа да түсе береді екен.

Жүсіпбек жастайынан зерек өскен. Әуелі ауыл молдасынан тіл сындырған ол, 1907 жылы Баянауыл мектебіне түседі. «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар» деген мақала жариялайды. Революцияға тілектестігін білдіреді. 1917 жылдың көктемінде Семейде Сол жылдың қысынан 1924 жылдар аралығында Ақтөбе оқу бөлімінде, Қарқаралы мектебінде қызмет істейді, мұғалім болады.

1924 жылдың аяқ шенінде Аймауытов Ташкентке шақырылады. Осы кезде жазушылық ісін үдете түседі. Ташкенттен Орынборда шығатын газет-журналдарға жиі қатысып тұрады. Ташкентте «Ақ жол» газетінің әдебиет бөлімін басқарады, газетке қосымша «Сәуле» журналын редакциялайды. 1926-1929 жылдары Жүсіпбек Аймауытов - Шымкент қаласындағы педагогикалық техникумның директоры. Осы қызметте жүргенде Торғайға айдалған мал турасында үстінен іс жүргізіледі. Сот барысында Ж. Аймауытов кінәсіз деп табылып, ақталады. Соттың қалай өткеніне куәлік те бар.

Бұдан соң Павлодардағы екі класты орыс-қазақ училищесін (төрт жылдық) бітіреді. Қыс оқып, жаз шыға елден күн көріс тауып, етік тігіп дегендей, тыным таппайды. Сол еті тірлігін арқасында 1914 жылы Семейдің мұғалімдер әзірлейтін семинариясына түсіп, оны 1919 жылы тәмәмдайды.

Осы жылдары ол орыс және дүние жүзі әдебиеті классикасымен танысуын бастайды. «Смағұлға жауап» деген анкета есебіндегі материалда Аймауытов өзіне шетел жазушыларынан: Монассан, Мольер, Виктор Гюго, Шекспир, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Стефан Цвейг, орыс суреткерлерінен: Гоголь, Пушкин, Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов қатты ұнағанын айтқан.

Қай уақыттан жаза бастағаны туралы да Жүсекеннің өз қолымен қалдырып кеткен куәлігі бар. Жаңағы жауап хатында ол былай дейді: «Ең алғаш өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек.

Алғашқы өлеңдерінде жас талап көбінесе Абайға еліктейді. Жазуға ден қойғанын бір әңгіменің баспа жүзін көруімен байланыстырады. «Ең алғаш басылған сөзім, 1913 жылы болса

керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс бо-лам деп, елге бір месте апарып, елдің қулары болыс етіп қоямыз деп, бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды».

Содан ол оқи жүре, баспасөз ісіне етеңе араласа бастайды. 1918 жылы Семейде шыға бастаған «Абай» журналының редакторы болады. Жүсіпбек журналдың екінші санында қолайсыз көрдім» дегенді айтты. Осылай Жүсіпбек ақталып шықты».

Осы пәледен құтылдым ба, құтылмадым ба деп жүргенде, аяқ астынан саяси жалаға ұшырайды. Басмашылармен байланысын бар деді ме, астыртын контрреволюциялық «Алқа» ұйымында болдың (шынында әдеби үйірме) деді ме, әйтеуір Сталин культінің алғашқы құрбандарының бірі болып, есіл азамат, талантты жазушы Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы ұсталып, 1931 жылы атылды. «Маған тағылған кінәмен таныстым. Өзімді айыптымын деп санамаймын». Бұл Аймауытов қаламынан туған соңғы сөздер еді. Енді, міне, жарты ғасыр өткенде жазушы ақ жүрегінен бар шынын айтқаны толық дәлелденіп отыр. Аяулы аға маңдайы жарқырап арамызға қайта келді. Халқы сүйікті перзентінің асыл рухы мен қайта қауышты.

«Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар» деген мақала жариялайды. Революцияға тілектестігін білдіреді. 1917 жылдың көктемінде Семейде Сол жылдың қысынан 1924 жылдар аралығында Ақтөбе оқу бөлімінде, Қарқаралы мектебінде қызмет істейді, мұғалім болады.

1924 жылдың аяқ шенінде Аймауытов Ташкентке шақырылады. Осы кезде жазушылық ісін үдете түседі. Ташкенттен Орынборда шығатын газет-журналдарға жиі қатысып тұрады. Ташкентте «Ақ жол» газетінің әдебиет бөлімін басқарады, газетке қосымша «Сәуле» журналын редакциялайды. 1926-1929 жылдары Жүсіпбек Аймауытов - Шымкент қаласындағы педагогикалық техникумның директоры. Осы қызметте жүргенде Торғайға айдалған мал турасында үстінен іс жүргізіледі. Сот барысында Ж. Аймауытов кінәсіз деп табылып, ақталады. Соттың қалай өткеніне куәлік те бар.

Б. Кенжебаевтың қалдырып кеткен құнды естелігінен табамыз.

«Сот үш күнге созылады, - деп жазады профессор Бейсембай Кенжебаев. - Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйлейді. Оны түгел жазып алған екен, мөнерлеп оқып шықты. Залдағы отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңының негізіне құрған еді. Асылы былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады, күн беріп күн алады, қалың мал береді,

қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі еш уақытта қолхат алмайды, ешбір протокол жасамайды; бәрін ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем үлестіргенде менін бойымда да ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін. аштан көзі қарайып. өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты. Осылай Жүсіпбек ақталып шықты». Осы пәледен құтылдым ба, құтылмадым ба деп жүргенде, аяқ астынан саяси жалаға ұшырайды. Басмашылармен байланысын бар деді ме, астыртын контрреволюциялық «Алқа» ұйымында болдың (шынында әдеби үйірме) деді ме, әйтеуір Сталин культінің алғашқы құрбандарының бірі болып, есіл азамат, талантты жазушы Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы ұсталып, 1931 жылы атылды. «Маған тағылған кінәмен таныстым. Өзімді айыптымын деп санамаймын». Бұл Аймауытов қаламынан туған соңғы сөздер еді. Енді, міне, жарты ғасыр өткенде жазушы ақ жүрегінен бар шынын айтқаны толық дәлелденіп отыр. Аяулы аға маңдайы жарқырап арамызға қайта келді. Халқы сүйікті перзентінің асыл рухымен қайта қауышты.

XX ғасырдағы қазақ романы - әдебиетіміздің үлкен табысы, классикалық үлгідегі шынайы көркем туындылар. Әдебиеттің негізгі басты объектісі – адам. Сондықтан әдебиет кезеңдерінің дамуы - адамның психологиялық көркем толысуы деуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда, көркем шығарманың қай түрі болса да, адамның іс-әрекетінің себеп-салдарын, сезім дүниесін өрбітеді, жан дүниесінің құбылыстарын көркем сөз құдіретімен өрнектеп, кейіпкердің өз заманына сай жай-күйін көрсетеді. «Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылордада жарияланды. Әдебиет-тегі алғашқы қадамдарын ақын ретінде бастаған Ж. Аймауытовтың өз өмірі де, Қартқожа сияқты бас кейіпкер өмірі де үндесіп жасқан сияқты. Жазушы өзі туралы сауалнамасында: «Ақат ағамыз екеуіміз әрі молда, әрі етікші алғашқы, шимайшы, домбырашы болып өстік» - деп баяндайды. Сондықтан да роман сюжетіндегі оқиғалар өмінінің өзіндей нанымды, шыншылдығымен шырайлы, жазушының білімі, стильше бірлігі айқын көрінеді. Жүсіпбек Аймауытов - өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет мәселелері төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар

жазды. 1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар», 1923 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы», 1925 жылы жазылған «Сұңқар жыры», «Аударма туралы» атты мақалалары арқылы ол әдебиет сыншысы ретінде танылды. Оларда Жүсіпбектің әдеби шығарманы жазушы өмір сүрген дәуірмен, тарихи кезең ерекшеліктерімен байланыстыра отырып талдау шеберлігі айқын байқалады.

Жүсіпбек Аймауытов оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

Жүсіпбек Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А. С. Пушкиннің, Н. В. Гогольдің, А. Дюманың, Дж. Лондонның, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық талантын да соншалықты айқын танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса — Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

2 Жүсіпбек Аймауытов. «Таңдамалы шығармалары». I том. Алматы. «Жібек жолы» баспасы. 2002жыл

3 Жүсіпбек Аймауытов. «Шығармалар жинағы». Құрастырған: Г. Мұқышева. Алматы. «Өлке» баспасы. 2012жыл

ҚҰЖАТНАМАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КІТАП ОРНЫ

КУРМАНОВА З. К.

филол.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Құжат» терминінің түсінігіне шолу жасауда кез келген пайымды, яғни «құжат» деп атауға болатынды атауға болады. Атап айтар болсақ, «құжат» термині деп кез келген әлеуметтік және метариалдық тасымалдаушысы бірдей нәрсені атауға болады. Сондықтан «құжат» терминін кез келген жағдайда қолдануға болады, яғни, пайымдау туралы әңгіме өрбігіне кезде, «құжат» түсінігі мен оның басқа да белгілеріне қатысты.

«Кітап» түсінігі кең көлемді белгіні қамтитын нысан, IV Құжат түсінігіне сәйкес, сондай-ақ, VI, VII, VIII Құжаттар секілді анықталады [1]. Сонымен қатар, IV Құжат белгісімен жарияланбаған құжаттар жатады. Негізінде, кез келген кітапты «құжат» деп атауға болады, алайда, әрбір құжат «кітап» емес. «Кітап» терминінің ширек белгісі мерзімді емес 48 беттен тұратын мәтін баспасы болып есептеледі.

Құжат деп «кітап» түсінігінің көлеміне қатысты жеке пайымдауды есептеуге болады, және де құжат-кітаптың бөлігі, егер ол өзіндік анықтамасы (мәселен, жинақ немесе газет мақалалары және т.б.).

«Баспа» термині процесс сынды анықтама береді, кітаптық, журналдық және газет баспаларының қызметтік қорытындылары немесе басушы ұйымдар, яғни ресми жарияланымдар мен көбейтулер (даналар) арнайы дайындалған құжаттар. Баспа баспасөз шығармаларымен шектелмейді, алайда олар аудиолы, аудиотаспалы, фото немесе машина оқушы құжаттар болуы да мүмкін. "Баспа" құжаттардың біріне бірін абсолютті түрде анықтау процессінің шешімі ретінде, оның әрқайсысы баспаның түпнұсқасына сәйкес және ол өзі де кітап-құжат нұсқасы болып есептеледі. Әрбір данасы «баспа» термині болып аталады.

ДСТУ 3017—95 мемлекеттік стандартында «Баспа. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар» «баспа» термині былай анықталады: «Редакциялық-баспалық өндеуден өткен құжат, баспаға әзірленген, ақпараттық мазмұны терең, таратуға арналған және мемлекеттік стандарттарға жауап беретін, баспалық безендірі мен полиграфиялық орындаушылықтар сынды басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес болуы керек»[1]. Бұл дефиниция «басылым»

түсінігін шектемейді, яғни, басылым басылған құжат болуы ғана мүмкін емес, алайда грамтаспалар, магнитофондық жолақтар, суретпенкалары, слайдтар мен аудио және бейне таспалар, дискеттер, компактлі дискілер және т.б.

«Басылым» түсінігінің мұндай анықтамасын басуаша айтуға және украиндық стандарт: ДСТУ 3018—95 "Басылым" ажыратуға болмайды. Полиграфиялық орындаулар. Терминдер мен анықтамалар», алайда басылымның басқа да дефинициясын көрсетеді. Айта кетерлігі, соңғы стандарттар тек басылымға, яғни, полиграфиялық басылымдардың стандарттарына сәйкес. «Басылым» (полиграфиялық) мына жерде былай анықталады «ақпараттық мазмұнды тарату үшін арналған баспа өнімі, редакциялық-баспалық өңдеуден өткен, полиграфиялық өзіндік безендірілген және шығу мәліметтері бар» 2. Бұл дефиниция басылымды құжат ретінде есептемейді, тек басылымның басқа баспа өнімдерінен ерекшелігін көрсетеді (мәселен, құжаттар үшін бланктер, жазба кітапшалары, тауарлар үшін этикеткалар және т.б.).

Басылым тығыздығы «кітап» түсінігінің аздаған бөлігінен тұрады (қалғандары

— депонирленген құжаттар). Басылымның әр данасы жеке құжат. Сонымен қатар, жекелеген құжаттар басылымның бөлігі болуы мүмкін, яғни физикалық тұрғыдан ажыратылады (мәселен, көптомдық басылымдарда) немесе мазмұны бойынша (мақалалар, заметкалар және т.б.).

Бүгінгі таңдағы басылымдар арасындағы басым көпшілігі баспасөз. Грамтаспалар, аудио және бейнетаспалар да басылым болып табылады, егер олар алайда баспа шарттарына жауап беретін болса.

Басылым сонымен қатар машина оқушы құжат түрінде болуы мүмкін, мазмұны еш өзгеріссіз немесе ақпаратты тұтыну процессінде жоғалған. Мұндай негіздер, мәселен, CD-ROM компактлі таспалар болуы шарт.

Ерекше санатты электронды басылымдар деп атайды: электронды газеттер, журналдар, мерзімді емес басылымдар. Электронды басылымдар «басылым түпнұсқасы» компьютер жадында жазылған жазба түрінде, яғни оны машиноқушы тасымалдауға бекітуге («көшіру») немесе принтер көмегімен қағазға басып шығару[2].

Басылған басылымдарды баспасөз шығармалары деп атауға болады. Сонымен қатар, баспасөз шығармалары жеке құжат болып

табылады, ол баспа басылымдарының құрамына енген. Таныс табиғатта ақпарат баспа шығармаларында мәтінді және мәтінді емес: изографикалық, картографиялық, ноталық болып бөлінеді.

Баспаның мәтіндік шығармалары сонымен қатар, әдіби шығармалар, ал олардың маңыздылығы әдеби. «Әдебиет» түсінігі мәтінді құжаттар секілді қамтылады, баспа шығармалары түрінде жарияланған (баспа), депонирленген және жарық көрмеген мәтінді құжаттар. «Әдебиеттің» бұл түсінігі мәтін туралы (әдеби) құжаттарды білімнің салаларын анықтау бойынша (мәселен: жаратылыс-ғылыми әдебиет, ауылшаруашылық әдебиет, медициналық әдебиет және т.б.) немесе әдебиет типтеріне анықтауда (яғни мәтіндік құжаттар) әлеуметтік таңғайындауларда (мысалы: ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-көпшілік, анықтамалық әдебиеттер мен т.б.). Басқа да «әдебиет» терминінің белгілері көркем әдебиеттердің тұжырымдамалары үшін қолданады, беллетристикалық (мысалы, атап айтқанда: «украин әдебиетінің тарихы»). Кітаптануда «әдебиет» термині көп уақытта кең көлемде қолданылады (баспа шығармаларындағы мәтіннің маңыздылығы мен жазбашалығы). Кей уақытта оларды кейбір мәтіндік емес шығармалардың маңыздылығына қолданады (мысалы, «ноталық әдебиет»).

Әдебиет шығармалары (немесе әдеби шығармалар) — бұл мәтінді (әдеби) құжаттар, яғни, жекелеген баспа түрінде жарық көрген, оның бөлігі, баспа маңыздылығы, депонирленген құжаттар немесе жарияланбаған болып қалады. Әдебиет — ол құжаттар үшін түсінікті жинақтаушы, әдеби шығармалар болып есептеледі.

Кітаптану мен құжаттану зерттеулерінде «публикация» деген термин бар, ол «жарық көрген құжаттардың процессі мен қорытындысы». «Публикация» терминінің белгілері «құжатты жариялау процессін» «жарық көргендер» сөзімен ауыстыруға болады, терминологияны азайту үшін.

«Публикация» жарияланған құжат қорытындысы — ол жеке құжат, басылым немесе оның бөлігі ретінде жарық көрген. «Публикация» термині депонирленген құжаттарды қамтымайды, алайда заңдылық бойынша жарық көрген болып есептеледі[3].

Жоғарыда сипатталған терминдер мен кітап типологиясында қолданудың түсініктерінен «басылым» және «әдебиет» алынды. Көп жағдайда баспа типтері мен түрлері, әдебиеттің типтері мен түрлері қарастырылады.

Кітап типологиясы баспа, әдебиет, баспа шығармалары классификациясының типологиялық түрлі бағыттарын қамтиды, яғни, кітаптың түрлі санаттарын (бұл түсініктің кең белгісі). Осы түсініктен кітап типологиясын құжат типологиясының тарауы ретінде қарастыруға болады.

«Кітап» түсінігінің түрлі пайымдаулары бойынша бір-бірінен айыратын көптеген белгілері бар.

Ақпаратты тасымалдаудың материалдық ерекшеліктерінде «кітап» түсінігінің алты түрге бөлуге болады, оның кең тарағаны — I Кітап — ІҮ Құжатқа теңестіріледі, ал шағыны — VI Кітап — құжат қағаз, парақты, блокты, анықталған көлемде (48 беттен астам).

Ақпарат жазбалар жүйесіндегі белгі ерекшеліктерінде «кітап» түсінігі кең мағынада «кітап» — I Кітап — ІҮ Құжатқа теңестіріледі. Ал шағыны — 6 Кітап — ол құжат адам қабылауы, еш қарсылықсы қабылдау, визуальды, символикалы, оқуға арналған, вербальды-жазбаша (әдеби және мәтінді).

Коммуникациялық-ақпараттық ықпал «кітапты» анықтауда құжаттың жарияланғандығы, баспалық және депонирленген, қоғамда кәсіп саудасы мен кітапханалар арқылы қолданылуы тұрасында мүмкіндік береді. Кітап жүйесінің орнын анықтау құжаттық коммуникация кітап арасындағы айырмашылықты табады, бастапқы құжат және мұрағаттық құжат.

«Құжат», «кітап», «басылым», «баспа шығармалары», «әдебиет», «публикация» түсініктері біріне бірі қарсылық тудырмайды және өздеріне қатысты, мағынасы бір қатынастарға пайдаланыла алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Информационно-библиотечная деятельность, библиография. Термины и определения. – Минск 1999. – 23 с.

2 Михайлов, А. И. Научные коммуникации и информатика / А. И. Михайлов, А. И. Чёрный, Р.С. Гиляревский ; ВИНТИ. – М., Наука, 1976. – 435 с.

3 Столяров, Ю. Л. Классификация документа: решения и проблемы // Книга: исслед. и материалы. — 1995. – Сб. 70.

ТЕМА РОДИНЫ И УСИЛЕНИЕ ГРАЖДАНСКИХ МОТИВОВ В ДЕТСКОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

ЛАТЫПОВА З.Х.

профессор, кафедра журналистики,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

60-90-е годы XX века являются самым плодотворным периодом казахской детской литературы. В многочисленных стихотворениях заметны положительные сдвиги изображения темы Родины, которая раскрывается и воспринимается через близкую и знакомую детям природу, через счастливое детство. Доверительно, тепло и просто пишутся стихи о Родине, Казахстане, развивая в юных читателей чувства любви, преданности и восхищения красотой родного края и его людьми.

Таковы стихи К. Мырза Али «Жер» – «Земля», «Баян-аула» – «Баянаул» (переводы А. Сеньдыка); Т. Молдағалиева «Алатаудың ұлымын» – «Я сын Алатау» (перевод В. Савельева), «Отан» – «Родина» (перевод Т. Ровицкой); С. Калиева «Степь», «Встреча у дороги» (переводы В. Смирнова); Е. Утетлеуова «Қазақстан» – «Казахстан», «Алатау» – «Дедушка Алатау», «Алтай» – «Алтай» в переводе Р. Фархади.

Удивительные пейзажные зарисовки окрыляют детскую мечту, фантазию, раздвигая все шире горизонты эстетического познания мира. Своё художественное мастерство казахские детские поэты и русские переводчики подчиняют той цели, которая помогла бы юному читателю «увидеть глубину синего неба, мерцание звезд, розовый разлив вечерней и утренней зари, багровый закат перед ветренным днем, безбрежную даль степей, журавлиную стаю в небесной лазури, отражение солнца в прозрачных каплях утренней росы, серые нити дождя в пасмурный осенний день, нежный стебелек и голубой колокольчик подснежника, ... шепот листьев и песнь кузнечика, журчание весеннего ручья и звон серебряных колокольчиков жаворонка в бездонном летнем небе, шорох снежинок и завывание вьюги за окном, ласковый плеск волны и торжественную тишину ночи» (13, с.153) и почувствовать силу природы. Юный читатель способен воспринимать творчески и полноценно ту поэзию, которая отвечает возможностям детского восприятия. При чтении стихов о природе у детей часто возникают эстетические оценки, свои чувства и мысли, переживания, поднимается настроение или оно понижается. Например, стихи У. Турманжанова «Бал ара мен бала»

– «Пчела и мальчик», «Жалқау қоян» – «Ленивый заяц» (переводы Л.Шашковой); М. Алимбаева «Терек қайда? Өзек қайда?» – «Где малина» в переводе С. Рыбакова; К. Мырза Али «Ақ тас» – «Белый камень» (перевод В.Савельева), «Қаңбақ» – «Перекати-поле» (перевод А. Сендыка), «Арам шөп» – «Сорная трава» (перевод Л. Щеглова), «Жасыбай» – «Озеро Жасыбай» (перевод И. Фоякова); Т. Молдагалиева «Бұлақ» – «Ручей», К. Идрисова «Лес и река» (переводы В. Савельева); С.Калиева «Аққала» – «Снеговик» (перевод В.Смирнова); «Луна родилась» (перевод В. Краснера); Е. Утетлеуова «Жаңбыр» – «Дождь»; А. Дуйсенбиева «Светлый день», «Белка» (переводы Р. Фархади), «Бұлақ» – «Ручеек» (перевод И. Мазнина); М. Жаманбалинова – «Терек жыры» – «Песня осины», «Жаңбыр» – «Дождь» в переводе Р. Тамариной и т.д.

В пейзажных стихотворениях природа находится в органической связи с жизнью человека и общества. В стихах о временах года тонко подмечаются их приметы. Например, М. Алимбаева «Күз нышандары» – «Приметы осени» (перевод С. Рыбакова), «Қысқы көл» – «Зимнее озеро» (перевод В. Сулова); А. Дуйсенбиева «Жаз» – «Лето» (перевод Р. Фархади); Е. Утетлеуова «Көктем» – «Узоры весны» в переводе В. Краснера; Т. Молдагалиева «Күзде жауған қар» – «Ранний осенний снег» (перевод Л. Щеглова), «Жаз» – «Лето» (перевод В. Савельева); М. Жаманбалинова «Қыс» – «Зима» в переводе Р. Тамариной и т.д.. Природа в изображении поэтов – не застывший пейзажный фон, она в стихах живет, действует, реагирует на герсев.

Казахская детская поэзия связана и с вопросами экологии, с окружающим нас миром, с проблемами охраны окружающей среды, борьбы за чистоту природы (стихи М. Алимбаева «Көк орманда», Т. Молдагалиева «Менің жерім», Е. Утетлеуова «Жайлау», К. Мырза Али «Табиғат тазалығы», М.Жаманбалинова «Жаңбыр» и др.). В них отчетливо проступает то, что чистота как олицетворение святости и неприкосновенности, возможно, даже всемогущества, но ничего этого в природе, к сожалению, почти не осталось. Известно, что век научно-технических революций породил такую жизненно важную для всего населения планеты проблему, как сохранение окружающего мира, среды обитания, жизни на Земле. В стихотворениях подмечается, что загрязнен воздух, вода, снег. Поэты призывают, чтобы этого впредь не допускать, бороться за чистоту природы, потому что человек не будет здоровым, если природа не будет чистой. Мировая экологическая проблема охраны окружающей среды становится

наиболее острой и привлекает внимание казахских детских поэтов, как отображение взаимосвязей человека и природы, их неразрывной зависимости друг от друга. Творчество поэтов является средством, активно участвующим в привитии у детей любви ко всему живому, воспитании у ребят бережного отношения к окружающему миру и среде обитания, формирования здорового образа жизни.

Стихи о растениях, птицах и животных являются частью родной природы и привлекают к себе красотой и подвижностью, звонким и мелодичным пением, оживляют нашу Землю, поля и сады, леса и горы, нивы и пастбища. За этим всем стоит человек, преобразующий природу. Природоведческие произведения с необычайно удивительной пейзажной лирикой вызывают у ребят чувство потребности любоваться природой, получая истинное эстетическое наслаждение. Например, стихи У. Турманжанова «Құс ұясын бұзбайық» – «Будем друзьями птиц», «Тырналар не деп тыраулар» – «О чем курлычат журавли», «Ақ күшігім» – «Мой белый щенок», «Құмырысқа мен піл» – «Муравьи и слон» в переводе Л. Шашковой; М. Алимбаева «Сыпайыгершілік сабағы» – «Уроки вежливости» (перевод С. Рыбакова); К. Мырза Али «Хайуанатханада» – «В зоопарке» (перевод А. Сендыка), «Бұлбұл және оңын иесі» – «Соловей и хозяин» (перевод Л. Щеглова), «Жолбарыс» – «Лев» (перевод А. Кушнера), «Қасқыр» – «Волк» (перевод Л. Степановой); Т. Молдагалиева «Емен» – «Дуб» (перевод В. Савельева); С. Калиева «Қара ешкінің лағы, қасқа лақтың ланы» – «Черный козленок» в переводе В.Смирнова; А. Дуйсенбиева «Фигус» (перевод Р. Фархади), в которых даются меткие характеристики каждому животному, зверьку, птице и растениям. Стихи о природе воспитывают у детей культуру потребностей, развивают духовные запросы и желание учиться, трудиться, видеть и чувствовать красоту. Благодаря восприятию прекрасного в природе, ребенок открывает прекрасное в самом себе. В казахской детской поэзии традиционная тема природы постоянно развивается, обогащается новыми художественными красками. Она учит юных читателей не только созерцать окружающий мир, но и активно видеть его, в привычных явлениях понять грандиозные масштабы, пространственное величие природы, бесконечное богатство ее тайн. Пейзажная лирика помогает юному читателю любить окружающий мир и оберегать природу родного края.

Природоведческие и приключенческие произведения появляются в казахской детской поэзии лишь в 60-90-х годах XX века,

и они направлены на познание тайн природы. В приключенческой литературе особенно важны сопереживания юных читателей, их сочувствие героям повествования, обязательно попадающим в какую-нибудь необычную историю, необыкновенность самой атмосферы произведения стимулирует пробуждение детской фантазии, и юный читатель, симпатизируя героям, совершает мысленно те же поступки – «подвиги» и на собственном опыте понимает, как трудно быть героем, как плохо быть слабым хлюпиком, безвольным нытиком. Невероятность и вероятность происходящего позволяют детям быть активными читателями, умеющими мыслить, анализировать, делать собственные выводы. Дети – чуткие и наблюдательные читатели, они не прощают неискренности в самом подходе к изображению реальной действительности: волшебство или фантастика в произведениях детской литературы должны быть естественно мотивированы самим ходом повествования, а не искусственно систематизированы авторами, и они шаг за шагом повышают качество поэзии для детей.

В современной казахской детской поэзии показана любовная тема, особенности стихи о светлой и чистой первой любви. Любовь – это главное открытие, которое приходит к молодым людям в отрочестве. Красоту этого открытия стремятся выразить все поэты без исключения. По-настоящему хорошие стихи могут быть восприняты так, что взрослые, читая их, с радостью вспомнят свое детство, отрочество, первую любовь. Например, стихи Т. Молдагалиева «Сені көрген күніме де ...» – «Благодарю тот бесконечный день», «Бір ауық көк аспанға қарап жаттық» – «Глаза и сердце запрокинув в небо» в переводе А. Щуплова; К. Мырза Али «Воистину нет у любви конца» (перевод А. Сендыка) поэму Ф. Онгарсыновой «Три звездочки» в переводе Т. Фроловой и др.. Казахские поэты, говоря о первой любви, обладают даром улавливать и передавать самые тончайшие оттенки нежных и интимных настроений, которые возникают в душе юноши и девушки. Не зная, что сказать своей возлюбленной на первом свидании, особенно волнуются юные джигиты.

Казахская детская поэзия в целях расширения тематики затрагивает правовые вопросы и прибегает к изображению права играть и отдыхать, жить, трудиться, защищаться от насилия и т.д. Не случайно, свободное время ребенка, его право на отдых записано в Конвенции о правах ребенка и в Конституции Республики Казахстан. Каждый ребенок имеет право на свободное время для игр и развлечений, занятий любимым делом, он обязан беречь свое здоровье, заниматься спортом, вести здоровый образ жизни. Этим и другим вопросам посвящаются стихи М. Алимбаева «Білмей ме

күшік ондайды?» – «Не знает ли шенок об этом?», «Ғауһар біздің тілалғыш» – «Ах какая помощница» в переводе С. Рыбакова, «Все работы хороши» (перевод В. Краснера); К. Мырза Али «Қазақша күрес» – «Казахша күрес», «Аударыспак» – «Аударыспак», «Ат шабыс» – «Байга» (переводы И. Фоякова).

Право на защиту от насилия и жестокости и право выражать свое мнение изображаются в стихах А. Дуйсенбиева «Мықты болсам егер мен ...» – «Если бы я был сильным ...» в переводе Т. Ровицкой, «Два силача» (перевод Р. Фархади), «Разговор» (перевод И. Мазнина).

Тему права детей затрагивает К. Идрисов в стихотворениях «Жалоба одного одеяла», «Дурысбек и Бурысбек», «От имени детства» (переводы В. Савельева). Право детей на жилище поднимается в стихах К. Баянбаева «Киіз үй» – «Юрта» в переводе В. Михановского, А. Дуйсенбиева «Дети земли» в переводе Ю. Кушака; С. Калиева «Біздің досымыз» – «Наш друг» в переводе В. Краснера и др.

Казахская детская поэзия разнообразна по своей тематике, связанной с различными явлениями действительности, она вызывает у юных читателей живой эмоциональный отклик, пробуждает творческое начало, нравственное самосознание, а также способствует и обуславливает индивидуальность характеров, созданных в произведениях. Поэты, казалось бы, пишут об одних и тех же явлениях действительности, но они говорят о них по-разному. Здесь речь идет об индивидуальном художественном видении оригинальности каждого произведения, написанного с особой, присущей только конкретному автору художественной манере.

Главными направлениями казахской детской поэзии являются определение факторов, влияющих на становление личности молодого человека, создание конкретных типов, характеров героев. Произведения раскрывают полную картину жизни и быта казахских детей. Их своеобразное фантазирование, стремление узнать о тайнах Вселенной, обитателях окружающего мира, проникнуть в неизведанное, светлые мечты и насущные желания и есть особенность героев. Поэзия способна охватить малейшие изменения в душе ребят, проникать в самые отдаленные уголки детского сознания, сохраняя единство формы и содержания, умеет найти новаторское решение сложных эстетических проблем. Стихи отличаются свежестью и ясностью мысли, разнообразием художественных средств, они являются своеобразным поэтико-философским анализом человеческой природы, его общественного долга. Появление ряда фантастических произведений ознаменовало новаторский характер казахской детской поэзии.

Отличительной чертой казахской детской поэзии является появление в ней новых понятий, разработка острых психологических ситуаций, обилие новых персонажей, обусловленных переменами во взаимоотношениях взрослых и детей в эпоху научно-технических революций. Они продолжают галерею ранее созданных детских образов.

По мнению ученого Б. Ыбырайыма, в эпоху НТР очень заметны в детях психологические изменения: их безграничная любознательность, целеустремленность, мыследеятельность, поощряемые средствами информации, заслуживают особого внимания. Поэтому, если детская литература должна быть предельно ясной и понятной по своему содержанию с одной стороны, а с другой – учить детей мыслить, находить собственные решения, то есть не должна бояться усложненности в подаче художественного материала (14, С.202-203). Данное высказывание наталкивает на мысль, что наряду с удачными казахскими детскими произведениями в оригинале и переводе на русский язык из-за отсутствия художественно-мастерства встречаются и примеры недоброкачественных книг, трудных для детского восприятия или же созданных как бы одним автором – настолько похожи персонажи, их поступки и действия, конфликты, возникающие во взаимоотношениях героев. Однако, в целом казахская детская поэзия развивается интенсивно и плодотворно. Она необычайно разнообразна жанрово и тематически. Ей посвящают свой талант лучшие поэты и переводчики, зная, что будущее человечества в руках подрастающего поколения, поэтому они и обращаются к темам, связанным с жизнью детей и подростков, с их интересами и мечтами, ставят задачи и выражают идеи, понятные юным читателям, решают вопросы непростые, а требующие особого таланта, понимания и умения. Авторы не только выбирают темы, но и разрабатывают сюжеты, близкие и понятные ребятам. Непременным условием творчества казахских детских поэтов является умение видеть проблемы современной жизни детей и подростков, уважать их личность, чувство собственного достоинства, понимать особенности восприятия читателем красоты и гармонии окружающей действительности и существующих в ней противоречий, знать секреты воздействия художественного произведения на слушателя – читателя, мыслящего, сопоставляющего, делающего выводы, познающего красоту, мудрость и силу вымысла.

Таким образом, большинство произведений казахской детской поэзии в оригинале и переводе доказывает:

- творческий поиск авторов;
- усиление глубокого проникновения и понимания особенностей детской психологии, чутко реагирующей на самые различные перемены мира;
- проявление разностороннего показа сложных взаимоотношений взрослых и детей;
- качественно новое отображение темы формирования подрастающего поколения в семье и школе, решение сложных процессов влияния школьного коллектива;
- совершенствование морального облика детей, их характеров и настроений.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Эткинд, Е. Русские поэты-переводчики от Тредиаковского до Пушкина. – Ленинград: Наука, 1973. 248с.
- 2 Левин, Ю. Русские переводчики XIX века и развитие художественного перевода. – Ленинград: Наука, 1985. 229 с.
- 3 Каратаев, М. Вершины впереди. – Москва: Советский писатель, 1977. 376 с.
- 4 Ландау, Е. Русские переводы песен Джамбула: автореф.... канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1953. 21 с.
- 5 Сатыбалдиев, Ә. Рухани қазына. Көркем аударма мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1987. 232б.
- 6 Талжанов, С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975. 118б.
- 7 Талжанов, С. Источники духовного богатства. – Алма-Ата: Қазақстан, 1967. 90 с.
- 8 Курелла, А. Теория и практика перевода. // В сб.: Перевод – средство взаимного сближения народов. Сост. А. А. Клышко. – Москва: Прогресс, 1987. – С. 106-131.
- 9 Сагандықова, Н. Ж. Қазақша поэзия в русском переводе. – Алма-Ата: Наука, 1983. 128 с.
- 10 Виноградов, В. С. Лексические вопросы перевода художественной прозы. – Москва: Международные отношения, 1978. 228 с.
- 11 Қазақша ССР. 4-х томнаы краткая энциклопедия, Т 4. – Алма-Ата: Гл. ред.Қазақша Советская энциклопедия, 1991. 668 с.
- 12 Утетлеуов, Е. Силуэты на стене. / Детская литература № 7. – Москва: Художественная литература, 1982. 80 с.
- 13 Сухомлинский, В. А. О воспитании. – Москва: Политиздат., 1973. 272 с.

14 Ыбырайымов, Б. Ой мен сөз: Әдеби сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. 248 б.

Ж. АЙМАУЫТОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

МАКЕЕВА А. Қ.

№5 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

ЖАНГОЗИНА М. Б.

II сынып оқушысы

XX ғасырдағы қазақтың аса көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетінің алтын қорына керемет көркем шығармалар қосқан сан қырлы дарындардың бірі - Жүсіпбек Аймауытов. Ол қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы - тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлттымыздың мәдени- рухани даму жолын жана арнаға бұрғаны сөзсіз. Мен өзім орыс сыныбында оқысам да туған ана тілімнің, әсіресе әдебиетін өте ұнатамын. Соның ішінде біздің жерлесіміз Ж. Аймауытовтың шығармашылығына тоқталғым келеді. Өйткені ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы - қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұғанға дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұл тартпас мысалы - тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жігерлендірді. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған. Шымкенттегі

педагогика техникумының директорлығы - міне, мұның бәрі Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 ж. басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек 1931 ж. атылған. Астан-кестең ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Аймауытов өзінің осы қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгірді. Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстой шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді аударды, педагогика, психология, методика, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер тудырды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицистик. мақалалар жазды; «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» еңбектері - күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар. 1918-19 ж. Семей қаласындағы М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Осы журналда «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды. Бұл мақалаларда Абай өмірінің бірталай қыры сөз болып, оның поэтик, мұрасының аса құндылығы көрсетіліп, кейінгі ақындардың ұлы ұстаздан үйренуі шарт екендігі нұсқалды, Пушкин орыс әдебиетінде қандай тарихи қызмет атқарса, Абай да қазақ әдебиеті үшін сондай тарихи іс тындырғаны орнықты дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, оның поэтикалық мәдениетінің ержетуіне Абай шығармаларының қаншалықты әсері барлығын көрсеткен. Абай поэзиясының ұлттық дәстүрмен қоса Шығыс, Батыс әдебиеттерімен байланысы қарастырылған. Аймауытов - қазақ әдебиетінде Абайдың шығармашылық мұраттарын ілгері жалғастырған ең ірі тұлғалардың бірі[2].

Аймауытовтың әдебиетпен әуестенуі 1910ж. басталады. Оның алғашқы өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде, «Абай» журналында жарияланып тұрады. 20-жылдар ішінде респ. Газет-журналдар бетінде шығармалары көп басылған. «Қартқожа» романы (1926), «Ел қорғаны» (1925), «Мансапқорлар» (1925), «Қанапия мен Шәрбану» (1926), «Шернияз» (1926) пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы (1929) және бір топ аударма кітаптары жарық көрген. Аймауытовтың жаңа дәуірдегі қазақ прозасын, әсіресе, роман жанрын бастаушы есебіндегі орны үлкен.

«Қартқожа» — қазақ кеңес романының басы, онда 20 ғасырдың басындағы әлеум. революциялар кезінде тартыс жолынан өтіп, қоғамдық шындықты түсінуге ұмтылған қазақ жасының өмірі суреттеледі. Аймауытовтың екінші романы «Ақбілек» кітап болып басылып үлгермеді. Үзінділері «Әйел теңдегі» журналында жарияланған «Ақбілек» тақырыбы жағынан «Қартқожамен» үндес. Алдыңғы романда жазушы жаңа қоғамдық жағдайда азаттық жолына шыққан қазақ жасын көрсетсе, соңғы романда осы әлеум. өзгерістер легінде қазақ әйелінің теңдік жолындағы ізденістерін суреттейді. Аймауытовтың үлкен проза саласындағы тағы бір елеулі еңбегі — «Күнікейдің жазығы» повесі.

Ол «Жаңа әдебиет» жарналында жариланған. Кітап болып басылып үлгермеген. Бұл шығарманың тақырыбы да әйел теңдігі, негізі кейіпкерлері — кедей қызы Күнікей. Аймауытовтың ырғақты прозасы — қазақ әдебиетінде ақ өлең үлгісін туғызуға жол бастады. Аймауытов драмалық шығармалар жазуға ерте талпынған. Ол Семейде оқыған жылдары жастардың ойынсауак үйірмелеріне белсене қатысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойған, өзі басты рольдерде ойнаған. Аймауытовтың пьесаларының негізгі тақырыбы да халықтың азаттағы идеясы. Ол ескі өмірдің мешуе көріністерін сынап отырып, халықты оқуға, өнерге, білімге үндейді.

Ел адамдарын оятып, жаңа тіршілікке шақырады «Рәбиға», «Қанапия мен Шәрбануда», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар». Аймауытов пьесаларының ең елеулісі — «Шернияз». Мұнда жазушы қайшылықты қоғамдық ортада күрделі өмір кешкен өнер адамдарының тағдырын бейнелейді. Аймауытов — әдеби творчествосын өлең жазудан бастаса да, кезінде жинақ бастырмаған. Оның өлеңдері күнделікті баспасөз бетінде сақталған. Өлең — үлкен проза мен драматургияға ден қойған жазушының алғашқы тәжірибесі сияқты. Бұлардың көбі ескі өмірдің келеңсіз суреттері мен жанару идеясын жырлайды.

«Нұр күйі» поэмасында анасынан соқыр боп тұған баланың өнерпаз, күйші болып өсуі, дәрігердің көмегімен көзінің жазылуы суреттеледі. Аймауытов «Интернационал», «Жас әскер» сияқты революция дәуірінде кең тараған күрес жырларын қазақшаға аударған. Жазушының балаларға арнап жазған «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты суретті кітапша ертегілері бар. Өмірінің көбін баспасөз маңында өткізген жазушы үлкен публицист есебінде де белгілі. Сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде ол жазған мақалалар, оқшау-фельетондар, хат-хабарлар көп.

XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілттей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

Жүсіпбек Аймауытов — өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет мәселелері төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. 1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар», 1923 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы», 1925 жылы жазылған «Сұңқар жыры», «Аударма туралы» атты мақалалары арқылы ол әдебиет сыншысы ретінде танылды. Оларда Жүсіпбектің әдеби шығарманы жазушы өмір сүрген дәуірмен, тарихи кезең ерекшеліктерімен байланыстыра отырып талдау шеберлігі айқын байқалады.

Жүсіпбек Аймауытов оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

Жүсіпбек Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А. С. Пушкиннің, Н. В. Гогольдің, А. Дюманын, Дж. Лондонның, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық талантын да соншалықты айқын танытты.

Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зердеден өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты.

Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рәбиға», «Мансап қорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен

«Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертекері, сын мақалалары мен аудармалары енген.

Бұлардың сыртында «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер тандау» (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектері бар.

Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршендігіне кепіл болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиеті 11 сынып. – Алматы «Мектеп» 2007 жыл 82- б.†

2 † Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра. 2007.

3 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. 509 б.

4 Қазақ Энциклопедиясы. – Алматы: Мектеп. 2008.

5 Жоғарыға көтерілініз† Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005

МАҒЖАН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ТЫНЫСЫ

ОРАЗБАЕВА Б. Қ.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, №19 жалпы білім беру орта мектебі

Мағжан Жұмабаев – талантымен де, табиғатымен де ешкімге ұқсамайтын дара тұлға. Ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, «мәдениетшіл ұлт ақыны».

«Мағжан – ақын, өте күшті ақын. Мағжанның қуаты – оның лиризмінің нәзіктігінде, сырластығында, кейіпкерлерінің ақындық жарқындығында, сөздерінің нақтылығында, оның сөздері Маржан жібі секілді нәзік те, мамық секілді жеңіл, әуенді де сазды. Мағжан – бірінші кезекте терең лирикалық ақын.

Мағжан өлеңдері – оның өзінің жанымен, халқымен сырласады», - дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Мағжан өзін табиғаттың бір бөлшегіндей сезінеді, табиғатты жырлап келіп, оның аясында өмір сүріп жатқан адамдар жайлы жазбау, әрине, мүмкін емес.

Ана тіліне арнаған өлеңінде былай дейді:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Бағыт сілтер Шолпан жұлдызындай қашан, қайда жүрсен де жарқырап осы – туған тіл деп жырлайды Мағжан жыры. Тас бауыр тағдыр қара жердің бетіне бырдай шашқан қазақтарды бір құшаққа тарта алар күш – тек қана қандастық емес, анадай аялап, бір шаңырақ астына жинайтын магнитті күш – туған тіл- дейді Мағжан. [3. 31 бет]

Мағжан ақынның көптеген өлеңдерінде «күн», «жұлдыз», «ай» сөздері жиі кездеседі. Бұған қарап ақынның табиғатпен ажырамас бірлікте екенін байқауға болады. Мысалы, «Бір күні» өлеңінде:

Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермей,

Мал шулап, бөлді ойымды ырық бермей.-десе,

«Туған жер» өлеңінде:

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан – тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.-

дейді. Яғни бұл жолдар арқылы туған жеріне деген махаббатын, ондағы күннің жылуын, ай мен күннің жарықтығын өз жерінде ғана сезіне алатынын жеткізеді. Осындай ой желісі «Сағындым» өлеңінде де «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым», «Алтын күнді, қара жерді сағындым», «Абақтыда айға баға күні ұзақ» деген жолдармен жалғасады.

Мағжан Жұмабаевтың көп өлеңдері махаббат лирикасын құрайды. Мұндағы жүрек жарды сезімі, сүйгеніне деген сағыныш, сүйініші табиғатпен астарласа берілген. Өлең жолдарына көз жүгіртіп көрейік. «Жарыма» өлеңінде:

Сол күнде, алтын сәулем, қолыңды бер,

Жасытпа, жолым бастап алдыма жүр.

Қара түн қорқынышты қаптағанда

Жарқырап жұлдызым боп, төккесің нұр.

Осы жолдарда ақын жарын жарыққа жетелер, жақсылық жаршысы ретінде таныса, «Есімде..тек таң атсын!» өлеңінде:

Күн алтын жан-жағына сәуле шашты,
Жарық пен қараңғылық араласты.
Сәулесі қызыл алтын – сәлемі еді,
«Көргенше қош, алаш!» - деп амандасты.
Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,
Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта
Кетіпсіз біраз ғана біз де қалғып.
Мұндай тіркестер «Зар» өлеңінде де көрініс тапқан.
Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,
Алтын күн нұры кеміп, салқын артса.

Алтын күн алтын сәуле жерге шашар,
Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар.

Жоғалды, батты, кетті сәулем – күнім,
Жайнаған жүз құлпырып, қызыл гүлім.
Сәулесіз, Айсыз – Күнсіз қараңғыда
Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім.

«Алтын Күн» тіркесі бірнеше өлеңінде (жоғарыда аталған өлеңдерінен басқа да «Батқан күн, атқан таңның жыры», «Қараңғы, дауылды түн», «Жазғытұрым» т.б.), тіпті бір өлеңнің ішінде де қайталануы жиі кездеседі және берер мағыналары да бір – Алтын Күннің жылуы, алтын сәулесі. Күн – жарық, жақсылық, қуаныш нышаны болса, ай – қараңғылық, қайғы – мұң белгісі. Түнге нұрын шашқан Ай болса да, күндізгімен салыстырғанда көмескі, күңгірт. Мұны «Айға» өлеңінен анығырақ байқауға болады:

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,
Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.
Отырған қараңғы үйдің терезесінен
Көремін мұнды, нұрлы толған Айды.

Ақынның «Батқан күн, атқан таңның жыры» атты туындысындағы тіркес пен берер ойы мүлде бөтен.

Алтын Күн батып барады,
Алтын Күн ақырын өледі.
Сорлы бұлттар – сорлы жар,
Қан жылап Күнді көмеді.

Сорлы бұлт – жесір жар алтын Күнін – күйеуін қан жылап жоқтап отыр. Мұнда Күн – тіршілік иесі, бір шумақтың өзінде кейіптеу, көріктеуіш, теңеу түйдектеле берілген.

Ал «От» өлеңінде лирикалық қаһарман өзін осы «Алтын Күннен» жаралған жалынды жан иесі етіп суреттейді.

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме - өзім табынам.
Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.

Ақын алдымен Күннің құдіретін оның жылу шашар, жарық берер қасиетімен бағаласа, өзін сол Күннің жалынынан жаралған, бойында оттай ыстық қуаты бар, жігерін жалынмен жаныған жанға балайды.

Енді бірде ақын «Күн», «Ай», «Жұлдызды» сүйгеніне сыйлар сұлулықтың сырындай, жаратылыстың жауһар жасынындай жырлайды. Махаббат, сезім, сүю деген – бұл дүниенің ең ерекше еншісі.

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.
Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Осы жолдарда ақынның сөз қолданысына қарайықшы, тұнып тұрған теңеу, ауыстыру, көріктеуіш, кейіптеу. Сүйгенін өзіне «көзім», «сәулем», «жұлдызым», «күнім» деп қаратып, оның жүзін – күнге, жүрісін – жібекке, сөзін – сиқырға, күлкісін – күміс табаққа шашылған меруертке теңей келе, оған жұлдыздан – жүзік, айдан – алқа сыйлайды. Айналасы екі шумақта қаншама қалауын тапқан құнды құрастырулар жатыр.

Сыншылардың Мағжан - сыршыл ақын деп бағалаулары бекер еместігіне көзіміз жеткендей.

Бүкіл лирикасының ішіндегі табиғаттың тынысы – «Ай, күн» сөздерінің қолданылуына ғана тоқталдым. Ал басқа да туындыларындағы тұнған табиғат сырларын, сыршылдық пен

шыншылдықты ұран еткен асыл дүниелерін кейінгі күн еншісіне қалдырдым.

Карл Маркс: «Батырлардың өлуі күннің батқанымен бірдей» деген екен. Батырларынан, батырларға бергісіз ақындарынан әлсін - әлсін айырыла берген халық – ана күнінің қаншама рет мезгілсіз батқанын көзімен көріп, қабырғасы қаншама рет қайысты екен?..

Тірідей айырылып, атаусыз өлген, көмусіз қалған аяулы ақыны, біртуар бірегейі Мағжанның туған жұрты қатарынан қаншама жыл ішінен таусыла, қан жылап жоқтады екен?! Бірақ поэзияның алтын күндері батпайды әсте! [3. 8 бет]

Таудай талант Мағжан – қазақ халқының күнгірт тартпас мәңгілік мақтанышы, ол әрі көптің жүрек жарасындай ұмытылмас өкініш – қасіреті...

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұмабаев, М. Сүй, жан сәулем. Алматы, 2002.

2 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті. Павлодар, 2000.

3 Әлімбаев, М. Толқыннан толқын туады. Алматы, 1992.

4 Умарова, Г. С., Шарабасов, С. Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы. Астана, 2007.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ – ПУБЛИЦИСТ

ОРАЗБАЕВА Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«... классикалық реализмді өз шығармасында жарқырата пайдаланып, ешкімге жалынып-жалпылдамай өзіндік еркіндік пен тәуелсіздікті пайдаланып, алашшыл қалтын сақтап өткен дарын-Жүсіпбек».

Тұрсынбек Кәкішұлы

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді. Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары,

«Күнікейдің жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», "Ел қорғаны", "Шернияз" пьесалары, "Нұр күйі" поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы – прозалық шығармалар. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан "Қартқожа", "Ақбілек" романдары туды.

"Қартқожа" романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады.

Романдағы оқиғалар бас кейіпкер Қартқожаның басынан өткен нақты жағдайларға негізделген. Сол арқылы жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның патшаны тақтан құлатқан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне ұласуы, қазақ азаматтарының ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа араласуы, алаш қозғалысының өмірге келуі, актер мен қызылдардың соғысы, қазан төңкерісі, азамат соғысы тұсындағы жайларды баяндайды. Осы оқиғалар тұсында роман кейіпкері Қартқожа да есейіп, ес жинайды, алға қарайды, болашаққа бет алады.

Төңкерістен кейінгі біздің Тұрар Рысқұлов сияқты саясаткер, не болмаса атылып кеткен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы қандай зиялы қауымдар болды?! Қазақ неге екіге бөлінді? Ол қазақтарды екіге бөлген өздері емес – заман, саясат болғанын осы «Қартқожа» романы толық ашып береді.

Ж.Аймауытовтың "Ақбілек" романы кезінде кітап болып шықпаған. 1927-1928 жылдары баспасөзде жарияланған. Тақырыбы жағынан ол "Қартқожа" романымен үндес. "Қартқожада" көтерілетін күрес, азаттық идеясы "Ақбілекте" одан әрі жалғасады. Романда ескі ортадағы жікшіл тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының төңкерістен кейінгі жаңа сипатты заманның мүмкіндігіне сай өз құқығы үшін күресу жолы баяндалады. Шығарманың бас кейіпкері

Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлерінің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Елінде де алуан қиындыққа жолығады. Кейін төңкерістен соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы Жүсіпбек сол бір қилы-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың қилы-қилы тағдырын кең бейнелейді. Роман кейіпкерлері заман өзгерістерімен ілеседі, қоғамдағы өз орындарын іздейді. Түптің түбінде дегендеріне жетеді. Қысқасын айтқанда, "Ақбілек" романы – бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі.

Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романы қоғамдық ахуал мен кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын, шабытты шақ пен талант қолтаң-басын айқындаумен қоса негізгі тұлғаның тағдыр-талайын, адами әлемі мен бедерлі бейнесін, қыр елінің тұрмыс-дәстүрлерін, тәрбие-тағлымдарын т.т. жан-жақты ашады. Басты байқалар ерекшелік-туынды тақырыбы мен табиғатына, авторлық ұстаным мен образ жасау шеберлігінен тіл-стиль сипаттарынан ұлттық мұрат-мүдде, ел-жердің қадір қасиеті, адам әлемі мен мүмкіндіктері кең көлемде көрініс береді. Осы орайда, бір ғана Ақбілек бейнесі – қазақ қыздарының азаттық-теңдік жолындағы талайлы тарихын, қиын-қыстау соқпақтарын, қилы кезеңдерін алға тартады. Сондай-ақ, адал еңбек пен ақыл-парасаттың, жастық пен махаббаттың, құштарлық пен сүйіспеншіліктің, әсемдік пен сұлулықтың көркем шежіресі, үздік үлгісі болып табылады.

Аймауытов Ж. Ақбілек романы жанр табиғаты мен талабына толық жауап берумен бірге кемел ой мен көркемдікке, нақышты тіл мен келісті суреттеулерге де толы. Оны, атап айтқанда, Алтай мен ауыл көріністері, Ертіс – Күршім сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң-құс, жан-жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері мен этнографиялық деректер байыта, толықтыра түседі. Сайып келгенде, қазақ қызының өмір, тағдыр жолын баяндағанда да Ж. Аймауытұлының ескі ауыл, этнографиялық суреттерді, адамдар қарым-қатынасын ой мен сезім өрілімі арқылы риясыз жеткізер тіл байлығына, шеберлік иірімдерінің үлгі-өрнектеріне көз жеткіземіз. Сондай-ақ, романдағы әлеуметтік-психологиялық иірімдерден, жекелеген кейіпкерлерді мүсіндеу мен олардың ішкі монологтарынан, ең негізгісі қазақ тұрмысы мен заман көріністерінен, уақыт сырынан реалист суреткердің қолтаңбасы айқын көрінеді. «Ақбілек» әлемі – халқымыздың өткен өмірі мен

тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр – талайын кең көлемде суреттеген тағылымды туынды. Жазушы Р. Тоқтаров «Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедиясын көруге болады» деп қысқа да нақтылы түйін жасайды.

Екі заман шекарасында көзін аша бастаған туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың орны ерекше.

Ж. Аймауытовтың үлкен ұлы Бектұрдың айтуынша, «Ол мейірімді болатын. Кісінің әңгімесін құлақ қойып, мұқият тыңдайтын. Ешкімді бөле-жармай, теңдей жақсы көретін. Қолы қалт еткенде, күн демей, түн демей жазумен айналысатын».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақиқат. – 2010. – №12. – 58 – 63б.

2 <http://e-history.kz>

3 <http://asyl-bilim.kz>

4 Г. Т. Кәріпжанова, «Аймауытовтану»

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ

РАБИЛОВА Н. С.

студент, журналистика кафедрасы, С. Торайғыров атындағы ПМУ,
Павлодар қ.

XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында қарымды дүниелер жазған тұлғаның бірі Жүсіпбек Аймауытов. «Жүсіпбек- көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог –ағартушы» деп Қайым Мұхамедханов өз сөзінде келтірген екен.

1926 жылы Қызылорда – Ташкентте Жүсіпбектің «Психология» атты ғылыми кітабы шыққан болатын. Психологияны «жан туралы білім» деп көпшілік жұртқа кеңінен насихаттады. Қазақ қоғамына жаңа терминдерді енгізіп, ұлттың өсіп, дамуына өз үлесін қосқан тіл жанашыры болды. «Ең алғаш өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек. Дұғалық жазатын кішкене қара шолақ кітапшама тіленші шалға

боранда есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды (Ол Жәмікен деген апам ғой)» өлең қып жазғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде». «Ең алғаш басылған сөзім, 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір месте апарып, елдің құлары болыс етіп қоямыз деп, бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды». Осылайша Ж. Аймауытов журналистика әлеміне қадам басып, жас ұрпаққа мол мұра қалдырды. Еңбек жолын 1918 жылы «Абай» журналының редакторы болып бастады. «Тұр, бұқара, жиыл кедей, ұмтыл жастар» деген ұранды мақаласы жарық көреді. Жалпы автордың тілі – шұрайлы, халыққа түсінікті тілде жазылған қарапайым әрі табу мен эвфемизмдер көп кездеседі. Аударламалары, өлеңдері жетерлік. «Екеу» деген лақап атпен газет бетіне Мұхтар Әуезовпен бірлесіп мақала жаза бастайды. Ондағы мақсат халықты ояту, жақсылыққа үміттендіру. Мұхтар Әуезов екеуі «Бетім-ау!» «Құдағи ғой» атты әңгімесі (Абай, 1918, №4), «Көшу» атты өлеңі («Абай», 1918, №12) жазған мақалалары жарық көрді. Бұл мақалалардан біз автордың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін аңғарамыз. «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь) Бұл алғы сөз сол кездегі «Қазақ» газетінің бес жылдығына орай жазылған «Қазақ тілінің еңбеккерлері» деген көлемді мақаласында Ж.Аймауытовтың шығармашылығын бағалап, жұмысында зор абыройға ие екенін баяндайды. публицистикалық шығармалары өзінің сан-сала тақырыпты қамтумен, өткірлігімен, молдығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылығындағы басты ерекшеліктің бірі оның әр түрлі салаларға байланысты мақала жазуы. Мәселен («Сарыарқаның сәлемі», «Көшу», «Нұр күйі», т.б.), кемел прозашылығын («Әнші», «Елес», «Жол үстінде», «Қара бақсы» - әңгімелер), «Күнікейдің жазығы», (повесть), «Қартқожа», «Ақбілек» (романдар), белгілі драмашылығын («Сылаң қыз», «Мансапқорлар», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Қанапия - Шәрбану», «Шернияз»), айтулы аудармашылығын («Сараң сері», «Тас мейман» (А.С.Пушкин), «Бақылаушы» (Н.В. Гоголь), «Бейшаралар» (В. Гюго), «Дәмелі», (Ф. Дюшен), «Тау еліндегі оқиға» (С. Чуйков), сындарлы сыншылығын - «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы»,

«Сұңқар жыры», жан жүйесінің білікті білгірі екендігін - «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» т.б. еңбектері табиғи талант қырларын жан-жақты жарқырата көрсетті. Балаларға арналған - «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шал мен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер жазды. «Ұлтты сүю» атты мақаласында «Басшы түзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық аз, қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да – оқығаны... Оқыған – қара халықтың шырағы (идеалы), бұқарасы сонша кәдірлегенін оқығандар білу керек. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарампаған оқыған халықтың ықыласын қайырады, көңілін шығарады. Халықты өзінен алыстатады, өсек арқалайды, пайдасы артық тимейді» деп жазған екен. Бұл жерде басшылыққа да алғанда басшыны сынап, ең дұрысын алу керек деп өз ойын айтады. Ал «Абайдың өнері һәм қызметі» деген мақалада қазақтың бас ақыны А.Құнанбайұлының шығармашылығын бағалаған болатын. Аймауытов А.С. Пушкиннің, Н.В. Гогольдің, А. Дюманың, Дж.Лондонның, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармаларын ын кәсіби тұрғыда аударып, басылым беттеріне жариялады. Ғалым Б.Шалабай: «Зер салатын болсақ, Ж.Аймауытұлының шығармаларының сюжеттік – композициялық құрылымы дәстүрлі классикалық стильде құрылған. Нақты айтсақ, ең алдымен оқиға болатын жер, одан кейін табиғат көрінісі, кейіпкерлер, олардың образы суреттеліп (кекесің, мінезі т.б.) әңгіме желісі өрбиді. Ж. Аймауытовпен тұтас өмір сүрген жазушыларға тән бір тұтас стильде байқаймыз» - дейді. Зерттеуші Е.Жанпейісов «Қазақ прозасының алғашқы үлгілері ХХ ғасырдың соңғы ширегінен былай көріне бастады. Олардың тілінен, стилінен ауыз әдебиетінің элементі біраз байқалады» - деп айтқан болатын. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары қазіргі жас ұрпаққа мол мұра болып қала бермек. Жазған мақалалары бүгінгі күнге жетіп, халыққа өз пайдасын әкеліп жүр. Оның қарымды қаламынан туған туындылар ел есінде қалмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байғабылов, Б. Қайта оралған қаламгер: Талантты жазушы Ж.Аймауытов туралы
- 2 Кәріпжанова, Г. Т. «Аймауытовтану» Семей, 2012 жыл
- 3 Кәріпжанова, Г. Т. «Ж.Аймауытұлы прозасының тілі» оқу құралы Павлодар, 2009 жыл
- 4 Елеуқенов, Ш. «Жүсіпбек Аймауытов» Павлодар, 2003 жыл

ТАЛАНТ ПЕН ТАҒЗЫМ

СОЛТАНОВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Асқан таланты мен таудай талабының арқасында әдебиетіміздің бойына европалық және дүние жүзілік көркем мәдениет ұрығын еккен, XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

Өмір жолы. Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Он бес жасына дейін туған ауылында болған ол әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бұдан кейін де әр түрлі молдалардың алдын көріп, ескіше едәуір білім жинайды. Соның нәтижесінде ауыл арасында өзі де азды-көпті молдалық құрады. 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс-қазақ мектебіне түседі. 1911 жылы Павлодардағы екі сыныпты орыс-қазақ мектебіне түсіп, оқуын жалғастырады да, 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семейде жүріп алаш қозғалысына қатысады, «Абай» журналын шығаруға ат салысады. 1919 жылдан бастап Жүсіпбек Семейде, Павлодарда кеңес өкіметінің жұмыстарына араласады. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында істейді. 1926-1929 жылдары Шымкенттегі педагогикалық техникумға директор болып тағайындалады. Ара-арасында әр түрлі саяси жұмыстарға араласады. 1929 жылы жазықсыз тұтқынға алынып, «халық жауы» деген жаламен 1931 жылы өлім жазасына кесіледі. Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы бұдан кейінгі алпыс жыл бойы ауызға алынбайды. Кеңес өкіметі тұсында ол туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек кеңес өкіметі ыдырап, коммунистік идеологияның құрсауы босағаннан кейін ғана қаламгер мұрасы халқына жете бастады. 1989 жылы бір томдық кітабы жарық көрді. Зерттеу жұмыстары қолға алынды. 1997 жылдан бастап Жүсіпбек шығармаларының бес томдық жинағы басылды. Аймауытов шетел жазушыларынан Мопассан, Мольер, Виктор Гюго, Шекспир, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Стефан Цвейг,

орыс суреткерлерін; Гоголь, Пушкин, Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов үлгі тұтқан.

Шығармашылық мұрасы. Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Қай уақыттан жаза бастағаны туралы да Жүсекеннің өз қолымен қалдырып кеткен куәлігі бар. Хатта; «Ең алғаш өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек. Дұғалық жазатын кішкене кара шолақ кітапшама тіленші шалға боранда есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды өлең қып жазғанымды әкем көріп, мандайымнан иіскегені әлі есімде». Өлеңдері; «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдін жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе. Жүсіпбек шығармашылығы әуел баста өлең жазудан басталады. Оның ақындық жүрегінен туған «Жазушыларға», «Неғып отыр?», «Ах-ха-ха-хау», «Ұран», «Еңбекшілер ұраны» секілді өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасында ақын бұрынғы өмірдің келеңсіз жақтары мен өз дәуірінің көріністерін ақындық сезімталдықпен жырлап, құбылыстарды жанды да нанымды суреттер арқылы көрсетуге ұмтылады. Мәселен, «Көшу» өлеңінде қазақ ауылындағы көш суреттері, көштің сән-салтанаты көрінсе, «Ұршық» өлеңіндегі ұршық иірген кемпірдің монологу арқылы қарапайым өмір көрінісі бейнеленеді. «Нұр күйі» поэмасы 1929 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылады. Онда адамның көңіл күйі, қуанышы мен мұңы жырланады. Поэма жастарды өмірді сүюге, қиындыққа қарсы тұра білуге шақырады.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы - прозалық шығармалар. Ақынның бізге белгілі пьесаларынан атайынымыз «Мансапқорлар», «Рабиға», «Қанапия-Шарбану». Бұл пьесалар, 1922, 1925 жылдары Орынбор, Ташкент, Москва қалаларында жарияланған. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан «Қартқожа», «Ақбілек» романдары туды.

«Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның

қара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады. Романдағы оқиғалар бас кейіпкер Қартқожаның басынан өткен нақты жағдайларға негізделген. Сол арқылы жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның патшаны тақтан құлатқан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне ұласуы, қазақ азаматтарының ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа араласуы, алаш қозғалысының өмірге келуі, ақтар мен қызылдардың соғысы, қазан төңкерісі, азамат соғысы тұсындағы жайларды баяндайды. Осы оқиғалар тұсында роман кейіпкері Қартқожа да есейіп, ес жинайды, алға қарайды, болашаққа бет алады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы кезінде кітап болып шықпаған. 1927-1928 жылдары баспасөзде жарияланған. Тақырыбы жағынан ол «Қартқожа» романымен үндес. «Қартқожада» көтерілетін күрес, азаттық идеясы «Ақбілекте» одан әрі жалғасады. «Ақбілек» романы құрылымы жағынан оқыс оқиғалы детектив жанрына ұқсайды. Романда суреттеліп отырған кез- байларды конфискациялауға дейінгі уақыт. Сондықтан мұнда Матайдың Әбені сияқты әулетті байлар, бір жағы орыс капиталистеріне подрядчик болып пайда тауып, онымен қоса не түрлі әдіс-айламен елін талап, жалшылыққа ондаған кісілер ұстаған шынжыр балақ, шұбар төстер әлі күшіде екені көрсетіледі. Романда жазушылық үлкен мәдениет айқын сезіледі. Романда ескі ортадағы жікшіл тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының төңкерістен кейінгі жаңа сипатты заманның мүмкіндігіне сай өз құқығы үшін күресу жолы баяндалады. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлерінің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Елінде де алуан қиындыққа жолығады. Кейін төңкерістен соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы Жүсіпбек сол бір қилы-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың қилы-қилы тағдырын кең бейнелейді. Роман кейіпкерлері заман өзгерістерімен ілеседі, қоғамдағы өз орындарын іздейді. Түптің түбінде дегендеріне жетеді. Қысқасын айтқанда, «Ақбілек» романы - бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Сол кезеңдегі әлеуметтік әділетсіздік пен қазақ әйелінің трагедиялық тағдыры

Ж.Аймауытовтың 1928 жылы жазылған «Күнікейдің жазығы» атты хикаятына да арқау болды. Хикаяттың бас кейіпкері Күнікейдің тағдыры арқылы жазушы ел өмірін, көшпелі жұрттың еш нәрсеге бас қатырмай, жайбарақат кешіп жатқан тіршілігін көзге елестетеді. Шарасыздықтан, әрекетсіздіктен сақтандырады. Ескіге қарсы күресу идеясын көтереді. Хикаяттың бас кейіпкері Күнікей кедей қызы болса да, еті тірі, пысық. Шығарманың басында оның ұсқынсыз күйін, қараңғы үйде жатқанын көреміз. Маңында адам жоқ. Өзі ауру. Жазушы осы тұста шегініс жасап, Күнікейдің өткен өміріне үңіледі. Қыздың өскен ортасы, отбасының жұпыны тіршілігі суреттеледі. Әкесі Құлтума - байдың малын баққан момын адам. Шешесі Шекер - үй тұрмысын берік ұстаған ширақ әйел. Күнікейдің жаратылысы да ешкімнен кем емес. Өрелі, өнерлі жас болып өседі. Тұрмыстың ұсақ-түйек етекбастылығынан өзін жоғары сезінеді. Арын таза ұстайды. Сөйтіп жүргенде арам ойлы қаскүнемдердің қастандығына тап болып, кеудесін ашу мен ыза, намыс пен кек кернейді. Өзі үшін күресе жүріп, ұзатылған жерінен қашып кетіп, сүйген жігітіне қосылады. Бақытына енді қолым жетті дегенде, сүйген жігіті Байман да опасыздық жасайды. Күнікейді ауру еткен осы жағдайлар болатын. Күнікейдің басынан өткен бұл жайларды жазушы сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік шындығымен сабақтастыра суреттейді. Ескіліктің бұғауын бұзып, қыздың ұзатылған жерінен қашып шығуын, сүйгені Байманға қосылуын баяндау арқылы жазушы сол кезеңдегі адамдар санасында оянған азаттық, бостандық идеясын жеткізуге тырысады. Бірақ әлі де болса шын бостандық жоқ, қазақ ауылына шынайы азат өмір жеткен жоқ еді. Күнікейдің соңғы тағдыры, Байманның опасыздығы осыны аңғартады. Өзін осылайша талантты прозашы ретінде танытқан Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан бірқатар көркем әңгімелер де туды. 1918 жылы жазалған «Бетім-ау, құдағи ғой» атты әңгімесінен бастап, 1927 жылы жазылған «Ханалар тарихына» дейінгі аралықта өмірге келген «Елес» (1924), «Әнші» (1925), «Боранды болжағыш әулие» (1926) тәрізді әңгімелерінің қай-қайсысынан да өзі өмір сүрген дәуірдегі елдің тұрмысын, ой-арманын, заман тынысын жетік білетін әрі оны көркем тілмен, парасатты оймен өрнектеп жеткізе алатын тамаша прозашының қолтаңбасы айқын байқалады. «Боранды болжағыш әулие» әңгімесінде қазақ ауылының қыстың бір боранды күніндегі өмірі суреттеледі. Сақылдаған сары аяз. Қарадан қарап тұрып бірдеме шарт ете түседі. Не терезенің шынысы шатынайды, не жер, не мұз қақ айырылып, ырсыып қалады. Жермен бірге мұздақ қар да

жарылып кетеді. Ақырында сары аяз мұрнынды қариды. Жеңінен шығарсаң, қолың илікпей, тас боп қалады. Түнде пешке қойып кептіріп алған етік, биенің бір сауымында ағаштай қақиып, таяқпен қақсаң сақ-сұқ етеді. Осындай күндерде біз мал жаямыз. Қыстың аязды күнін жазушы осылайша дәл әрі көркем тілмен суреттейді. Бұдан әрі ұйтқып соққан боран, ыққан мал, адасқан малшылар жайында баяндайды. Сол боранда бірқатар мал қырылады. Әңгіме кейіпкері: «Шіркін, бұлай боларын алдын ала болжап білсем-ау», – деп армандайды. Кейін қалаға барып барометр туралы естиді. Соған қолым жетсе деген арманға беріледі. Шағын ғана әңгімеде автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Жазушы ұсынып отырған суреттер тура өмірдегідей қарапайым әрі түсінікті. Шын таланттың қаламынан туғаны байқалады. Жазушының «Әнші» әңгімесі де дәл осындай нақты оқиғаға, өмірде болған тарихи адамның төңірегінде құрылған. Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы - қымыз, ойын-сауық – «кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман..., көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл..., сырнай-керней..., қызық думан..., қайткенде де сергек қала. Әңгіме Ертістің жағасындағы Жетішатыр қаласының өмірінен алынған осы суреттермен басталады. Қала тұрғындарының күнделікті тіршілігі осындай қысқа-қысқа образды ұғымдармен берілген. Адам туралы бір ауыз сөз болмаса да, қала адамының жай-күйін әбден жеткізіп тұр. Одан әрі қымыз дастарқаны. Қымыз құюшы қыз Шекет, қымызға құмартқан қалалықтар. Осындай бір сәтте дастарқанға әңгіменің бас кейіпкері әнші жігіт Әмірқан келеді. Ән салады. Кейін Әмірқан қала жастары дайындаған спектакль-концертке қатысып, көпшіліктің қошеметіне бөленеді. Оқиға желісі әңгімені баяндаушы мен Әмірқанның арасындағы достыққа ойысады. Екеуінің сырласуы, Әмірқан мен сұлу қыз Ақтамақтың арасындағы ғашықтық хикаясы, жігіттің қызды алып қашуы, орта жолда қолға түсіп, сүйгенінен көз жазып қалуы, әншінің көз жасы, жабырқаған сәті баяндалады. Әңгіме оқиғасы өтетін Жетішатыр қаласы - Семей, ал әнші Әмірқан – қазақтың жезтаңдай әншісі, әйгілі Әміре Қашаубаев еді. Жазушының көркем бейнелеу шеберлігі Әмірқан - Әміренің әншілік күдіретін, ән айтқан кездегі сипатын суреттеуге келгенде аса ғажайыптанып көрінеді. ...Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды, Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір

бірауыздан ән салды, Аз да болса бірегей болды. Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты. Бұл - ән айтып отырған әншінің бейнесі. Жазушы қаз-қалпындағы әсем сурет жасайды. Әншіні асыра мақтамайды, дәл бағасын береді. Ж. Аймауытовтың суреттеуіндегі Әмірқан елден оқшау тұрған ерекше адам емес. Көптен бірге тыныстап, айналасына өнерін сыйлап, ойын-сауық құрып жүрген қарапайым жандардың бірі. Оның қуанышы да елмен ортақ, өзгенікі секілді өзіне жетерлік арман-мұны да бар.

Тұтастай алғанда, Жүсіпбек Аймауытовтың көркем әңгіме жанрындағы еңбегі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көкжиегін кеңейте түскен құбылыс болды. Драмашы ретінде Жүсіпбек Аймауытов ерте танылды. Семейде оқып жүргенде жастардың ойын-сауық кештеріне қатысып, өнер көрсеткен, басты рөлдерде ойнаған. 1917 жылдың аяғында оның «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рәбиға» атты тұңғыш пьесалары жазылып, сахнада қойылды. Кейінірек 1925 жылы «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», 1926 жылы «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты драмалық шығармалар жазады. Жүсіпбектің драмалық шығармаларына қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар негіз етіп алынады. Олардың негізгі тақырыбы – азаттық, бостандық идеясы. Халықты оқу-өнерге шақырады. Жүсіпбек Аймауытов - өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет мәселелері төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. 1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы ақындар», 1923 жылы жазған «Мағжанның ақындығы туралы», 1925 жылы жазылған «Сұңқар жыры», «Аударма туралы» атты мақалалары арқылы ол әдебиет сыншысы ретінде танылды. Оларда Жүсіпбектің әдеби шығарманы жазушы өмір сүрген дәуірмен, тарихи кезең ерекшеліктерімен байланыстыра отырып талдау шеберлігі айқын байқалады. Жүсіпбек Аймауытов оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер тандау» (1926) атты елесті кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды. Жүсіпбек

Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А.С.Пушкиннің, Н.В.Гогольдің, А.Дюманың, Дж.Лондонның, Г.Мопассанның, В.Шекспирдің, К.Берковичтің, С.Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық талантын да соншалықты айқын танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Биекенов К., Садырова, М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

2 Абай. Энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

3 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3 4. «Қазақ Энциклопедиясы»

5 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

6 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса — Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

7 Кереку-Баян кітапханасы «Рухнама» 2003ж. 3-32 бет. ISBN 9965-652-28-3

КІТАПХАНАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

СЫЗДЫҚОВА Ә. З.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселесі – халықтың бос уақытын пайдалы әрі сындарлы өткізу болып табылады, оны әрбір тарихи кезеңде өз мағынасы мен қызметі бар мәдениет феномені деп қарауға болады. Осы бос уақыт адам өмірінің шашыраңқы аспектілерін біріктіреді, сол арқылы тіршілік етудің мәнін қалыптастырады.

Заманауи кітапханалар – адамның жеке кеңістігін қалыптастырушы мәдениет мекемелері болумен қатар, кітап оқуды дәріптеуде және осы идеяны алға жылжытуда қызықты және тиімді іс-шаралар шоғырын белсене пайдаланады.

Кітапханалық іс-шараны өткізудегі ең басты кезең - сценарийін жазу. Шынтуайтқа келгенде, кітапханатануда кітапханалық іс-шаралардың сценарлық негіздемелері толықтай әзірленбеген. Осы тұста орыс кітапханатанушысы Г.К. Олзсөваны тілге тиек етуге болады. Г.К. Олзсөва: «Кітапханада сценарий іс-шара үшін ғана жазылады, мұндағы оқырман көбінесе тыңдаушы, реципиент, қонақ» [1;91-б.], - дейді. Автор кітапханалық көрме, кітапханалық шолу, оқырмандар конференциясы, тілектестер клубы, ауызша журнал және т.б. кітапхана формаларына толық сипаттама беріп отыр. Дегенмен, кітапхана қызметіне бос уақыт тәжірибесінің басқа салаларынан енген іс-шараларға көңіл бөлінбеген. Кітапханалық көрмелерден басқа, кітапханалық шаралардың көпшілігіне сценарий жазылады. Өйткені кітапханалық көрмелерді сценарлық жоспар арқылы (сценарийдің қысқартылған нұсқасы) өткізуге болады. Бұқараның қатысуымен өткізілетін барлық іс-шараларда сценарий болуы шарт, сондықтан кітапхана оқырмандары үшін де әр шараға сценарий жазылады. Аталмыш сипаттағы іс-шараларға дайындық жүргізудің сценарлық негіздері кітапханатану зерттеушілері Д.М.Генкиннің [2], А.И.Чечётин [3] мен И.Г.Шарсөвтың [4] жұмыстарында жан-жақты қаралған.

Сценарийді дайындау кезінде кітапхана мамандары оның негіздерін білуі абзал, себебі кітапханалық іс-шараларды ұйымдастырушылардың сценарлық мәдениеті жеткілікті бола бермейді. Г.К. Олзсөва: «Бұқаралық іс-шаралардың сценарийлері мәселесін қарау кезінде келесі аспектілерді бөліп алуға болады. Сценарий - әдеби туынды, шығармашылық нәтижесінде пайда болады. Оны көркем өнер критерийлері мен заңдарына сүйене отырып, әдебиеттану тұрғысынан бағалаған жөн» [1, 91-б.].

Сценарий – бұл толық шығармашылық еңбек, мұнда қатысушылардың не айтатындығы, қалай жүріп-тұратындығы, қандай шығармалар орындалатындығы, оқиға қалай өрбитіндігі – барлығы жазылады. Сценарий іс-шараның әдеби негізінен және ұйымдастыру аспектілерінен тұрады. Ол жеке бөлімдерден тұрмайды, оқиға бірінен екіншісіне мазмұны жағынан қиюласып ауысып отырады. Сценарий – синтетикалық шығарма, өйткені бір уақытта әдебиет, ғылыми-публицистикалық шығармалардың, музыка, сурет өнері, хореография, кино элементтерінен, тарихи деректерден, конкурс-ойын бөлшектерінен және т.б. тұрады. Сценаристтің міндеті – көркем бейнелі құралдарды: өлең, музыка, театр көріністерін, кино-ролиқтерін біріктіре отыра, белгілі бір ойды, идеяны жеткізу үшін бірегей көркем-ағарту шығарма құрастыру.

Кез келген кітапханалық іс-шара жасампаз ойдан тұрады, әдетте, жеке адам өмірі, кейде жалпы қоғамның әлеуметтік құбылыстары немесе нақты деректер көрініс табады. Көбіне ақын-жазушылардың туған күндері, мерейтойлары, әдеби туындылардың тұсау кесері, тақырыптық және күнтізбелік мейрамдар және т.б. өзек етіледі.

Кітапханалық іс-шаралармен жұмыс үрдісін бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады: қоғамның «әлеуметтік тапсырысы», материалды жинау және іздеу; тақырыптық негізін анықтау, ықтимал аудиторияны зерттеу; қосымша деректер іздеу, замандастар ішінен қаһармандарды іздеу, құжаттармен жұмыс жасау; материалдарды іріктеу (көркем шығармалардан үзінділер, өлеңдер, әсем әуендер және т.б.); өткізу формасын таңдау, сюжетін іздеу, бейнелі көркемдік; сценариймен жұмыс; сценарлық жазулар және т.б. Аталмыш шараны өткізу ниеті деректерді, оқиғаларды, құралдарды іріктеуде басты қозғаушы күш болып, кітапханалық іс-шараның болашақ сценарийінің қисынын айқандайды. Кітапханашының көркем бейнелеу қабілеті болса және сезімтал әрі өнерлі тұлға болса, өткізілетін іс-шара қызықты әрі айрықша өтеді.

Сценарийдің түп негізі тақырып пен идеядан тұрады. А. И. Четиннің айтуынша, біреулер тақырыпты бейнелеу үшін алынған өмірлік оқиға деп түсінсе, енді біреулер өнердің арнайы құралдары арқылы суретшімен қайта жаңартылған өмірлік құбылыстар шеңбері деп ұғады [3;110111-б.].

Қазақтың ғұлама ғалымы А. Байтұрсынов "Тақырып - әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады» [5],-деген. Кітапханалық іс-шараларға қатысты сценарийлерде тақырып автормен іріктелген өмірлік құбылыстар айналасында жазылады. Мәселен, кітапханалық іс-шаралардың кез келген тақырыбы іс жүзіндегі оқиғаларға ғана емес, өмірлік сюжетке негізделген әдеби шығармаларға да үндеу салады. Тақырып пен іс-шара атауы әркелкі болуы мүмкін. Бір тақырып аясында түрлі жанрдағы кітапханалық шараны ұсынуға болады. Мысалы, «Ақиық ақын» тақырыбы аясында көрме, әдеби кеш, дәріс-презентация, сауалнама, өлеңдер сайысын және т.б. өткізуге әбден мүмкін. Сол сияқты, шара атауы да молшылық.

Өмір мен өлім, сүйіспеншілік пен өшпенділік, соғыс пен бейбітшілік, әсемдік пен тұрпатсыздық, мейірімділік пен зұлымдық сынды мәңгілік тақырыптар кітапхана мамандары шығармаларының басты арқау тақырыбы, бірақ бұл тақырыптарды ашу үшін жан-жақты зерттеу жүргізу қажет. Автордың жеке көзқарасына байланысты осы

мәні терең тақырыптар қатардағы қарапайым тақырып немесе биік көркемөнер туындысы болып жеткізілуі ықтимал.

Идея – бұл басты нәтиже, ой, бейнеленетін оқиғаға берілетін баға. Әдетте, алдымен тақырып ұсынылады, ал идеясын сценарист біртіндеп қатысушылар мен көрермендерге ашқызады. Кітапханалық іс-шараларда идея мәдени-тәрбиелік негізге құралады және оның тереңдетілген мәнін қатысушы іс-шараның өту барысында түсінеді. Оқылған шығарма бойынша пікір білдіру, сауалнама сұрақтарына жауап беру, ақын-жазушылардың шығармашылығына арнайы жасалған презентациялар кітапханалық іс-шараға қатысушыларды тақырыпты түсінуге, біртіндеп шараның идеясына жетуге септігін тигізеді.

Кітапханалық іс-шаралар көп болғандықтан, автор өткізу формасына таңдау жасау кезінде, келесі элементтерге назар салғаны абзал.

Экспозиция – сценарийдің бастапқы, кіріспе бөлімі. Ол алда болатын оқиға туралы, оның кейіпкерлері және өмірлік оқиғалар жайында қажетті мәлімет береді. Экспозиция қысқаша болғанмен, мұнда болашақ шараға жалпы сипаттама беріледі, сахналық ойын ережелері таныстырылады. Экспозицияның басқа түрі – пролог. Пролог – автордың оқырманға айтатын сөзі, алда болатын оқиға туралы қысқаша әңгіме. Экспозиция шиеленісуге дейін жалғасады. Кітапханалық іс-шараны тақырыптық көрме, тақырып бойынша таңдалған әуен, кино, бейнероликтер, өлең оқу және т.б. арқылы қорытуға болады.

Шиеленісу – мәселенің туындау сәті. Шиеленісу негізгі әрекеттің бастауы болып табылады. Шиеленісуден барлық әрекет, даму қозғалысы басталады. Мұнда қатысушылардың мінездері анықталып, тыңдармандар іс-шараның уақытша кеңістік санатымен танысады. Шиеленісу кезінде шараға қатысушылар алдағы сюжетке енеді. Әдетте, кітапхана мамандары бірегей сюжеттік қорытынды іздеуде қиындыққа тап болады. Шиеленісу ойдағыдай ерекше шықса, іс-шара бүтіндей іске асады.

Әрекеттің негізгі дамуы. Бұл тұста негізгі сюжет шоғырланады. Сценарий жеке сюжеттік тақырыптан құралған бөлімдерден тұрады. Сценарийдегі басты артықшылық – бірегейлік болып табылады, кітапханалық іс-шараның қызықты әрі ерекше өтуі соған тәуелді. Эпизодтардағы театр көрінісінің элементтері, көрнекіліктер, ойындар кітапханалық іс-шараларды ойдағыдай өткізуге ықпал етеді. Бірегейлікті іздеу кезінде сюжеттің бүтіндігін жоғалтып алуға

да әбден мүмкін. Ол үшін сюжеттегі буындарды қажетті сөздерге, сөз тіркестеріне, әрекеттерге қойып, аудиторияның назарын соған аударта білген жөн, сонда ғана қатысушылар іс-шараның барысын бағып, мазұнын қабылдайды. Сюжеттерді құрастыру логикасы мазмұн логикасымен сәйкес болуы тиіс, сол ретте біртіндеп сюжет ашылады. Кітапханалық іс-шаралардың сюжеттері эмоционалды қызу деңгейіне сәйкес құралғаны жөн. Эмоциясы жоғары эпизодтардан төменге түсуге болмайды. Қатысушыларды шараға жаппай тартуға болмайды, бұл ретте эмоция көбейіп, шара ойдағыдай шықпауы мүмкін, болған жағдайда көрермендерді алдын ала дайындап алған жөн. Келесі эпизод алдағыдан қызығырақ болуы тиіс.

Кітапханалық тәжірибеде жоғары дәрежеде өтетін іс-шаралармен қоса, сапасы төмен шаралар да орын алады. Атқандай, кітапхана мамандарының эпизодтарды біріктіре алмауынан сценарий жеке бөліктерге шашылып, көрермен шараның идеясы мен міндеттерін түсінбейді. Осы жайтты болдырмас үшін, сюжеттің желісін тауып алған жөн. Оқиғалар желісі дұрыс құралса, шапшаң түрде шарықтау шегіне жетуге болады.

Шарықтау шегі – әрекеттің жоғарғы нүктесі. Қатысушылардың мінезін ашуда және жанжалды шешуде маңызды роль атқарады. Шарықтау шегі іс-шараның ең маңызды элементі, жетістік, тиімділік пен шараның есте қалуы осыған байланысты. Шарықтау шегінде қатысушылар танданып және жағымды эмоцияға бөленіп қана қоймай, көз жасына оранып, жоғары эмоцияларды бастан өткізуі керек. Осы мақсатта эмоцияны білдіру құралдары пайдаланылады. Олар: трагедиялық көріністері бар кинороликтері, көркем декламация, түрлі марапаттарды табыстаумен жалғасатын рәсімдер, халықтың жаппай әрекеттері және т.б. Кейде шарықтау шегі қорытынды болуы мүмкін.

Қорытынды – шиеленістің толық шешілу сәті болатын сценарийдегі әрекет. Қорытынды бөлім тыңдарманды эмоционалды күйден шығарып, іс-шараны логикалық аяқтауға әкеледі. Кітапханалық іс-шараны даярлауда оның мәресіне мән бөлген жөн. Шараның мәресі – эмоционалды-мағыналы аяқталуы. Осы мәрешінің өзіндік аяқталу формасы эпизод болып табылады. Пролог сценарийдің басында тыңдарманды кейіпкерлер әлеміне енгізіп, іс-әрекетпен таныстырса, эпилог қорытынды шығарады, аяқталған оқиғаға баға береді. Қорытынды кезінде қатысушыларға кітаптар, гүлдер табысталып, ортақ ән орындалуы мүмкін. Мәселі сахнада

әрбір қатысушы атқарылған ортақ істен рахат тауып, рухани әрі шағырмашылық жағынан бірігуі тиіс.

Қарап тұрғандай, кез келген кітапханалық іс-шаранының сценарийі композициядан тұрады, демек оқиға дүниеге келеді, дамиды және шешімін табады.

Сценарийді жазуда бүкіл материалды монтаждау маңызды әдістің бірі. Монтаж – мәдени-ойын-сауық қызметінің әдісі, ол адамдардың сөздерін, көркем шығарма үзінділерін, кинофильмдерді, музыкалық әуендерді және басқа элементтерді жүйеге келтіруге ықпал етеді. Монтажды көркемөнер түрі деуге болады, өйткені ол мындаған материалдың ішінен керегін іріктеп алуға, оларды бір идеяға, бір бағдарламаға біріктіреді. Көркемдеп монтаждау материалына бір тақырып пен бір ой аясындағы газет мақалалар, философиялық трактаттар, медициналық кітаптар, көркем проза жатады.

Калейдоскоптық, кейде тіпті әр түрлі әрекеттердің ассоциативті қатары адамның қызығушылығын арттыра түседі. Көзет орындалатын әрекеттер сценарийге бейнелілік қосады. А.И. Чечетиннің айтуынша, «монтаж сценаристтің жалпы мәдениет деңгейін анықтайды, сол арқылы нақты деректерді біліп қана қоймай, өмірді дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Ол ақиқатты бақылауға және бақыланған әрекеттің мәнін ашуға ықпал етеді. Монтаж суретшінің қасиеттерін танытады» [3;119-б.].

Кітапханалық іс-шаралардың драматургиялық қызметін музыкалық материал атқарады. Көбіне сценарлық әрекеттің төрттен үш бөлігі әуенмен әрленеді. Шараның монтаждық құрылымын құрайтын музыкалық компоненттер аз емес. Әуен іс-шараға әдейіленіп тандалады (аспаптық, вокалдық, билеуге арналған, сөйлеу жанрындағы, бірегей жанрдағы музыка). И.Г.Шарөв музыканың маңыздылығы туралы былай дейді: «Музыка – әрекет. Музыкалық драматургияны ашу – әуендегі әрекетті ашу, оған негізделген мағына мен қарама-қарсылықпен күресті ашу деген сөз» [4;185-б.].

Кітапханалық іс-шараларды дайындаудағы маңызды элементтің бірі – көркем бейнелеу құралдарын таңдау. Жоғарыда аталғандай, олар алуан түрлі сенсорлық құралдар болуы мүмкін (музыкалық аспаптар, аудио-, бейне жазбалар, кино роликтері, презентациялар және т.б.). Бірақ, сценарий мазмұнын ашу мақсатында қажетті құралдарды таңдау кезінде кітапхананың материалдық-техникалық мүмкіндіктерін ескерген абзал. Кез келген шараны безендіруге декорация, театр киімдері, грим, бутафория, шамдар, музыкалық

безендіру қажет. Осы құралдарсыз ешбір кітапханалық шара табысты өтпейді.

Безендіру өнері декорация мен киім-кешектің, түрлі-түсті шамдар мен қойылым техникасы арқылы іс-шараның кейпін келтіреді. Безендіру өнері шараның мазмұны мен стилін ашып, көрерменнің әсерін күшейтеді. Костюмдер, бетперделер, декорациялар және т.б. безендіру өнерінің элементтері болып табылады.

Кітапханалық іс-шараны ұйымдастырып өткізу қыруар жұмысты қажет етеді. Сондықтан кейбір кітапханашылар сценарийдің соңында немесе басында ұйымдастырушылық кезеңдеріне тоқталып кете алады. Осы ретте ол бірқатар педагогикалық және шығармашылық міндеттерді орындайды. Аталмыш әдістемелік ұсыныстар жас кітапхана мамандарына кешенді бұқаралық іс-шараларды өткізуге дайындық жүргізуде таптырмас көмек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Олзоева, Г. К. Массовая работа библиотек // Г. К. Олзоева. – М. ;
- 2 Генкин, Д. М. Сценарное мастерство культпросветработника // Д.М. Генкин, А. Конович. – М.: Советская Россия, 1984. – 136 б.
- 3 Чечётин, А. И. Основы драматургии: учеб. пособие / А.И. Чечётин. – М.: МГУКИ, 2004. – 150 б.
- 4 Шароев, И. Г. Режиссура эстрады и массовых представлений: учебник для студентов высших театральных учебных заведений / И. Г. Шароев. – М.: Просвещение, 1986. – 463 б.
- 5 Ахмет Байтұрсынов. Әдебиет танытқыш. 1926.

ЖАРНАМА – КІТАПХАНАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖЫЛЖЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ

СЫЗДЫҚОВА Ә. З.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кітапханалық іс-шараларды жылжытудың маңызды формасы жарнама екені рас. М.Я. Дворкина, В.К. Клюев, Е.М. Ястребова сынды орыс кітапханатанушылары «кітапханалық қызметтерді пайдаланушыларға жеткізу – бұл жарнама, паблик рилейшнз, тұрмысты ынталандыру әдістері және жеке жұмыс сияқты өзара

байланысты төрт элементтен тұратын бүтіндей бір кешенді үрдіс» деп санайды.

Жоғарыда аталғандарды кітапхана қызметтеріне жататын шаралар деуге әбден мүмкін. Өз еңбектерінде аталған авторлар «жарнама» түсінігіне, оның мақсаттары мен міндеттеріне, мағынасына, жарнама құралдарына, кітапхананың жарнама саласындағы тәжірибесіне өздігінше анализ жасап, жарнамалау компаниясының жоспарлау, ұйымдастыру және тиімділігін бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар береді.

Жарнамалаудың шетелдік тәжірибесін талдауға бірқатар ғалымдар өз еңбектерін арнаған. Кітапханалардың жарнамалық қызметін теориялық талдауға жалпы жарнаманың (кітапханалық емес) теориясы, әдістемесі және ұйымдастырылуы туралы көптеген еңбектер бар. Олардың ішінен шетелдік С. Блэкті және Ф. Котлерді атауға болады.

Мамандардың әлеуметтік маңызы бар мұқтаждығын толықтай әрі уақытылы қанағаттандыруға ықпал етіп, әлеуетті тұтынушылар алдында кітапхана туралы оң көзқарас қалыптастыруға септігін тигізуде жарнаманың ойдағыдай ұйымдастырылуы басты критерий болып табылады. Кітапханалық өнімдер мен қызметтерді жариялау бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, баспа және интерактивті қызметтер арқылы іске асырылады. Тұтынушының назарын аударту үшін, кітапханалардың қызметі мен бағыттары толық зерттеледі, оларға үнемі анализ жасалады, ақпараттық тұтынушылардың ерекшеліктері анықталып, оларды қанағаттандыру жолдары ізделеді.

Белгілі орыс библиографы Паршин Ю.М.: «Жарнама – бұл эстетикалық тұрғыда аяқталған, ұйым тауарларының басқармалы имиджін қалыптастыруға, оның идеологиясы мен тұтынушылық стереотипіне бағытталған маркетингтік қарым-қатынас формасы» [1;17-б.], - деп пікір білдіреді.

«Жарнама дегеніміз – белгілі бір зат пен құбылысты, іс-әрекет пен қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы» [2; 86-б.].

Жарнаманың қазіргі даму қарқынына назар салсақ, оның ақпараттық қуаты әлсіреп, алдыңғы қатарға эмоциялы және санадан тыс ықпалдар шығып отырғаны байқалады. Нарықтық жағдаймен анықталатын мақсаттарға байланысты, жарнама келесі міндеттерді тиімді шеше алады: ақпараттандыру, насихаттау және еске салу. Соңында жарнаманың барлық қызметтері маркетинг кешенінің басқа элементтері секілді маркетингтік коммуникациялар жүйесінің

негізгі мақсаттарына жеткізеді: сұранысты қалыптастырады және тұрмысты ынталандырады.

Кез келген кітапханалық іс-шараның жетістігі сыртқы ортада тиімді таныстырылуына байланысты екенін есте ұстаған жөн. Кітапханаларда жарнаманы таратудың ұтымды тетіктері ретінде келесілерді қарастыруға болады: көрмелер мен тұсау кесерлер, тележарнама; Internet-жарнама; баспа өнімдері; сыртқы жарнама. Көрмеге қатысу арқылы (өз стендінді ұсынып) қызметтерді ұсынуға болады.

Телеарнада жарнамалау әлеуметтік мәдениет мекемесі үшін қымбатқа түседі, дегенмен әлеуметтік-мәдени қызметтер немесе өтілетін іс-шара жайлы 15-секундтық жарнама ролигін шығарған жөн. Сол арқылы кітапхананың тұрақты оң имиджін қалыптастырып, келушілер санын арттыруға болады, ол кітапхана қызметі мәртебесін арттыратындығы айдан анық.

Компьютерлік желідегі (Internet) жарнама инновациялық және тиімді жариялау формасы болып табылады, өйткені басқа жарнама түрлеріне қарағанда бағасы әлдеқайда төмен. Барлық провайдерлер (Internet «жеткізушілер») WWW (World Wide Web) – ғаламдық гипермәтіндік ақпараттық жүйеде жеке «бетті» (Web сайт) ашуға мүмкіндік жасап отыр.

Гипермәтін – бұл мәтіндегі басқа элементтерге сілтеме жасайтын белгілері бар мәтін. «Гипермәтін (HYPERTEXT) — негізіне WWW құрылған мәтін» [3]. Аталмыш мәтінді оқып отырып, бөлініп алынған сөздерді көруге болады, оларға курсормен басып, тағы бір қосымша мәлімет алуға болады.

Қазіргі кітапханалардың барлығы осындай мүмкіндіктерді пайдалана алмайды, дегенмен, интернетте өз сайттарын ашқан кітапханалар өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратты белсенді түрде орналастырады. Осы іспетті ақпаратты сайттарда әдетте «Іс-шаралар» немесе «Жаңалықтар» бөлімдеріннен табуға болады. Жарнаманың осы түрінің бірқатар артықшылықтарын атауға болады. Олар жалпыға қолжетімді, көшірмесіне ақша төлеудің қажеті жоқ, ақпаратты жанартып отыру мүмкіндіктері бар; беттің тиражы шектесіз; кері байланыс бар. Онлайн-кітапханаға кірушілерге арнап баспа өнімдерінің жинағын дайындап қоюға болады. Мәселен, кітапхана және оның қызметтері жазылған бүктемелерді, қызметтері мен байланыс құралдары көрсетілген паракшаларды, алдағы уақытта өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттарды, афишаларды, шақыру билеттерін және т.б. жарнама материалдары ретінде бөліп қарауға болады.

Сыртқы жарнама – бұл көшелерде, қалалар мен ауыл-аймақтың алаңдарында орналастырылған жарнама. Сыртқы жарнаманың мақсаты – еске салу. Оның ерекшелігі – бірден қабылдануында. Сыртқы жарнама әлеуметтік-мәдени мекемені және оның қызметтерін жариялау элементтерінің бірі.

Сыртқы жарнамаға қойылатын талап – ерекше ашық түсті, көлемді, анық және көзге бірден түсетіндігі. Кітапханалар іс-шараларды жүзеге асырудағы басты шарты жаңа бәсекеге қабілетті қызметтерді ойлап табу және оларды ұсыну болып табылады. Жаңа қызмет жаңа талапқа сәйкес болуы тиіс. Бұл үрдіске нысаналы жарнамалық күш-қуат қажет. Сыртқы жарнама нақты мақсатты топқа арнайы жасалмауы тиіс.

Сыртқы жарнаманы соған қоса күнтізбелерде, белгілі бір ауылдық немесе қалалық іс-шараның бағдаламасында, қала тарапынан ұйымдастырылған құрметті азаматтардың, ақын-жазушылардың мерейтойларының шақыруларына да орналастыруға болады.

Оқырманға, пайдаланушыға, тұтынушыға алдағы мерзімге жоспарланған іс-шара туралы ақпаратты жеткізу үшін библиографиялық жарнаманы да пайдалануға болады. Кітапхана қызметкерлері оқу және еңбек ұжымдарында кітапханалық сабақтар ұйымдастырып, сабақ соңында оларға шара туралы ақпарат жазылған кітаптар, бейнеролитері бар оптикалық дискілер немесе электронды сайттың атауын және т.б. таратып береді алады.

Мамандардың айтуынша, «дұрыс ұйымдастырылған көрмелер кітапханалық маркетингтің ең тиімді құралы болып саналады» [4;40-б.]. Кітапханалық-библиографиялық жарнаманың дәстүрлі емес формалары ішінен жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығына, туған өлкенің тарихы мен географиясына, экологиясына, құқығына және басқа да өзекті мәселелеріне арналған кітап көрмелерін ерекше атауға тұрарлық.

Оқырмандарды жүйелі түрде жаңалықтармен құлақтандыру үшін, кітапханада жаңа түскен кітаптардың арнайы көрмелері өткізіледі. Кез келген кітап көрмесі белгілі бір сұраққа қызығушылық тудырып, нәтижесінде осы тақырыптағы әдебиетке сұранысты күшейтіп, бұқараның назарын кітапханаға аудартады.

Радио жарнаманың артықшылығы күні бойы қайталануында және халыққа естіп қабылдау арқылы жетуінде. Бірнеше рет қайталанған кітапхана атауы жатталып қалады. Дегенмен, кітапханалық жарнама сирек қолданылады.

Жарнаманың тағы бір түрі - хабарламаны таратушы пошталық жарнама. Жарнаманың мекенжайлы және ынғайлы түрі – директ-мейл (тура пошталық таратпа). Директ-мейл ретінде күнтізбелер, шақырулар, жаңа түскен кітаптар немесе мерзімдік басылым туралы ақпараттар таратылады.

Қорыта айтсақ, сапалы жарнама арнайы білімді ғана емес, тәжірибелік дағдыны қажет етеді. Сол себепті қазіргі таңда оқытушы семинарлар, дөңгелек үстелдер, сондай-ақ кітапханалық жарнама байқаулары белсенді түрде өткізіліп жүр. Оқырманның көңілін аударту, қоғамдағы кітапхананың мәртебесін арттыру, халықты хабарландыру – бұл кітапханалық жарнаманың міндеті. Жарнама қазіргі кітапхананың барлық проблемаларын шеше алмайды, бірақ жарнама кітапхананың оқырмандарын ұстап тұруға, ұжымы туралы айтуға, кітапхананың мүмкіндіктерін көрсетуге қауқарлы. Жарнама кітапханаларды қоғамдық институттар қатарынан көрінуіне ықпал ете алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Паршин, Ю. М. Сценарные основы праздничного досуга в современной библиотеке [Текст] / Ю.М. Паршин. – М.: Литера, 2009. – 160 с.
- 2 Н. А.Кенжебекова/«ҚазМУ хабаршысы»№9 Алматы 2002ж.
- 3 <http://kk.wikipedia.org/>
- 4 Борисова, О. О./Рекламные и выставочные технологии в библиотечно-информационной деятельности. М.; Литера, 2010. 152-б.

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТИЛЕЙ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Қаламгер қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның

ақ-қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігін танытады.

Қазақ әдебиетінде реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгердің бірі – Ж. Аймауытов. Ол стиль, композиция тәрізді көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе, халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім ойтолғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланады.

Аймауытов – қазақ әдебиетінде ақ өлең үлгісін туғызуда да жол басшы болды. Қаламгердің ырғақты прозасы оның өзіндік стилін айғақтайды. Кез келген шығармасынан үзіндісін оқи отырып Аймауытов стилін жазбай танысыз.

Жазушы табиғатты немесе адам жанының қуаныш-күйзелістерін суреттеуде соны, жаңа теңеулер мен эпитеттер көп қолданады. Көпшілігімізге жақсы таныс емес сөздер мен тіркестер қаламгер қолданысында жаңаша ұғымда, ойнап, құбылып тұрады, жаңа ұғым, түсінік түзейді.

Орыстың ұлы жазушысы К. Паустовский: «Затты немесе құбылысты жазушы өзі көрген, сезінген қалпында жеткізу үшін осы құбылыстың қасиетін ашатын жаңа эпитеттер енгізу керек. Ал, бұл үшін батылдық қажет. Мұндай эпитеттер ұзақ жасайды»-деген екен. Ж. Аймауытовтың қандай шығармасын алсаңыз да автор тарапынан кейіпкерлерінің өміріне тікелей араласу, оларға арашашы, ақтаушы болған кезі жоқ. Кейіпкерлерінің қай әрекетінің дұрыс, қайсысының бұрыс екендігін талқылап жатпайды. Ол тек осы адамдардың өмірін бар болмысын шынайы қалпында алдыңызға жайып салады. Бары сол. Бұл автордың шынайы суреткерлігінің айғағы.

Орыс ғалымы М. Арнаудовтың тілімен айтсақ: «Нағыз жазушы өзі суреттеп отырған құбылысты айқын, объективті әрі нақты бейнелеуге ұмтылады және бұрынғы түсініктерге сүйеніп отырып баға беруге тырыспайды». Ж. Аймауытов прозасында көп жағдайда кейіпкер портреті авторлық баяндаулармен емес, диалог немесе екінші бір кейіпкердің көзқарасы, пікірі, сыны арқылы беріліп отырады. Және ол ұзақ сонар сипаттаудан аулақ. Сонымен қатар, кейіпкердің сырт бейнесін суреттей отырып автор оның ішкі әлеміне жол ашады, соны танытуды, айқын бейнелеуді мақсат тұтады. Кейбір тұстарда жылы юмор, сатира арқылы кейіпкерлерін әзіл сөзбен түйреп өтеді. Олардың сырт келбетіндегі келеңсіздіктерді әзіл сөздерге балай отырып, сол адамның ішкі болмысын, дүниетанымын алдыңызға жайып салады. Жазушы бойындағы

даналық та, даралық та осындай шеберліктің арқасында шығарманың бүкіл өн бойына созылып, оқырманын баурап алып отырады. Автор қарапайым адам тағдырын суреттей отырып сол қарапайымдылықтың түпкі тереңінде жатқан даралықты, үлкен мақсат, ұлы арманды ашып көрсетпекке ұмтылады.

Жүсіпбек Аймауытов прозасы – жасандылығы жоқ, жалғандығы жоқ, шынайылық пен көркемдігі тұнып тұрған, өмірге ойлы көзбен қарап, ой түйге жетелейтін туындылар. Бойында мұндай қасиеті барда бұл шығармалардың оқырманы жоғалмайды да, азаймайды да. Жүсіпбектің артында бірталай ғылыми мұра да қалды. Ол халық ағарту комиссариатында, педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты жаңа рухта тәрбиелуге, олардың ғылымның әр саласында жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер тандау» атты елеулі кітаптар бар. Сонымен қатар «Ақбілек», «Қартқожа», «Күнікейдің жазығы» сынды тағы басқа туындылары да бар екенін білеміз. Оны оқырман қауым сүйіп оқиды да. Сондай шығармаларының бірі «Қартқожа» романы. Бұл – қазақ кедейлерінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы. Онда қазақ ауылының революция алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шыншылдықпен бейнеленеді. Әсіресе жазушы осы тартыстар талқысында қазақ кедейінің қоғамдық теңсіздік сырларын түсінуге жетіп, әлеуметтік әділетсіздіктің себептеріне ой жіберуін нанымды суреттейді. Шығарманың негізгі кейіпкерін де Жүсіпбек осы тұрғыдан көрсетеді. Бұл – автордың таптық позициясының өткірлігін және ұстамдылығын танытады. Бас кейіпкер – Қартқожа өмірде болған адам, мұғалім болып, ұстаздық еткен екен.

Жүсіпбек Аймауытовты біз халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолданған көрнекті жазушы ретінде танимыз. Осындай тіл байлығының негізін салып кеткен кешегі жазушыларымыздың, ақындарымыздың дара жолын қазіргі таңда қазақ әдебиеті ғылымында қаншалықты қолданып жүрміз деген ойға қаласын.

Қазақ халқының өзімен бірге өмір сүріп, бірге жасасып келе жатқан қатынас құралы – оның тілі, ол тілдің өшпес дәулет, алтын қоры – тіл байлығы. Қазір сол тілдің байлығы молайып, мәдениеті артып, қатынасқан әдеби тіл дәрежесіне көтерілді. Ол мәдениетті халықтың өнер-білімге кеңелген игілігі, шалқыған шынайы өмірі үшін жұмсалатын болды.

Қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты негізгі мәселелердің басын ашып, ғылыми тұжырым жасау үшін әдеби тілдің өзін анықтап алу қажет. Қазақ әдеби тілінің табиғаты, пайда болу кезеңдері, алғашқы арналары, қандай негізде қалыптасқаны, даму сатылары жайында тіл білімінде әлі ортақ шешімін таппаған, толық зерттелмеген, даулы мәселелер әлі де көп. М.Б. Балақаев: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы, сымбатты қалыпқа түсіп екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды... «әдеби тіл» деген ұғым халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты», -деп жазады.

Сөйтіп, көптеген зерттеушілер әдеби тілді жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әртүрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне не көпшілігіне ортақ, түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан жалпыхалықтық тілдің сұрыпталған түрі деп көрсетіп жүр. Сонымен, қорыта айтқанда бүгінгі таңда қазақ әдеби тілінің қолданылу аясы өте кең. Сөздік қорымыз күннен күнге толығыда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ж. Аймауытов «Күнікейдің жазығы», [3, 5 б.].
- 2 Ж. Аймауытов шығармалары, [6, 12 б.].
- 3 Мажитаева Ш, Рапишева Ж.Д. «Қазақ әдеби тілінің тарихы», [50 б.].
- 4 Сыздықова Р. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (XV-XIX ғасырлар), [304 б.].

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ТАКТАГАНОВА Ж.

Бүгінгі таңда БАҚ-ның қоғамдағы алатын орны ерекше. БАҚ-ның қайсысында болса да, негізгі материал-сөз. Ал, баспасөзде, радио мен телевизияда сөздің маңызы зор. Әрине, радио, телевизиядағы сияқты дыбыс, көрініс газет журналдарда сөзге көмекші рөл атқара алмайды. Журналист пен аудитория арасындағы қажелеттіліктері өтеу барысында интерактивті ашық әңгімеге, диалог, полиолог

жасаудың мәні ерекшеленіп, журналистік шығармашылықтың мазмұнын айқындауға жол ашылады. Журналистика- ол актуалды әлеуметтік ақпараттарды жинау, іріктеу және мазмұн негізінде шындықты айқындайтын (баспасөз, теледидар, радио, кино, интернет және т.б.) қоғамдық – әлеуметтік қызмет. Бұл сөздің тағы бір мағынасы- ақпаратты жинау және жеткізу жүйесінің: редакцияның, телерадиокомпаниялардың, ақпараттық агенттіктердің және олардың өндірістік- техникалық базасы. Осы термин журналистика қыметінің өнімі- мәтінді(шығарманы) анықтайды. Осылардың негізінде газеттер нөмірлері, электронды ақпарат құралдарының бағдармалары құрылады. Сондықтан баспасөз, пресса сөздерінің түсінігі журналистиканың жеке саласының мәнін береді. Сондай-ақ журналистика саласын жете зерделегенде, оның «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген түсініктен де айырмашылығы бар екендігі айқындалады. Әлеуметтік, саясат, құқық, экономика және т.б салалардағы тақырып бойынша қоғамдық қатынастың сапасын көрсететін журналистикалық мәтіннен (шығармадан)ақпараттардың қоғамдық- әлеуметтік мазмұнын жеткізу атқарылымын іске асырады. Бұл ретте журналистика бұқаралық байланыс (коммуникация) құралы ретінде қарым- қатынастың аралық келістіруші рөлін атқарады. Білім мазмұнына халықтық педагогика құндылықтарын енгізудің педагогикалық шарттары негізінде оқыту ұстанымы осы сапаны әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық ғылым жүйесінде зерттеу мазмұнын қарастыру көздейді. Бұл ұстаным болашақ журналистерді жалпы адамдар арасындағы байланыс, олардың іс- әрекеттері үнемі түсіністік жағдайда өтеді деген ұғымда тұрақтанып қалмай, олардың таным деңгейіне қарай, әлеуметтік сәйкессіздіктерге орай пікір алуандығы болатындығын, мұндай байланыс қатынас құралы ретінде терең мәнді қызмет көрсетудің қажеттігін үйренуге бейімдейді.

Бүгінде қайсібір мемлекет ішкі- сыртқы міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін өздерінің белгілі бір ақпараттық саясаты болады. Қазақстан жаңа даму жолына түскеннен кейін біздің халқымыз бен біздің экономика үлкен өзгерістерді басынан өткеруде. Яғни, демократиялық жаңғырулар тереңдетіледі, қоғамды жалпы трансформациялау процесстерінің қажетті шарттары тұрақтандырылуда.

Осындай өтпелі кезеңде БАҚ-тың қоғамдық санаға әсері саяси- әлеуметтік күшінің арқауында байқалып отыр. Егемен елде болып жатқан барлық оқиғаларға ақпарат құралдары тікелей араласа

отырып, қоғамның басқа салаларымен ақпарат қызметі өз рыногына шықты.

70-80 жылдары телевидение Бұқаралық Ақпарат Құралдарының ең үстемдік етушісі болып саналады. Осыған АҚШ-ғы Дж. Кеннеди мен Р. Никсон арасындағы телевизиондық дебат мысал бола алады. Э. Роупер сайлаушылар арасында сауалнама жүргізгеннен кейін, осы теледебаттар Кеннедидің жеңісіне ықпал етті деген қорытындыға келді, 1980- жылы теледебаттар Р.Рейганның Дж. Картерді 5 пайызға озып шығуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар Р.Рейган мен У.Мондейл, 1988-ж Дж. Буш пен М.Дукакис арасындағы, 1992-ж. Дж.Буш пен Б.Клинтон арасындағы теледебаттар сайлау науқанында негізгі құрал ретінде дами түсті.

Соңғы жылдары республиканың ақпараттық кеңістігінің қалыптасуында теледидардың рөлі мен маңызы артып отыр. Статистикалық деректерге жүгінсек, адам күніне кем дегенде 2-3 сағат теледидар көреді екен. Яғни бұл уақыт қоғам мүшесінің ой-санасы мен саяси- әлеуметтік көзқарастарына елеулі ықпал етуге жетіп отыр деуге болады.

2004- жылдың сәуір айында болған Еуразиялық медиа-форум республика тұрғындары арасында жүргізілген сауалнаманы шолып өтті. Жауап бергендердің 82 пайызы БАҚ- тың жан- жақтылығын бағалайды. Және газет бетіндегі мақала немесе телесюжет дау-дамайлық әрекеттерге итермелеуі мүмкін десе, 15 пайызы бұған қарама- қарсы пікір айтады. 3 пайызы жауап беруді қиынсынады. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі(74 пайызы) экстремизм мен нәсілшілдікке бөлінудің насихатталуын қаламайды. 16-29 жас аралығындағылардың 37 пайызы, 50-59 жас зорлық зомбылыққа жауапты болмауы керек дейді. Он жылдық білімі бар 57 пайыз, ал жоғары білімді 16 пайыз сұралғандар да осы пікірді қолдайды.

Ақпарат тарапынан бұқаралық құралдарының ішінде мүмкіндігі мол арнаның бірі- радио. Ақпарат кеңістігінде оперативтілігімен, шынайылығымен және өміршен өткірлігімен айрықша мәнге ие болған БАҚ-ның ең тиімдісі, әрі қолайлысы осы радио. Ол кең аудиториясымен әрбір отбасына, әрбір жеке адамға әсер ету қуатымен ерекшелінеді. Радио басқа ақпарат құралдарының өзінің демократиялығымен және жеделдігімен оқшауланады.

Жалпы мемлекет пен БАҚ-ның қоғам алдындағы екі жақты жауапкершілігі мынаған сәйкес келеді. Яғни, мемлекет өмір тезіне шыдай алар саясат жүргізуге міндетті болса, ақпарат құралдары сол саясаттың эволюциялық даму заңдылықтары мен үрдістерін бұзбай

сақтай отырып, кемшіліктері мен артықшылықтарын қоғам алдында айқындап отыруы тиіс.

Егер, бұл тепе- теңдік сақталмаған жағдайда қоғамдағы саяси процестердің жалпы түсіндірілуінен бастап, өмірде көрініс табуы, шешілуіне дейін сынаржақ, қате шешімдерге бой алдыруы әбден мүмкін.

Мемлекет басындағылардың іс- әрекеті түрлі заң, құқықтық н ормалар мен ережелерге сүйеніп қана қоймай процестерді реттеп жүйелеуге, басқаруға бағытталады. Басқаша айтқанда, билік басындағылар мен биліктің қол астындағылар арасындағы саяси- экономикалық, мәдени- құқықтық және т.б толып жатқан қарым- қатынастар әлгі нормалар мен ережелер арқылы жүзеге аспақ.

Қоғамның саяси институттары қатарында айрықша мәнге ие, басқалармен салыстырғанда саяси- әлеуметтік « билігі» мен қызметі бөлектеу тұрғаны БАҚ- ның тарату жүйесі болып табылады. Бұл жүйе тікелей өндіруші сала болмағанымен, қоғамдағы саяси- әлеуметтік ықпалы жағынан басым болатыны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж.Бижан: «Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар» // Астана 2013, 10.06.

2 Н.Ә.Назарбаев: «Баспасөз- саяси ықпал жасаудың тетігі» // «Халық кеңсесі». 1994, 29.11.

3 Н.Ә.Назарбаев « Мемлекеттік емес БАҚ- ның жағдайы.» // «Астана ақшамы». 2002, 21.05.

М. ӘУЕЗОВТИҢ 20 ЖЫЛДАРДАҒЫ МАҚАЛАЛАРЫ: ЕЛДІК ИДЕЯСЫ, БҮГІНГІ КҮНМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

ТУРАРХАНОВА К. М.

студент, филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақ елінің рухани қазынасының тарихи тамырларына, олардың нәр аларлық ұлттық құндылықтарына деген ынға мен талап бұрын болмаған дәрежеге көтеріліп келеді. Өркениетті елдердің қатарына қосылуды ниет тұтқан мемлекет тұлғаның қадір-қасиетін көтеріп, жеке адамның бойындағы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуын көздейді. Ұрпақ тәрбиесі, ұлт тағылымы үшін аянбай еңбек еткен кемеңгер жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы имандылық қағидаларға толы. Тәуелсіз еліміздің

тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл туралы ойын былай баяндайды: «Гуманист ретінде ол адамның адамға жасайтын қысастығын, зорлығын жан-тәнімен жек көрді, ол нағыз ойшыл ретінде ізгіліктің ғайыбы түсінік емес, әлеуметтік ұғым екендігін терең бағамдады. Сайып келгенде миллиондардың рухани дүниесіне дендеп енген оның эпикалық, эстетикалық және адамгершілік мұраттары – көпшіліктің қазынасы, ұлттың баға жетпес мұрасы. Мұханның бір ұлағаты осында».

Ең бастысы – М.О.Әуезовтің тақырыпты терең зерттеу қасиеті, факті жинақтау тәсілдері қазақ даласында сол кезде қалыптасқан алуан түрлі тақырыптарға жетелейді. Оны бірде әйел теңдігі жайы толғантса, енді бірде оқу-ағарту, мәдениет ісі терең ойлантады. Қазақ зиялылары, ғылым негіздері, саясат, шет жұрттар өмірі, баспасөз, әдебиет мәселелері де шығармашылық арқауына айналады. Ұлттық сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл, алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттету басталған тұста Мұхан бірінғай ғылыми жұмыстарды да қолға алады. Мұхтар Омарханұлы Әуезов әуел баста-ақ бүгінгі дәуір принциптерін тани-білудегі көреген зерттеушілердің қатарынан көрінді. Ол көпке ортақ ұлтаралық байланыстарын, салттардың бірегей дамуын, әдебиет бірлестігін зерттеуде көп ізденудің бастауы болатын. Сондықтан Р.Нұрғалиев: «Жас таланттың алғашқы сапары байлау мен пікірді ашық,жарып айтуды талап ететін публицистикадан басталады», -деп өз ой-пікірін білдірген.

Имандылық пен ізгілікті серік еткен жазушы өз ойларын, дүниетанымын зерттеу мақалаларында өрбітіп отырады. Солардың бірі - «Адамдық негізі - әйел» атты мақаласы. Мақаланы тақырыптан әріден бастап, өмір туралы философиялық ой түйіндейді. Оның «адам баласы қызықты өмір кешіреді» демей, «адам баласы қызықты өмір кешірмек болып қуанып, үмітпен өсіп» – деуінің астарында ұғынған адам үшін үлкен мән жатыр. Себебі адамды алдыға қарай жетелейтін болашаққа деген үміті мен қызығушылығы, ол – өссем, жетілсем, ұрпақ өсірсем деген бірінен соң бірі бітпейтін тілек, армандар. Сол армандардың жетегінде жүріп, өмір жалғандағы қызығы кеткен қарттықтың жеткенін байқамай қалады. Ол туралы жазушы былай дейді: «жылдан жылға қызуы басылып, ақыры кейін өледі». **Егер Ананың өмірі мәнді, мағыналы дұрыс жолда болса, бала тәрбиесі де дұрыс жолға қойылды деген сөз. Сондықтан жазушының «...Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін**

түзе!» деген сөзінде терең мағына бар. Бала кейіннен қаншалықты жақсы тәрбие көрсе де, «әуелгі анандан алған ішкі сырының арқауы болады». Жас таланттың алғашқы шағырмаларында айтылған ой ұшқындары кейінгі жазған мақалаларында кең ауқымда жалғасын тапқан. Академик З.Қабдолов: «...қазіргі қазақ әдебиетінде «Әуезов әйелдері» деп аңыздауға болатын жан тебірентер сырбаз, сұлу образдар галереясы жасалды. Дәл осының беташары Әуезовтің толғанысы – «Адамдық негізі – әйел». Бәрі содан басталған», - деп тұжырым бекітеді.

Қоғам қайраткерінің зер салып қарастыратын мақаласы – «Қазақтың өзгеше мінездері». Сол сияқты 1917 жылы газет беттерінен жарық көрген (Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған) мақаласындағы ойлар Абай ақынның қара сөздерімен астасып жатады. Мақалада бұрынғы қазақ елінің досымен достасып, жауымен жауласуға табанды халық екендігін айта келіп, қоғамдағы тарихи өзгерістер мен елді билеген өкіметтің іс-әрекеттері (ұйымсыздық, парақорлық, күндестік, әділетсіз билік пен партия) себебінен қазақтың ұлттық қалпының өзгергендігін айтады. «...Ұрлық, қорлық, өтірік, алдау, қулық, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, жалқаулық деген нәрселер шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгілі, әке мен бала партияға таласып, күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жалғыз ғана басы, күлқыны», - дей келіп, дінге келген кемшілікті де атап көрсетеді. Яғни, ендігі жақсы өмірдің жібі оқығандардың қолында деп елінің жарқын болашағын кеудесі ояу, көзі ашық саналы жастар қолына табыстайды. Дәл осы ойын «Оқудағы құрбыларыма» («Сарыарқа» газеті, 1917ж) және «Оқу ісі» («Абай» журналы, 1918жылы №11) атты мақалаларында жалғастырады. «Оқудағы құрбыларыма» деген мақалада жас жазушы оқуда жүрген құрбы-құрдастарын уақытты бос өткізбей, халықты оқу-білімге бастап, үлгі көрсетуге шақырса, «Оқу ісі» атты мақаласында қараңғылықтың құшағында қалған халқын мәдениет пен елдікке жетелеудің үлкен бір жолы – оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюдың міндеттеріне тоқталып, өз ұсыныстарын айтады. Ұлттық мектептер ашуды, мұғалімдер білімін көтеру үшін курстар ашуды да сол кезде айтқан.

1920 жылы жазылған «Қазақ оқығандарына ашық хат» мақаласында Совет үкіметі кезіндегі халық тірлігін баяндайды. Төңкеріс болып, жаңа өкімет орнады. Енді қазақ зиялылары бөлініп жарылмай, керісінше ел басына күн туған уақытта, ұлт қамы үшін

бірлесе қимылдау керектігіне назар аудартқан. Алдағы уақытта оқығандардың елге қандай пайдасы тиеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Қалада қызмет атқаруға көзі ашық азаматтар керек екенін, халық оларды күтіп, шақырып отырғаны **жөніндеұсыныс ойлары айтылады**. Бұл – Мұхтардың ел болашағына да үміт артып, мақсат қоя білуінің дәлелі.

Тырнақ астынан кір іздеген сыншылар шыққан 20-жылдары жарияланған мақалаларының бірегейі – «Сот» мақаласы. Онда М.Әуезов кез келген мемлекеттің заң шығарушы органы туралы, әрбір мемлекеттегі «тазалықтың қорғаны, соның аңдушысы, құралы, адамшылық, әділет жолымен тәрбиелейтін сот» жайында сөз қозғайды. Мақаланы оқып қарасақ, олардың алдында екі түрлі міндет тұратынын байқаймыз. Бір жағынан елдің мұң-мұқтажын орындау, зорлықшылықтың құрығынан құтқару керек болса, екіншісі – келешекте қазақтың түзелуі үшін оны адамшылыққа, тазалыққа үйрететін қызмет. Қазақ халқы тәртіпті қатаң талап ететін соттың басқаруында болмағандықтан, бұрынғы екі сөзге келмес тік мінезден айрылмады. Мұхтар Әуезов осы мақаласындағы ойын «...әзіргі осы айтылған сөздерді әрбір соттың қолдануын тілек қылып, сөзімді тоқтатамын» деп түйіндеуінен, жазушы өмір сүрген кездің елдік сипаттағы көкейкесті мәселелері шешімін тапты деп айту қиын.

Жазушының тағы бір аса көңіл бөлерлік мақаласы халықтың материалдық жағын қамтамасыз етумен қатар рухани дамуын да жан-жақты қарастырғанының дәлелі іспеттес - «Жалпы қазақ өнері мен қазақ театры» атты мақаласы. Ол 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің ақпан айындағы 6-ншы санында басылып шықты. Мұнда сонау көне гректен бері қарай Еуропа елдерінің театрларына тоқталып, олардың дүниеге келу, даму жолдарын, сахналық дәстүрін, актерлік өнерін мәдени қауымға түсіндіре отырып ұйымдастырылатын қазақ театрының шығармашылық негізін ашып береді. «Қай өнерді алсақ та, әуелде өз елінің халық өнері болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды» деуі ұлы мәдениет қайраткерінің қазақ театрының келешегін тануынан туған. «... Семей аймағындағы атақты күлдіргілер – Шандардың қулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар көсе бар. Бұлардың өмірі толып жатқан комедия», - деп театр репертуарының мол қазынасын көрсетіп береді. Мұндай тәжірибені жазушы сонау Италияның Дель Арте комедия театрының ерекшеліктерінен танып, оның суырып-салма өнерінің біздің халық арасынан шыққан әйгілі қулардың өнерімен ортақ үлгісін көреді.

Ақын, драматург, ғалым Әбділдә Тәжібаев: «Қазақ тілінде ертеде «драма», «театр» деген сөздер болған жоқ. Жаңа әлеуметтік өмір... топырағы өзір, тұқымы себулі тұрған өнер түрін өсіріп жіберді. ... оған жарық, жылу берді, шөлдемес үшін су берді. Сөйтіп, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын іргелі, үлкен өнерге айналдырады», - деп ғылыми тұрғыдан келісті айтқан. Бұған енді бірденені қосып жатудың да қажеті жоқ.

Келесі мақаласында адамдарды елге қызмет етуге, ұлттық рухты өз күштерімен көтеруге шақырады. Ол – «Бүгінгі зор міндет». Бұл қоғамдық-саяси мәні зор, әлеуметтік тақырыпта жазылған публицистикалық мақалалардың бірі. Сол замандағы оқығандардың негізгі міндеті панасыз, көшбасшысыз қалған ұлт болашағына қызмет ету болды. «Кедей қамы үшін қайғыратын кісілерге» үндеп, назарын аудартады. Үкіметтің оқу ісіне беріп отырған кеңшілігі қаламгерді алаңдатады. Ол – жалпақ мемлекеттің қолданып отырған ісі. Губерниялық оқу бөлімінің жобасы бойынша қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынып, оның әрқайсысына 50 адамнан жұмысшы берілмек болып жатқанын айтады. Бұл сауатсыздықты жоюдағы алғашқы қадамдар болғаны белгілі. Осыдан М.Әуезовтің 1917-18 жылдары жазған мақалаларындағы ойлардың уақыт өте келе маңызды мәселелерге де сабақтасқанын аңғаруға болады.

Заманмен үйлесім тапқан «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» деген мақаласында әлеуметтік жағдайлар кеңінен сараланып, қызметкерлер алдында тұрған міндеттер баяндалады. Олар – жаңа қоғамдағы барлық күш-қайратты, бос уақытты оқуға, шаруа жұмысына салу. «Мен сол сауалдарға жауап таба алмаймын», - деп қынжылған М.Әуезовтің айтайын деп отырғаны мына жайт: қазақ азаматы қазақ елін қай қызметімен қанағаттандырады? Қандай еңбек, қандай өнер, қай ісімен ризалайды? Мен мынаны істегенім жоқ па, мынандай үлгі, пайдалы істі ортаңа орнатқам жоқ па? — деп, қай қызметімен елдің аузын буады? Қараңғыда жатқан қалың елдің бір тілегі соңынан қалмайды. Ол тілек – елді мәдениетке жеткізу, ағарту, өнер-білім таратып, құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілу. Бұл тілектің бәрі де азаматтың мойнына қарыз, оның дұрыстығын ешкім теріс деп айта алмайды. Егер бұларды атқаруға міндетті емеспіз дейтін азамат болса, ол қазақ жұртының қызметкері емес, тіпті оның қазақ елінің ішінде қызмет қылуында да мән-мағына жоқ. Болмаса ол адам кең байтақта, міндеті аз жерлерде қызмет қылуы керек. Егер оны да істей алмай, не мойнына міндет алмай, жылы орында жайланып отырмаса,

оған айтар сөз де жоқ. Мінеки, осындай атқамінерлерді жазушы «... ол құдайдың берген қонағы. Елдің кішкене қазанына ортақ болып, еріксіз кірген еркелері», - деп сынауы тектен-тек емес.

Жоғарыда айтып өткен жіктеудегі топтың кейінгісі, яғни заманмен үйлесім тапқан күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты жазылғаны - «Егінге дайындалындар». Осы мақаласын жазу арқылы жазушы ауылдағы халықтың тұрмыс-тіршілігінің деңгейі мен шаруашылық жағдайынан хабардар етеді. Күн көру үшін егіншілікпен айналысқан елді губерниялық жер бөлімі 3-ке бөлген. Олар – егінді өзі салмағандықтан, немесе салса да, аз салып, керегін ала алмай, өзге жерлерден сатып алатын елдер мен астық көлемінің 50%-ын толтыратындар. Соңғы жігі – көлемнің 75%-ын толтыруға әлдері бар болса да, толтырмай отырған елдер. Осылай жіктерге бөлудегі мақсат әрқайсысының ыңғайына қарай беретін көмегін ертерек межелеп алуда. М.Әуезов егіншіліктің қандай жақсылық не кемшілігі бар екенін және ол қай ретте болып отырғанын айтады.

Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып аттанған М.О.Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі. Заманмен бірге тебіреніп, мәңгілікпен үндесе білудің айқын өнегесі. Оның 20 жылдарда жазылған мақалаларының басты мазмұны мен өзекті мәселелері қазіргі уақыт талабымен ұштасады. Елінің еркіндігін аңсап, болашаққа зор үмітпен қараған дана ата-бабаларымыздың арманы бүгінгі таңда орындалуда. Атап айтсам, Ата заңымыз дүниеге келіп, елдіктің нышандары айқындалды. Елдіктің белгісіндей Елтаңбаны, желбіреген көк байрақты көргенде, әуелеген Әнұранды естігенде бойынды ерекше бір асқақ азаматтық сезім баурайды. Қазақ тілі – қазақ халқының мемлекеттік тілі болып қабылданды. Осындай игі істердің басы-қасында тұрған текті де дара тұлға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. М.Әуезовтің 1920-жылдары жазған мақалаларында тұжырымдалған сауатсыздықты жою қадамдары бүгінгі таңда да жалғасын табуда. Қазақ елінде Елбасының жолдауымен жоғары сапалы білім беретін оқу орындары ашылды.

Осы тұрғыда **халық жазушысы Әбіш Кекілбаев баға берді. Оның айтуынша:** «Әуезовтің азаматтығы – елге деген жанпида еңбектен тұрады. Азаматтықты осылай Әуезовше түсінгенде ғана біз бір елдің мақсаты бір, тілегі бір перзенттері болып үлкен істерге жұмыла аламыз. Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды. Әуезов бейнесі осыған куә. Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жана ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты».

Бүгінде Мұхтар Әуезов пен қазақ халқы – біртұтас ұғым. Оның есімі қазіргі қазақ халқының мәдениетін, ойы мен өрісін өрнектеп тұр. «XX ғасыр классиктері» деген ұғым өзіне Мұхтар Әуезов есімін қосады. Қазақ халқының тағдыр-талайын айтып, өмірін көрсету арқылы Әуезовтің ой-жүйесі адамзат мәнінің сан қилы қайнарына шомды.

Жазушы шығармаларымен, соның ішінде 20-жылдары жазылған мақалаларын оқып, менгеру барысында халқымның ұлттық болмысына, тыныс-тіршілігіне жақындай түстім деп ойлаймын. Адамның немесе халықтың жанын түсінбей, білмей жатып жақсы көре алмайсың ғой. Ал, Мұхтар Әуезов өзінің халқы туралы, қазақтар жайлы әсерлі, терең, ғажайып ұлылықпен, ерекше нәзік түйсікпен суреттегені соншалық әлемнің кез келген оқырманы, менің нағыз туған жерім Қазақстанды, жер бетіндегі қазақ адамының әдемілікке және кеменгерлікке, еркіндікке құштар рухын жақсы көріп қалары сөзсіз.

Ж. АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ХАМЗИНА Қ. Ш.

№5 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар к.

Елімізде болып жатқан іргелі-іргелі өзгерістер мен қайта жаңғырулар оның білім мен тәрбие беру жүйесіне де түбірлі өзгерістер мен мақсаттар әкелді. Ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін құруда айтулы жаңарулар жүріп жатыр. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың дүниеге келуі, мектептерді жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістің куәсі. 2000 жылғы сәуір айында Декара, Сенгада өткен бүкіл әлемдік форумда шығармашылық жеке тұлға қалыптастыру, әр баланың дарынын, талантын ашу, өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, олардың өз өмірлерін жақсартуы мен олардың қоғамда өз орнын табуына ықпал ету мәселелері сөз болды. Қазақ әдебиеті алыптарының бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Оның қазақ әдебиетінің жанр жағынан дамытудағы еңбегі орасан зор. Ол – ақын, прозашы, публицист, сыншы, театр режиссері, аудармашы, педагог болды. Бір өзі әдебиет пен ғылымның әр саласында еңбек етті. Қазақ әдебиетін проза, драматургия жанры жағынан қалыптастыруды және мектептер мен оқу орындарының оқушыларына арнап бірнеше оқу

құралдарын жазуға қатысқан. Осындай әдебиетіміздің, театрдың, ғылымның дамуына айрықша қызмет еткен қаламгердің еңбектері 60 жыл бойы оқушының назарынан тасада қалып келді. Еліміздегі қайта құрудың нәтижесінде болған өзгерістерден кейін ғана – 1988 жылдан бастап Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен еңбектері және мақалалары жарық көре бастады. Жазушы Жүсіпбек өз еліне көп еңбек сіңірген. Жан - жақты өнер иесі, сегіз қырлы бір сырлы дарын Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы (кей деректерде 1890 жылы) қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызылтау атырабында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан текті, дәулетті, атақ - абырой біткен, ел арасындағы білікті кісілер. Жас күнінен Жүсіпбек бірге туған бауырлары Ахмет, Жақыпбек секілді арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренеді. Он бес - он алты жасында өзі ұмтылып, үй ішінің рұқсатынсыз Павлодарға қашып барып, орысша - қазақша екі сыныпты мектепке түседі, бір жағынан бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі, оны 1918 жылы аяқтайды. Қазақстан Кеңестерінің құрылтайына делегат, Оқу комиссариатының коллегия мүшесі болу, «Қазақ тілі» газетін өңдеу, «Ақ жол» газетінде істеу, Шымкенттегі педагогикалық техникумының директорлығы – міне мұның бәрі Жүсіпбек Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 жылы басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек Аймауытов 1931 жылы атылған.

Еліміздің тәуелсіздік алып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы ұлттық құндылықтарымызды және ұлттық мәдениетімізді өскелең ұрпаққа танытуға жағдай туғызды. Әлемдік білім кеңістігінен сүбелі орын иелену үшін бүгінгі және болашақ жастарға әдебиетіміз бен мәдениетіміздің кезінде жабулы қалған ақтаңдақ беттерін ашып беру міндеті тұр. Өркениеті дамыған елу елдің қатарынан көрінудің бір өлшемі ретінде қаралатын білім беру жүйесінің жаңа технологиялармен жарақтануы рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған білімді жеке тұлғаны тәрбиелеумен сабақтас. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы тәрбие беру мен оқытудың негізгі бағыттарын айқындап, болашақ жастардың жеке тұлға ретінде дамуын және терең білім мен кәсіби дағдыны қалыптастырудың негізгі іс-шараларын айқындады[1].

Қазақ халқының ғасырлардан келе жатқан мәдени, рухани ұлттық қазынасын оқушылардың бойында оқу үрдісі арқылы

калыптастыру жалпы білім беретін мектептердің әр пәнінің басты міндеті болып табылады. Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зердеден өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты. Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансап қорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертекері, сын мақалалары мен аудармалары енген. Бұлардың сыртында «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектері бар. Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепіл болмақ. Аймауытовтың әдебиетпен әуестенуі 1910ж. басталады. Оның алғашқы өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде, «Абай» журналында жарияланып тұрады. 20-жылдар ішінде респ. Газет-журналдар бетінде шығармалары көп басылған. «Қартқожа» романы (1926), «Ел қорғаны» (1925), «Мансапқорлар» (1925), «Қанапия мен Шәрбану» (1926), «Шернияз» (1926) пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы (1929) және бір топ аударма кітаптары жарық көрген. Аймауытовтың жаңа дәуірдегі қазақ прозасын, әсіресе, роман жанрын бастаушы есебіндегі орны үлкен.

«Қартқожа» - қазақ кеңес романының басы, онда 20 ғасырдың басындағы әлеум. революциялар кезінде тартыс жолыннан өтіп, қоғамдық шындықты түсінуге ұмтылған қазақ жасының өмірі суреттеледі. Аймауытовтың екінші романы «Ақбілек» кітап болып басылып үлгермеді. Үзінділері «Әйел теңдегі» журналында жарияланған «Ақбілек» тақырыбы жағынан «Қартқожамен» үндес. Алдыңғы романда жазушы жаңа қоғамдық жағдайда азаттық жолына шыққан қазақ жасын көрсетсе, соңғы романда осы әлеум. өзгерістер легінде қазақ әйелінің теңдік жолындағы ізденістерін

суреттейді. Аймауытовтың үлкен проза саласындағы тағы бір елеулі еңбегі - «Күнікейдің жазығы» повесі. Ол «Жаңа әдебиет» жарналында жарияланған. Кітап болып басылып үлгермеген. Бұл шығарманың тақырыбы да әйел теңдігі, негізі кейіпкерлері - кедей қызы Күнікей. Аймауытовтың ырғақты прозасы - қазақ әдебиетінде ақ өлең үлгісін туғызуға жол бастады. Оның драмалық шығармалар жазуға ерте талпынған. Ол Семейде оқыған жылдары жастардың ойынсауак үйірмелеріне белсене қатысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойған, өзі басты рольдерде ойнаған. Аймауытовтың пьесаларының негізгі тақырыбы да халықтың азаттағы идеясы. Ол ескі өмірдің мешуе көріністерін сынап отырып, халықты оқуға, өнерге, білімге үндейді. Ел адамдарын оятып, жаңа тіршілікке шақырады «Рәбиға», «Қанапия мен Шәрбануда», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар». Оның пьесаларының ең елеулісі - «Шернияз». Мұнда жазушы қайшылықты қоғамдық ортада күрделі өмір кешкен өнер адамдарының тағдырын бейнелейді. Аймауытов әдеби творчествосын өлең жазудан бастаса да, кезінде жинақ бастырмаған. Оның өлеңдері күнделікті баспасөз бетінде сақталған. Өлең - үлкен проза мен драматургияға ден қойған жазушының алғашқы тәжірибесі сияқты. Бұлардың көбі ескі өмірдің келеңсіз суреттері мен жанару идеясын жырлайды.

«Нұр күйі» поэмасында анасынан соқыр боп тұған баланың өнерпаз, күйші болып өсуі, дәрігердің көмегімен көзінің жазылуы суреттеледі. Ол күрес жырларын қазақшаға аударған. Жазушының балаларға арнап жазған «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты суретті кітапша ертегілері бар. Өмірінің көбін баспасөз маңында өткізген жазушы үлкен публицист есебінде де белгілі. Сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде ол жазған мақалалар, оқшау-фельетондар, хат-хабарлар көп. XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді. Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Он бес жасына дейін туған ауылында болған ол әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бұдан кейін де әр түрлі молдалардың алдын көріп, ескіше едәуір білім жинайды. Соның нәтижесінде ауыл арасында өзі де азды-көпті молдалық құрады. 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс-қазақ мектебіне түседі. 1911 жылы Павлодардағы екі сыныпты орыс-қазақ мектебіне түсіп, оқуын жалғастырады. 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер

семинариясында оқиды. Семейде жүріп алаш қозғалысына қатысады, «Абай» журналын шығаруға ат салысады. 1919 жылдан бастап Жүсіпбек Семейде, Павлодарда кеңес өкіметінің жұмыстарына араласады. Семей губерниялық оқу бөлімінің менгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болады. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болады. 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында істейді. 1926-1929 жылдары Шымкенттегі педагогикалық техникумға директор болады. Ара-арасында әр түрлі саяси жұмыстарға араласады. 1929 жылы жазықсыз тұтқынға алынып, «халық жауы» деген жаламен 1931 жылы өлім жазасына кесіледі. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы бұдан кейінгі алпыс жыл бойы ауызға алынбайды. Кеңес өкіметі тұсында ол туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек кеңес өкіметі ыдырап, коммунистік идеологияның құрсауы босағаннан кейін ғана қаламгер мұрасы халқына жете бастады. 1989 жылы бір томдық кітабы жарық көрді. Зерттеу жұмыстары қолға алынды. 1997 жылдан бастап Жүсіпбек шығармаларының бес томдық жинағы басылды.

Шығармашылық мұрасы. Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Жүсіпбек шығармашылығы әуел баста өлең жазудан басталады. Өзінің деректері бойынша ол тұңғыш өлеңін 13 жасында жазған. Оның ақындық жүрегінен туған «Жазушыларға», «Неғып отыр?», «Ах-ха-ха-хау», «Ұран», «Еңбекшілер ұраны» секілді өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасында ақын бұрынғы өмірдің келеңсіз жақтары мен өз дәуірінің көріністерін ақындық сезімталдықпен жырлайды. Ол құбылыстарды жанды да нанымды суреттер арқылы көрсетуге ұмтылады. Мәселен, «Көшу» өлеңінде қазақ ауылындағы көш суреттері, көштің сән-салтанаты көрінсе, «Ұршық» өлеңіндегі ұршық иірген кемпірдің монологы арқылы қарапайым өмір көрінісі бейнеленеді[2].

«Нұр күйі» поэмасы 1929 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылады. Онда адамның көңіл күйі, қуанышы мен мұңы жырланады. Поэма жастарды өмірді сүйеге, қиындыққа қарсы тұра білуге шақырады.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы — прозалық шығармалар. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан «Қартқожа», «Ақбілек» романдары туды.

«Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады.

- бір қабілетті сынаумен білуге мүмкін еместігі, ұзақ амалдарының түпкі нәтижесіне қарап шамалануы, жадтың ұшқырлығы ақыл зеректігіне қатысынын жоқтығы;

- бақылампаз оқытушының сыны, шәкірттің жадын, іліктестік қуатын, ілтипатын тәжірибе арқылы ғана өлшегеннен анағұрлым бағалы болуы;

- баланың қылығын байқап жүргенде, қосаметкей мағлұмат үшін істегені пайдалы, көретін көзі бар, сара ақылы бар, адамның табиғатын ұғарлық оқытушының сыны жай тәжірибеден артық екенін түсінуі;

- кімде-кімнің ақыл жүзіндегі жабайы қабілетінің, не жұлма жадының бір шалағай болса, ол үшін қынжылу жөнінің жоқтығы;

- көз бернесінің қабілеті болмай-ақ, кісінің суретші бола алуы, жады жаман бола тұра атақты ғалым бола алуы;

- қай уақытта болмасын нәрсеге елігуі, ынтық болу (қозғаушы күш) адамды алысқа сүйреуі;

- бір мақсатқа бағыттасаңыз, сөз жоқ, оған жетуі;

- бай болуға ынтықсаңыз, бай болуы; оқымысты адам болам десеңіз, оқымысты болуы; тек сол нәрсеге ғана ынтығу керек, одан басқаға көңіл бөліп, алаңдамауы.

Қорыта келгенде, Ж.Аймауытовтың психология ілімінде саңылау сезім мен соқыр сезімнің шығуы адамның ой сандығына қатысты зерделенуі демекпіз. Ой сандығының жұлма жад пен пәлсапалық жад сияқты екіге бөлініп қарастырылуы көңілге қонымды. Әсіресе, саңылау сезімге соқыр сезімнің кедергі келтіру тұстары дәйектілікпен түзілген. Ақиқатына келгенде, ұлттық сипаттан жаһандасу кеңістігіне тұлғалы бағаммен жету жолын Ж.Аймауытов сонау ХХ ғ. 20-жылдарында наноғылым, кибернетика, интеграция, интерпретация сияқты іс-әрекеттерге нұсқалы еңбек арнаған. Шетел тілдеріндегі терминдерді солай алып, оған ұқсас түсінікті қазақшалап отырған да тілді байытуға мүдделі екенінің дәлелі.

ТЕМІРЛІК ШЫҒАРМАЛАР ЖАЙЛЫ БЕЛГІЛІ ШЫҒЫСТАНУШЫ В. П. ЮДИННИҢ КӨЗҚАРАСЫ

ИБРАГИМОВА М. Н., НУСУПБАЕВА С. А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Бүгінгі таңда Қазақстан тарихын зерттеуге деген құлшыныс күннен-күнге қазақ тарихына қатысты деректер қорын жинауға зор мүмкіндік туғызды. Кейінгі жылдарда Қазақстан медиевистикасының деректемелік базасы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының нақты мәселелерін талдап шешкен зерттеушілер күш-жігермен де, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыс істейтін белгілі шығыстанушылардың еңбектерімен де көтеріле түсті.

XIV-XV ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның тарихы ашып көрсетілетін орта ғасырлар авторларының нарративтік тарихи еңбектері негізінен Темір ұрпақтары тобының шығармаларынан тұрады. Бұл шығармалар әмір Темір және оның ұрпақтарының тарихнамашыларымен жазып қалдырылған. Бұл деректер бұған дейін де зерттеушілермен кеңінен қолданылып келді. Алайда тарихшылар өздеріне керекті тұстарын ғана өз зерттеулері үшін үзіп-үзіп алып отырды, ал ол деректерге деректанулық талдаулар жасалған жоқ.

Белгілі шығыстанушы В.П.Юдиннің темір ұрпақтары тарихнамасына берер бағасы қандай екендігіне тоқтала кетейік. «Шынғыс-намені» зерттеуге үлкен үлес қосқан, бұл күнде марқұм болған қазақстандық көрнекті шығыстанушы В.П.Юдин ауызша тарихнамаға аса көп назар аударған болатын.

Оның сіңірген еңбегі сол, ол ауызша дәстүрге оның өзінің анықтауынша, «далалық ауызша тарихнамаға» негізделген басқа жазбаша шығармалар қатарынан осы түпнұсқа дереккөзді бірінші болып бөліп шығарды. [1, 11]

Оның Темір ұрпақтары шығармаларына байланысты ойына тоқталайық: « «Шынғыс-наме» бойынша баяндалған оқиғалар негізінен XIV ғасырдың бірінші жартысын қамтиды және билік басына қазақ хандары әулетінің негізін қалаған Орыс ханның келуімен аяқталады. Осы уақыттан бастап қазақ даласының тарихы Темір ұрпақтарының тарихнамасынан және басқа тарихнамалардан үзік-үзік болғанымен азды-көпті өз көрінісін бере бастайды. Алайда бұл шығармаларда бұдан бұрынғы тарих шатыстырылып берілген. «Ескендір анонимінде», тіпті кейбір жайлар қиял-ғажайып деңгейде суреттеледі, оны деректеме зерттеушілер әлденеше рет көрсетті

де. Бір ғажабы, соған қарамастан ол негізгі деректеме ретінде кеңінен пайдаланылып келеді», - дейді автор. [1, 108-109] Онан әрі В.П.Юдин былай деп көрсетеді: ««Шыңғыс-наме» тайпа билерінің билігін құртқан Жошы ұрпақтарының да аттарын атайды. Олар-басқаларына басшы болған Бүкрі Қожа-Ахмед, Қара Ноғай. Қара Ноғай содан кейін хан болды, ал оның орнын мұрагерлік жолмен інісі Тұғлық-Темір басты. Бірақ осы тұлғалар тарихта болған адамдар ма? Қиялдан туған тұлғалар емес пе?», [1, 111] -дей отырып деректің шынайылық дәрежесін айқындауға тырысады. Сөйте отырып оны басқа деректермен салыстыруды жөн көреді: «Темір ұрпағының және басқа тарихнамалардың шығармаларынан біз Ноғай есімін, сондай-ақ оның Сасы-Ноғай, Тоқай және басқаша аталатын есімдерін табамыз. Кейбір дереккөздерде оны Алтын Орданың белгілі ханы Тохтамен шатыстырады. Осы кезді баяндайтын дереккөздердің бәрі Тұғлы-Темір деп оны өзінің төл атымен атайды. Бірақ кейбір шығармаларда оның Мауераннахрға жасаған екі жорығы туралы жазылған, ал мұның өзі дереккөздің Дешті Қыпшақтың Тұғлы-Темірді шатыстырғанын көрсетеді. Мұның өзі Темір ұрпақтары тарихнамасының Орыс ханға дейінгі Дешті Қыпшақ тарихы бойынша тек күнгірт деректерді пайдаланғанын айғақтайды», [1, 111] деп біршама Темір ұрпақтары тарихнамасына күмәнмен қарайды. Сонымен, автор «Шыңғыс-наме» мәліметтерін Темір ұрпағы тарихнамасы мәліметтерімен салыстырады. «Деректегі қайшылықтырды ашудың негізгі екі жолы туралы айтуға болады. Олар: 1) Тексте логикалық талдау жасау арқылы; 2) Әр-түрлі деректерді қарама-қарсы салыстыру арқылы.

Әсіресе пайда болу жағынан бір-бірімен байланысы жоқ, бірақ тек бір оқиғаны бейнелеген әр түрлі деректерді кешенді салыстырудың рөлі аса зор», [2, 39] екенін ескерсек В.П.Юдиннің деректің шынайылық дәрежесін айқындаудағы бұл жолды таңдауы маңызды болып табылады. Бізге автордың Темір ұрпақтары жайлы айтқан пікірі құнды. «Темір ұрпағының тарихнамасы Қара Ноғай мен Тұғлы-Темірді Ақ Ордадан шыққан Алтын Орда хандары деп атайды. Олар Алтын Орданы (1360-1380) аласапыран кезеңде билеген секілді болып көрінеді. Шындығында, Дешті Қыпшақтағы Жошы ұрпақтары Сарайдағы билікке таласты. Темір ұрпақтары мен оларға тәуелді тарихнамашылар шығармаларында тағы бірнеше белгісіз есімдер аталады, мысалы, орыс дереккөздері бойынша олар-Тұғлы-Темірдің бауыры Мұрат-Қожа, Шахидің (Қара Ноғайдың әкесінің, немесе Қара Ноғайдың өзінің) ұлы Құтлық-Қожа. «Ескендір

анонимі» тағы Сасы-Бұқаның баласы Ерзеннің, Ерзеннің баласы Мүбәрак-Қожаның, Мүбәрак-Қожаның бауыры Шымтайдың және басқалардың есімдерін атайды.

Бірақ бұл кісілердің шыққан тегін қалай анықтауға болады?»- [1, 112] деп сұрақ қоя отырып автор жауапты тағы да «Шыңғыс-намеден» табады: «Бұл жағдайда іздегенге бағыт беретін «Шыңғыс-наме» мәтінінде тайпалық билер билігін құлатуға қатысқандардың бірі-«Темір-Құтлық хан мен Орыс ханның әкелірінің тұқымынан еді» деген тіркес бар. Аталған екі ханның екеуінің де Жошының 13-ші ұлы Тоқа-Темірдің ұрпақтары екені қазір толық дәлелденген. Бәлкім, «төңкеріске» қатысқандардың қалғандары да осы Тоқа-Темір ұрпақтары шығар»,- [1, 112] деген болжам айтады. Ары қарай автор өз ойын түйіндей келе: «Қазіргі таңда ғылыми айналымға енген Жошы ұрпақтарының генеалогиясын салыстырып көргенде, Бүкрі Қожа-Ахмедтің де, Қара-Ноғайдың да, Тұғлы-Темірдің де, сондай-ақ Темір ұрпақтарының тарихнамасынан белгілі Алтын Орданың «ақордалық» басқа хандарының да, шынында өмірде болған адамдар екені, олардың бәрі Тоқа-Темірдің баласы Бай-Темірдің (Баймұраның) ұрпақтары екені анықталды. [3, 60; 4, 42] Бұлардың бәрі әлгі генеалогияда өздерінің төл аттарымен, немесе біршама өзгеріспен айтылған. Тіпті, Қара-Ноғай немесе жәй Ноғайдың басқа шығармаларда неліктен Сасы-Ноғай аталатынына да түсіндірме табылады. Сөйтсек, Сасы-Ноғай деген кісі аты (антропоним) екі есімнен: өзінің аты-Ноғай және әкесінің аты-Сасы есімдерінен құралған екен.» [1, 112-113]

Осылайша В.П.Юдин XIII-XIV ғғ. Қазақстан тарихында шиеленіскен оқиғалардың біразын шешіп беруге тырысады.

«Орыс-хан-қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы. Бірақ оның хандығының жұртшылығы қазақ аталмай, неге өзбек аталады? Неліктен алдында хан болған ешкім жоқ, ол Қазақ даласына кенеттен «жұлқына» кіреді?»-деп В.П.Юдин тарихшылар алдына сұрақ тастайды.

«Темір ұрпақтарының тарихнамасы ұсынған, оны Жошының тұңғыш баласы Орда Еженнен тарататын Орыс хан шежіресіне күмәнмен қарауға тура келеді. Іс жүзінде Қазақстанның XIII-XIV ғасырлардағы бүкіл тарихы осындай шатысқан мәселелерден тұрады.

Осының бәрі кейінгі Қазақ хандығы тарихын ұғындыратын XIII-XIV ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеуде тек деректану саласындағы кең көлемді зерттеу негізінде ғана ілгерілеуге болатынын көрсетеді. Қазіргі таңда деректанушылар бұл бағытта

елеулі жұмыс тындырды, бірақ мұның бәрі әлі жеткіліксіз.»- [1, 114-115] деп В.П.Юдин үлкен мәселе көтереді. Әрине бұл іс бүгінгі күні де деректанушы, шығыстанушы, тарихшылар тарапынан қолға алынғанымен, күрделі мәселе болғандықтан көбі оған бет бұра бермейді.

«Біздің айтқандарымызға қарап, Темір ұрпақтарының және негізінен сарайлық кез-келген феодалдық тарихнаманың маңыздылығын жете бағаламайды деген тұжырым жасауға болар еді. Бірақ бұл олай емес: Ресейге қосылғанға дейінгі Қазақстан тарихын зерттеу үшін Шығыстың жазба дереккөздерінің маңызы жеткілікті нақты айтылған. Олар негізгісі болып табылады және олардың дерегінсіз аталған кезеңдегі Қазақстан тарихын пайымдау мүмкін емес», [1, 114-115] -дей отырып, автор оларға біршама тоқталады.

« «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'иниде», басқаша айтқанда Му'ин ад-Дин Натанзидің «Ескендірдің анонимінде» ауызша және жазбаша тарихнама мәліметтерінің астасып кеткені сондай, шығыстанушылардың жұмысына елеулі қиындақтар туғызып отыр. Онда ауызша тарихнаманың мағлұматтары жазбаша тарихнама дәстүрінің арқауына біліктілікпен кірістірілмеген. Ал мұның қарама-қайшылықты көбейткені сондай, одан шынайы тарихи процеске сәйкесетін зерттеу арқылы ғана ажыратып алуға болады». [1, 116]

Автордың жоғарыда айтылған тұжырымы шындыққа сай. Біздің жұмысымыз да осыған негізделген.

В. П. Юдин ХІҮ ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда тарихы бойынша азды-көпті толық және дәйекті мәлімет беретін жалғыз дереккөз-«Ескендірдің анонимі» болып табылатындығын айта отырып, алайда бұның мүлдем сенімсіз дереккөз екенін, ол туралы ғылыми әдебиетте әлденеше рет айтылғандығына тоқталады. «Атап айтқанда, «Ескендірдің анонимінің» өз кезегінде «өзінің дереккөздеріне сыни көзбен қарамайтынына, әр текті мәліметерді біріктіріп жіберетініне, нәтижесінде хронологияны шатыстыратынына» [3, 126-127] назар аударылатын. Алайда зерттеушілер осы мәтінді кеңінен пайдаланып келеді. Көп жағдайда олар осы дереккөзден өз тұжырымдарына сай келетін мәліметтерін еркінше бөліп алып, басқа дереккөздің деректеріне жүгінбейді, оларды алдын ала қате санап, кейде тіпті мұны ескертпейді де», [1, 134]- деп зерттеушілерге өз наразылығын білдіреді. Бұны сол кезеңнің тарихы жайлы көп мәлімет беретін тек Темір ұрпақтары тобының тарихшылары жазған шығармалардан басқа мәліметтің жоқтығымен түсіндіруге болады.

Осылайша ХІХ ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін еліміздің ғалымдарымен және шет ел зерттеушілермен, деректанушылармен, шығыстанушылармен ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты көптеген парсы деректері оның ішінде темірлік деректер анықталып, зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілген. Алайда темірлік деректердің барлығын бір зерттеу жұмысына топтастырып, басқа деректермен салыстыру арқылы жүргізілген жұмыс жоқтың қасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Юдин В.П. ХІҮ ғасырдағы Қазақ даласындағы биліктің тайпа билеріне және Тоқа-Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне өтуі. // Қазақстан тарихы туралы түркі дерктемелері. I том. Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме. А., 2005.

2 Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері; оқу құралы. А., 1999. 39-б.

3 Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды, Т. II, Извлечения из персидских сочинений собранные В. Г. Тизенгаузеном и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. Москва-Ленинград, 1941,-308 с.

4 Материалы по истории казахских ханств в ХҮ-ХҮІІІ вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. Ответ. ред. Б. С. Сулейменов, Алма-Ата, 1969.

ҰЛТ НАМЫСЫ – ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЫ

КУЛУМБАЕВА Г. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасыр адамзат тарихының шеруінде біздің қазаққа өте ауыр болғаны, әсіресе ғасыр басындағы алмағайып кезеңдер, ашаршылық геноциді, екі бірдей жер-жаһан соғысы, қызыл репрессиялар ұлтымыздың демографиясын ойсыратып кеткені мәлім. ХІХ ғасырда-ақ толық отарланып болған қазақ халқы Ресей империясы құрамында бірте-бірте шетқақпай болып, жері тарылып, енді отаршылықтың қамытын кигенін жан-тәнімен сезе бастайды. Әйткенмен бірінші жер-жаһан соғысына дейін қазақ қоғамының әлеуметтік сипатында, рухани болмысында жаңа

серпілістер, өзгерістер бой көтере бастаған. Империя езгісіндегі халық үшін, әсіресе ұлт қамын, ел келешегін ойлауды мұрат тұтқан қазақ зиялылары үшін мемлекеттегі саяси толқулар, отарлау озбырлықтары, бірінші жер-жаһан соғысының басталуы, өзге де қоғамдық-саяси өзгерістер бейтарап құбылыс болып қалмайды. Отаршылық ажырғысы мойнына киілген ұлттар мен ұлыстардың көзі ашық азаматтары азаттық жолын таңдауға ниет етеді. Ұлттық сана-сезім ояна бастап, отаршы империяның өктемдігіне қарсы шығу керектігін, сол жолда қоғамдық-саяси күрестің жаңа сұрлеуіне түсу қажеттілігін, ат төбеліндей болса да, қазақтың бірталай оқыған азаматы түсіне бастаған.

Киіз туырлықты, алаш ұранды қазақтың ел мүддесін өз басынан биік қойған, «қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған» азаматтары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді қайраткерлердің қадірі ғасырдан ғасыр өткен сайын арта бермек. Бұлардың қатарында Х.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, Р.Мәрсекөв, Б.Сәрсенөв сияқты т.б. ұлт ерлерінің есімдері жартысы бүтінделіп, жоғы түгелделген қазіргі тарихымызда лайықты орнын алып жатыр. Ұлт тәуелсіздігін аңсаған бұл топтың зор қызметі өз заманының тасқа түскен тарихы – ХХ ғасыр басындағы іргелі басылым – «Қазақ» газетінде айқын көрінгені рас. Оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған «Қазақ» газетінің үлгісін көрген Жүсіпбек Аймауытұлы да ел болашағын ойлап, алаштың рухани жүгін көтеріп, қазақ мәдениетінде мол қазына қалдырған қаламгердің қатарынан орын алады.

Ұлт зиялыларының қоғамдық қайтраткерлігін, ел үшін еткен қызметін айтпағанда, соңында қалдырған шығармалары, оның ішінде көсемсөз мұрасының өзі алаш мәдениеті тарихында өзгеше тұрпаттағы, айрықша сипаттағы мирас екенін тәуелсіз ел болған кезімізде анық таныдық. Бұл ретте әдебиетімізге қайтып оралған Жүсіпбек Аймауытұлының енді баспасөздегі қызметін анықтау, оның ішінде Алаш Орда қозғалысының ықпалымен жарық көрген баспасөздегі еңбегін бағамдау, көсемсөз еңбектерін тауып, ғылыми айналымға енгізу күн тәртібінде тұрған еді.

Көсемсөз шығармашылығы ХХ ғасырдың басында қазақ ұлтының тыныс-тіршілігінен, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өмірінің әр қырынан хабар беретін, ұлттық сананың өркендеуіне үлес қосқан біршама қаламгердің шығармашылығы мен қазақ баспасөзіндегі қызметі арнайы зерттеле қойған жоқ. Сол кезеңдегі қазақ жазушыларының ішіндегі бірегейі,

руханият саласындағы ірі тұлғалардың бірі Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ демократиялық баспасөзінің қалыптасуына көп үлес қосты. Заманында көркемсөз бен көсемсөз қайраткерлерінің бірі болған оның мол шығармашылық мұрасы коммунистік-тоталитарлық, қызыл режимнің үкімімен совет кезінде (1930-1988 жылдар аралығы) зиянды деп табылды. Қоғамдық-саяси көзқарасы, әдебиеттегі принциптері тұрғысынан айыпталып, соңында қалған барлық шығармашылық дүниесі тас қабырғаның ішінде жатқаны осы күні көпке мәлім. Соңғы он жылдың мөлшерінде ғана Жүсіпбек Аймауытұлының есімі мен шығармагерлік мол мұрасы, бай рухани игілігіне айналғаны белгілі. Сол себептен де «көркем сөздің көкөрай көк майсасы» (Д.Әбілов) болған дарынды қаламгердің ұлттық баспасөзіміздің тарихындағы алатын орнын, қазақ көсемсөзінің дамуына қосқан үлесін бүгінгі іргелі ел болған шағымызда ғана ғылыми-методологиялық негізде зерттеуге мүмкіндік тиді [1, 3-5 бб.].

Сонымен, ХХ ғасырдың 20-жылдардың соңы – 30-жылдардың басында КСРО республикаларында ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан зиялыларды жаппай репрессиялау саясаты жүргізілді.

Қазақстанда интеллигенцияға қарсы ұйымдастырылған алғашқы қуғын-сүргін кезінде алдымен репрессияға ұшыраған Ж.Аймауытов [2].

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Он бес жасына дейін туған ауылында болған ол әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бұдан кейін де әр түрлі молдалардың алдын көріп, ескіше едәуір білім жинайды. 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс-қазақ мектебіне түседі. 1911 жылы Павлодардағы екі сыныпты орыс-қазақ мектебіне түсіп, оқуын жалғастырады. 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семейде жүріп алаш қозғалысына қатысады, «Абай» журналын шығаруға ат салысады.

1919 жылдан бастап Жүсіпбек Семейде, Павлодарда кеңес өкіметінің жұмыстарына араласады. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болады. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі болады. 1924-1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында істейді. 1926-1929 жылдары Шымкенттегі педагогикалық техникумға директор болады. Ара-арасында әр түрлі саяси жұмыстарға араласады. 1929 жылы жазықсыз тұтқынға алынып, «халық жауы» деген жаламен 1931 жылы өлім жазасына

кесіледі. Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы бұдан кейінгі алпыс жыл бойы ауызға алынбайды. Кеңес өкіметі тұсында ол туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек кеңес өкіметі ыдырап, коммунистік идеологияның құрсауы босағаннан кейін ғана қаламгер мұрасы халқына жете бастады. 1989 жылы бір томдық кітабы жарық көрді. Зерттеу жұмыстары қолға алынды. 1997 жылдан бастап Жүсіпбек шығармаларының бес томдық жинағы басылды.

XX ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгер, ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді.

Жүсіпбек Аймауытов – өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде «Абай» журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды [3].

1930 жылы Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов астыртын контрреволюциялық ұйымға қатысқандарына байланысты-мыс репрессияланды. Тіпті Ж.Аймауытов 1929 жылдың мамыр айында Қызылордада тұтқындалып, Біріккен Саяси Бас басқарма тергеуіне алынған кезінде «Созақ көтерілісін ұйымдастырушы» ретінде айыпталғаны белгілі.

Осы орайда Д. Досжанов «Абақты» атты әдеби-көркем шығармасында 1924 жылы Ақмоладан шыққан Әбубәкіров Қараноғай бастаған топтың Шу мен Сарысу бойындағы халыққа келіп, Кеңес үкіметінің атын жамылып көрсеткен зорлық-зомбылығы кейіннен Созақ көтерілісінің тұтануына септігін тигізгенін, одан кезінде Ж.Аймауытовпен бірге қызмет атқарған Дінмұхамед Әділовтың ағасы – Бәйсейіт Қараноғайды атып өлтіргенін, әрі осы оқиға Аймауытов істі болғанда Әділовтермен сыбайлас деп айыпталғанын баяндайды да, Созақ көтерілісі 1929 жылы ақпанда өтті деген жаңсақ мәлімет берген.

Ақиқатына келгенде, тарихшы-ғалым Т.Омарбеков құжаттық деректермен дәлелдеп көрсеткеніндей, тәркілеу мен астық, ет, мақта және т.б. ауылшаруашылық өнімдерін дайындау науқандарына наразылық түрінде туындаған Созақ көтерілісі 1930 жылы 7 ақпанда болған. Ал Ж. Аймауытовқа Біріккен Саяси Бас басқарма тарапынан Созақ көтерілісіне қатысты тағылған айып, әрине, ешқандай сын көтермейтін, фактілік негізі жоқ, жалған айып болғаны анық.

Негізі, бұл уақытта алаш зиялылары шындыққа еш жанаспайтын саяси сипатты айыптармен іске тартылды. XX ғ. 20-жылдың соңы мен 30-жылдың басындағы тергеу істері оларды «Кеңеске қарсы жау» етіп көрсету үшін әдейі бұрмаланып жүргізілген.

Ж. Аймауытов 1929 жылы шілдеде Байтұрсынов, Дулатов, Есболов, Бірімжанов, Болғамбаев, Ғаббасовтармен бірге Мәскеуге жіберіледі. Кейбір қысқа мәтінді жеделхаттар болмаса, тұтқындалған зиялылардың отбасыларымен хабарласуға еш мүмкіндіктері болмаған. Ж.Аймауытовты тергеу ісіне оралатын болсақ, 1929 жылы 3 желтоқсанда ол Бутырка абақтысы комендантының рұқсат етуімен зайыбы Сермұхамедова Евгения Кирилловнаға отбасының амандығын және қысқы тонын жіберуді сұрап жеделхат жолдайды. Ал бұл жеделхатқа жауап алған соң, ол бұдан басқа кезде отбасымен байланыспаған.

1929 жылы 15 маусымда Сермұхамедова Е.К. жұбайы – Аймауытов Жүсіпбек көрсетілген жылдың мамыр айында еш жазықсыз тұтқындалып кеткенін айтып Голощекинге хат жолдаған. Алайда, бұл хат еш жауапсыз қалған.

Ұстанған өмірлік ұстанымның басты мәні отарлықта болған қазақ халқын құлдықтан азат етіп, біртұтас ұлт етіп біріктіру болған Жүсіпбек Аймауытовтай озық ойлы алаштық интеллигенция өкілдерінің жаппай репрессияға ұшырауы қазақ ұлты трагедиясы болды.

Жалпы, Кеңестік биліктің негізгі ұстанған саясаты – ұлттық тәуелсіздікті мұрат еткен алаш зиялыларын күрес аренасынан мүлде ығыстыру болды. Өйткені жалпыұлттық мүддені өздеріне өмірлік нысана қылған алаштықтар тар таптық принципті басшылық еткен большевиктік идеологияны қолдаған жоқ. Қазақ ұлтының тарихы мен мәдениеті өмірінде өзіндік із қалдырған А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев сияқты халқымыздың біртуар тұлғалары өткен ғасыр басында еркін қазақ мемлекетін құру жолында қызмет етті. Алаштықтар ұлттық қадір-қасиеттерді ығыстыруды көздеген жаңа билік саясатын өз уағында тани алды. Сондықтан олар өз істерінде халықтың ұлттық сана-сезімін оятуды басты мақсат тұтты[2].

Міне, Жүсіпбек Аймауытов сынды ұлт патриоты ұрпағының тауқыметті тағдыры осындай. Қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізу жолындағы күресте құрбан болған ұлт зиялыларының әділдігін, батырлығын ешқашан есімізден, тарихи санамыздан өшіріп тастамақ емеспіз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы» – Өскемен: «Altay-Пресс», 2013. – 292 б.

2 <http://alash-orda.kz/figures/1158-zhszbek-aymauytov---sayasi-uyn-srgn-rbany>

3 www.pavlodarlibrary.kz/

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ ДИФФЕРЕНЦИАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В ТРУДАХ БЕКМАХАНОВА Е. Б.

ОСПАНОВ Н. М.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В следующем году, будет отмечаться 100-летний юбилей, первого профессионального казахстанского ученого-историка Е. Б. Бекмаханова. Исследователю принадлежит ряд фундаментальных работ, посвященных проблемам социально-экономической и политической истории Казахстана XIX – начала XX веков.

При анализе социальных отношений в Казахстане очень важно выяснить, какие изменения претерпели отдельные социальные институты, и какое место они занимали в общественной жизни казахов в изучаемый нами период [1, с. 79]. Только всестороннее изучение социального строя казахов, различных форм проявления классовой борьбы помогут нам понять закономерности последующих периодов истории казахского народа [2, с. 119].

Е.Б. Бекмаханов отмечал, что долгое время историки знали только две социальные группы в Казахстане – «ак-суек», «кара-суек». К белой кости относили всех чингизидов, а к черной кости – все остальное население. Однако со временем эти понятия стали более расплывчатыми и еще больше дифференцировались, то есть «белая кость» XV века во многих отношениях отличалась от «белой кости» XIX века, то же самое происходило и с «черной костью». Появление термина «белая кость» связано с периодом господства монгольских завоевателей и формированием феодальных отношений в Казахстане. Сами представители «белой кости» называли себя потомками Чингисхана [1, с. 79-80].

В первой половине XIX века былой однородности «белой кости» уже не наблюдалось. В основе упадка влияния этого

привилегированного сословия лежал рост имущественного неравенства: среди чингизидов. На основе Устава 1822 года и в результате политического преобразования Младшего жуза, за исключением султанов-правителей и старших султанов, перешедших на царскую службу получивших от правительства потомственное звание дворянства, остальная часть чингизидов потеряла свои привилегии и слилась с остальной массой [1, с. 83].

К середине XIX в. в экономической жизни казахов видную роль стала играть новая социальная группа – «байство», тесно связанная с развитием товарно-денежных отношений. Баи-феодалы выходили как из среды султанов, так и родовой знати, но в большинстве своем из среды знати «черной кости». Среди казахов появляется целый ряд феодалов-баев, ведущих крупные торговые и ростовщические операции. Наряду с этим феодалы-баи занимались и караванной торговлей. Итак, социальная группа – байство, - возникшая в недрах феодального строя, была новым явлением в экономической жизни казахов. Развитие института байства говорило о возникновении товарного производства в Казахстане [1, с. 110-112].

По мнению Бекмаханова Е. Б. следующей социальной категорией, игравшей видную роль в общественно-политической жизни казахов, являются батыры. Формирование института батырства как социальной категории тесно связано с возникновением военно-феодальной знати. Слово батыр происходит от тюркского слова «багадур», «бахатур». Когда казахские степи подвергались нападению внешних врагов, из среды народов формировались специальные дружины для борьбы с внешней угрозой. Особо отличившихся в сражениях называли «батырами», что означало «борец», «герой», «храбрый». Независимо от своего происхождения, они постепенно стали играть равную роль в общественной жизни наравне с родовой знатью. Батыры были очень важным социальным слоем в казахском обществе. Народ испытывал самые теплые отношения к батырам, так как, в основном, это были выходцы из простого народа, защитники народа. В процессе войн с Джунгарией и среднеазиатскими завоевателями, батыры узурпировали права родовой знати и становились ведущей фигурой в общественной жизни [1, с. 107-110].

Возникновение института батырства было вызвано необходимостью сплочения казахского народа для защиты от внешних врагов. В мирное же время институт батырства не получал существенного развития, так как в них не было необходимости.

К знати относилась также мусульманская знать, в лице ходжей, мулл. Ходжи, как султаны, стояли вне родовой общины и считали себя потомками первых последователей Мухаммеда. Ходжи, как представители духовного звания, освобождались от податей и подлежали только суду султанов. По мнению историка, общественное положение мусульманской знати в Казахстане – было ничтожно. С одной стороны это объясняется тем, что ислам проник в Казахстан гораздо позже, чем в другие среднеазиатские страны, с другой стороны, кочевой образ жизни казахов не давал возможности исламу укрепиться в степи (у казахов почти не было мечетей, медресе и т.д., отсюда малочисленность мусульманских проповедников). Сильны были, у казахов, пережитки языческой религии (шаманизм). Ислам не успел пустить глубокие корни среди казахов, у которых были сильны пережитки шаманизма. Ходжи и мусульманское духовенство не пользовалось у казахов авторитетом [1, с. 105-106].

Господствующей социальной группой, вырвавшейся непосредственно из недр кочевой общины, были родовые старшины – бии. Бии также занимали господствующее положение среди казахов. Они пользовались особыми правовыми и экономическими преимуществами. Родовые старшины издавна распоряжались значительной частью общинных кочевьев. В связи с усилением кризиса пастбищно-кочевое хозяйство, они начали захватывать лучшие зимовки в свою личную собственность [1, с. 83].

В этот период к продолжавшемуся процессу узурпации общинных земель султанами и родовой знатью добавилась колониальная политика царизма, сопровождавшаяся захватом лучших общинных земель. Это обстоятельство не могло не изменить существующий порядок землепользования. Были нарушены традиционно установившиеся кочевые маршруты основных казахских родов, что послужило одной из причин кризиса пастбищно-скотоводческого хозяйства, изменившего структуру хозяйства казахов [1, с. 85].

Вместе с изменениями в структуре хозяйства казахов происходят изменения и в социальной структуре казахского общества, так как, скот для кочевника играл первостепенную роль. Повсеместно появляются случаи оседания кочевников и возникновения нового вида социальных отношений – крестьянская обработка. Султаны и феодальная знать давали обедневшим казахам, под видом родственной помощи, орудия и семена, за это они должны были пахать господскую землю, получая небольшую часть урожая за свой труд.

В несколько иной форме обработка выступила в скотоводческих районах. Основным объектом эксплуатации в форме обработок являлись так называемые консы. Консы – это бедняки, фактически являвшиеся полукрепостными. Они шли со своими семьями к султанам и родовой знати и за ничтожную плату обслуживали их хозяйства. Консы вечно кочевали с аулами феодалов, пасли их лошадей, кобыл и овец, стирали белье и помогали по домашнему хозяйству феодала. За это консы, во время перекочевки пользовались средствами передвижения, получали во временное пользование одну или две дойных коровы, иногда коз или овец.

По мнению Е.Б. Бекмаханова, институт консы в дореволюционной историографии был совершенно не разработан. Термин «консы» почти не встречается и в официальных царских документах. Тем не менее, многочисленные путешественники и царские чиновники, побывавшие в казахской степи, указывали на существование этой социальной группы [1, с. 95].

По мнению историка, из этой системы феодальных отношений возникло «уртачество», т.е. коллективная помощь сородичей своему феодалу. Феодалы использовали уртачество во время сенокоса, постройки зимовки, для рытья глубоких колодцев. За оказанную помощь феодал обязан был досыта их накормить. Уртачество применялось как в кочевых, так и в земледельческих районах Казахстана [1, с. 97].

Особую группу консы составляли бедняки, занимавшиеся земледелием. Тогда они назывались егынши («хлебопашец»). Егынши являлись более сложной социальной группой. В нее входили не только консы, т.е. казахи, потерявшие способность вести свое собственное хозяйство, но и те, которые в силу недостатка скота не были способны самостоятельно кочевать, но могли вести самостоятельно земледельческое хозяйство. Между феодалом и егынши не существовало определенной договоренности о порядке оплаты, очевидно егынши работали, ограничиваясь словесным обещанием хозяина. Эту работу егынши на землях своего феодала с полным основанием можно сравнить с кабальной формой крестьянской обработки в помещичьем имении.

Близко к егынши по своему положению стояли джатаки («лежащие»). За неимением скота они не могли кочевать, поэтому постоянно находились на зимовках [1, с. 97].

Как считал Е.Б. Бекмаханов, самую пауперизованную часть казахов составляли байгуши. Байгуши (по-казахски – байгус значит

бедняк) – это обедневшая часть казахов, в поисках заработной платы уходившая к прилинейным станичным казакам. В первой половине XIX в. Они составляли значительную группу. Байгуши, за ничтожную плату нанимаясь к прилинейным зажиточным казакам, пасли их скот, пахали землю и справляли различные виды домашней работы. Часть работала на рыболовных промыслах, кроме того, некоторые байгуши оставались при баях-феодалах и работали в качестве домашних ремесленников. Существование байгушей, егынши, джатаков свидетельствует о резкой социальной дифференциации внутри казахского общества, еще больше усилившееся в связи с активной колониальной экспансией царизма в Казахстане [1, с. 98].

К категории зависимых людей относились также рабы – кулы. В рассматриваемый период рабы в общественно-экономической жизни казахов не играли существенной роли. К этому времени как социальная группа стояли на грани своего исчезновения. Рабы приобретались главным образом на войне. В XVIII веке казахские ханы вели длительные войны с калмыками, ойротами, башкирами и захваченных на войне военнопленных обращали в рабов. Кроме захвата на войне, кулы приобретались казахами путем купли на рынках. Рабы не пользовались никакими правами. Их могли наказывать или убивать, за это владельцы не несли ответственности. На судьбу рабства в Казахстане оказало существенное влияние присоединение к России. Поворотным моментом в отношении русского правительства к рабству в казахской степи было издание Устава о Сибирских киргизах 22 июля 1822 года, в котором было строго запрещено вновь приобретать в неволю природных киргизов. Этот акт, положивший начало ликвидации рабства в Казахстане, несомненно, явился прогрессивным шагом [1, с. 113-115].

На наш взгляд, ликвидация рабства в Казахстане является положительным явлением в истории Казахстана.

По мнению исследователя, к началу XIX века тюленгуты относились к числу феодально-зависимых людей. Слово заимствовано от алтайских калмыков – «теленгет». Развитие института тюленгутства связано с процессом феодализации казахского общества. В XVIII веке тюленгуты являлись по преимуществу военными слугами хана и султанов. Нередко они выполняли и ответственные дипломатические поручения. Тюленгуты были собственниками скота и другого имущества. Имеющиеся у нас данные позволяют говорить о двух путях возникновения тюленгутства.

Во-первых, тюленгуты образовались из бывших потомков рабов, трудно проследить процесс превращения раба в тюленгута, но исходя из обычного права казахов, можно прийти к выводу, что раб мог получить свободу и эти рабы становясь полноценными членами общества, могли стать тюленгутами.

Во-вторых, в тюленгутов превращались свободные казахи. С распадом кочевой общины и усилением процесса феодализации общины не могли по-прежнему охранять имущество и скот своих членов от барымты и междоусобицы, в результате чего часть казахов совершенно разорялась и вынуждена была идти к султанам из-за тяжелых материальных условий [1, с. 116-118].

В конце XVIII – начале XIX века в казахских аулах росло массовое недовольство. Причины состояли, прежде всего, в колонизаторских действиях царских властей. Захваты земельных пастбищ, разорение казахских аулов податями, вооруженный грабеж их царскими войсками отрядами, продажа в рабство детей, ограничение политической самостоятельности казахских жузов (строительство крепостей) [3, с. 105].

Таким образом, мы считаем, что все тяготы ложились на простой народ. Социальная структура казахского общества напрямую зависела от хозяйственного типа. Так, обедневшие казахи, потеряв возможность кочевать, искали новые типы хозяйственных отношений (крестьянская отработка), появляются новые социальные группы: консы, джатаки, байгуши, егынши, кулы, тюленгуты.

Бекмаханов Е.Б. является первым казахстанским профессиональным ученым-историком, осветившим проблему социальной дифференциации традиционного казахского общества в отечественной исторической науке. Историк рассмотрел социальную структуру казахского общества в XVIII – начале XIX веков. Вследствие ее изучения исследователь пришел к заключению, что изменения, произошедшие в социальной структуре казахского общества к середине XIX века, привели к обнищанию казахского народа, о чем свидетельствует повсеместное оседание кочевников. Все недовольство народа вылилось в XVIII-XIX вв. в виде национально-освободительных движений по всему Казахстану.

В трудах Е. Бекмаханова хорошо прослеживается трансформация социальных отношений в традиционном казахском обществе. Несмотря на давление идеологии Советской власти, Е. Бекмаханов дал объективную оценку историческим процессам в казахском обществе и заложил основу для дальнейших исследований современных историков в этой области.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бекмаханов Е. Собрание сочинений в семи томах. Том 2: (Казахстан в 20-40 годы XIX века). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. – 427 с.

2 Бекмаханов Е. Собрание сочинений в семи томах. Том 5: (Сборник научных статей). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. – 266 с.

3 Бекмаханов Е. Собрание сочинений в семи томах. Том 1: (Жизнь и деятельность ученого и история Казахстана). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. – 214 с.

4 Бекмаханов Е. Собрание сочинений в семи томах. Том 3: (Присоединение Казахстана к России). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. – 531 с.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ АВТОНОМИЯ МӘСЕЛЕСІ

СУЮНДИКОВ Д.

ғылыми-әдістемелік бөлімінің маманы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін ауыр кезең болды. Патшалық Ресей боданындағы бұратана халықтардың бірі ретінде елдегі болып жатқан дүрбеленді олар да басынан өткізіп жатты. Бұрынғы кеңестік тарихнамада айтылатынындай қараңғылықтағы бұратана халықтарды, езілген ұлттарды патша монархиясынан Ленин бастаған большевиктер партиясы құтқарды, ұлт теңдігін, ұлттар бостандығын әперді делінді. Шындығында солай ма еді? Қазақтың оқығаны, ұлт намысын қорғауға дайын ұлт көсемдерінің бар екені тек тәуелсіздігімізді алған соң ғана айтылғаны тарихи шындық. Олай болса осы бір аласапыран тұста ұлт болып өз жерінді қорғау, дербес ел болу мәселелерін бағдаршам етіп, империяның қанды шеңгелінде қалу қаупі төнген кезде бас көтерген Алаш азаматтарының еңбегін қалай жоққа шығара аламыз. Сол кезеңдегі жер мен ел теңдігі үшін жанталастың басы қалай басталғанына тоқталсақ.

1905-1907 жылдардағы патшалық монархияның езгісі салдарынан орын алған көтерілістер тұсында автономия алу мәселесін бірінші болып алашорда қайраткері А. Н. Бөкейханов бастаған интеллигенция өкілдері көтереді. Ел болашағына алаңдаған ұлт қайраткерлері үшін бұлай етпеске болмады, өйткені оларды алаңдатқаны, аласапыран тұста ел мен жердің тағдыры әлде қалай

болады деген басты сауал еді. Олар «халық бостандығы» деп аталатын либералдық-монархиялық ағымдағы партия өкілдерімен бірігіп «конституциялық-демократиялық партия» құрады[1,45 б.].

Алаш қозғалысы бір немесе екі-үш жылдың жемісі емес, өзінің бастау кезеңдерін 1917 жылдан әлдеқайда бұрын алатын ішкі эволюциялық жолы бар, дайындалған, пісіп-жетілген ұлы қозғалыс еді. Алаш қозғалысының қоғамдық саяси қызметінің басталуы бір деректерде «Қарқаралы петициясынан» бастау алады дейді[2,106.]. Қалай болса да осы тарихи кезеңде ұлт мәселесін көтере алатын, оны қалың бұқараға жеткізе алатын ұлттық зиялы қауым өкілдерінің қалыптаса бастағанын айта аламыз. Олардың қоғам алдында, қазақ халқының тағдыры алдындағы, жалпы қазақтың басын қосу, сиез ашу, ұйым құру сияқты жұмыстарының басын қазақ өкілдері қатысқан 1905-1906 жылдардағы Бүкілресейлік бірінші-үшінші мұсылман сиездері, 1906-1907 жылдары Ресейдің екі мемлекеттік думаларына Ә. Бөкейханның, А. Бірімжановтың, А. Қалмұновтың, Б. Қаратаевтың, М. Тынышбаевтың, Б. Құлмановтың, Ш. Қосшығұлұлының т. б қазақтардың сайланып мәселе көтергенінен көруге болады. Міне, осы топ және алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары қауымдасып, ортақ мүдде төңірегіне шоғырланды. Осы арада 1905 жылдың желтоқсан айында Орал қаласында қазақ интеллигенция өкілдерінің бас қосуымен болған бес облыс қазақтарының сиезін айтпай кетуге болмайды. 1906 жылы олар Семейде екінші сиездерін өткізеді. Ол сиезге Ә. Бөкейхановтың соңынан ерген 150- ге тарта қазақ қатысады. Олар заң шығару, қазақтың жерін өз меншігі етіп жариялау, қазақ балаларына мектеп, медресе, университет ашу, ішкі Ресейден келіп жатқан переселендерге тоқтау салу, кедейлерге теңдік әперу сияқты мәселелерді алға тартады[3,46 б.]. Қайраткерлердің ұлт болашағы үшін күресі тағы да І ші және ІІ ші Думада сөйлеген сөздерінен көрінеді. Сиезде Б. Қаратаев қоныс аудару саясатының қазақтың ежелден келе жатқан ата-баба заманынан әдетке айналған көші қон дәстүрін, тіршілігін тас-талқан ететінін айта келіп: « Біздің мемлекетте ушыққан аграрлық мәселені далалық облыстарға шаруаларды қоныс аударту арқылы шешкісі келеді. Үкіметтің осынау сұғанақтығының салдарынан қазақтарға қырылып қалу қаупі төніп тұр» деп думада ойын ашық айтады[4,96.]. Алаш қайраткерлерінің мұндай оппозициялық ойларын үлкен мінберден айтып тұруы жүз жыл өтсе де маңызды сияқты. Өйткені қазақ үшін жер мен ұлт тағдыры Ресей империясының боданына өткеннен бастап- ақ күрделі мәселеге айналған болатын.

Алайда Б. Қаратаев басшылықтан «XX ғасырда қазақтардың көшпелі өмір салтын доғару керек, сондықтан қоныс аударушыларды көшіріп өкету қажет» - деген жауап алады [5, 9 б.]. Осылайша қазақ депутаттарының барлық ұсыныс тілектері жауапсыз қалады. Оның үстіне 1907 жылғы 3 маусымда жаңа сайлау заңына сәйкес көшпелі халықтар сайлау құқығынан айырылады. Ал Қазақ ұлттық көсемдеріне қарсы жаңадан қуғын - сүргін басталады. 1908 жылы Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов қамауға алынады. Ұлт көсемдерін қуғындау басталса да бірақ күрес жалғасын табады. Алашорда зиялылары қазақ елін отарлық езгіден азат ету, қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына шығаруды, біртұтас халықтық мүддені мақсат етті [6, 192 б.].

Жалпы Алаш қозғалысына баға бергенде біз мына мәселеге мән беруіміз керек сияқты. Патшалық Ресейдің үш генерал губернаторлығында, қазақтың үш жүзінде бөлініп өмір сүріп жатқан қазақ халқының оқығандары тұңғыш рет тізе қосып, туған халқының азаттығы үшін саяси жолда бас біріктірді. Оған куә қазақ елінің түкпір түкпірінің барлығын қамтыған облыстық, уездік, болыстық қазақ сиездері, Алаш бағытын қолдаған ірілі ұсақты басқосулар, жер-жерлерде құрылған қазақ комитеттерінің жұмыстары. Ал Ә. Бөкейхановтың саяси көзқарасының қалыптасуына әрине оның Щербина эксредициясына қатысуы мен 1-орыс төңкерісіне қатысуы әсер етпей қойған жоқ. Бөкейхановтың маңындағы ең жақын топтың ішінде М. Тынышбаев, Б. Сыртанов, Ш. Құдайбердиевтер т. б. көптеген алаш қайраткерлері бар бәрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білді. Тіпті қазақ халқының көне кезден көшіп-қонып жүрген жерінің ұлттық-территориялық тұтастығын белгілеу туралы ой да осы дүрбелең тұста басталуының себебін жоғарыда айттық. Ұлт болашағына аландаған Ә. Бөкейхановтың алашорда көсемдерінің арасындағы ең басты тұлғаға айналуы да осыдан басталады. Оның қолдауымен 1909 жылы Санкт-Петербургте Абай Құнанбаевтың алғашқы өлеңдер топтамасы жарыққа шығарылады. Әлиханнның көзқарасын, ойын қолдайтын Шәкерім Құдайбердиев те өзінің «Түрік, қырғаз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Мұсылманшылдық», «Қазақ айнасы» атты керемет шығармаларын жазған болатын [7, 46 б.].

Ташкент, Орынбор, Семей және т.б. әртүрлі қалаларда қазақ интеллигенция өкілдерінен тұратын күрескерлері бірігіп әрекет ету қадамын бастайды. Қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлері «Қазақ»

газетінің редакторлары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар Ә. Бөкейхановтың артынан ілеседі. «Оян, қазақ!» ұранымен қаруланған олардың негізгі көздегені Ресей империясының сол кездегі жағдайын пайдаланып ұлттық еркіндікке қол жеткізу болатын.

Ал елдің басын қосып, халықтың мұң-мұқтажын айтуға тиісті және оны шешудің жолдарын айқындамақ сиез ашу мәселесі, әсіресе 1913 жылдан бастап жүйелі түрде көтеріле түскенін байқаймыз. Тарихи деректерге сүйенсек, патша жандармериясының ақпарат хаттарында сиез өткізудің бастамашылары ретінде Жанша Сейдалиев, Райымжан Мәрсекөв, Бақытжан Қаратаев, Барлыбек Сыртанов көрсетіледі.

1913 жылы «Айқап» журналында сиез шақыру жөнінде Ж. Сейдалиев «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» деген үндеу хатын жариялайды. Бұл хатта сиез шақыру мәселесінде ұлт интеллигенция өкілдерінен жауап күтеді. Ж. Сейдалиевтің бұл хатына Ә. Бөкейханов ашық хат түрінде жауап жазады. Онда: ««Айқапқа» Жаһанша мырза хат жазып отыр. Қазақ баласы бас қосса, қазақ жұмысы жақсы орынға барар еді дейді. Қазақ баласы бас қосып, шаруа, жұрт пайдасын сөйлеп, іс қылып тарбынса бірте-бірте қазақ баласы ілгері басуға басқыш табылар еді деп, біз де ойлаймыз» - дей келе сиездің қажеттілігін дәлелдейді, және: «Қазақ сиезі, не қазақ жиылмай, не жиылған кісіні сөйлетпей, бұл күнде жақсы басқосу болмай, арам тер болып тарқайды. Бас қосқанда сөйлейтін сөздің бәрі сөйленіп, қағазға жазылып мінеліп, түзетіліп, даяр болмақ. Бас қосу 4-5 ақ күн болмақ. Бұрыннан жұртқа жарияланып, жұрт пайдасы осы деген сөзге бас қосқан жерде бата қалмақ. Осы бата қылған сөзді жұрт болып іс қылмақ» дей отырып, «Тірі болсам хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген сертті сөздерімен хатын аяқтайды [8, 111-112 б.]. Міне осы жылдардан бастап пікір жүзінде көтеріле бастаған жалпықазақ сиезін ашу мәселесі 1917 жылға дейін жалғасты.

Және осыдан сәл ілгері 1914-1916 жылдарда болған Ресейдің соғыс қимылдары барысындағы қыруар адам шығыны ондағы жағдайды шиеленістіре бастаған болатын. Осы ретте Үкімет оқшылықтың орынын толтыру үшін Орталық Азия мен Сібірдің бұратана халықтарынан адам күшін толықтыруды көздеп тыл жұмысына алуды көздейді. Алаш көсемдері «Қазақ» газеті беттерінде мұны қатты сынға алып талқылайды. «Бұратаналарды тыл жұмыстарына шақыруды жариялай отырып, үкімет арзан жұмысшы

күшін пайдаланып қалуға бел байлады және жасақты армияны толықтыруға керек орыс жұмысшылары мен шаруаларын босатып алғысы келеді. Жәнеде олар қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен сияқты бұратана халықтарға қару беруге қауіптенді, болашақта олар қаруды Ресейге қарсы жұмсайды деп қорыққан. Алайда осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды.

Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. 1916 жылғы 11 шілдеде «Алаш азаматтарына» арнаған үндеуінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов былай деп жазады: «Отандастарымыз-орыс халқы, діндестеріміз-мұсылмандар, сондай-ақ басқа да көршілес халықтар өрттің жалынында жанып жатыр. Бізге бұдан сырт қалуға болмайды. Өзіміз боданы болып отырған өкіметтің бұйрығынан бас тарту, басымызды сауғалап үйден шықпау, мемлекетті қорғауға ат салыспау дұшпанға көмек көрсетумен бара-бар»[9,217б.]. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына олар үміт артты [10,12б.].

